**М. Мұхамедов, Б. Сатершинов,**
**Б. Сырымбетұлы**

# Саяси-құқықтық ілімдер тарихы

*Оқу құралы*

**Алматы**
**2006**

**ББК 67.3 я7**
**М 82**

**Авторлар туралы мәліметтер:**
**М. Мұхамедов –** саяси ғылымдар докторы, профессор;
**Б. Сатершинов –** философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
**Б. Сырымбетұлы –** аға оқытушы

**Пікір жазғандар:**

**Ш. Андабеков –** заң ғылымдарының кандидаты,
**М. Есжанов –** заң ғылымдарының кандидаты

**Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б.**
**М 82** Саяси-құқытық ілімдер тарихы. Оқу құралы. — Алматы,: Заң әдебиеті, 2006.—340 бет.

**ISBN 9965-620-05-9**

Оқу құралында сонау ежелгі дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейінгі саяси билік, қоғамның саяси жүйесі, мемлекет, құқықтық ой-пікірлер, адамның құқықтары мен бостандықтары туралы мәселелерге байланысты айтылған көзқарастар мен ілімдерге талдау жасалынады.

Қазақ тілінде тұңғыш рет жарияланып отырған бұл оқу құралы жоғарғы және орта арнаулы заң оқу орындарының оқытушыларына, аспиранттарына, студенттеріне сонымен бірге сяасат және құқық тарихына қызығушылық білдіріп жүрген оқырмандарға арналған.

**ББК 67.3 я7**

**М** $\frac{\mathbf{1202000000}}{\mathbf{00(05) - 02}}$

© М. Мұхамедов,
© Б. Сатершинов,
© Б. Сырымбетұлы
© Заң әдебиеті, 2006

**ISBN 9965-620-05-9**

**МАЗМҰНЫ**

**Кіріспе**

**1-тақырып.**

**Ежелгі Шығыстағы саяси және құқықтық ойлар**

1.1. Шығыстағы саяси-құқықтық ойдың бастаулары

1.2. Ежелгі Үндістандағы саяси-құқықтық ойлар

1.3. Ежелгі Қытайдағы саяси-құқықтық ойдың қалыптасуы және оның ерекшеліктері

**2-тақырып.**

**Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілім**

2.1. Ежелгі грек өркениетінің даму кезеңдері және оның философиялық-құқықтық ілімі

2.2. Ерте дәуірдегі саяси-құқықтық ойлар (б.э.д. IX-VI ғ.ғ.)

2.3. Ежелгі грек саяси-құқықтық ойының гүлденген дәуірі (б.э.д. V-IV ғасырлардың бірінші ж

2.4. Эллинизм дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар (б.э.д. IV-II ғ.ғ) .

**3-тақырып.**

**Ежелгі Рим өркениетінің саяси-құқықтық ілімі** ..

3.1. Ежелгі Рим саяси-құқықтық ілімінің жалпы сипаттамасы және оның даму езеңдері

3.2. Марк Туллий Цицеронның мемлекет және құқық туралы ілімі.

3.3. Рим стоиктерінің саяси-құқықтық көзқарастары.

3.4. Рим заңгерлерінің құқық туралы ілімі

**4-тақырып.**

**Орта ғасырлық Батыс Европадағы саяси-құқықтық ілім (VI-XV ғ.ғ.)**

4.1. Орта ғасырлық батыс европалық қоғамдағы саяси-құқықтық ойдың негізгі белгілері мен

4.2. Фома Аквинский мен Марсилий Падуанскийдің мемлекет және құқық туралы ілімі.

4.3. Орта ғасырлық еретиктер қозғалысындағы саяси-құқықтық идеялар (X-XV ғ.ғ.)

**5-тақырып.**

**Араб Шығысы мен мұсылман елдеріндегі саяси- құқықтық ойлар**

5.1. Мұсылман құқықтық ойының қалыптасуы мен дамуы

5.2. Мұсылман елдері ойшылдарының еңбектеріндегі мемлекет және саясат мәселелері

**6- тақырып.**

**Ерте түркі дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар**

6.1. Ерте түркі жазбаларындағы саяси-құқықтық идеялар (VII-VIII ғ.)

6.2. Әл-Фараби қала мемлекеттердің екі түрі және оның билеушілері туралы

6.3. Ж.Баласағұн, М.Қашқари және А.Яссауи шығармаларының саяси-идеялық мазмұны

**7- тақырып.**

**Қайта өрлеу мен Реформация дәуіріндегі саяси-құқықтық ілімдер**

7.1. Дәуірдің басты ерекшеліктері мен белгілері және саяси-құқықтық ілімнің жаңа сипаты

7.2. Реформацияның саяси-құқықтық идеялары

7.3. Никола Макиавеллидің мемлекет және саясаттуралы ілімі

**8-тақырып.**

**Ерте буржуазиялық саяси-құқықтық ілім**

8.1. Ерте буржуазиялық саяси-құқықтық ойдың негізгі бағыттары

8.2. Гуго Гроций мен Барух Спинозаның мемлекет және құқық туралы ілімі.

8.3. XVII ғ. ағылшын саяси-құқықтық ілімінің ерекшеліктері

**9 - тақырып.**

**Франциядағы XVIII-XIX ғасырдың басындағы саяси- құқықтық ілім**

9.1. Ағартушылық дәуірі саяси-құқықтық ойының негізгі белгілері мен ерекшеліктері

9.2. Вольтер, Монтеське және Руссоның саяси-құқықтық көзқарастары

9.3. Якобиншілердің саяси-құқықтық идеялары

**10 - тақырып.**

**Тәуелсіздік үшін күрес дәуірінде Америка Құрама Штаттарындағы саяси және құқық**

10.1. Саяси және құқықтық ойдың негізгі бағыттарының жалпы сипаттамасы

10.2. Федералистердің саяси және құқықтық идеялары

10.3. Радикал демократтардың саяси және құқықтық идеялары

**11 - тақырып.**

**XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басындағы Германиядағы саяси-құқықтық ілімдер**

11.1. XVIII-XIX ғасырлардағы неміс идеологиясының ерекшеліктері

11.2. Иммануил Канттың мемлекет және құқық туралы ілімі

11.3. Гегельдің мемлекет және құқық туралы ілімі

11.4. Құқықтың тарихи мектебі

**12- тақырып.**

**Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер дамуының тарихы (XI-XIX ғғ. Бірінші жартысы)**

12.1. XI-XIV ғасырларда орыстың саяси және құқықтық ойының дамуы

12.2. XV-XVII ғасырдың бірінші жартысында Мәскеу мемлекетіндегі саяси-құқықтық ой

12.3. XVII ғасырдың екінші жартысы – XVIII ғасырда Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер

12.4. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдегі саяси және құқықтық көзқарастар

**13 -тақырып.**

**XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Европадағы саяси және құқықтық ілімд**

13.1. Батыс европалық саяси және заңгерлік ойдың негізгі бағыттары

13.2. Ағылшын либерализмі

13.3. Француз либерализмі

13.4. Неміс либерализмі

13.5. Социализм идеологтарының саяси-құқықтық көзқарастары

13.6. О.Конттың саяси көзқарастары

**14 - тақырып.**

**XIX ғасырдың екінші жартысындағы Европадағы саяси-құқықтық ой**

14.1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы саяси және құқықтық идеологияның негізгі белгі

14.2. Заңгерлік позитивизм

14.3. Р.Иеррингтің құқық және мемлекет туралы ілімі

14.4. Г.Спенсердің әлеуметтануындағы мемлекет және құқық мәселелері

14.5. Ф.Ницшенің саяси-құқықтық ілімі

14.6. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер

**15 - тақырып.**

**Маркстік-лениндік саяси-құқықтық идеология**

15.1.Мемлекет және құқық туралы маркстік ойдың теориялық бастаулары және қоғам дамуы

15.2.Мемлекет және құқық туралы маркстік-лениндік ілімнің таптық сипаты

**16- тақырып.**

**XIX ғасырдағы Қазақстандағы саяси-құқықтық ойлар**

16.1. ″ Зар заман″ мектебінің өкілдері қоғамдағы қайшылықтар мен әділетсіздік туралы

16.2. Шоқан Уәлихановтың саяси-құқықтық көзқарасы

16.3. Абай Құнанбаевтың қоғам және замана туралы ой-пікірлері

**17 - тақырып.**

**XX ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстандағы саяси-құқықтық көзқарастар** ..

17.1. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саяси-құқықтық көзқарастары

17.2. ″ Алаш″ партиясы бағдарламасындағы саяси-құқықтық және әлеуметтік идеялар

**18 - тақырып.**

**XX ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер**

18.1. XX ғасырда қалыптасқан саяси ахуалдың ерекшеліктері

18.2. XX ғасырдың басындағы саяси-құқықтық ілімдер

18.3. Батыс Европа және АҚШ-тағы саяси-құқықтық ілімдер

**ҚОСЫМШАЛАР**

**Саяси-құқықтық ойдың сөз-маржандары**

**Дүниежүзілік саяси-құқықтық ойдың шежіре-кестесі**

# Кіріспе

Дүниежүзілік саяси және құқықтық ілімдер тарихы – адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлімдерінің бірі. Мұнда адамзаттың өткен заманнан бүгінгі күнге дейінгі саяси-құқықтық ілімі мен тәжірибесі жинақталған, мемлекет, саясат, заң жүргізу, құқық, бостандық мәселелерінің негізгі қағидалары және ілімдері анықталған. Адамзаттың өткен уақыттағы саяси-құқықтық тәжірибесі, идеялары, ойлары қазіргі замандағы саяси және құқықтық ілімнің дамуы мен оның бағытына едәуір ықпал етеді, біздің қазіргі іс-әрекетімізге бағыт береді.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және болашақ жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін адамдар әр уақытта, әр дәуірде өзіне дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенген. Өткен тарихты және адамзаттың ұзақ ғасырлық тәжірибесін пайдалану тарихи қажеттілік болып табылады. Қазіргі кезде елімізде алуан түрлі саяси бағыт-бағдар ұсынған партиялар мен қозғалыстар дүниеге келді. Олар дүниеге келіп ғана қойған жоқ, белгілі-бір мақсат ұстанған нақты күш ретінде саяси аренаға шықты. Олардың саяси қызметі мемлекет ісіне, құқыққа, саясатқа белгілі бір дәрежеде ықпал да жасауда.

Қоғамдық бірлестіктердің пайда болуы, дамуы және саяси платформасы әлемдік тарихтың және Қазақстанның бұған дейінгі әр кезеңінде болған партиялар мен қозғалыстар тарихына сипаттас, мазмұндас және үндес болып келеді. Сондықтан да олардың Отан тарихында алатын орны мен құқықтың көзқарастары жиынтығын қарастыру мен шешуде әлемдік саяси-құқықтық ілім тарихының саяси тәжірибесі мен ғылыми тұжырымдарын ескерудің пайдасы зор болмақ.

Саясат пен құқықта ақиқатты табудың бірден-бір дұрыс жолы демократиялық ойлау жүйесін қалыптастыру екендігі белгілі. Ал мұндай баламалы ойлау жүйесінің бұған дейінгі тарихы, ондағы саяси оқиғалар мен ағымдардың, ойлар мен идеялардың пайда болуы мен дамуы және жүзеге асу жолдары саяси және құқықтық ілімдер тарихы ғылымында сараланады. Ендеше адамзаттың саяси және құқықтық жолда болашақты дұрыс таңдай білуі оның бұрынғы тарихын жақсы оқып, үйренуіне де байланысты.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы әртүрлі көзқарастар мен ойлардың күресі ғана емес, сондай-ақ адамзаттың таңдаулы өкілдерінің мемлекет пен құқықтың даму тарихын, бостандық пен әділдіктің, заң мен заңдылықтың, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың, адамдардың құқы мен бостандығын, билік пен жеке адамдардың өзара қарым-қатынасы мен олардың формалары мен принциптері туралы терең де зерделі ойлар айтқанын көрсетеді.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні заң ғылымы жүйесінде жеке пән болып есептелінеді. Бұл пәннің зерттеу нысаны мемлекет, құқық, саясат және заң шығару туралы ілімнің пайда болуы мен дамуы. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні заң, тарих, философия, саясаттану ғылымдарын да қамтиды. Құқықтық ғылым ретінде бұл пән сонымен бірге мемлекет және құқық теориясы, мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы, конституциялық құқық, халықаралық құқық, жалпы құқық және т.б. салалық заң ғылымдарымен де тығыз байланысты.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы таза түріндегі заң пәні ғана болып табылмайды. Мемлекет және құқық тарихын оқытатын заң пәнінен бұл пәннің негізгі айырмашылығы саяси-құқықтық институттар мен мекемелердің пайда болуы, қалыптасуы және даму тарихының тақырыбы емес, осылардың теориялық тану формалары мен ілімі оқытылады. Сонымен бірге саяси-құқықтық идеялар мен ілімдердің және мемлекеттік-құқықтық нысандар мен мекемелердің өзара байланысы мен өзара ықпалы ескеріледі. Өйткені, мемлекет және құқық тарихының білімінсіз соған сәйкес саяси-құқықтық теорияның нақты мазмұнын анықтау мүмкін емес. Немесе, бұған керісінше саяси-құқықтық теориялар мен концепцияларсыз сол кезеңдегі мемлекет және құқық тарихының нақты шындығын бағалау қиынға соғады.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихына заңгерлермен қатар гуманитарлық пәндер өкілдері, ең алдымен философтар едәуір үлес қосты. Философиялық ойдың бүкіләлемдік ойшылдары Пифагор,

Гераклит, Демокрит, Протагор, Сократ, Платон, Аристотель, Эпикур, Фома Аквинский, Падуанский, Спиноза, Гобсс, Локк, Кант, Фихте, Гегель, Бердияев, Н.Макиавелли, жаңа дәуірдің ойшылдары Ж.Ж.Руссо, Т.Джефферсон, Пейн, Бентам, Штейн және т.б. ойшылдар саяси-құқықтық ілімге зор мұра қалдырды.

Басқа да пәндер сияқты, саяси және құқықтық ілімдер тарихының өзіндік ерекшелігі бар. Танымның ғылыми әдісі саяси және құқықтық ілімдер тарихының бай қазынасын зерттеуге және танып білуге мүмкіндік береді. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемесі әртүрлі ойларды, көзқарастарды және идеяларды нақтылы тарихи тұрғыдан дұрыс түсінуге көмектеседі.

Нақтылы бір тарихи дәуірдегі қоғам, мемлекет, құқық, саясат туралы ойларды дұрыс түсіну үшін сол қоғамның, сол дәуірдің белгілі бір әлеуметтік топтары мен таптары үшін, олардың қандай мүдделерін қорғағандығын, бұл ілімнің авторы қандай мақсат пен позиция ұстанғандығын білу шарт. Сонда ғана саяси және құқықтық ілімдер мен ойларға, идеяларға сол кезеңнің және сол мемлекеттің ерекшелігіне қарай дұрыс баға беруге болады. Ең алдымен саяси және құқықтық ілімдер тарихының негізгі кезеңдері мен оның ерекшеліктерін және саяси тарихын терең білу шарт.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихын хронологиялық және мазмұндық тәртіппен ірі төрт кезеңге бөлуге болады.

1. Ежелгі замандағы саяси және құқықтық ілімдер тарихы (алғашқы мифтік көзқарастардың пайда болуынан, б.з.д. 3 мың жылдықтан – б.з. V ғасырына дейін).

2. Орта ғасырлар мен қайта өрлеу дәуіріндегі саяси және құқықтық ілімдер тарихы (V-XVII ғ.ғ.).

3. Буржуазиялық революциялар кезеңіндегі саяси және құқықтық ілімдер тарихы (XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысы).

4. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер тарихы.

Саяси және құқықтық ілім тарихының ежелгі заманнан қазіргі күнге дейінгі хронологиялық тәртіппен баяндалуы ұлы ойшылдардың сол заманға лайық бейнесін (мысалы, Сократ, Аристотель, Макиавелли, Монтескье, Пейн және т.б.) беруге, олардың мемлекет және құқық туралы жаңа концепцияларын және саяси-құқықтық ойдың кең тараған бағыттары мен ағымдарына, мектептеріне (мысалы, брахманизм, буддизм, даосизм, ежелгі қытай легистері, софистер, рим заңгерлері, құқықтың тарихи мектебі, заңдық позитивизм және т.б.) оң баға беруге көмектеседі.

Оқу құралын жазу барысында Ресей авторларының оқулықтары мен оқу құралдары (Нерсесянц В.С., Лейст О.Э., Мартышин О.В) және Қазақстан ғалымдары дайындаған еңбектер (Абайдельдинов Е.М., Мұхтар Құл-Мұхаммед) және т.б. пайдаланылды.

Қазақ тілінде тұңғыш рет жарияланып отырған бұл басылым саяси және құқықтық ойлар тарихының толыққанды туындысы болып табылмайды. Әйтсе де аталмыш оқу құралы тиісті мамандық студенттеріне және осы ғылым саласына қызығушылық танытқандар үшін аз да болса көмегін тигізе алса, оқулық авторлары еңбегінің ақталғаны. Айтылған сын-пікірлерді авторлар ұжымы ризашылықпен қабылдайды.

## 1-тақырып.

## Ежелгі Шығыстағы саяси және құқықтық ойлар

### 1.1 Шығыстағы саяси-құқықтық ойдың бастаулары

**1.1** Саяси және құқықтық ілімдер қалай пайда болды? Оның қайнар көздері неде? Қайдан шықты? Олардың алғашқы авторлары кімдер? Олардың көзқарастары мен ойлары нені білдіреді? Және кімнің мүддесін қорғайды? Осы тәрізді сұрақтарға Ежелгі Шығыс елдеріндегі саяси және құқықтық ілім тарихын оқи бастағанда–ақ тап боламыз және оның адамзат дамуының тарихында ұзақ қайшылықты жолдан өтетінін байқаймыз. Оның пайда болуы рулық қауымның ыдырап, ертедегі таптық мемлекеттердің пайда болуы мен өмір сүрген кезеңіне сәйкес келеді.

Саяси-құқықтық ілімдер алғашқы кезеңде адамдардың алғашқы мифтік көзқарастары негізінде пайда болды. Адамдардың қоғам мен табиғаттағы орны туралы мәселе ежелгі Шығыс және Батыс халықтарында, египеттіктерде, үндістерде, вавилондықтарда, парсыларда, еврейлерде, гректерде, қытайларда, римдіктерде және т.б. халықтардың мифтік аңыздарында көрініс табады.

Мифология - ежелгі адамдардың өзін қоршаған әлемге, дүниеге қатынасы. Бұл кездегі өндіріс қатынастары мен өндіргіш күштердің жетілмегендігінен, бүкіл әлемді, оның заңдылықтарын түсіну өте қиынға соқты. Сондықтан да ежелгі дүние адамдары әлемді екіге бөліп қарады. Оның бірі - өздері өмір сүріп, тіршілік етіп отырған көз алдындағы дүние болса, оның екіншісі – олардан тыс жатқан, сыры белгісіз, өздері көріп тани алмайтын басқа дүние еді.

Мифтік көзқарастардың сипаты, негізінен, болған оқиғалардың қарапайым хабарламалары және бұл оқиғаларға адамдардың бағыныштылығы туралы болып келеді. Яғни, табиғаттан тыс, адамдардың еркі мен әрекетінен жоғары тұратын күш туралы айтылады. Жердегі өмір мен адамдардың іс-әрекеті - құдай ісі деп көрсетіледі. Қоғамдық және мемлекеттік құрылыс, ел билеу мәселесі, адамдардың, адамдар мен құдайлардың өзара қарым-қатынастары, олардың міндеттері мен құқықтары құдай бұйырған әрекеттер ретінде айтылады. Не істеу керек немесе не істеуге болмайтындығы алдын-ала шешілген. Оған қарсы тұруға болмайды, ол адамның тағдыры ретінде адамдарды патшалар мен құдайларға бағынышты ретінде көрсетеді.

Мифтік көзқарастарда сонымен бірге болашақ ілімдердің элементтері де кездесетінін, оларды алғашқы адамдар өздерінің тіршілігі мен қызметіне қажетті түрде пайдалана білгенін де айта кеткен жөн. Мифтік аңыздарда адамдарды алғашқыда құдайлардың билегендігі, кейіннен құдайлар адамдарды ел билеу әдістеріне үйретіп, ел билеуді олардың өз қолдарына бергендігі туралы айтылады. Мысалы, Герадот өзінің шығармасында алғашқы Египет патшасынан б.з.д. V ғасырға дейін Египетте 341 патша мен абыздар ұрпағының өткендігін және оның 11340 жылға созылғандығын жазады. Египет абыздарының айтуынша, елді құдайлар билеген, олар адамдармен бірге өмір сүрген.

Ежелгі еврей халқында адамдарды алғашында құдайлардың билегендігі, ежелгі Қытайда Аспан астындағы билеушінің болғандығы туралы айтылады. Ежелгі Египеттің діни және мифтік аңыздарында әділдік пен заңдылықты, шындық пен жақсылықты құдай-ана *Ма-ат* жіберіп отыратындығы баяндалады. Египеттіктердегі ″ *ма-ат*″ ұғымы сияқты ежелгі үндістерде ″ *рта*″, ежелгі Қытайда ″ *дао*″, ежелгі гректерде ″ *дике*″ ұғымдары бар және бұлардың барлығында олар шындық пен әділдіктің елшісі ретінде көрсетіледі.

Ежелгі Египетте ″ Птахотеп өсиеті″ (б.з.д. XXVIII ғ.), ″ Өлілер кітабы″ (б.з.д. XXV-XXIV ғғ.) және т.б. жердегі әлеуметтік-саяси тәртіптер мен заңдар, адамдардың іс-әрекеттері мен өзара қарым-қатынастары құдайдың әділ істері ретінде мақталады.

″ Птахотеп өсиеті″ кітабында барлық адамдардың табиғи еркіндігі, туа біткен данышпандар мен оқымыстылардың болмағандығы туралы көзқарастар кездеседі. Бұнда адамдардың мінез-құлқы ″

*ка″* принципіне - ізгілікті де қайырымды және әділетті мінез-құлық өлшеміне сәйкес келу қажеттілігі негізге алынады. ″ Гераклеопольдық патшаның өзінің ұлына айтқан өсиетінде″ ( б.з.д. XXII ғ.) құдайларға айтылған мақтаулар мен перғауынның құдайлық билігі туралы сөздермен қатар, заң мен әділдікке қарсы ешқандай іс-әрекет жасамау керектігі, өйтпеген жағдайда адамдардың құдайдың қаьарына ұшырап, қайыршылық пен азапты өмір кешетіндігі туралы үндеулер кездеседі. Бұл өсиет кітапта патша сонымен бірге ″ әділдікті жасаушы және қорғаушы″ ретінде дәріптеледі. Өсиет кітаптың авторы патша Ахтой өзінің ұлына, яғни мұрагеріне ″ Өзіңнің билігіңді жоғары ұста және оны одан әрі көтере түс, ол сенің заңдарыңды күшті етеді және мемлекетіңді қорғайды″ деп, өсиет айтады.

″ Өлілер кітабында″ адамдардың өлгеннен кейінгі тіршілігі өлілер патшалығына ауысатындығы туралы баяндалады. Бұл патшалықта жылу мен жарық және адамдар тұрмысына қажетті нәрсенің бәрі бар. Бұл патшалыққа келгендерді Осирис құдайдың әділ соты олардың жер үстіндегі өмірінде әділ де қайырымды немесе қатыгез де сұрқия болғандығын таразылайды. Шындық құдайы – *Маат* мүсіні жанында Осиристің әділ соты олардың барлық іс-әрекетін сұрайды. Сот алдына келгендер ″ Мен ешкімге қастық жасаған жоқпын, мен ұрлық жасаған жоқпын, мен ешкімді алдаған жоқпын, мен ешкімді жылатқан жоқпын, мен ешкімге қарыздар емеспін, мен құдайларды сөккен жоқпын″ - деп, ант-су ішеді.

Египеттіктердің түсінігінше, адамдар жер бетіндегі сот жазасынан құтылғанымен, өлілер патшалығындағы Осирис құдайдың әділ сотынан құтыла алмайды. Жер бетіндегі өмірде әділдік пен шындық бола бермейді, бірақ түбінде оған жауап беруге тура келеді. Жер бетіндегі патшалықтағы теңсіздік пен заңсыздыққа адамдардың өзі жол берген. Мемлекет билеушісі – перғауын - құдайлар патшасы - күн құдайының ұлы. Сондықтан да ол адамдар патшасы болып тағайындалған. Ол жер бетіндегі барлық әрекетті, жамандық пен жақсылықты, қатыгездік пен әділдікті бүтіндей бақылай алмайды, адамдар арасындағы келіспеушіліктердің орын алуы да осыдан пайда болады.

Билік пен заңның белгілі бір топтың ғана мүддесін қорғағандығы және оған мүдделі топтардың осы заңдар мен нормаларды да өз мақсаттары үшін пайдаланғандығы, оны қызғыштай қорғағандығы әділдік пен билік туралы жоғарыда айтылған ережелерден айқын көрінеді. Мақтанышпен айтылған әділ билік пен әділетті заңға халық бұқарасының наразылық білдіргендігі, қарулы күреске шыққандығы туралы мәліметтер де кездеседі. Осындай халық қозғалыстарының бірі туралы (б.з.д. 1750 жылдар шамасы) ″ Ипусердің сөздерінде″ айтылады. Ол бұл қозғалысты ″ заң мен билікке қарсы әрекет етушілер″ ретінде көрсетеді, бұл кезде елде адам айтқысыз өзгерістердің болғандығын, билік органдары мен сот палаталарының қиратылғандығын, билеуші сарайындағы сақтаулы заңдардың көшеге шығарылып, аяққа тапталғандығын және жойылғандығын баяндайды.

Ежелгі Вавилон билеушілері өздерінің билігі мен заңдарының құдайлық сипатта екендігін дәлелдеуге тырысты. Б.з.д. XVIII ғ. Хаммурапи заңдарының кіріспесінде ″ Аннуактардың мәртебелі патшасы Анум мен ел тағдырын шешуші көк пен жердің әміршісі!… бүкіл адамзатты билеуді маған беріп, елге әділеттілікті орнату үшін, қылмыс пен жауыздықты құртып, әлді әлсізге қысым жасамау үшін және елге жарық беруге Анум мен Энлиль игілігіне халық мені шақырды, жерде әділдік пен тәртіп орнату үшін мені Шаман құдай жіберді, менің бұйрықтарым мен заңдарымды ешкімнің де өзгертуге құқы жоқ″ деп айтылады.

Хаммурапи бірінші Вавилон әулетінің алтыншы патшасы (б.з.д. 1792-1750 жж.) Бұл уақыт Вавилонның бүкіл Қос өзен аралығында экономикалық, саяси және мәдени орталығына айналу және оның гүлдену мен дәуірлеу кезеңі. Вавилонның саяси және әлеуметтік құрылымы туралы бағалы және жан-жақты мәліметтер қалдырған Хаммурапи заңдары жазылған биік базальт бағана 1901-1902 жылдары француздың археологиялық экспедициясының Сузы қаласын қазуы кезінде табылды. Бағананың жоғары жағында тақта отырған күн тәңірісі Шаман құдай және оның алдында ілтипатты тұрған әйел патша Хаммурапи салынған. Бағананың қалған бөліктерінде заңдар

сыналап ойып жазылған.

Әділдіктің қорғаушысы ретінде баяндалған бұл заң еркін адамдар мен құлдардың құқықтық жағдайын заң жүзінде бекітеді. Олардың әлеуметтік жағдайы мен тұрмысын өзгертуге жатпайтын норма ретінде бағалайды, билеуші топтың мүддесін және жеке меншікті қызғыштай қорғайды.

Ежелгі парсылардың дүниетаным туралы көзқарастары зароастризмде көрініс тапты және дамытылды. Діни-этникалық бұл ағымның негізін қалаушы б.з.д. VIII ғасырда өмір сүрген Заратустра болып саналады. Кейбір тарихшылар оның туып өскен жері Сыр бойы деп те есептейді. Қалай болғанда да бұл ағым діни сипатта дамып, кейіннен едәуір территорияға ықпалын тигізді. Таяу Шығыс, Алдыңғы Азия, Үндістан, Греция, Орта Азия елдеріне кең тарады. Зороастризмнің негізгі қағидасы бір-біріне қарама-қарсы екі күш -жақсылық пен жамандықтың өзара күресі мазмұнында өрбиді. Қайырымдылық пен жақсылықты жасаушы жарық дүние патшалығы Ормузда құдай, жауыздық пен жамандықты жасаушы қараңғы дүние патшалығы Ариман құдай құдіреті деп көрсетіледі.

Қайырымдылық пен жарық дүние адамдардың жауыздық пен қараңғы дүниеге қарсы күресіне көмектеседі. Адамдардың өмірі мен тұрмысы да күрес нәтижесінде айқындалады. Бұл күресте жауыздықтың уақытша билігінен кейін әрдайым жақсылық жеңіске жетіп отырады.

Зороастризм бойынша мемлекет аспан құдайы Ормузданың жердегі билігі болып саналады. Мемлекет билеушісі – монарх - жердегі Ормузданың әмірін орындаушы қызметкері, ол халықты жауыздық пен жамандықтан қорғауға, мемлекетке қауіп төндіретін әрекетке қарсы күресуге, қайырымдылық нәрін себуге міндетті.

Қоғамның әлеуметтік құрылымы, зороастризм бойынша, әркімнің қандай кәсіппен шұғылдануы еркін таңдауы бойынша жүзеге асырылады. Бұл әлеуметтік топтың әрқайсысының басында жетекшілік ролді атқаратын неғұрлым белсенді және беделді адамдар тұрады. Заратустра Ормузда қызметшілерін өзара сүйіспеншілік пен сыйластыққа, бір-бірін кешіре білуге және бітімге шақырады.

Саяси-құқықтық ойлардың ежелгі шығыс халқында батысқа қарағанда неғұрлым ертерек пайда болуы да Ежелгі шығыс мәдениетінің ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Қазіргі заманда да бұл ерекшелік өзінің көкейтестілік бағытымен елеулі күшке ие болып отыр. Бұған Иран, Ауғанстан елдеріндегі діни бағыттағы әр түрлі “ағымдар” күштері мысал бола алады.

Қоғамның ерте даму сатысында саяси-құқықтық ойдың ғылымға негізделе қоймаған кезінде сана бүкіл әлемге мифтік тұрғыда қалыптасты. Айтылған ойлар мен көзқарастар белгілі бір күшке, құдайға келіп тірелді және олар міндетті құқықтық нормалар ретінде қабылданды. Сонымен бірге Ежелгі Шығыстың саяси-қоғамдық және әлуметтік-экономикалық даму өзгешеліктеріне қарай құқық саласында да олардың өзіндік ерекшеліктері болды. Олардың қатарына жеке меншік құқығының әлсіз дамуы, патриархтық отбасының сақталуы, қылмысқа бүкіл ұжым болып жауап беруі, жазалаудың талион принципі және т.б. жатады.

Қорыта айтқанда, саяси-құқықтық ойлар мифологиялық тұрғыдан болса да алғаш рет Ежелгі Шығыста қалыптасты, құқықтық қатынастар мен құқықтық түсініктер алғаш рет Шығыста пайда болды. Саяси-құқықтық ойлар Ежелгі Шығыста діни сипатта қалыптасқанымен, онда таптық мүддені қорғайтын белгілер де басым болды, бұл ойлар белгілі бір топтың мүддесін білдірді, солардың билігін қолдады және Ежелгі Шығыс заңдары қаталдығымен әйгіленді.

Жердегі тәртіп туралы мифтік көзқарастар мен адамдардың қоғамдық өмірді мифтік тұрғыдан ұйымдастыру тәжірибесі саяси-құқықтық ойдың дамуына зор ықпал етті, саясат, мемлекет және құқық туралы алғашқы ғылыми концепциялардың пайда болуының алғы шарттарын дайындады және саяси-құқықтық ілімнің одан кейінгі кезеңдердегі дамуына серпін берді.

## **1.2** Ежелгі Үндістандағы саяси-құқықтық ойлар

**1.2** Ежелгі Үндістандағы саяси және құқықтық ілім мифтік және діни көзқарастар түрінде қалыптасты. Бұның өзі ежелгі үндіс қоғамында ұзақ ғасырлар бойы олардың рухани және әлеуметтік-саяси өмірінде үстем болған брахмандарға тікелей байланысты болып келеді.

Брахманизм идеяларының алғашқы көріністері б.з.д. екі мыңыншы жылдықтағы ″ Веда″ ескерткіштерінде кездеседі. ″ Веда″ - "білім, кіріспе" (Санскрит тілінде) деген ұғымды білдіреді Бұл ведаларда адамдардың төрт варнаға (кастаға) бөлінетіндігі және олардың брахмандар – Пуруши құдайдың аузынан, кшатрийлер - құдайдың қолынан, вайшийлер - құдайдың санынан, шудралар - құдайдың табанынан жаратылды деп айтылады.Ману заңдарының 96- бабында ″ Тірі нәрселердің ішіндегі ең қасиеттісі – жандылар, ал жандылардың ішінде адам, ал адамдардың ішінде брахмандар″ деп айтылады.

Веда бойынша барлық варналар мен олардың мүшелері құдай көрсетіп берген ″ дхармаға″ - заңдарға, міндеттерге, құқықтар мен ережелерге бағынуы тиіс. Дхармадағы ережелер бойынша брахмандар қоғамда жоғары дәрежеде және үстемдік жағдайда көрсетіледі. Оқу, білім, дін ілімін, құрбандық шалу, өзіне және өзгеге арнап садақа үлестіру, садақа алу ісін құдай брахманға міндеттеген.

Брахманизм идеялары брахман мектебінің әртүрлі өкілдері жасаған ″ дхармасутра″ және ″ дхармашастра″ сияқты әртүрлі құқықтық жинақтарда кездеседі. Брахманизм ежелгі үнді ойының ескерткіші ″ Упанишадта″ (б.э.д. IX-VI ғ.ғ.) одан әрі дамытылады және нақтылана түседі.

″ Ману заңдарында″ адамдардың варналарға бөлінуі және олардың қоғамдағы орны мен әлеуметтік теңсіздігі қорғалады. Мұнда да брахмандардың жоғары дәрежедегі жағдайы мен үстемдігі, артықшылығы туралы айтылады. Тіпті патшалар да брахмандарды құрметтеуге, олардың ақыл-кеңестері мен талаптарын орындауға, олардан ″ Веда″ ілімін оқып үйренуге тиісті. Бұл заң бойынша патшаның басты міндеті варна жүйесін қорғау және оған қарсы келгендерді жазалау болып табылады.

″ Ману заңдары″ бойынша патшаның өкілдігі шектеулі, ол брахмандардың ақыл-кеңестерін тыңдаумен қатар кейбір талаптарға да сәйкес болуы керек. ″ Ману заңдарының″ 3-бабында ″ ақылсыздықпен өз елін азапқа салған патша уақыт күттірместен өзінің ағайын-туыстарымен бірге елден кетуі тиіс және ол өмірден айрылады″ деп айтылады. ″ Ману заңдарында″ жазаға көп көңіл бөлінген, оның басты мақсаты варналарды сақтауға және қорғауға бағытталған. Құдай иелігінің ұлы ретінде жаза (данда) оның жердегі бейнесі ″ таяқ″ деген ұғымды білдіреді. Яғни, жаза өзінің бұл ұғымында ″ басқару өнері″ (данданиттер) деген мағына береді.

″ Ману заңдарының″ 7-тарауы бүтіндей жазаға арналған. Онда жазаның қуаттылығы мен күштілігі және қоғамға пайдасы туралы көп айтылады. "Жаза бүкіл адамды билейді. Жаза адамдарды қорғайды, ол өзгелер ұйықтап жатқанда сергектік танытады, данышпандар жазаны, данданы қорғаушы" деп жариялаған. Егер патша қылмысына қарай жаза тағайындауды үздіксіз жүзеге асырып отырмаса, онда күштілер әлсіздерді қармақтағы балықтай қуырған болар еді. Жаза дұрыс қолданылмаса бүкіл варналар бұзылып, бөгеттер жойылып, бүкіл халық наразы болар еді″ делінеді.

Әртүрлі варна мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің тең болмауы олардың заң алдындағы қылмыс пен жазадағы әділетсіздігінен көрінеді. Брахмандар заң алдында ерекше жеңілдіктерге ие болған. ″ Әлемдегі бар нәрсенің бәрі брахмандардың меншігі болып табылуымен бірге″ (100-бап), оларға ешқашан тән жазасы қолданылмайтын еді. Олар үшін ең ауыр жаза - шашын алу болып саналды. Қылмыс үшін айып төлеуде варналардың қоғамдағы теңсіздігінің сипаты анық көрінеді. Мысалы, брахманды тілдеген кшатрийге 100 пан айып салынады, вайший екі жарым есе артық

төлейді, ал шудра дене жарақатымен жазаланады (267-бап). Ал ″ брахман кшатрийді тілдесе 50 пан, вайшийді тілдесе, оған 12 пан айып салынады″ (268-бап). Бұдан біз жаза белгілеуде қылмыстың ауыр немесе жеңілдігі емес, адамның қоғамдағы алатын орны назарға алынатынын байқаймыз.

Б.з.д. VI ғасырда Будда (″ данышпан″ деген ұғымды білдіреді) деген атпен белгілі болған Сиддхартха Гаутама ″ Веда″ ілімін сынға алады, құдайдың адамдар өміріне араласуын, олардың билігі мен заңдарын жоққа шығарады. Оның айтуынша, адамзат ісі адамдардың өздерінің белсенді әрекеттеріне байланысты. Будда діні бойынша брахмандардың жоғары дәрежесі мен артықшылықтары жоққа шығарылады. Будда "ең бастысы – адамның атағы мен шыққан тегі емес, адамгершілігі" деп үйретті. Буддистер үшін брахмандар артықшылыққа ие болған варна мүшесі емес, қарапайым адамдардың бірі.

Будда ілімін жақтаушылар дхарманы табиғи заңдылықты басқарушы әлем ретінде көреді. Саналы мінез-құлық үшін танымның қажеттілігі, табиғи заңдылықты қабылдау және мойындау туралы айтылады. Адам өмірінің мәні байлық пен атақта емес, әрқашан шындықты айтып, мейірімділік пен қайырымдылыққа ұмтылуда екендігі дәріптеледі.

Дхарма түсіндірмелерінде адамдардың бір-біріне бауырмалдығы, қайырымдылығы, жамандыққа жамандықпен емес, жақсылықпен жауап беруі ғана бұл әлемде ізгілікті өмірге қол жеткізетіндігі баяндалады. Буддизм ілімі бойынша адамдардың барлығы тең дәрежеде. Олар қандай варнада немесе әлеуметтік сатыда тұрса да, аурудан, қасіреттен және өлімнен құтыла алмайды. Оған олардың лауазымдық шені де, құдайға шалған құрбандығы да көмектесе алмайды.

Б.з.д. IV-III ғасырларда жазылған ″ Дхаммападе″ жинағында брахманизмге қарағанда жазаның ролі мен көлемінің азайғандығы байқалады. Мұнда кінә дәлелденбей жаза қолданбау туралы арнайы атап көрсетіледі. Будда ілімінде сонымен бірге өмірдің заңды жолына, заңдылықтың қатаң сақталуы мен орындалуына үлкен мән беріледі.

Б.з.д. III ғасырдан бастап буддизмнің көптеген идеялары әлеуметтік-саяси маңызға ие болып, мемлекеттік саясат пен заңдылыққа да ықпалын тигізе бастады. Үндістанды бір орталыққа біріктірген Ашока патшаның билігі кезінде (б.з.д.268-232 жж.) буддизм мемлекеттік дін болып жарияланды. Буддизмнің ықпалы кейіннен Қытай, Жапония, Бирма, Цейлон елдеріне де тарады.

Брахманизм идеологиясынан едәуір ауытқу б.з.д. IV-III ғасырларда өмір сүрген Каутильяның ″ Артхашастра″ трактатында көрініс тапқан. Бұл шығармада философия логикалық дәлелдемелер арқылы Веда ілімінде - заңдылық пен заңсыздықты, шаруашылық ілімінде - пайда мен зиянды, мемлекеттік басқару туралы ілімде - дұрыс және қате саясатты зерттейтіндігі туралы айтылады. Шығармада сонымен бірге саясат пен заңдылық және билік туралы айтылады. Онда билеушінің заңды бұзбай өз мүддесін ойлауына құқық берілген. Бірақ оның ең басты міндеті варна жүйесін сақтау және мемлекет қауіпсіздігін қорғау болып табылады.

## **1.3** Ежелгі Қытайдағы саяси-құқықтық ойдың қалыптасуы және оның ерекшеліктері

**1.3** Ежелгі Қытай философиясы мен қоғамдық-саяси ойындағы ықпалды ағымдардың бірі даосизм ілімінің негізін салушы болып б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген Қытай оқымыстысы Лао-цзы болып саналады. Оның басты еңбегі ″ Дао және дэ туралы кітапта″ (″ Дао дэ цзин″ ) Аспан астындағы күштер туралы дәстүрлі діни түсініктерден даосизмнің айырмашылығы - аспан астындағы билеушіден тәуелсіз заттардың табиғи дамуы мен табиғи заңдылықтары туралы сипаттама берілуінде. Яғни, даосизм ілімі ″ дао″ ұғымына негізделеді, ал ″ дао″ “алғашқы түп негіз” дегенді білдіреді.

Даосизм ілімінде аспан, табиғат және қоғам заңдылықтары анықталады. Бұл заңдылық жоғары қайырымдылық пен табиғи әділдікті жақтайды. Дао ілімі бойынша барлық адам тең. Өз дәуіріндегі мәдени жетімсіздіктер мен адамдардың әлеуметтік-саяси теңсіздігін, халықтың қайыршылық жағдайын және т.б. Лао-цзы даодан ауытқу деп есептейді. Сол кездегі халықтың ауыр жағдайына наразылық білдірген Лао-цзы даоның әділдікті қайта орнататынына сенеді.

Лао-цзы даоны аспан және адам даосы деп екіге бөледі. Оның айтуынша, аспан даосы байлардың артық дүниелерін алып, кедейлерге береді, ал жердегі дао кедейлердің керек затын алып, байларға береді.

Даосизм ілімінде адамдардың қанағатшылдығы мен белсенді әрекеттерден тартыну принципі көбірек орын алған. Лао-цзы сонымен бірге соғыстың барлық түрі мен армияны қатты сынға алады. Оның айтуынша, әскер жүріп өткен жерде арам шөптер мен тікенектер ғана өседі, үлкен соғыстардан кейін ашаршылық жылдары басталады. Прогрестік дамуды жақтырмаған Лао-цзы өткен дәуірге қайта оралуды және білім мен ғылымнан бас тартуды ұсынады. Оның айтуынша ақылды билеуші өзінің қол астындағыларға ″ дао″ жолымен (табиғи жолмен) жүруге жағдай жасайды. Ондай билеуші халықтың жеке ісіне араласпайды. Оның басты міндеті - елдегі тәртіп пен заңдылықты сақтау ғана.

Қытайдағы саяси және философиялық ілім тарихында конфуцизм ілімі маңызды роль атқарады. Оның негізін қалаған б.з.д. 551-479 жылдары өмір сүрген ұлы Қытай ойшылы Конфуций болды. Оның көзқарастары оның шәкірттері құрастырған ″ Лунь юй″ (″ Әңгімелер мен пікірлер″ ) кітабында жинақталған. Бұл кітап ғасырлар бойы Қытай халқының өмірі мен көзқарасына, тәлім-тәрбиесіне едәуір ықпал етті. Оны балалар жатқа айтты, отбасылық және саяси істерде үлкендер беделге ие болды. Оның даналық туралы өсиеттері әлі күнге дейін мәнін жойған жоқ. Ол ″ даналыққа біз үш түрлі жолмен жетеміз, ең ізгі жол – санамен саралау, ең оңай жол – еліктеу, ең қиын жол – тәжірибеден тәлім алу″ деді.

Дәстүрлі көзқарастарға сүйенген Конфуций мемлекеттің патриархалды- патерналистік концепциясын дамытты. Оның айтуы бойынша, мемлекет - үлкен жанұя. Патшаның қол астындағыларға билігі әкенің балаға билігі ретінде көрсетіледі. Патшаның билігі отбасындағы жасы кішілердің ересектерге бағыныштылығымен теңестіріледі. Конфуций суреттеген әлеуметтік-саяси жүйедегі адамдар теңсіздігі, ″ қараңғы адамдар″ , ″ төменгі адамдар″ , ″ құрметті адамдар″ , ″ жоғары шенді адамдар″ , ″ лауазымды адамдар″ ретінде көрсетіледі.

Әлеуметтік теңсіздікті қалыпты жағдай ретінде қарастырған Конфуций аристократиялық билік концепциясын, яғни ақсүйектер тобының билігін жақтады. Биліктің зорлықсыз тәсілін жақтаған Конфуций билеушілерді өз бағыныштыларына қайырымды болуға шақырды. Билеуші қайырымды болса, төменгі адам да қайырымды болады. Биліктің осы ережесін жақтаған Конфуцийден ″ Шөп жел соққан жаққа қисаяды″ деген нақыл сөз қалған. Ішкі және сыртқы соғыстарға қарсы болған Конфуций Қытай жерінен алыс тұратын басқа халықтарды білімділікпен және ақылмен жаулап алуды ұсынды.

Конфуций барлық нәрсе үнемі өзгерісте болады, уақыт тоқтамайды, әрбір нәрсенің басталуы мен

аяқталуы болады дейді. ″ Адамның ісі де солай, бас-аяғынсыз бірде-бір іс жоқ. Оның басталуы мен аяқталуын анық түсінген адам ақиқатқа жақын тұрады″ .

Конфуцийдің этикалық-құқықтық және мінез-құлық нормалары мен принциптері адам өмірі мен тұрмысының барлық жағын қамтыған. Бұған дәстүр ережелері (ли), ата-аналар мен үлкендерге құрмет (сяо), адамдық қасиет (жэнь), адамдар қамқорлығы (шу), билеушіге адалдық (чжун), парыз (и) және т.б. жатады.

Конфуций ілімін одан әрі жалғастырған Сянь-цзы “әлем өзінің табиғи заңдылықтарымен өмір сүреді, сондықтан да оны тіршілік қажетіне жарату үшін оны зерттеу, құпия сырларын білу қажет” деп ой түйеді. Яғни адамдардың табиғаттан өз үлесін алуы немесе бай және кедей болып өмір сүруі олардың өздеріне байланысты. Сянь-цзының пікірінше адам тумысынан қызғаншақ, дүниеқұмар, ашкөз болып келеді. Сондықтан да адамдардың мінезін жақсы тәрбие беріп қана табиғи қалпынан өзгертуге болады. Ол үшін адамдардың өзі де өзін-өзі тәрбиелеуге және бір-бірінің қателігін бетке басып айтуы тиіс. Бұл туралы ол былай дейді: ″ Менің қателігімді дұрыс көрсеткен адам – менің ұстазым, менің игі ісімді дұрыс байқаған кісі – менің досым, ал маған жағынып, жарамсақтанушылар – менің жауым″ .

Конфуцизм ілімі, сонымен бірге, ел билеушілері мен әкімдерге де қол астындағыларға туған баласындай қарауға кеңес берілді. Конфуций бойынша ″ ақылды билеуші ауыр жазамен адамдардың жанын қинамайды, оларды табандылықпен, ең алдымен өзі үлгі-өнеге көрсетіп жақсылыққа тәрбиелейді″ . Конфуцизм ілімі мемлекеттік дін ролін атқара бастады.

Ежелгі Қытайдағы легизм идеялары б.з.д. IV ғасырларда жарық көрген ″ Шан цзюн шу″ (″ Шан облысы билеушісінің кітабы″ ) трактатында баяндалған. Бұл трактаттың негізгі бөлімдерін Шан Ян деген атпен белгілі болған Гунсунь Янь жазды. Легизм ілімінің және заңшылдар мектебінің негізін қалаған ол Шан облысының билеушісі болды. Шан Ян заңдар мен қатал жазаға сүйенген басқару жүйесін қолдады. Сол кездегі үлкен ықпалға ие болған конфуцизмді сынаған Шан Ян заң нормалары ғана елде тәртіп орната алады деп есептеді. Ел басқарудың негізгі әдісі ретінде қатал заңдарды жақтаған ол мемлекет пен адамдар арасындағы қатынастарды оңай реттеуге болатындығын айтты. Бұл ″ кімді кімнің жеңетіндігі″ туралы принципке негізделген таптар күресінің қатынастарын көрсетті. Оның айтынша, ″ халық өз өкіметінен күштірек болса, мемлекет әлсіз, ал өкімет өз халқынан күштірек болса, армия күшті, әрі қуатты болады″ .

Легистер қайырымдылық пен адамгершілік қылмысқа апаратын тура жол, ал нағыз қайырымдылық пен сүйіспеншілік өзінің бастауын жазалаудан алады деп дәріптеді. Яғни олар мейірімділіктен бұрын қорқынышты алдыңғы орынға қояды. Олардың пікірінше елде жаппай тәртіпсіздік болмас үшін, мейірімділіктен гөрі жазалау басым болуы керек. Аямай жазалау арқылы халық арасында үрей мен қорқыныш тудыру керек. Олардың бұл қағидасы үрей мен қорқыныш қана елде тәртіп пен заңдылық орната алады дегенді білдіреді.

Шан Янның басқару туралы концепциясы адамдарға дұшпандық көзқараста болу оларды жазалау және күштеу шаралары арқылы қалаған тәртіпке көндіруге болады деген тұжырымға сәйкес келеді. Легистер ілімін Шан Яннан басқа да Цзын Чань, Шэн Бу-хай, Ханфэй және т.б. одан әрі дамытты.

## 2- тақырып.

## Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілім

- 2.1 Ежелгі грек өркениетінің даму кезеңдері және оның философиялық-құқықтық ілімі

**2.1** Б.з.д. мыңжылдықтың басында Ежелгі Грецияда жеке және тәуелсіз полистер формасы түрінде бірнеше қала-мемлекеттер пайда болды. Алғашқы қауымдық құрылыстан қоғамдық өмірдің ерте таптық және қоғамдық формасына көшу халықтың әлеуметтік жіктелу процесін одан әрі күшейтіп ру ақсүйектері мен қайыршыланған қауым мүшелерінің, байлар мен кедейлердің, еріктілер мен құлдардың арасындағы күресті шиеленістіре түсті. Осындай жағдайда ежелгі грек полистерінде басқару формасының өздері жақтаған түрін орнату жолында әртүрлі әлеуметтік топтар арасында аяусыз күрес жүрді. Ол кездегі басқару формасының негізгі түрлері мынадай еді: аристократия (ескі немесе жаңа ақсүйектер тобы), олигархия (байлар мен дәулеттілер тобы) және демократия (халық билігі). Осындай күрес нәтижесінде б.з.д. VI-V ғғ. әртүрлі полистерде басқарудың өзіндік формалары пайда болып, одан әрі дамыды. Афинъда демократия, Фивыда олиграхия, Спарта мемлекетінде аристократия пайда болды. Осы процесс Ежелгі Грецияның саяси және құқықтық ілімінде көрініс тапты.

Ежелгі грек полистерінде саяси-құқықтық көзқарастың пайда болуы мен дамуында үш кезең айқын байқалады. Ерте кезең- (б.з.д. IX-VI ғғ.) ежелгі грек мемлекеттілігінің пайда болуына сәйкес келеді. Бұл кезеңде саяси-құқықтық көзқараста рационациялау (Гомер, Гесиод, атақты ″ жеті данышпан″ ) байқалады және мемлекет пен құқық проблемаларына философиялық тұрғыдан қарау (Пифагор, Гераклит) қалыптасады. Екінші кезең - (б.з.д. V және IV ғасырдың бірінші жартысы) ежелгі грек философиясы мен саяси-құқықтық ойларының гүлденген кезеңі (Демокрит, софистер, Сократ, Платон, Аристотель және т.б.) Үшінші кезең - (б.з.д. IV ғасырдың екінші жартысы мен II ғасырлары) эллинизм кезеңі, ежелгі грек мемлекеттігінің құлдырауы, грек полистерінің алғашқыда Македония, кейіннен Рим билігіне көшуі (Эпикур, стоиктер, Полибий және т.б.)

Адамдардың еріктілерге және құлдарға бөліну жағдайында қалыптасқан антикалық саяси-құқықтық ой еркіндік идеологиясы ретінде бекіді және дамыды. Бостандық - басты құндылық, ежелгі гректік саяси - теориялық ілімнің негізгі мәселесі және мақсаты болды. Бірақ бұл жалпыға бірдей бостандық емес, шектелген бостандық еді. Құлдар бостандық мәселесінде есепке де алынбады, олар туралы сөз де болмады.

Грециядағы құлдық демократия азаматтардың қоғамдағы алатын орнын олардың шығу тегіне қарап емес, мүліктік жағдайларымен байланыстырды. Бұл жағдай ақыл-ой еңбегімен айналысатын адамдардың бөлініп шығуына әкелді. Құл еңбегі олардың ғылыммен, біліммен, ағартушылықпен және өнермен кәсіби тұрғыда шұғылдануына мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде таза зиялылар мен ойшылдар қауымы пайда болып, саяси-құқықтық және әлеуметтік философиялық жаңа көзқарастардың қоғамдық пікірі мен санасы қалыптасты.

Саяси ой мен оған қатысты практикалық және рухани іс бостандық ретінде қарастырылып, ол ерікті адамдардың қызмет аясы, ал еңбек, оның ішінде ауыр қол жұмыстары, құлдардың үлесі ретінде қарастырылды. Барлық өндірістік – еңбек және отбасы ортасы, сол кездегі ұғым бойынша, бостандықтан тыс аймақ принципі, яғни бостандық тұрғысынан алғанда саясаттан тыс болып есептеледі. Қожайын мен құлдың, отбасы иесі мен оның басқа мүшелерінің билік және бағыныштылық жөніндегі қатынасы саяси емес қарым-қатынас түрінде түсіндірілді. Дәстүрлі, эллиндік саяси өмір формасының варварлық деспоттық билігіне қарсы қойылуы да осыған байланысты болып келді.

Мемлекет пен құқықты зерттеудегі ежелгі грек саяси-құқықтық ойының ерте кезеңінде оның мифологиялық түсініктері (Гомер, Гесиод) қоғамдық ойдың даму барысында өзінен кейінгі қалыптасқан жаңа көзқарастарға, атап айтқанда философиялық тұрғыдан түсіндіруге (″ Жеті

данышпан" , Пифагор, Гераклит, Демокрит) одан кейінгі рационалистік интерпретацияға (софистер), логикалық-танымдық талдауға (Сократ, Платон) және ақыр соңында эмпирикалық - ғылыми (Аристотель) және тарихи-саяси (Полибий) ілімге орын берді.

Ежелгі грек полистерінің тәуелсіздігін жоғалтқан эллиндік дәуірінде бұрынғы құндылықтарды қайта бағалауда бұрынғы ұжымдық полистік өмір күмән тудырып, адамдарды еріктілер мен құлдарға бөлу принципі сынға ұшырайды. Бұл кезде бостандық әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде емес, рухани құбылыс ретінде түсіндіріледі. Осы принцип негізінде адамдардың жалпыға бірдей бостандығы мен еркіндігі табиғат заңдылығы мен табиғи құқықтар қағидасы тұрғысында паш етіледі.

## 2.2 Ерте дәуірдегі саяси-құқықтық ойлар (б.з.д. IX-VI ғғ.)

**2.2** Б.з.д. IX-VIII ғасырларда ежелгі мифтік көзқарастар архаистік поэзияда, одан кейін Гомер мен Гесиодтың поэмаларында өзінің алғашқы сипатын жоғалтып, этикалық және саяси-құқықтық өзгеріске ұшырайды. Олардың түсіндіруі бойынша, құдайлардың билік үшін күресі және бас құдайдың ауысуы (Уран-Крон-Зевс) билік пен басқару принциптерінің алмасуымен қатар жүрді.

Гректердің түсінігі бойынша, құдайлардың үш ұрпағы болған. Аға ұрпақтарды кіші ұрпақтар тақтан түсіріп, жойып отырған. Бұл өзгерістер құдайлардың өзара қарым-қатынастары ғана емес, жердегі қоғамдық өмірдің тәртіптеріне, адамдар арасындағы қатынастарға да ықпалын тигізді. Осындай өзгерістер жағдайында ежелгі гректердің сана-сезімінде ертедегі жаугершіліктер мен тайпааралық күрес фантастикалық түрде көрініп отырды. Көптеген грек ойшылдарында әділдіктің бастауы мен заңдылық және ежелгі полистік өмір Зевстің атымен байланыстырылады. Құдайлардың үшінші ұрпағының басшысы Зевс – күн күркіреу мен найзағайдың, табиғаттың дүлей күшінің және адамдардың құдайы болып саналды. Мифтік түсінік бойынша, олимптік құдайлар құл иеленушілердің қамқоршысына айналды, ал Зевс басқа олимптік құдайлармен ақылдаса отырып, басты базилев ретінде бүкіл грек әлеміне билік етті және оның пікірі шешуші маңызға ие болды.

Гомердің ″ Илиада″ және ″ Одиссея″ поэмаларындағы оқиғалар (б.з.д. VIII ғ.) гректердің әскери және қоғамдық өмірінен көптеген құнды мәліметтер береді. Поэмаларда б.з.д. II-I мың жылдар шамасында тепе-тең жер пайдалану және әрдайым белгілі бір уақытта жерді бөліп отыру негізінде құрылған жер қауымдарының болғандығы туралы деректер кездеседі. Қауым мүшелері жерді жеребе тарту бойынша алған. Жерге қауымдық меншік сақталғанымен, қауым мүшелері арасында дүние-мүліктің жіктелуі басталғанын поэмалар оқиғасынан байқау қиын емес. Тайпа көсемдері - базилевтер өздерінің туыстарына қауым жерлерінен үлкен және ең шұрайлы жерлерді бөліп берген. Поэмалардың мазмұнына қарағанда, сонымен бірге басқа да әлеуметтік топтардың өздерінің қауымдарымен байланыстарын үзіп алған жолкезбе қолөнершілердің де болғанын аңғаруға болады.

″ Одиссея″ поэмасында халық жиналысының ролі мен маңызы анық суреттелген. Бұл өкілдік органның қызметі туралы грек жауынгерлерінің Троя түбіндегі жиналысынан, ″ Илиада″ поэмасындағы мысалдан, ″ Одиссеяда″ Итака аралының тұрғындары жиналысының баяндалуынан білуге болады. Троя түбіндегі жиналыста қатардағы жауынгер Терситтің жауынгерлердің мүддесін қорғап, базилевтерге қарсы айтқан айыптау сөздерін лауазымды басшылардың теріске шығара алмауы халық жиналысының ролін айқындай түседі. Ал халық жиналысы маңызының төмендеуі ″ Одиссеяда″ айқын көрсетілген. Итака аралында Одиссей болмаған жиырма жылда халық жиналысы бірде-бір рет шақырылмаған. Ал Одиссейдің ұлы Телемак жиналыс шақырғанда, тұрғындардың көпшілігі бұл жиналысқа мән бермеген.

Поэмада Гомер қолданған ″ *дике*″ (әділдік) және ″ *темис*″ (әдет, әдет-құрыптық құқық) ұғымдары Гомер дәуіріндегі саяси-құқықтық жағдайды түсінуге жәрдемін тигізеді. Гомердің әділдігі (дике) қалыптасқан дәстүр мен әдет-ғұрыптың құқықтық (темис) негізі мен принципі түрінде көрінеді, ал әдет-ғұрыптық құқық (темис) өмірлік әділдіктің, оның адамдар арасындағы қарым-қатынастарда сақталуының накты көрінісін білдіреді.

Б.з.д. VII ғасырдағы ежелгі Грецияның саяси және қоғамдық өміріндегі қатынастар Гесиодтың ″ Еңбек және күндер″ мен ″ Теогония″ поэмаларында баяндалады. Беотияда туып өскен Гесиодтың бұл поэмаларында құдайлар мен дүниенің пайда болуындағы гректердің көзқарастары және адамгершілік-құқықтық принциптер сипатталады.

″ Теогония″ поэмасы бойынша Зевстің Фемидамен (мәңгі табиғи тәртіп пен әділдікті жаратушы) неке одағынан екі қыз-құдай Дике (әділдік) және Эвномия (ізгі заңдылық) өмірге келеді. Дике табиғи әділдікті күзетеді және әділетсіздікті жазалайды. Эвномия болса, қоғамдық құрылымдағы

заңдылық бастауының құдайлық сипатын және полистік құрылымдағы заңдылықтың терең ішкі байланысын білдіреді.

″ Еңбек және күндер″ поэмасында Гесиод мемлекетке дейінгі патриархалды құрылыс идеалдарын қорғай отырып, ″ бес ғасырдың″ - (″ алтын″ , ″ күміс″ , ″ мыс″ , ″ жартылай құдай - батырлар″ және ″ темір″ ғасырлары) алмасуы кезіндегі адамдар өмірі мен тіршілігін суреттейді. Крон құдайдың ″ алтын ғасырында″ адамдар ешқандай жоқшылық көрмей, бақытты өмір сүрді, ″ күміс ғасырында″ құдайға бағынбағандарды Зевс жойды, ″ мыс ғасырында″ жауынгер адамдар өзара соғыста бірін-бірін құртып тынды, ″ төртінші ғасырдағы″ қантөгіс соғыстарда жартылай құдай-батырлардың әйгілі әулеті жойылды. ″ Темір ғасырында″ Гесиод адамдардың ауыр тұрмысын, зорлық пен жауыздықтың үстемдігін, әдет-ғұрыптық нормалардың бұзылуын, әділдіктің жоқтығын, табиғи құқықтың күш және зорлықпен алмасуын күйіне отырып баяндайды.

Поэмада Гесиод егіншілік еңбегіне, тіпті қандай да болсын еңбек қызметіне өте зор құрметпен қарайды. Аристократтар істеп отырған әділетсіздік пен заңсыздыққа қарсы өзінің дәрменсіз наразылығын көркем дәрежеде қаршыға мен тоты құс туралы мысалында суреттейді.

Гомер мен Гесиод поэмаларына тән адамдар әрекеті мен олардың өзара қарым-қатынастарындағы адамгершілік-құқықтық тәртіптер туралы көзқарастар Ежелгі Грециядағы ″ Жеті данышпан″ деп аталғандардың шығармашылығында одан әрі жалғасын табады. Оларға әдетте Фалес, Питтак, Периандр, Биант, Солон, Клеобул және Хилон енгізілді. Олар полистік өмірде әділетті заңдардың үстем болуын батыл жақтады. Олардың кейбіреулері билік және заң шығару қызметтерінде өздерінің саяси-құқықтық идеяларын жүзеге асыруға әрекеттенді. Биант, Солон, Хилон сияқты грек ойшылдарының пікірінше, ізгілікті полистік қоғамдағы заңның сақталуы және салтанат құруы оның айрықша белгісі болып табылады. Азаматтардың тираннан қорқатындай заңы қалыптасқан мемлекетті Биант ең үлгілі мемлекет деп есептеді. ″ Өзіңді-өзің таны″ қағидасының авторы спартандық Хилонның ″ Заңға табын″ деген шақыруы Дельфадағы Апаллон храмына ойылып жазылды. Ең игілікті полис деп Хилон азаматтары шешендерден гөрі заңдарды көбірек тыңдайтын полисті санады.

″ Жеті ғұламаның″ қатарына қосылған Солон (б.з.д. 638-559 жж.) тарихта атақты реформатор, мемлекеттік қайраткер және заң шығарушы ретінде де белгілі. Б.з.д. 621 жылы орхонт Драконт жазған заң нормалары демос пен евпатридтер арасындағы қайшылықтарды жоя алмады, өйткені ол демостың экономикалық жағдайын қандай да болмасын дәрежеде өзгертпеді. Драконт заңдары сонымен бірге шектен тыс қаталдығымен де әйгілі болды. Сондықтан да Афины халқы полисті басқаруды және жаңа заңдар шығаруды елге ақындылығымен белгілі болған Солонға тапсырды.

Архонт болып сайланған ол б.з.д. 594 жылы жаңа заңдар шығарды. Оның реформаларын экономикалық және саяси деп бөлуге болады. Заң шығарушы ретінде Солон селолық және қалалық демостың және оған қосылған евпатридтердің мүддесін қорғады. Оның ең басты реформасы ″ сисахфия″ -(″ ауыр жүкті сілкіп тастау″ ), яғни кедейлердің кепілдікке алынған жер учаскесіндегі қарыз тастарды жою еді. Бұл қарыз тастар бойынша қарызын өтей алмаған адамдар өзінің жеке бостандығын кепілдікке салған, яғни қарызын өтей алмағандар құлға айналдырылған.

Солон ″ сисахфияны″ (құлдық борыш) жойып, шаруалардың кепілдікке алынған жерін қайтарды. Солонның саяси реформаларындағы ең бастысы, сол кезге дейін өмір сүріп келген генократияны (″ генос″ - ру) жойып (рулық аристократтар билігі), оны тимократиямен (″ тиме″ - ″ баға″ , ″ мүлік″ ) дүние-мүлік цензісіне негізделген биліктпен алмастыруы еді. Ол бұл жарлықтарымен аристократтарды рулық құрылыстың ерекше артықшылықтарынан айырды. Аттиканың барлық азаматтары дүние-мүлік цензісіне қарай төрт топқа бөлінді. Олар: пентакосиомедимндер (бес жүздіктер), салт аттылар, зевчиттер және феттер. Жаңадан құрылған төрт жүздік кеңес аристократтардың тірегі болып келген ареопагтың ролін кемітті. Солон сонымен бірге ант берген жаңа жоғарғы сот – гериэяны құрды. Азаматтарды шыққан тегіне қарай бағалау дүние-мүлкіне қарай бағалаумен алмастырылды.

″ Ұлы істерде жұрттың бәріне жағу қиын″ деп Солонның өзі айтқандай, оның ″ сисахфия″ және басқа да реформаларына азаматтардың барлығы бірдей риза болған жоқ. Сондықтан да ол өзі шығарған заңдарды жүзеге асыру үшін әртүрлі айла-шарғыларды қолданды. Билік тізгінін қолға алған Солон ″ саясаткерлік деген – алдампаздық″ деп, реформаларды іске асыруда ештеңеден тайынбады, өтірік уәде де берді, екі жақтың мүддесін де қорғай білді. Сол кездегі ел билеу саясатынан ″ тепе-теңдік жанжал болдырмайды″ деген қанатты сөзі елге кең тарады. Ол өзінің осындай тепе-теңдік саясаты туралы ″ мен өзімді төбеттер арасына түскен бөрідей сезіндім″ деп жазды. Солон өзі шығарған заңын өзі орындамаған мемлекет түбінде күйреп тынады деп есептеп, заңдарды халыққа жететіндей етіп бағаналарға ойып жаздыруды ұмытпады.

Б.з.д. VI-V ғасырларда Пифагор, Архит, Филолай, Гераклит және тағы басқалар қоғамдық және саяси-құқықтық тәртіптерді философиялық негізде қайта құру қажеттігі туралы идеялар ұсынды. Олар демократияны сынай отырып, ақыл және адамгершілік элитасының ″ озықтары″ билігі - аристократиялық идеалды жақтады.

Самос аралында туып өскен Пифагор Поликрат тиранның билігінен кейін туған жерін тастап, Египетте, Вавилонда, Үндістанда болып, ең соңында ″ Ұлы Элладаның″ Критон қаласында өмір кешеді. Ол осы қалада, кейіннен басқа да полистерде өзінің мектебін ашады. Оның ілімі негізінде пайда болған пифагоршылдық гетерийлер рухы жөнінен аристократиялық құпия философиялық-саяси одақтар Грецияның көп бөлігі мен Оңтүстік Италияда үлкен ықпалға ие болады.

Пифагоршылардың дүниетанымдық көзқарастарында олардың сандар туралы ілімі елеулі роль атқарды. Бұл ілімі бойынша, сандар – барлық заттардың және әлемнің негізі. Сандарды әлемдік үйлесімділіктің бейнесі етіп қарастырған олар саяси-құқықтық құбылыстардың сандық /математикалық/ сипатын анықтауға тырысты, ″ теңдік″ ұғымының теориялық негізін ашуға ұмтылды. Олардың айтуы бойынша, ″ әділдік дегеніміз тепе-теңдік болып табылады″ . Яғни олар адамдар арасындағы теңдікті математикалық тәсілмен түсіндіреді. Философтардың ішінде бірінші болып сан категориясын жан-жақты қарастырған Пифагор ілімі Платон және тағы басқалардың шығармашылығында одан әрі дамытылды.

## 2.3 Ежелгі грек саяси-құқықтық ойының гүлденген дәуірі (б.з.д. V-IV ғасырлардың бірінші жартысы)

**2.3** Б.з.д. V ғасырда саяси-құқықтық ойлардың дамуына қоғам, мемлекет, саясат және құқық туралы проблемаларға философиялық және әлеуметтік талдаулардың тереңдеуі едәуір ықпал етті. Гректің ұлы ойшылы Демокрит б.з.д. IV ғасырдың бірінші жартысының алғашқы жылдарында адамның, адам қауымдастығының және қоғамның пайда болуы мен тұрақтануын әлемдік дамудың табиғи процесіндегі бір бөлшек ретінде қарастыруға талпынды. Дамудың осы процесі барысында адамдар қажеттілік әсерінен, табиғат пен оның ерекшеліктеріне бақылау жасай отырып қоғамдық өмірге қажетті негізгі білім мен қабілетті қалыптастырды.

Адамзат қоғамы табиғаттың алғашқы жағдайынан прогрессивті өзгеріске дейін ұзақ эволюциялық жолдан өтті. Яғни қоғам, мемлекет, заң шығару, билік табиғаттың берген дайын нәтижесі емес, адамдардың қолдан жасалған іс-әрекеті болып табылады. Табиғи дамуға өзіндік баға берген Демокриттің айтуынша, табиғатқа қайшы келгендердің бәрі әділ болып табылмайды. Оның ойынша, мемлекетте жалпы игілік пен әділдік жоғары тұруы тиіс. Сондықтан да ол адамдардың іс-әрекеті мемлекет және оның жақсы ұйымдасқан құрылымы мен басқаруына қамқорлық жасауға бағытталуға тиіс деп санайды. Мемлекеттік билікті сақтау үшін Демокрит азаматтардың бірлігін, олардың өзара сыйластығын, бір-біріне көмектесуін, бірлесіп қорғануын және бауырмалдықты талап етеді. Азамат соғысы жауласушы жақтардың қайсысына болса да қасірет болып саналады.

Мемлекеттік басқаруда халық билігі – демократияны жақтаған Демокрит сонымен бірге аристократияның пайдалы жақтары бар екендігін айтады. Оның пайымдауынша, ″ Ақымақтардың ел басқарғанынан бағынғаны артық. Табиғатты да үздіктер мен саналылардың басқаратыны мәлім, сондықтан да жоғары ақыл мен адамгершілік қасиеттері бар адамдардың билігі дұрыс болып табылады″ . Демокриттің айтуы бойынша, заңдар адамдардың қоғамдағы қалыпты өмірін қамтамасыз етуге және сондай нәтижеге жетуге қажетті жағдай жасауы тиіс.

Саяси-құқықтық тақырыпты көпшілік назарына талқылауға ұсыну б.з.д. V ғасырда антикалық демократияның нығаю және гүлдену жағдайындағы софистердің атымен тығыз байланысты - ″ Софист″ атауы ″ софос″ (″ данышпан″ ) деген сөзден шыққан. Софистер өз заманында данышпандықтың және мемлекет пен құқық мәселелері жөніндегі ақылы жұмыс істейтін мұғалімдер болды. Белгілі бір тақырыптар бойынша сөз сайысын өткізген софистер сөздің дәлдігі мен сөйлеу шешендігі арқылы жеңіске жетуге тырысты. Олардың көпшілігі философия, логика, этика, риторика, саясат және құқық салалары бойынша өз дәуірінің ұлы ағартушылары мен ойшылдары еді. Софистер қандай да бір бірыңғай мектеп бола алған жоқ, олар әртүрлі философиялық, саяси және құқықтық көзқарастарды дамытты.

Ежелгі дәуірдің өзінде-ақ софистердің екі ұрпағы: аға ұрпақ (Протагор, Горгий, Продик, Гиппий, Антифонт және т.б.) және кіші ұрпақ (Фрасимах, Калликл, Ликофон, Алкидам Элейский және т.б.) ерекшеленді. Аға ұрпақ софистерінің көпшілігі демократиялық көзқараста болса, кіші ұрпақ софистерінің едәуір бөлігі аристократия мен тиранияны жақтады.

Б.з.д. 481-411 жылдары өмір сүрген Протагор өзінің асқан білімділігімен, үздік сөз сайыскерлігімен және тамаша шешендігімен әйгілі болды. ″ Бардың бар екендігін, ал жоқтың жоқ екендігін білдіретін барлық заттың өлшемі - адам″ деп айтқан Протагордың бұл негізгі қағидасын көптеген софистер де жақтады. Осы жағдаяттан Протагор демократиялық құрылыстың әділеттілігі мен қажеттілігі туралы ой түйеді. Адам мен адам қауымдастығының пайда болуы туралы мифтік идеяны оның қолдамауы бұған дәлел бола алады.

Протагордың болжамы бойынша, Зевс пен Прометей берген сыйлар бүкіл адамға тиесілі. Сондықтан да Протагор барлық адамның теңдігі және мемлекеттік өмірдегі өнері мен игілігі туралы принципті мойындайды. Тұрмыстағы және мемлекеттегі игі істерге қол жеткізу үшін Протагор ізденіс пен білім қажет деп санайды.

Б.з.д. 483-375 жылдары өмір сүрген Горгий Протагормен қатар сол дәуірдегі атақты софистердің бірі болды. Адамзат мәдениетінің табыстарын жоғары бағалаған Горгий, солардың қатарына ″ әділдік қорғаншылары ретінде жазылған заңдарды″ да жатқызады. ″ Жазылған заң - адамзат ашқан жасанды жаңалық″ . Горгий ″ жазылған заңнан″ құдайлық және жалпыға бірдей заңдар болып табылатын жазылмаған әділеттілікті айыра білу керектігін айтады. Бірақ бұл олардың арасында түбірлі айырмашылық пен қарама-қайшылықтың бар екендігін білдірмейді. Горгий сонымен бірге құндылығы жағынан әділдікті олардан жоғары қояды.

Табиғи- құқықтық көзқарастарды (б.з.д. 400 жылдар шамасында) софист Антифонт дамытты. Адамдардың табиғи теңдігі туралы қағиданы негізге алған ол адамдардың барлығы да эллиндіктер мен варварлар да, дәулеттілер мен қарапайым адамдар да табиғи қажеттілікті тұтынады дейді. Адамдардың теңсіздігі табиғаттан емес, (бұл теңсіздік) адамдардың өздері шығарған заңдардан пайда болды деген қорытынды жасайды. ″ Табиғат бойынша біз барлық қарым-қатынаста теңбіз″ деп жазады Антифонт. Ол бұл жерде барлық адамның табиғаттан қажеттілігі бірдей екеніне ерекше көңіл бөлу керектігін айтады. ″ Полис заңдары″ мен ″ табиғат заңдарын″ бөле отырып, ол негізгі басымдықты табиғат заңдарына″ береді.

Халкедон қаласынан шыққан Фрасимах софистердің кіші ұрпағының ең таңдаулы және әйгілі ойшылдарының бірі болып саналды. Фрасимахтың айтуынша, саясат - құдайдың іс-әрекеті емес, ол адам күштері мен мүддесінің әркилы болуынан. Билік принципі мен саясатты жүзеге асырудың нағыз өлшемі ретінде Фрасимах күштінің пайдалылығы туралы қағиданы жақтады. Оның айтуынша күш бар жерде ғана әділдік болады, өйткені әділдікті күштілер ғана орната алады. Өзінің бұл ойын Фрасимах әр мемлекет заңдарды өз мүддесіне қарай жасайды деп түсіндірді. Заңдарды осылай бекіткен олар бұл заңдарды әділетті деп жариялайды. Билікке ие болу үлкен артықшылық береді. Фрасимах осылайша мемлекеттік қызметте күштеу мен зорлықтың ролін және саясат пен заңның авторитарлық сипатын атап көрсетті.

Кіші ұрпақтан шыққан софист Алкидам Элейский құлдармен қоса барлық адамдардың теңдігі туралы ойды дамытты. Оның ″ Құдай барлық адамды еркін етіп жаратты, ал табиғат ешкімді де құл етіп жаратқан жоқ″ деген атақты сөзі тарихта қалды.

Әлемдік ақыл-ой тарихындағы ұлы адамдар қатарынан көрнекті орын алған Сократ софистердің кейбір көзқарастарын сынға алғанымен, олардың көптеген идеяларын одан әрі дамытты. Өзін ″ даналыққа құштар″ философпын деп есептеген ол алғашқы философиялық білімді ұстазы Продиктан алады. Ол басқалар сияқты өз мектебін құрған жоқ. Оның замандастары мен шәкірттерінің айтуына қарағанда ол сабақты кез-келген жерде, ел аралап, көпшілік жерде берген. Ол өзінің сабақтарын сұрақ-жауап түріндегі диалог арқылы өткізген. Қарастырып отырған мәселені әңгімелесу, сұрақ беру, сұраққа жауап қайтару арқылы түсіндіруге, оның ақиқатына жетуге тырысты. ″ Мен өзімнің түк білмейтіндігімді білемін, ал басқалар тіпті мұны да білмейді″ деген ұлағатты сөзін өз философиясының басты қағидаларының бірі ретінде ұстанды. “Басқаны білу үшін алдымен ″ өзіңді-өзің таны″ деген қағида оның ″ мемлекетті басқарғың келсе, алдымен өзіңді-өзің басқаруды үйрен″ деген тұжырымына сәйкес келеді.

Софистер сияқты Сократ та полис заңдары мен табиғи құқықтарды бөліп қарады, бірақ оның софистерден айырмашылығы табиғи құқықтар мен полис заңдарының алғашқы танымдық негізі бар деп есептеді. Заңдылықтың белсенді жақтаушысы болған ол әділеттілік пен заңдылықтың бір-біріне сәйкес келуін батыл қорғады. Заңды бұзбау керек деген қағидадан ол өмірінің соңғы сәтінде де танбады. Б.з.д. 399 жылы билік басына келген демократтар 70 жастағы Сократқа құдайға тіл тигізді, жастарға теріс тәрбие берді деген айыппен өлім жазасына бұйырады. Заңды бұзбау және әділетсіздікке әділетсіздікпен жауап бермеу деген принципіне адал болған Сократтың достарының көмегімен түрмеден қашып шығуға мүмкіндігі болады. Алайда өлімге өзі мойынсұнады. Сократтың бұл әрекеті оның ілімінің қалай іске асқандығын көрсеткен ғажайып ерлік еді.

Сократ әділетсіздікке негізделген басқару формаларының бәрін – монархиялық тиранияны,

аристократияны, тіпті демократияны да сынға алды. Әділеттілікке негізделген мемлекеттің қажеттігін мойындаған ол мұндай мемлекеттерді ойы озық, білімі терең, алысты болжай білетін, халықтың қамын ойлайтын даналар басқару керек деп санады. Оның даналық туралы философиялық ілімдерімен қатар саясат, мемлекет, заңдылық пен әділеттілік туралы ойлары Платонның, Аристотельдің және тағы басқалардың көзқарастарына едәуір ықпал етіп, саяси-құқықтық ілімнің дамуына зор мұра болып қосылды.

Платон - антикалық заманның ғана емес, бүкіл философия, саяси және құқықтық ілімдер тарихындағы ұлы ойшылдардың бірі. Ол ірі ақсүйек отбасында дүниеге келді. Жас кезінде ол (б.з.д. 407-399 жж.) Сократтың шәкірті және тыңдаушысы болды. Сократтың қазасынан кейін, Платон басқа шәкірттермен бірге Афинnetworkыдан кетеді. Алдымен Мегораға келген жас ойшыл кейін талай ел мен жерге, Египетке, Парсы елдеріне, Ассирияға, Финикияға, Италия мен Сицилияға барады. Б.з.д. 387 жылы грек батыры Академның атымен аталған Академиядан өзінің философиялық мектебін ашады. Бұл мектептің өмірі ұзақ болып, өзінің өмір сүрген мың жылдай тарихында философтар мен математиктердің ғылыми ордасы ретінде жұмыс істеді.

Өзінің еңбектері мен шығармаларында ұлы ойшыл абсолюттік идеализмді жақтады. Оның айтуынша, әрбір идея жеке заттың немесе барша заттың абсолюттік мәнін білдіретін ерекше идеялар әлемін құрайды, яғни идеялар мәңгілік, олар жоғалып кетпейді, жаңадан пайда болмайды. Бүкіл әлем, табиғат пен қоғам - сол идеялардың жүзеге асқан бейнесі.

Платон идеалды мемлекет туралы еңбегінде әділдікті әркімнің өз ісімен айналысуынан және басқаның ісіне араласпауынан көреді. Адамдардың әлеуметтік топқа бөлінуі мен олардың арасындағы мүлік теңсіздігін қалыпты жағдай ретінде қарастырады және олардың бір топтан екінші топқа өту мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Платон идеалды мемлекет құру туралы жобасында аристократиялық мемлекеттік құрылымды жақтайды және өз жобасының қиындықпен болса да жүзеге асатынына сенеді. Идеалды мемлекеттің өзі де, Платонның ойынша, мәңгі өмір сүре алмайды. Өйткені, билік басына келгендердің бәрі де қайырымды бола бермейді, адамдық қасиетке зорлық-зомбылық қасиеттері де қосылады. Сондықтан да басқа мемлекеттік құрылым түрі келеді.

Платон адамдардың жан дүниесіне мемлекеттік құрылымның бес түрінің сәйкес келетіндігі туралы (аристократия, тимократия, олигархия, демократия және тирания) айтады. Олардың әрқайсысы биліктерін өз мүдделеріне қарай іске асырады. Тимократияда әскери адамдар билікте болады, олар жиі соғысады, соғыс мемлекеттің басты байлығы болып есептелінеді. Олигархияда байлар билікке ие болғандықтан, өздеріне дұшпандық ниеттегі кедейлермен үнемі қақтығыста болады. Бұл мемлекетте кедейлердің наразылығы нәтижесінде кез-келген уақытта мемлекеттік төңкеріс болуы мүмкін. Тирания – мемлекеттік құрылымның заңсыздық пен зорлық-зомбылық үстемдік еткен ең нашар түрі.

″ Заң″ деген шығармасында Платон мемлекеттік құрылымның екінші жобасын ұсынады. Екінші мемлекеттің бірінші мемлекеттен басты айырмашылығы оның 5040 азаматы жеребе бойынша жер учаскелерін алады. Бұл жер оларға жеке меншік түрінде емес, пайдалану құқығы түрінде ғана беріледі де, мемлекеттің жалпы меншігі болып саналады. Мүлік санына қарай барлық азаматтар төрт топқа бөлінеді. Қайыршылық пен байлықтың заң шеңберіндегі шегі анықталады. Жеке меншік иелерінің ешқайсы да алтынға немесе күміске ие бола алмайды. Азаматтар қатарына (5040) құлдар мен шет елдіктер жатқызылмайды.

Тұтыну теңдігін жақтаған Платон құлдар мен шет жерліктерден басқаларында мүлік артықшылығы болмауы тиіс деп санайды. Жеке отбасылар мойындалғанымен, тәрбие ісі түгелдей заңдастырылған арнайы лауазымды адамдар қолына берілді. Әйелдер ерлермен тең құқылы болғанымен, олар жоғары билік қатарына ене алмады.

Платон мемлекетінің басында көп сатылы сайлау жолымен сайланған 37 билеуші тұрды.

Билеушілер жасы 50-ден 70-ке дейін шектелді. Билік басында бір билеушінің 20 жыл тұруға мүмкіндігі болды. 360 мүшеден тұратын (әр топтан 90 адамнан) сайланбалы кеңес едәуір билікке ие бола алды. Халық жиналысына бірінші және екінші топ азаматтарының қатысуы міндетті еді, ал үшінші және төртінші топ азаматтарының халық жиналысына қатысуы міндетті болмады. Заңдылықтың сақталуына әділ сот жауап берді, жекелеген және қатал заңдар азаматтардың бұқаралық және жеке өмірін реттеп отырды. Сотта қаралған істерді қорғау мүмкіндігі қарастырылды.

Антикалық саяси-құқықтық ойдың одан әрі дамуы және тереңдеуі Платонның шәкірті және сыншысы Аристотельдің (б.з.д. 384-322жж.) есімімен тікелей байланысты. Кейбір деректер бойынша, ол саны 400-ден 1000-ға дейін жететін ғылыми еңбектердің авторы болып табылады. Оның ″ Саясат″ , ″ Афины политиясы″ , ″ Никомах этикасы″ және т.б. еңбектері әлі күнге дейін құндылығын жоймаған ғылыми шығармалар болып саналады. Ол өзі өмір сүрген замандағы құл иеленуші мемлекеттің әртүрлі формаларын зерттеп, оның үш түрін көрсетті.

Аристотель тұңғыш рет саясат ғылымы туралы талдау жасауға талпыныс жасады. Аритотельде саясат ғылым ретінде этикамен тығыз байланысты. Оның көзқарасы, бойынша саясатты ғылыми тұрғыдан түсіну адамгершілік пен этиканың дамыған ұғымы болып табылады. Этика саясаттың бастауы, оның кіріспесі ретінде көрінеді. Аристотель әділдіктің екі түрін - теңестіретін және үлестіретін түрлерін анықтайды. Теңестіретін әділдіктің өлшемі ретінде ″ арифметикалық теңдік″ қарастырылады. Бұл принциптің қолданылу аясы – азаматтық-құқықтық мәмілелер, шығынды қалпына келтіру, жаза және т.б., ал үлестіру әділдігі ″ геометриялық теңдік″ принципі түрінде ұсынылады және бұл принцип ортақ игіліктерді еңбегі мен қоғамдағы орнына қарай бөлуге негізделеді.

Мемлекет формасын Аристотель мемлекеттегі жоғары билікті білдіретін саяси жүйе ретінде сипаттайды. Бұл жерде мемлекет формасы билеушілердің санымен (біреу, аз ғана топ, көпшілік) анықталады. Бұдан басқа мемлекеттің дұрыс және бұрыс формалары туралы да айтылады. Дұрыс формадағы билеушілер көпшіліктің мүддесін қорғаса, бұрыс формадағы билеушілер тек қана өздерінің жеке басының мүдделерін көздейді. Аристотель пікірінше, дұрыс формадағы мемлекеттерге монархиялық, аристократиялық және полития, ал екінші формаға тирания, олигархия және демократия жатады. Мемлекеттің ең дұрыс формасы ретінде Аристотель политияны айтады. Политияда жалпының мүддесі үшін көпшілік билік құрады. Мемлекеттің басқа формалары политиядан әрі немесе кері ауытқуы ретінде айтылады. Екінші жағынан қарастырғанда, Аристотельдің түсінігінше, полития демократия мен олигархияның аралас түрі ретінде қарастырылады.

Жоғарғы билік заңның емес, демостың қолында деп есептеген Аристотель демократияны сынға алады. Ол мүліктік демократияны ғана мақұлдайды және демократияның екі түрін - заңға негізделген және жоғарғы үкіметке билік жүргізетін демократияны анықтайды.

Аристотельдің саясат жөніндегі ойлары да көңіл қоярлық. Оның айтуынша, саясаттың мәні оның алдына қойған мақсатына қарай анықталады. Дұрыс саясаттың негізі – адамдардың тәрбиелігінде болып табылады. Адамдар дұрыс тәрбиенің нәтижесінде ғана жақсы қасиеттерді бойларына сіңіріп, саяси мақсаттарын игілікке қарай бұрады, осының арқасында ғана әділдік орнайды.

## 2.4 Эллинизм дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар (б.з.д. IV-II ғғ.)

**2.4** Ежелгі грек мемлекеттілігінің дағдарысқа ұшырауы, грек полистерінің Македонияға, одан кейін Рим үстемдігіне бағынышты болуы (б.з.д. IV ғасырдың екінші жартысынан б.з.д. II ғасырына дейін) эллиндік кезеңдегі мемлекет және құқық туралы ілімде өз ізін қалдырды. Александр Македонскийдің әскери жорықтарынан Жерорта теңізі жағалауы мен Шығыстағы эллиндік кезең басталады. Б.з.д. II ғасырдың ортасына таман ұлы қолбасшы құрған Македония империясы ыдырап, кішігірім патшалықтарға (Сирия, Египет, Греция, Кіші Азия т.б.) бөлініп кетті, ал Македонияның өзі б.з.д. II ғасырда Рим империясының отарына айналды. Антик замандағы бұл саяси өзгерістер сол кезеңдегі саяси және философиялық ойлар мен идеялардың мәні мен мазмұнына ықпал етті. Ежелгі Шығыстың дүниетанымдық, аса зор рухани байлығы да эллиндік мәдениетке әсер етпей қоймады. Бұл кезеңдегі саяси-құқықтық ойлар стоиктер мен Эпикурдың, Полибийдің және тағы басқалардың ілімдерінде көрініс тапты.

Философиялық көзқарасы жағынан Эпикур (б.з.д. 341-270 жж.) Демокриттің атомистік ілімдерін жалғастырушы болды. Самос аралынан шыққан ол мұғалімнің отбасында дүниеге келді. Кейіннен Афиныға қоныс аударған Эпикур шәкірттерді шағын топқа бөліп (оның ішінде құлдар да болды) өзінің жеке бағына жинап алып, оқытты. Демокриттың атомдық теориясын негізге алған ол әлем дүниесінің мәні мен заңдылығын түсіндірді.

Стоицизмдегі сияқты Эпикур философиясының басты міндеті мақсатқа ұмтылған адамның мінез-құлқы туралы ілімге талдау жасау болды. Эпикур ілімі бойынша, табиғат құдайлардың араласуынсыз, өз заңдары бойынша дамиды. Сондықтан да ол табиғатты оның заңдарын ашу арқылы танып білуге болады деді. Бірақ адамдардың табиғатты, оның ішкі заңдылықтары мен құбылыстарын танып білуі басты міндет емес дей отырып, Эпикур табиғат туралы білім адамдарды жалған сенім мен қараңғылықтан құтқаруға және өмір үшін арпалыстағы қорқынышты жеңуге, олардың бақытты өмір сүруіне мүмкіндік туғызады деп санады.

Эпикурдың этикасы жеке адамдарды олардың саяси-құқықтық көзқарастарымен байланыстырады. Эпикур этикасының басты құндылығы – оның құмарлық, көрсеқызарлық және жаман ниеттен аулақ болуға тәрбиелейді. Оның айтуынша, адам бостандығы оны өзінің өмір салтын саналы түрде таңдай білудегі жауапкершілігінде өзінің іс-әрекетін бағалай білуінде. Эпикур адамдардың саяси және қоғамдық істерге белсене араласуын құптамады. Өйткені қоғамдық жұмыстар, оның пікірінше, адамдардың бостандығына кедергі келтіреді, оның жеке іс-әрекеттеріне тұсау болады. Қоғамдық жұмыспен айналысқан адам өзін еркін сезіне алмайды, өйткені бұл жұмыс оған басқалар үшін де жауапкершілікте болу міндетін жүктейді.

Эпикур бойынша, мемлекеттік биліктің басты мақсаты адамдардың өзара қауіпсіздігін сақтау, олардың бір-бірінен қорқу сезімін жою және олардың бір-біріне зиян келтіруіне жол бермеу. Нағыз қауіпсіздік адамдар қауымдастығынан бөлініп жеке дара өмір кешкенде ғана мүмкін. Сондықтан да ″ адамдардан келетін қауіп″ мемлекет тарапынан кең көлемде күш қолдануды қажет етеді. Адамдардың саяси бірлесуі мен қарым-қатынасын Эпикур олардың өзара қауіпсіздігін сақтау үшін жасаған өзара келісімі деп түсіндіреді. ″ Табиғаттан шығатын әділдік, - деп атап көрсетті ол,- адамдардың бір-біріне зиян келтірмеу мақсатында құрған одағы″ .

Эпикурдың түсіндіруінше, заңдар ақылдыларды тобырдан қорғау қызметін атқарады. ″ Заңдар, - деп жазды ол, - ақылдылардың зұлымдық жасауы үшін емес, оларға қастандық жасалмауы үшін шығарылған. Эпикур заңдарды барлық адамның құқығын қорғайтын құрал ретінде емес, жекелеген топтардың ғана мүддесін қорғайтын құрал деп білді.

Индивидуализмді бар жан-тәнімен қорғаған ол демократияны жақтамады. Ол ″ данышпан адамды″ ″ тобырға″ қарсы қойды. Адамдар атомдардан тұратын болғандықтан, өзінің жеке-дара белсенділігінің көмегімен жақсы сезімге толы мақсатқа жете алады. Егер стоиктер өмір сүріп отырған қоғамды ақтай отырып, барлық адамдарды тағдырдың жазғанын орындауға шақырса, Эпикур бұған қарама-қарсы түрлі әдіспен жеке адамға бостандық әпере отырып, оларды қоғамдық

істерден бойларын аулақ ұстауға және өзін-өзі жетілдіруге шақырды.

Стоицизмнің негізін салушы Китоннан шыққан Зенон (б.з.д.336-264 жж.) болды. Ол өзін тыңдағысы келетіндердің бәрін – Афиныдағы адам көп жиналатын жерде – агорода - үй алдындағы қабырғасы жоқ, жан-жағы ашық қалқа астына шақырып, өзін осылай тыңдауға (философиялық ағымның аты да осыдан келіп шыққан) дағдыландырды.

Стоицизм тарихы үш кезеңмен - ежелгі, орта және жаңа (римдік)- ерекшеленеді. Ежелгі стоицизмнің (б.з.д. III-II ғғ.) басты қайраткерлері Зенонмен бірге Клеанф және Хрисипп, орта стоицизмнің (б.з.д. II-I ғғ.) жетекші өкілдері Панетий және Посидоний, ал жаңа (римдік) стоицизмнің (б.з.д. I-II ғғ.) өкілдері Сенека, Эпиктет және император Марк Аврелий болды.

Стоицизм белгілі дәрежеде грек және шығыс көзқарастарының бірыңғай жинақталған қосындысы еді. Ол ең көп тараған философиялық мектеп болып қана қайған жоқ, сонымен қатар ең ұзақ өмір сүрген эллиндік философиялық мектеп те болды.

Стоиктер дүниенің бәрін, оның ішінде ойды, сөзді, отты және тағы басқаларды дене деп атады. Дүниеде пайда болған және жүзеге асқан нәрсенің бәрі заңды да қажетті құбылыс. Әлемдік бұл заңдылықты стоиктер тағдыр деп атады. Олардың көзқарасы бойынша, бүкіл әлем тағдыр арқылы басқарылады және тағдыр құдайлық сипаты мен ұғымы бар ″ табиғи заң″ ретінде қарастырылады. Зенонның айтуынша ″ табиғи заңдар құдайлық болып келеді және дұрыс нәрсені орындататын және дұрыс емес нәрсеге тиым салатын күшке ие″ .

Стоиктердің ойынша, әрбір адам табиғатқа сәйкес өмір сүруге және табиғат алдындағы өз борышын орындауға тиіс. Яғни әркім өзінің өмірдегі тағдыр белгілеген орнына, тұрмыс-тіршілігіне риза болуға тиіс. Бостандық ұғымын да стоиктер ″ тағдыр″ арқылы түсіндіруге тырысады, өмірдегі алдын-ала шешіліп қойылған тағдыр белгілі болғандықтан, бостандықтың болуы да мүмкін емес.

Стоиктердің табиғи - құқықтық көзқарастарының мәні бойын-ша, құлдықты ақтауға болмайды. Бірақ олар (құлдар) да тағдырдың жазғанына көнуге тиіс, олар да тағдырдың бергенін орындай отырып, рақымшылдық пен ізеттілікке жете алады деп есептеді.

Стоиктер ілімі эллиндік кезеңнің саяси қайраткері және көрнекті тарихшысы Полибийдің көзқарастарына едәуір ықпал етті. Оның саяси және құқықтық ойлары ″ Қырық кітап тарихы″ еңбегінде айқын көрінеді. Тарихи құбылыстарды бүтіндей қамтуда ол стоиктердің ″ тағдыр″ туралы жетілдірілген көзқарастарына сүйенеді, яғни тарихи құбылыстарды дүниежүзілік жалпы заң мен парасаттың нәтижесі деп түсіндіреді. Оның ″ жалпы тарихтағы″ , ″ тағдыры″ бірыңғай тарихи процестердің ішкі заңдылықтарының бейнесінде тарихи тағдыры ретінде көрінеді. Оның пікірінше, кез-келген мемлекеттік құрылымның, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы мемлекеттің ролі төмендемейді және өзгермейді.

Мемлекеттіліктің пайда болуы мен мемлекеттің басқару формасының алмасуын Полибий ″ табиғат заңдары″ бойынша жүзеге асыратын табиғи процесс деп түсіндіреді. Полибий бойынша, табиғи пайда болу және алмасу реттілігі жағынан мемлекеттің негізгі алты формасы бар. Олар алмасу реттері бойынша былайша орналасады: патшалық (патша билігі), тирания, аристократия, олигархия, демократия және охлократия.

Адамдардың табиғи және тарихи қауымдасуын Полибий олардың жануарлар сияқты қорғансыздығы мен әлсіздігінен, осыдан келіп тобырға басшылық жасаудың қажеттілігін түсінуінен деп ұғындырады. Алғашқы кезде өзінің күшімен және батылдығымен тобыр көсемі болғандар біртіндеп билікті өз қолдарын алып, бұл билікті табиғи заңдылық ретінде пайдаланған.

Патшалық билік бірте-бірте мұрагерлік болып қалыптасады. Патша бұрынғы өмір салтын

өзгертіп, билігін асыра пайдалана бастайды. Бағынышты халықтың наразылығы мен патша билігін қызғануы, көре алмаушылығы тиранияны туғызады. Тиранияның қатал билігі мен озбырлығы ержүрек жетекшілердің басшылығымен болған күрестің нәтижесінде оның күйреуіне және аристократияның орнауына алып келеді. Алғашқы кезде жалпы мүдде үшін қызмет еткен аристократтар билігі біртіндеп олигархиямен алмасады. Бұл кезде билікті теріс пайдалану, заңсыздық, әділетсіздік және тойымсыздық кең етек алады. Халықтың олигархияға қарсы нәтижелі күресі демократияны орнатады. Мемлекеттің демократиялық басқару формасының алғашқы кезеңінде бостандық пен еркіндік жоғары бағаланады. Бірақ басқалар есебінен өмір сүруге дағдыланған тобыр өздерінің көсемін сайлап, демократиялық билікті құлатады және мемлекет ісінен бойын аулақ салады. Демократия охлократияға айналады. Бұл жағдай ізгілікті мемлекеттің ең нашар түрі ретінде көрінеді және басқару формаларының ең соңғы сатысы болып есептеледі.

Мемлекеттік билік формаларының ауысуын сипаттай келе, Полибий басқарудың ең тиімді формасы ретінде патшалық биліктің, аристократияның және демократияның ең жақсы тұстарының араласқан формасын ұсынады. Оның басқарудың аралас формасы туралы ойлары мемлекет, құқық және билікті бөлу теориясында одан әрі дамытылды.

## 3- тақырып.

## Ежелгі Рим өркениетінің саяси-құқықтық ілімі

### 3.1 Ежелгі Рим саяси-құқықтық ілімінің жалпы сипаттамасы және оның даму кезеңдері

**3.1** Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ойлардың тарихы бүтіндей мың жылды қамтиды және өзінің эволюциялық дамуында Ежелгі Римнің ұзақ уақытқа созылған әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі айтулы өзгерістерді білдіреді. Рим тарихының өзі үш кезеңге бөлінеді: 1) патшалық Рим (б.з.д.754-510 жж.); 2) республикалық Рим (б.з.д. 509-28 жж.); 3) императорлық Рим (б.з.д. 27-б.з. 476 жж.) Сонымен бірге біртұтас Рим империясы б.з. 395 жылы екіге: Батыс және Шығыс Римге бөлінеді. Шығыс Рим -Византия империясы 1453 жылға дейін өмір сүреді.

Ежелгі Римдегі саяси-құқықтық институттар мен көзқарастар халықтың әртүрлі топтары - патрицийлер мен плебейлер, нобилиттер (патрицийлер мен байыған плебейлер) мен кедейлер, оптиматтар (қоғамның ақсүйектер тобы) мен популярлар (төменгі халықты қолдаушылар), еріктілер мен құлдар арасындағы өткір күрес жағдайындағы ұзақ тарихы бойында үнемі дамып отырды.

Ежелгі Рим тарихында өздерінің құқықтық және әлеуметтік жағдайын патрицийлермен теңестіру жолындағы плебейлер күресі маңызды роль атқарды. Плебейлердің бұл күресі Римнің алтыншы патшасы Сервий Туллийдің реформа жасауына әкеліп соқты. Аталған реформа бойынша плебейлер ″ Рим халқының″ құрамына қосылды және мүліктік белгісі бойынша бес разрядқа бөлінді.

Реформа байлардың мемлекет басқарудағы артықшылығын бекітіп берді. Плебейлер халық жиналыстарына қатысуға және қоғамдық меншіктен үлес алуға құқығына ие болды. Бірақ олардың құқықтық жағдайы патрицийлермен толық теңесе алмады. Сондықтан патрицийлерге қарсы күресін ұзақ уақыт бойы жүргізуіне тура келді.

Плебейлер күресінің көрнекті өкілдері ағайынды Тиберий және Гай Гракхтар болды. Халық трибундары болып сайланған олар ірі жер иеленушілікті шектеуді, артық жерлерді тәркілеуді және оны жерсіз азаматтарға үлестіруді талап етті. Қала халқының кедей тобы үшін Гай Гракх нанның бағасын арзандату, жол құрылысын салу сияқты ұсыныстар енгізді. Бұл шараларды іске асыру әрекеті Рим қоғамындағы жоғары топтың киян-кескі қарсылығын туғызды. Осының нәтижесінде қарулы күрес басталып, күрес барысында ағайынды Гракхтар қаза тапты.

Ежелгі Римнің саяси-құқықтық ойы жалпы теориялық ізденісте сол деңгейдегі ежелгі грек концепцияларының едәуір ықпалына душар болды. Б.з.д. V ғасырдың орта кезінде плебейлер жазба заңды құрастыруды талап еткен кезде гректің заң шығару ісімен, әсіресе Солон заңдарымен танысу үшін Грецияға Рим елшілері жіберілді. Осындай танысудың нәтижесінде ежелгі Рим құқығының басты құжаты XII кесте заңдары құрастырылды. Алғашқы он кесте б.з.д. 451 жылы, екі соңғы кесте б.з.д. 450-449 жылдары жасалып, қабылданды.

Ежелгі рим авторларына Сократтың, Платонның, Аристотельдің, Полибийдің, стоиктердің және т.б. көптеген грек ойшылдарының көзқарастары едәуір дәрежеде ықпал етті. Демокрит пен Эпикурдың адамның алғашқы табиғи жағдайдан саяси өмір мен мемлекеттің, заңдар мен ойлардың пайда болуына дейінгі прогрессивті дамуы туралы жалпы философиялық көзқарастары Тит Лукрецийдің ″ Заттың табиғаты туралы″ поэмасында көрініс тапты және одан әрі дамытылды. Оның бұл шығармасында адамның, табиғаттың, әлемнің және қоғамның пайда болуы туралы мәселелер материалистік тұрғыда жеңіл, түсінікті түрде өлеңмен баяндалады.

Дүниедегі бәрінің негізін материя деп мойындай отырып, Лукреций ″ бәрі материядан өсіп шығады және бәрі сонымен өмір сүреді″ деп атап көрсетеді. Дінді ғылыми прогрестің кедергісі деп білген ол діни ұғымдарды да батыл сынға алады. Рим қоғамының кемшіліктерін де айыптай

отырып, саяси күрес пен билікті өзінің жеке басының мүддесі үшін пайдаланғандар туралы теріс пікірде болды. Ол табиғаттағы және қоғамдағы себептілік заңынан басқа да әлемдік күштің бар екендігін мойындағанымен, оны құдай ісімен байланыстырмайды. Өйткені құдай жердегі адамдар өміріне араласпайды. Лукреций адамдар өз тағдырын өздері жасауы тиіс, олардың бақытты өмірі өздеріне ғана байланысты деп тұжырымдайды.

Рим авторлары өздерінің теориялық ілімдерінде грек ойшылдарының табиғи-құқықтық идеяларын, олардың саясат пен саяси әділеттілік, мемлекет формалары, басқарудың ″ аралас″ формасы сияқты және т.б. ілімдерін пайдаланды. Рим авторлары өздерінен бұрынғылардың ілімдерін пайдаланып қана қойған жоқ, сонымен бірге оларды Римнің әлеуметтік-саяси жағдайының ерекшеліктеріне ыңғайлап одан әрі дамытты және құнды идеялармен байытты.

Ежелгі рим ойшылдарының маңызды табыстарының бірі құқықтануды жеке ғылым ретінде қалыптастыруы болды. Рим заңгерлері мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы саласында саяси-құқықтық мәселелерге және жекелеген заң пәндеріне (азаматтық құқық, мемлекеттік және әкімшілік құқық, қылмыстық құқық, халықаралық құқық) кешенді түрде терең талдау жасады.

Ерте христиандық пен одан кейінгі ІІ-ІІІ ғасырларда христиандықтың әлемдік дінге айналуы кезеңінде де бұл дін Ежелгі Римде саяси және құқықтық ойларға өз ықпалын тигізе алды. Бұл кездегі ресми христиан доктринасы мен христиандықтың саяси идеологиясының көрнекті қайраткері Аврелий Августин ілімінде схоластика қағидалары да көрініс тапты.

Рим империясының ауыр саяси дағдарысы кезінде б.з.д. 68-69 жылдары Иуддей және басқа да ауыр зардап шеккен провинциялардың халқы римдіктерге қарсы көтеріліске шығады. Осы кезде Иуддей жұртшылығы арасына Яхве тәңірі оларды құтқаруға елші (″ мессия″ ) жіберіпті. Ол зұлымдардың үстемдігін құртады және ″ құдайдың мың жылдық әділетті патшалығын орнатады″ деген сөз тарайды. Бұл сөздер сол кездің өзінде-ақ ″ пайғамбарлардың″ шығармалары түрінде иудейлер арасында таралады.

Б.з.д. 69 жылының басында осылардың бірі ″ Иоонн Богословтың мойындаулары″ (″ Апохолипсис″ ) деген атпен жарық көреді. Мұнда Яхве тәңірі жіберген елші (Христос) барлық еңбекшілер мен ауыртпалық көргендерге рухани бостандық, өлгендердің тірілуіне сенім әкелген қарапайым уағыздаушы ретінде көрінеді. Бұл уағыздаушыны Иерусалим абыздары жазалап өлтіреді. Алайда ″ күндердің күнінде″ , ″ ақиқат елшісі″ қайта келеді де, ″ әділеттікті қалпына келтіреді″ . Кедейлердің молшылыққа ие болатындығы, байлардың жазаға ұшырайтындығы туралы бұл уағызда сонымен бірге, Римнің бүліншілікке ұшырайтын тағдыры туралы да айтылады.

Ерте христиандық кезеңінде пайда болған діни шығармаларда христиан қауымында жеке меншіктің болмағандығы, барлық нәрсенің ортақ меншікте болғандығы, ″ тіршілікке қажетті заттардың әркімге қажетіне қарай″ бөлінгендігі туралы айтылады. Мұнда меншік, еңбек, тұтыну мен бөлу мәселелерімен бірге жалпыға бірдей еңбек ету міндеттілігі және әркімнің еңбегіне қарай бөлу принциптері уағыздалады (″ Әркім өз үлесін еңбегіне қарай алады″ , ″ Еңбек етпеген ішіп-жемейді″ және т.б.)

Ерте христиандықтың пайда болуы алғашқы кезден бастап-ақ қайшылыққа толы болды. Бұл кезде Христос туралы жұрт таныған ешқандай бірыңғай ілім болған жоқ еді. Қауымнан қауымға ауысып жүрген жекелеген уағыздаушылар түрлі діни шығармаларға сүйеніп, Христос ілімін түрліше баяндады. Осының нәтижесінде ерте христиандардың барлық топтары өзара кескілескен күрес жүргізді. Б.з ІІ ғасырдың аяғы мен ІІІ ғасырдың басына қарай өзін-өзі бірден-бір шынайы христиан деп санаған, басқа идеологиялық ағымдардың өкілдерін адасқандар (еретиктер) деп атаған Павел ″ апостолдың″ көзқарастары мен інжіл дастандарының жақтастары бірте-бірте басым бола бастайды. Осы кезде өзінің позициясын нығайтқан христиан шіркеуі еретиктерге қарсы күресте ресми үкіметтің көмегіне де сүйенеді. 311 жылы Христиандық Рим империясының тең

құқылы діндердің бірі ретінде мойындалып, 324 жылы мемлекеттік дін болып жарияланды.

Император Константин христиандықты мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін діни философиялық ілім-патристика (patеp-әке) тезірек қарқын алды. Оның бұл кездегі басты өкілдері. Амворский, Майландский, Аврелий Августин болды. Бұл ілімде алғашқы кезде Христостың табиғаты және саяси-шіркеулік мәселелер қарастырылды. Христиан шіркеуінің көрнекті идеологтарының бірі Аврелий Августин адамзат тарихының христиандық концепциясында барлық әлеуметтік, мемлекеттік және құқықтық құрылымдарды Библия қағидаларына сүйене отырып, адамның күнәға батуының салдары ретінде көрсетеді. Ол ″ Құдай қаласы туралы″ еңбегінде Адам мен Еваның ″ ауыр күнәсынан″ кейін бүкіл адамзат қауымы табиғи сипатынан айрылып, күнәсі олардың ұрпақтарына мұра болып қалды деп жазады. Оның айтуынша, адамзаттың бұл күнәсін жаратушы құдай алдын-ала белгілеп қойған. Августин әлемде әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері әртүрлі″ халықтар өмір сүргенімен, барлық уақытта ″ адамзат қауымының екі патшалығы - қанмен және жанмен өмір сүретін адамдардың болғандығын айтады. Осыған сүйенген ол адамзат тарихын бір-біріне қарсы екі патшалықтың күресінің нәтижесі деп түсіндіреді.

Жердегі мемлекеттік-құқықтық өмірдің күнәлығы (қарым-қатынастар мен тәртіптер), Августиннің пікірі бойынша, басқару мен бағынудағы, қожалық пен құлдықтағы адамның адамға үстемдігі нәтижесінде пайда болған. Қалыптасқан бұл жағдайды Августин адам тіршілігінің ″ табиғи тәртібі″ деп атайды. Жердегі адам қауымдастығының тарихи эволюциясын Аврелий Августин адам өмірінің алты мезгіліне сәйкес алты кезеңге бөледі. Олар: сәбилік, балалық, жастық, жігіттік, ересек және кәрілік. Оның бірінші кезеңі Адам мен Еваның балаларының дүниеге келуінен басталып, дүниежүзілік су тасқынына дейін жалғасады, ал ең соңғысы Христостың келуі мен христиандықтың пайда болуынан басталып, Христостың қайта оралуы және ақырзаманмен аяқталады.

Августиннің құқықтық позициялары табиғи, құдайлық және адамзаттық заңдарды түсіндіруінде айқын көрінеді. Оның айтуынша, адамдар бұл заңдарға бағынуы тиіс, бірақ адамдар оны жиі бұзады. Августиннің құқық туралы пікірлері көптеген жағдайда рим стоиктері мен заңгерлерінің, атап айтқанда Цицеронның, ″ табиғи құқық″ туралы түсіндірмелеріне ұқсас келеді.

**Христиан дінінің қағидаларын саясат пен құқықтық позицияда түсіндірген Августин ілімі теологиялық-философиялық бағыт ретінде Еуропада XII ғасырға дейін үстемдік етті.**

## 3.2 Марк Туллий Цицеронның мемлекет және құқық туралы ілімі

**3.2** Ежелгі Римнің атақты шешені, заңгері, мемлекеттік қайраткері және ойшылы Марк Туллий Цицерон б.з.д. 106 жылы туып, б.з.д. 43 жылы қайтыс болды. Ол кейінгі ұрпаққа, адамзат мәдениетіне орасан зор мұра қалдырған ұлы философ және саясаткер болды. Оның кең қамтылған шығармашылығында мемлекет пен құқық мәселелеріне көп орын берілген. Бұл мәселелер оның осы тақырыпқа арнайы жазған мемлекет туралы ″ Құдайлардың табиғаты туралы″ , ″ Міндеттілік туралы″ , ″ Жамандық пен жақсылықтың шегі туралы″ және ″ Заңдар туралы″ еңбектерінде кең қамтылған Саяси-құқықтық мәселелер оның басқа да еңбектерінде (мысалы, ″ Міндеттер туралы″ ) және сонымен бірге оның көптеген саяси және сот баяндамалары мен сөздерінде көрініс тапқан.

Цицеронның мемлекет және құқық саласындағы теориялық көзқарастары ежелгі грек ойларының, ең алдымен Платонның, Аристотельдің, Полибийдің және стоиктердің едәуір ықпалында болды. Сонымен бірге Цицерон Рим патриоты және қайраткері ретінде бұл ″ жат жерлік″ ықпалдарды мемлекеттік-құқықтық тәжірибе мен саяси құқықтық ойларды Рим мемлекеті мен құқығының өзіндік сипаты бар тарихымен, сол кезеңдегі әлеумет пен саясаттағы нақты жағдаймен, өзекті міндеттермен байланыстыруға тырысты. Нақтылап айтқанда Цицеронның саяси-құқықтық ілімінде өзіне дейінгі идеяларды шығармашылықпен пайдалану бар. Ол мемлекет пен құқық теориясы туралы жаңа қағидаларды одан әрі дамытты. Цицерон мемлекетке халық еңбегінің жемісі ретінде анықтама берді.

Мемлекеттің пайда болу себебін Цицерон адамдардың әлсіздігі мен қорқынышын емес, олардың туғаннан бірге тұру қажеттігіне ұмтылуынан деп есептейді. Бұл мәселе бойынша, Аристотельдің позициясын құптаған Цицерон сол кездегі мемлекеттің пайда болуының келісімдік сипаты туралы кең дамыған түсінікті жоққа шығарады. Ол мемлекет пен жеке меншіктің алғашқы кезеңдегі байланысын анықтап, стоик Панетиянның мемлекеттің пайда болуының негізгі себебі - жеке меншікті қорғау туралы ережесін мақұлдайды.

Ежелгі грек ойларының дәстүрлері негізінде Цицерон мемлекеттік құрылымының әртүрлі формаларына талдау жасауға, бір формадан екінші форманың пайда болуына, сонымен бірге олардың ең дұрыс формаларын іздеуге және т.б. мәселелерге үлкен көңіл бөлді. Билеушілер санына қарай Цицерон мемлекеттің қарапайым үш формасын: патша билігін (монархия), оптиматтарды (аристократия) және халық билігін (демократия) атап көрсетеді. Мемлекеттің осы қарапайым түрлерінің ешқайсысы нақты және ең ыңғайлысы емес, бірақ Цицерон бойынша, олар егер мемлекетті құруға адамдарды қатыстыруға мүмкіндік туғызса және оның негізі мен байланысы (оның ішінде құқықтығы да) сақталса оған төзуге және көшуге болады.

Бұл формалардың әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Цицеронның пайымдауынша, егер соларды таңдау туған жағдайда таңдау ең алдымен патша билігіне түсер еді де, демократия ең соңғы орында болар еді. Әр форманың кемшіліктері мен артықшылықтарына талдау жасаған Цицерон басқарудың аралас формасын, яғни монархия, аристократия және демократия элементтері өзара ұштасып, үйлесетін басқаруды қолдайды. Цицерон өзінің шығармашылық және саяси қызмет тәжірибесінде (квестор, сенатор, эдил, претор, консул қызметтерінде) жекелеген адамдар билігіне, оның ішінде әскери диктатура режиміне қарсы сенаттық республикалық құрылысты жақтайды.

Мемлекет пен құқық мәселелеріне арнап орасан зор мұра қалдырған Цицерон құлдықты қалыпты жағдай және әділетті деп есептейді. Оның айтуынша ″ құлдықтың әділетті болуы, оның мұндай адамдарға пайдалы болуынан, өйткені саналы түрде жүргізілген құлдық олардың (құлдардың) пайдасы үшін жасалады″ . Табиғатта күштінің әлсізге зорлығы сияқты құлдық та табиғи құбылыс. Текті адамдардың әлсіздерге үстемдік жүргізуі олар үшін (бағыныштылар үшін) пайдалы. Ақыл мен сананың ашу мен құштарлықты жеңетіндігі сияқты (″ Ашу – дұшпан″ , ″ ашуды ақылға жеңдіру″ ) күштінің әлсізді билеуін Цицерон әділетсіздік деп санамайды. Мысалы, адамдар малдың пайдасын көру үшін олардың жағдайын жасайды (жылы қора, жем-шөп, жырткыш аңдардан қорғау т.б.). Сондықтан да Цицерон құлдарға жұмыс істеуге жағдай жасап, олардан

нақты нәтижені талап ету керек деп есептейді.

Цицерон шығармасында жағымды мемлекет қайраткерлері мен оның ерікті азаматтарына көп көңіл бөлінген. Мемлекетті басқару тек білім мен қайырымдылықты ғана емес, ғылым мен өнерді де қажет етеді деп есептеген Цицерон, оны жалпы мүдде үшін пайдалану ″ адамдарды қауіпсіз және дәулетті етеді″ деп санайды. Оның айтуынша, ақылды мемлекеттік қайраткер мемлекеттік басқару ісінде болатын қолайсыз сәттер мен сәтсіздіктерді алдын-ала көре білуі керек. Мемлекет билеушісіне тән мұндай қасиет мемлекеттің тұрақтылығы мен тұтастығына, жалпыға бірдей құқық тәртібін сақтауға жәрдемін тигізеді. Мемлекет басшысы, сонымен бірге, мемлекет туралы ілім мен құқық негіздерін жақсы білуі шарт. Мұндай білімі жоқ мемлекет қайраткері билеген елде әділдік болмайды. ″ Әділдік салтанат құрғанда ғана әркімнің сыбағасы өзіне тиесілі болмақ″ .

Мемлекетті төтенше жағдай туған сәтте көреген қайраткер халықтың жалпы игілігі үшін ″ елде диктатор ретінде мемлекеттік тәртіп орнатуы тиіс″ . Саясаткер мұндай жағдайда өзінің ″ жымысқы мақсаты үшін емес, республиканы сақтаушы ретінде көрінеді″ .

Нағыз азаматтардың міндеттеріне, Цицерон ақиқатты тануды, әділеттілікті, білімділікті және сабырлылықты жатқызады. Азаматтар басқаға зиянын тигізбеуге, басқаның меншігіне қол сұқпауға, әділетсіздікке жол бермеуге, әділетсіздіктен жапа шеккендерге көмек беруге және жалпы игілік үшін еңбек етуге тиіс. Азаматтардың жалпы саяси белсенділігін әрдайым батыл жақтаған Цицерон ″ азаматтардың бостандығын қорғауда ешкімге де артықшылық беруге болмайды″ деп атап көрсетті. Ол республиканы қорғауды әрбір азаматтың қасиетті борышы деп санады. Ал Римнің нағыз азаматтары ой-өрісті кеңейту, жан-дүниені байыту үшін өздерін жан-жақты жетілдіру идеясын мәңгілік серік етуі керек. Цицеронның ойынша адамды жан-жақты жетілуге итермелейтін төрт ізгі нәрсе бар, олар: ақыл, әділетті болу, ерлік және сабырлылық. ″ Адам неғұрлым ақ- әділ болған сайын, соғұрлым басқадан арамдық күтпейді″ . Арамдық пен әділетсіздіктің аз ғана жұғыны бар адамдардың өзі де өзгелерді сондай көреді.

Құқық негізіне Цицерон табиғи әділеттілікті алады. Бұл жерде, ол әділеттілікті мәңгі өзгермейтін және табиғат пен адам табиғатының да ажырағысыз қасиеті деп түсіндіреді. Әділеттілікті табиғаттың өзі берген несібесі деп қараған Цицерон оны табиғи құқыққа жатқызады және оған төмендегідей анықтама береді: ″ Нағыз заң - табиғатқа сәйкес барлық адамға бірдей берілген саналы ереже, бұл заңдар адамдарға парыздарын өтеу міндетін жүктейді, қылмысқа қорқыту арқылы тиым салады. Бірақ адал адамдарға міндеттемей, тыйым салмай және бұйрық бермей-ақ орындатуға мүмкіндік болғанда заң ешнәрсе де емес және қажет те болмайды. Мұндай заңды жарым-жартылай немесе толық жоюды ұсыну ақымақтық, оны қандай да бір деңгейде шектеу – мүмкін емес. Сондықтан да біз саясаттың да, халықтың да қаулысы бойынша бұл заңдарды жоя алмаймыз″ . Бұл нағыз заң барлық жерде және барлық уақытта барлық халыққа бір ғана мәңгі және өзгермейтін заң ретінде қалады және барлық адамның әміршісі болып саналады. Адамдық табиғатты ескермей бұған бас имегендердің барлығын Цицерон өздеріне-өзі ор қазған қашқындар деп қарайды.

Әділдік, Цицеронның айтуы бойынша, басқаға зиян келтірмеу және басқаның меншігін бұзбау. ″ Әділеттілікке қойылатын бірінші талап, - деп көрсетті, - ол ешкімнің де басқаға зиян келтірмеуі, екіншіден, барлық адамның ортақ меншікті жалпылай, ал жеке меншігін өз меншігіндей пайдалана алуы″ . Яғни оның айтуы бойынша, ″ Әділдіктің ешкімге зиян тигізбеу және қоғамға пайда келтіру сияқты екі қайнар көзі бар″ .

Табиғи құқықтар, Цицерон бойынша, жазба заңдардың қайсысынан болса да ерте, тіпті мемлекеттен де ерте, пайда болған. Құқық адамдардың шешімдері мен қаулыларымен емес, табиғаттан шыққан әділдіктің қорғаушысы да, жақтаушысы болуы тиіс. Заңның қызметі мен күші туралы Цицерон ″ сот – сөйлейтін заң, ал заң - тілсіз сот″ деген анықтама береді, яғни әділ заң ″ әділдікті әркімге өзіне тиістісін беруден тұрады″ .

Цицерон шешендігімен, философиялық және саяси-құқықтық шығармашылығымен ғана емес, Римнің саяси өміріне белсене араласқан көрнекті саяси қайраткер ретінде де тарихта белгілі. Ол Римдегі республикалық құрылыстың дағдарысы мен б.э.д. 40 жылдардағы азамат соғыстары, Гай Юлий Цезарьдің диктатурасы кезінде консул да болды, сенатты да басқарды. Осы жылдардағы елдегі аласапыран кезеңде мемлекеттің тұтастығы мен бірлігін сақтауға көп күш салды, қарсыластар тарапынан қуғын да көрді.

Азамат соғысы жылдарында Цезарьдің жағында болған Цицерон Цезарьға ұйымдастырылған қастандыққа қарсы болған жоқ. Мемлекеттік билікті нығайту мен орталықтандыру, соның ішінде республикаға қайсыбір ″ ректорлар″ /әкімдер/ тағайындау керектігі туралы трактат жазды. Цезарь өлгеннен кейін ол қастандық ұйымдастырушыларға қарсы республикашылар жетекшісі болды. Римнің тұтастығы мен татулығын сақтауға күш салған Цицеронның өзі де б.э.д. 43 жылы Антоний мен Октавиин Августтың қолынан қаза табады. Өзінің ғажап өмірімен, орасан зор философиялық және саяси-құқықтық еңбектерімен барша адамзатқа, кейінгі ұрпаққа үлгі болған Цицерон ″ заңдар – билік басындағылардың бұйрық берушісі, ал билік басындағылар - халықтың әміршісі″ екендігін өз еңбегімен де, өз өмірімен де дәлелдеп кетті.

## 3.3 Рим стоиктерінің саяси-құқықтық көзқарастары

**3.3** Ежелгі Грециядан бастау алған стоицизм римдік саяси-құқықтық ойда одан әрі жалғасын тапты. Рим стоиктерінің теориялық көзқарастары ежелгі грек стоиктерінің философиялық, этикалық және саяси-құқықтық концепцияларының едәуір ықпалында болғанымен, олардың өзіндік ерекшеліктері айқындалды және одан әрі дамытылды. Рим стоицизмінің басты өкілдері Луций Анней Сенека /3-65жж./, Эпиктет /50-140жж./ және Марк Аврелий Антонин болды.

Стоиктердің ілімі бойынша, әлем – біртұтас дене. Ол құдайлық пен адамдықтың арасындағы қарым-қатынас және оны әлемдік құдай ретінде қарастырады. Олардың айтуынша, әлемде болып жатқан өзгерістер қатал қажеттілік заңына бағынған, сондықтан ол белгілі бір мақсатты жолмен, яғни оны керек етуіне қарай дамиды. Қажеттілік заңын стоиктер қоғамдық өмірде де қолданылады деп есептейді. Осы заңға сүйенген олар бостандық ұғымын да қажеттілік ұғымы арқылы түсіндіруге тырысады.

Рим стоиктерінің шығармашылығы бұрынғы полистік идеология құндылығындағы дағдарыстың күшею, принцепс билігі мен цезаризм режимінің нығаю, Рим империясының әлемдік державаға айналу кезеңімен тұспа-тұс дамыды. Осындай жағдайда олар ежелгі гректік стоицизмнен фатализмге, саяси жұтаңдық пен космопатолизмге көбірек мойын бұрады.

Сол дәуірдің ұлы ойшылы Сенека саясаткерлік пен ұстаздықтың әр қырынан көріне білді, ол сенатор да, император Неронның тәрбиешісі де, көрнекті мемлекеттік қайраткер де болды. Саясат пен қоғамдық өмірге белсене араласқан ол өзінің шәкірті Неронның бұйрығы бойынша қуғынға ұшыратылды, саяси ойынның құрбаны болған ол өзін-өзі өлімге бұйырды.

Басқа стоиктерге қарағанда Сенека барлық адамдардың рухани бостандық идеясын олардың қоғамдағы орнынан тәуелсіз түрде қарастырды. Оның көзқарасы бойынша құлдықтың объектісі мен ауқымы адамның рухани және ақыл-ой дүниесі емес, оның тәні ғана. ″ Құлдық адамды барлық жағынан билейді деп ойлайтындар қателеседі″ , - деп жазды ол, ″ оның ақыл-ойы құлдыққа тәуелсіз. Құлдың тәні ғана қожайынына бағынышты, ал ақыл-ойы мен рухы өзіне тиесілі″ . Сенеканың айтуынша, құл да табиғаты жағынан барлық адамдармен тең, оған жан және рухани сипаттар да тән. Құлдың өзін сатуға, немесе сатып алуға болғанмен, оның еркін ақыл-ойы мен рухани жан-дүниесін саудаға салуға болмайды.

Ежелгі грек стоиктері сияқты Сенека да барлық себептерді құдайлық рух пен тағдырдан іздейді. ″ Тағдыр заңы″ , оның айтуы бойынша, өз дегеніне бағындырады. Адамдардың іс-әрекеті ғаламның қажеттілік заңына байланысты, олар бір-бірінен болмай қоймайтын заңды қажеттілікке, яғни тағдырға өз еркімен немесе мәжбүрлі түрде бағынуларымен ерекшеленеді. Адамдар ғаламдық қатынастарды өзгерте алмайды, оған қарсылық көрсетуге ғана талпынады. Өздерінің өмірдегі ауыр тауқыметіне риза болмағандар да, молшылықта өмір сүретіндер де тағдырға қарсы тұруға талпыныс жасайды, өйткені адамның табиғаты тойымсыз да, қанағатсыз. Сенеканың табиғи-құқықтық концепциясында болмай қоймайтын және құдайлық сипатқа ие ″ тағдыр заңдарына″ бүкіл адамзат міндетті түрде бағынады. Табиғи құқық бұл жерде ғаламдық құрылымның тәртібі мен оқиғаларының себебін білдіретін қажетті табиғи факт ретінде көрсетіледі. Заңдар өзінің жазылған немесе жазылмағандығымен ғана ерекшеленбейді. Оның айтуынша, ″ жазылмаған кейбір заңдар жазылған заңдардан да қаталырақ″ .

Мемлекеттің пайда болуы мен өмір сүруі де бүкіл ғаламдық қажеттіліктен туған. ″ Табиғи құқықтар мен табиғи мемлекетті мойындау қажетті және парасатты іс″ . Табиғат- заңдары бойынша мұндай мемлекет мүшелерінің оны мойындаған немесе мойындамағанына қарамай жалпыға бірдей мемлекеті болып саналады. Ал кейбір жекелеген мемлекеттік құрылымдар жекелеген топтардың мемлекеті ғана болып табылады. Осыған сәйкес мемлекеттің де үлкен және кіші түрлері бар. Олар да үлкен-кішілігіне қарай ″ тағдыр заңымен″ жүреді немесе оған наразылық білдіреді.

″ Тағдыр заңының″ қажеттілігі туралы ойларына қарамастан Сенека адамдарды ізгілікке, жақсы істерге ұмтылуға және даналық пен білімді үйренуге шақырады. Ол адамдарды, “алдымен ізгі ниеттерді, ал одан соң даналықты үйрен, өйткені, алғашқысысыз соңғысына үйрену қиын. Ерлік дегеніміз - үрейді жирене жек көру. Ол бізге төнген қауіп-қатерлерді мазақ етеді, оларды шайқасқа шақырып, күйретеді деп, үнемі ізденіс пен талпынысқа шақырады.

Сенека ″ ұят″ ұғымын моральдың негізгі ұғымы - адамдардың іс-әрекетінің үйлестірушісі ретінде қарайды. Оның айтуынша ″ ұяттылық кейде заңдар шектемеген нәрсені де шектейді″ .

Адамдар жеке басының мүддесі үшін ғана емес, басқалар үшін де, қоғам мен мемлекет үшін де өмір сүруі тиіс. Бұл қағида туралы Сенека ″ өзі туралы ғана ойлап, барлық нәрседен өз пайдасын іздейтін адам бақытты бола алмайды. Өзің үшін өмір сүргің келсе, өзгелер үшін де өмір сүр″ деген тұжырым жасайды. Сенеканы өзінің диктатор шәкірті Нерон билікке қастандық жасады деген айыппен өзін-өзі өлтіруді бұйырды. Билік тәртібіне адалдық танытқан ойшыл-ұстаз шәкіртінің бұйрығын өзінің тамырын қию арқылы орындайды.

Осындай идеяларды басқа рим стоиктері философ Эпиктет пен император Марк Аврелий Антонин одан әрі жалғастырды. Шыққан тегі жағынан құл болған Эпиктет Кіші Азиядағы Фригинде дүниеге келеді. Кейіннен император Неронның оққағарларының бірі ретінде Римге келген ол көп ұзамай еркіндікке босатылады. Император Домицион 94 жылы Римнен барлық философтарды қуғаннан кейін Балкандағы Никополь қаласына тұрақтап, онда өзінің философиялық мектебін ашады. Эпиктет ешнәрсе жазған емес, ол өзінің ілімін ауызша жүргізген. Оның философиялық және саяси-құқықтық ойлары шәкірті Флавий Аррионның жазып қалдыруымен ғана бізге дейін жетті. Аррион өзінің ұстазының ілімін ″ Эпиктетке сүйену″ , ″ Эпиктеттің әңгімелері″ , ″ Эпиктеттің ойлары″ деген кітаптары түрінде қалдырды.

Эпиктеттің философиялық көзқарасына рим стоиктерінің бірі философ Мусоня Руфтың сабағы үлкен әсер етті. Ол кезде Римнің зиялы адамдарының арасында стоицизм іліміне еліктеу және үйрену сәнге айналған еді. Эпиктеттің қайыршылық өмірі де оның өзінің жүргізген іліміне сәйкес келді.

Адамның ақыл-ойы мен адамгершілігін жан-жақты жетілдіруді және оған міндетті түрде сүйенуді уағыздаған Эпиктет байлық пен құлдықты терең сынға алды. Аристотельдің ″ Өзіңе ұнамағанды басқаға істеме″ деген қанатты сөзін серік еткен ол ″ құл болу өзіңе ұнамаса, басқаны құлға айналдырма. Егер құлдың қызметінсіз ешнәрсе істей алмасаң, онда ең алдымен өзіңді құл есебіне жатқыз″ деген тұжырым жасайды.

Философияны этикаға жақындатқан стоицизм тенденциясы Эпиктетте анық байқалады. Этика бойынша Эпиктет адамның құдайдың әмірі мен тағдырға бағыну туралы қағиданы қорғайды. Және де біздің еркіміздегі заттар мен біздің еркімізден тыс заттарды айыра білу керектігін айтады: ″ Біздің еркімізге біздің ойымыз, қажетсінуіміз, мақсатқа ұмтылуымыз және бейіміміз, яғни біздің барлық әрекетіміз жатады, ал біздің еркімізден тыс нәрселерге денеміз, мүлкіміз, атақ-даңқымыз, яғни біздің әрекетемізге көнбейтін нәрселер жатады″ .

“Табиғаттан берілген біздің еркіндігіміз бен бостандығымызға ешнәрсе де кедергі келтірмеуі тиіс, ал біздің еркімізден тыс нәрселерден кедергі көп, оны басқалар бізден алып та қоюы мүмкін” деп есептейді Эпиктет. Оның бұл пікірінен адам бостандығы ұғымы көрініс табады. Бірақ Эпиктет бойынша бостандық шыдамдылық пен төзімділікті және өзін-өзі шектей білуді қажет етеді. Ол өзінің бұл ойын былайша қорытындылайды: ″ адамның өзінің ақшасынан, үй-жайынан, қора-қопсысынан айрылуы өкінішті емес, өйткені, бұның бәрі адамға тиесілі емес. Ал адам өзінің шынайы меншігі - өзінің қадір-қасиетін жоғалтса, бұл енді өкінішті-ақ″ .

Марк Аврелий Антонин (121-180 жж.) рим стоицизмінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол Антонин Пиидің мұрагері болатын. Антонин Пии принципаты кезін (136-161 жж.) Рим, ал одан кейін

Еуропа тарихшылары ″ алтын ғасыр″ деп атады. Антонин Пий өлгеннен кейін (161 жылы) оның мұрагерлері өзінің асырап алған ұлдары Марк Аврелий мен Луций Вер болады. Луций Вер қайтыс болғанға дейін олар империяны бірлесіп басқарады. Бірақ іс жүзінде империяны бұлардың үлкені Марк Аврелий биледі (161-180 жж.) Ол үлкен империяны билеп қана қойған жоқ, ″ Өзіммен өзім оңаша″ деп аталатын стоицизмдік философиялық трактат та жазады. Бірақ оның бұл шығармасы басуға арналмаған, өзінің оңаша ойларынан туған жазбалар болатын. Ол өзімен-өзі сырласу арқылы қоршаған орта мен әлемді тануға тырысады.

Ол барлық адамның заң алдындағы теңдігі сақталған мемлекет туралы ойында ол, патшалықтағы барлық адамдардың бостандығын алдыңғы қатарға қояды. ″ Өзіммен өзім оңаша″ шығармасында ол, адамдар рухани бастауы жөнінен саналы тіршілік иелері, солай болғандықтан не істеу керек немесе не істемеу керектігі де жалпыға бірдей болады, солай болғандықтан заң да бәрімізге жалпы, заң жалпы болғандықтан да біз бәріміз тең еркін азаматтармыз″ , - деп жазады.

Өзінің бұрынғы және сол кездегі өміріне баға бере келіп, Марк Аврелий әлем мен өмір бірқалыпты, ол жаңадан ешнәрсе де бермейді, өткендер ғана қайталанады деген тұжырым жасайды. Адамдар өмірге келеді, еңбек етеді, үйленеді, дүниеге ұрпақ әкеледі, бір-бірімен соғысады, татуласады, бұның бәрі өткен уақыттарда болған, қазір де болып жатыр, алдағы уақытта да бұл жағдай қайталанады. Пессимистік сарында айтылған оның бұл ойлары өзі өмір сүрген, империяның дағдарысқа ұшырауы мен бүліншілікке тап болған кезеңдегі көңіл-күйін білдіретін еді. Антонин өзінің пессимистік ойларына адамдардың белгілі бір мақсат жолындағы күресі және тағдырға көнбеу туралы ойларын қарсы қояды. Тағдыр берген қиыншылықтарға қарамастан адамдар өздерінің адамгершілік қасиетін сақтауға, жаман әдеттерден қашық болуға, адамдық парызын орындауға тиіс деп санайды. ″ Адам қандай болу керек деп бір-бірімізбен даурыққанымызша, адам болуымыз керек. Өйткені жаман әрекеттер адамның өз табиғатын жоюға итермелесе, жақсы, мақсатты іс-әрекеттер ғана адамды басқа күш алдында бас имеуге, өзімен-өзі болуға бастайды. Адамдардың жалпыға пайдалы әрекеті жалпы игілік болып табылады″ .

Грек және рим стоиктерінің индивидуализм және табиғи - құқықтық қағидалары рим заңгерлерінің көзқарастарына да ықпалын тигізді. Олардың аталған қағидаларын рим заңгерлері адамның ажырамас құқықтары туралы ойларында одан әрі дамытты.

## 3.4 Рим заңгерлерінің құқық туралы ілімі

**3.4** Рим заңгерлерінің тек құқықтану саласында ғана емес, бүкіл әлемдік өркениетке қосқан үлесі айрықша. Олар құқықтануды алғаш рет жеке ғылым ретінде қарастырды. Құқықтанудың жеке ғылым ретінде қалыптасуының өзіндік алғышарттары да болды. Оның ең бастысы ежелгі грек және рим мәдениетінің қарқынды дамуы еді. Рим империясы көрші мемлекеттерді өздеріне бағындырып қана қойған жоқ, олардың құқықтық тәжірибесін, сот практикасын, саяси істегі құжаттарын Рим тарихына бейімдеп, өзіне тән ерекше құқық жүйесін құрды. Рим құқығы үнемі жетілдірілуде болды. Қазіргі құқықтануды терең түсіну үшін Рим құқығының тарихи дамуымен, оның ерекшеліктерімен, белгілерімен және сол кездегі құқықтық терминдер мен түсініктермен де жақсы таныс болу керек.

Ежелгі Римде құқықпен айналысу алғашқы кезде абыздар алқасының бірі понтификтердіңісі болды. Жыл сайын понтификтердің бірі жеке адамдарға алқаның құқық мәселелері жөніндегі позициясын хабарлап отырды. Б.з.д. 300 жылдар шамасында құқықтану понтификтерден бөлініп шығады. Құқықтанудың басталуы сол кездегі деректер бойынша Гней Флавиянның атымен байланыстырылады.

Б.з.д. 253 жылы плебейлерден шыққан алғашқы жоғарғы понтифик Тиберий Корунканий өзінің шәкірттерімен бірге заң мәселелеріне талдау жасап, құқықтанудың бұқаралық оқуын бастады.

Б.з.д. ІІ ғасырдың ортасында құқықтанудың, әсіресе азаматтық құқықтың дамуына М.Манилий, П.Муций Сцевола, М.Юний Брут едәуір үлес қосты. Претор эдиктысына алғаш рет Сервий Сульпиций Руф түсініктеме берді. Оның шәкірті А.Офилий азаматтық құқық жөніндегі көптеген кітаптардың авторы болды. Офилийдің шәкірті К.Элий Туберон жеке және бұқаралық құқық туралы жазды.

Рим заңгерлерінің қызметі мынадай құқықтық мәселелерді шешуге көмектесті: 1) respondere – жеке адамдардың құқық мәселелері жөніндегі сұрақтарына жауап беру, 2) cavere – келісімдер мен мәмілелер (шарттар) жасауға көмектесу және формулаларды хабарлау, 3) agere – сот ісіне көмектесу.

Римдік құқық өзінің гүлденген кезеңіне республиканың соңғы кезеңі мен империяның алғашқы екі жарым ғасырында жетті. Империяның алғашқы кезеңінен бастап-ақ императорлар құқықтану беделіне сүйенуге және оны өз мүдделеріне бағындыруға тырысты. Осы мақсат үшін Августиннің билік ету кезеңінен бастап атақты заңгерлер император атынан жауап беруге арнайы құқықтар алды. Бұл кезде тек заң қызметкерлері ғана емес, бүкіл құқық беделге ие болды. Қоғамның құқыққа деген осындай көзқарасы құқықтың үстем және әділ болуына көмектесті.

Заңдар мен құқықтық нормалар көп өзгеріске ұшырамады. Римдіктер құқық нормасын бұзуға, өзгертуге немесе жоюға асықпады. Құқықтық нормалар тек ешкім қолданбаған жағдайда ғана жойылу керек деген принцип үстем болды. Заң шығару жұмысы құрметті де қиын жұмыс ретінде бағаланып, оның авторлары халық арасында үлкен беделге ие болды. Осы кезде құқықпен айналысқан заңгерлердің үлкен тобы пайда болды. Олардың есімдері мен еңбектері қазіргі күнге дейін жетті.

Классикалық дәуірдегі көптеген атақты заңгерлерден Гайды (ІІ ғ.), Папинианды (ІІ-ІІІ ғ.ғ.), Павелді (ІІ-ІІІ ғ.ғ.), Ульпианды (ІІ-ІІІ ғ.ғ.) және Модестинді (ІІ-ІІІ ғ.ғ.) атауға болады.

Император Юстинианның кезінде рим құқығын бір жүйеге келтіру - кодификациялау жүргізілді. Кодификациялау рим құқы-ғының құлдырауымен тұспа-тұс келген еді. Бұл кезде рим құқығы бұрынғыдай қарқынды дамымады. Сондықтан да құқықтық нормаларда оның санынан гөрі сапасына көшу үрдіс алды. Азаматтық құқық жинақталған Юстиниан кодификациясы ″ Корпус юрис цивилис″ деп аталды. Бұл кодификацияға ең алдымен Гайдың институциялары кірді. Гай институциялары құқықтық бастауыш оқуға арналған рим құқығының негізін құрады. Мұнда

сонымен бірге Ульпианның, Флорентиннің және Марцианның еңбектері де енгізілді. Институциялар төрт кітапқа, кітаптар титулға, титулдар параграфқа бөлінді. Кодификациялау сонымен бірге дигестерлерді (немесе пандектылар) де қамтыды. Бұл бөлімде б.з.д. I ғасырдан б.з. IV ғасырына дейінгі 38 заңгердің еңбектерінен үзінділер алынды. Бүкіл дигестының 70 процентін ұлы бес заңгердің еңбектері құрайды. Дигестыларда барлығы 1570 кітаптан үзінділер келтірілді. Кодификацияның үшінші бөлімі Юстиниан кодексі деп аталды. Бұған рим императорлары шығарған ресми жарлықтарымен бірге Юстинианның өзінің де 50 жарлығы енгізілді.

Кодификациялаудың барлық жұмысын және дигестыларды құрастыруды VI ғасырдағы танымал рим заңгері Трибониан басқарды. Рим заңгерлерінің қызметі ең алдымен құқықтық тәжірибенің қажетін өтеуге және сол кездегі заңдарды қоғамның даму ерекшелігі мен өзгерісіне қарай бейімдеуге бағытталды. Олар сонымен бірге түсініктемелер мен нақты істерге берген жауаптарында, кәсіптік оқулықтарында көптеген жалпы теориялық қағидалар мен ережелерге талдаулар жасады. Бірақ олар жалпы құқықтық принциптер мен анықтамаларды айқындауда нақты құқықтық мәселелерді талдауға көбірек көңіл бөлді. Олар кез-келген құқықтық норманы анықтауға асықпады. Өйткені асығыс қадам жасауға жол берілмейтін I-II ғасырларда заңгерлердің ережесіне айналған ″ кез-келген анықтама қауіпті″ қағидасы да осы кезден қалған. Бұл туралы белгілі рим заңгері Яволен ″ Цивильдік құқықта кез-келген нәрсеге анықтама берудің соңы насырға шаптырады, өйткені оларды жоққа шығаратын жағдайлар аз кездеспейді″ , - деді.

Ежелгі римдік құқықтық ойдың ерте сатысында діни ұғымдардың үстемдігіне сәйкес құқық құдайдың берген сыйы ретінде түсіндіріледі және fas терминімен белгіленді. Ал ″ jus″ деп аталған құқықта табиғи құқықтар мен құқықтық ілімнің одан кейінгі даму тарихындағы құқықтану, әдет-ғұрып құқығы, заңдар, магистраттардың эдиктері, сенаттың шешімдері, заңгерлер түсіндірмелері, принцепстің жарлықтары, императорлардың конституциялары қамтылды.

Ульпиан бүкіл құқықты бұқаралық және жеке құқық деп бөлді. Өз кезегінде жеке құқықтың өзі үш бөлікке табиғи, халықтық және цивильдік болып бөлінді. Ульпиан халықтар құқығын табиғи құқықтың құрамды бір бөлігі ретінде қарастырады. Өйткені олардың арасындағы айырмашылық бұлардың мәні, қасиеті және сапасына қарай емес, оның әрекет ету астарынан іздестіріледі. Ульпианның айтуы бойынша, табиғат бүкіл тіршілік иелеріне табиғи құқық берген. Ер мен әйелдің жақындасуы, одан баланың тууы, оған тәрбие беру тек адамдар ғана емес, басқа да тіршілік иелеріне тән қасиет.

Ульпианның бұл ойын заңгер Гай да жалғастырды. ″ Заңдар мен әдет-ғұрыптар арқылы басқарылатын барлық халықтар, - деп жазды ол, барлық адамға ортақ өздерінің жеке құқықтарын пайдаланады. Халықтар құқығы жалпы құқықтар ретінде де, өзінің негізі мен мәні бойынша, табиғи құқықтар болып табылады. Өйткені бұл құқықтары бүкіл адамдар арасына табиғи сана орнықтырады, барлық адамдарға бірдей қолданылады, қорғалады және жалпы халықтық құқық болып саналады″ .

Құқыққа тән оның қасиеттері, және оның құрамды бөліктерінің өзара байланысы мен бірлігі туралы заңгер Павел бірқатар құнды пікірлер айтты. Оның құқықтың бірыңғай сипаты туралы түсіндірмелерінде құқықтың түрлі бөліктеріне қарағанда олардың әртүрлі өзара байланысының мағыналық аспектілері сөз болады. ″ Құқық″ сөзі,- деп түсіндірді ол,- бірнеше мағынада қолданылады, біріншіден, ″ құқық″ , табиғи құқық ретінде, әрқашан да әділетті және қайырымды дегенді білдіреді, ал басқа мағынада ″ құқық″ белгілі бір мемлекетке тұтас бәріне немесе оның бір бөлігіне ғана пайдалы болып саналады″ . Дегенмен де біздің мемлекетте дұрыс ″ құқық″ ретінде преторлық құқықты (jus honorarium) атаймыз.

″ Құқықты оқып үйрену үшін, - деп атап көрсетті Ульпиан, - ең алдымен jus (құқық) сөзінің қайдан шыққанын білу керек, ол justitia (шындық, әділдік) сөзінен шыққан. Цельстің берген тамаша анықтамасында құқық дегеніміз art (өнер), boni (қайырым) және aegni (теңдік және әділдік).

Шындық пен әділдік (justitua), Ульпианның пікірінше, әркімге өз құқығын тұрақты және үздіксіз беру болып табылады. Құқық әділдігі туралы осындай жалпы түсініктен Ульпиан ″ адал өмір сүру, басқаға зиян келтірмеу, әркімге өзінің қажеттігін алуға мүмкіндік беру″ деген қорытынды жасайды.

Рим заңгерлерінің еңбектерінде заң туралы түсініктемесі едәуір орын алады. Мысалы, Папиниан заңға мынадай анықтама береді. ″ Заң дегеніміз – ақылды адамдардың ұйғарымы мен шешімі, әдейі немесе абайсызда жасалатын қылмысты ауыздықтауы, мемлекеттің жалпы қорғаны″ Қарапайым тілмен айтқанда, келтірілген заң анықтамасында оның жалпы құндылығы, ақылға қонымдылығы, әлеуметтілігі, жалпы мемлекеттік сипаты (заңды мемлекеттің қорғауы және орындау міндеттілігі мағынасында) белгілері келтірілген.

Тағы бір рим заңгері Марциан заң сипатына анықтама беруде гректің ұлы ойшыл-шешені Демосфеннің сөзін келтіреді. Оның айтуынша ″ заң дегеніміз - барлық адамның әртүрлі күштер жағдайында бағынышты болуы, яғни, кез-келген заңның адам ойының (ойлап табуы), құдайдың сыйы, ақылды адамдардың шешімі болып жеңіс табылатындығында″ . Ал заңгер Модестин заңның күшін оның ″ бұйыру, тиым салу, жазалау″ қасиеттерінде деп есептейді.

Рим құқықтық ойының маңызды табыстарының бір құқықты бұқаралық (көпшілік) және жеке құқыққа бөлуі болып табылады. Олар бұқаралық (көпшілік) құқық саласында шіркеу иелері мен абыздардың құқықтық жағдайы, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өкілеттілігі, азаматтық және басқа да мемлекеттік-азаматтық институттар ұғымына талдау жасады.

Республикадан монархияға өту кезінде рим заңгерлері цезаризм режимін құқықтық тұрғыдан рәсімдеуге және императорлардың заң шығарушы билікке ұмтылуын негіздеуге едәуір күш салды. Мысалы, Гай императорлар жарлықтарының заңдық күшін қорғады. Ульпиан бойынша да императорлардың актілері заң болып табылды. Оның ″ принцепс заңды орындаудан босатылады″ , ″ принцепске не қажет болса, соның заңдық күші бар″ деген сөздері осының айқын дәлелі бола алады. Көптеген заңгерлер императорлардың сенімді, кеңесшілері де болды және мемлекеттегі жоғары лауазымды қызметтерді атқарды. Бірақ, олардың кейбірі билік күшінің құрбандарына айналды. Мысалы, Ульпиан преторий префектісі қызметінде преториандықтардың бейбастығы мен зорлық-зомбылығына қарсы күресінде бірнеше қастандықтардан кейін император Александр Севердің бұйрығымен өлтіріледі. Преторий префектісі болған Папиниан да 212 жылы өлімге бұйырылады.

Рим заңгерлері жеке құқық, әсіресе цивильді құқық мәселелерін талдауға басты көңіл бөлді. Гай цивильді құқыққа халықтар өзі жасаған құқық ретінде түсінік береді. Оның айтуынша, рим халқының азаматтық құқығы, оның ішінде жеке құқығы заңдардан, плебейлердің шешімдерінен, сенаттың қаулыларынан, императордың жарлықтарынан, магистраттардың эдиктерінен және заңгерлердің жауаптарынан тұрады.

Цивильдік құқық саласында рим заңгерлері меншік, отбасы, өсиет, шарт мәселелеріне жан-жақты талдау жасады. Мүліктік қатынастарды реттеуде олар жеке меншікті қорғау позициясында болды. Олар меншік құқығын затты абсолютті түрде иелену және пайдалану деп түсіндірді. Яғни зат иесі затты жоюға да құқылы. Бірақ, меншік иесінің құқығы қаншама кең болғанымен, ол басқалармен санасуға міндетті.

Рим құқығы бойынша, меншік объектісіне малдар, заттар және тағы басқа құралдармен бірге құлдар да енгізілді. Гай институциясында ″ адамдардың құқықтық жағдайындағы басты бөлінушілік, барлық адамдардың не еріктілер, не құлдар екендігінде. Ерікті адамдардың кейбіреулері – еркін туғандар, екіншілері – еркіндікке жіберілгендер. Еркін туғандардың мәні – олар өмірге еркін келгендер, еркіндікке жіберілгендер – олар заңды құлдықтан еркіндікке босатылғандар″ . Адамдардың құқықтың жағдайы бойынша, осылай бөлінуіне Ульпиан да заңдық сипат береді. Оның айтуынша, адамдардың мұндай топқа бөлінуі ″ олардың табиғи құқық

бойынша еркін болып туғанына қарамастан, халықтар құқығы бойынша пайда болған" .

Рим заңгерлерінің құқық туралы ілімі құқықтық ойдың одан кейінгі дамуына үлкен ықпалын тигізді. Рим құқығының мықтылығы мен сапалылығын дәлелдейтін жағдайлар өте көп. Әлемді үшінші рет құқығымен жаулап алған (бірінші рет әскерлерімен, екінші рет христиан дінімен) римдіктердің әлемдік құқықтануға қосқан үлесі орасан зор. Римнің бірнеше ғасырлық классикалық тарихы оның құқықтық дамуын бүкіл әлемдік тарихи маңызды оқиғаға айналдырды. Рим құқығы кейінгі дәуірлерде көптеген мемлекеттердің құқық жүйесінің негізін қалады. Рим құқығымен айналысқан заңгерлер мен ойшылдар да оның ұзақ ғасырлық тәжірибесін жоғары бағалады. Қазіргі уақыттағы қолданыстағы құқық терминдері мен анықтамалары да ежелгі рим құқығы дамуының жетістіктері болып табылады.

## 4-тақырып.

## Орта ғасырлық Батыс Европадағы саяси-құқықтық ілім (VI—XV ғ.ғ.)

### 4.1. Орта ғасырлық батыс европалық қоғамдағы саяси-құқықтық ойдың негізгі белгілері мен бағыттары.

**4.1.** Батыс европалық орта ғасырлар тарихы алуан түрлі ай-тулы оқиғаларға толы ұзақ дәуірді қамтиды. Бұл дәуір эконо-микалық және қоғамдық өмірдің, әртүрлі топтар арасындағы шиеленіскен күрестің жаңа формаларының тууы мен дамуымен, өткір саяси және идеологиялық қақтығыстармен, буржуазиялық алғашқы революция-лармен және мәдениет пен ғылымның одан әрі дамуымен, ұлы жаңалықтар мен өзгерістер ашқан ұлы ойшылдарымен әйгілі болды. Бұл кезеңде адамзат материалдық және рухани мәдениеттің дамуы жөнінде тарихтың бұған дейінгі кезеңдерімен салыстырғанда едәуір ілгері басты. Бұл дәуір бүкіл адамзат ұрпағы мақтаныш ететін ұлы адамдар тобын өсіріп шығарды. Петр Абельяр, Роджер Бэкон, Николай Коперник, Джордано Бруно, Данте, Петрарка, Шекспир, Сервантес, Ра-фаэль, Микеланджело, Леонардо де Винчи, Рембранд және т.б. әдебиет, өнер және музыка саңлақтарымен қатар саяси-құқық-тық ойдың Фома Аквинский, Марсилий Падуанский, Никола Макиавелли, Томас Мор, Томмазо Кампанелла, Мартин Лютер, Жан Боден, Филипп де Бомануар сияқты алдыңғы қатарлы өкілдері де осы дәуірде өмір сүрді.

Орта ғасырлық батыс европалық саяси-құқықтық ойдың бұл кезеңдегі дамуының өзіндік белгілері мен ерекшеліктері де болды және қарастырылып отырған дәуір аралығында саяси-құқықтық ілім өз бейнесі мен сипатын үнемі өзгертіп отырды. Бұл құбылыс сол кезеңдегі феодалдық қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси жүйесіндегі эволюциялар дамуының заңды нәтижесі болатын. Басқа да кезеңдер сияқты феодализм өзінің мың жылдан астам тарихында (V—XVII ғ.ғ.) өзгеріссіз қалған жоқ. Өндіргіш күштердің өсуімен бірге өндірістік қаты-настарға тән алға басушылық та болды, феодалдық мемлекеттердің әлеуметтік құрылысы сияқты саяси бейнесі де өзгерістерге ұшырады.

Эволюциялық даму нәтижесіне қарай тарихшылар орта ғасырлар кезеңін үш дәуірге бөледі:

1. Ерте феодалдық кезең (V—XI ғ.ғ.) Бұл кезде феодализм қоғамдық-экономикалық формация ретінде қалыптасты, әлсіз ұйымдасқан ірі мемлекеттер пайда болды, олар біртіндеп саяси бытыраңқылыққа ұшырады.

2. Феодалдық қоғамның дамыған және гүлденген кезеңі (XI ғ. ортасынан — XV ғ. соңына дейін). Бұл кезде бір орталыққа бағын-ған сословиелі — өкілді монархиялар өмір сүрді.

3. Кейінгі орта ғасыр (XV ғ. соңы — XVII ғ. басы). Фео-далдық қоғам әлсіреп, дағдарысқа ұшырады, капиталистік қаты-настар пайда болып, абсолютті монархиялық билік орнады.

Феодалдық қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысы және ол туғызған әртүрлі топтар арасындағы күрес оның саяси-құқықтық, идеологиялық мазмұны мен сипатын және міндет-терін белгіледі. Мемлекет, құқық және дін мен шіркеу орта ғасырларда феодалдар мүддесін қорғап, халықтың басқа қалың тобын оларға бағынышты етуге қызмет етті.

Феодалдық мемлекеттер орта ғасырдың әр түрлі дәуірінде әр түрлі формада билік етті. Феодалдық алғашқы дәуірде — ірі фо-рмадағы, бірақ мемлекеттік әлсіз бірлестіктер ( Ұлы Карл импе-риясы) , кейін X—XII ғасырларда ұсақ саяси құрамалар — княздық, герцогтік, графтық және басқа түрлері де ( феодалдың бытыраңқылық кезеңі) болды, XIII—XV ғасырларда көптеген елдерде мемлекетті орталықтандыру процесі жүріп жатты және ол бірте-бірте “сословиелік монархия” формасына айналды, онда өз шамасынша күшті королдік өкімет билігі сословиелік-өкілдік жиналыстармен ұштастырылды. Ал, кейінгі орта ғасырда феодалдық мемлекеттер өзінің ең соңғы, неғұрлым орталық-тандырылған тежеусіз монархия формасына ие болды.

Феодалдық қоғам дамуының осындай кезеңдік сипаты ба-тыс европалық орта ғасырлық саяси құқықтық ойдың даму дең-гейі мен оның ерекшеліктерін белгілеп берді. Бұл кездегі саяси-құқықтық ойдың қалыптасуы мен дамуына орта ғасырлық философияның практикасы және схоластика деп аталған ілімдері де едәуір ықпал етті. Философияның схоластика деп аталған кезеңі Рим империясының құлауынан бастап қайта өрлеу дәуіріне дейінгі 600—700 жылдай уақытты қамтиды.

Схоластика ақыл-ойға діни сенімнің үстемдігін жүргізудің заңдылығын дәлелдеуге тырысты. Христиан діні арқылы феодал-дық қоғамдағы қарым-қатынастарды, олардың қайшылықтарын, мемлекеттік биліктің үстемдігін заңдастыруда схоластиканың басты мәселесі құдайдың ақиқат екендігі мен жанның мәңгі-ліктігін дәлелдеуге ұмтылды. Осыдан келіп, мемлекеттің және билеушінің іс-әрекеттері мен қызметін дінмен, құдай ісімен бай-ланыстырды.

Европа елдерінде феодалдар мен ақсүйектер үстемдігін ны-ғайтуда христиан діні мен шіркеуі орасан зор рөл атқарды. Батыс және Орталық Европада бұл — католиктер шіркеуі, Византия мен Шығыс Европа елдерінің көпшілігінде — православия шір-кеуі болды. Шіркеу феодалдық құрылысты құдай “абыройымен” қорғады, халық бұқарасына бой ұсынушылықты, сөзсіз бағы-ныштылықты уағыздады, оларды о дүниеде жарылқауға үміт-тендірді және ой еркіндігі көріністерінің бәрімен аяусыз күрес жүргізді.

Батыс Европалық орта ғасырлық саяси-құқықтық ойдың басты ерекшелігі оған сол кездегі христиан діні мен рим-като-ликтік шіркеуінің едәуір ықпал етуі болды. Шіркеу орта ғасыр-лардағы рухани өмір саласына шексіз билік етті. Орта ғасырлық христиан діні феодалдық қоғам көзқарасының түп тамырын белгіледі, адамдар санасына үстемдік етті. Орта ғасырлық саяси тарихтың бүкіл өн бойында рим-католик шіркеуі мен Рим папасы және феодалдар мен монархтар арасында қоғамдағы үстем билік үшін қиян-кескі күрес үздіксіз жүріп отырды. Бұл күрес те орта ғасырлық саяси-құқықтық ойдың әр түрлі бағытта дамуына және әртүрлі көзқарастардың пайда болуына өз ықпалын тигізбей қойған жоқ.

Шіркеу идеологтары мемлекеттің қуаттылығы шіркеудің қамқорлығының нәтижесі деп түсіндірді. Осыдан келіп христиан дінінде мемлекеттердің христиан шіркеуіне бағыну міндеттілігі пайда болды. Ерте феодалдық қоғам дәуірінде шіркеудің озбыр-лығы мен феодалдардың шаруаларды қанауы және езуі діни көзқарас шеңберінен шыға алмады. Билік пен үстемдіктің және қанаудың құралы болған христиан діні мемлекет тарапынан мықты қорғауға алынды.

Сол кездегі саяси-құқықтық ойдың басты мәселелерінің бірі де қоғамдық өмірде қай билік (ұйым) — рухани (шіркеу) немесе азаматтық билік (мемлекет) басымдыққа ие болуы керек деген сұрақ төңірегінде болды.

Шіркеудің саяси үстемдігін жақтаған оның идеологтары мемлекеттің пайда болуы мен оның өмір сүруі шіркеуден, өзінің беделі мен билік ету ықпалын Христостан алған деген уәжді алға тартты. Олардың айтуынша мемлекет және оның билеушісі шір-кеудің қызметшісі.

Шіркеудің мемлекетті өзіне бағындыруға және қоғамдық өмірде саяси басшылыққа ұмтылуына қарсы болғандар мен шір-кеудің ақыл-ойға үстемдігіне наразылық білдіргендер де христи-ан ілімінің принциптерін жоққа шығармады. Өзара жауласушы лагерьлер христиан дінінің принциптерін өз мақсаттары үшін пайдаланды. Әртүрлі идеялық ағымдар да діни дүниетанымдық көзқарас шеңберінен шыға алмады.

Христиандық және католик шіркеуінің қалың ықпалына ие болған орта ғасырлық саяси-құқықтық ойда, сонымен бірге, антикалық саяси-құқықтық идеяларды жаңа тарихи жағдайға бейімдеу процесі де жүріп жатты. Қайта өрлеу (фр. ″ Ренессанс″ ) дәуірі саяси-құқықтық ойдың дамуының жаңаша мазмұнымен сипатталады. Әдебиет пен өнерде, философиялық және саяси көзқарастарда жаңаша көрінген қайта өрлеу мәдениетінің идея-лық мазмұны, әдетте ″ гуманизм″ терминімен белгіленеді (″ huma-nus″ — адамгершілік деген сөзден шыққан). Қайта өрлеу мәде-ниетіні осының

алдында өткен орта ғасырлық шіркеулік-феодалдық мәдениетке қарама-қарсы болуы оның шын сипаты болып табылады. Гуманистік ілімнің мұраты — шіркеу уағыз-даған діни сенімдерден арылу және адамның жеке басын жан-жақты дамыту еді. Бұл туралы итальян гуманисі Пеко делла Мирандолла ″ Құдай адамды әлемнің заңдарын танып білу, оның әсемдігін сүю, оның ұлылығына таңдану үшін жаратқан. Адам өз еркі бойынша өсіп жетіле алады, оның бойында мейлінше сан-алуан тіршіліктің өркендері бар″ ,— деп жазды.

Қайта өрлеу дәуірінің адамдары, оның гуманист ойшылдары феодалдық дүние тану жүйесін сынға алды. Жаңа әлеуметтік топтың идеологтары — гуманистер — феодалдық қоғамның со-қыр сенімдеріне, қараңғылығына, шыққан тегімен мақтануына жиіркене қарады.

XVII ғасырда жаңа туып келе жатқан буржуазияның мүд-десін білдірген Ф. Бэкон, Р. Декарт, Т. Гоббс, Б. Спиноза, Г. Лейбниц және тағы басқалардың тың саяси-құқықтық көзқарастары феодалдық қоғамның сословиелік құрылысы ор-нықтырған феодалдық-шіркеулік идеологияның негіздеріне еле-улі соққы берді.

## 4.2. Фома Аквинский мен Марсилий Падуанскийдің мемлекет және құқық туралы ілімі.

**4.2.** Рим папасы өзінің саяси және рухани өмірдегі ең жоғарғы қуаттылығына XII ғасырда жетті. Бұл кезде католик дін басшылары адам санасына билік жүргізудің схолостикалық жүй-есін жасауды аяқтаған болатын. Бұл жүйені жасауда доминикан монахы, діни-ғалым Фома Аквинский (Аквинат) үлкен роль атқарды. Оның шығармаларының негізі орта ғасырлардағы шір-кеудің ресми идеологиясының энциклопедиясын құрады. Оның шығармаларында сонымен бірге мемлекет, заң, құқық және билік мәселелері де қамтылған.

Діни-ғалым Фома Аквинский өз шығармаларында Аристо-тельдің көзқарастарын католиктік шіркеу қағидасымен үйлесті-руге және діннің позициясын осылайша нығайтуға ұмтылды. Фома Аквинскийдің мемлекет туралы ұғымдары мемлекеттің христиандық доктринасын Аристотельдің ″ Саясат″ еңбегі ауқы-мында дамытудың алғашқы қадамы болды. Аквинат Аристо-тельдің адам табиғатынан қоғамшыл және саясатшы деген ойын құптады.

Адамдар алғашқы кезден-ақ бірігуге және мемлекетте өмір сүруге ұмтылған, өйткені олар жеке-дара өз қажеттіліктерін өтей алмайды. Осындай табиғи себеп бойынша — саяси ұйым (мемле-кет) пайда болған, яғни, мемлекеттің пайда болуы адамдардың прогресті іс-әрекеттерінен емес, табиғи қажеттіліктен туады, оның пайда болуы алдын-ала дайындалған, құдайдың әлемді жаратқаны сияқты мемлекет те солай жаратылған. Патшаның билігі құдайдың белсенді әрекетіне ұқсас. Құдай әлемге басшы-лық етуге кірісуден бұрын, оның құрылымы мен ұйымын дайындаған. Патшалар да алдымен мемлекет пен оның құры-лымдарын жасаған, содан кейін ғана оны басқаруға кіріскен.

Мемлекеттіліктің мақсаты — ″ жалпы игіліктер″ , саналы өмір мен тұрмыс үшін қажетті жағдай жасау. Бұл мақсатқа жету үшін Фома Аквинский феодалдық-сословиелік жүйені және ″ билік иелері мен байлардың артықшылық жағдайын сақтау керек″ деп есептейді. Діни биліктің азаматтық биліктен күштілігін және оның мемлекеттік билікке араласуын дәлелдеу үшін Фома Аквинский мемлекеттік биліктің үш элементін анықтайды. Олар: 1. Биліктің мәні. 2. Биліктің пайда болу формалары. 3. Билікті пайдалануы. Аристотельдің мемлекет туралы ілімін терең мең-герген Ф.Аквинский саяси форманың аристократия, олигархия, демократия және аралас басқару ұғымдары туралы өз ойларын білдірді. Оның пікірінше, саяси формалардың ең тиімдісі мо-нархия болып табылады. Сонымен бірге ол монархиялық құ-рылыстың екі түрін — абсолютті және саяси монархияны бөліп қарайды.

Фома Аквинскийдің айтуынша барлық заңдар субординация тізбектері арқылы байланысқан. Бұл заңдардың ең шыңында бүкіл әлемді басқарушы құдайлық сананың жалпы принциптері, универсальды нормалары — мәңгі заңдар тұрады. Мәңгі заңдар құдайдан келген, ол өздігінен өмір сүреді, басқа заңдар мәңгі заңдар негізінде пайда болған.

Табиғи заңдар — мәңгі заңдардың адам санасындағы бейне-ленуі болып табылады. Табиғи заңдар өзінді-өзің қорғауды, ұрпақ жалғастыруды, құдайдан ақиқатты іздеуді және адам қа-сиеттерін құрметтеуді міндеттейді. Табиғи заңдарды нақтылауға адамгершілік (позитивті) заңдары қызмет етеді. Оның мақсаты — адамдарды күшпен және қорқытумен зұлымдыққа жоламауды және қайырымдылыққа жетуге мәжбүрлеу болып табылады.

Заңның келесі түрі — құдай заңы Библияда берілген және ол екі жағдайда қажет. Біріншіден, адамдық заңның зұлым-дықты толығымен жоюға шамасы келмейді. Екіншіден, адам санасының толық дамымауынан олар ақиқат туралы бірыңғай ұғымға өздігінен келе алмайды. Сондықтан да ақиқатты құдайдан да іздеуге тура келеді.

Этика ілімі негізінде Ф.Аквинский құқық туралы концеп-циясын жасады. Ол әділдікті әркімнің өз мүддесі үшін ұмты-лысы деп түсіндірді.

Фома Аквинский католиктік ілімнің жаратылыс пен қоғамға қатынасы жөніндегі мәселелердің

негізін қалаған шіркеу схолос-тикасының ірі өкілі. Оның бұл негіздерін католик шіркеуі де бүгінгі күнге дейін дұрыс деп санайды. Оның бұл ілімі ресми және ″ міндетті″ католик шіркеуінің бірден-бір ақиқат филосо-фиясы деп бірнеше рет (XIII Лев булласы, 1879, X Пи жолда-масы, 1903, XI Пи, 1923) жарияланды.

Аквинат өзінің ″ Теологияның жиынтығы″ және тағы басқа шығармаларында Аристотельдің философиясы негізінде өзінен бұрынғылардан қарағанда кеңірек және бір жақты пайдалана отырып католиктік діни ілімді жаңаша етіп жасады.

″ Жаратқан құдайдың абыройы үшін″ ол ересьтерді аяусыз жазалауға шақырды. Ол Рим папасын құдайдың таңдаулы да сүйікті құлы деп дәріптеп, оның билігіне бағыну адам жанын құтқарудың тура жолы деп уағыздады. Құдайлықты жоғары дәріптеген ол ″ алланы тануға арналмаған білімнің барлығы да күнә болып табылады″ деген қорытынды жасады. Ф. Аквинский ешқашан да ғылым мен білім жетістігін және ақыл-ой жемісін жоққа шығарған емес, бірақ оның айтуынша, бұлардың қай-қайсысы да құдайды айналып өтпеуі тиіс. Өйткені, барлық нәрсенің ақиқаты ″ жоғарыдан″ болады.

Аквинат, сонымен қатар, құл иеленудің сақталуын жақтады, жеке меншік пен әлеуметтік теңсіздікті, қоғамның сословиелік ұйымдасуын дәлелдеу арқылы адамдарды оған көнуге шақырды.

Қорыта айтқанда, Аквинскийдің пайымдауынша католик шіркеуі құдайдың табиғатын түсіндіретін ілім, сондықтан да шіркеу діни ілімді үйретуші ретінде азаматтық қоғамнан жоғары тұрады. Осы қағиданы ұстанған ол өкімет билігі де құдайдан жіберілген деген қорытынды жасайды.

Аквинский өзі қарастырған мемлекеттік құрылымдағы бес форманың ең дұрысы деп монархияны таниды. Оның пікірінше, егер монарх тиранға айналса, халық оның билігіне қарсы шығып, оны биліктен тайдыруға құқылы. Бірақ, ол халықтың мемлекет басшысына қарсы шығуын, осы басшының іс-әрекеті шіркеу мүддесіне қайшы келгенде ғана мүмкін деп есептейді.

Рим папасы Ф. Аквинскийдің еңбегін жоғары бағалады, оған діни және ғылыми жоғары атақтар берілді, шығармалары шіркеу философиясының нағыз шындығы ретінде бағаланды. Кейбір өзгерістермен неотомизм және неосхолостика деген атпен Фома Аквинскийдің негізгі идеялары қазіргі күнге дейін қолданылуда.

Батыс Европада XI—XIII ғасырларда өндіргіш күштер тез қарқынмен дамыды. Қалалардың өсуі мен қолөнердің дамуы, сауда байланыстары күшейді. Өндіргіш күштердің дамуымен бірге жаңа қоғамдық топтар — көпестер, банкирлер, кәсіпкер-лер, шеберхана иелері пайда болды. Бұл қоғамдық топтар мемлекеттегі өзара қақтығыстар мен соғыстарды жоюға, тәртіп пен заңдылықтың сақталуына, күшті мемлекет билігін сезінуге мүдделі болды. Осындай топтардың мүддесін қорғаушылардың бірі Марсилий Падуанский болды. Өзінің кең көлемдегі ″ Әлем қорғаушысы″ деген еңбегінде ол өмірдегі қайыршылық пен бақытсыздықты шіркеу жауапкершілігіне жүктейді. Егер шіркеу бұдан былай адамдардың рухани өмірі саласында ғана қызмет етсе, бұл қайшылықтарды жоюға болады деп есептеді. М. Паду-анскийдің айтуынша шіркеу мемлекеттен бөлінуі тиіс. Ол билік пен мемлекет адам қауымдастығы формаларының біртіндеп күрделенуінен пайда болды деп есептейді. Алдымен жалпы игілік үшін отбасы және жалпы келісім бойынша ру, одан кейін тайпа және осындай жолмен қалалар, қалалардан мемлекет пайда бол-ған,— дейді М. Падуанский.

М. Падуанский барлық биліктің нағыз қайнар көзі халық деген тезисті батыл жақтады. Бірақ, М. Падуанский халық қата-рына мемлекеттегі барлық тұрғындарды емес, оның бай топтарын ғана кіргізді. Ол қоғам мүшелерін екі категорияға — төменгі және жоғары деп бөлді. Ол қоғамның жоғары тобы (әскерлер, шіркеу иелері, чиновниктер) жалпы игілікке қызмет етеді, төменгі тобы

(саудагерлер, шаруалар, қолөнершілер) өз мүдделеріне ғана қызмет етеді деп есептеді. Оның айтуынша, мемлекеттік билік, ең алдымен, заңдар шығару арқылы әрекет етеді. Яғни, нақты жаза арқылы адамдарды қорқыту және жақсы істері үшін марапаттауға уәде беру. Падуанскийдің сөзімен айтсақ құқықтық заңдарды шығаруға халықтың ғана құқығы бар.

М. Падуанский алғашқылардың бірі болып мемлекеттегі заң шығару және атқару биліктерінің айырмашылығы туралы айтты. Қабылданған заңдар халық үшін және оны қабылдаушылар үшін де міндетті болуы тиіс. Заң оны шығарушыларға ғана емес, қалың көпшілікке қызмет еткенде ғана толысқан заң болып есептеледі. Заңның күші оның ала-құлалығында емес, барлық адамдар үшін бірдей міндеттілігінде. Заң шығарушы орган атқарушы биліктің құрылымын және өкілеттілігін айқындайды.

Сол кездегі италияндық республикалардағы саяси институт-тардың тәжірибесіне сүйене отырып, Марсилий Падуанский мемлекеттік қызметтегі лауазымды адамдардың сайланбалы принципін ұсынды. Ол мемлекеттік құрылымның ең үздігі деп таныған монархияның өзінде де бұл принципті қолдануға болады деп есептеді. Оның айтуынша мұрагерлікпен келген мо-нархқа қарағанда, сайлау арқылы билікке жеткен монархтың өкілеттілігі де, билігі де ауқымды және әділ болмақ.

М. Падуанскийдің мемлекеттің шіркеуден тәуелсіздігі, заң шығарушы және атқарушы биліктің арақатынасы, заңның биле-ушіні қоса есептегенде барлық адамдар үшін бірдей міндеттілігі және т.б. ойлары қайта өрлеу мен ерте буржуазиялық дәуірдегі қоғамның демократиялық саяси құрылымы туралы жаңа көзқа-растары мен идеяларының одан әрі дамуына өз әсерін тигізді.

## **4.3.** Орта ғасырлық еретиктер қозғалысындағы саяси-құқықтық идеялар (X—XV ғ.ғ.).

**4.3.** Орта ғасырлардағы феодалдық езгі мен зорлық-зом-былық, теңсіздік және қайыршылық өмір қаналушылардың наразылығын туғызды. Қоғамдық санада үстем болған христиан дінінің ықпалы бұл наразылықтарға өзінің діни сипатын берді. Халықтың едәуір бөлігін қамтыған бұл қозғалыс ресми католик шіркеуі қабылдаған доктринадан және рим-католик шіркеуі мен папалықтан әртүрлі дәрежеде ауытқыған ағым ретінде қалып-тасты. Ресми діни-нанымға оппозициялық көзқараста болған бұл ілім-ересьтер деп аталды.

Орта ғасырлардағы әртүрлі елдерде және әртүрлі халықтарда пайда болған ересьтер қозғалысы көп жағдайда езілуші халық-тың әлеуметтік наразалығының, олардың феодализмге қарсы оппозициясының көрінісі болды. Бірақ, олардың зорлық-зомбы-лық пен езушілікке қарсы күресі шіркеумен күрес формасында ғана ерекшеленді.

Ересьтер қозғалысы, ең алдымен, шіркеудің әулиелігі жөнін-дегі аңыздың беделін түсірді, дін басыларының пайдакүнемдігі мен азғындығын әшкереледі. Орта ғасырлық ересьтер өздерінің әлеуметтік сипаты мен маңызына қарай екі топқа бөлінді. Олар-дың біріншісі — қала экономикасының дамуына кедергі болған феодалдық қанау мен зорлыққа қарсы бағытталған қала халқы-бюргерлер арасынан шыққан ересьтер болса, екіншісі — қала-ның ең төменгі топтары мен шаруалар арасынан шыққан ересь-тер болды. Қалалық-бюргерлік ересьтердің басты талабы ерте христиан діни шіркеуінің қарапайым құрылысын қалпына кел-тіру және сословие ретінде өздерінің бақталасы — дін басыларын әлсірету еді. Бұның негізгі мәні шіркеу салықтарын, шіркеулік-монастырлық жер иеленушілікті және қымбатқа түсетін діни ғұрыптарды жою, яғни ″ арзан шіркеуді талап ету″ болып табы-лады.

Плебей-шаруалар ағымы ересьтерінің талабы бұдан гөрі әлдеқайда радикалды болды. Олар бюргерлік ересьтердің шіркеуге қарсы талаптарына толығымен қосыла отырып, адам-дар арасындағы әлеуметтік теңдіктің де болуын талап етті, бұлардың кейбір өкілдері тіпті мүлік теңдігін орнатуға шақырды.

Феодалдық қатынастардың алғашқы кезеңінде (V—XI ғ.ғ.) Батыс Европада ересьтер қозғалысы жаппай сипат алған жоқ еді. Бұл қозғалыс Батыс Европа елдерінде XI—XII ғасырлардан бастап бұқаралық сипатқа ие болды. Ересьтердің алғашқы ірі қозғалыстарының бірі Болгариядағы богомильдер қозғалысы болды. Бұл қозғалысқа қатысушылар крепостнойға айналған шаруалар бұқарасы мен қала кедейлерінің феодалдық қанауға, үстемдік етуші шіркеу мен феодалдық мемлекеттің езгісіне қарсы наразылығын білдірді. Олар ресми шіркеудің ілімін, шіркеулік артықшылықты және діни әдет-ғұрыптарды мойын-дамады. Олар дуалистік негізге құрылған өзінің діни жүйесін жасады. Богомильдердің дуалистік ілімі Балкан түбегінің басқа елдерінің — Византияның, Сербияның шаруалар бұқарасы арасында кеңінен тарады. Олардың дуалистік ілімі адам бойында және барлық дүниеде материалдық (зұлымдық) және рухани (ізгілік) негіздер күресі үнемі жүріп жатады, сондықтан да зұлымдық атаулыдан құтылу үшін адамдар қатаң тақуалықпен өмір сүру керек дегенді уағыздады. Олар сонымен бірге адам-дарды өкімет орындарына бағынбауға, феодалдарға еңбек етпеуге шақырды. Олардың ойынша адамдардың қайыршыл өмірі мен әлеуметтік теңсіздігінің бір себебі билік органдарының әділетсіз қызметтерінің нәтижесі болып табылады.

XII—XIII ғасырлардағы ересьтер қозғалысының ең ірілерінің бірі Оңтүстік Франциядағы катарлар ересьтерінің дүмпуі зор болды. Катарлар (грекше ″ таза″ ) діни формадағы қала халқы — еңбекші топтарының феодалдар мен қаланың ауқатты топтарына қарсы әлеуметтік қарсылығын білдірді. Олар жер бетіндегі дүниені зұлым дүние, онымен күрес жүргізу керек деп есептеді, феодалдық мемлекетті мойындамады және қан төгуге қарсы болды. Катарлар шіркеуді шайтанның ісі, ал папаны оның қойған адамы деп санады және шіркеулік жер иеленушілікті талап етті.

Оңтүстік Францияның Лион провинциясын қамтыған валь-денстер ересьтерінің қозғалысына қатысушылар (XII ғ. соңы) дін басылардың баюына, шіркеулік ондыққа (салық), әскери қыз-метке,

феодалдық сотқа және өлім жазасына қарсылық білдірді. Италиядағы патарлар қозғалысы (XII ғ.) алғашқы бюргерлік ересьтердің феодализмге қарсы қала оппозициясының тұңғыш өкілдері — католик шіркеуінің әлеуметтік және саяси пози-циясын сынаушылар болды. Бұл қозғалыстың негізін салу-шылардың бірі Арнольд Брешианскийдің дін басыларына қоя-тын талаптары — шіркеудің кедейлік пен төзімділікке, қана-лушылардың тұрмысына назар аудару және байларды жек көру жөніндегі уағыздарын іс жүзіне асыру талаптары сол кездегі жағдаймен қарағанда саяси сипатта болды.

Ересьтер қозғалысының идеялары XIII ғасырдан бастап университет оқытушылары мен студенттерінің және мектеп жастарының арасында да тарала бастады. Аверроэса шәкірт-терінің бірі, Париж университетінің магистрі Амори Бенский (Амальрик Шартрский) ″ құдай дегеніміз — ол барлығы″ деп есептеп, пантеистік ереже мен католик шіркеуі іліміне қарсы шықты. Католик шіркеуі Амориді жазалап (1207ж.) оны өз көзқа-расынан бас тартқызды. Бірақ Аморидің ілімін жақтаушылар — амальрикандар ″ жерде құдай патшалығын″ — бейбітшілік пен бостандық салтанатын орнатуды жариялаған ересьтер сектасын құрды. Олар таза пантеистік көзқарасты басшылыққа алып, құдай бүкіл табиғатқа таралып кеткен, сондықтан христиан шіркеуі уағыздап жүрген құдай мүлдем жоқ деп жариялады және католик дінінің негізгі догматтарына қарсы болды, шіркеудің, діни ғұрыптардың қажеттілігін, тозақ пен жұмақта өлгендердің қайта тірілуін және ″ қорқынышты сотты″ мойындамады. Олар-дың шіркеуге қарсы сынында және ″ жердегі құдай патшалығы″ идеясында феодалдық езгі мен әлеуметтік теңсіздікке қарсы көзқарастары көрініс тапты.

Бюргерлік ересьтердің көрнекті өкілдерінің бірі Оксфорд университетінің профессоры Джон Уиклиф шіркеуге қарсы жаппай оппозициясының басында болды. Ол Рим папасының Англиядан алым-салық алуы мен ақсүйектер ісіне араласуын мойындамады. Керісінше, шіркеу мен оның басты орталығы Римдік папа барлық азаматтық істерде ақсүйектер қауымына бағынуға тиіс деп санады. Осыны негізге алған ол ағылшын королінің шіркеу мүліктерін тәркілеуге құқығы бар деген қорытынды жасады. Король билігін шіркеуден жоғары қойған Уиклифті ағылшын үкіметі толық қолдады және папа оны шіркеу сотына тартуды талап еткен кезде өздерінің қамқоршы профессорын мемлекеттің қорғауына алды. Уиклиф мемлекеттің шіркеуге түбегейлі реформа жасауын батыл талап етті. Бұл реформадағы басты талаптардың бірі папа билігі институтының қажеттілігін қабылдаудан бас тарту және оны мүлдем теріске шығару болды. Уиклиф діншілдік сенімінің жалғыз ғана көзі ретінде ″ дін оқуын″ мойындады және оны қарапайым адам-дардың түсінулеріне жеңіл болу үшін інжілді латын тіліне аударды.

Уиклифтің ілімін қарапайым халық жоғары бағалап қарсы алды. Уиклифке дейін лоллордтар деп аталған кедей священник-тер өздерінің уағыздарында Уиклифтің ілімін пайдаланды. Лоллардтар тек ресми шіркеу мен дін басыларына ғана емес, феодалдар мен король қызметкерлерінің зорлық-зомбылығына қарсы шығып, феодалдық құрылыстың әділетсіздігін сынға алды. Олардың ″ Адам жер жыртып, Ева жіп иіргенде, дворян кім болған еді″ деген мысқал сөзі халықтың сословиелік жағынан тең болуын жақтаған көзқарастарын білдіретін еді.

Орталықтандырылған мемлекетті нығайту процесі жүріп жатқан елдерде ұлттық шіркеудің дербестігі және оның Римнен тәуелділігін азайту идеясы тарай бастады. Мұндай талаптар кейіннен бұқаралық сипатқа ие болып халық көтерілістеріне де ұласты. Осындай бұқаралық қозғалыстардың бірін Прага университетінің профессоры Ян Гус (1369—1415) басқарды. Ол католик дін басшыларының қомағайлық істерін әшкереледі, шіркеу байлығына қарсы шығып, шіркеу мүлкін мемлекет иелігіне беруді талап етті. Гус адамдарды мәңгілік қорғап отыру құдайдың ісі, сондықтан да олар тарыдай шашылған көп дін иелерін қажет етпейді деп мәлімдеді және Римге бағынбайтын чехтардың ұлттық шіркеуін құруды жақтады. Католик шіркеуі Ян Густі өзінің нанымы үшін еретик деп тауып, оны инквизиция сотына берді және 1415 жылы өлім жазасына кесіп, отқа өртеді.

Ян Густің өлімі Чехияда халықтың жаппай наразылығын туғызды және 1419 жылы гусшілдер

соғысы басталды. Көтері-лісшілердің радикалды лагері — табориттер феодалдық тәртіпке, алым-салыққа, феодалдық міндеткерлікке қарсы шықты. Олар католик шіркеуінің иерархиялық құрылысын мақұлдамады және оның орнына дін иелерін сайлап қоюды ұсынды. Табориттердің бір бөлігі дүние-мүлікке қоғамдық меншік орнатуға ұмтылды. 15 жылға созылған гусшілдер соғысы 1434 жылы жеңіліспен аяқ-талды. Халықтық — ересьтік қозғалыстар бірте-бірте католик шіркеуінің және феодалдық құрылыстың беделін түсірді.

XIV ғасырдың аяғында және XV ғасырдың өн бойында қалалардың дамуы, қолөнер мен сауданың өсуі орталықтанған мемлекеттің қалыптасуы негізінде Батыс Европадағы феода-лизмге және католик шіркеуіне қарсы күрес күшейді. Бұл күре-ске қатысушылардың талаптары мен арман-тілектері сол кездегі қоғамдық ой мен көзқарастың қаншалықты дәрежеде болған-дығын көрсетті.

**5-тақырып.**

## Араб Шығысы мен мұсылман елдеріндегі саяси-құқықтық ойлар

### 5.1. Мұсылман құқықтық ойының қалыптасуы мен дамуы.

**5.1.** Мұсылман құқығы рулық-тайпалық құрылыстың ыды-рау және Араб халифатында VII—X ғасырларда феодалдық қо-ғамның қалыптасу кезеңінде пайда болды. Орта ғасырларда тамырын тереңге жайған мұсылман құқығы мен оның ерек-шеліктерін оқып үйрену өте маңызды. Бүгінгі күнге дейінгі саяси өмірде мұсылман құқығының нормалары кеңінен қолда-нылады.

Мұсылман құқығы — шариғат VII ғасырдан бастап-ақ көр-ші елдерге кеңінен таралды. Негізінен жаулап алу жорықтары арқылы таралған мұсылман құқығы кейіннен Орта Азия, Закав-казье, Шығыс, Батыс және Солтүстік Африка, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік-Шығыс және Батыс Азияда кеңінен қолданыла баста-ды. Мұсылман құқығы жүйесінде құран басты орын алады. Мұсылмандар үшін қасиетті болып саналатын бұл діни кітап барлық оқиғаларды түсіндіреді, адамның өмірге келуі мен өлуіне дейінгі барлық жағдайға талдау жасайды және түсінік береді.

Мұсылман құқығының пайда болуы мен дамуы, оның қай-нар көздері мен құрылымының және жұмыс істеу механизмдері екі бастаманың — діни-этикалық және құқықтың арасындағы өзара қарым-қатынасты білдіреді. Мұсылман құқығының құра-мында өзара тығыз байланысты екі топ айқын көрінеді. Бірінші топты Құранның құқықтық қағидалары мен құдайға байла-нысты дәстүрлері және Мұхаммед пайғамбардың хадистері құрайды. Екінші топты — мұсылман қоғамының біртұтас келі-сімі — иджмалар — ислам дінінің білгірлері жасаған мұсылман-дық-құқықтық қағидалар құрайды. Бірақ бұның екеуі де құқықтық барлық сұраққа жауап бере алмайды. Негізгі құқық ретінде бірінші топ, яғни, Құранда көрсетілген талаптар мен нормалар алынады. Иджма жалпы мойындауды талап ете бер-мейді.

Мұсылман құқығының басты қайнар көзі ретінде оның жалпы нормалары мен қағидаларында адамдар арасындағы қа-рым-қатынастарды реттеп отыратын, діни мінез-құлықтық бағыт беретін ережелер көбірек кездеседі. Мінез-құлықтың кей-бір ережелеріне келер болсақ, олардың көпшілігі пайғамбардың нақты даулы мәселелерді шешуі мен оған баға беруі кезінде және оған қойылған сұрақтарға жауап ретінде пайда болды. Мұсылман құқығы — дін мен құқықтық нормалардың сабақ-тасуының жарқын көрінісі болып табылады.

Мұсылмандық құқықтың дінмен байланысы өзінің түбегей-лі тұжырымдамасы мен теориялық қайнар көзі негізінде басқа құқықтық нормалардан өзгешелігімен айрықшаланады. Мұн-дағы құқықтық діни-этикалық нормалар мазмұны жағынан әр-түрлі болғанымен, бір-бірімен сабақтас және бір-бірін толық-тыра отырып, біртұтас құқықтық жүйе құрайды. Мұсылман құқығы заң ғылымының жеке саласы емес, ол ислам ілімінің бір ғана саласы. Мұнда ислам дінінің қағидалары — шариғат — адамдардың мүддесі үшін жүзеге асуы тиіс міндетті идея ретінде көрсетілген. Шариғатты орындамаған жағдайда адам заң бұзушы болып табылады.

632 жылы Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін VIII ғасырдың басына дейін мұсылман құқығының дамуы ка-зуальды, яғни, жүйеленбеген жолмен жүрді. Мұхаммедтен кейін-гі оның ізбасарлары: Әбубәкір, Омар, Оспан және Әли нақты дауларды шешкенде Құран мен суннаға сүйенді. Егер қандай да бір сұраққа жауап табылмаған кезде олар жаңа діни қағидалар мен нормаларды қалыптастырды. Уақыт өте келе Құранда адам өмірі мен оның іс-әрекеті түгел қамтылмайтындығы анықталды. Сондықтан да VIII ғасырдан бастап Құрандағы осындай кемші-ліктер мен олқылықтардың орнын толтыруды шариғат мектебі-нің білгірлері өз мойындарына алды. Осыдан кейін мұсылман құқығының келесі қайнар көзі иджма пайда болып одан әрі дамытылды.

Иджтихад құқық методологиясы теориясының дамуымен Құран мен суннаға сүйенбей-ақ даулы мәселелерді өздері ше-шуге құқық беретін білімнің жоғары сатысының көрінісі ретінде бағалана

бастады. Ал мұндай құқыққа ие болғандар муджта-хидтер деп аталды. Иджтихад дəрежесінің бірнеше категориясы бар. Мұсылман құқығының қайнар көздеріне баға беру құқығына ие болғандар — Мұхаммедтің тікелей ізбасарлары мен құқықтық ағымның негізін салушылар, ең беделді құқық-танушылар жоғары категорияға кірді. Орта дəрежедегі муджта-хидтер кейбір нақты ағымдар мойындаған қайнар көздер негізі бойынша жеке пікірлерін айта алды. Муджтахидтердің төменгі сатысы алғашқы екі сатының əртүрлі пікірлерінің біреуін ғана таңдады.

VIII—X ғасырларда иджтихадтың кең түрде дамуы мұсыл-ман құқықтанушыларына мұсылман құқығының жалпы прин-циптері мен нақты нормаларының басым көпшілігін қалып-тастыруына алып келді. Бұл кезең мұсылман құқығы дамуының ″ алтын ғасыры″ деген атқа ие болды.

XI ғасырдан бастап мұсылман құқығының бірнеше құқық-тық мектеп-ағымдары дамыды.

Оның бірі сунниттік бағыттағы мұсылман құқығы 1. Хани-фиттік — негізін салушы Əбу Ханифа (699—767 ж.ж.) (Иран, Түркия, Ауғанстан, Пəкістан, Үндістан, Египет); 2. Маликиттік — негізін салушы Малика бен Анас (713—795 ж.ж.) (Солтүстік жəне Батыс Африка); 3. Шафиттік — негізін салушы аш-Шафий (767—819 ж.ж.) (Сирия, Индонезия, Шығыс Африка); 4. Ханба-литтік — негізін салушы Бен Ханбала (780—855 ж.ж.) (Арабия).

Шииттік бағыттағы мұсылман құқығы да джафариттік, ис-маилиттік, зейдиттік жəне т.б. мектеп ағымдарға бөлінді.

Жалпы ұқсас мəселелерді шешуде олардың əртүрлі құқық-тық нормаларды пайдалануы бұл мектептердің заңдық тұрғысы жағынан бір-бірінен айырмасы барын көрсетеді. Мұсылман заң-герлерінің арасында олардың ең икемдісі ханифиттік мектеп болып табылады.

Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін оның ізба-сарлары — халифтердің билікке келуі мұсылман қауымының екі-ге — сунниттер мен шииттерге бөлінуіне алып келді. Шииттер мұсылмандарды пайғамбардың тікелей мұрагерлері басқаруы керек десе, сунниттер оны қостамайды.

VII ғасыр мен VIII ғасырдың ортасына дейін мұсылман құқығының қайнар көздері құран, сунна, иджма жəне пайғам-барлардың ізбасарларының айтқандары (кияс) болып келсе, бұдан кейін бұл роль доктринаға көшті. Мектеп — ағымдардың пайда болуы мұсылман құқығының басты қайнар көзі ретінде доктрина ережесін іс жүзінде бекітіп берді.

XI ғасырда ″ дəстүр кезеңінің″ (″ тақлид″ ) басталуымен бірге діни ғалым-заңгерлердің заң атқару қызметтерінің маңызы одан əрі арта түсті. Бұл кезде сунниттік құқықтану ″ абсолюттік иджтихадтың″ аяқталуы туралы ұйғарымға келген болатын. Бірақ Құран мен Сунннаны тікелей түсіндіру жəне жаңа ағымдардың пайда болуына шектеу қойылғанымен, мұсылман құқығының жүйесі, яғни доктрина өзінің белсенді қызметін одан əрі жалға-стырды жəне дамыды.

Дəстүр кезеңінің алғашқы екі-үш ғасырында мұсылман құқығының қалыптасуы негізінен аяқталды. Доктрина іс жүзінде оның ресми қайнар көзі болып танылды. Мұсылмандық мемлекеттік құқық муджтахидтың заң шығару билігін ресми түрде бекітті. Осы кезеңде сонымен бірге ″ шариғаттың үстемдігі″ концепциясын жасау аяқталды. Бұл концепция қазіргі кездегі ″ құқық үстемдігі″ мен ″ құқықтық мемлекет″ теориясымен үнде-сіп жатыр. Осы концепция бойынша мемлекет басшысы өзінің билік əрекетінде муджтахидтер қалыптастырған мұсылмандық құқық нормаларына сүйенеді. Алғашқы кезде мұсылмандық-құқықтық доктринаны айқындау үшін қолданылған ″ фикх″ термині, кейіннен мұсылмандық құқықтың объективті мағы-насының қатынасында қолданыла бастады. Мұсылмандық құқықтың маманы Дж. Шахт осы жағдайды ескере отырып, мұ-сылман құқығы ″ заңгерлер құқығының тамаша үлгісі бола ала-ды″ деп атап көрсетті.

Мұсылмандық теория бойынша мұсылмандық құқықтың барлық нормалары Құраннан және суннадан алынған. Мұның дұрыстығына мұсылмандар заңгерлері де Құрандағы " біз ешнә-рсені де ұмыт қалдырған жоқпыз" деген қағидаға сілтеме жасай-ды. Мұсылман құқығын зерттеушілер бұл жерде сілтеменің мұсылмандық құқықтың барлық нақты жағдайды қамтыған-дығы туралы болып отырмағандығын да атап көрсетеді. Яғни осы негізге сүйене отырып барлық істің шешімін табуға бола-тындығы ғана көрсетілген. Мұнан мұсылман құқығында ешқан-дай қайшылықтың жоқ екендігі, барлық халықта және барлық жағдайда құқықтық норма қалыптастыруға болатындығы туралы тұжырым жасауға болады.

Мұсылмандық құқықтың доктриналық талдануы оны жүйе-леуде қиындық туғызғанымен, оның белгілі бір икемділікпен дамуына мүмкіндік берді. Бұл процесте діни құқықтанушы-ғалымдардың ролі біртіндеп өсе түсті. Мұсылмандық-құқықтық доктрина өзінің ерте даму сатысында Құран мен суннадағы түсініктерді негізге ала отырып мінез-құлықтың нақтылы жағ-дайларын іздестірумен айналысты. Ал кейіннен көптеген ағым-дардағы қайшылықтар мен шатасулардан және оның нақтылан-бағандығынан жаңа құқықтық нормаларды қалыптастыру қа-жеттілігінен олар өздерінің негізгі күш-жігерін мұсылмандық-құқықтық әдістемелік және жалпы теориялық негізін жасауға жұмсады. Мұндай қажеттілік ұқсас мәселелерді шешуде әртүрлі мектеп-ағымдардың түрлі позицияларының құқықтық норма-лары жағынан сәйкес келмеуінен туындады.

Әрбір мектептің өз тұжырымдары бір-біріне қайшы келгені-мен, ол барлық уақытта заңдық мәнге ие болады. Өйткені, олардың барлығының қайнар көздері біреу ғана. Қандай да бір сұраққа жауап жоқ кезде, бұл істі қараушылар Құран мен сунна-ға сүйеніп өздігінен шешім шығара алады. Бұл да мұсылман құқығының өзіндік ерекшелігі болып табылады. Мұсылман құ-қығында қатып қалған догма жоқ. Қандай да бір істі болмасын шариғат жолымен шешуге болады. Мұсылман құқығының тұтас-тығы мен икемділігі және күштілігі де осыдан айқын көрінеді.

Орта ғасырлық мәдениет дамуы туралы мәселеде көпке дейін еуроцентризм үстем болып келді. Батыс мәдениетін асыра, ал Шығыс мәдениетін тұрпайы және төмен дәрежеде бағалау Еуропа елдерінің Шығыстағы ұзақ ғасырлық отаршылдық саясатынан туындаған. Ал шын мәніне келгенде Шығыстың, оның ішінде араб мәдениетінің дамуы Еуропа елдерінен кем болмады. VIII—XVI ғасырларда Араб Шығысы саяси-филосо-фиялық ойдың орталығына айналды. Мұхаммед пайғамбар негізін қалаған жаңа діннен қуат алған арабтар өздерінен әлде-қайда сан жағынан да, әскери қуаты мен мемлекеттілік қуаты жағынан да күшті елдерді тез арада жаулап алды. Олар 711 жылы Солтүстік Африканы бағындырып, Атлант мұхитына дейін жетті, көп ұзамай Гибралтар бұғазынан өтіп Испанияның бір бөлігін өздеріне бағындырды, Арабтар бір ғасырға жетер-жетпес уақытта Үндістаннан Атлант мұхитына дейін созылып жатқан алып империя — халифат құра білді. Олар қай елді жаулап алса да мұсылман дінін мемлекеттік дін ретінде енгізе алды, бұл дінді жаулап алынған елдердің халықтары тез қабылдады. Мұның өзі де мұсылман дінінің күштілігі мен қуаттылығын білдіреді. Шариғат нормаларына негізделген мұсылман құқығы өмірдің ең маңызды салаларына орасан зор ықпал ете алды.

Араб халифаты кезінде Бағдад қаласы үлкен мәдени орта-лыққа айналды. Жаулап алынған елдерден және көрші мем-лекеттерден рухани қазыналар әкелінумен бірге, бұл қалада дүние-нің түкпір-түкпірінен келген ұлы ойшылдар мен ғұла-малар еңбек етті. Грек және рим өркениетінің таңдаулы өкілдері Платонның, Сократтың, Аристотельдің, Эвклидтің, Цицеронның және т.б. шығармалары араб тіліне тәржімаланып, олардың озық ойлары мұсылман елдеріне кеңінен танылды. Мұның өзі Шығыс үлгісі мен Еуропа мәдениетінің өзара үндесіп, Шығыс саяси-құқықтық ойының дамуына жаңа серпін берді. Осы кезеңде бүкіл әлемдік мәдениетке белгілі болған Әл- Кинди, Әл-Фараби, Ибн Сина (Авиценна), Ибн Рушдт және т.б. өсіп жетілді. Олар ғылымның басқа салаларымен қатар саяси-құқықтық ойда да әлі күнге дейін мәнін жоймаған ұлы шығармалар қалдырды.

## 5.2. Мұсылман елдері ойшылдарының еңбектеріндегі мемле-кет және саясат мәселелері.

**5.2.** Мұсылман — құқықтық саяси теориясындағы басты мәселе — мұсылмандық билік пен басқарудың арнайы түрі — халифаттық өзара байланыстар аспектілерінің мәні туралы болды. Халифаттың анықтамасы туралы мұсылмандық мемле-кеттанушы Әл-Маварди былай деп жазды: ″ Имамат — діни се-німді қорғау миссиясы мен жердегі істерді басқарудың пайғам-барлық мұрасы болып табылады″ . Халифат туралы мұндай түсі-ніктен қазіргі заман авторлары — халифты мұсылман мемле-кетінің басына келген жеңілдік пен артықшылыққа ие болған билеуші ретінде емес, мұсылман қоғамында діни сенім мен нанымды сақтау және саяси билік қызметін іске асыратын тұлға ретінде тұжырым жасауға негіз береді.

Әл-Маварди еңбектерінде халифаттың пайда болу мәселелері көбірек орын алған. Оның мұсылмандық саяси концепциясында халифат билігі халифті сайлаушы және оның билігін бақылаушы қауым өкілдері берген өкілеттік негізіндегі ″ қажеттілік″ түрінде көрінеді. Мұнда халиф билігінің басты міндеттерінің бірі ретінде мұсылмандық құқық нормалары мен мұсылмандардың діни парыздарын орындауын бақылау аталады. Дегенмен, халиф билі-гінің басты міндеті мемлекеттік және қоғамдық істерде анархия-ға жол бермеу, тәртіп пен заңдылықты сақтау болып табылады. Әл-Мавардидің айтуы бойынша, халифаттағы жоғары билік Ал-ланың жердегі әмірін орындаушы халифтың қолына шоғыр-ланған.

Мұсылман саяси теориясында мұсылман мемлекеттерінің басшыларын орнынан алу және сайлау туралы дәлме-дәл анықтама жоқ. Бірақ Әл-Маварди еңбектерінде айтылғандай (сунниттік концепция бойынша) жоғары азаматтық және діни билік мұрагерлік тәртіппен немесе бұрынғы билеушінің тағайын-дауымен емес, қауым мен халифат билігіне үміткер арасындағы ерекше шарт бойынша іске асырылады. Ал шииттік саяси концепцияда халиф қауым арқылы сайланбайды, ол Алла мен пайғамбардың тікелей өкілі болып табылады. Халиф өзінің мұрагерін сайлай алады немесе пайғамбардың күйеу баласы Әли-дің тікелей ұрпақтарына мұрагерлікке қалдыра алады. Өйткені, Мұхаммед пайғамбардың артында еркек жынысты ұрпақ қалған жоқ еді. Ол қайтыс болғаннан кейін Әбу-Бәкір (632—634), Омар (634—644), Осман (644—656) және Әли (656—666) халифат билігінде болды. Әли қайтыс боланнан кейін халифтікке Омеяд-тер әулетінен шыққан Муавид келді. Омеядтер әулетінің билігі 661 жылдан 750 жылға дейін созылды. 750—1253 жылдар аралы-ғында Араб Халифатындағы билік Аббасидтер әулетіне көшті.

Әл-Маварди халифтік басқару формасының артықшылығын мемлекет басшысының өзінің барлық іс-әрекеттерінде мұсыл-мандық құқықты (шариғатты) басшылыққа алып отыруынан, қол астындағылардың мүддесі мен жалпы игілігін және олардың ар-ожданын қорғау істерінен және маңызды шешімдер қабыл-дауда өзгелермен ақылдасып, келісіп отыруынан көреді. Халиф өзінің қол астындағылардың кез-келгенімен ақылдасуға құқылы болғанымен, бірақ іс жүзінде қарапайым мұсылмандардың пікірі есепке алынбады.

Мұсылмандық Испанияның рухани орталығы болып санал-ған Кордовада туып өскен ұлы ойшыл, философ, заңгер және теолог Аверроэсо (Ибн Рушд) (1126-1198) дінді идеалды мемле-кеттің өзіне де қажетті саяси өнер деп бағалады. Аристотель еңбектерін талдаушы ретінде танымал болған ол философия мен дін шындыққа үйрететін болса, онда олардың арасындағы келіспеушілік соңғы негізде өзара соқтықпауы керек деп есеп-теді. Аристотель шығармаларын көпшілікке белсенді ұғынды-румен айналысқан ол туралы замандастары ″ Аристотель — таби-ғатты, ал Аверроэсо — Аристотельді түсіндірді″ — деп жазды.

Шыққан тегі жағынан араб Аверроэсо (Ибн Рушд) өзінің философиялық жүйесін ақыл-ой негізінде құрды, сондықтан да оның ислам дінімен амалсыз соқтығысуына тура келді. Аристо-тельдің еңбектеріне сүйенген ол о дүниедегі өмір туралы және дүниені құдай жаратты деген діни ұғымдарды жоққа шығарды. Материя мәңгі-бақи өмір сүруде, барлық табиғи құбылыстар және адамдардың іс-әрекеттері құдайдың құдіретімен емес, өзінің ішкі табиғи заңдарымен жүреді деп түсіндірді ол. Табиғи заңдылықты негізге алған Ибн Рушд мемлекеттің пайда болуын құдайдың ісі емес, адамдардың жердегі тәртіпті сақтауға ұмты-луынан және адамдар арасындағы алауыздық

пен қақтығыс нәтижесінде пайда болған деп есептеді. Оның ойынша адамдар арасындағы әлеуметтік теңсіздік те құдай ісі болып табылмайды, ол адамдар ойлап тапқан нәтиже. Әлеуметтік теңсіздікті жақта-маған Аверроэсоны мұсылман дін иелері Кордовадан аластатып, Аристотельдің еңбектерін бүкіл арабтық Испанияда оқуға тиым салды.

Аверроэсо көптеген шығармалар жазды, оның ішіндегі маңыздыларының бірі ″ Теріске шығаруды теріске шығару″ . Бұл еңбек оның әл-Ғазалидің (1059—1111) ″ Философтарды теріске шығаруына″ жауап ретінде жазылған. Ол бұл еңбегінде филосо-фия мен діннің және қоғам мен діннің өзара қатынасы туралы мәселе қозғайды. Дін мәселесінде ол Араб халифатындағы азаматтардың діни сенімі мен оның қоғамдық өмірді ұйымдасты-рудағы ролі туралы айтады. Яғни, оның айтуынша білім ғана адамдар өмірінде маңызды роль атқаруы тиіс. Адамдар білімі мен ақыл-күшіне сенгенде ғана игілікті өмірге жете алады және мемлекеттік істерге араласады. Мықты іргелі білім ғана билік басындағы дін иелері мен құдайшылықты ығыстырып шығаруы тиіс,— деген ой ұсынады.

Араб саяси өмірінде Аверроэсодан кейін саясаттың ислам-мен және халиф билігімен тікелей байланысы туралы мұсыл-мандық құқыққа негізделген тұжырымдамалар пайда болды. Саясатты мұсылмандық дін мен мораль позициясынан қарау оны араб философиясының Араб халифаты мемлекетінің мұсыл-мандық-құқықтық доктринасымен қатар зерттеуге жақындата түсті. Мәселеге бұл тұрғыдан келу X ғасырда Иракта құрылған жасырын діни-философиялық ″ Тазалық бауырластығы″ (″ Братья чистоты″ ) ұйымы мүшелерінің көзқарастары сәйкес келеді. Олар грек философиясы мұсылмандық құқықпен үндескенде ғана саясатты оқып-үйренуде табысқа жетуге болады деп есептеген болатын. Саясат, философия, құқық және адамгершіліктің ұқса-стықтары туралы айтқанда олар, ең алдымен, бұлардың діни сипатына көңіл бөлген еді. Олардың мәселені бұлай қоюы сая-сатты оқып-үйренуде оның таза адамгершілік мәселелерден діни және мұсылмандық-құқықтық мәселеге көшуінен туындаған.

Әл-Фарабидің саяси көзқарастарына ұқсас концепцияны Ибн Сина да ұсынды. Оның саяси дүниетанымының қалыпта-суына әл-Кинди мен әл-Фараби еңбектерінің тікелей ықпал еткені анық. Еуропаға Авиценна деген атпен белгілі болған ол 980 жылы Бұқара қаласында дүниеге келді. Ирандағы Исфакан қаласында философия және медицина саласы бойынша тамаша білім алған Ибн Сина Орта Азия мен Иранның көптеген қалаларында болады. Дәрігерліктен басқа Шығыс елдері биле-ушілерінің кеңесшісі қызметіне дейін көтеріліп, саяси қайраткер ретінде белгілі болған ол билікті жүргізу тәсілдері мен ″ қайы-рымды″ және ″ нашар″ қалалардағы қоғамдық істерді ұйымдасты-ру мен үйлестіру және мемлекеттің күшеюі мен құлдырауының себептері туралы ойларын да білдіреді. Саяси білімнің мәнін биліктің қалай жүзеге асырылуы мен оның тәсілдерінен іздеген Ибн Сина халықтың тұрмыс — жағдайының жақсаруы ел билеушілерінің әділетті де, қайырымды билігіне тікелей байла-нысты деген қорытындыға келеді.

Саясатқа деген мұндай көзқарас оның адамгершілік мазмұ-нымен байланыстырылған. Бүкіл араб философиясына тән бо-лып келетін саяси адамгершілік мазмұны оның теориялық негі-зінде болып саналады. Әл-Фарабидің саясаттың басты мақсаты бақытқа жеткізу болып табылады деген тезисіне шын пейілмен ықылас қойған Ибн Сина мұсылман философиясы мен ойын-дағы ірі өкілдерінің бірі боп саналады.

Құдайдың бар екендігін жоққа шығармаған Ибн Сина әлем-ді құдаймен бірге материядан да жаратылған деп есептейді. Ол алғаш рет аристотельдік философияны исламмен үйлестіруге талпынды. Оның ойынша, аристотелизмде ислам дінінің белгі-лері бар. Исламдық қағидаларды саясатпен ұштастырған Ибн Сина оның негізін грек философиясынан іздеуге де ұмтылды.

Классикалық мұсылмандық-құқықтық саяси ойда мұсыл-ман мемлекетінің мазмұны мен мәніне көбірек көңіл бөлінді, халифатты белгілі бір саяси режим және басқару формасы ретін-де қарастырды. Мұндағы басты назар мемлекеттік аппарат пен халифтің құқықтық жағдайындағы билік қатынасына талдау жасауға арналды. Халифат мемлекет формасы ретінде көрсетіліп, халиф барлық мұсылман концепциясындағы басты тұлға — мемлекет басшысы ретінде дәріптелді.

Мұсылман мемлекеті басшысының құқықтық жағдайы мен атқарушы билік формасын оның әр кезеңдегі даму сатыларымен салыстыра отырып, белгілі саясаттанушы-ғалым Ибн Халдун мұсылман мемлекеттеріндегі басқару формаларының классифика-циясын жасады.

Оның мемлекет және саясат туралы ілімінің басты ерек-шелігі мемлекеттің жалпы көрінісіне тарихи-әлеуметтік талдау жасауында, оған философиялық және заңдық тұрғыдан келуі болып табылады. Ибн Халдун мемлекеттің пайда болуы, дамуы және құлауының ″ табиғи заңдарын″ табуға тырысты. Оның тео-риясының екінші бір ерекшелігі саясаттанушы-ғалымның жоба-дағы мемлекетті емес, өмір сүріп тұрған мемлекетті зерттеуі еді.

Ибн Халдунның ілімі бойынша кез-келген қоғам адамның табиғи әрекеті негізінде олардың бір-бірін табиғи жоюы мен агрессиясын тоқтатуға арналған ″ тежеу бастамасын″ қажет етеді. Мұндай ықтиярсыз билік мемлекетті көсемдер басқарған тайпа-лардан ерекшелендіреді және халықтар бастан кешірген және қол жеткен өркениет деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Мемлекеттің тайпадан басты ерекшелігі — қоғам мүшелерін бағыныштылықта ұстайды және олардың еркінен тыс билік жүргізеді, барлығына міндетті заңдар шығарады, елде тәртіпті қамтамасыз етеді, салық жинайды және әскер жасақтайды.

Ибн Халдунның тұжырымы бойынша, мемлекеттік саясат бір билеушімен ғана шектелмейді, оған барлық қоғам мүшелері де қатысады. Сондықтан да мемлекеттегі барлық өзгерістер мемлекет басшысы жағдайының өзгеруінен ғана емес, бүкіл қоғамның бүтіндей өзгеріске ұшырауына да байланысты. Мемле-кеттің өзі үш ұрпақ өкілдерінің өмір сүру кезеңімен анық-талатын белгілі бір уақыт шеңберіндегі дәуірді қамтиды. Мем-лекет осы кезеңде дамудың бес сатысынан өтеді. Олар: 1) Бұ-рынғы биліктің орнына жаңа ықтиярсыз биліктің келуі; 2) Жоға-ры биліктің бір адамның қолына шоғырлануы; 3) Тәртіп пен ты-ныштық орнатылған мемлекеттің гүлдену сатысы; 4) Басқа-рудың зорлық және деспоттық әдістеріне көшуі; 5) Мемлекеттің құлдырауы және құлауы.

Ибн Халдун мемлекеттің даму сатыларының теориялық мәселелерін басқа тұрғыдан қараумен бірге, өзінің теориясын Халифаттың тарихи даму кезеңдерін, оның монархияға айналу себептерін талдауға да пайдаланды. Мемлекеттің мұндай өзгері-ске ұшырауының басты себебін ол, қауымның өмір сүруіндегі әлеуметтік дағдарыстан және мұсылмандарды біріктіруде ″ діни нанымның орнын қанжардың басуынан″ көрді. Алғашқы кезең-де халифатта монархияның белгілері болмағанымен, мұсылман-дық мемлекеттің басқару формасында халифаттың өз ерек-шеліктері, белгілерімен қатар, монархиялық белгілері де біртін-деп пайда бола бастады. Ақырында халифат шын мәніндегі мо-нархияға айналды.

Ибн Халдунның пікірі бойынша мұсылман мемлекеттері өз дамуында төрт сатыдан өтті:

1. Нағыз халифалар басқарған ″ таза халифат″ .
2. Халифаттың сыртқы белгілерін сақтай отырып, біртіндеп монархияға көшуі (Омеядтар әулеті кезеңіндегі халифат).
3. Халифаттың толық монархияға айналуы (Аббасидтер әулеті кезеңіндегі халифат).
4. Бірыңғай мұсылман мемлекетінің ыдырауы және араб-тарды басқа халықтардың жаулап алуы (Бағдадты моңғолдардың, Мысырды османдық түріктердің жаулауы).

Ибн Халдун басқару формасының үш түрін 1) ″ табиғи″ мо-нархия; 2) ″ саяси″ монархия; 3) Халифатты атап көрсетеді.

Оның пікірінше, басқарудың бірінші формасында билік билеушінің жеке мүддесі үшін жүргізіледі, яғни ″ табиғи″ монар-хия өзінің мақсатынан басқа еш нәрсеге қатысы жоқ жеке биліктің деспоттық режимі. Бірінші формадан ″ саяси″ монархия-ның ерекшелігі мұнда басқару рационалды, саналы өлшемге негізделеді, халық мүддесін қорғайтын саясат жүргізіледі. Бірақ бұл кездегі билеуші саясатында діни құндылықтар ескерілмеді. Ал халифаттың басқару формасында бұл кемшіліктер жойылады, өйткені халифтің өз қарамағындағыларға билігі бұл кезде

мұсылмандық құқықтық негізде жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, халифаттың ″ заңдары″ билеушінің еркіне қарай емес, қасиетті мұсылмандық құқық принциптеріне негізделеді″ .

Ибн Халдун халифаттың ықтиярсыз билігі мен зорлығына қарамастан, жоғары әділдікті қамтамасыз ететін мұсылман құқығы үшін оған басымдық береді. Өйткені, халифтің ықтияр-сыз ″ саналы″ билігі мұсылман қауымы үшін де, басқа халықтар үшін де ″ пайдалы іс″ болып табылады.

## 6-тақырып.

## Ерте түркі дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар

### 6.1. Ерте түркі жазбаларындағы саяси-құқықтық идеялар (VII—VIII ғ.ғ.).

**6.1.** Ерте түркі мемлекетінде VI—VIII ғасырларда тасқа қа-шалып жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің дүние-жүзілік өркениет тарихында алатын орны ерекше. Бұл ескерт-кіштер жазба мәдениетінің ғана емес, сол кездегі саяси ойдың да асыл мұрасы болып табылады. ″ Күлтегін″ , ″ Білге қаған″ және ″ Тоныкөк″ шығармаларында сол бір тарихи кезеңнің саяси ты-нысы, түркі халықтары өміріндегі аласапыран оқиғалар, ел билеушілерінің отаншылдық, бірлік, намыс туралы түсінігі, на-ным-сенімі, ұлыс-аралық қарым-қатынастар, жеңістері мен қа-теліктері баяндалады.

″ Күлтегін″ ескерткіш жырының авторы Иоллық тегін өз дәуірінің саяси қайраткері, қағанның кеңесшісі, тарихшысы болған. Ол бұл еңбегінде Түркі қағанатының қашан және қалай құрылғанын, қағанатты құрған және нығайтқан ұлы қағандар мен олардың қолбасшыларының өмірбаянын, қағандықты ұстап тұру үшін жүргізген ерлік күрестерін баяндайды. Қағандық билікті қостаған Иоллық тегін түркі елінің бүтіндігі мен тәуел-сіздігі үшін әкімдер мен бектерді өз уысында ұстап отыруды, олардың қарсылығын күшпен басуды дұрыс деп есептейді.

″ Жоғарыда Көк тәңірі төменде Қара Жер жаралғанда екеуі-нің арасында адам баласы жаралған. Адам баласына менің ата-бабаларым Бумын қаған, Істемін қаған үстемдік құрған. Таққа отырып түркі халқының мемлекетін басқарған, үкім-билігін жүргізген. Дүниенің төрт бұрышы түгел оларға дұшпан болған. Әскер құрып, жорыққа аттанып, олар дүниенің төрт бұрышы-ның халқын түгел бағындырған″ деп басталатын ″ Күлтегін″ жазуының кіріспесінде түркі мемлекетінің қалай құрылғаны туралы мифтік көзқарастармен бірге, мемлекетті басқарудағы қаған билігі мен ол құрған тәртіптер жайы да айтылады.

Жырдың авторы Иоллық тегін түркі мемлекетінің құрылуын және оны қағандардың басқаруын тәңірінің бұйрығы бойынша жасалған әрекет деп түсіндіреді. ″ Олар (түркілер) оған дейін әміршісі болмаған көк түріктердің арасында тәртіп орнатып, елді басқарған″ . Автордың түсінігінше, оған дейін мемлекет те, ел басқару әдісі де, адамдар арасында тәртіп те болмаған. Тәңірінің ризалығымен ″ бастыны жүгіндірген, тізеліні шөгерген″ қағандар-ды осы көктің, тәңірінің еркімен билік құрып отыр деп есеп-теген түріктер оларды ″ Көк тектестер″ және ″ Көкте туғандар″ деп атады. Түркі қағандары да өздерінің жазбаларында Көкті өздерін әрқашан желеп-жебеуге шақырды.

″ Күлтегін″ жазба ескерткіштерінде түркі мемлекетін орнық-тырған алғашқы қағандар ақылды да, күшті болып суреттеледі. ″ Бұл екі қаған дана қаған екен, алып қаған екен. Бұйрық-шылары да дана екен, алып екен. Бектері де, сондайлық халқы да азбаған екен, түзу жолда екен″ . Ақылды қағандар басқарған елдің шенеуніктері де, халқы да ақылды болып келеді, халықтық әдет-ғұрыптар мен заңдар мүлтіксіз орындалады, бұзық ниеттегі адамдар болмайды. Билеуші нашар болса, бұрынғы әдет-ғұрыптық жоралғылар сақталмаса, ауыз — біршілік болмаса мемлекеттің шаңырағы шайқалады, қолдан билік кетеді, халқы құл болады.

Осындай себептермен Түрік қағанатының ыдырауы мен ба-сқа мемлекетке тәуелді болуы туралы аталмыш шығармада былайша жырланады. ″ Одан кейін інісі қаған болған екен, бала-сы да қаған болған екен. Інісі ағасындай іс қылмағанға ұқсайды, ұлы әкесіндей іс қалдырмағанға ұқсайды. Зердесіз қаған ел билегенге ұқсайды. Бұйрықшылары да біліксіз қағанға ұқсайды, жәутік қағанға ұқсайды. Бектері мен халқы түзу жолдан шық-қаны себепті, табғаш халқының арбаушылығы себепті, аға-інілердің кектескені себепті, әкімі бар халықты шағыстырғаны себепті түркі халқы ел етіп құрған мемлекетін қолдан берген екен, ел билеген қағанынан қолдан айрылған екен. Табғаш жұртына текті ұлың құл болды, сұлу қызың күң болды″ . Мемле-кеттің қуаттылығы мен күштілігі

ел бірлігінде екендігін жақсы ұққан жыр авторы бұл мәселені айрықша атап көрсетеді.

Сатқындық пен опасыздықты, өзара жауласушылықты Көк Тәңірісі де қолдамайды. Табғашқа бағынғаны үшін тәңірінің қаһарымен ″ түркі жұрты өлді, алқынды, жоқ болды″ . ″ Мемле-кетті халық едім, мемлекетім енді қані? қағанды халық едім, қағаным қані? Қай қағанға ісімді-күшімді беремін″ деп күңірен-ген бүкіл түркі халқының өкініші мен зарын естіген Көк Тәңірісі ″ Түркі халқы жоқ болмасын, жұрт болсын″ деп Елтеріс қағанды жоғары көтереді. ″ Түркі халқының аты, айбар-даңқы құрып кетпесін деп Тәңірі түркі халқының аты, даңқы жоқ бол-масын деп мені де қаған етіп отырғызды″ . Жырда қаған қарапай-ым халықтың жоқтаушысы ретінде баяндалады. Оған ″ мал-мү-лікті халықты″ жетілдіру мақсат емес ″ іші ассыз, сырты тонсыз азып-тозған халықты тойындыру″ басты мақсат.

Ерте түркі өркениетінің саяси-әлеуметтік саладағы құнды табыстарына олардың қоғамның жаңа әлеуметтік-саяси құры-лымын қалыптастыруын жатқызуға болады. Олардың түркілер қоғамындағы шешуші роль атқаратын қаған бастаған империя-лық ақсүйектер билігін қалыптастыруы — орасан зор Түркі империясының өмір сүруімен тығыз байланысты. Жоғары би-ліктегі қағанның ең басты міндеті де ″ ел жұртының қамын ой-лау, халқын асырау, елді қорғау, күші мен ісін мемлекет мүдде-сіне жұмсау″ болған. Қаған басына қойылған мәңгілік тасқа ойып жазылған мақтау сөзде, ″ ол өзінің халқын армансыз асыра-ды″ деп айтылады. Жоғары биліктің қаған мен бектердің қолына шоғырлануы да оларға ел тағдыры мен қауіпсіздігі, халықтың бейбіт тұрмысы үшін саяси-құқықтық тұрғыдан да зор жауап-кершілік пен міндеттер жүктеген еді.

Елтеріс қаған мен Тоныкөктің басты мақсаты — түркі халқының басын қайта біріктіріп, оны қуатты да күшті елге айналдыру. Басқаның тәтті сөзі мен асыл бұйымдарына алдан-бау. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат. Халықтың ынтымағы мен бүтіндігін ойлаған олар ″ бір рет қана тойынуды″ мақсат еткен-дермен аяусыз күрес жүргізеді. ″ Аш-тоғыңды білмейсің, бір той-саң аштықты ойламайсың. Сондайлығың үшін өзіңді тойын-дырған қағаныңның сөзін алмастан жер-жерге бардың, соның бәрінде азып-тоздың ″ деп өкініш білдіреді. Түркі мемлекетінің тәуелсіздігі мен ар-абыройы үшін халықты бірігуге, басқыншы жаумен жан берісіп шайқасуға, өзін қолдауға шақырады. ″ Табғаш, Оғыз, Құтан — бұл үшеуі біріксе, біз екі ортада қа-ламыз, қорғана алмаймыз. Тозған әлсізді таптау оңай, тозған жіңішкені үзу оңай, жұқа қалың болса, оны алып қана бұзады, жіңішке жуан болса, оны алып қана үзеді″ .

Мемлекет билеушісі елдің даңқы мен атағы үшін, халқы мұңсыз, бейбіт өмір сүруі үшін қызмет етуі тиіс. ″ Әкеміз, ағамыз құрған мемлекеттің аты, күші, даңқы жоқ болмасын деп, түркі, халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Осылай елді құрап, халықты отқа күйдірмедім, суға батырмадым. Тәңірі жарылқап, құтым бар себепті, өлмеші халыққа жан кіргізіп, асы-радым, жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Айбарлы жұрттыққа, қуатты қағандыққа жеткіздім″ деп мақтанышпен айтылған бұл сөздерде билеушінің ақылды саясаты мен билігі, көрегендік қасиеті, қолбасшылық дарындылығы айрықша атап көрсетіледі.

Қағандық өкімет пен билікті нығайту, халықтың қағанға мойын ұсынып, сөзсіз бағынуы — олардың тәуелсіздігі мен бейбіт тұрмысының, берекелі тіршілігі мен игілікті ісінің шарты екендігін ұмытпау үшін қағанның өсиеттері кейінгі ұрпаққа қалдырылды.

Түркі халқы Білге қаған ″ кедей халықты қалай байытқанын, аз халықты қалай көбейткенін″ ұмытпауы үшін, ″ түркі халқы не-ден қауіптеніп, нені білуі үшін″ оның сөзі ″ мәңгілік тасқа″ жа-зылған. ″ Уа, түркі бектері мен халқы, мынаған құлақ салыңдар! Сендер өз мемлекеттеріңді қалай құрғандарыңды, сендер қан-шама күнәға батып бөлінгендеріңді мен осы жерге, мәңгілік тасқа ойып жаздым. Осыған қарап, біліңдер!″ Тәуелсіздік оңай келмеген, бұл мақсатта ел билеушілерінің ерлігі мен көрегендігі қажет болған. ″ Қызыл қанын ағызып, қара терін ағызып, түркі еліне жау келтірмеген, құлаған мемлекетті қайта мемлекет еткен, жоқ болған халықты қайта

халық еткен" түркі қаған-билеу-шілерінің ұстанған саяси идеалдары мен мақсат-мүдделері, ел билеу принциптері мен адамгершілік қасиеттерінің қандай болғандығы ерте түрік жазбаларында айқын байқалады.

Ел билеудегі табыстар мен кемшіліктер қатар айтылған, одан мәңгілік сабақ алуды өсиеттеген " Білге қаған" , " Күлтегін" және " Тонықөк" жырларында халықты өз билігіне бағындыру мен көндіруге, өз соңынан ерте білуге жұмылдыру үшін билеу-шіге деген сенім мен үлкен бедел керек екендігіне ерекше назар аударылды. Жазба ескерткіштегі идеяның негізгі арқауы да қаған билігін орнатып отырған Көк Тәңірісінің еркі, бектер мен халықтың қағанға адалдығы, халықтың қаған мен бектерге бағынуы.

Билеушінің мемлекетті құруы мен оны сақтаудағы және нығайтудағы ролі мен сіңірген еңбегі мақтанышпен айтылады. " Елтеріс қаған қам жеп, иелік қылмаса, ол жоқ болған болса, мен өзім Тонықөк қам жеп, иелік қылмасам және жоқ болсам, онда түркі-сір халқының жерінде мемлекет те, жұрт та, иесі де жоқ болар еді" . Бірақ бұл жағдай халық пен қоғам арасындағы, бектер мен жұртшылықтың өзара қарым-қатынасынсыз шешіле қоймайды. Билеушілер мен халық арасындағы қайырымды қаты-настың тиімділігі туралы жырда " Егер, сен, түркі халқы, өз қағандығыңнан, өзіңнің бектеріңнен, өз Отаныңнан бөлініп кетпе-сең, онда өзің бақытты өмір сүріп, өз үйлеріңде боласың, қайғы қасіретсіз өмір сүресің" деп тұжырымдалады.

Әлемдік мәдениеттегі ұлы ескерткіштердің қатарынан сана-латын ерте түркі жазбаларында көне түркі тайпаларының иде-ологиясы, саясаты, ел бірлігі мен ынтымағы көркем баяндалады, билеуші-қағандардың ел билеу тәсілдері мен мақсат-мүдделері айқын көрінеді. Жазба ескерткіштерде аты аталған қағандардың өмірі мен өнегесінің, түркі еліне сіңірген еңбектерінің тарихи маңызы ерекше.

" Біздің еліміздің халықтары ұлы ата-бабаларымызды әбден орынды мақтаныш етуге құқықты, ал Бумын, Естемін, Білге қаған, Күлтегін сияқты алғашқы қағандардың есімдері ежелгі ерте заманның өзге ұлы қолбасшыларының және мемлекет қайраткерлерінің есімдерімен әбден қатар тұра алады, олардың атқарған істері ешкімнің де атқарған істерінен артық болмаса, тіпті де кем емес" (Назарбаев Н. " Тарих толқынында" А., 1999 ж. 95-бет). Олардың өмірі мен өнегесі, артына қалдырған өсиеттері елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, халықтың еркіндігі мен ынтымағын ардақтауды және қастерлеуді ғибраттайды және үлгі етеді.

Ерте түркі дәуірінің ойшылы, философы, асқан күй шебері — қобызшы — Қорқыт Ата туралы халық арасында толып жатқан аңыздар бар. Оның туып өскен және дүние салған жері — қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы.

Оғыз мемлекеті тұсында өмір сүрген (VIII ғасыр) Қорқыт шығармаларының тақырыбы да осы дәуір тынысы мен мұң-мұқтажы болып келеді. Дегенмен, ол туралы аңыздардың көпші-лігі шамандық мазмұнда көрінеді және олардың негізгі филосо-фиялық өзегі — мәңгілік, ғұмыр, жанның мәңгі-бақи екендігіне сену, мәңгілік өмірге талпыну. Оның өлеңмен жазылған шығармалары данышпандық, философиялық, әлеуметтік ойлар мен толғаулар болып келеді.

Түркі дүниесінің рухани ойшылы ретінде танылған Қорқыт Ата өлімнен қашады, мәңгі өлмеуді ойлайды. Мәңгі өмір сүретін жерді ол өлімнен қорыққандықтан және жеке өзі үшін ғана іздемейді. Ол адамзатқа жайма-шуақты тұрмыс кешетін жайлы жер іздеумен бірге, ұзақ ғұмыр орнату үшін де өлімге қарсы күреседі. Бірақ Қорқыт Ата туралы аңыздардың бастауы және олардың мазмұны мен идеясы Тәңірге табыну ілімінде жатқандығын байқау қиын емес.

Оның өмір сүрген дәуіріндегі түркілердің діни сенімдері де Жер мен Суға және Көк тәңірісіне табыну болған. Аңыздарда да Қорқыттың Тәңірге жалбарынуы, Тәңірді ауызға алуы аз кездес-пейді. Оның жатса-тұрса да ойлайтыны адамзат үшін қызмет ету. Асқан күйші-қобызшы болған ол бұл күрес жолында қобызды, күйді шебер пайдаланады. Қорқыт халық ұғымында болашақты көре

білетін сәуегей-ойшыл, дарынды қобызшы. Оның өміріне байланысты айтылған аңыздарда да ұлы қобыз-шының көп өмірінің күй шығарумен өткендігі айтылады.

Қорқыт желмаяға мініп дүниенің төрт бұрышын аралайды, бірақ қайда барса да көр қазып жатқан адамдарға кездеседі. ″ Қайда барсаң да Қорқыттың көрі″ деген сөз осыдан қалса керек. Өлімнен қашып құтылуға болмайды екен деген ой түйін-деген дана өмірді күймен ұзартпақ болып, қобызбен алуан түрлі күйлер шығарады. Бұдан шығаратын қорытынды өлімді жеңуге болмайды, бірақ өнердің күшімен өмірді мәнді етуге және өлімге қарсы күресуге болады.

Қорқыт Ата өлімге қарсы күресу арқылы адамдардың табиғи жағдайдан мәңгілік өмірге ұмтылысын білдіреді. Табиғат-тағы барлық тіршілік иелері мен өсімдіктер дүниесі де мәңгілік емес. Табиғаттағы жан-жануарлар мен орман-тоғайлар да, таулар да сарғаяды, солады, шөгеді. Олардың орнын жаңа тіршілік ие-лері басады. Бұл табиғи заңдылық, оны өзгертуге ешкімнің қауқары келмейді. Әрбір тіршілік иесінің табиғатта және қоғам-да өз үлесі бар. ″ Адамдар өмір тірісінде бір күн де тыным таппай дүние жияды, байиды. Бірақ соның ішінен ол өзіне тиісті үлесін ғана жейді″ .

Қорқыттың ойынша ел үшін еңбек ету үлкен іс болып саналады және адам өмірін ұзартады. Жеке бастың мүддесі үшін емес, жалпы үшін қызмет ету адамның адалдығы мен қайырым-дылығын білдіреді, өмірді қызықты да, бақытты етеді. ″ Мыңғыр-ған мал жиғанмен, адам жомарт атанбайды″ .

″ Қорқыт кітабында″ да (барлығы он екі жыр) оғыз халқы-ның тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, ел билеу дәстүрі, жаугершілік заманы шебер баяндалады. Кітапта исламға дейінгі мифтік көрі-ністер басымырақ кездеседі. Оның өлімге қарсы шығуы да ислам іліміне қайшы келеді. Қорқыт Ата табиғи құқық деген ұғымды пайдаланбағанымен, оның адамдар үшін бейбіт өмір сүре алатын жер іздеуі әділетті қоғамды армандауын білдіреді. Адамдар Тәңірі берген қалыпта өмір сүруі тиіс. Бірақ адам өмірі де, табиғат та күрес пен қайшылыққа толы.

″ Қар қаншама жауғанымен жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас″ . ″ Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас″ . ″ Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман″ . Қорқыттан қалған осы бір ғибратты сөздер де оның дүниетанымдығының кеңдігі мен асқан ойшылдығын таныта алады. Мәңгілік өмір таппай, көк Тәңірісін мойындауын ол мына сөздермен қорытындылайды. ″ Тәңірі пендесінің маң-дайына не жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп өлмейді. Өлген тірілмейді, кеудеңнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді″ .

Қорқыт Ата ежелгі грек және рим стоиктерінің тағдыр заңы туралы ілімін қайталайды. Адам тағдырдың жазғанын көреді. Бірақ олар жақсы тұрмыс үшін күресе алады, дегенмен ол халықты ашық күреске шақырмайды. Адамдар өзінің шері мен мұңын әуен сазымен сыртқа шығарғанда үстерінен ауыр жүк түскендей сезінеді.

Рухани тазаруды жақтаған Қорқыт Ата ″ ат жемейтін ащы шөптің гүлденіп өспегені жақсы, адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы, атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тума-ғаны жақсы″ . ″ Күлді қаншама үйгенімен төбе болмас, қара есек-тің басына алтын жүген таққанмен тұлпар болмас″ деп артына терең мәнді ұлағатты сөздер қалдырған ол табиғат пен адамдар арасындағы үйлесімділікті, әдемілікті, саналылықты, табиғи заңдылықты қатар жырлайды. Қорқыттың бастан кешкен жеке өмір жолы мен жырлары, айтқан өсиеттері келешек ұрпаққа қалдырған орасан зор мұрасы болып табылады.

## **6.2.** Әл-Фараби қала мемлекеттердің екі түрі және оның билеушілері туралы.

**6.2.** Х ғасырдан бастап исламның саяси ілімі шеңберінде мемлекет пен саясатты зерттеу — оны нормативті-құқықтық және этикалы-философиялық тұрғыда қалыптастырды. Норма-тивті-құқықтық бағыт мұсылмандық-құқықтық теорияға сүйен-ді және басқа ілімдердің ықпалын сезінбеді. Философиялық-этикалық бағытта зерттеушілер гректің саяси философиясының дәстүрлеріне сүйенді және оны мұсылман мемлекеті — Араб халифатының ерекшеліктеріне қарай бейімдеп пайдаланды.

Орта ғасырлық араб философиясында саясат, мемлекет және билік пен құқық туралы ойлар Әбу Насыр әл-Фарабидің (870—950 жж.) еңбектерінде жан-жақты талқыланды. Саясат, мемлекет және билік арасындағы айырмашылықтарға көңіл бөлме-ген араб философтары бұл ұғымдарды синонимдер ретінде бағалап саясат пен саяси ілімнің басқа варианттарын (нұсқаларын) ұсынды. Саяси мәселелерді қарастыруда араб-мұсылман философиясы көп жағдайда ежелгі грек филосо-фиясына, әсіресе Платон, Аристотельдің көзқарастарына сүйен-ді. Саясат, олардың көпшілігі үшін өздері ″ қайырымды қала″ деп ат қойған идеалды мемлекет істері туралы ғылым болып саналды. Мұндай қалалар ретінде олар бірге тұрған, мақсаттары бір, бір басшылыққа бағынған шағын қауымнан бастап Араб халифатына дейінгі адамдар қауымдастығын түсінді. Грек дәстүрлерін мұсылманның саяси өмірімен байланыстыру араб-мұсылман философиясының барлық тармағында өз белгісін қалдырды.

Араб саяси философиясының атасы атанған әл-Фараби саяси теория қайырымды басқаруды сақтау мен оны ұйымдас-тырудың тәсілдерін, қала тұрғындарына қайырымдылық пен игіліктің қалай келетіндігін және бұл нәтижеге қандай жолмен жетуге болатындығын оқытып үйретеді деп атап көрсетті. Өзінің саяси көзқарастарын ол ″ Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы″ , ″ Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері″ және ″ Азаматтық саясат″ трактаттарында кеңірек баяндайды.

948 жылы Египетте жазылған ″ Қайырымды қала тұрғында-рының көзқарастары туралы трактат″ — әл-Фарабидің ең кемел туындыларының бірінен саналады. Ол бұл еңбегінде қала тұрғындарының бақытты өмірге қол жеткізуіне жағдай жасаған жоғары билік өнеріне көбірек көңіл бөледі. Қайырымды қала-ның қайырымды билеушісі туралы айта келіп, әл-Фараби қала тұрғындарының игілікті өмір сүруі билік өнеріне тікелей қатыс-ты деп ой түйеді. Ол өзінің қарамағындағы халыққа философия-ның ақиқат-анық қағидаларын ұғындыра білетін философ басқаратын ежелгі грек ойшылдарының ″ қайырымды қала тура-лы″ ілімін одан әрі дамытты. Аристотельдің этикалық ұстаным-дарын басшылыққа алған отырарлық ойшыл Платонның салған ізімен жүрді. Қалаларды әртүрлі категорияларға жіктеген әл-Фараби оның негізгі екі түрін қайырымды және қайырымсыз қалаларды бөліп көрсетеді.

″ Бақыт — әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат″ екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғын-дарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Қайырымды қала-ның билеушілері қала тұрғындарының мүддесі үшін қызмет етсе, қайырымсыз қала билеушілері алдымен өз мүдделерін көздейді.

″ Бақытқа жету″ еңбегінде ол ″ бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені″ деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырым-дылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, әл-Фараби бұндай қала-лардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжы-рымдайды.

Әл-Фараби ″ Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы″ трактатында қала

тұрғындарын бес топқа бөледі. Оның ойынша, ″ қайырымды қала бес түрлі адамдар тобынан құрала-ды: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан″ . Әл-Фараби ең құрметті адамдарға ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде беделге ие болғандарды жатқызады. Екінші топтағы шешендерге — діни қызметкерлерді, ақындарды, музыкант-тарды, хатшыларды сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындарды, ал өлшеушілерге-есепшілерді, дәрігерлерді, астрологтарды, математиканы оқытушыларды қосады. Әл-Фараби бойынша, байлар дегеніміз — қалада байлық табатын-дар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілер.

Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болу керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдым-дылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өне-рін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. ″ Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауын-ша басқара алады″ .

Әл-Фараби қаланы билеудің алқалық түрін де жоққа шы-ғармайды. Биліктің бұл түрі туралы ол былай деп жазады: ″ Жақсы қасиеттердің бәрін өз бойында ұштастыратын адам болмаса, бірақ бұл қасиеттер бір топ адамдардың арасында жеке-дара дарыған болса, онда бұл топтың мүшелері бірлесе отырып, әкімнің орнына ие болады, оларды жұрт жақсы бас-шылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады″ .

Әл-Фараби қоғамды мемлекеттен бөліп қарамайды. Қоғам-ның өзі адамның ағзасы сияқты ″ Қайырымды қала″ дене мүше-лерінің бәрі де тіршілік иесінің өмірін сақтау, оны анағұрлым толыққанды ету үшін бір-бірін толықтырып тұратын адамның сау тәні секілді көрінеді. Өйткені, қоғам да оның толыққанды мүшелерінен тұрады және олар да бір-бірін қажетсінеді. Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі туралы айтқан әл-Фараби ″ адамдардың әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумай-тыны сияқты қайырымдылық пен жаман әрекеттер де әуел бастан жаратылысынан дарымайды″ олар адамдардың бір-біріне деген үстемдік құруға ұмтылысынан пайда болған деген ой түйеді.

″ Қайырымды қала″ трактатында әл-Фараби әлеуметтік әді-леттілік пен еркіндікті орнықтыратын — ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды. Мұндай қоғамды ұлы ойшыл ″ әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмек-тесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын″ қоғам түрінде елестетеді. Халық-тың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады. Осындай ″ жетілдірілген қоғамда, әл-Фарабидің айтуынша бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады″ . Әл-Фараби мұндай қоғамды тумысынан табиғат берген он екі қасиеті бар ақылды, білімді, сабырлы, рухани билікті ізгілікті билікпен ұштастыратын, адам қасиеттерін бағалауға қабілетті адам басқа-руы керек дейді.

Әрбір отбасын қоғамның кішкене бөлшегі ретінде қарас-тырған әл-Фараби оның өзінің жеке мақсаты болады, бірақ бұл мақсат қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуі тиіс, яғни адамдар өзінің жеке мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруы керек дегенді айтады. Мемлекеттік билеушінің нақыл сөзінде″ ол отбасы мүшелерін (Аристотель сияқты) бірнеше бөлікке бөледі. Олар ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-ана мен балалары, мүлкі және оның иелері. Үйдің өзіне тән мақсатын қала белгілейтін ортақ мақсатқа жұмылдыруын әл-Фараби адам-дардың адамгершілік қасиеттерінің көрінісі деп есептейді. Ал адамдардың көздеген мақсаттарына жетуі оның өзіне ғана байла-нысты, шын ақыл-парасатқа, ізгілікке, игілікке тек адам ғана қабілетті, бұл адамның қолы жете алатын ең биік бағыт деп ой қозғайды ұлы ойшыл.

Адамдардың рухани жетілуінде де дін мен философияны салыстырған әл-Фараби, философия дәлелдеуді, дін сенуді қажет етеді, бірақ екеуі де адамдардың ақиқатқа жету жолына көмек бере

алады дейді. Философия мен дінді, әсіресе этиканы жақсы-лық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретін-де қараған ол, адам баласын жаратылыстың ең құндылығы, сондықтан да адамдар арасындағы өзара құрмет пен мейірбан-дықты, сыйластықты жоғары қояды.

Адамның шын бақытқа қол жеткізу тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның айтуын-ша, адам өміріндегі ″ жақсылық″ пен ″ жамандық″ құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді.

Бүкіл араб саяси философиясында саясатқа көзқарас оның адамгершілік мазмұнымен сипатталады. Осы жағынан алып қарағанда саясат ″ саяси адамгершілік философиясы″ ретінде көрінеді. Сондықтан әл-Фараби саясаттың басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды.

Қайырымды қаланың орнығуында әл-Фараби мұсылман құқығының принциптерін талап етпейді, оны ақыл-парасаттың дамуы мен қайырымдылықтың нығаюымен байланыстырады. Ол тұжырымдаған жағдайдың бәрінде мұндай қала билеушілері моральдық-этикалық қалыпқа сай болып келеді, олардың ешқайсысының исламға тікелей қатысы жоқ. Бірақ Араб халифаты заманында өмір сүрген әл-Фараби өзінің зерттеу-лерінің тақырыптық шеңберінде саясатты мұсылман құқығы доктринасымен, діни догматикасымен бір қатарға қояды. Деген-мен, грек философиясының ықпалын терең сезінген ол бұл бағытта түбірлі бетбұрыс жасамайды.

Грек философиясын мұсылман құқығы, діні және құқық-тық теориясымен байланыстырып, одан саясат туралы жалпы ілім жасауға талпыну бұл ілімнің діни-мұсылмандық сипатын білдірмейді. Әл-Фараби саясат туралы ілімді мұсылман құқы-ғымен, догматикасымен салыстыру арқылы олардың құдайлық бастауы туралы ұқсастығын емес, бұл ілімдердің адам іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы әртүрлі жақтарға тигізген әсерінің мәнін атап көрсетеді. Әл-Фарабидің саясат туралы айтқан құнды ойлары Араб шығысы мен Орта Азия елдерінде саяси-құқықтық ілімнің одан кейінгі дамуына өз ықпалын тигізе алды. Оның саяси-құқықтық идеялары орта ғасырлық және жаңа заман ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапты.

**6.3.** Ж. Баласағұн, М. Қашқари және А. Яссауи шығармала-рының саяси-идеялық мазмұны.

**6.3.** VIII—XI ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда ислам дінінің таралуына байланысты араб тілі мен жазуы кеңінен қолданыла бастады. Ірі қалаларда білім беру ісі мен ғылым дамыды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда исламның тамыр жаюынан ерте түркі сына жазуы ығысып, араб әліпбиі негізінде жаңа түркі жазуы қалыптасты. Түркі және араб тілдерінде әдеби және ғылыми шығармалар жазылды. XI—XII ғасырларда Қара-хан мемлекетінің күшеюімен бірге мәдениет те құлашын кеңге сермеді. Араб Шығысы мен Үнді-Иран және Орта Азия әлемінде аталған кезеңде әдебиет пен ғылымның, философиялық ой-пікірдің дамуына тікелей әсер еткен ақыл-ой төңкерісі болды. Мұсылмандық Ренессанс деп аталған осы дәуірде өмір сүрген Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Иүгінеки және тағы басқа ғұламалардың шығармалары мен еңбектері кеңінен мәлім болды.

XI—XII ғасырлардағы әдеби поэзиялық шығармалардың көрнектілерінің бірі Жүсіп Баласағұнның ″ Құтты білік″ (″ Қалай бақытты болу жайындағы ғылым″ ) поэмасы. Қарахан мемле-кетінің астанасы Баласағұнда 1015 жылы дүниеге келген Жүсіп сол кездегі мемлекет басшысы Сатұқ Боғраханның бас-хаджиб-мемлекеттік кеңесшісі лауазымын атқарған. Бүкіл Шығыс елдеріне данышпан, ойшыл, философ, ақын, ғылым, қоғам қай-раткері ретінде белгілі болған ол математика, философия, астрономия, тарих, тіл және тағы басқа ғылым салаларында шығармалар жазды.

Түркі тілінде жазылған ″ Құтты білік″ /1069/ поэмасы ғұламаны бүкіл әлемге танымал етті. Энциклопедиялық еңбек болып саналатын бұл дастанда саясат, мемлекетті басқару әдістері, билеушілердің әдептік ережелері, қоғамдық-саяси мәні бар нұсқаулар мен ережелер, адамдар арасындағы түрлі деңгейдегі қатынастар мәселелері жан-жақты қарастырылған. Ғұламаның негізгі қағидалары әділеттілік, ізгілік, парасаттылық, қанағат, бақыт, ақыл-сана, білімділік туралы болып келеді.

Шығарманың негізіне әртүрлі қасиетке ие төрт мемлекеттік қызметкердің өзара әңгімесі алынған. Ол әділдікке ″ Күнтолды″ (Ел басшы), Бақытқа ″ Айтолды″ (уәзір), Ақылға ″ Өдүлміш″ (уәзірдің баласы), Игілікке ″ Оғдұрмыш″ (уәзірдің інісі) есімдерін береді. Бұл қасиеттерді жеке-жеке сипаттаған автор олар бір-бірінен тәуелсіз өмір сүргенде адамды бақытқа жетелей алмайды деген қорытынды жасайды. Төртеуі бірлік пен ынтымақта болғанда ғана адамдар бақытты өмір сүре алады. Билеушінің бақыты халықпен бірге, халықтың бақыты билеушінің басты мұраты болуы тиіс. Бақыт жекелеген адамдарға ғана тән ұғым емес. Ол көпшілік сипатқа ие.

Билеушілер мен әкімдер халық мүддесімен санасып билік етсе ғана елге ұнамды болады. ″ Патша жоғарылаған сайын жүгі ауырлайды″ , ″ Мал, дүние молайса, бек те болар, хан да болар, бар байлықтан айрылса, жалғыз қалып сандалар″ , ″ Жақсы тәртіп орнат-сонда сыйлайды, опасыз халық бір уысқа сыймайды″ . Билік — мансап үшін берілген сыбаға емес. Билік жоғарылаған сайын жауапкершілік те күшейеді. Ең ауыр жүк — халық алдындағы жауапкершілікте. Билеушінің сыйлы болуы оның орнықтырған тәртібіне байланысты болмақ. Қандай бір қоғам немесе басқару түрі болмасын елдегі тыныштық пен бейбіт өмір жоғары билеуші орнатқан тәртіпке келіп тіреледі.

Ел билеу тек жақсы заңдар мен ережеден тұрмайды. Жүген-сіз кеткендер мен бұзақыларға күш қолданбаса, мемлекеттің тыныштығы мен тұтастығы сақталмайды. Билеуші әділдіктен, заңнан аттамаса ғана қоғамда сый-құрметке ие бола алады. Саясат, Баласағұнның айтуынша, мемлекетті басқарудың сан қилы әдістерін игеру, алуан мінезді қоғамды уыстан шығармау, тентекті тыйып, әлсізді қорғау, қажетті жағдайда күш те қолдана білу. ″ Саясатпен жұртын, заңын түзетер, саясатпен елін-жерін күзетер. Бұл саясат бек қақпасын зерлейді, саясатпен бектер елін жөндейді. Ел былығы саясатпен арылар, алаяқтар есебінен жаңылар″ . Икемді де, ойлы саясат мемлекеттің гүлденуі мен халық мүддесіне қызмет ете алады.

Мемлекетті басқару әдістері мен билеушінің қасиеттері туралы ақыл-кеңестерді Италияның орта ғасырлардағы мемле-кеттік қайраткері, білгір заңгері Н. Макиавеллиден бес жүз жыл бұрын айтқан Ж. Баласағұн “саясат — өнер ғана емес, ол — білім мен даналық“,— деген қорытынды жасайды. Бірақ оның ел билеу әдісі туралы көзқарасының Макиавеллиден басты айырмашылығы сол Ж. Баласағұн билеушінің қатыгездігі мен алдап-арбауын сөз етпейді. Ол ел билеуде зорлық тәсілге қарағанда халық жүрегіне жол таба білуді ұсынады. ″ Қалың елдің қарапайым жүрегі, соны білсең, сияпатың жүреді″ . Бала-сағұн халықпен үнемі араласу, оның көңіл-күйін назардан қалдырмау билеуші беделін көтереді деп есептейді. Н. Маки-авелли де саяси билікті жүзеге асырудың міндетті ережелерінің бірі қол астындағылардың сеніміне ие болу деп есептеген болатын. Бірақ ол сүйіспеншілік пен қорқыныштың біреуін ғана таңдау қажет болғанда екіншісіне басымдық берсе, Ж.Баласағұн халық жүрегіне жол табуды алдыңғы орынға қояды.

Қазіргі билік басындағылардың да Баласағұн мұраларынан үйренері көп-ақ. ″ Жай халықсыз болмайды іс те, жайлап сөйлес, жөнсіз билеп-төстеме″ . ″ Ел басшысы қадірлі болса, қалғандары да сыйлы болады″ . Бірақ бұл ережелер заңды бұзғандар мен мемлекетке опасыздық жасағандарға аяушылық жасау дегенді білдірмесе керек. Мемлекет үшін қажетті жағдай туғанда қанжар күшін де қолдануға тура келеді. ″ Қылыш елді тез бағындырады″ , ″ Қылыш ел шауып, халық құрайды, қалам қазына тауып, ел сұрайды″ , ″ Кісенді кісі қаша алмас — айдаған жаққа жүреді″ . Мемлекеттің күші зорлықта болғанымен, ол мақсатты түрде, мемлекеттің игілігі үшін қолданылса ғана ақтауға жатады. Мемлекет басшысы халықтың бақылауында болу керек. ″ Ел патшаны сақтап, құлқын түзетсін, патша елдің жанын, тәнін күзетсін″ .

Жүсіп Баласағұн әкімдердің ел билеу әдісіне көбірек көңіл бөледі. Поэмадағы ″ Билеушінің міндеттері″ деп аталатын тақы-рыпта билеушіге арналған нұсқаулар мен ережелер берілген. ″ Ел билеуге өнер керек мың түмен, сонда ғана ашылады түн-тұман″ , ″ Әлем билеу үшін зерде-тірек қой, ел билеуге керек — ақыл, жүрек, ой″ , ″ Бағынған елді баға біл, баққан елді бұйырма арзан үкімге″ , ″ Көп ойнаған әкім елін жеп бітіреді″ , ″ Ақымақ әкімнің айналасында жарамсақтар отырады, ақылды әкімнің айна-ласында ақылды адамдар отырады″ . ″ Әділ бектің заңы да жоға-ры″ , ″ Бек тәтті өмірді сүйсе, елдің күні қараңғы″ , ″ Істі білгенге тапсыр″ деген ұлағатты сөздер айтқан Баласағұн барлық бас-шыларға халыққа қызмет етуді міндет ретінде ұсынады.

Елді билеу үшін әскермен бірге зерде мен парасаттылық, ақыл мен білім және біліктілік қажет. Ол өзіңді баққан елдің әділетсіз сот үкіміне ұшырамауын, бағынышты халықты басқа-руға да өнер қажет екендігін ұғындырады. Әкім қандай болса, оның айналасындағылар да сондай. Басшының көңілінен шы-ғуға, оған жақсы көрінуге тырысқандар халықтың мүддесін емес, өзінің қарақан басын күйттейтіндер. Мемлекеттің ісі дұрыс жүруі үшін басшылық қызметке іскер адамдарды тартудың тиімділігін ескерген Баласағұн ″ Ей, бек істі тапсыр көзі қаныққа, жолмен әділ жүрерін де анықта″ деген талап та қояды.

Мемлекетті заң арқылы басқару ғана адамдардың теңдігін орнатып, ізгі қарым-қатынастар жасауға жағдай жасайды. Бала-сағұн шығармасындағы Күнтолды да (патша) заңды құрмет тұтады. Ол туралы шығарма авторы ″ заң түзелді, дүние тыншып жайланды, әділ заңмен аты аңызға айналды″ деп жазады және әділдіктің өлшемі, басшылықтың сүйеніші, мемлекеттің арқауы — әділ заң деген тұжырым жасайды.

Билеуші мен қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатына-стың реттелуі екі жаққа да байланысты болмақ. Бұл мәселеге айрықша көңіл бөлген Баласағұн халықты қоғамдағы өзгерістер-ге ықпал ете алатын күш деп білді. ″ Қара халықтың қарны тойса, тілінен ерік кетеді″ , ″ Халық тарықса, үкімет жұтайды″ , ″ Көш басы қайда барса, соңы да сонда барады″ , ″ Халық бүлінсе, саясат оны түзейді″ , ″ Әкімнің ақысы болса, қараның қақысы бар″ , ″ Уәзір жауыз болса, ел мен халық бұзылар″ . Халықтың ашуы ханды да тақтан ұшырады.

Халықтың құқы мемлекет заңымен және тәртібімен қорғалса ғана әділетсіздік болмайды.

Үкіметтің міндеті халықты қайыршылық күйге жеткізбеу. Ал бұндай жағдайды болдырмау үшін жеке адамның да, әлеуметтік топтың да мүдделері мен мінез-құлқын әрдайым зерттеп, қадағалап отыру қажет. Бұқара халықпен үнемі араласу, олардың тұрмыс жағдайын, мұң-мұқтажы мен өтініштерін ескеру билеушілердің назарынан тыс қалмауы тиіс. Әр топтың мүддесі де, қарекеті де әртүрлі, сон-дықтан да олардың әрқайсысымен сөз табысып, ортақ келісімге келу билеуші қасиеттерінің бірі.

Ж.Баласағұн аталмыш шығармасында:

″ Диқанның наны — адал,

Сен диқанмен қатынасып, аралас,

Сонда болар тәтті тағам, адал ас″ ,— десе, қолөнершілер мен саудагерлердің кәсібінің қиыншылығы мен ерекшелігін айта келіп, олармен де қалай тіл табысу керектігі жөнінде ақыл-кеңестер береді:

″ Қолөнершілер қолдарында түрлі өнер,

Қол өнерін пайдаланып күн көрер.

Бұлар да бір ең қажетті кісілер,

Жақын жүргін, көп-көп пайда түсірер.

Керуеншілерде күллі әлемнің аңсары,

Кіл асыл зат қызықтырған баршаны.

Кезбесе олар жиһанды, ұлы-кішікті.

Киер ме едің қара сусар ішікті.

Жақсы атыңды шықсын десе, сайлы бол

Мүсәпір мен керуенге жайлы бол″ .

Диқандар адал еңбегімен, маңдай терімен мемлекеттің қазы-насын молайтады, басқаларды да асырайды, қолөнершілер сұлу-лықты жасайды, ал саудагерлер керек-жарағыңның бәрін тауып береді. Олардың еңбегі қандай құрметке болса да лайық.

″ Баққан елді бұйырма арзан үкімге,

Ас-суын бер, киімін де бүтінде.

Салмағың сал есепке, алып күшін де,

Құдай сенен сұрар солар үшін де,

Бейнет беріп қинама сен оларды,

Содан құдай саған дұшпан болар-ды,

Сен басынба, бәрі құлы Алланың,

Өйтсең-өзің тозақ тілеп алғаның ″ .

Патша, уәзір, әскер басшы, қазы, хатшы, қазынашы, ғалым, қолөнерші, малшы, жұлдызшы, дәрігер және тағы басқалардың жағымды және жағымсыз қасиеттеріне сипаттама берген Жүсіп Баласағұн мемлекетте тұрақтылық пен үйлесімділік, молшылық пен бақыт, әділдік пен заңдылық үстемдік құруы үшін олардың әрқайсысының не істеу керектігін және неден тартынуы жөнінде кеңестер береді. Тәлім-тәрбиелік маңызы бар бұл шығарма сол дәуір үшін идеологиялық құжат қызметін де атқарды. Оның мақалға айналған көптеген ережелері мен сөздері бүгінгі күнге дейін мәнін жойған жоқ.

XI ғасырда Қарахан мемлекетінде өмір сүрген ірі ғұлама-лардың бірі Махмұт Қашқари. Оның әкесі Құсайын бин Мұхам-мед Мауреннахрды жаулап алушы Барсханның мемлекеттік қызметінде болған адам. Түріктердің қоғамдық өмірінің барлық жағын қамтыған әйгілі ″ Түркі тілдерінің сөздігі″ (″ Диуани лұғат-ат-түрік″ ) еңбегі оны бүкіл әлемге мәлім етті. Бүкіл түркі жерін ұзақ уақыт бойы аралаған ол түркі халықтарының тұрмыс-салты, тарихы, тілі, жазба, әдебиеті, фольклоры, кәсібі туралы құнды мәліметтер жинады. Түркі халықтарының тарихы мен ті-лін оқып үйренген Махмұт Қашқари араб және парсы елдерінің тарихы мен әдебиетін де терең меңгерді. Ұлы әдебиетші, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап зерттеуші, саяхатшы, тарихшы және ойшыл-философ сол дәуірдің саяси өмірінен де тыс қалмады.

Үлкен энциклопедиялық шығарма ″ Түркі тілдерінің сөздігі″ мемлекеттік басқару мен саяси қызмет туралы да бағалы дерек-тер береді. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста ол әдептілік, адамгершілік, ізеттілік, қайырымдылық, жағымды мінез, этика мәселелерін сөз етеді. ″ Білімді болғың келсе, дананың айтқанын тыңда″ , ″ Адам басына жел үйір, жақсы адамға сөз үйір″ , ″ Күш есіктен кірсе, әділдік түндіктен шығады″ . Даналардың айтқан сөзі адамдарды адамгершілікке, қайырымдылыққа, білімділікке жетелейді. Білімді адамдар басқалардың еңбегін құрметтейді. Елге еңбегі сіңген жақсы адамдарды жұртшылық мақтайды, өзге халыққа үлгі етеді. Зорлық жүрген жерде әділдікке орын қал-майды.

Махмұт Қашқари әкімдердің ел билеуде ақыл-парасат пен әдептілікке және кішіпейілділікке үйір болуын талап етті. ″ Ұлық болсаң — ізгілік ет″ , сонда ғана сенің қарамағыңдағы халық соңыңнан ереді, сенім білдіреді. Жағымсыз әдеттер әкімдер үшін олардың қызмет бабына сиыспайды. Ел билеуде күшке сенген-нен ақылға жүгіну әлдеқайда тиімді нәтиже береді. ″ Ақылмен арыстан ұстауға болады, ал күшпен тышқан да ұстай алмайсың″ .

Өзінің жеке басының пайдасын күйттеген әкімдер елге опа әпермейді. Әкімнің барлық іс-әрекеті халықтың көз алдында, халықтан ешнәрсені де жасыра алмайсың, қандай ауыр кезең болса да халқыңмен бірге болуды үгіттеген жинақ авторы ″ Әмір жат елден өзіне арнап сарай соқтырып қойса, бұл жаман ырым. Бұл түбі басына қиын-қыстау күн туса, қашып барып пана-лаймын дегенді білдіреді. Бұл халқының алдында жасаған сатқындығы. Өйткені, қарапайым елдің барар жер, басар тауы жоқ. Сен билеуші болғаныңмен, олардан артық емессің. Бір топырақта тудың екен, ендеше бірге өле біл″ . Ұлы ғұламаның бұл сөздері басында билік пен қазынаның бір құлағы қолында тұрғанда мемлекеттің (халықтың) байлығын оңды-солды ша-шып, шетелдерде зәулім үйлер тұрғызып, батыс елдерінде қаржысын сақтаған қазіргі күннің кейбір мемлекеттік қызмет-керлеріне де арналып айтылғандай.

Жеке бастың мүддесін ғана ойлайтын әкімдердің мұндай әрекетін олардың халыққа жасаған опасыздығына теңеген М. Қашқари қандай күн туса да өз топырағында және халқымен бірге бол деген ғибраттық сөзін арнайды. ″ Үлкен кісі шақырса, ізетпен бар — сонда бол, қуаңшылық жылында, халық қайда — сонда бол″ . Халық болмаса, сенің билігің кімге керек, билік қызметі адамдар арасындағы қарым-қатынасты тәртіптілік пен заңдылықты сақтаумен бірге, шаруашылық істерін реттеуге, әділдікті қалпына келтіруге, зорлық-зомбылықты болдырмауға да арналған. ″ Жерді тау басып ұстайды, елді бек басып ұстайды″ . Елдің елдігін сақтау, ынтымақ пен бірлікте ұстау, ел ішіндегі бассыздықты болдырмау — әкімдер назарындағы басты мәселе.

Мемлекеттің қуаттылығы мен күштілігі халықтың адал еңбегінен құралған қазынада екендігіне мән берген Махмұт Қашқари былай деп жазады ″ Мемлекеттің қазынасы халықтың табан ақысы, маңдай тері. Әмірші қазына кілтін ұстаған адамға аса сақтықпен қарағаны абзал. Алтын мен күміс бар жерде ұрлық жүрмей қоймайды. Ұрыны ұстасаң, дереу әшкере ет. Бүгін қалсаң, өзің де ұрысың″ . Ашкөздік пен тойымсыздық адамдарға туа біткен қасиеттің бірі. Ұрлық жоқшылық пен тоқшылық кезеңді таңдап жатпайды. Халық қазынасы талан-таражға түспеуі тиіс. Билеушінің міндеті ел байлығын сақтай білуінде, оны бұзғандарды аяусыз жазалауында.

Халықтық афоризмдер мен мақал- мәтелдерді жиі қолданғ-ан М. Қашқари шығармасының құндылығы осы бір асыл сөз маржандарының қазіргі күнге дейін өзгеріссіз қолданылуында. Оның ел билеу мен әкімдер, әділдік пен адалдық, парасаттылық пен қайырымдылық, заңдылық пен адамгершілік туралы айтқан өсиеттері мен нұсқауларының адамзат ұрпағына берер ғибраты да мол.

Ерте түркі дәуіріндегі ірі ойшылдардың бірі, бүкіл түркі жұртын татулыққа, имандылыққа, ізгілікке, рухани тазалыққа үндеген ұлы әулие атанған Құл Қожа Ахмет Яссауи еді. Ол XII ғасырда қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам жерінде дүниеге келді. Оның туған жылы мен өмірден қайтқан уақыты туралы әр қилы мәліметтер бар. Әкесі Ибрагим шайық пен анасы Қарашаш білімді адамдар болған. Жеті жасында, әкесінен айы-рылған Яссауи данышпан ұстаз Арыстанбабтың тәрбиесінде болып, одан алғашқы діни ілімнің сабақтарын алды. Арыстанбаб дүниеден өткен соң Бұқарадағы сопылықты кеңінен уағыздаушы Жүсіп Хамадиннің шәкірті болады. Жүсіп Хамадин Бағдат қаласында ислам ілімінің білгірі Шайық Әбу Ысқақ Шираздан дәріс алып, фикх ілімі-мұсылман құқықтарының ғұламасы атанған.

Бұқара қаласында терең білім алған Қожа Ахмет сопы-лықтың ″ Ақиқатты тану жолына″ үйрету құқығына рұқсат — ″ Иршад″ алып Иасы қаласына келеді және бұнда өзінің сопы-лық мектебін ашады. Сопылық — адам жанының тазалығы туралы ілім. Ол — ислам дінінің рухы, мәні, сайып келгенде, исламның синонимі, яғни, сананың өсуінің, жан тазарып, ар-ұят оянуының, рухани жетілудің белгісі. ″ Сопылықты жүрекпен ғана сезесің″ , демек, сопылықтың не екенін жүрегін оята алған адам ғана түсіне алады. Сопыларға ортақ қасиет — адалдық, мейі-рімділік, қанағат, шынайы ізгілік, Алланы сүю, адамды сүю, арлы және адал болу.

Яссауидің басты еңбегі ″ Диуани хикмет″ (″ Даналық кітабы″ ) түркі тілінде жазылған рухани және гуманистік бағыттағы кітап. Шығарманың негізгі мазмұны да сопылық жолындағы мұсыл-мандық ілімнің қағидаларын жүзеге асырудың, оларды күнде-лікті өмірде әрдайым қабылдау мен орындаудың әдіс-тәсілдерін үйретуге арналған. Сопылық ілімнің ауыр да қиын болатынын айта келіп Қожа Ахмет осы жолдан өтуді табанды түрде талап етеді. Бұл мақсатқа жету үшін төрт сатыдан өту керектігі айтылады. Олар: 1) шариғат; 2) тариқат; 3) мағрипат; 4) ақиқат. Бұндағы айтылған әр сатының өз тұрағы да бар. Бұл туралы ғұлама:

″ Өтті ғұмырым, шариғатқа жете алмадым,

Шариғатсыз тарихатқа жете алмадым,

Ақиқатсыз мағрипатқа жете алмадым,

Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар.

Тариқаттың жолы болар ауыр азап,

Бұл жолда талай ғашық болды топырақ.

Ақиқаттың мәнісіне жеткен кісі,

Естен танып, күйіп-жанып, іші-тысы" ,—

деп жырлайды және қиын жолдары туралы ескертеді.

Яссауидің айтпағы дүниені танып білу үшін әртүрлі талап-тарды орындау керек, адам сонда ғана ақиқатты түсіне алады, яғни ғұламаның сөзімен айтсақ" , өзіңді танығаның ақиқатты танығаның" .

" Диуани хикмет" ислам дінінің негізгі қағидаларын түркі халықтарының жүрегіне жеткізген құнды еңбек.

" Менің хикметтерім-құдіретті бір пір,

Естігендердің көңілі толқып ұйып тұр.

Тірі болса бұл жаһанда қор болмас;

Оқыған пенделер еш нәрседен зар болмас.

Менің хикметіме қойса кім бас,

Өлерінде болсын иманы жолдас

Яссауи хикметін даналар естісін.

Естіген жандар мұратына жетсін.

Ахмет Яссауи адам мен қоғам мәселелеріне де айрықша на-зар аударған. Ислам дінінің өнегелікке, таным-болмысқа қаты-сты ақыл-ой, парасат туралы құндылықтарын кең насихаттаған ол бұқара халыққа үстемдік құрған әмірлердің, бектердің, қазылардың әділетсіз істерін сынайды, бұл дүниенің жалған-дығын айтады. Оның сопылық ілімінің басты мақсаты адамды жетілдіру, адам бітіміне тән кейбір жағымсыз әдеттерді сынау. Сондықтан да Яссауи құдай атынан парасаттылыққа, әділдікке, тазалыққа үндейді. Оның ілімінде адамгершілік ойлары дін арқылы түсіндіріледі. " Кімде-кім жамандық жасаса, ол күнәдан арыла алмайды, кімде-кім жақсылық жасаса, ол құдайдың сүйіктісі болады" . Жамандықты жасаушы адамдар, оны алла да жақтырмайды.

Адамдардың барлығы құдай алдында тең. Олардың теңсіздігі адамдардың жағымсыз іс-әрекеттерінен туындаған. Ахмет Яссауи адам бойында кездесетін тойымсыздық, ашкөздік, екіжүзділік, даңққұмарлық, надандық сияқты жаман қасиеттердің болаты-нына өкініш білдіреді, мұндай жағымсыз әдеттерден арылуға шақырады, адамдарды бір-бірін құрметтеуге, көмектесуге, жақ-сылық жасауға үндейді.

" Дүниені мүлкім деген сұлтандарға,

Әлем малын сансыз жиып алғандарға,

Он өмір дүние-малын жиса-дағы,

Өлім келсе бірі де опа болмайды екен.

Сол жақсы өз жерінде патша болса,

Әділ болып, бір момынды қазы қылса,

Сол қазы барша елді разы қылса,

Ризалықпен жұмақ үйін алады екен″ .

Ел билеушілері халықты әділдікпен басқаруы тиіс. Арам жолмен жиылған мал-мүлік дүние болып табылмайды, жазықсыз жандардың көз жасын құдай кешірмейді. Жақсы патша ғана халқын разы ете алады. Мұндай патшаларға жұмақтан орын да дайын. Даналық пен татулықты жырлаған ″ Диуани хикмет″ шығармасы адам өмірінің барлық жағын қамтыған құнды еңбек.

Оның хикметтерін қарапайым халық қалада да, далада да ауызша таратты. Дала көшпелілері ″ Даналық кітабын″ Құранмен тең санады, оның авторын тірі кезінде-ақ адамдар әулие санады. Оның Отаны — Түркістан ″ Кіші Мекке″ атанды.

## 7- тақырып.

## Қайта өрлеу мен Реформация дәуіріндегі саяси-құқықтық ілімдер

### 7.1. Дәуірдің басты ерекшеліктері мен белгілері және саяси-құқықтық ілімнің жаңа сипаты.

**7.1.** Қайта өрлеу мен Реформация — әлемдік орта ғасырлық тарихтағы ең ірі және маңызды оқиғалардың бірі. Европаның көптеген елдерін қамтыған бұл дәуір өзінің әлеуметтік-тарихи мәні жөнінен ескі орта ғасырлық дүниенің шаңырағын шай-қалтқан антифеодалдық, ерте буржуазиялық құбылыс болып танылды. Қайта өрлеу мен Реформацияның басты мазмұны — шексіз үстемдікке ие болған, мызғымастай болып көрінген феодалдық тұрмыс-салттан бас тарту және адамдардың тұрмыс-тіршілігіне қажетті жаңа көріністер мен қажеттіліктерді орнату еді. Дәуірдің бұл мазмұны Батыс Европаның түрлі елдерінде олардың ұлттық ерекшеліктеріне және оқиғалардың даму сипатына қарай үнемі өзгеріп және дамып отырды.

Қайта өрлеу дәуірі туралы әңгіме болғанда, зерттеушілер рим-католик шіркеуі мен ол қорғаған діннің дағдарысқа ұшы-рауы және ойлаудың гуманистік мәдениет, өнер және дүниеге көзқарас туралы антисхолостикалық түрінің қалыптасуы туралы айтады. Ал Реформация болса, діннің жеңілдетілген формасы мен феодалдық құрылысқа қарсы өзінің әлеуметтік табиғаты жағынан буржуазиялық қозғалысты бар күшімен қорғаған католик дініне қарсы шығуды және оның діни орталығы Рим папасының үстемдігіне қарсы күресуді білдіреді.

Қайта өрлеу мен Реформация дәуіріне феодалдық қаты-настардан қол үзу, ерте капиталистік қатынастардың пайда бо-луы, қоғамның буржуазиялық топтарының беделінің артуы, діни ілімдерді қайта қарау (кейбір жағдайларда жоққа шығару) жал-пыға тән ортақ белгілер еді.

Қайта өрлеу мен Реформация қайраткерлері өздерінің ілім-дері мен көзқарастарында антикалық кезеңнің рухани мұрасына сүйенді және оны үнемі тиімді пайдалана білді. Бұл дәуірдің идеологтары өздері қажетсінген мемлекет, құқық, саясат, заң туралы түсініктерді антикалық өркениеттің бай қазынасынан сарқа пайдаланып қана қойған жоқ. Олардың антикалық дәуірдің асыл мұрасына аса зор көңіл бөлуі феодалдық қоғам доктринасы мен католик шіркеуінің заңдастырған саяси-заңдық тәртібі мен үстемдігіне қарсылық білдіруі және оны жоққа шығаруы еді. Осы дәуір қайраткерлерінің өздерінің алдарында тұрған міндеттерді шешуде антикалық мемлекеттану мұраларын іздестіруі, теориялық-құқықтық құрылымдарына сүйенуі кез-дейсоқтық емес-тін.

Орта ғасырлық консервативтік-зорлықшыл иедологиямен күресте әлеуметтік-философиялық көзқарастың жаңа жүйесі қалыптасты. Оның басты мазмұны — адамның өзіндік құнды-лығы туралы ойды қалыптастыру қажеттілігі, адамның өзін-өзі билеуі мен қадір-қасиетін мойындауы, адамның еркін дамуына қажетті жағдай жасауы, әркімге өз еңбегі мен күші арқылы бақыттарын табуына мүмкіндік беруі болды.

Қоғамның қозғаушы күші ретінде еңбектің ролі атап көрсе-тілді, адамдардың іс-әрекет белсенділігі мен ақыл-ойдың тәуел-сіздігі туралы идеялар басым сипатқа ие болды. Еркіндік пен бостандық табиғи құқықтың ажырамас бөлігі ретінде қара-стырыла бастады. Бұл дүниеде адамның өз тағдырына өзі ие бола алатындығы туралы пікірлер буржуазиялық қатынастардың дамуына ықпал етті.

Қайта өрлеу дүниетанымында адам тағдыры оның тектілігі, атағы, қоғамдағы билеуші орны арқылы емес, оның жеке қасиеті мен іскерлігі, белсенділігі, игілікті істері мен ойлары арқылы анықталуы тиіс деп есептелді. Адамның ең басты қасиеті — азаматтылығы мен жалпы игілікке аянбай қызмет етуі туралы тезис үлкен мәнге ие болды. Жалпы игілік туралы ұғымға теңдік пен әділдік принциптеріне негізделген мемлекеттің республика-лық құрылымы теңестірілді. Әділдік пен теңдік кепілдігі ретінде заңдар шығару мен оны орындау айтылды. Қайта өрлеу дүние-танымында антикалық қоғамдық келісім концепциясы одан әрі жаңартылды. Сонық көмегімен

мемлекеттің пайда болу себебі мен мемлекеттік биліктің қажеттілігі түсіндірілді.

Реформация қайраткерлерінің көзқарастарында адамның өзіндік құндылығы едәуір басқаша қаралды. Яғни бұл туралы жазушы Пико делла Мирондол ″ Адамның адамгершілігі туралы еңбегінде″ ″ адамның ғажап, көтеріңкі мақсаты бар, ол сол мақсатына ұмтылады, ол өзінің қалағанына жетуі тиіс. Адамды әлемнің заңдарын түсіну оның сұлулығын сүю, оның құдірет-тілігіне таң қалу үшін құдай жаратты. Адам өз еркімен өседі және жетіле алады″ деп көрсетті. Бірақ адамдардың өміріндегі маңызды мәселелерді шешуде өз құқықтары мен бостандықтары мойындалғанмен, реформациялық саяси-құқықтық ойдың бас-ты қайнар көздері — қасиетті кітаптар, Библия және Жаңа Өси-ет болды.

Қайта өрлеу мен Реформация дәуірінің саяси-құқықтық ілімінің негізгі белгісі VI—XIII ғасырлардағы шіркеулік-феодал-дық ой-көзқарасқа қарама-қарсы идеялары — оның шын сипа-ты болып табылады. Қала мәдениеті мен ой-танымында көріне бастаған бұл нышан Қайта өрлеу дәуірінде одан әрі дамытылды.

Қала байлары мен көпестері және шіркеудің ақшалай табыстарын бөлісуге ұмтылған феодалдардың бір тобы ақыл-ой еңбеккерлерінің қызметіне мұқтаж болды, өйткені олар өздерінің шығармаларымен байлардың өмірін жандандыруы тиіс еді. Саяси қызмет пен басқару ісінде де билік адамдары шебер дипломаттарға, ақылды кеңесшілерге, іс-жүргізушілерге, олар-дың ісін ақтайтын және қорғайтын заңгерлерге деген зәрулікті сезінді.

XVI—XVII ғасырлардағы жаратылыстану ғылымындағы та-быстар да феодалдық-шіркеулік дүниетаным мен схоластикаға қарсы күресте туып келе жатқан жаңа топ өкілдерінің мүддесін қорғады. Осындай өзгерістер нәтижесінде саяси-құқықтық ойды зерттеудің жаңа әдістері жасалынып, оны одан әрі дамытудың негізін қалаған жаңа идеялар мен көзқарастар пайда болды. Саяси-құқықтық ойдың бұл өрісі келесі жүз жылдықтарда үздік-сіз жалғаса және ұлғая келе саяси ғылымның бүгінгі таңдағы жетістіктеріне жеткізді.

Алдыңғы қатарлы философиялық және саяси-құқықтық ой өкілдері орта ғасырлық схоластика мен дүниетанымға қарсы кү-рес жүргізе отырып саяси ойдың одан әрі дамуындағы кедергі-лерді жойды және қоғам туралы бұрынғы дәуірге қарағанда неғұрлым дұрыс жалпы теориялық ұғымдардың қалыптасуына ықпал етті. Бұның өзі ғылымды схоластикалық ой-пікірден тазартып қоғам және адам табиғатын танып-білуге жол ашты.

Қайта өрлеу мен реформация дәуіріндегі саяси-құқықтық ойдың үш бағытта дамығандығын байқау қиын емес. Оның біріншісі — мемлекет пен саясаттағы жаңа көзқарасты анық-тайтын таза үлгідегі саяси ілім (Н. Макиавелли, Ж. Боден), екін-шісі — католик шіркеуінің ықпалынан шығуға ұмтылған гуманистік идеялар (М. Лютер, Т. Мюнцер, Ж. Кальвин), үшін-шісі — антибуржуазиялық утопист-социалистердің саяси-құқық-тық ойлары (Т. Мор, Т. Кампанелла).

Алғашқы утопиялық ілім жүйесі XVI ғасырдың басында пайда болды. Оның тұңғыш өкілі Томас Мор (1478—1535) Лон-дон адвокатының отбасында дүниеге келді. Оксфорд универ-ситетінде терең білім алған ол бірқатар жоғары мемлекеттік лауазымды қызметтер атқарды. Оның ″ Утопия″ (1516) атты шығармасында ойдан шығарылған Утопия аралындағы қоғамдық құрылыс адамзат тарихындағы алғашқы мінсіз қоғам ретінде дәріптеліп, Англияның сол кездегі феодалдық тәртібі аяусыз сынға ұшырады.

Мордың айтуынша, жеке меншік бар жерде әлеуметтік тіршілікті жандандыру мүмкін емес. Ол аталған шығармасында ″ жеке меншік бар жерде, дүниенің бәрі ақшамен өлшенетін жерде мемлекеттік істердің дұрыс және ойдағыдай атқарылуы мүмкін бола алар ма еді″ деп жазды. Оның пікірінше, Утопия аралындағы әлеуметтік және саяси тәртіптер қоғамдық меншік-ке, жалпыға бірдей еңбек ету міндеттілігіне, әлеуметтік және саяси теңдікке негізделген. Арал тұрғындары ешқандай жетіс-пеушілікті сезінбейді, адамды адамның қанауы болмайды, олардың киімдері де бірдей, сән-салтанат пен ысырапшылдыққа және артықшылыққа жол берілмейді.

Бір ғажабы Утопияда құлдық институты бар. Құлдар лас және ауыр жұмыстарды атқаруы тиіс. Олардың қатары соғыс тұтқындарынан, қылмыскерлерден, өлім жазасына кесілгендер-ден тұрады. Аралдың барлық тұрғындары егіншілікпен және қолөнермен айналысады, әр отбасының тапқан табысы қоғам-дық қорға өткізіледі. Әркім одан өзінің қажеттілігіне қарай ғана алып отырады.

Утопия аралында бұқаралық билік сайланбалы негізде құрылған. Әрбір 30 отбасы лауазымды тұлға-филорхты, 10 фи-лорх — бір протофилорхты сайлайды. Ал филорхтар арнайы жиналыста жасырын дауыспен мемлекет басшысы — принцепсті сайлайды. Утопиядағы маңызды істерді принцепс бір жылға сай-ланатын сенаттың қатысуымен шешеді.

Итальян ойшылы Томмазо Кампанелланың (1568—1639) ″ Күн қаласы″ шығармасында әлеуметтік теңсіздік пен жеке мен-шікті жою, өндіріс пен бөлісті әділетті түрде қоғамдық негізде ұйымдастыру, еңбекті құрметті және барлық адам үшін міндетті деп тану туралы ойлар қамтылған. Кампанелла өз шығармасын солярийдің қала-мемлекеттік тұрмыс-тіршілігін және қоғамдық өмірін сипаттаудан бастайды. Олардың бұқаралық билік жүйесі үш тармақтан тұрады. Бірінші — әскери іс, екіншісі — ғылым, үшіншісі — өндіріс саласы. Оның әрқайсысын өз атына лайық үш билеуші (Күш, Даналық, Сүйіспеншілік) басқарады, ал оларға өз кезегінде үш бастықтан бағынады. Ең жоғары билікте — бас билеуші Метафизик тұрады. Барлық мәселелер мен дауларда соңғы шешім шығару соның қолында.

Солярийлердің үйлері, киімдері, тамақтары, шұғылданатын кәсіптері, қызығушылықтары, мүдделері тіпті бос уақыттар мен ойлары да бірдей. Барлығы да бірдей еңбек етеді, бірдей білім алады және демалады. Олардың ұсақ-түйек тіршіліктеріне дейін бәрі есептелген. Тіпті жаңа туған сәбидің де аты кездейсоқ қойылмайды. Әрбір адамның қайталанбас ерекшелігі, қызығу-шылығы, белсенділігі, ой еркіндігі ерекше құндылыққа ие емес. Бұнда мемлекет мүддесі ғана басымдыққа ие.

Утопист–социалистердің аталған шығармаларында адам бос-тандығы мен еркіндігі, құқықтары, олардың кепілдігі туралы мардымды ештеңе айтылмайды. Және олар өз шығармаларында көрсетілген қоғамдық өмірді қалай орнату керектігі, басқару формасы мен саяси режим туралы ой қозғамайды. Дегенмен, олардың мінсіз мемлекет пен қоғам туралы ой-пікірлерінің теориялық негізсіздігіне, қиялилығына қарамастан одан кейінгі социалистік ілімдердің қалыптасуына ықпалын тигізді.

Қайта өрлеу мен Реформация дәуіріндегі саяси-құқықтық ойдың гуманистік сипатта болуы да католиктік шіркеудің үстемдігі мен қыспағынан құтылуға ұмтылған адамдардың еркіндік, бостандық туралы көзқарастарының жаңа мәнге ие болуына ықпал етті. Бұл дәуірдегі идеялар мен көзқарастардың өзіндік ерекшелігі мен әртүрлілігі және жаңа мазмұнға ие болуы жаңа замандағы саяси-құқықтық ойдың қалыптасуына әсер етті.

## **7.2.** Реформацияның саяси-құқықтық идеялары.

**7.2.** XVI ғасырдың I-ші жартысында Батыс және Орталық Европада өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаты жөнінен антифеодалдық, ал идеологиялық формасы жөнінен діни (католик шіркеуіне қарсы) қоғамдық қозғалыс кең қанат жайды. Бұл қозғалыстың басты мақсаты — рим-католик шірке-уінің ресми доктринасына түзету енгізу, шіркеу құрылымын өзгерту және мемлекет пен шіркеу арасындағы өзара қарым-қатынасты қайта құру болып табылатындықтан, бұл қозғалыс реформация деген атқа ие болды. Европалық реформацияның басты орталығы Германияда болды.

Реформацияны жақтаушылар екі лагерьге бөлінді. Оның біріншісіне — оппозицияның дәулетті топтары — кіші дворян-дар, қаланың бай тұрғындары (бюргерлік), ақсүйек князьдардың бір бөлігі кірді. Қаланың бай тұрғындарын жетекшілік еткен бұл топтағылар кішігірім реформа жасауды ғана ұсынды. Шаруалар мен қаланың төменгі тұрғындарын қамтыған екінші топтағылар болашаққа кеңірек жол ашатын, әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге негіз болатын революциялық талаптар қойды. Рефор-мация қозғалысына қоғамның әртүрлі топтарының қатысуы олардың ұстанған саяси бағдарламалары мен мемлекет, құқық және заң туралы ойларының әртүрлілігінен де айқын көрінеді.

Реформация қозғалысының бастамасын жасаушы және ірі қайраткері немістің діни ғалымы Мартин Лютер болды. Бүкіл Германияны дүр сілкіндірген реформацияның саяси-құқықтық және діни ұранын Мартин Лютер жасаған болатын. Оның 1517 жылғы қарашада 95 тезистен тұратын күнәні кешіретін грамо-таларға қарсы шығуы реформациялық қозғалыстың бастамасын салып берді. Мартин Лютердің саяси-құқықтық жүйедегі көзқарасын жақсы түсіну үшін 1-ден, оның XVI ғасырдың 20-жылдарының өзінде-ақ Реформацияның революциялық лагеріне қарсы болғандығын, 2-ден оның өзінің ұстанған мақсаты мен ол айтқан тарихи идеялардың арасындағы айырмашылықты ескеру қажет.

М. Лютер шіркеу мен дін иелері адам мен құдай арасындағы делдалдық қызметті атқара алмайды, адамдар шіркеу қызмет-керлерінсіз-ақ қандай да бір наным мен сенімге ие бола алады деп жариялады. Ол сонымен бірге шіркеу иелерінің өздерін құдайдың жердегі елшісіміз деп санайтын даурықпалары мен адам жанын тазарта және күнәләрін кешірте аламыз дейтін сандырақтарының жалғандығын әшкере етті. М. Лютер адам өз жанының тазаруына және күнәсінің кешірілуіне шіркеу немесе діни әдет-ғұрыптардың көмегі арқылы емес, құдайдың өзі тіке-лей орнатқан нанымның көмегі арқылы жете алады деп есептеді.

Шіркеу мен дін иелерінің жалған әрекеттері мен үстемдігін әшкерелеуде Лютер діни ақиқаттың түп қазығы болып табы-латын Қасиетті кітаптың алғашқы нұсқаларын пайдаланды. Оның айтуынша, діни ақиқаттың шындығы католиктік ілім уағыздайтын шіркеудің қаулылары мен папалық декреттер емес, Қасиетті кітап болып табылады.

М. Лютер ілімінің басты қағидасы — адам сену арқылы ғана қорғаныш таба алады деген тезисі болып табылады. Әрбір сену-ші өзінің жасаған әрекеттері үшін құдай алдында өздері ғана жауап береді және бұл кезде дін иелерінің көмегінің қажеті жоқ. Рим папасынан шаруаға дейінгі барлық адам құдай алдында бірдей. М. Лютердің бұл қағидасы теңдік туралы ерте буржуазия-лық ең алғашқы ұсыныс болды. Лютердің айтуынша, құдай жолын ұстану, христиандық өмір салтын кешу әркімнің жан дүниесіне байланысты бейбіт тәртіпке негізделуі тиіс. Ал бұл тәртіп құдай заңдары арқылы емес, ақсүйектік билік мекеме-лерінің қолдауы арқылы табиғи түрде жүзеге асуы керек.

Адамның ішкі жан-дүние бостандығы мен діни сенімі мемлекет заңынан тысқары болуы тиіс. Мемлекет билеушілері өздерін халықтың билеушісі емес, қызметшісі ретінде сезінуі керек деп есептеді М. Лютер. Бірақ ол мемлекеттің демократия-лық құрылымы туралы ойдан аулақ болды. Ол бұқара халықты билеушіге бағынуды және оған қарсы көтеріліс жасамауға шақырды.

М. Лютердің саяси-құқықтық көзқарасында қарама-қайшы-лықтар да болмай қойған жоқ. Шіркеудің үстемдігін мойында-мау және мемлекеттің папалықтан тәуелсіздігі туралы оның идеялары жергілікті князьдық абсолютизмге қызмет етті. Ол өз ілімін қоғамдағы саяси және әлеуметтік өмірді қайта жаңарта-тындай бағытта дамытпады. Ол монархиялық формадағы мемлекетті хрситиандық өмірге қажетті тәртіпті орнықтырушы ретінде қарады. Оның айтуынша, тәртіп орнатуды кез-келген түрдегі мемлекеттер атқара алады, сондықтан да христиандықтың ішкі діндарлығы қоғамдық қатынастарды ешбір өзгертпей-ақ берік қалыптасқан жүйені талап ете алады.

Реформацияның революциялық лагерінің көсемі Томас Мюнцер қозғалысқа қатысушыларды қанау тәртіптерінің бар-лық түріне қарсы аянбай күресуге, әлеуметтік теңсіздік пен шіркеудің зорлығына қарсы шығуға шақырды. Бұл күрестің ең жоғары дәуірлеген кезеңі Германиядағы 1524—1526 жылдардағы шаруалар соғысы болатын.

Шаруалар көтерілісіне қатысушылардың әлеуметтік және саяси-құқықтық идеялары ″ 12-бап″ пен ″ Баптар бойынша жа-зылған хатта″ айқын көрініс тапты. Бұның алғашқы құжатында көтеріліске қатысушылардың бейбіт ойлары мен феодалдық езгіні жеңілдету жолдары қарастырылған. Олар кіші десятина-ның (салық түрі) жойылуын талап ете отырып, құжаттың екінші бабы үлкен десятина қоғамдық қажеттерге жұмсалған жағдайда ғана негіз болады деп тапты. Қауымның пайдаланатын жерлерін қайтарып беру туралы шаруалардың талаптары көрсетілген бап-тар да көтеріліске қатысушылардың басты талаптарының бірі болды. Крепостнойлық тәртіпті жою туралы айтылған үшінші бап құжаттың ең батыл талаптарының бірінен саналды.

Мюнцердің тікелей қатысуымен шыққан ″ Баптар бойынша жазылған хатта″ халықтың қайыршылық жағдайда одан әрі өмір сүруінің мүмкін емес екендігі айтылды. ″ Осы кезеңге дейін шір-кеу мен өкіметтің тарапынан адам айтқысыз ауыртпалық көріп, жапа шеккен халық бас қосып толық азаттыққа жетуі керек″ . Ал бұл міндеттерді шешу аталған құжатта ″ Жалпыға пайдалы принциптердің негізінде өмірді жаңартып, қайта құру мақса-тымен барлық езілген халық бас қосып біріккен жағдайда ғана жүзеге асырылады″ деп атап көрсетілді.

Мюнцердің айтуынша, бұл мақсатқа қан төгіссіз жету мүмкін емес. Билікті қолдарына алған қарапайым халық қана әділдік орната алады. Ал ″ жалпыға бірдей пайданың″ қамын ой-ламай, өз мүддесін ғана күйттейтіндердің барлығы ″ бұл қоғам-нан шеттетілуі тиіс″ . Өйткені, көпшілік мүддесі үшін қызмет етпейтіндер қоғамның басқа мүшелері келтірген пайдадан рақат көруі тиіс емес.

″ Құдайсыздарды билік тағынан тайдырып″ , олардың орнына қарапайым халық өкілдерін отырғызу үшін ″ қанжардың күші″ қажет болады деп мәлімдеді Мюнцер. Бұл болмай қоймайтын құбылыс және заңды болып табылады. ″ Қанжардың күші″ жаңа құрылымда да қажет болады, деп есептеді ол, өйткені ескі өмірді аңсаушылардың қашан да кек қайтаруға ұмтылуы ғажап емес.

Өздерінің әділетті деп санаған тәртібін орнатқан халық ″ құ-дай берген құқыққа″ сәйкес өздеріне тиісті қажеттіліктің бәрін алуы керек. Республикалық идеяның белгілері кездесетін ″ бар-лық өкімет билігін халық қолына беру″ принципі Мюнцер көз-қарасының ең жоғарғы шегі болатын. Бұдан Мюнцер бағдар-ламасының демократиялығы да айқын көрінеді.

Реформациялық қозғалыстың көрнекті идеологы және ық-палды қайраткерлерінің бірі Жан Кальвин (1509—1564) болды. Францияда туып өскен ол Женеваға 1536 жылы келді және осы кезде Базель қаласында өзінің атақты ″ Христиан дініндегі өсиет″ шығармасын жарыққа шығарды. Бұл шығарманың діңгегі — құдайдың адам тағдырын алдын-ала белгілеп қоюы туралы догматы еді. Бұл ілім бойынша құдай біреулердің бұл дүниеде бақытты өмір кешетіндігін, ал басқалардың азапты өмір сүре-тіндігін күні бұрын белгілеп қояды.

Кальвин бойынша тағдыр жазмышы ешкімнің де жеке әре-кетіне байланысты емес және ешкім де

өзінің болашақ тағдырын болжап біле алмайды, ешкім де оны өзгерте алмайды. Оның айтуынша, байлық та, кедейлік те, сәттілік пен сәтсіздік те құдайға шын ниетімен сенуді айқындайтын сынақ болып табылады. Адамдардың барлығы да өзінің әлеуметтік және лауа-зымдық жағдайына қарамай өздерін құдайдың құлымын деп ұғынуы тиіс. Және оны аянбай еңбек етіп жақсы нәтижелерімен дәлелдеуге міндетті.

Еңбек етуді құрметті және қажетті шарт ретінде дәріптеген кальвиндік ілім адамдарды ыждағаттылық пен ұқыптылыққа үйретті. Оның тағдырдың жазмышы туралы теориясы белсенді әрекет жасауға себеп болды. Тағдырда бәрі де күні бұрын бол-жанып қойылады дейтін теория қағидаларының тұрғысынан алып қарағанда, ақсүйектік пен әртүрлі сословиелер арасындағы айырмашылықтар өз маңызын жояды. Өйткені, бұлар адамның тумысынан пайда болмақшы қабілеттерін күні бұрын белгілеп бере алмайды. Осылайша, кальвиндік ілім өсімқорлар мен ерте буржуазиялық қоғамның неғұрлым белсенді әрекетшіл бөлігі ретінде оның саяси өміріне билік жүргізу құқықтарын діни тұрғыдан бекітіп берді.

Кальвиннің шіркеу құрылымы туралы реформасы да ерте буржуазиялық сипатта болды. Католиктік шіркеуді құрудың мо-нархиялық принципіне қарама-қарсы кальвиндік шіркеу республикалық негіздерге сүйеніп құрылды. Шіркеулік қауымды дәулетті адамдардан сайланған старшиндер (пресвитерлер) басқарды. Пресвитерлер уағыздаушылармен бірге консистория-ны құрды. Бұл ұйым қауымның бүкіл діни өміріне басшылық етті.

Кальвин мемлекет және билік мәселелері жөнінде асығы-стық жасамады. Феодалдық-монархиялық топтарды олардың жасаған зорлық-зомбылығы мен әділетсіздігі үшін сынаған ол, барлық мемлекеттік билікті құдайлық деп жар салды. Билеу-шінің немесе өкіметтің тирандық режим орнатып құдай заңда-рын орындамағаны және шіркеуді қорлағаны үшін олар ерте ме, кеш пе құдайдың жазасына ұшырайды және бұл жазалау өздерінің қол астындағылардың күшімен орындалуы мүмкін. Бірақ, Кальвин тирандыққа қарсылық жасауға жеке адамдар емес, тек шіркеу немесе Бас штаттар сияқты өкілдігі бар орган-дар ғана құқылы деп есептеді. Мұның өзінде де тирандықты жою жолындағы ашық күрес ең әуелі күрестің жария формалары мен бейбіт түріндегі қарсылықтары түгел пайдаланып біткенде ғана қолданылуы тиіс.

Кальвиндік идеология тарихта елеулі роль атқарды. Ол Батыс Европадағы алғашқы Нидерланды буржуазиялық рево-люциясының жеңіске жетуіне және елде республиканың орнауына ықпал етті. Кальвиндік иедология негізінде Англия мен Шотландияда республикалық партиялар құрылды. Реформа-цияның басқа да идеялық ағымдарымен бірге кальвинизм XVII—XVIII ғасырлардағы буржуазияның саяси-құқықтық көз-қарасының негізін дамытуға септігін тигізді.

**7.3.** Никола Макиавеллидің мемлекет және саясат туралы ілімі.

**7.3.** Қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілі буржуазиялық саяси ілімнің негізін қалаушы Никола Макиавелли саяси қайраткер, дипломат және тарихшы ретінде де кеңінен танылды. Мемлекет және құқық концепциясы тарихында оның саяси идеялары қарама-қайшылықтар мен жаңа ізденістерге толы болды. Оның мемлекет пен қоғам дамуы туралы көзқарастарын жақтаушылар мен сынаушылардың көптігі, олардың бұл мәселе-дегі даулы айтыстары да Макиавелли еңбегінің қыр-сырын одан әрі анықтай алады.

1469 жылы Италияның Флоренция қаласында заңгер отба-сында дүниеге келген Никола жас кезінен бастап-ақ құқықтану негіздерімен еркін таныса алды. Қаржы қиындығынан универ-ситеттегі оқуын толық аяқтай алмаған ол оқуға деген құштар-лығы мен ізденісінің нәтижесінде өздігінше оқып ғылымның әртүрлі саласы бойынша терең білім алады. 1498 жылы Флорен-ция республикасы екінші канцеляриясының хатшысы болып тағайындалады. Бұл қызметте 14 жыл бойы жұмыс істеген ол Флоренция республикасында әртүрлі мемлекеттік істермен шұғылданады, осы дәуірдегі көрнекті саяси қайраткерлермен жүздеседі. Саяси іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

Басқа елдер мен Италияның әртүрлі қала-мемлекеттерінде дипломатиялық сапармен болған Макиавелли бұл елдердің мемлекеттік басқару істерімен тереңірек танысады. Осы жылдар аралығында Н. Макиавелли үкіметтік жарлықтар мен заңдарды дайындауға қатысумен бірге мыңдаған әртүрлі деңгейдегі хаттар мен ұсыныстар жазады. Қызмет бабында үлкен тәжірибе жинақтаған ол мемлекет және саясат мәселелері жөнінде мем-лекет басшысының сенімді көмекшісі және кеңесшісіне айна-лады.

1512 жылы Флоренция республикасының құлауына байла-нысты бірге бүкіл үкімет құрамымен бірге ол да қызметсіз қалады және оған қандай да бір мемлекеттік іспен айналысуына тиым салынады. Саяси және мемлекеттік қызметтен шеттетілген ол бұдан кейінгі өмірін әдеби шығармашылыққа арнайды. 1513 жылы ″ Патша″ , ″ Тит Ливийдің бірінші онкүндігі″ , 1519 жылы ″ Әскери өнер туралы″ , 1520 жылы ″ Флоренция тарихы″ және тағы басқа еңбектерін жазады.

Макиавеллидің мемлекет және саясат туралы іліміндегі ма-ңызды жаңалығы саясат саласын жеке ғылым ретінде көрсетуге тырысу идеясы болып табылады. Бұл салада орасан зор тәжірибе жинақтаған ол саясат қоғамдық өмірдің бөлек саласы болып табылады деген қорытынды жасайды. Ол қоғамдық өмірді түрлі мақсаттары және оларды іске асырудағы мүмкіндіктері бір-біріне ұқсамайтын көптеген әлеуметтік күштер мен әрқилы мүдде-лердің қақтығысы ретінде қарастырады. Оның айтуынша саясат — адам еркіне бағынышты жанды қозғалыс, дауылды стихия, күштер арасындағы күрес, олардың үздіксіз қақтығысы, қай-шылықтардың шешімі, өзгерістер мен қайта құрулар.

Макиавелли саяси оқиғаларға баға беру мен саясаттың аясы туралы идеяларында іс жүзіндегі саясат пен саясат теориясын қосуға ұмтылды. Оның пікірі бойынша, саясат түрлі әлеуметтік күштердің билік үшін, оны ұстап тұру және пайдалану жөніндегі күрес аймағы. Мұнда түрлі күштердің ең айлалысы және ең ұтқыры ғана жеңіске жетеді, адамгершілік саяси мақсатқа бағындырылады. Саясат пен билік аймағы — күрестің ерекше заңдары бар ортасы. Билік үшін күресте барлық құралды пайдалану заңы қарсыласты жеңу мақсатында қолданылады. Макиавеллидің бұл идеясы билік тарихын зерттеу тәжірибесінен алынған.

Саясаттың жеке билік үшін күресте әлдекімдердің құйтыр-қы әрекеті болатындығын одан бұрынғы ойшылдар да білген болатын. Бірақ оны алғаш рет ресми түрде қыр-сырын үңіле зерттеген Макиавелли еді. Оның өмір сүрген дәуірі Италияның саяси бытыраңқылығы, өзара тартыс-таластар, жат елдік басқын-шылармен күрес, шіркеудің мемлекет ісіне араласуы да оның мемлекеттегі билік жүргізуші мен оның қол астындағылардың қарым-қатынастарын зерттеуге итермеледі. Оның мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі де сол замандағы тарихи оқиғалардың шымылдық артындағы ″ сценарийлерін″ , оны жасаушылар мен режиссерларын, бірінші рольді

орындаушыларын, негізгі күш-тердің механизмдері мен тетіктерін зерттеуге, әрқилы құбылыс-тар мен процестерді жақсы білуі де саяси-құқықтық ойдың асыл қазынасын жасауына көмектесті.

Макиавеллидің айтуынша, әлемде теңдей дәреже шамасында қайырымдылық пен жауыздық, әділдік пен зұлымдық бар, бірақ олар бір елден екінші елге жылжи отырып, өздерінің географиялық бағытын өзгертуі мүмкін. Яғни, бір елде қайырым-дылық пен әділдік үстем болса, екінші елде жауыздық пен зұлымдық басым болады. Мемлекет тарихында бұл процесс әдет-ғұрып пен мінездің және басқа да факторлардың ықпа-лымен үнемі өзгеріп отырады. Бірақ әлемдегі жақсылық пен жамандықтың жалпы жиынтығы өзгеріссіз қалады.

Макиавеллидің саясат саласындағы ең басты еңбегі — ″ Патша″ шығармасы мемлекет басындағы адамдардың ел билеуде басшылыққа алуына арналған әртүрлі кеңестер мен ұсыныстар және қағидалар берілген туынды болып табылады. Ол бұл шығармасында Италияны біріктіретін диктаторға қажет қасиет-терді ежіктеп көрсетеді. Макиавелли елді біріктіру мен билік мақсатына жету үшін барлық амал-айланы қолдануға, яғни қол астындағыларды алдауға, өтірік айтуға, уәдені аяққа басуға, зұлымдыққа баруға, адамдарды қырып-жоюға, қатал тәртіп пен күш қолдануға және опасыздық жасауға да болады деп үйретті. Бұл үшін, ол билеушінің бойында арыстан мен түлкінің қасиеттері қатар болуы және өтірік пен екіжүзділіктің ұлы өнерін терең меңгеруі керек деп тапты.

Оның айтуынша, билеушіде табиғат пен адамның қасиеттері қатар жинақталуы қажет. Аңдардың қасиеттерін айтқанда ол арыстан мен түлкінің қылықтарын үйренуге жөн сілтеді. ″ Егер князь аңдардың әдіс-тәсілдерін үйренуге мәжбүр болса, онда олардың арасынан түлкі мен арыстанды таңдауы керек, өйткені, арыстан жыланнан, ал түлкі қасқырдан қорғана алмайды. Сондықтан да жыланмен күресу үшін түлкі, ал қасқырды жеңу үшін арыстан болу керек, тек арыстан болғандар істің мәнін түсіне алмайды″ деп жазды Макиавелли.

Итальян ойшылының пікірінше, билеуші өз іс-әрекеттерінде дұрыс деп тапқан әдістер мен шараларды қолдана алады. Ал, бұл мақсатта бұрынғы айтылған уәделер мен анттар бұзылса, әдептілік қағидалары мен адамгершілік принциптері аяққа тапталса, азаматтық бостандық шеттетіліп ескерілмей қалса, онда тұрған ештеңе де жоқ. Билеуші оған бас ауыртып көңіл бөлмеуі керек. Өйтпеген жағдайда саясатта мақсатқа жету қиынырақққа соғады. ″ Макиавеллизм″ деген атқа ие болған оның бұл ілімі саясат пен билікте өз мақсатына қалай жетсең де дұрыс деген қағиданың пайда болуына әкелді. Оның бұл көзқарастары феодалдық және буржуазиялық билеушілердің арасында кеңінен таралды. Макиавеллидің бұл ілімін қазіргі кезде де қолданатындар бар.

Дегенмен Макиавеллиді зұлымдық пен құйтырқы саясатты ғана уағыздаушы деп түсіну қателік болар еді. Ол ел билеу мен саяси мақсатқа жетудің бұл әдіс-амалдарын жеке бастың мүддесі үшін емес, мемлекет, қоғам игілігі үшін, елдің тұтастығы мен бірлігі, қуаттылығы және тыныштығы үшін қолдануға кеңес береді. Ол ең алдымен өз заманының патриоты, гуманисі, адал ұлы болды. Оның теориясы, концепциясы, көзқарастары — сол дәуірдің саяси жағдайын бейнелейтін еді. Саясат саласында ол ешқашан да зорлықты, азғындықты, жақтаған жоқ. Керісінше, ол билеуші, саясаткер халықтың пікірімен санасуы керек деп есептеді. Егер саясаткер зорлыққа сүйенсе, ол оның жеке мақсаты болмауы керек. Оның айтуынша, зорлықтың мақсаты қирату емес, бүліншілікті қалпына келтіру. Кез-келген зорлық әрекетті мемлекет мүддесі үшін жасалған ғана ақтауға болады.

Макиавелли саяси билікті жүзеге асырудың міндетті ереже-лерінің бірі қол астындағылардың сеніміне ие болу керек екендігін жақсы түсінді. Жақсы билеушінің басты қасиеттерінің бірі халық сеніміне ие бола білуі деп есептеді. Халық билеушінің билік қызметін жүргізуіне кедергі жасамауы үшін, олар билеу-шіге толық бағынышты болуы да қажет. Макиавеллидің айтуын-ша, халықты өзіне толық бағынышты етудің екі жолы бар. Оның біріншісі — халықтың билеушіге деген сүйспеншілігі, екіншісі — оның алдында қорқынышта болу. Бұның қайсысы тиімді және қолайлы деген мәселеде Макиавелли ″ сүйіспеншілік пен қорқы-ныш бір мезгілде болғанда тиімді нәтиже берер еді, бірақ сүйіс-пеншілік қорқынышпен сіңісе алмайды, ал осылардың біреуін таңдау

қажет болғанда, қорқынышты таңдау тиімдірек болады″ деген қорытындыға келеді.

Қол астындағыларды өзіне мүлтіксіз бағынышты ету үшін билеуші ең қатал және ауыр шараларды ғана пайдаланып қой-май, ең бастысы айламен билей білуі керек. Макиавелли қаталдық соғыс және төтенше жағдайларда ғана емес, бейбіт уақытта да қажет деп есептейді. Мысалы, мемлекеттік билік жаулары мен сатқындардың көзін жойып отыру билеушінің міндеті болып саналады. Олардың алдында билеушінің жауап-кершілік міндеті болуының қажеті жоқ. ″ Билеуші сотқа бағы-нышты емес″ .

″ Патша″ шығармасында Макиавелли ″ билеуші қандай әдіс-термен мемлекетті басқара алады және билікті ұстап тұрады″ деген сұраққа ″ биліктің мықты негізін қалау″ арқылы қол жеткізуге болады деп жауап береді. Оның айтуынша, қандай да бір мемлекет болсын, биліктің негізі жақсы заңдар бола алмайды, мықты әскер бар жерде ғана жақсы заңдар өмір сүре алады. Күшті мемлекет пен мықты биліктің өмір сүруі мемлекет-тік басқару аппаратына да тікелей байланысты болмақ. Билеуші өзі құрған мемлекеттік аппарат арқылы ғана бүкіл елге билігін жүргізе алады. Билеуші елдегі саяси биліктің әлдебіреулердің де қолында болуына ешқашанда жол бермеуі тиіс.

Мемлекеттің басқару формалары туралы ойларында Маки-авелли антикалық заманнан сақталып келе жатқан Платонның, Аристотельдің және Полибийдің еңбектерінде көрініс тапқан классификацияларды дұрыс көреді. Ол Полибийдің басқарудың үш дұрыс формасы — монархия, аристократия, демократиясын және үш дұрыс емес формасы — тирания, олигархия және охлократияны бөліп қарайды. Оның алғашқы үшеуі басқарудың жетілген, соңғы үшеуі жетілмеген формасы болып есептелінеді.

Макиавеллидің көзқарасы бойынша, мемлекеттің шын мәнінде таза күйіндегі жақсы немесе жаман формалары болмай-ды. Дұрыс формалар тарихи жағдайлар мен міндеттерге, оқиға-ларға қатыстылығымен ғана дұрыс форма болуы мүмкін. Ол мемлекеттік басқару формасының бір түрден екінші түрге ауысу заңдылығы туралы антикалық ойшылдардың пікірімен келіседі. Оның ұғымынша, формалардың алмасу заңдылығы төмендегідей реттілікпен өтеді. Монархия тиранияға айналады, тиранияға қарсы қастандық аристократияның жеңісіне әкеледі, аристок-ратияның эволюциялық дамуы билік басындағы бай адамдардың олигархиясына жеткізеді. Бай билеушілердің жүгенсіз әрекеттері халық наразылығын туғызып, ол олигархияны құлатумен және демократияны орнатумен аяқталады. Демократия өз кезегінде тобыр билігі — охлократияға ұласады. Охлократиялық биліктен жәбір көрген халық монархиядан әділдік күтеді және осылай жалғаса береді.

Мемлекет формаларының бұлайша алмасуын Макиавелли күштер арақатынасының нәтижесі деп есептейді. Ол мемлекеттік формалардың ең тұрақтысы және сыртқы қауіп төнген шақта диктаторлық биліктің енгізілуін жақтаған ежелгі Рим тарихынан мысалдар келтіреді және бейімдеп қолдануды ұсынады.

Макиавелли тарихқа орта ғасырлық саяси-құқықтық түсінікті өзгертуші, Қайта өрлеудің саяси доктринасын жасаушы ретінде енді. Оның ілімі саяси ғылымның одан кейінгі дамуына орасан зор ықпал етті. Италия ойшылының еңбектері саяси даналық пен саяси тәжірибенің өзінен кейінгі дәуірге жинақ-таған энциклопедиясы.

## 8-тақырып.

## Ерте буржуазиялық саяси-құқықтық ілімдер

### **8.1.** Ерте буржуазиялық саяси-құқықтық ойдың негізгі бағыттары.

**8.1.** Феодалдық қатынастардың ыдырай бастауы мен жаңа өндірістік қатынастардың пайда болуы Европа елдерінде бір мезгілде жүрген жоқ. Бұған әрбір елдің сол кездегі саяси құрылысымен қатар қалалардың өсуі мен сауданың дамуы және жаңа әлеуметтік топ-буржуазияның пайда болуы едәуір дәрежеде әсерін тигізді.

Голландия XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасыр-дың бас кезінде ерте буржуазиялық қатынастар жетілген елдер-дің бірі болды. Феодалдық-монархиялық Испания үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық күрес нәтижесінде Голландияда тұңғыш рет жаңа әлеуметтік топ — буржуазия билік басына келді және буржуазиялық республика орнады. Әлемдік тарихта бұрын қол-данылмаған басқарудың жаңа формасы Европаның феодалдық монархиялы мемлекеттерінің қарсылығын туғызды. Билік дәмін енді тата бастаған буржуазия өкілдеріне сыртқы күштерге арқа сүйеген топ өкілдерімен саяси күреске түсуіне тура келді. Саяси күрес, негізінен, буржуазиялық партия мен оранжистік партия арасында өрбіді. Мемлекет басшысы штатгальтерлікті мұрагер-лікпен иеленіп келген Оранский әулетінің өкілдері буржуазия-лық қатынастардың одан әрі дамуын қаламады.

Елді Испания езгісінен азат етуде кальвинизм маңызды роль атқарғанымен орта топтың едәуір бөлігінің қолдауына ие болған олар республикалық партияға қарсы күрес жүргізді. Ой еркіндігі мен діни сенім бостандығына қарсы бағытталған жаңа саясат кальвинизм шіркеуінің мүдделеріне қайшы келді. Діни ілім мен дін қағидаларына және шіркеудің рухани үстемдігіне қарсы кү-ресте жаңа саяси-құқықтық ойлар пісіп жетілді.

XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы фео-дализм мен абсолютизмге күйрете соққы берді, көптеген феодал-дық тәртіптерді жойып, конституциялық монархияға жол ашты, республикалық басқаруды орнатты және капиталистік қатынас-тардың кең өркен жаюына мүмкіндік жасады.

Ағылшын революциясы өзіндік сипаты мен ерекшелігі жа-ғынан белгілі болды. Революцияның негізгі қозғаушы күші бол-ған қала буржуазиясы жаңа дворяндар-джентрилермен одақтаса білді. Революция жағында сонымен бірге қала кедейлері мен ұсақ буржуазия және шаруалар күресті. Феодалдық-абсолюттік құрылысты жақтаушылар қатарында ескі дворяндар мен ағыл-шын шіркеуінің жоғары басшылығы болды.

Революцияға қатысқан әрбір қоғамдық топ өздерінің саяси бағдарламалары мен талаптарын қойды. Олардың бұл бағдар-ламалары мен талаптары өзінің теориялық құрылымы мен мазмұны және әлеуметтік-таптық мүдделері жағынан бір-біріне мүлдем ұқсамады. Идеялары мен көзқарастары бойынша оларды дін ғана біріктірді. Халықты діни сенім арқылы ғана соңдарынан ерте алатынын білген олар діннің көлеңкелі тұстары мен като-ликтік ағылшын шіркеуінің үстемдігін, шіркеудің ″ нағыз шын-дықтан″ ауытқуын пайдалана білді. Өйткені, халықтың ақыл-ойы ғасырлар бойы дінмен ғана ″ коректендіріліп″ келген бола-тын.

Лондонның бай көпестері мен банкирлері және буржуазия-ланған дворяндар тобының мүддесін пресвитериандардың діни-саяси партиясы қолдады. Олар өздерінің идеологиясы ретінде кальвинистік реформация ілімін пайдаланды. Орта буржуазия мен оларға қосылған джентрийлердің (жаңа дворяндар) позиция-сын индепенденттер білдірді. Левеллерлер (″ теңестірушілер″ ) қа-лалық ұсақ буржуазиямен және шаруалармен байланысты еді.

Пресвитериандар конституциялық монархияны, шіркеуге аздаған реформа жасауды, король билігін шектеуді қолдаса, индепенденттер республикалық құрылысты, шіркеудің жерін тәркілеуді, саудаға байланысты кедергілерді жоюды, шіркеуге кең көлемде реформа жүргізуді ұсынды.

Индепенденттердің ал-ғашқы кездегі көсемдерінің бірі — О. Кромвель болды. Индепенденттердің көзқарастары Дж. Мильтон, О. Сидней, Дж. Гар-рингтон және тағы басқалардың еңбектерінде көрініс тапты.

Джон Лильберн көсемі және идеологы болған левеллерлер партиясы сайлау жүйесін демократияландыруды, сауданың то-лық бостандығын, барлығының заң алдында тең болуын, парла-мент өкілдігін кеңейтуді және халық билігінің егемендігін талап етті. Бірақ левеллерлер сайлауға халықтың ең төменгі тобының қатысуын дұрыс көрмеді және жеке меншікке қарсы болмады. Олардың саяси бағдарламасынан буржуазиялық революциялық демократияның тұжырымдамасы айқын көрінді.

**1648 жылы левеллерлер екіге бөлінді, олардан ″ нағыз левел-лерлер″ — диггерлер (″ жер қазушылар″ ) бөлектенді. Олар жерсіз шаруалар мен қаланың кедей жұмысшыларына арқа сүйеді және қанаудың барлық түрі мен жеке меншікті жоюды талап етті. Диггерлер қозғалысының көсемі және теоретигі Джерард Уин-стэнли ″ Бостондық заңы″ еңбегінде табиғи құқыққа ие жеке меншік — еңбексіз табыстың көзі болып табылады, сондықтан да жеке меншікті жою қажет болады деп есептеді. Жеке меншік-ке қол сұққан диггерлерді буржуазиялық республиканың армия-сы қуып таратты. Нидерланды және ағылшын революциясы мен одан кейінгі жылдардағы саяси-құқықтық ойдың даму бағыты ағылшынның көрнекті ойшылдары Томас Гоббс пен Джон Лок-тың және Голландияның әлем таныған ойшылдары Гуго Гро-ций мен Барух Спинозаның еңбектерінен айқын көрінді.**

**8.2.** Гуго Гроций мен Барух Спинозаның мемлекет және құқық туралы ілімі.

**8.2.** Гуго Гроций жаңа заманның (табиғи және халықаралық құқықтың) мемлекет және құқық туралы ерте буржуазиялық ілімінің негізін қалаушылардың бірі, Голландияның әйгілі заңге-рі және саяси ойшылы. Ол жан-жақты білім алған, мемлекет және құқық тарихы, соғыс және бейбітшілік мәселелері және ғылымның басқа да салалары бойынша 90-нан астам өнімді ең-бек жазған талантты автор. Оның басты еңбегі мемлекет, саясат, құқық мәселелері туралы кең көлемді шығармалары ″ Соғыс және бейбітшілік құқығы туралы″ , ″ Ерікті теңіз туралы″ , ″ Табиғи құқықтар мен халықтар құқығы″ , сонымен бірге бұқаралық құқық принциптері түсіндірілетін үш кітабында толығырақ қам-тылды.

Жаңа қалыптасқан буржуазиялық құқықтық көзқарастың алғашқы өкілдерінің бірі ретінде Г. Гроций феодализмнен капи-тализмге өту және буржуазиялық қоғамның орнығу дәуіріндегі мемлекеттік форманың ішкі өмірі мен халықаралық қарым-қа-тынас принциптерін құқықтық тұрғыдан түсіндіруге және оны ғылыми талдауға ұмтылды. Алдына қойған мақсатына жету жо-лында Г. Гроций таңдаған тақырыптарын соңына дейін түсіндіре алу үшін әртүрлі жағдайда не істеуге болатындығын, оларды қалай шешу керектігін саясаттан тыс әділдік пен құқық негі-зінде шешуді ұсынды.

Құқықтану саласы Гроций үшін құқық және әділдік, ал саяси ғылым мақсаттылық пен пайда мәселелері болып табы-лады. Ол құқықтануға ″ ғылыми форма″ беру үшін оның табиғат-тан пайда болуы мен қолдан жасалу шекарасын анықтау керек-тігін айтады. Өйткені, қолдан жасалған құқықтар уақыт ағымы-на қарай өзгермелі келеді (мысалы, мемлекеттің келісім арқылы орнығуы, мемлекеттік заңдар, халықтар құқығы және т.б.), ал табиғаттан шыққан құқықтар яғни, табиғи құқықтар барлық уақытта өз күйінде қалады. Сондықтан ол заңтануда өзінің ерік қайнар көзі бар ″ табиғи, өзгеріссіз″ бөлігін басқалардан айыра білу қажеттігін атап көрсетеді.

Гроций табиғи құқықты бұл жерде ″ салауатты ақылдың жа-зылып қойылуы″ деп түсіндіреді. Осы анықтама бойынша адам-ның саналы табиғаттағы өзіне лайықты немесе қайшылықты әрекеттері масқаралық немесе моральды қажеттілік іс болып есептеледі. Осылайша табиғи құқық табиғаттың өзінде не істеуге болатындығын немесе не істеуге болмайтындығын анықтайтын өлшем ретінде көрінеді. Яғни, табиғи құқық құдай мен патша-лардың өздері бекіткен рұқсат мен тиым салу нормалары болып табылмайды. Ол табиғаттың біреуге берген сыйы, басқаның оған араласуына болмайды, ол мәңгілік және өзгермейді, оны тіпті құдайдың өзі де өзгерте алмайды.

Құқық зорлық-зомбылықтың болу қатерінен құтылу үшін күштілердің қорқынышынан пайда болған және ол күштілерге ғана пайдалы, әділдік солардың ғана мүддесін қорғайды деген ұғымға қарсы бола отырып, Г. Гроций өзінің шарт концепция-сында мемлекеттің шығуы мен оның заңдары табиғи құқықтың болмай қоймайтын тұрмыстық нәтижесі екендігін дәлелдеуге тырысты. Оның айтуынша адамдар арасындағы келісімді сақтау қажеттігінен немесе олардың қандай да бір қауымдастыққа кіруі және бірінің екіншісіне бағынышты болуынан, олардың өзара ауызекі уәделері болу себептерінен мемлекет ішіндегі құқықтар пайда болған. Саяси салада табиғи жағдайдан ″ азаматтық қоғам-ға″ және мемлекетке өту кезеңінде әділдіктің құқықтық прин-ципіне мүдденің саяси принципі қосылады.

Адамдардың әділдікті күшпен мойындауы туралы ережесі әлсіздердің өз құқықтарын ұлғайту және болашақта олардың да күштілермен бір қатарға тұру ниеттеріне жету үшін өз құқық-тарын пайдалануға жағдай жасайтын заңдар мен тәртіп норма-лары болып табылады, яғни Гроций бойынша ″ құқық күштінің ғана еркі″ .

Гроцийдің ежелгі грек софистерінен шығатын бұл тезисі құқықты жасауды емес, оны сыртқы құралдар арқылы нақты жүзеге асыруды, адамдардың келісімі арқылы құрылған мекеме-лер мен талаптарды, мемлекетті, заңдарды және т.б. білдіреді Оның айтуынша ″ мемлекет — ерікті адамдардың жалпы мүдде-лері мен құқықтарын қорғау үшін құрылған одағы″ , оның шы-

ғармаларында адамдардың мемлекетке дейінгі өмірі ″ табиғи жағ-дай″ ретінде сипатталады.

Адамдардың түрлі кәсіппен, қолөнермен, өнермен шұғыл-дануы, бұрынғыдан әдемірек тұруға тырысуы алдымен жылжы-малы мүлікке, кейіннен жылжымайтын мүлік арасында өзара бөліске алып келді. Дамудың осындай нәтижесінде жеке меншік-тің пайда болуын Г. Гроций олардың ″ әлдебір келісімі″ немесе ұғынуы, әлде олардың үнсіз иеленуі, яғни, олардың әрқайсы-сының өздеріне алып үлгерген меншіктеріне бәрінің келісуі деп түсіндіреді.

Табиғи құқықтың іске асуының ішкі логикасы және табиғи даму қалпының сыртқы-оқиғалық жақтары ″ адамдардың мемле-кетке бірігуіне″ әкелді, олар құдай әмірімен емес, адамдардың өмір тәжірибесі мен олардың әділетсіздікке қарсы жеке дара күресінің әлсіздігінен ерікті түрде бірікті. Мемлекеттік билік те өзінің түп-тамырын осыдан алады. Г. Гроций қағидасы бойынша мемлекет өзінің әлеуметтік мағынасы жөнінен көпшіліктің аз-шылыққа қарсы келісімі, әлсіздер мен қаналушылардың күшті-лер мен дәулеттілерге қарсы одағы ретінде көрінеді.

Г. Гроцийдің саяси-құқықтық ілімінің едәуір бөлігі халықа-ралық қатынастарға, әлемдік бейбітшілік мәселелеріне арналған. Ол бүгінгі күннің ең маңызды мәселесі бостандық пен бейбіт-шілік мәселесі деп есептеді. Халықаралық қатынастарды, әсіресе соғыс және бейбітшілік мәселелерін құқықтық реттеу мен бекіту қажеттігі туралы ой айтқан Г. Гроций соғыс пен құқықтың сәй-кессіздігі туралы кең тараған түсінікті сынға алды. Оның айту-ынша, соғыс табиғи құқыққа қайшы келмейді, өйткені ″ әркім табиғи түрде өз құқығын қорғаушы, сол үшін де біздерге қол бе-рілген″ . Соғысқа, сондай-ақ, құдай заңы бойынша да, халықтар заңы бойынша да тиым салынбаған. Бірақ Гроцийдің көзқарасы барлық соғыстың әділетті екендігін білдірмейді.

Соғысты әділетті және әділетсіз деп бөлген ол, ″ барлық соғыстың басталуы құқықтың бұзылу салдары″ деп түсіндіреді. Әділетті соғыс деп Г. Гроций қорғаныс, мемлекеттің тұтастығын сақтау және дүние-мүлікті қорғау соғыстарын, ал әділетсіз соғыстар деп басқыншылық, басқаның дүниесін тартып алу, басқа халықтарды бағындыру жолындағы соғыстарды айтады. Ол әділетсіз соғысты жүргізушілер ″ өздерінің жасаған зұлымдық әрекеттері мен зардаптарынан болған шығынды″ төлеуге тиіс деп есептеді. Олар соғыстың барлық ауыртпалығы мен зардаптары үшін адамзат алдында жауапты. Оның әлемдік қауымдастықтың жаңа түрін қалыптастырудағы халықаралық құқық туралы еңбектері оған ″ халықаралық құқықтың атасы″ деген атақ берді.

Гуго Гроций ″ Ерікті теңіз туралы″ (1609) еңбегінде ″ теңіздің еріктілігі″ теориясын сол кездегі халықаралық жағдайдың тәжі-рибесін пайдалана отырып жан-жақты негіздеп берді. Оның бұл теориясы голландиялық көпестер олигархиясының отарлық және сыртқы сау-дадағы үстемдік жағдайын заң жағынан бекітті және мемлекеттердің өзара шарттық қарым-қатынастарының принципіне негізделген теорияны анықтады. Оның құқықтық концепциялары сол заман үшін прогресшіл болғанымен, саяси көзқарастары туралы бұлай деп айта қою қиын. Мемлекеттік өкіметті ол өкілді органдар мен монархтарға тиісті деп санады, ал халық билігі мен оның қажеттілігі туралы ештеңе айтпады. Ол халықтың өмір сүріп тұрған билік формасына қарсы көтеріліс жасау құқығын тек тирандық билікке қарсы, бүкіл ұлтты азапқа салу мен құртып жіберу жоспарына қарсы ерекше жағдайда ғана қолдануға болады деп есептеді.

Ерте буржуазиялық саяси және құқықтық ілімнің дамуына сондай-ақ қоғам, мемлекет, билік мәселелеріне XVII ғасырда өмір сүрген Голландияның ұлы философы және саяси ойшылы Барух (Бенедикт) Спиноза қомақты үлес қосты. Оның саяси-құқықтық тақырыптағы басты еңбектері ″ Діни-саяси толғау″ , ″ Саяси трактат″ , ″ Декарт философиясының қағидалары″ , ″ Гео-метриялық әдіспен дәлелденген этика″ .

Қажеттілік үшін пайда болатын табиғат құбылыстарын тану-дың ең тиімді, ең оңай жолы ретінде Спиноза дедуктивті-акси-омалық математикалық тәсілді ұсынды. Оның философиялық ілімі бойынша барлық материалдық денелер мен құбылыстарды біріктіретін ұғым түпнегіз болып табылады. Осы түпнегізді ізде-уді Спиноза себептіліктен табуға тырысады. Осындай көзқараста

болған ол табиғаттың да, адам өмірінің де себептілік заңына ба-ғынышты екенін дәлелдеу үшін ойлаудың математикалық тәсілін қолданады. Оның айтуынша, ″ адамдар өзін дүниеге кел-ген күннен бастап еріктімін″ деп санайды, бірақ шындығында олай емес. Өйткені, адамдардың күнделікті іс-әрекеттері де себепті-лікке бағынады. Себептілік бар жерде заңдылық бар.

Спиноза ″ Діни-саяси толғау″ трактатында Библияның ғы-лыми сынының негізін салды. ″ Екі ақиқат″ концепциясын бас-шылыққа алған ол нағыз шындықты танып білуде Библияның көмегі шамалы деп есептеді. Оның айтуынша, адамдардың шын-дықты тек Библия мен шіркеу догмаларынан ғана іздеуі олардың адасуына және өздерінің құқықтарын пайдалана алмауына әкеліп соғады.

Шындықты іздеудің бірден-бір жолы Спиноза ілімі бойынша ақыл-ой мен сана ғана болып табылады. Ал мемлекет және құқық мәселелерін қарастырғанда оны танудың сол сала-дағы өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет деп есептеді. Ол бар-лық ″ мүмкін заттарды″ ″ заңдылық арқылы дәлелденетін″ және ″ ешбір жағдайда дәлелдеуге келмейтін моральдық ақиқат″ негі-зінде қабылданатындар деп екіге бөлді. Спиноза табиғат заңда-рын адам санасы жете алған құдай шешімі ретінде сипаттайды. Оның табиғи құқық туралы тұжырымы да табиғат заңын осылай түсінудің нәтижесі екендігінен білу қиын емес.

Спиноза бойынша адам — табиғаттың бір бөлшегі — адамға және барлық табиғатқа табиғи заңдылықтар мен қажеттіліктер бірдей дәрежеде тән болып табылады. Табиғи құқық ешкім қажет етпейтін және ешкім істей алмайтын нәрсеге ғана тиым салады. Табиғат дүниесі және табиғи құқықтар бойынша адам-дар бір-біріне жау.

Спинозаның айтуынша табиғи жағдайда (адамдар, таби-ғаттың басқа да тіршілік иелері, ақылды, ақылсыз, күшті, әлсіз) барлық нәрсенің өз қалауы бойынша бүкіл тіршілігі бірдей және сондай негізде құқыққа ие болуы жағынан да тең дәрежеде. Бірақ бұл табиғи құқықтардың көлемі мен мазмұны әртүрлі адамдарда (басқа да тіршілік иелерінде) олардың дене мөлшері мен күшіне қарай әртүрлі болып келеді. Бірақ барлық адам үшін жалпы құқық орнықпаған табиғи жағдайда олардың қауіпсіз өмірі мен мақсат-мүдделерін жүзеге асыруы мүмкін емес. Таби-ғат және табиғи қажеттіліктің өзі адамдардың қиын жағдайдан шығу мүмкіндіктерінің жолын қарастырған. Яғни, жалпы үйле-сімділікпен адамдардың қоғамға және мемлекетке бірігуіне жағ-дай жасалынып отырады.

Спинозаның ойынша саясат туралы бұрынғы ілім авторлар қателігі адам табиғатын зерттеудегі адамдарды табиғи күйінде емес, оларды өздерінен қалай көргісі келгендігінен болып табы-лады. Осындай қателік салдарынан олар саясат теориясын жасай алмады да, армандаған ″ алтын ғасыры″ мен ″ Күн қалалары″ сол заманда жүзеге аспады.

Адамзат тарихының тәжірибесіне сілтеме жасай отырып, Спиноза барлық адамдар әрдайым бір-бірімен қарым-қатынаста болып, белгілі бір азаматтық жағдайда қатар өмір сүреді деп атап көрсетті. Сондықтан да мемлекеттің табиғи негізі мен себебін ақыл-сананың нәтижесінен емес, жалпы табиғаттан немесе адам-дар қатарынан іздеу керектігін айтады.

Азаматтық қоғамның айрықша белгісі — жоғары биліктің, яғни мемлекеттің бар болуы. Бұл жерде жоғары билік ретінде мемлекеттің егемендігі туралы айтылып отыр. Спинозаның мем-лекеттік шарт теориясының басты ерекшелігі, ″ әркімнің азамат-тық қоғамдағы табиғи құқығы тоқтатылмайды″ , өйткені, адам-дар табиғи немесе азаматтық қоғамда болсын табиғат заңдары бойынша әрекет етеді, өздерінің мүддесін ойлайды, сондай-ақ оларды қорқыныш пен үміт сезімі билейді. Азаматтық қоғамда мемлекет бекіткен табиғи құқықтар әрекет етеді, яғни барлық адам үшін жалпы заңдар мен тұрмыс заңдары, жалпы кепілдік пен қауіпсіздік кепілдігі пайда болады, барлығы бір ғана жоғары биліктен қорқады.

Жоғары билік барлық адам басшылыққа алатын мемле-кеттің жалпы рухы боп танылады. Жоғары

билік қана жеке және барлық адамдар үшін ненің қайырымды немесе қайырымсыз, не нәрсе жаман, не нәрсе жақсы, әділдік қайсы, әділетсіздік қайсы, нені істеуге болады және болмайтындығын шеше алады. Жоғары билік өкілдігі заңдар шығару, түсінік беру, заңның күшін жою, әділ сот, лауазымды адамдарды сайлау, соғыс пен бейбітшілік және т.б. мемлекеттік істерді шешу болып табылады.

Жоғары билік дегеніміз — Спиноза бойынша ″ ешқандай заңмен байланыспау, бірақ бәрі де оған бағынуы тиіс, әрі жоға-ры биліктің барлық заңдарын, тіпті ақылға қонбайтын шешім-дерін де сөзсіз орындауға тиісті″ .

(Спиноза ілім авторларының адам табиғатын зерттеудегі қа-телігі мынада — олар адамдарды табиғи күшінде емес, өздері ой-лаған күйде көруге тырысты.)

Спинозаның ″ жеке азаматтық құқығы″ әркімнің жоғары би-лік жарлығымен белгіленген дәулетін сақтау бостандығы мен оны мемлекет арқылы қорғай алуы болып сипатталады. Жеке азамат-тық құқық жоғары биліктің азаматтық қоғам жағдайында жеке тұлғаларға берген рұқсаты болып табылады. Мемлекет рұқсат еткен табиғи құқықтардан басқасын пайдалануы қылмыс болып саналады.

Спиноза адам бостандығын рұқсат ету шегімен емес, оның ақылға қонымдылығымен анықтауды ұсынады. Өйткені, адам бостандығы табиғи қажеттіліктерді тани білу шекарасының негізінде ғана мүмкін деп есептейді. ″ Ерік пен сана — бір нәрсе″ деп атап көрсетті Спиноза. Бұл концепция бойынша саналы ерік қана еркін бола алады. Адам өзінің саналы ақылымен әрекет етсе ғана еркін болады. Өйткені, ол өзінің әрекеттерін соған қажетті біліммен ғана іске асырады.

Мемлекеттің түпкі мақсаты да адамдарды қорқыныштан арылту, олардың қауіпсіздігі мен табиғи құқықтарын өзіне және басқаларға зиян келтірмей қорғай білу. Мемлекеттің өзін сақтау мақсатында жасаған ақылға сыйымсыз әрекеттері, яғни адам-дардың табиғи құқықтарын кейбір жағдайда бұзуы немесе қорғай алмауы қылмыс болып табылмайды. Өйткені, мемлекетті сақтау жалпы игілік үшін жасалған ортақ мүдде боп табылады.

Спиноза мемлекетке бағыныштылардың билікке қарсылық білдіруін, бекітілген келісімдер мен заңдарды бұзуын мақұл-дамады. Ал билік басындағылардың өздерінің заңдарды бұзуы көпшіліктің наразылығын туғызады, ″ мемлекеттің қиратылуы мен келісімдердің бұзылуына″ алып келеді. Бұндай жағдайда Спиноза халықтың көтеріліске шығуының табиғи құқығын мой-ындау қажет деп санайды.

Спинозаның саяси-құқықтық ілімінде мемлекет формалары мәселесіне де едәуір көңіл бөлінген. Бұнда ол жоғары биліктің әр түрлі формаларының ең тиімдісін, яғни, адам игілігі мен оның қауіпсіздігін, және бейбіт өмірді қамтамасыз ете алатын түрін түсіндіруге әрекеттенді. Ол мемлекеттің (жоғары биліктің) үш түрін-монархия, аристократия және демократияны бөліп көрсетеді. Қатты сынға ұшыраған тирания мемлекет формалары қатарын алынбады. Сондай-ақ басқыншылық және халықтарды қанау жолымен орнатылған кез-келген жоғары билікті де мой-ындамады.

Демократиялық мемлекетке қанша бейім тұрғанымен, Спи-ноза сол дәуірдегі саяси шындықпен санаспай тұра алмады. Сондықтан да сол дәуірдегі биліктің ең тиімдісі және қолайлысы бірқатар қасиеттері мен белгілері бар монархия мен аристок-ратияны деп есептеді. Монархиялық биліктің негізін ашып көрсетуде Спиноза бір адамның жоғары құқыққа ие болуы және мемлекеттің барлық күшін пайдалануы мүмкін емес деп атап көрсетті. Сондықтан да монарх өзінің кейбір өкілет-тіліктерін көмекшілері мен жақындарына береді, монархиялық билік осылайша аристократиялық формаға жақындайды немесе ари-стократиялық формаға айналады. Монарх жанындағы әртүрлі кеңестер мен көмекшілердің басты міндеті-мемлекеттің негізгі заңдарын қорғау, монархқа алдағы істер жайында ақыл-кеңестер беру. Монарх жанындағы кеңес, сонымен бірге құқықтану біл-гірін (маманын) енгізу туралы мәселені ерекше атап көрсетеді.

Адамдардың белгілі бір сайланбалы тобының қолында бо-лып табылатын жоғары биліктің аристократиялық формасы Спи-нозаның берген бағасы бойынша монархияға қарағанда бір табан болса да жоғарырақ болып есептелді. Өйткені, мұнда мем-лекеттік билік көпшілік дауыспен басқарылады. Мемлекеттің мұндай формасында билеушінің неғұрлым көп болғаны қажет. Патрицийлер саны жалпы халықтың елуден біріне сәйкес келуі тиіс.

Спиноза аристократиялық республиканың федеративті фор-масын артық деп таниды. Өйткені, республиканың федеративті формасында жоғары билік федерация мүшелері — қалалар ара-сында өзара бөлінеді. Демократияның аристократиядан айыр-машылығын анықтауға тырысқан Спиноза, демократияда билеу-шілер заң арқылы анықталады, сондықтан да, олар жоғары би-лікте аристократияға қарағанда азшылыққа ұшырайды деп қо-рытындылайды.

## **8.3.** XVII ғ. ағылшын саяси-құқықтық ілімінің ерекшеліктері.

**8.3.** ″ Левиафан″ атты саяси философиялық трактатымен әлем жұртшылығына танылған Томас Гоббстың революцияға деген өзіндік көзқарасы болды. Өмірбаяндық деректерінен мәлім болғандай ол шала туылғанына қарамастан өмірінің соңына дейін ақыл-есін жоғалтпай, кәрілікке мойынұсынбай 91 жыл өмір сүреді. Жастық шағында сол кездегі Мерсенн, Декарт, Бэкон, Галилей, Кеплер сияқты атақты ойшылдармен жақсы таныс болған Т. Гоббс ерте бастан-ақ философиялық және саяси ілім-мен шұғылданды. Оның саяси көзқарастары ағылшын буржуазиялық революциясының ықпалында қалыптасады. Алғашқы кезде монархияны жақтаған ол 1640—1651 жылдары Францияда эмиграцияда болады. Бірақ елдегі саяси оқиғалардың өзгеруіне байланысты роялистерден біржолата қол үзген ол Лондонға оралады және Кромвель саясатын идеологиялық жағынан негіз-деуге тырысады. Көзқарасы жағынан абсолютті саяси билікке жақын тұрғандығына қарамастан ол феодалдық ″ шындықтар″ мен монархиялық шексіз билікті сынға алды. Оның бұл тақы-рыптағы саяси-құқықтық идеялары ″ Азамат туралы ілімнің фило-софиялық бастауы″ , ″ Левиафан немесе шіркеулік және азаматтық мемлекеттің материясы, формасы мен билігі″ деген еңбектерінде айқын көрінеді.

Ол өзінің мемлекет және құқық туралы теориясының негізі ретінде жеке тұлғаның табиғаты туралы түсінікті алға қояды. Т. Гоббстың ойы бойынша адамдар алғашқы кезде дене және ақыл-ой қабілеттері жөнінен тең дәрежеде жаратылған. Бірақ адам табиғатынан өзімшіл, ашқарақ, тойымсыз. Яғни, ″ адам адамға — қасқыр″ . Осыдан келіп қоғамда ″ барлығына бәрінің қарсы күресі″ келіп шығады. Бұндай соғыс жағдайында бәріне де құқылы болу — ешнәрсеге де құқылы болмауды білдіреді. Т. Гоббс адамдардың мұндай аяушылық жағдайын ″ адамзат қауымының табиғи тіршілігі″ деп атайды. Бірақ адамдарға мұн-дай жағдайдан шығу үшін күш пен ақыл қабілеттері берілген. Гоббс оны табиғи заңдар деп атайды, ал оның ең бастысы әрбір адам бейбіт өмірге ұмтылуы және оны сақтауы керек. Мұнан басқасының бәрі бітімге жету құралы ретінде пайдаланылады.

Бітімге жету құралының ең басты түйіні бейбіт өмір мен өзіндік қорғаныс үшін өзіңнің кейбір құқықтарыңды шектеуге тура келетіндігі. Бұл — екінші табиғи заң. Адамдар өздерінің құқықтарын өзара келісімділікпен басқа адамға немесе адамдар тобына береді. Екінші табиғи заңнан үшінші табиғи заң шығады. Олар (адамдар) өздері бекіткен келісімдерді орындауы тиіс, олай болмаған жағдайда келісімнің ешқандай маңызы болмайды. Үшінші табиғи жағдайдан әділдіктің қайнар көзі мен бастауы көрінеді. Аталған үш заңнан басқа тағы он алты табиғи (өзгермейтін және мәңгі) заң бар. Олардың барлығы да бір ғана ере-жені — өзіңе ұнамаған басқаға да істемеу қағидасын білдіреді.

Табиғи заңдардың ролі қаншалықты зор болғанымен, олар-дың орындалуы міндетті емес. Гоббстың айтуы бойынша, табиғи заңдар бірнәрсені іске асыру немесе іске асырмау туралы бостан-дық, ал позитивті заңдар бір нәрсені іске асыру немесе іске асырмау міндеттілігі. Т. Гоббс мемлекеттің абсолютті билігі ғана бейбіт өмір мен табиғи заңдардың кепілдігі бола алады деп қорытады. Абсолютті билік азаматтық заңдар шығару арқылы жеке тұлғаларды оны орындауға мәжбүр етеді. Табиғи заңдар ақыл-дың күшінен жүзеге асса, азаматтық заңдар күшке сүйенеді.

Мемлекет адамдардың өз өмірі үшін қорқынышынан, яғни өздерін қорғайтын биліктің қажеттілігінен пайда болған, олар өзара шарттасу арқылы өздеріне үстемдік ететін билеушіні таңдаған. Яғни, мемлекет жасанды дене (левиафан) болып табы-лады. Мемлекеттің пайда болуының екінші бір тәсілі — зорлық. Гоббс ерікті келісім арқылы құрылған мемлекетті орныққан мемлекет, ал күш арқылы құрылған мемлекетті ойлап табылған мемлекет деп атайды.

Мемлекет билеушісін егемен деп атаған Гоббс оның абсо-лютті билігін мақұлдайды. Жоғары билікке ие болған ол азамат-тық заңдарға бағынышты емес, заңдарды ол өзі шығарады, олар-дың күшін жояды, соғыс жариялайды, бітім жасайды, дауларды шешеді, барлық лауазымды адамдарды тағайындайды. Оның билігі бөлінбейді және ешкімге берілмейді. Гоббс мемлекеттік билікті

бөлуді қостамайды. Оның айтуынша ″ мемлекеттік билікті бөлу оны қирату деген сөз, өйткені, бөлінген билік бірін-бірі құртып тынады″ .

Гоббстың айтуынша мемлекет өзінің бағыныштыларына азаматтық заңмен тиым салынбаған іс-әрекеттің бәрін жүзеге асыруы бостандық кепілдігін береді. Билеушінің парызы — халықты жақсы басқара білу, өйткені, мемлекет билеуші үшін емес, халық үшін құрылған. Шексіз мемлекеттік билікті жақта-ған Т. Гоббс саяси абсолютизм теоретигі ретінде мемлекет формалары мәселесіне көп көңіл бөле қойған жоқ. Оның пікі-рінше өз халқын қорғай білген билік мемлекеттің қандай форма-сына қарамастан біркелкі. Дегенмен, ол мемлекеттің үш форма-сы: монархия, демократия, аристократия туралы айтады және оның бүйрегі монархияға бұрады, өйткені, мұндағы жалпы мүд-де жеке мүдделермен сәйкес келеді. Жеке тұлғаның мемлекеттің абсолютті билігіне бағыныштылығын қолдаған Т. Гоббс олардың кей жағдайда қарсылық білдіру құқығын, яғни, көтеріліс жасау мүмкіндігін жоққа шығармайды. Өйткені, өзін-өзі сақтау таби-ғаттың ең жоғарғы заңы. Өзін-өзі қорғау үшін әркім де мемле-кеттік билікке қарсы шығуға құқылы. Бұл заңға жоғары билеуші де қарсы тұрмауы тиіс. ″ Өйтпеген жағдайда ол өз билігін жоғал-тады″ .

Гоббстың пікірі бойынша күшті орталықтандырылған ме-млекет барлық жеке тұлғалардың қатысуымен жасалатын қоғам-дық шарт негізінде құрылады. Мұндай мемлекет елдегі саяси тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін және тұрмыс тіршілігін қамтамасыз етеді. Қоғамдық шарт ″ бүкіл билікті шоғырландыру немесе оны бір адамның қолына беру арқылы″ ғана бейбіт өмір орната алады. Гоббс шексіз билік адамның мінез-құлқында және көзқарасында табиғи қалыптасқан деп есептейді. ″ Абсолютті билікте тұрған ештеңе жоқ, адамзат қауымы бір-бірін шектемей өмір сүре де алмайды. Қолайсыз жағдайдың болуы биліктен емес, адамдардың өздеріне байланысты″ .

Шексіз билікке ие болған мемлекет полицейлік — қорғау қызметімен ғана шектелмеуі тиіс. Оның міндеті ″ кәсіпкерліктің барлық түрін қолдау, жұмыс орындарын табу, елдің экономика-сын көтеру, оқу-ағарту жұмыстарымен айналысу″ . Мемлекет өзінің қол астындағылардың бостандығын қамтамасыз етуі тиіс. Әркім ″ азаматтық заң арқылы тиым салынбағанның бәріне құқылы″ . Жақсылық пен жамандықтың ең негізгі өлшемі — азаматтық заң, басты судья — заң шығарушы. Гоббстың ойынша азаматтардың табиғи және саяси құқықтарының қамтамасыз етілуі азаматтық заңның әділдігі мен шығарылған заңның сапалылығында.

Гоббс жасаған мемлекеттік билік концепциясында көптеген маңызды қағидалар бар. Ол мемлекетті қоғамдық өмір мен мәдениеттің қажетті шарты деп көрсетті. ″ Мемлекеттен тыс жерде — соғыс, өшпенділік, қорқыныш, кедейлік, қатыгездік, жалғыздық, варварлық, жабайылық, қайырымсыздық, мемлекет-те — ақыл-ой, бейбітшілік, қауіпсіздік, байлық, қайырымдылық, ізгілік, қоғам, білім үстемдігі бар″ . Оның әлеуметтік философия-сының көптеген бағыттары замандастары тарапынан қолдауға ие болған жоқ. Гоббстың адамдық тіршілік иесін қозғалыстағы материяның бір құрамды бөлігі ретінде қарауы, адам табиға-тының ауыр бейнесін суреттеуі, абсолютті билікті қорғауы және билік егемендігінің құдайлық сипатын жоққа шығаруы басқа-лардың қарсылығына тап болды. Дегенмен осындай қайшы-лықтарына қарамастан оның саяси-құқықтық идеяларының маңыздылығын одан кейінгі қоғам тарихы көрсетті.

1653 жылы Англияда Кромвель протектораты орнады. Бұл тәртіп іс жүзінде джентрилер мен буржуазияның сойылын соққан Кромвельдің әскери диктатурасы болып шықты. Көп ұзамай 1660 жылы Англияда Стюарттар әулетін қалпына келтіру аяқталды. Таққа өлген корольдің баласы II Карл отырды. Ол абсолюттік саяси билік жүргізуге ұмтылды, парламенттің ықпа-лын төмендетуге тырысты. Оның ашықтан-ашық абсолютизмді, тежеусіз билікті орнату әрекеті байқалысымен жаңа дворяндар мен буржуазияның оған деген қарым-қатынасы өзгерді. Олар-дың жоғары тобы абсолютизмді қалпына келтіруді болдырмау үшін және халық көтерілісі басталып кету мүмкінді-гінен қауіптеніп 1688 жылы мемлекеттік төңкеріс жасады. II Карл шетелге қашты, парламенттің келісімімен таққа оның күйеу баласы (ағасы Яковтың қызы Марияның күйеуі) Вильгельм Оранскийді отырғызды. Ол конституциялық монархия орнатуға келісім берді. 1689 жылы парламент конституциялық монархия-ның негізін қалаған ″ Құқық туралы Билль″ қабылдады.

Елдегі осындай төңкерісті аласапыран жағдайда Карлдың билігі кезінде шетелге эмиграцияға кеткен ағылшынның көрнек-ті ойшылдарының бірі философ, психолог және саясаткер Джон Локк Лондонға қайтып оралды. Өзінің ғылыми еңбектерімен әлеуметтік компромисс (бітістіруші) идеологы ретінде танылған ол саяси-құқықтық ілімдегі ерте буржуазиялық либерализм док-тринасының негізін қалаушылардың бірі болды.

″ Мемлекеттік басқару туралы екі трактат″ еңбегінде Дж. Локк өзінің мемлекет туралы ілімін баяндайды. Гоббс тәрізді ол да адам-дарды табиғи жағдайда еркін, өзара тең, тәуелсіз ретінде қара-стырады. Бірақ оның Гоббстан айырмашылығы жеке меншік пен еңбек тақырыбын адамның табиғи ажырамас атрибуттары түрінде түсіндіреді. Оның айтуынша адамның жеке меншікке ие болу ұмтылысы, адамдардың өздерінің пайдасын көбірек ойлауы, табиғи нәрсе. ″ Жеке меншіксіз адамның негізгі қажеттілігін қанағат-тандыру мүмкін емес. Мүлік жеке адамдардың иелігіне айналған кезде ғана табиғат көп пайда бере алады. Бірақ жеке меншіктің толыққанды болуы қажырлы еңбекке байланысты болмақ. Еңбек және еңбексүйгіштік — құндылық жасаудың негізгі көз-дері болып табылады″ .

Дж. Локктың пікірінше, мемлекеттің қалыптасуына дейін адамдар табиғи жағдайда болған. Мемлекетке дейінгі қауым-дастыққа ″ бәрінің барлығына қарсы күресі″ болған емес. Адам-дар ешкімнен рұқсат сұрамай, ешкімнің еркіне тәуелді болмай өздерінің қадір-қасиеті мен меншігіне иелік еткен. ″ Барлық би-лік пен құқықтар өзара тиімді жағдайда және ешкім артықшы-лықта болмаған″ , теңдік үстемдік құрған. Ал адамдардың табиғи қалыптан мемлекетке өтуі табиғи жағдайда құқықтардың тұрақ-сыздығы мен әлсіздігінен туды. Бірақ ″ мемлекеттік жағдайда да еркіндік пен меншік сақталуы тиіс″ . Сонымен бірге жоғары мемлекеттік билік қалай болса солай және шексіз бола алмайды.

Мемлекеттің пайда болуын Локк адамдардың табиғи құ-қықтарын, бостандығы мен еркіндігін, жеке меншігін берік қамтамасыз ету мақсатындағы келісім арқылы құрған саяси қау-ымдастығы деп біледі. Бұндай келісімді ол ″ кез-келген мемлекет-тің бейбіт түрде орнауы халық келісімінің негізі″ деп түсіндіреді.

Мемлекет деген ұғымды Дж.Локк жалпы заңдар шығару мен адамдар арасындағы дауларды шешетін және қылмыскерлерді жазалайтын сот инстанциясын құруды бір мақсатқа біріктіру деп ұғады. Ұжымдық формалардан (отбасы, иеліктер, шаруашылық бірліктері) мемлекет саяси биліктің бар болуымен ғана ерекше-ленеді. Яғни, мемлекет қоғамдық игілік мақсатында заңдар шығаруға, жеке меншік қатынастарын реттеуге және қорғауға, сонымен бірге осы заңдардың орындалуы мен мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау мақсатымен күш қолдануға құқылы.

Мемлекет оны құрған адамдардан саяси қауымдастықтың басты мақсатына жетуге қажетті және жеткілікті қанша билік керек болса, сондай мөлшерін алады. Өйткені, адамдар (барлығы және әркім) өздерінің өмірлік мүдделерін (өмірін, денсаулығын, еркіндігін, жеке меншігін, үйін және т.б.) мемлекет арқылы қамтамасыз етуі және қорғай алулары керек. Локк мемлекеттің ″ ұлы және басты мақсаты″ ретінде буржуазиялық жеке меншік қатынастарының дамуы мен оған қол сұғылмаушылық деп түсіндірді.

Заң мен заңдылық мәселелері жөніндегі Локктың пікірлері өте қызғылықты. Адамдардың өзара келісімі бойынша жамандық пен жақсылықтың өлшемі ретінде құрылған жалпы заңдарды ол, мемлекеттің алғашқы айшықты белгісі деп түсінеді. Заң өз мағынасында алғанда заң шығарушы орган шығарған немесе билеуші шығарған жарлық қана емес. Ол саналы мінез-құлықты қалып-тастырғанда және қоғам игілігі үшін қызмет ете алғанда ғана заң мәртебесіне ие бола алады. Жарлықтар мен ережелер мұндай нормаға жауап бере алмаса, олар заң бола алмайды. Заң-дар сонымен бірге ″ тұрақтылық және ұзақ мерзімдік сипатқа″ ие болуы тиіс.

Заңдылық режимін батыл қабылдаған ол ″ мемлекетте жоға-ры билікке кім ие болса да халық келісімі бойынша жарияланған тұрақты заңдар арқылы басқаруды″ талап етті. Заңдар сол кезде ″

оны бәрі білген және орындағанда ғана″ мемлекеттің басты жә-не ұлы мақсатына жетуіне мүмкіндік жасайды. Оның бұндай позициясы XVIII—XIX ғасырларда буржуазиялық саяси-құқық-тық ойда дамытыла бастаған ″ құқықтық мемлекет″ идеясын алдын-ала анықтаған еді.

Құқықтың жоғары мәртебесі жеке тұлғаның еркін дамуы мен оған басқаның деспоттық билігімен жүгенсіз әрекеттерінің болмауына кепілдік бере алатын адам бостандығы қамтамасыз етілгенде ғана мүмкін болады деп есептеді Дж.Локк. ″ Заң жоқ жерде, бостандық та болмайды″ . Жеке бостандықтың қамта-масыз етілуі жалпы мүддені де қозғайтынын жақсы түсінген ол ″ Заң арқылы әркімнің бостандығын қамтамасыз етпейінше жалпы игілікке жету мүмкін емес″ деді. Заңның қабылдануы мен оның міндеттелігі ″ көпшіліктің шешімімен ғана″ іске асуы тиіс.

Саяси ілім тарихында мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және федеративтік тармақтарға бөлу идеясы Дж. Лок-тың үлесіне тиеді. Оның пікірі бойынша билік бөлінісінің аралығы әртүрлі органдар арқылы анық көрінуі тиіс. Заң қабылдау (заң шығарушы) арнайы өкілдік берілген парламентте жүзеге асырылады. Заңдарды іске асыру, яғни, оны орындау (атқарушы билік) министрлер кабинетіне жүктеледі. Шет елдік мемлекеттермен қарым-қатынас жасау да (федеративтік билік арқылы) атқарушы биліктің қолында болады. Дж. Локктың саяси теорияға қосқан басты жаңалығы ″ билікті әр қилы қолға беру арқылы мемлекеттік билікті теңестіру″ . Бір-бірінен тәуелсіз би-лік түрлері өзара тепе-теңдік жағдайда мемлекеттік биліктің дес-поттық пайдалану мүмкіндігін болдырмайды.

Мемлекет формасы туралы мәселеде Локк биліктің абсолют-тік-монархиялық құрылысына қарсылық білдіруден басқа қан-дай да бір формаға артықшылық беруді жөн көрмеді. Дегенмен де ол конституциялық монархияны жақтайтынын да жасырмады. Оның айтуынша тирандықтың пайда болу қауіпінен қандай да бір мінсіз мемлекет формалары да өмір бойы өздерін сақтай алмайды. Билік органдары құқық пен жалпы келісімді місе тұтпай, мемлекет қабылдаған заңдарды айналып өтсе, елдегі бас-қару жүйесі бұзылып, адам құқығы аяққа тапталады, меншік қорғаусыз қалады және халықтың өзі де жойылады. Бұндай жағ-дайда мемлекеттің қандай формасына қарамастан елде тирандық билік орнайды.

Халықтың көтеріліске шығу құқығы туралы тезисі Дж. Лок-тың либералдық-буржуазиялық доктринадағы кездейсоқ айтыл-ған ойы емес еді. Бұл тезисті жариялау арқылы ол 1688 жылғы мемлекеттік төңкерісті (басқару формасының өзгеруін) теория-лық тұрғыдан ақтады.

Дж. Локктың мемлекет және құқық туралы ілімі өзінің күш-ті және әлсіз жақтарымен ерте буржуазиялық революция идеоло-гиясының классикалық көрінісі болып табылады. Оның құнды идеялары XVIII ғасырда ағартушылық өкілдерінің еңбектерінде тиімді пайдаланылды және одан әрі дамытылды.

## 9-тақырып.

## Франциядағы XVIII—XIX ғасырдың басындағы саяси-құқықтық ілімдер

### 9.1. Ағартушылық дәуір саяси-құқықтық ойының негізгі белгілері мен ерекшеліктері.

**9.1.** Орта ғасырларда католик шіркеуі абсолютизмді және феодалдық тәртіптерді қызғыштай қорғады. Монархиялық шек-сіз билік пен әлеуметтік теңсіздіктің бәрін құдай жаратты, бұлар құдай ісі деген соқыр сенімді халық арасында кеңінен таратты және қолдады. Қайта өрлеу мен Реформациядан кейін-ақ Еуро-паның көптеген елдерінде алдыңғы қатарлы жазушылар мен ойшылдар феодалдық құрылыс пен оның орнатқан тәртіптерін сынай бастады. Олар ғылым мен оқуды дінге қарсы қойды, бас көтеріп келе жатқан буржуазия мен халықтың басқа да топ-тарының мүдделерін қорғады. Феодализмнен капитализмге өту дәуіріндегі осындай жалпы ықпалды мәдени-гуманистік қозға-лыс Ағарту деп аталып, оның өкілдері тарихқа XVIII ғасырдың ағартушылары деген атпен енді. Ағартушылық бағыттың кең өркен жаюына ағылшын және американ буржуазиялық револю-цияларының идеялары да едәуір ықпал етті.

Ағартушылық бағыт сол дәуірдегі жас буржуазия мен халық бұқарасының феодалдық құрылыс пен оның идеологиясына қарсы күрестегі құрамды бөліктерінің бірінен саналды. Ағарту-шылықтың басты мазмұны әлеуметтік-адамгершілік идеалдар мен оны іске асырудың жолдарын іздестірумен сипатталады. Адам қасиеттерін құрметтеуді, қараңғылық пен бойкүйездікті жеңуді, рационалды білімді халық арасына кең таратуды басты мақсат еткен ағартушылар ең алдымен, феодалдық тәртіптер мен шіркеу үстемдігін жоюды талап етті. Олардың феодалдық тәртіп-терге қарсы, жеке кәсіпкерлердің еркіндігі мен адам бостан-дығын және құқықтарын қорғау және адамды, қоғамды шіркеу мен абсолютизм езгісінен азат ету жолындағы айтқан ой-пікір-лері мен үндеулерінің аса зор маңызы болды.

Ағартушылық әр елдің қоғамдық-тарихи ерекшеліктеріне қарай әртүрлі мазмұнда және сипатта көрінді. Франциядағы ағар-тушылықтың көрнекті өкілдері Ф. Вольтер, И. Монтескье, Ж. Рус-со, Дидро, Мелье, Г. Морелли, Г. Бабеф және тағы басқалар болды. Олар өз заманы үшін озық идеялар ұсынды, бұл идеялар күні өткен дәстүрлерді жойып, неғұрлым прогресшіл тәртіптерді енгізуге бағытталды.

Европадағы ағартушылықтың басты идеяларының бірі адам құндылықтарын қадірлеумен қатар, социалистік идеялар да ұлы ойшылдар қозғаған тақырыптардың біріне айналды. XVIII ға-сырдың өн бойында социалистік мұратты білдіретін әдеби шығармалар оған дейінгі бүкіл дәуірге қарағанда көбірек жазыл-ды. Бұлардың қатарына француз ағартушылары Г. Мореллидің ″ Табиғат кодексі немесе оның заңдарының нағыз рухы″ , Г. Маб-лидің ″ Азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы″ , Г. Ба-бефтің ″ Теңдік″ және тағы басқа еңбектерді қосуға болады.

Жеке меншікке жан-тәнімен қарсы болған Бабеф сол кезде өмір сүріп тұрған халықтық емес мемлекеттік құрылысты құлатып, ″ халықтық мемлекет орнықтыру″ идеясын батыл жақ-тады. Оның ойы бойынша, мұндай мемлекетті қастандық жолы-мен өзінің жақтастарының — яғни теңдікті жақтаушылардың шағын тобы мен революционерлер дайындаған халық көтерілісі орнатады. Оның ″ Теңдік″ манифесінде көрстілген ″ біз қоғамдық меншікке немесе дүние-мүліктің ортақтығына ұмтыламыз. Мұ-нан былай жерге жеке меншік жоқ, жер ешкімнің де меншігі емес. Біз жердің жемісін бәріміз де пайдалануды талап етеміз, солай еткіміз келеді және жердің жемісі ортақ″ болуы адам-дардың барлығын тұрпайы теңестіруге әкеліп соғатын қоғамдық құрылысты білдірді.

Ағартушылық ойдың дамуына энциклопедистердің де қосқан үлесі аз болған жоқ. Энциклопедистер атауының пайда болуына жазушы әрі философ Дени Дидро бастаған бір топ ағартушылардың 1751 жылдан бастап ″ Ғылым, өнер және кәсіп энциклопедиясын″ шығаруы себеп болды. Оның авторлары қата-рында Вольтер, Руссо және басқа да белгілі ойшылдар болды.

Олар сол дәуірдегі ғылыми білімдер мен алдыңғы қатарлы озық идеяларды бір жүйеге келтіруді және мазмұндауды, оны оқыр-манға көптеп таратуды мақсат етіп қойды.

Озық идеялар ретінде феодалдық-абсолюттік тәртіптер мен шіркеу үстемдігін сынайтын ойларды негізге алған олар, адам-ның бүкіл өмір әрекетінің негізінде дін емес, парасаттылық, оқу-ағарту және ғылым жататынына ерекше назар аударды. Олар дін мен шіркеуді сынады, монархтардың жеке билігін, сосло-виелік артықшылықтарды, шаруалардың феодалдық міндеткер-ліктерін, басқа да ескірген тәртіптерді айыптады. Адамзат үшін мәдениет құндылығын баса көрсеткен олар сөз, баспасөз және ар-ождан бостандықтарының берілуін талап етті. Адамдардың заң алдында ғана тең болуы мүмкін екендігін ескерген олар заңның күштілігі мен әділеттілігіне ерекше назар аударды. Энцик-лопедияның басшысы Дидро ″ заңдар жақсы болса, мінез де жақсы, ал заңдар кесапатты болса мінез де кесапатты″ деп жазды.

Энциклопедистер халықтың табиғи құқықтарын жүзеге асы-ру үшін мемлекеттік басқару тәсілін өзгертуге, заңдарды реттеуге көп көңіл бөлді. Олар бүкіл француз қоғамы (ұлты) сословиеге бөлінген артықшылығы мен құқықтары шектелген ″ азамат-тардан″ емес, заң алдында тең құқылы, тең міндеттері бар ерікті азаматтардан тұруға тиіс деп жариялады.

Француз ағартушылары өз еңбектерінде қоғам мен табиғат-тың арақатынасы, қоғамның қозғаушы күші, теңсіздіктің себеп-тері, діни наным, адам құндылықтары сияқты сұрақтарға жауап іздеді. Олар қоғам дамуының нәрін парасаттылық пен саналы-лық, білімділік пен адамның жан-жақты қалыптасуымен байла-ныстырып, ″ әлемді пікір билейді″ деген қорытындыға келді.

Ағартушылық идеялары Франциямен қатар Италия, Англия, Германия, Ресей, Голландия, Солтүстік Америка және тағы бас-қа елдерде кең қанат жайды. Ағартушылықтың гуманистік-адам-гершілік идеялары мемлекет пен құқық туралы ғылымның даму бағыттарына, әдістеріне және мазмұнына зор ықпалын тигізді. Олардың озық ойлы идеялары ұлы француз революциясын дай-ындауда және оның барысында маңызды роль атқарумен қатар, оның идеологиялық алғы шарты қызметін де абыроймен атқара білді.

## **9.2.** Вольтер, Монтескье және Руссоның саяси-құқықтық көзқарастары.

**9.2.** Француздың ұлы ойшылы және әдебиетшісі Франсуа Мари Аруэ Вольтер европалық Ағартудың жұрт таныған дем берушісі және көсемі болып табылды. Ол арнайы саяси-құқық-тық еңбектер жазған жоқ. Бірақ оның шығармаларында мемле-кет, саясат, құқық және заң туралы көзқарастар көрініс тапты. Сол дәуірдегі феодалдық қоғамның әлеуметтік-құқықтық және идеологиялық қайшылықтарын батыл сынға алған Вольтердің сол қоғамға дейінгі ойшылдардың көзқарастарынан басты ерекшелігі — бостандық рухы, гуманизм және әділдік болды. Оның пікірі бойынша әлеуметтік зорлық түп-тамырымен жойы-луы тиіс, ал оның ең басты көріністері адамгершілікке жатпай-тын күштеу әрекеттері, үстемдік, қараңғылық және сананы тұн-шықтыру.

Әлеуметтік зорлық пен қараңғылықтың басты тірегі мен жауапкершілігін Вольтер шіркеуден іздеді. Оның шығармашы-лық еңбегінің көп бөлігі де шіркеуге қарсы аяусыз күреске арналған. Өзінің соқыр сенімі мен жауыздық әрекеттерін жүргіз-ген құдайды ол тиранға теңейді. Шіркеу қызметкерлерін арам-тамақтар мен қаңғыбастар ретінде қарғайды, діни қуғындау мен фанатизмді аяусыз сынға алады. Ол католиктік шіркеуге қарсы ″ сұмырайды таптаңдар″ деген ұран көтерді және құдайдың бар-лық уақытта табиғат құбылысы мен адамның әрекетіне араласу жөніндегі шіркеу ілімін әшкереледі, дегенмен ол атеист болған жоқ. Ол дінді халық үшін, халықты бағынышты жағдайда ұстау үшін қажет деп есептеді.

Вольтер барлық бостандықтың өмірлік бастауы болып табы-латын ар-ождан және сөз бостандығын діни қараңғылық пен сенім тұншықтыруда деп есептеді. Ол католик шіркеуіне дұш-пандық көзқараста және онымен аяусыз күресте болғанымен, дін мен діншілдікті жоққа шығармайды. Вольтердің ″ егер құдай болмаса, оны ойлап табу қажет болар еді″ деген қанатты сөзі де бар.

Вольтер сонымен бірге демократиялық идеяларды да жақтай қойған жоқ. Бостандық пен білімді және адамгершілікті жоғары бағалаған ол еңбекші халықтың ауыр тұрмысы мен оны жақсар-тудың жолдарын және қоғамды демократиялық негізде қайта құру мәселелерін қарастырмады. Демократия мен халық билігін тобыр билігі ретінде есептеді. Бірақ табиғи құқықтар, бостан-дық, теңдік оның қызу қолдаған мәселелері болды.

Вольтердің ойынша жеке тұлғаның бостандығы қоғам бос-тандығы ретінде емес, оның өзіне тиесілі бостандығы ретінде ғана қарастырылды. Жеке бас бостандығының негізгі кілті ретін-де сөз және баспасөз бостандығын алдыңғы орынға қояды. Оның католик шіркеуі тұншықтырған ар-ождан бостандығы туралы идеясы да осы қатардан орын алған. Жаңа заман сипаты-ның негізгі ерекшелігінің бірі еңбек бостандығы да Вольтер көзқарасынан тыс қалмаған. Яғни, еңбек бостандығы ″ әркімнің өз қалауы бойынша неғұрлым жоғары бағаға өз еңбегін сата алуы, өйткені еңбек те әр адамның жеке меншігі болып сана-лады″ .

Вольтер нағыз бостандықты адамдар бір-бірінен тәуелсіз болғанда, олар автономды субъектілер болып қалыптасқан кезде ғана көреді. Бұл жағдай автономды еріктердің бейберекет қақты-ғысы мен қоғамдағы тәртіпсіздікті туғыза қоймайды. Өйткені, адамдардың белгілі бір әрекетінде бір-біріне деген тәуелділігі сақталады және осы қатынастар бұл кезде басқаша сипат алады. Вольтердің ілімі бойынша, ″ Бостандық тек заңға тәуелді болуды білдіреді″ . Оның бұл сөзі кейіннен ″ құқық үстемдігі″ идеясы ретінде бүкіл Батысқа белгілі болды. Кейбір ойшылдар сияқты Вольтер бостандық пен еркіндікті бір-біріне қарама-қарсы қоймайды. Ол еркіндікті саяси-құқықтық мәннің шеңберінде, яғни барлық адамдардың тең дәрежедегі азаматтығы және заң арқылы өзін қорғай алуы ұғымында түсінеді. Алайда, Вольтер мүліктік теңдікті жақтай қоймайды, оның көзқарасы бойынша қоғамдық игіліктер мәселелері жағынан дауыс беруге кез-келген адам емес, тек меншік иелері ғана құқылы. Ол әсіресе, жеке меншіктің мызғымастығына, жеке адамның бас бостандығына және заңмен тиым салынбаған іс-әрекеттің барлығымен айна-лысу мүмкіндігіне көбірек мән берді.

Бостандық және еркіндік туралы ойларын Вольтер феодал-дық қоғамды реформалау туралы

ұсыныстарында пайдаланды. Ол сословиелік артықшылықтарды жоюды, шіркеу соттарын таратуды талап етті және мемлекеттік басқару жүйесіндегі басты орындарды иеленген аристократияны бюрократиямен алмастыру қажеттігін айтты.

Мемлекеттік басқару формасында абсолютті монархияға бүйрегі бұрған Вольтер революциялық сілкіністер қажеттігін де жоққа шығармайды. Бірақ ол абсолютті монархияның ″ ағарту-шылық″ болғанын қалайды. Король тағында ″ ағартушы монарх″ отырғанда ғана саяси құрылыс игілікті болып табылады. Білімді және ақылды патшаға, сонымен бірге, қайырымды, кешірімді және жомарттық қасиеттер де қажет. Терең білімді, адамгер-шілігі мол билеуші ғана елдегі әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қайшылықтарды жоюға қабілетті, яғни Вольтердің ойынша абсолюттік монархиялы билік өз күшін әлі де әлеумет-тік игілік үшін жұмсай алады. Вольтер философ билеген абсо-лютті монархияның осындай әрекеттер жасай алатынына сенді.

Ол мемлекеттік басқару формалары мен билік институт-тарын және оның іс-қимылдарын маңызды деп таппады. Яғни, оның пікірінше мемлекет құрылысының ең жақсы түрі Англия-дағы сияқты тежеулі конституциялық монархия болып табыла-ды. Вольтер үшін әлеуметтік-саяси және құқықтық принцип-тердің ең маңыздысы бостандық, меншік, заңдылық және адам-гершілік болып саналды. Оның саяси-құқықтық және ағарту-шылық идеялары бүкіл Европа мен Америкаға кеңінен таралды.

Шарль Луи Монтескье — француз ағартушылығының көр-некті өкілдерінің бірі, танымал заңгер және саяси ойшылы. Ол құқықтану, саясатпен қатар философия, этика, әлеуметтану, тарих, саяси экономия, жаратылыстану ғылымдары, әдебиет пен өнер және дін мәселелеріне арналған көлемді шығармалар қал-дырды. Оның мемлекет, саясат және құқықтануға арналған басты үш еңбегі: ″ Парсы жазбалары″ (1721), ″ Римдіктердің қуат-тылығы мен құлауының себептері туралы пікірлер″ (1734) және жиырма жыл бойы жазған ″ Заңдар рухы туралы″ .

Францияның феодалдық-абсолюттік тәртібі аяусыз сыналған ″ Парсы жазбалары″ бір жылда сегіз рет жарық көрді. ″ Римдік-тердің қуаттылығы мен құлауының себептері туралы пікірле-рінде″ Монтескьенің ағартушылық және антидеспоттық идея-лары Ежелгі Римнің қоғамдық, саяси және рухани өмірінің тарихи зерттеу тәжірибесімен және дәлелдерімен бекітіледі. Кең көлемде және жан-жақты жазылған ″ Заңдар рухы туралы″ еңбегі Монтескьені саяси және құқықтық ойдың бүкіл әлемдік тари-хындағы танымал классиктердің қатарына шығарды. Сол кездегі қоғамдық құрылыс пен шіркеудің қарсылығына тап болған бұл шығарма тиым салынған кітаптар тізіміне енгізілді.

Монтескьенің саяси-құқықтық теориясының басты тақы-рыбы және онда қорғайтын басты құндылығы — саяси бостан-дық. Оның аталған шығармасында бостандықты қамтамасыз етудің қажетті шарттары ретінде әділ заң мен мемлекеттік құрылымның тиімді жұмыс істей алуын қамтамасыз ете алатын заңдар қарастырылады.

Монтескье барлық заңның бастауы жеке оқиғалардан туын-дайды, соның салдарынан жеке заңдар басқа заңдармен байла-нысады және жалпы заңдармен өзара тәуелділікте болады дейді. Табиғи заңдар адамдардың тіршілік әрекетіне байланысты олар-дың ішкі өмірі негізінде қалыптасады, яғни адам табиғатының қасиеттеріне қарай табиғи заңдар пайда болады. Монтескье бұндай заңдарға адамдардың бейбіт тұруға ұмтылысын, өзіне қа-жетті азық-түлікті табуын, адамдардың бір-біріне көмегін және олардың қоғамдағы тыныштық өмірін қосады.

Француз ойшылы Гоббстың адамдардың әуелгі кезден-ақ бір-біріне дұшпандық ниетте және бірін-бірі билеуге ұмтыл-ғандығы туралы қателігін арнайы атап көрсетеді. Монтескьенің ойынша адамдар алғашқы кезде әлсіз, қорғансыз, батылдығы жеткіліксіз болған және басқалармен бейбіт қарым-қатынаста болуға, тең өмір сүруге ұмтылған. Адамдар қоғамға біріккен кезден бастап қана өздерінің әлсіздігі туралы ойларды ұмыта бастаған, олардың арасындағы теңдік жойылып, жеке адамдар және халықтар арасында соғыс әрекеттері басталған. ″ Осындай соғыстардың пайда

болуы деп жазды ол, адамдар арасында заң шығаруды қажет етті" .

Халықтар арасындағы қарым-қатынасты белгілейтін, (халы-қаралық құқық) билеушілер мен басқарушылар арасындағы қатынасты айқындайтын (саяси құқық) және барлық азаматтар арасындағы қатынастарды белгілейтін (азаматтық құқық) заңдар пайда болды. Бір қоғамда және сол қоғамдағы заңдармен өмір сүретін адамдардың қажет етуі себепті мемлекет құру қажеттілігі туындайды.

Заңдардың шығуына қажетті қатынастарға әр халықтың өзіндік сипаты мен ерекшелігінің ықпалы бар екендігіне де Мон-тескье назар аударады. Сирек жағдайда болмаса бір халықтың заңы екінші халыққа жарай бермейді. Бұл туралы кейіннен қа-зақтың ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлиханов та " Сот реформа-сының жазбасы" туралы еңбегінде айтады.

Монтескье, сонымен бірге, мемлекет белгілеген заңдардың табиғаты мен принципі оның географиялық жағдайы мен ерек-шелігіне, жер көлемі мен табиғатына (ыстық, суық, шөл, тро-пиктік), топырақ құрамына, тұрғындардың өмір салтына (егін-шілер, малшылар, көшпелілер т.б.), халықтың санына, елдің байлығына, әдет-ғұрыптарына сәйкес келу қажеттігін атап көр-сетеді. Монтескье заңдардың шығуына азаматтық жағдайда құ-рылған үкіметтің билік етуі мен табиғаты шешуші ықпал ететін-дігін айтады.

Монтескье басқарудың республикалық, монархиялық және деспоттық формасын көрсетеді. Басқарудың аталған түрлеріндегі заң шығару принциптері мен бұл заңдардың кімге тиімді екен-дігін, сондай-ақ бұл заңдар жағдайында халықтың теңдігі мен бостандығы қандай дәрежеде болатындығын дәлелдеуге тыры-сады. Басқарудың әр формасы өз құрылысын сақтауға қабі-летті заңдар шығаратындығына назар аударады. Монтескьенің пікі-рінше, басқару түрінің өзі мемлекеттің жер көлеміне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Ол биліктің үлкен мемлекеттер үшін дес-поттық, орта мемлекеттер үшін монархиялық, шағын елдер үшін демократиялық түрі тиімді деп есептейді.

Монтескье заң мен бостандық қатынасы мәселесіне арнайы көңіл бөледі, ол саяси бостандық туралы заңның екі түрін атап көрсетеді. Біріншісі — мемлекеттік құрылымдағы саяси бостан-дықты қамтамасыз ететін заңдар, екіншісі -азаматтардың саяси бостандығын қамтамасыз ететін заңдар. Бұл жерде әңгіме саяси бостандықтың заң жүзінде бекітілуі мен оның жүзеге асу мүмкіндігі туралы болып отыр. Саяси бостандық бұл аспекті-лерсіз жарым-жартылай, қауқарсыз және қорғансыз болып шығады. Бұл туралы Монтескье " ...еркін мемлекеттік құрылымда азамат бостандық ала алмаса немесе азаматтың бостандығы сақталмаса, яки қорғалмаса, мемлекеттік құрылысты бостан-дығы бар құрылым деп атауға болмайды" деп жазды.

Оның ілімінің едәуір бөлігі " билікті бөлу" концепциясына арналған. Локктың билікті бөлу идеясын одан әрі дамытқан Монтескье мемлекеттік билікті теріс пайдалану жағдайында саяси бостандық бос сөзге айналатындығын, сондықтан да мемлекеттік билікті заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу қажеттігін айтады. Билікті бөлудің басты мақсаты — өкімет билігін теріс пайдалануды болдырмау. Биліктің бөлінуі мен олардың теңдігі және әрқайсысының жосықсыз әрекеттерді өзара тыйып отыруы саяси бостандықты мемлекеттік құрылымда қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

" Егер,— деп жазды Монтескье, заң шығару және атқару билігі бір адамның қолына шоғырланса, бостандық болмайды, өйткені, монарх немесе сенат өзі тиімді пайдалана алатын заңдар шығарады" . Сот билігі заң шығару және атқару билігінен бөлінбеген жағдайда да бостандық бола алмайды, өйткені судья өзі шығарған және орындаған заңдар бойынша ғана әрекет етеді. " Заңда міндеттелмеген істі ешкімнің де күшпен орындатуға өкілеттігі жоқ және заң тиым салғанды істеуге де мәжбүр етуге де болмайды" .

Монтескье сонымен бірге саяси бостандық ойына келгеннің бәрін істей беру еместігін де атап

көрсетеді. ″ Бостандық — заң-мен ерік берілген нәрсенің бәрін істеу құқығы″ . Монтескьенің заңдар туралы ілімінің құрамды бөлігі оның заңдарының әртүрлі разрядтары (түрлері) туралы тұжырымдары болып табылады. ″ Адамдар,— деп атап көрсетті ол, әртүрлі заңдармен, табиғи құ-қықтармен, құдайлық құқықтармен (діни құқық), шіркеу құ-қығымен, халықаралық құқықпен, жалпы мемлекеттік құқық-пен, жекелеген қоғамдағы азаматтық құқықпен, отбасы құқы-ғымен басқарылады″ .

Монтескье заң құрастыру мен заң шығару техникасының түрлеріне арнайы көңіл бөледі. Заң шығарушы ең алдымен, заң-ның нақты, қарапайым және қысқа болу ережесін басшылыққа алуы тиіс. Заң сөздері мен терминдері барлық адам үшін түсі-нікті бір ғана ұғымда болуы шарт.

Монтескье шығармаларындағы заң теориясының талдаулары заң шығару тарихының тәжірибелеріне сүйеніп жасалған. Ол римдіктердің заң шығару ілімін, Франциядағы азаматтық заңдар-дың пайда болуы мен өзгерістерін және басқа елдердің құқық тарихын жан-жақты зерттеген және пайдаланған. Оның ″ заңдар рухы″ және билікті бөлу туралы ілімі одан кейінгі саяси-құқық-тық ойдың, әсіресе құқықтық мемлекет теориясы мен практи-касының дамуына едәуір ықпалын тигізді.

Жан Жак Руссо саяси және құқықтық ілімдер тарихындағы жарық жұлдыздардың бірі. Оның саяси-құқықтық және әле-уметтік көзқарастары ″ Адамдар арасындағы теңсіздіктің пайда болуы мен негіздемесі туралы ойлар″ , ″ Саяси экономия туралы″ , ″ Мәңгі әлем туралы ойлар″ және ″ Қоғамдық келісім немесе сая-си құқық принциптері туралы″ шығармаларында көрініс тапқан. Оның қоғам, мемлекет, құқық мәселелері туралы ілімі халық-тың егемендік идеясы мен принципін қорғауға негізделген. Сол кездегі кең тараған табиғи жағдай ұғымын Руссо адамзаттың әлеуметтік, саяси-құқықтық және рухани өмірінің қалыптасуы мен дамуы туралы көзқарастарын дәлелдеуге пайдаланады.

Табиғи жағдайда, Руссоның ілімі бойынша, жеке меншік болмайды, барлық адам еркін және тең. Ал алғашқы теңсіздік адамдардың табиғи әрқилылығынан, яғни дене қабілеттерінен ғана. Жеке меншіктің және әлеуметтік теңсіздіктің пайда болу себебінен табиғи теңдік бұзылып, кедейлер мен байлар арасында күрес басталған. Руссо бұл туралы ″ теңдіктің жойылуына адам-дар тарихындағы ең бір ауыр кезең — күштілердің әлсіздерді, байлардың жарлыларды ұрып-соғуы мен тонауы басталды, ауыр күнәға батқан адамзат ұрпағы кейін қайтар жолды да таба алмады және дәулеттілер бұл мүмкіндіктен қайта айрылғысы да келмеді″ деп жазды. Байлар үшін өз мүдделерінің заңдылығын бұзбастан мұндай жағдайдан шығудың бірден-бір жолы барлық адамдар бағынышты болатын мемлекеттік билік пен заң орнату туралы келісім жасау болды.

Шарт арқылы жасалған мемлекет пен заңдар ″ әлсіздерге жаңа жол салды, байларға жаңа күш берді, табиғи бостандықты қайта келместей етіп жойды, меншік пен теңсіздік туралы мәңгі-лік заң шығарды″ . Жеке меншіктегі теңсіздікке саяси теңсіз-діктің қосылуы Руссо ілімі бойынша, деспотизмдегі абсолюттік теңсіздікке алып келді, ал деспот алдында өзінің құлдығы мен теңсіздігі жағынан барлық адам тең.

Қоғам мен мемлекет дамуының адамзат үшін теріс, зиянды және қате бағытына қарама-қарсы Руссо өзінің ″ халықтар мен билеушілер арасындағы нағыз келісім — саяси организм″ құру концепциясын ұсынады. Бұл концепция бойынша әркім өзінің жеке мүддесі мен тұлғасын, өзінің барлық күшін жалпы игілік пен жалпы ерікке бере отырып, тұтастың бөлінбес бөлігіне айналады. Жекелеген адамдардың келісімдік қатынастарға кіруі шартты ұжымдық бүтінді құрайды.

Руссоның қоғамдық шарт концепциясындағы басты идеясы оның осы концепцияға сай құрылған мемлекеті. Осы мемле-кеттің саяси қатынастары мен заңдары ғана табиғи жағдайдан азаматтық жағдайға ауысуын әділдік пен құқықтық және сана тұрғысынан ақтай алады. Руссо қоғамдық шарт концепциясында теңдік пен меншік мәселелеріндегі қайшылықтарды шешудің жолдарын іздестіреді. Феодалдық қоғамда өмір сүру құқығы заңға емес, күштілікке негізделгенін және

әлсіздердің өз құқық-тарын қайтаруға кез-келген уақытта құқылы екендігін айтады. Мемлекет пен оның заңдарындағы жалпы ерік үстемдігін қол-даған Руссо әртүрлі жеке ассоциацияларды, партияларды, топ-тарды аяусыз сынға алады. Өйткені олардың еркі өз мүшелері бойынша жалпы, ал мемлекет бойынша жеке ерікті білдіреді. Бұл азаматтардың нағыз жалпы еркіндігін қалыптастыру про-цесіне қайшы келеді, яғни ″ дауыс берушілер қанша адам болса сонша емес, қанша ұйым болса соншалықты″ .

Руссоның ойынша егемен (″ Егемен″ бұл жерде ″ билік″ мағынасында айтылып отыр) өзі шығарған заңдарға бағынышты емес. Халық үшін міндетті заңдар, тіпті қоғамдық шарт та егемен үшін міндетті болып табылмайды. Егемен ″ судьядан да, заңнан да жоғары″ тұрады. Егеменнің адамдарға кешірім жасау, жазадан босату туралы құқықтарын айта келіп, Руссо оның ролін тым жоғары бағалайды. Яғни егеменнің билігі адамдардың өмір және өлім туралы тағдырын да шеше алады. Егер билеуші ″ сенің өлімің мемлекет үшін қажет деп тапса, ол өлуі тиіс″ .

Руссоның сөзімен айтсақ, қоғамдық шарт мемлекет құзы-рына оның барлық мүшелерінің үстінен шексіз билік береді. Жалпы ерік бойынша бағытталған бұл билікті Руссо егемендік деп атайды. Бұл оның жалғыз ғана иесі халықтар егемендігін білдіреді. Халық ретінде бұнда қоғамдық шарттың барлық мүшелері, (қоғамның ерекше әлеуметтік топтары емес) ересек ер адамдар айтылады. Жалпы еріктің нағыз көрінісі, иесі, егемені халық болып табылады. Сондықтан да Руссоның айтуынша ″ адам еркі емес, билік қана қолдан қолға көшеді″ . Осы сөзінің негізінде Руссо биліктің өкілдік формасын және мемлекеттік биліктің бөлінуі туралы принцип пен идеяны теріске шығарды.

Атқарушы билікті кімнің атқаратынына қарай Руссо басқа-рудың демократия, аристократия және монархиялық түрлерін қарастырады. Оның барлық формаларында егемендік пен заң шығару билігі халықтың қолында болады. Руссо демократиялық басқару шағын мемлекеттер үшін, аристократиялық басқару орташа мемлекеттер үшін, ал монархиялық билік ірі мемлекет-тер үшін тиімді екендігін ескертеді. Оның ойы бойынша халық басқару формасын өзгертуге ғана емес, қоғамдық келісімді тоқтатуға және өздеріне табиғи бостандықтарын қайтаруға да құқылы.

Руссо заңдарды төрт түрге — саяси, азаматтық, қылмыстық және салт-дәстүрлер мен қоғамдық пікірге бөледі. Қоғамдық шарт тақырыбына тек саяси заңдар ғана кіретіндігін атап көрсе-теді. Кез-келген заңдар жүйесінің басты мақсаты — бостандық пен теңдік. Бостандықтың өзі де теңдіксіз өмір сүре алмайды. ″ Сондықтан да,— деп жазды Руссо, материалдық зат күші әр-дайым теңдікті жоюға ұмтылады, ал заң күші әрдайым оны қорғауға тырысуы тиіс″ .

Заңдардың күші мен ықпалы сол елдің географиялық жағ-дайы мен табиғатына, тұрмысына, халықтың әдет-ғұрпына да байланысты. Сондықтан да халықтың қажетті даму деңгейіне жетпеген заңдарды ұсына беруге болмайды. ″ Ерте қабылданған заңдар барлық еңбекті зая кетіреді″ . Руссо I Петрдің реформа-ларын асығыс қабылданған әрекеттер ретінде сынға алды.

Заңдар жүйесін жасау — ұлы да, мәртебелі және терең білімді, көп күшті қажет ететін ауыр еңбек. Заң жасау үшін мемлекет пен халықтың бар тынысы, оның мүмкін болар қажет-тіліктері мен ықтимал зардаптары, әрбір тұлғаның жалпы құқы-ғы терең ойластырылуы тиіс. Руссо ұлы заң жасаушылар мемлекеттің негізін салушы қайраткерлер, саясат және құқық саласындағы реформаторлар деп біледі. Ол мұндай ұлы заң жа-саушыларды егемен немесе магистратура емес мемлекетті құру-шылар деп түсіндіреді және заң шығарушы билікті ″ мемлекеттің жүрегі″ ретінде сипаттайды.

Мемлекеттік құрылыс пен отанға қауіп төнген төтенше жағдайда ″ заңның қасиетті күшін тоқтатуға″ және ″ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді диктаторға ерекше акті арқылы міндеттеуге″ болады. Бірақ диктаторлық биліктің мұндай мерзі-мін Руссо қысқа мерзімге ғана беруге болатындығын қатаң ескертеді.

Ж. Ж. Руссоның мемлекетті ұйымдастыру принциптері мен қоғамдық шарт туралы концепциясы және жалпы ерікті біл-діретін заң мен заң шығару билігі туралы ілімі мемлекеттік-құ-қықтық ойдың және әлеуметтік-саяси тәжірибенің одан кейінгі дамуына терең ықпалын тигізді. Оның саяси-құқықтық қаги-далары мен тұжырымдамалары ұлы француз революциясын дай-ындау мен өткізу кезінде оның идеялық қызметін атқарды.

## 9.3. Якобиншілдердің саяси-құқықтық идеялары.

**9.3.** XVIII ғасырдың соңында Франция бастан кешкен ұлы буржуазиялық революция және Якобиншілдердің саяси-құқық-тық идеологиясы дәуіріндегі қоғамдық сананың ажырамас және құрамдас бөлігі. Жирондистердің корольмен келісімге келу әре-кеті Париж жұмысшылары мен қолөнершілері арасында революциының тағдырына деген абыржу туғызды. Революцияны одан әрі жалғастыру үшін республика жариялау жолында насихат жүргізілді. Бұл жұмыстарды Яков монастырына жиналған саяси клубтың мүшелері өз мойындарына алды. Якобиншілдер деп аталған бұл клубтың мүшелері революцияны соңына дейін жеткізуді жақтады. 1793 жылы 2 маусымда өкімет билігі халық-тың қалың бұқарасына, қала халқының кедейлері мен шаруа-ларға сүйенген буржуазияның неғұрлым революцияшыл топта-рының қолына өтті.

Революция тағдыры үшін аландаушылық якобиншілдерді зорлыққа итермеледі. Олар революцияны сақтаудың бірден-бір жолы оның дұшпандарына қарсы аяусыз террор ұйымдастыру деп білді. Кезек күттірмейтін шараларды тез арада жүзеге асыру үшін биліктің зорлық тәсілдері іске қосылды. Якобин дикта-турасы революцияға үлкен қауіп төнген кезде орнады. Сырттан және іштен төнген қатер террорлықты қажет етті. Өйткені батыл шаралар ғана революцияның жеңістері мен республиканы құтқара алатын еді.

Якобиншілердің жұрт таныған көсемдері Жан Поль Марат пен Максимилиан Робеспьердің саяси-құқықтық идеялары сая-си өмірдің аласапыран кезеңінде қалыптасты және жүзеге асы-рылды.

Жан Поль Марат ″ Құлдық бұғауы″ (1774) және ″ Қылмы-стық заң шығару жоспары″ (1780) еңбектерінде деспотизм мен оның қайнар көздерін, деспоттық билікті орнату құралдары мен әдістерін, оның зардаптарын және оған қарсы күрес жолдары мен формаларын басты тақырып етіп алды. Деспотизмнің пайда болуын Марат адамдардың билік етуге құштарлығынан және жеке тұлғаның көш бастауға ұмтылысынан көреді. Мұндай ″ Құштарлық пен ұмтылыс адамға тумысынан біткен ″ билікті теріс пайдалану және адамдар арасындағы құлдықтың бастауы-ның негізі″ осында жатыр.

Мараттың ұғымы бойынша деспоттық билік түрі дүниеге зорлық нәтижесінде келген. ″ Мемлекет өзінің пайды болғаны үшін зорлық әрекеттері алдында борышты, мемлекет негізін қалаушылардың бәрі дерлік жолы болғыш қарақшылар″ . Мемле-кеттің қарақшылық әрекетпен пайда болу жолы ағартушылық-тың әлеуметтік философиясында кең тараған мемлекеттің пайда болуының шарттық концепциясына қайшы келеді. Ж. П. Марат келесі еңбегінде бұл турасында ағартушылар пікіріне қосылатын-дығын білдіреді.

″ Жақсы құрылымды мемлекет″ орнықтырудағы басты шарттардың бірі — бұқаралық билікті көптеген лауазымды адам-дар арасында бөлу болып табылады. Олардың бәрі халық алдын-дағы жауапкершілікті сезіне отырып, бір-бірінен тәуелсіз және бір-бірін тең дәрежеде тежеп отыруы тиіс. Ж. П. Мараттың сенімі бойынша ″ жақсы құрылымды мемлекеттегі″ жоғары билік халық қолында болады. Халық өзінің өкілдері арқылы егемен және жоғары заң шығарушы. Шығарған заңдарының бұлжытпай орындалуын халық өзі ғана қадағалайды. Халық игілінің ең бастысы — Мараттың ілімі — бойынша бағынышты халықтың құқықтық жағдайы, яғни адамдар құқығы. Саяси қоғамның игі мақсаты да адамдар құқығын қамтамасыз ету және қорғау.

Марат жеке тұлғалар құқығын табиғи және азаматтық құқықтар деп бөледі. Оның біріншісі табиғи түрде қалыптасса, екіншісі табиғи құқықтардан шыққан. Осындай құқықтардың билік айтушы қоғам,— деп таниды Марат. Адам құқықтарын қоғам орнықтырады, қоғамдық шарт нәтижесінде олар қасиетті және бұлжымайтын сипатқа ие болады. Адам құқықтары ″ адамдардың қандай да бір нәрсені қажет етуінен″ туындайды.

Мемлекеттік-құқықтық тәртіптерді реформалау арқылы ғана деспоттық режимді жоюға болмайтындығына көзі жеткен Марат халық бұқарасының күресі мен стихиялық халық бүлігіне

сенім артады. Оның басты үміті — бұқараның көтерілісі, стихия-лы халықтық бүлік, үстемдік жүргізуші мырзаларды жазалау, олардың зорлық-зомбылығын түп-тамырымен жою. Бірақ бұқа-раның ұйымдаспаған наразылығы мен қарсылығы ″ түпкі нәти-жеге жеткізбейтін және тез жаншылатын″ бүлікке айналады. Ха-лық қаһарына мінген мұндай жағдайда оның жеңіліске ұшы-рамауы үшін бұл күресті бастай алатын, ұйымдаспаған тобыр-дың әрекеттерін бір арнаға, бір мақсатқа жұмылдыра білетін батыл да, ақылды жеке тұлға қажет.

Қантөгіс арқылы келген жеңісті қолдан шығармау үшін Марат ешқандай аяушылықтың қажетсіздігін, жауды аяу жеңісті қолдан беру болып табылатындығын, жеңісті ұстап тұрудың бір-ден-бір құралы диктаторлық билік екендігін айтады. Ж. П. Марат бұл идеясын революция жылдарында батыл үгіттейді және одан ары дамытады. Оның айтуы бойынша, диктаторлық билік ″ сат-қындар мен төңкерісшілерді құрту″ үшін қажет. Бұл туралы Ма-рат ″ біз үшін ең маңыздысы революция жеңістерін қорғау болып табылады″ деп жазды.

Және оны якобиншілдер жан-тәнімен жақтады, оның идея-лық көсемі Ж. П. Марат болды. Якобин диктатурасы рево-люцияға үлкен қауіп төнген кезде орнады. Революцияға оранған Франция жау мемлекеттердің қолында қалды, ішкі контррево-люция да бас көтерді. Ағылшын флоты солтүстіктен және Же-рорта теңізінен шабуылдап Тулонды басып алды. Елдің оңтүс-тігінде және батысында король билігін жақтаушылар бүлік шығарды, ірі сауда және өнеркәсіпті қалалар Марсель, Бордо, Лион солардың қолына көшті. Революция жеңістеріне шын мәнінде аса зор қауіп төнді. Осындай жағдайда контрреволю-циямен, басқыншылармен және революцияға теріс пиғылда болғандармен аяусыз күресу үшін революциялық диктатураның төтенше тәртібі — қатал тежеусіз өкімет билігі орнады.

Марат пен Робеспьердің идеясымен якобиншілдер револю-циялық басқару орнатуды жариялады, оның басты міндеті революцияны қорғау және құтқару болды. Өкімет билігі Кон-вент сайлаған қоғамдық құтқару комитетінің қолына көшті, оны Робеспьер басқарды. Революция жауларымен күресу және олар-ды жазалау үшін жалпы қауіпсіздік комитеті құрылды. Револю-циялық трибуналдың қызметі кеңейтіліп, контрреволюционер-лер мен алыпсатарларды өлім жазасына кесу туралы заң қабылданды. Революциялық трибунал туралы декретте оның міндеттері мен өкілдіктері заң жүзінде бекітілді. Революциялық трибуналда барлық қылмыстың жазасы өлім жазасы болып белгіленді және контрреволюционерлерді халық жауы ретінде айыптау үшін әрбір әділетті және білімі бар адамның моральдық сенімі, ауызша, жазбаша түрлі дәлелдемелері жеткілікті болды.

Якобиншілдердің революциялық террор мен қанды кек туралы шаралары Мараттың ″ тамшы қанның төгілуі қанды апатты болдырмау″ амалдары ретінде түсіндірілді. Ол ″ бостандық деспотизмі″ корольдік деспотизмді аумалы-төкпелі мезетте күш-пен ғана жоя алады, дер кезінде шабылған бастар қоғам жаула-рын ұзақ уақытқа дейін тойтара алады және халықтарды қайыр-шылық пен тонаушылықтан, соғыс қасіретінен жүздеген жылдар бойы құтқара алады деп үміттенді.

Марат Париж Коммунасының Кеңесінде 1793 жылы 1 маусымда сөйлеген сөзінде азаматтарды толық әділеттілікке қол жеткізгенше, өздерін толық қауіпсіздендіргенше күштерді бірік-тіруге және каруларын тастамауға шақырды. ″ Еркін халық өзінің сайлаған өкілдеріне өздерінің өкілеттіліктерін орындауды, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды сеніп тапсырып отырғанда, өз борыштарына адал болып отырғанда, олардың өкілдерін қадірлеуге, олардың өз міндеттерін іске асыру барысында көмек-тесуге міндетті. Бірақ бұл өкілдер азаматтардың сеніміне қиянат көрсетіп, құқықтарын саудаға салып, олардың мүдделеріне опа-сыздық жасайтын болса, қинаса, тонаса, өлтіруге ниеттенсе, халық өзінің өкілдігін қайтарып алып және сатқындарды жаза-лап, өздерінің амандығын сақтауы тиіс″ . Осылай болу қажет екендігіне халықты сендіре білген Ж. П. Марат ″ өз отанына адал болмағандарды жазалауды талап етіңдер, мақсаттарыңа жеткен-ше тізе бүкпеңдер және қаруларыңды тастамаңдар″ деген ұран көтерді. Ол революция жеңістерін төтенше әрекеттермен, жаза-лаумен, репрессиямен қорғап қалуға үміттенді. Бірақ револю-циялық

террордың шектен тыс қаталдығы мен төтенше шара-лары Мараттың жеке өміріне және революция ісіне балта болып шабылды.

Якобиншілдердің көрнекті басшыларының бірі Максими-лиан Робеспьер саяси-құқықтық тақырыпта арнайы ірі еңбектер жазған жоқ. Оның саясат, мемлекет және құқық мәселелері жөніндегі ойла-ры мен көзқарастары якобиншілдер қозғалысының саяси жетекшісі және идеологы ретінде революциялық заң актілерін дайындау мен Конвентте жасаған баяндамалары мен сөздерінде айқын көрінеді.

Ұсақ буржуазиялық құрылысты мақсат еткен Робеспьер же-ке меншікті қорғау идеясынан әрі шыға алмады. Оның револю-циялық қызметінің бүкіл бойында буржуазиялық мемлекеттік-құқықтық идеалының мазмұны ешбір өзгерген емес. Ребес-пьердің мінсіз мемлекет туралы концепциясы Руссо мен Мон-тескье шығармаларының ықпалында пайда болған. Ол Руссоның табиғи құқықтар, басқару формасы, өкілдік жүйе, жеке меншік шекарасы туралы және т.б. ілімдерін одан әрі дамытты.

Робеспьердің саяси-құқықтық көзқарастары жиынтығының түпкі мәні — мемлекеттік билік, оның басқару аппараты мен құрылымының принциптері және қызметі туралы қағидалар бо-лып табылады. Робеспьер ойынша, саяси одақтың түпкі негізін-де үш бастау болу керек. Олардың біріншісі — азаматтардың табиғи құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау, олардың бар-лық қабілеттерін дамыту, екіншісі — азаматтардың заң шығару мен басқару ісіне қатысу құқығы, үшіншісі — мемлекеттегі халық билігінің мойындалуы. Халық барлық жағдайда да өз тағдырын өздері шешуге құқылы. ″ Егер қоғамның бір мүшесі ез-гі көрсе, онда бүкіл қоғам езгіде деп түсіну керек, ал егер қоғам езгіге ұшыраса, онда әрбір қоғам мүшесінің езгіге ұшырағаны″ .

Робеспьер алғашқы кезде, халықтың, бүкіл азаматтардың бостандыққа ие болуы мемлекеттік мекемелер мен заңдардың әртүрлі болуынан емес деген қорытынды жасады. Бірақ революцияның одан әрі дамуы мен тереңдеуінен ол басқарудың түрлі формаларының әлеуметтік-саяси мазмұнының ұқсас емес екендігін аңғарады және мемлекеттік биліктің монархиялық принципте ұйымдастырылуына батыл тойтарыс беріп, елдің республикалық құрылысын жанын сала қорғайды.

1793 жылдың соңына дейін Робеспьер бұқаралық билікті жүзеге асырудағы диктаторлық әдіске батыл наразылық білді-реді. Бұл кезде ол бостандық пен еркіндікке кепілдік берудің алғышарты революция жауларына қарсы қатал жазалау жүргізу емес, республикалық мемлекеттік-құқықтық механизмдердің сенімді жұмыс істеуі деп білді. ″ Конституция туралы″ сөйлеген сөзінде ол Конвентті билікті бөлуді жүзеге асыруға, заң шыға-рушы мекемені әкімшілік аппараттан бөлуге, барлық лауазымды адамдардың өкілеттік қызмет мерзімін азайтуды ұсынды.

Елдегі революциялық оқиғаларға байланысты, Робеспьер конституциялық және революциялық үкімет концепциясын жа-сайды. Осы концепцияны ұсыну барысында оның саяси-құқық-тық идеялары едәуір өзгерістерге ұшырайды. Робеспьердің билік етудің авторитарлық түріне көңіл қоюы айқын біліне бастайды. Оның ойынша, конституциялық үкіметтің мақсаты — құрылып біткен республикалық құрылысты сақтау, ең бастысы азаматтық бостандықпен айналысу, азаматтарды билікті теріс пайдалану-ынан қорғау және т.б. ″ Конституция — жеңімпаз және ол бейбіт еркіндіктің режимі″ .

Революциялық үкімет Робеспьерге басқа мағынада көрінеді. Бұл үкімет төтенше жағдайларда әрекет етуге арналған, яғни революция жауларына қарсы күрес болып табылады. ″ Револю-ция дегеніміз — бостандық жауларына қарсы соғыс.″ Бұл күрес Робеспьерді биліктің диктаторлық режимін жақтауға ықпал етті..

Революция жеңісі үшін алаңдаушылық батыл төтенше шара-ларды қолдануды қажет етті. 1793 жылы жирондистерге ниеттес контрреволюционер әйел Мараттың үйіне кіріп, оған қанжар сұғып

өлтірді. Оның өлімі революция үшін орны толмас ауыр қазаға айналды және якобиншілдер революциялық үкімет құру-ға мәжбүр болды. Бүкіл үкімет билігі Конвент сайлаған қоғам-дық құтқару комитетіне берілді. Бұл комитетті М. Робеспьер басқарды.

1793 жылы 17 қыркүйекте ″ Күмәнділер туралы Декрет″ қа-былданғаннан кейін революция жауларына қарсы якобиншіл-дердің революциялық терроры басталды. 1794 жылы 10 маусым-да ″ Революциялық трибунал туралы декреттің″ 7-бабында бар-лық белгіленген жазаның өлім жазасы болып табылатындығы″ ерекше атап көрсетілді. Якобиншілдер көсемдерінің бірі Эбер, Шомет, Дантон және тағы басқалар халық жауы деп жария-ланып, өлім жазасына кесілді. Якобиншілдердің революциялық терроры нәтижесінде мыңдаған адам революциялық трибунал-дың құрбаны болды.

Революциялық үкіметтің төтенше әрекеттерінің қаншалық-ты қауіпті екенін жақсы түсінген Робеспьер, мұның халық игі-лігі үшін жасалып жатқандығын ұғындыруға тырысты. Ол революциялық террорды елді сақтап қалудың және респуб-ликалық-конституциялық құрылысты орнатудың бірде-бір жолы деп түсіндірді. Революциялық террорды ақтау үшін Робеспьер бұл режимге мынадай анықтама берді: ″ Бостандық жауларын террормен тұншықтырыңыздар — сіздер республиканың негізін салушылар ретінде дұрыс істеген болып есептелесіздер″ . Оның якобиншілдердің қанды қырғынын моральдық жағынан ақтауы Робеспьердің саяси-құқықтық ойларындағы қайшылықтардың бірінен саналады.

Якобиншілдердің жікке бөлінуі мен террорлық әрекеттері олардың негізгі тірегі кедейлердің қолдауынан айырды. Өйткені, якобиншілдер байлар мен алыпсатарларға қарсы кедейлердің бас көтеруіне де ауыр соққы берді және қала мен ауыл кедейлерінің талаптары толық қанағаттандырылмады. Осы кезде революция-лық үкіметке қарсы Конвент қойнауында контрреволюциялық қастандық пиғылы қалыптасты. Оған қоғамдық құтқару коми-тетінің кейбір мүшелері де қатысты. Дайындалып жатқан қас-тандықтың алдын алуға Робеспьер кеш қалған еді. 1794 жылы 27 шілдеде контрреволюциялық төңкеріс нәтижесінде Робеспьер және оның жақтастары қамауға алынып, келесі күні олар ешбір сотсыз өлтірілді. ″ Отан үшін уақыт күттірмес қажеттілікте ғана қолданылатын революциялық террор″ олардың өздеріне қарсы балта болып шабылды. Робеспьер трагедиясы, якобин диктатура-сының трагедиясы қалыптасқан жағдайдың заңды қорытындысы еді.

## 10-тақырып.

## Тәуелсіздік үшін күрес дәуірінде Америка Құрама Штаттарындағы саяси және құқықтық ілімдер

### 10.1. Саяси және құқықтық ойдың негізгі бағыттарының жалпы сипаттамасы.

**10.1.** Солтүстік Америкада қоныстанған ағылшын отаршы-ларының әлеуметтік-саяси тарихында қоғамдық-саяси құрылым және құқық мәселелері бойынша идеялық пікірталастардың өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталатын екі кезеңді аңғаруға болады. Оның алғашқы кезеңі XVII ғасырдың басынан бастап XVIII ғасырдың ортасына дейін созылған отар қоныстардың метрополияға бағыныштылығымен сипатталса, екінші кезеңі тәуелсіздік үшін күреспен айқындалып, XVIII ғасырдың екінші жартысын қамтиды.

Ағылшындардың Солтүстік Американы отарлауы Голлан-диямен, Франциямен және Испаниямен әскери бәсекелестік жағдайында жүзеге асты. Алғашқы қоныстанушылардың қатарында кедей шаруа, қолөнершілермен бірге жаңа байлық көзін іздеген саудагерлер мен кәсіпкер-авантюристер де болды. Алайда отаршылардың мүдделері мен статустарының әр алуандылығына қарамастан, оларды біріктірген ортақ талабы болды. Ол алғашқы христиан қауымдарының уағыздарындағы өмір сүру тәртібіне сай келетіндей бұл жаңа дүниеден ″ жерұйық″ табу талабы еді. Бірақ әлеуметтік теңсіздік пен қақтығыстардың салдарынан бұл талап-тілектер әртүрлі трансформациялық формаларға ие болды.

Идеялық және қоғамдық саяси қайшылықтың қалыптасу себебі ағылшын шіркеуі мен радикалды протестанттық қауым-дардың арасындағы қақтығыстан шықты. Протестант- пуритан-дар (латын және ағылшын тілдерінен аударғанда ″ таза″ , ″ нағыз″ ) ағылшын шіркеуін римдік-католиктік шіркеудің көптеген күна-һарлықтарынан әлі де арылмаған деп айыптады. Олар өздерін нағыз реформаторлар ретінде санап, тұрмыс пен шіркеудің жөн-жоралғыларындағы артық ысырапқа қарсы шығып, үнемділік пен қарапайымдылыққа ұмтылды. Діни ілім мен оның ғұрып-тарындағы, ұйымдастырушылық мәселелеріндегі алшақтықта-рына қарай пуритандар пресвитериандар және радикалдар деп бөлінді. Радикалды пуританизмнің өкілдері ″ сепаратистер″ , ″ ин-депенденттер″ , ″ диссиденттер″ , ″ конгрегационалистер″ және т.б. атауларға ие болды.

Пресвитериандық пуританизмнің көрнекті өкілі Джон Уинт-роп отаршылар қауымдарының жетекшілерінің әлеуметтік, әкім-шілік және сот саясаттарын қатаң пуритандық теократия догмат-тары негізінде жүргізуіне үлкен күш салды. Ол бостондағы шір-кеуді басқара отырып, жиырма жыл бойы шексіз ысырап, жөн-жосықсыз шашылу сияқты күнаһарлықтарға қарсы позиция ұстанды. Демократиялық идеялар мен реформа жобаларына қар-сы шығып, мемлекеттік істер мен сот билігін халықтық колле-гиялық органдарға беру қауіпті деп санады, өйткені ″ барлық жақсылық нәрсе әдетте азшылықта ғана болады″ .

Әкімшілік және сот функциялары магистраттар (шенеу-ніктер) мен дін иелерінің (священниктердің) біріккен күш-жігері нәтижесінде іске асырылды және олардың бақылауы отаршыл-дар өмірінің барлық қырын қамтыды. Пуритандық теократия губернатордың авторитаризміне және магистраттар мен дінбасы-лардың олигархиясына айналды және бұл фримендердің (еркін отаршылдар-арендаторлардың) қарсылығын туғызды. Осылайша қауымның пресвитериандық ұйымдасуының принциптері ко-нгрегационалистік қауымның принциптеріне (негізгі үш прин-ципіне: басқаруға қауымның әрбір мүшесінің қатысу құқығы, жергілікті шіркеудің дербестігі, қауымның жоғары шіркеу беделі-нен тәуелсіздігі) қайшы келді.

Дін басылары мен магистраттардың олигархиясына инде-пенденттердің, барлық христиандардың діни бірлігі және әркім мен жалпының ортақ игілігі ретіндегі республика туралы ілімі де қарсы тұрды. Бұл қауымның өз әрекеті мен ұйымдасуында уағыздаушылар (проповедниктер) институты (пуритандардың жаңалығы), дінге төзімділік принципі, еркін ойлаушылық кеңі-нен таралды. Олар мемлекетті жалпы көпшіліктің еркі алдында жауапты және қоғамның мүддесін көздейтін ұйым

деген көз-қарасты да кеңінен қалыптастырды. Индепенденттер доктрина-сының мұндай ерекше дара принциптерін Америкада Хартверд-тен шыққан Т. Хукер (XVII ғасырдың бірінші жартысы) және Сейлемнен шыққан Р. Уильямс сияқты талантты уағыздаушылар мен ойшылдар таратты. Т. Хукер өзін прагматик ретінде көр-сетті. Ол жергілікті теократияның озбырлығына, сайлау құқы-ғындағы мүліктік шектеу салуларға қарсы шықты. Ол ″ бүкіл халықтың парасатты еркі″ позициясын, сондай-ақ інжіл мәтін-деріндегі халық егемендігі идеясын ұстанды.

Роджер Уильямс (1603—1689) діни ізденістердің ұзақ та ауыр жолын басынан өткізді. Бастапқыда ол ағылшын қауымының мүшесі болса, кейінірек сепаратист, баптист ретінде де көзге түседі. Оның шіркеу мен мемлекетке қатысты ұстанған позиция-сы ағылшын революциясы дәуіріндегі О. Кромвель, Дж. Миль-тон сияқты реформатор-пуритандардың көзқарастарына жақын. Оның пікірінше, биліктің ұйымдасуы бағыныштылардың келісі-міне негізделеді және барлығының заң алдындағы теңдігін білді-реді. Уильямс жеке адамның діни ұстанымына деген төзімділік уағызына көп көңіл бөлді. Уильямстің идеялары американ рево-люциясы тұсындағы радикалды республикашылдардың бірқатар доктриналарына ықпал етті.

Халық егемендігі мен демократиялық республикашылдық туралы пуритан саяси философтарының идеялары конституция-лық құрылғыларды қалыптастыруда практикалық тұрғыда көрі-ніс тапты. Бұл процесс 1621 жылы ″ Мэйфлауэр″ кемесінде Келі-сім қабылдаудан басталды және ол метрополияның, отарлық иеліктер губернаторларының және қоныстанушылар өкілдері жиналыстарының бірлескен күш-жігері арқылы қамтамасыз етілді. Бұл кезеңдегі маңызды конституциялық құрылғылардың қатарына 1639 жылы Коннектикутта жарияланған ″ Негізгі қағи-далар″ , әсіресе, 1641 жылы қабылданған ″ Массачусетстік еркін-діктер хартиясын″ жатқызуға болады. Осы еркіндіктер жинағын құрастыруда ағылшын құқығының үлкен білгірі Натаниэль Уорд елеулі роль атқарды және онда ағылшынның конституциялық практикасындағы соңғы жетістіктер ескерілді. Бұл бостандықтар қатарына заң алдындағы теңдік, соттың әділ шешіміне деген құ-қық, соттағы сөзсайыс принципі, жолаушы еркіндігіне деген құ-қық, адвокаттық қорғауға деген құқық, апелляция құқығының кепілдігі және т.б. жатады.

Билік басындағы пресвитериандық үстем тап бұл еркіндік-тер жинағын орындаудан бас тартқан соң фримендер губер-наторға жаңа петиция жолдады. Осының нәтижесінде 1648 жылы ″ Заңдар және бостандықтар″ деп аталатын жаңа, пысықталып толықтырылған жинақ қабылданды. Бұл жинақ өзге отар иелік-теріндегі заң құрастырушылар үшін үлгі болды және батыс әле-міндегі заманға лайық кодекс болып есептелді. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету жолымен заң шыға-рушылар және шенеуніктердің еркін озбырлығын шектеу прин-ципі XVIII ғасырдың аяғындағы конституциялық теорияда ай-қын аңғарылды. 1780 жылғы Массачусетсте қабылданған кон-ституцияда құқықтық мемлекет құрудың негізгі принциптерінің бірі — ″ адамдардың емес, заңдардың басқаруы″ — жарияланды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында өздерін штаттар (яғни мемлекеттер) деп атаған колониялар мен метрополиялар арасын-дағы шиеленіс салық салу мәселесіне байланысты күшейе түсті. Көптеген публицистер (Д. Адамс, Т. Джефферсон, А. Гамильтон және т.б.) өздерінің саяси памфлеттерінде барлық отар иелік-теріндегі қоныстанушылар заң шығарушы жиналыста өз өкілде-рінің болуы керектігін, өзін-өзі басқару принципін ұстану қа-жеттігін айтып, отаршылардың саяси талаптарын табиғи-құқық-тық негізбен байланыстырды. Азаматтардың табиғи құқығы мен бостандығы туралы бұл ой тек публицистикада (көсемсөзде) ғана емес саяси және конституциялық құжаттарда да мойындалды: Виргиния штаты құқықтарының Декларациясы (Дж. Мейсон және Дж. Мэдисон, 12 маусым 1776 жыл) және Тәуелсіздік Декларациясы (Т. Джефферсон, Б. Франклин, Дж. Адамс, 4 ші-лде 1776 жыл). Тәуелсіздік Декларациясын 13 штат бірауыздан қабылдады. Табиғи құқық теориясының идеяларын талдау бары-сында халықтың саяси таңдауы мен дербес өмір сүру құқы-ғының және халық егемендігінің конституциялық принциптері жарияланды. Теориялық жаңашылдықтың тағы бір маңызды нәтижесі биліктің бөлінісі принципін нақтылау болды.

Тәуелсіздік үшін күрес тұсында (1775—1783) штаттардың Конфедерациясы құрылды. Алайда

соғыс аяқталысымен штат-тардың одағын нығайту және тиімді федералды үкімет құру қа-жеттілігі туындады. Осы міндетті атқару үшін 1787 жылдың ма-мыр айында конституциялық Конвент құрылды. Ол барлық сословиелік артықшылықтар мен дворяндық титулдарды жойып, республикалық құрылысты бекітетін, ажыратылған үш билік жүйесін енгізетін федералдық Конституцияның жобасын дайын-дап шығарды. 1803 жылы Жоғарғы сот өзінің конституциялық бақылау құқығын бекіткеннен кейін американдық революция-ның барлық негізгі кезеңдері (тәуелсіздік үшін күрес, жаңа мемлекеттік құрылымды қалыптастыру және оны өмірге енгізу) толығымен аяқталды.

АҚШ-ң саяси өміріндегі келесі жаңалықтар 1861—1865 жылдардағы азамат соғысы тұсындағы идеялық-саяси күреспен, сондай-ақ аграрлық қоғамнан индустриалды, кейінірек индуст-риалдылықтан постиндустриалды қоғамға өту барысындағы әлеуметтік эволюциямен байланысты болды, ал саяси және құ-қықтық ойдағы өзгерістерді локктық индивидуализм және пуритандық республиканизмнен либералдық прагматизмге өту-мен байланыстыруға болады.

## 10.2. Федералистердің саяси және құқықтық идеялары.

**10.2.** Федералистердің ең көрнекті өкілі Александр Гамиль-тон (1757—1804) кең ауқымды көзқарастағы мемлекет қайраткері ретінде конституциялық теория мен практика саласындағы терең зерттеулердің авторы және қуатты бір орталыққа бағынған федералдық өкімет билігінің жалынды жақтаушысы болды.

Бір орталыққа бағынған мемлекеттің мүддесін көздейтін федералистер халық билігінің үстемдігі туралы демократтардың пікірлерімен келіскенімен, билікті тобырдың жаман әдеттері мен қасиеттерін ауыздықтау қажеттілігімен байланыстырды, өйткені онсыз халық ешқашанда ақыл-ой мен әділеттіліктің еркіне бағынбайды. Федералдық конституцияның жобасына коммен-тарий түрінде жазылған ″ Федералистердің ескертпелері″ деп аталатын жинақта билік пен басқарудың барлық түрлерінде де өз артықшылықтары мен кемшіліктері болатыны айтылған. Сая-си шындықты бұлай бағалау федералистерді ағартушы-демок-раттармен жақындастырды.

Гамильтон адамдарға тән эгоизмге орай жалпы игілік үшін қызмет етуге мәжбүрлейтін биліктегі күштеу жүйесін бекіту ту-ралы Дж. Адамстың пікірімен келісті. Халық дана басқару-шының қолға үйретіп отырған алып жыртқыш аңына ұқсайды. Мұны ескермесе кез-келген конституция жалаң сөзге айналады.

Гамильтон 1787 жылдың қазаны мен 1788 жылдың мамыры аралығында ерте римнің республикашыл патриоты Публиус Валерийдің бүркеншек атымен жарияланған ″ Федералист″ мақа-лаларын жазған үш автордың бірі. Бұл үш автор да Консти-туцияны даярлауға қатысып, кейінірек өкіметтегі негізгі қызмет-терді атқарды: Гамильтон — қаржы министрі, Дж. Джей — Жо-ғары сот төрағасы, Дж. Мэдисон — елдің төртінші президенті.

Гамильтон штаттардың жаңа федералды одағын сақтап қалу үшін жаңа өкіметке қорғаныс саласында шексіз өкілдіктер беруді дәлелдеп жазады. (N 23 ″ Федералист″ мақаласы). N 78 ″ Феде-ралист″ мақаласында Гамильтон сот бақылауының қажеттілігін жүйелі түрде негіздейді. Гамильтонның пікірінше, өмір бойы сайланған тәуелсіз, құрметті және жоғары жалақы төленетін соттар басқаруды жауапкершілікпен қамтамасыз ете алады. Ат-қарушы биліктің қылышы, Конгрестің қалтасы болса, ал сотта даналық қана бар.

Өзінің саяси көзқарасы жағынан федералистер тобына Джон Адамс (1735—1826) та жатады. Ол саяси ғылым және мемлекет мәселелері бойынша алғашқы фундаменталды (іргелі) еңбектің авторы, көпшіліктің басқаруына жүйелі түрде қарсы шыққан және қазіргі консерватизмнің идеялық көшбастаушыларының бірі болып табылады. Адамс қарыз бен сыбайластыққа батқан Англиядан бөлініп, колониялардың заң шығарушы және әкім-шілік дербестігін негіздеуде Джефферсонды қолдады. Дж. Адамс алғашқылардың бірі болып мемлекеттік құрылымды ең маңызды және өзекті мәселе ретінде қарастырды. Өзінің ″ Америка Құрама Штаттарындағы өкіметтік биліктің конституциясын қорғау″ атты көлемді үш томды монографиясында биліктің үш тармағының ажыратылуы мен тәуелсіздігінің қажеттілігін негіздеді.

Монархия, аристократия, демократия сияқты басқарудың қарапайым формалары оның түсіндірмелерінде деспотизмнің көрінісі ретінде байқалады. Адамстың идеалы — басқарудың ара-лас формасы, үш элементтен тұратын баланс: атқарушы билік, парламенттің жоғары аристократиялық және төменгі демокра-тиялық палатасы — осылар бірігіп азаматтық биліктің теңесті-рілген формасын құрайды.

Мемлекеттік биліктің үш саласының өзара әрекетінің ұйым-дастырылуын ол Цицеронның ″ Республика туралы″ трактатынан үзінділер келтіріп негіздейді. Оның пікірінше дәл осы форма ″ адамдардың емес, заңдардың басқару″ принципін жүзеге асы-руға сәйкес келеді. Өкіметтік биліктің салалары Гендель шығар-машылығындағы үш дауысты әдемі композицияға ұқсас үйле-сімді бүтіндікте құрылып, қызмет етуі тиіс. Адамстың әртүрлі мемлекеттік формаларды тарихи

тұрғыда салыстыру қабілеті оның замандастарын өткенді қамтудың кең ауқымдылығымен және оқиғалар мен айғақтарды жинақтаудағы мұқият ұқыпты-лығымен таңқалдырды. Гректер мен римдіктердің тәжірибесінен өзге ол Европадағы мемлекеттік құрылымдардың барлық белгілі жүйелерін талдап, оны жекелеген американдық штаттардың тә-жірибелерімен салыстырды.

Адамстың негізгі идеяларының бірі әлеуметтіліктің әр са-тылы деңгейде өмір сүру заңдылығын негіздеу болды. Оның жи-нақтаған тарихи және айғақтық материалдары бойынша ерте заманнан бүгінгі қоғамға дейінгі барлық өркениеттік қоғам-дардың тарихында аристократия үстем элемент болып келді (бұл гипотеза қазіргі әлеуметтану мен мәдениеттанудың В. Парето, А. Тойнби, К. Ясперс сияқты классиктерінің көзқарастарына өте ұқсас). Ол Пейннің және Джефферсонның романтикалық көңіл-күйдегі саяси көзқарас-тарымен пікірталасқа түсе отырып, әрқашанда ″ адам-адамға қасқыр″ принципіне негізделген Маки-авеллидің іліміне сүйенді.

Джеймс Мэдисон (1751—1836) Филадельфия конвентіне қа-тысушы, ″ Федералист″ авторларының бірі, ″ американ конститу-циясының әкесі″ деген құрметті титулдың иегері. Ол АҚШ жағ-дайындағы республикалық басқару идеясын дайындауға, билік тармақтарының тепе-тең ажыратылу теориясына, фракция кон-цепциясына және т.б. қомақты үлес қосты. Оның жүйелі түрдегі философиялық, саяси және заңгерлік тәсілі ерекшелігінің арқа-сында ″ Федералист″ жинағы жалпы ауқымды комментарийден мемлекеттік биліктің фундаментальды принциптерін шебер тал-даған зерттеуге айналды. Ал кейінірек АҚШ-ң Жоғары соты үшін конституциялық құқықтың қайнар ″ Федералист″ көзі және американдық конституциялық құқықтың тәжірибелерін зерттеу-шілердің барлығының сілтеме жасайтын негізгі кітабы боп та-былды.

Мэдисонның шығармашылығында ғасырдың көптеген идея-лық дәстүрлері қиюласып келеді: қоғамдық шарт және табиғи құқық дәстүрлері, өкіметтік билік салаларын конституциялық реттеу және адам құқықтары туралы заң жобаларына филосо-фиялық комментарийлер беру, сондай-ақ шотландтық философ-эмпириктердің, ағылшын вигаларының мұрасына ой толғау және ертедегі республикалардың тәжірибесін қайта пайымдау. Өмірінің соңында ол өзінің федералистік позициясының кейбір тұстарын қайта қарастырып демократиялық республикашылдар-мен жақындасады.

Республикалық басқаруды сипаттауда Мэдисон мемлекет пен қоғамдағы әлеуметтік әртектілікке үлкен мән береді. Оның пікірінше, бұл әртектілік ең алдымен экономикалық мүддеге негізделіп, қақтығыстарға әкеледі. Руссомен салыстырғанда Мэ-дисон республика көлемінің шағындығы азамат соғысы бары-сында күйреуге әкеліп соғады деп есептеді.

Кезінде Аристотель атап көрсеткендей ″ орта тап″ азамат-тарының саны басым үлкен мемлекеттер тұрақты және ұзақ өмір сүреді, өйткені бұл басқарудың шектеулі формасын талап етеді. Мұндай жағдайда азаматтардың саяси және құқықтық қа-рым-қатынастары бай және кедей азаматтардың фракцияларына тәуелді бола бермейді.

Факциялар туралы Фукидид, Макиавелли, Юм, Адамс және өзге де саясат әлемінің беделді зерттеушілері жазған еді. Мэди-сон осы дәстүрді жалғастырып, факция ұғымын түсіндіруде бір-қатар жаңашылдықтар енгізді. Оның N 10 ″ Федералисте″ келті-рілген анықтамасы бойынша ″ факция″ қоғамның біріккен мүд-десіне және өзге азаматтардың құқықтарына қайшы келетін бел-гілі бір ортақ пікірге немесе мүддеге біріккен азаматтардың тобы деген ұғымды білдірді.

Мұндай топтардың зиянының салдарын екі тәсілмен түзе-туге болады. Оның біріншісі — факцияның пайда болуына әке-летін себептерді жою, екіншісі — оның өмірде болуының салдар-ларын реттеу. Факциялықтың себептері адамның жараты-лысында жасырынғандықтан, оның себебін жою мүмкін емес, тек бақылауға алу арқылы факция пайда болуының салдарларын жұмсартуға ғана болады. Жергілікті ой-өрістегі факциялық пиғылдағы адамдар интрига, сатып алу және тағы басқа жолмен республиканың өкілдік жүйесінде дауысқа ие болып, онан кейін халық мүддесін сатып кетуі мүмкін. Аз көлемді қоғамдарда факциялық айырмашылықтың екі түрі ғана

болуы мүмкін — көпшілік және азшылық, ал үлкен республикаларда қоғам фак-циялардың алуан түріне бөлінген тұтас ұлтты құрайды.

Фракцияның қалыптасуына адамдардың дінге немесе билік жүйесіне деген, теориялық және практикалық сипаттағы көпте-ген сұрақтарға деген көзқарасы ықпалын тигізеді. Фракциялық айырмашылықтың себебі қоғамдық қалпы мен тағдыры қызы-ғушылық тудыратын әртүрлі саяси жетекшілер мен жеке тұлға-ларды жақтаудан да туындауы мүмкін. Алайда фракция пайда бо-луының ең кең таралған және тұрақты себебі меншіктің әркелкі бөлінуі болып табылады. Басқару билігінің құрылымы үнемі меншік иелері мен билікке қауіп төндіретін фракциялардың пайда болуына жол бермеуді ескере отырып ұйымдасты.

″ Фракция″ сөзі кейде ″ әділетсіз коалиция″ , ал көбіне ″ фрак-ция″ деп аударылып келді. Қазіргі саяси талдауда ″ фракция″ тер-мині партияның, таптың, әлеуметтік топтың, ұйымның бөлінген оқшау бөлігін білдіреді. Мэдисонда фракция онымен салыстыр-ғанда көпқырлы және өзінің негізгі көріністері мен сипаттама-ларында айқын анықтала қоймайды. Ол көбіне мүліктік және тіпті эмоционалдық талап-тілектері мен қасиеттері бойынша бірік-кен адамдардың тобын білдіреді. Мұндай әлеуметтік бірліктерді кейінірек күрделі топтар деп атай бастады.

Мэдисон Монтескьенің ізінше биліктің үш тармағының ажыратылуын жақтады, алайда олардың бөлінісіне келгендегі теңсіздікке орай қиыншылықтар туындады. Осыған байланысты ″ ұстамдылықтар және қарсы қоюшылықтар″ деп аталатын жүйе құру идеясы пайда болды.

XVIII ғасырда американ конституционалистерін мазалаған көптеген саяси мәселелер Американың өзінде және онан тыс жерлерде әлі күнге дейін дискуссия мен пікірталасқа ұласуда. Әсіресе билік бөлінісіндегі теңсіздік, президенттің шексіз өкілет-тілігі және штат билігінің дербестікке ұмтылуы сияқты мәселе-лер өзектілігін жойған жоқ.

**10.3.** Радикал демократтардың саяси және құқықтық идеялары.

**10.3.** Американ демократтарының көрнекті өкілінің бірі Томас Пейн (1737—1809) Англияда туып өсті және Америкаға Франклиннің кеңесі бойынша келді. Тәуелсіздік үшін болған американдық соғыстар кезінде ол кең танымал публицистке (көсемсөзге) айналды. Оның ″ Адам құқықтары″ (1791 ж.) деп аталатын саяси-философиялық очеркі өзге тілдерге аударылуы мен қайта басылуының саны жағынан Байронның атақты ″ Чайл Гарольд″ поэмасымен таласа алады. Ол революциялық Фран-цияның саяси өміріне белсене қатысты, Конвент депутаты бо-лып сайланды. Якобиндік террорды сынағаны үшін түрмеге жа-былып, Дантонмен қатар отырды, алайда тек бақытты кездей-соқтықтың арқасында ғана өлімнен аман қалды. Осында ол ″ Ақыл-ой ғасыры″ деп аталатын шіркеуге қарсы памфлетін жаз-ды (1794—1795). Робеспьердің құлауынан кейін түрмеден боса-нып, депутаттық құқығын қалпына келтірді. Америкаға келген-нен кейін өзінің шіркеуге қарсы көзқарасы үшін қудаланып, елеусіз күйде өмірден өтті.

Пейн өзінің ″ Зерделі пайым″ памфлетінде (1776 ж. қаңтар) дұрыс ойланатын американдық патриоттың атымен штаттардың республикалық өзін-өзі басқару идеясын шеберлікпен қорғап, мұрагерлік монархия мен метрополиядағы жартылай респуб-ликалық парламенттің айқын әрі жасырын күнәларына батыл қарсы шықты. Пейннің пікірінше, Америка ісі барлық адам-заттың ісі болып табылады және барлық адамзаттың табиғи құ-қықтарының жауларымен күрескендерді толық жақтайтындығын білдірді.

Пейн алғашқылардың бірі болып өзінің шығу тегі, рөлі мен мақсаты тұрғысынан қоғам мен мемлекет арасындағы айырма-шылықты айқындады. ″ Қоғам біздің қажеттіліктерімізге орай құрылса, ал өкімет біздің күнәларымызға орай қалыптасады, алғашқысы біздің игілікті ұмтылыстарымызды қалыпты біріктіре отырып, біздің бақытымызға ықпал етсе, екіншісі біздің күнә-ларымызды иектей отырып, жағымсыз ықпал етеді, біріншісі жа-қындастықты жақтаса, екіншісі алшақтықты құптайды″ . Оның кейбір сентенциялары (қанатты сөздері) кейінгі Годвиннің және Бакуниннің мемлекетке қарсы анархистік пікірлеріне ұқсас еді.

Американ колониялары тәуелсіздігінің либералды қорғау-шысы бола отырып, француз революциясының практикасы мен идеяларын консервативті тұрғыда сынаған Э. Беркпен пікірталас барысында Пейн, бұл сыншының ұсынылған құқықты ием-денген құқықпен шатастырғанына назар аударады. Берк үшін мемлекет — адамзат даналығының туындысы, ал адам құқығы — адамдардың қайырымдылық пен зұлымдық аралығын таңдау барысындағы саналы талаптары. Пейн ойынша, биліктің пайда болуы мен өмір сүруі тек бағыныштылардың келісіміне ғана негізделеді. Басқарудың барлық формаларын ол екіге бөледі: сайламалы-өкілдік және мұрагерлік басқару. Біріншісі респуб-лика болса, екіншісі — монархия және аристократия. Басқару билігі талант пен қабілеттілікті қажет еткендіктен, ал талант пен қабілет мұрагерлік арқылы берілмейтіндіктен, ең надан ел ғана монархиялық және аристократиялық басқаруды қалайды.

Адам құқығы — бұл адамның әлеуметтік болмысының қа-сиеті және сонымен бірге, ″ өкіметтік биліктің принципі″ . Бұл қасиеттердің болуы тез дамуға жағдай жасайды. ″ Адам құқық-тары республикалық басқарудың принципі мен қажетті атри-бутын құрайды және өзінің осы сапасында барлық өркениетті халықтардағы зайырлы басқарудың атрибуты болып табылады. (″ Адам құқықтары″ памфлеті, 1791 ж.).

″ Ақыл-ой ғасыры″ трактатында Пейн ақыл-ойды ″ інжілдік ертегілерге″ қарсы қоя отырып, діни дүниетанымда төңкеріс жа-сауға шақырды. Шіркеулік мемлекет билік пен кірісті бір қолға шоғырландырып, адамзатты қанау мен қорқыту үшін құрылған деп бейнелейді. Мұндай бітіспес жауынгерлік деизм Джеффор-сонның және өзге де ағартушылық бағыттағы еркін ойлаушы-лықтың өкілдеріне ықпал етті және оның трактатының атауы ағартушылық ғасыры деп аталатын тұтас жүзжылдықтың сино-ниміне айналды.

Пейннің пайымдауынша Америка және Франциядағы рево-люциялардың ықпалымен өмір сүріп отырған ″ өкіметтік билік жүйелері″ жөніндегі пікірлер өзгереді. Осыған орай ол Европа ауқымында революцияның болу мүмкіндігін болжады.

Томас Джефферсон (1743—1826) өз дәуірінің атақты заман-дастары сияқты философиямен айналысуды мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі үлкен белсенділікпен біріктірді. Өзінің ең ірі туындысын туған штаты Виргинияның мемлекеттік құры-лысы мен тарихына арнады (″ Виргиния штаты туралы ескерт-пелер″ , 1775), ал ең белгілі шығармасы АҚШ-ң тәуелсіздік Дек-ларациясы (1776) болып табылады. Ол шығу тегі жағынан провинциалдық плантатордың баласы. Джефферсон саяси ман-саптың барлық баспалдақтарынан табысты түрде өтті: қара-пайым үйренуші заңгерден және графтық иелігіндегі милиция шенеунігінен штат губернаторына дейін, ал кейін елдің прези-дентіне дейін өсті. Оның саяси көзқарастарының эволюциясы радикалды, ал кейде утопиялық бағдарламалардан шектеулі ли-бералдық принциптерге дейін өзгерді.

Ағарту ісі мен еркін ойлауды насихаттаудағы Джеффер-сонның сіңірген еңбегі елеулі — ол діни еркіндікті бекіту туралы штат Заңының авторы (1777), американдық философиялық қоғамның президенті, өзінің жеке сәулеттік жобасы бойынша Виргиния штатында құрылған университеттің қамқоршысы болды. Ол қоғамдық оқытуды (бастауыш мектептен универ-ситетке дейін) адамның табиғи құқығы мен халықтың өзін-өзі басқару құқығы тәрізді демократиялық республиканың ажы-рамас атрибуты деп есептеді.

Ағылшын короліне анонимді ашық хат ретінде жариялаған Джефферсонның брашюрасы ″ Британ Америкасының құқық-тарына жалпы шолу″ деп аталады. Осы жұмысының өзінде-ақ жас философ және публицист ″ табиғат заңдары бойынша алын-ған құқықтарын″ қайта қайтару қажеттілігі туралы тезисін негіз-деді. Арнау ″ шынайы тілмен″ жазылды және онда король ″ ха-лыққа пайда әкелу үшін сайланған, халық тарапынан бақы-ланып отыратын, күрделі мемлекеттік машинаның жұмысына көмектесетін, заңмен тағайындалған өз халқының басты шенеу-нігі″ ретінде сипатталады.

″ Виргиния штаты туралы ескертпелерде″ Джефферсон Аме-рикадағы болашақ демократия туралы мәселелерге байланысты өз пікірін білдіреді. Ол адамзат барлық құқық пен биліктен өзі-не керегін алады деп үміттенді, сонымен бірге халық еркіндігін сақтай отырып, заң шығарушы, атқарушы және сот билігі меке-мелеріндегілерге толық сенімділіктен сақтандырды. Джеффер-сонның пайымдауынша, жуық арада ″ біздің шыққан еліміздегі сияқты бұл елде де сыбайлас жемқорлық (коррупция) өкіметті қамтиды және халықтың негізгі бөлігіне таралады. Атлант мұхитының екі жағалауындағы адамдардың жаратылысы бірдей және белгілі бір жағдайлардың ықпалын бірдей бойына сіңіре алады. Бізді жаулап алмай тұрғанда сыбайлас жемқорлық пен тираниядан сақтанатын мезгіл жетті″ .

Діни наным-сенім еркіндігіне деген құқықты қорғай оты-рып Джефферсон оны табиғи құқықтардың қатарына жатқы-зады.

Мемлекеттің қызметі мен ұйымдастырылуындағы республи-кандық принциптер, оның пікірінше, жүйелі түрде барлық дең-гейлердің өн бойын қамтып өтуі тиіс: ол федерацияның (сыртқы және жалпы федералдық саясат мәселелері бойынша), штаттың (азаматтарға қатынасы бойынша), сондай-ақ округтың, аудан-ның және жекелеген елді мекендердің (барлық жергілікті маңыз-ды мәселелер бойынша) қызметі мен ұйымдасуын қамтиды. Барлық әділ билік пен оны тасымалдаушылардың (көпшілік, азшылық, жекелеген тұлғалар) шығу тегі жөнінде Юммен пікір-таластыра отырып, Джефферсон көпшіліктің басқару принципін қатаң ұстанды. Оның пікірінше, деморатиядан келген кеселдің емі онан да кең деморатияландыру болып табылады, өйткені әділетсіздікті халықтан гөрі билеуші азшылықтан көбірек күтуге болады.

Өмірінің соңғы жылдарында Джефферсон байлық пен ста-тустың дәстүрлі аристократиясы талант пен қабілеттің табиғи аристократиясына орын босататындай мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру қажеттілігі туралы ойға келді.

# 11-тақырып.

# XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басындағы Германиядағы

# саяси-құқықтық ілімдер

**11.1.** XVIII—XIX ғасырлардағы неміс идеологиясының ерек-шеліктері.

**11.2.** Иммануил Канттың мемлекет және құқық туралы ілімі.

**11.3.** Гегельдің мемлекет және құқық туралы ой-пікірлері.

**11.4.** Құқықтың тарихи мектебі.

**11.1.** Аталмыш дәуірдегі Германияның әлеуметтік-саяси жағ-дайы қоғамдық қатынастар дамуының өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. XVI—XVII ғасырлардағы діни және әлеуметтік қозғалыстардан кейін елде крепостниктік (басыбайлылық) тәр-тіптер бекітілді. Феодалдық биліктің нығаюы саяси бытыраң-қылықты күшейтті, бюргерліктің (буржуазияның) әлсіреуі нәти-жесінде өнеркәсіптің даму деңгейі төмендеді.

Германияның экономикалық артта қалушылығы Ұлы фран-цуз төңкерісінен кейін, әсіресе Наполеонның басқыншылық со-ғысы кезінде айқын аңғарылды. Неміс жеріне төнген тәуелсіз-дікті жоғалту қаупі билік басындағы үстем тапты крепостниктік тәртіпті шектеу мен феодалдық бытыраңқылықты жоюға бай-ланысты бірқатар шаралар жүргізуге мәжбүр етті. Сонымен қа-тар неміс буржуазиясы Француз төңкерісінің тәжірибесінен са-бақ ала отырып, елдегі соған ұқсас процестерге жол бермеу үшін дворян ақсүйектерімен келісімге қол жеткізді. Олар өздеріне қо-лайлы өзгерістерді жоғарыдан, корольдік билік тарапынан бірте-бірте жүргізілген реформалар көмегімен іске асыруға ұмтылды. Бұл неміс бюргерлерінің үстем тапқа деген төзімді қатынасынан байқалады.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басындағы неміс идеоло-гиясының ерекшеліктері елде орныққан католиктер мен про-тестанттар арасындағы дінге төзімділік қатынастарымен де сипатталады. Этникалық біртекті ортадағы діни плюрализм тео-риялық ойдың дамуына қалыпты жағдай жасады, өйткені фило-софия діни догматтардың қатаң құрсауынан босанып шықты. Осының нәтижесінде қоғамдық санада алдыңғы орынға дүние-танымдық тұрғыдағы мәселелер көтерілді.

Немістің классикалық философиясы қоғамдық теорияның дамуында жемісті рөл атқарды. Осыған дейінгі доктриналарды сыни тұрғыда қайта пайымдай отырып, неміс философтары теория-лық таным методологиясын жүйелі түрде дайындауға шұғыл кірісті. Бұл тенденция (үрдіс) классикалық неміс идеализмі өкілдерінің еңбектерінде барынша айқын көрінді. И. Канттың және Г. Ге-гельдің философиялық концепцияларында адам санасының белсенді, шығармашыл сипаты және табиғат заңдарымен салыс-тырғанда қоғамда өмір сүретін заңдардың өзіндік ерекшелігі сияқты мәселелер алғаш рет қойылды. Классикалық неміс философиясының ең маңызды жетістігі Гегельдің диалектика ту-ралы ілімі болды.

Радикалды акциялардан қорыққан буржуазиялық саяси-құ-қықтық идеология ғасырдың революциялық идеяларын универ-ситеттік философияның тіліне алмастырып, заман талабының өзектілігін бәсеңдетуге тырысты. Жоғары құндылық ретінде са-на, ақыл-ой еркіндігі жарияланды. Бұл бір жағынан неміс бур-жуазиясының әлсіздігінің орнын толтырған өзіндік рухани ком-пенсация болды.

**11.2.** Иммануил Кант (1724—1804) — классикалық неміс фи-лософиясының көшбастаушысы және құқықтың қазіргі теория-сындағы іргелі бағыттың бірінің негізін қалаушы. Кенигсберг университетінің профессоры Канттың ілімі XVIII ғасырдың 70-жылдары осығaн дейінгі философияны сыни тұрғыда қайта пайымдағаннан кейін қалыптасты. Өзінің саяси-әлеуметтік көз-қарастарын ол бастапқыда құрамына ″ Бүкіләлемдік-азаматтық тұрғыдағы жалпы тарих идеясы″ , ″ Мәңгілік әлемге қатысты″ сияқты жұмыстары енген мақалалар жинағында баяндады, ал кейінірек ″ Адамгершілік метафизикасы″ (1797) трактатында қо-рытындылады.

Кант философиясы танымның эмпирикалық (тәжірибелік) және априорлық (тәжірибеге дейін немесе онан тыс) түрлерін бір-біріне қарсы қоюға негізделеді.

Адамның қоршаған әлемді тануы әрқашанда тәжірибеден, яғни сезімдік түйсіктерден басталады. Алайда эмпирикалық білімдер толық емес, өйткені олар зерттелетін заттың тек сыртқы белгілері — түсі, салмағы және т.б. жөнінде ғана білім бере ала-ды. Тек ақыл-ойдың көмегімен ғана заттың мәнін танып білуге, оның ішкі қасиеттері мен себептерін анықтауға болады. ″ Ақыл-оймен тану және априорлы тану екеуінің мәні бір″ — деп жазды ол.

Адамның жүріс-тұрыс әрекетінің мәселелерін қарастыратын Канттың практикалық философиясы өзге ұстанымдағы қағи-даларға сүйенді. Оның практикалық философиясының құрамдас бөліктері — этикасы мен құқық туралы іліміндегі негізгі рөл априорлы идеяларға тиесілі. Канттың пікірінше, егер табиғатты тану барысында ″ ақиқаттың негізгі қайнар көзі тәжірибе″ болса, ал адамгершіліктің заңдылықтарын адамдардың арасында бола-тын қатынастардан туындатып шығару мүмкін емес. Жараты-лыстану ғылымдарындағы сияқты мораль мен құқықтың тео-риясын қалыптастыруға болмайды. Моральдық философияның міндеті ақыл-ойға сүйене отырып адамның өзінің эмпирикалық өмір сүруінде ұстанатын жалпыға ортақ жүріс-тұрыс ережелерін көрсетіп беру болып табылады. ″ Өзінің эмпирикалық бастауын уақытша ұмыт қалдыра тұрмай және пікірдің қайнар көзін тек ақыл-ойдан іздемей″ заңгер ешқашанда әділдіктің жалпыға ор-тақ өлшемін таба алмайды. Осы шарттарды сақтаған жағдайда ғана этика құқық теориясымен ғылымға айналады. Басқаша айтқанда, Канттың ілімінде этиканың ғылыми статусы мәселесі көтеріледі, жаратылыстанымдық ғылымдардың методтарымен (әдіс-тәсілдерімен) салыстырғанда құқық теориясында қолданы-латын методтардың өзгешеліктері туралы мәселелер қойылады.

Канттың дүниеге әкелген сыншыл рационализм методоло-гиясының XVIII ғасырдағы ағартушылары рационалистік кон-цепцияларынан мәнді ерекшеліктері болды. Ең алдымен адам-ның ақыл-ой табиғатын түсіндіруде айырмашылық байқалды. Канттың көзқарасы бойынша ақыл-ой адамның айрықша қа-сиеті ретінде индивидте емес, адамзат тегінде, яғни ұрпақ алма-сушылықтың ұдайы аңдаусыз тізбегінде толығымен дамиды. Оның доктринасында ағартушылық алғаш рет бүкіләлемдік-тарихи процесс ретінде пайымдалды, оның барысында адам мә-дениет прогресінің нәтижесінде табиғатқа тәуелсіздіктен құты-лып, еркіндікке қол жеткізеді. Сондай-ақ Кант адамдардың көп-шілігінің адамзат дамуының жалпы барысын түсінбей, бейса-налы әрекет еткенімен және өзінің жеке мүддесін көздегенімен олардың ұрпақтары да мәдениетті жетілдіруге өз үлестерін қосады деп тұжырымдады. Мұнан шығатын қорытынды: ақыл-ой-өмір сүріп отырған практиканың нәтижесі емес, мәдениеттің үдемелі нәтижесі.

Бұл идеяларды негіздеу әлеуметтік заңдардың ерекшелігін игеру жолындағы үлкен қадам болды. Әсіресе, адамдардың субъективтік пиғылының тарихтың объективті нәтижесімен сәй-кес келмейтіндігі белгілі болды, алайда, Канттың әлеуметтік док-тринасын кейінгі ойшылдар әртүрлі түсіндіреді. Бұл ілім қо-ғамдық процестің диалектикасы, ондағы тарихилық пен логика-лықтың арақатынасы туралы ілімнің де (Гегель, Маркс), жараты-лыстанымдық және қоғамдық ғылымдарды бір-біріне қарсы қоя-тын концепциялардың да (кантшылдықтың әртүрлі мектептері) өзегін құрайды.

Кант рационализмінің тағы бір ерекшелігі философтың адамгершілік пен құқықты теориялық білім қатарынан шыға-рудан бас тартуымен сипатталады. Бұл тұрғыдан алғанда ол Руссо негізін қалаған демократиялық дәстүрді жалғастырды. Кант адамгершіліктің тасымалдаушылары

ешқандай артықшы-лықсыз барлық адамдар бола алады деген руссоистік идеяны қабылдағанымен, моральдың қайнар көзі туралы Руссоның позициясын қайта пайымдады. Канттың пікірінше, адамгершілік және құқықтық заңдардың қайнар көзі практикалық ақыл-ой немесе адамдардың ерікті ырқы. Бұл тәсілдің ерекшелігі рус-соизмнің демократиялық мазмұнын сақтай отырып, этика мен құқықты негіздеудің рационалистік әдістерін қалпына келтіруге мүмкіндік беруімен сипатталады.

Бүкіл адамзат алдындағы өз жауапкершілігін толық түсіну деңгейіне жеткен адам ғана моральдық тұлға бола алады деп жариялайды неміс ойшылы. Адамдар бір тектің өкілдері ретінде бір-біріне тең болғандықтан, әрбір индивид өзгелер үшін аб-солютті адамгершілік құндылыққа ие болады. Канттың этикасы осылайша эгоистік ұмтылыстардан жалпыадамзаттылықтың ба-сымдылығын бекітті, әлемдегі өзгерістер үшін индивидтің мо-ральдық жауапкершілігін баса айтып көрсетті.

Осы принциптерге сүйене отырып, Кант адамгершілік за-ңын шығарды. Философтың есептеуінше, моральдық тұлға уақыт пен кеңістіктің жағдайларына тәуелді гипотетикалық (шартты) ережелерді басшылыққа алмайды. Өзінің әрекетінде ол категориялық (шартсыз) императивтің талаптарына сай қимыл-дайды. Гипотетикалық ережелермен салыстырғанда категория-лық императив қандай да бір нақты жағдайда қалай әрекет жасау керектігін көрсетпейді, демек формальды болып табылады. Онда ″ адамзат бейнесі алдындағы парыз″ деген жалпы идея ғана болады. Яғни индивидке мораль заңымен жүріс-тұрыс қалы-бының қай бағыты сәйкес келетінін өз еркімен таңдау еркіндігі беріледі. Категориялық императивті Кант адамгершілік еркін-дігінің заңы деп атады және бұл екі ұғымды синоним ретінде қолданды.

Философ категориялық императивтің екі негізгі формула-сын келтіреді. Оның алғашқысы: ″ Өз қылығыңның ұстанымы жалпыға ортақ заңға айналатындай болсын″ (бұл жерде ұстаным жеке жүріс-тұрыс қалыбын білдіреді). Екінші формула мынаны талап етеді: ″ Өз болмысыңда және қандай да болмасын өзге бол-мысында адамзатқа ешқашанда тек құрал ретінде емес, әрқа-шанда мақсат ретінде қатынас жасайтындай етіп әрекет ет.″ Ма-ғынасының айырмашы-лықтарына қарамастан бұл екі формула мәні жағынан бір-біріне жақын — оларда тұлғаның абыройы және адамгершілік сананың автономиясы идеялары айтылады.

Канттың құқықтық теориясы этикамен тығыз байланысты. Оның ілімінде құқықтың да, моральдың да қайнар көзі (адам-ның практикалық ақыл-ойы) және мақсаты (жалпыға ортақ еркіндікті бекіту) бір. Олардың арасындағы айырмашылықты Кант қылық жасауға мәжбүр ететін тәсілдерден аңғарады. Мо-раль адамның ішкі ұмтылыстарына және өз парызын сезінуге негізделген, ал құқық осындай қылықтарды қамтамасыз ету үшін өзге индивидтер немесе мемлекет тарапынан сырттай мәжбүрлеуді пайдаланады. Мораль саласында жалпыға міндетті кодекстер болмайды және болуы да мүмкін емес болса, құқық мәжбүрлеуші күшпен қамтамасыз етілетін жалпы заңдылықты қажет етеді.

Құқық пен моральдың арақатынасын қарастыра отырып, Кант құқықтық заңдарды адамгершіліктің алғашқы сатысы ретінде қарастырады. Егер қоғамда адамгершілік заңдарына ұқ-сас құқық бекітілсе, онда жеке адамның ерікті ырқы өзгелердің еркіндігіне қайшы келмейтіндей адамдар арасында қатаң сақ-талатын қатынас орнайды. Мұндай қатынастар толық адам-гершілікті болып табылмайды, өйткені бұл қатынасқа түсетін индивидтер парыздың ықтиярын емес, мүлдем өзге мотивтерді — бас пайданы ойлау, жазаланудан қорқу және т.б. басшылыққа алады. Басқаша айтқанда құқық адамдар арасындағы сырт көзге ізгілікті, өркениеттік қатынастарды қамтамасыз еткенімен, олар-дағы өзара антипатия, тіпті бірін-бірі жек көру сақталып қалады. Тек құқық (моральсыз) үстемдік ететін қоғамда индивидтер ара-сында ″ толық антогонизм″ орын алады.

Канттың анықтамасы бойынша құқық — бұл еркіндіктің жалпыға ортақ заңы тұрғысында жеке адамның еркі өзгелердің еркіне қайшы келмейтін шарттардың жиынтығы. Бұл шарттарға мыналар жатады: мәжбүрлеуші заңдардың болуы, индивидтің жеке құқықтарының және жеке меншіктің кепілді статусы, қоғам мүшелерінің заң алдындағы теңдігі, сондай-ақ дау-дамайдың сот жолымен шешілуі. Практикалық-идеологиялық тұрғыда бұл анықтама ерте либерализмнің идеологиясына

ұқсас. Ол бойынша еркін және тәуелсіз индивидтер арада пайда болған қатынастарды өзара келісімге сай өздері реттей алады және бұл қатынастардың берік қорғалуын ғана қажет етеді.

Канттың құқық туралы ілімі XVIII ғ. батысеуропалық заң-герлік ой дамуының жоғары сатысы болып табылады. Онда құ-қықтың ғылыми теориясын методологиялық негіздеу, норматив-тіліктің (қалыптылықтың) интеллектуалды-ерікті табиғаты, құқық пен моральдың арақатынасын ашу және өзге де түбірлі мәселелер көтерілді. Құқықты кең мәдениеттанымдық контексте сипаттай отырып Кант дербес пән ретіндегі құқық философия-сының пайда болуының алғышарттарын даярлады. Арнайы заңгерлік зерттеулер үшін оның еңбектеріндегі субъективті құ-қықтар мен міндеттердің өзара байланысы ретіндегі құқықтық қатынастардың сипаттамасы үлкен маңызға ие болды.

″ Адамгершілік метафизикасында″ табиғи құқықтың өзгеше түсіндірмесі берілген. Руссоның ізінше, Кант объективті құқық болмайтын гипотетикалық табиғи жағдай концепциясын ұстан-ды. Адамға әуел бастан жалғыз туа біткен табиғи құқық — адам-гершілік таңдаудың еркіндігі тән. Одан теңдік, ойлау, пікір бөлісу қабілеті және т.б. адамның айнымас қасиеттері туын-дайды. Мемлекетке дейінгі кезеңде адам субъективті табиғи құ-қықтарға ие болды, оның ішінде меншік құқығы да бар, алайда олар индивидтің өз күшінен өзге ешнәрсемен қамтамасыз етіл-меген. Мұндай субъективті өкілеттіліктердің жиынтығын Кант қалыптасқан дәстүрге қарамастан жеке құқық деп атады. Оның пікірінше, жеке құқық өзінің нағыз заңды және кепілді сипа-тына тек мемлекет деңгейінде ғана, жалпы заңдардың бекітілген тұсында ғана ие болады.

Әлеуметтік-саяси құбылыстарды түсіндірудің априорлы принципіне сай Кант мемлекеттің шығу тегі жөніндегі мәселе-мен айналысудан бас тартты. Табиғи құқық концепцияларына тән мемлекеттің қоғамдық келісім жолымен орнау мәселесіне келгенде ол тек ақыл-ойдың идеясына ғана ие. Алайда заң шығарушы өз міндетін атқару барысында бүкіл халықтың бірік-кен еркін білдіретін заң шығару мәселесіне келгенде күмәнсіз (практикалық) нақтылыққа ие болады. Үстем таптың мұрагерлік билігі жөніндегі заңға халықтың келісім беруіне ол күмән-данады.

Саяси теорияның қалыптасуындағы Канттың үлесі оның құқықтық мемлекет туралы қазіргі ілімдердің негізгі идеялары мен принциптерін орнықтыруымен сипатталады. ″ Адамгершілік метафизикасындағы″ дефиницияға (анықтамаға) сәйкес мемле-кет — құқықтық заңдарға бағынған адамдар көпшілігінің бірігуі. Мемлекеттің маңызды белгісі ретінде заңның үстемдігі аталады.

Тұрақты құқықтық тәртіптің кепілі болатын мемлекет, Канттың пікірінше, қоғамдық шарт және халық егеменділігі бастауларына негізделіп құрылуы тиіс. Ол заң билігін халықтың жүзеге асыруы азаматтардың арасында құқық теңсіздігіне әкелетін заң қабылдауға жол бермейді деген Руссоның пікірімен келіседі. Алайда Канттың халық егемендігі туралы көзқарасы шектеулі сипатта болды, Руссодағы халық билігін ол парламент-тегі халық өкілеттілігімен алмастырады.

Ерте либерализмнің идеологы ретінде Кант индивидуалды еркіндікті құқықтық қамтамасыз етудегі мемлекеттің қызметін былайша сипаттайды: ″ Мемлекеттің жалпы игілігі конституция-ның құқық принциптерімен барынша келісімділік жағдайына тікелей байланысты. Бізді осыған ұмтылуға өзінің категориялық императивімен ақыл-ой міндеттейді″ . Философтың пайымдауын-ша азаматтардың бақыты туралы қамқорлық мемлекеттік билік-тің міндетіне жатпайды (мұндай саясат билеушілердің ″ өздерінің түсінігі бойынша бақытты етуге″ ұмтылатын деспотиялық мем-лекеттерге тән).

Кант мемлекеттегі үш басты органды — заң шығарушы (парламент), оны атқарушы (өкімет) және қорғаушы (сот) деп бөледі. Мемлекетті ұйымдастыру үлгісі ретінде биліктердің ажы-ратылуы және субординациясы жүйесі алынады. Неміс ойшылы бұл принципті өз кезегінде мемлекеттің республикалық және деспотиялық нысандарын ажырату негізіне де қолданады. ″ Рес-публиканизм — атқарушы биліктің (өкіметтің) заң шығарушы биліктен бөлінуінің мемлекеттік принципі; деспотизм — өзінің шығарған мемлекеттік заңдарын өз билігімен атқару принципі″ . Мемлекет нысандарын үстем топтың саны бойынша дәстүрлі жіктеуге (монархия, аристократия және

демократия) Кант аса мән берген жоқ, оны ол мемлекеттік құрылымның рухын білдір-мейтін әріптердің көрінісі ғана деп есептеді. Бұл концепцияның мәні бойынша егер билік ажыратылса монархия республикаға айналады, ал олай болмаса, керісінше, деспотияға айналады.

Ойшыл Германияның болашақ құрылымын конституция-лық монархия түрінде елестетті. Идеалды мемлекетке өту тәсі-лінде революциялық жолды ол үзілді-кесілді түрде теріске шы-ғарды. Қоғамның құқықтық жағдайына құқыққа қарсы құ-ралдар арқылы жетуге болмайды. Англиядағы Карл I-ң өлтірілуі мен Франциядағы Людовик XIV-ге жүргізілген сот процесінің заңсыздығын алға тарта отырып, мемлекеттік құрылыстағы өзге-рістерді бейбіт жолмен заң шығарушы реформалар арқылы бірте-бірте іске асыруға шақырды.

Адамзаттың болашақ дамуын ойшыл құқықтық респуб-ликалық мемлекеттердің әлемдік конференциясының құрылуы-мен байланыстырды. Оның бұл доктринасы XIX ғ. саяси даму-дың негізгі тенденциясының — монархия институтын сақтай отырып, басқарудың парламенттік нысанына көшу тенденция-сының алдын алды.

Мемлекет және құқық туралы Канттың ілімі Француз төң-керісінің тікелей ықпалымен пайда болған алғашқы ірі саяси доктрина болды. Кант либерализмнің саяси бағдарламасын сол замандағы радикалды және танымал бағыттардың идеяларымен біріктіріп, оны терең пайымдалған теориялық жүйеге айнал-дырды. Кант философиясын кейде Француз революциясын не-місше ақтау варианты деп те атайды.

**11.3.** Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің (1770—1831) филосо-фиялық ілімі классикалық неміс идеализмі дамуының ең жоғарғы сатысы болып табылады. Оның негізгі шығармалары — ″ Рух феноменологиясы″ (1807), ″ Логика ғылымы″ (1812—1816), ″ Филосо-фиялық ғылымдар энциклопедиясы″ (1817). Мемлекет және құқық мәселелеріне қатысты басты еңбегі ″ Құқық фило-софиясы″ (1821) деп аталады.

Гегель — объективті идеализмнің ең көрнекті өкілі. Оның философиясының негізгі категориясы — абсолюттік идея. Ол бастауы жоқ, мәңгі түпкі нақтылық және барлық мәнділіктің қайнар көзі, өз дамуында үш кезеңнен немесе этаптан өтеді. Абсолюттік идея ашылуының бірінші этапы — ең жалпы, абстрактылы ұғымдардан нақты, алуан түрлі және көпқырлы ұғымдарға қарай дамуы. Абсолюттік идеяның өзіндік қозғалы-сының екінші этапы — оның өзі қалыптастырған табиғатқа енуі. Абсолюттік идея ашылуының үшінші кезеңі — оның табиғат арқылы өзіне қайта оралуы. Табиғат төменгі формадан жоғары формаға қарай дами отырып, рухқа қарай өрлейді және рухта аб-солюттік идеямен қайта қосылады.

Гегель өз ілімін идеалистік негіздегі әлемнің біртұтасты-ғынан шығарады. Онда ойлау мен болмыс Кант іліміндегі сияқ-ты бір-бірінен ажыратылмаған. Ойлауды да, болмысты да басқа-ратын ақыл-ой — абсолюттік идея. Ойлаудың заңы ғалам да-муының заңдарымен сәйкес келеді. Таным даму процесін ашуға мүмкіндік береді. ″ Барлық нақтылық ақыл-ойға ие, барлық ақыл-ой нақтылы″ деген гегельдік формула рух пен табиғаттың, сана мен болмыстың органикалық тұтастығын білдіреді.

Гегельдің философияға қосқан үлкен үлесі ойлау мен болмыстың заңдылықтарын ашуға арналған жаңа диалектикалық логиканы ойлап табуы болды. Диалектикалық тәсілдің мәні ой мен нақтылықты үнемі өзгерісте қарастырып, оның дамуының қозғаушы күші ретінде қарама-қайшылықты сипаттауында болды. Әрбір ұғым алдымен терістеледі, өзінің қарама-қай-шылығын тудырады, ал осы қарама-қайшылықтардың күресінен жаңа тұтастық пайда болады. Осылайша даму үш кезеңнен өтеді: тезис, антитезис және синтез. Бұл гегельдік триада деп аталады. Даму қарама-қайшылық арқылы табиғатта да, адамзат тарихын-да да, санада да жүзеге асады. Синтез дамуды тоқтатып қоймай-ды, келесі триаданың тезисіне айнала отырып жаңа дамуды бастайды. Гегельдің мемлекет және құқыққа байланысты көз-қарасы өзінің осы философиялық ілімінен туындайды.

Абсолюттік идея дамуының үш кезеңіне сәйкес Гегель ілімінде білімдер жүйесі үш бөлімнен тұрады:

1. Логика — ұғымдардың дамуы.
2. Табиғат философиясы
3. Рух философиясы

Мемлекет және құқықтың барлық мәселелерін Гегель рух философиясына жатқызады. Ол өз кезегінде үш бөлімге бөлі-неді:

А. Субъективті рух (индивидуалды жан):

1. антропология (жан тәннің сезінуші субстанциясы ретін-де);
2. феноменология (жанның санаға айналуы);
3. психология (жанның теориялық және практикалық қабі-леттері);

Б. Объективті рух:

1. абстракциялық құқық;
2. мораль;
3. адамгершілік.

В. Абсолюттік рух:

1. эстетика;
2. дін;
3. философия.

Құқық және мемлекет объективті рух саласында қаралып, ″ Құқық философиясында″ талданады. Бұл кітаптағы зерттеу объектісі заңгерлік саланың шеңберінен шығып, әлеуметтік өмір-дің барлық құбылыстарын, нақтылап айтқанда — әлеумет-тануды, саясатты, экономиканы, құқықты және этиканы қам-тиды.

Субъективті рухтың объективтілікпен синтезі абсолюттік рухқа әкеледі. Өнердің, діннің және философияның жоғарғы көріністерінде абсолюттік идеяны игеру жүзеге асады, табиғат адам кейпінде өз отанына оралады. Гегельдің объективті рух деп атаған триадасы абстрактылы құқықтан, мораль және адам-гершіліктен тұрады.

Абстрактылы құқық — бұл азамат статусымен байланысты емес, адамдардың құқылы қабілеті, оның позитивті құқыққа тәуелсіздігіндегі абстрактылығы. Абстрактылы құқықтың негізі — тұлға, оның басты принципі — ″ үлгі бол және үлгі ретінде өзгелерді құрметте″ — Канттың категориялық императивін еске түсіреді. Абстракциялық құқықтың субъектісі қоғамдық желі-лермен байланыспағандықтан, қоғамдық шарт мектебі өкілде-рінің түсіндірмелеріндегі табиғи құқықпен ұқсастығы бар. Бірақ Гегель абстрактылы құқықты тарихи кезең ретінде қарастыр-майды, оның іліміндегі тарихилық логикалық-диалектикалықпен астасып жатады. Объективті рухтың компоненттері мен құрамдас бөліктері сатылы түрде орналасқанымен, онымен бір уақытта қатар өмір сүреді.

Абстрактылы құқықта да табиғи құқықтағыдай қамтамасыз етудің, кепілдік берудің жоқтығы тәріздес идея бар. Абстрактылы құқық — бұл адамның еркін ырқының бой көрсету мүмкіндігі бар саласы. Бұл абстракциялық құқықтың Гегель белгілеген триада қатарына меншік, келісім және құқық бұзушылық кіреді. Меншікте құқық бір адамның еркі арқылы іске аса, келісімде — екі немесе бірнеше адамның еркі арқылы жүзеге асады, ал құқық бұзушылықта әртүрлі адамдардың еркі қатынасады, бірақ олардың арасында келісім емес, қайшылық болады.

″ Объективті рух″ триадасындағы екінші тізбек — мораль. Ол абстрактылы құқық субъектінің еркіндігін шектейді. Бұл мүм-кіндік емес, соған тән сала, адамның қылықтарға қатынасын, жүріс-тұрысын бағалаушы әрекеті. Мораль абстрактылы құқық тасымалдаушыларының нақты жағымды және жағымсыз қасиет-терін қамтиды (ниет және кінә, пиғыл және игілік, қайырым-дылық және ұят).

Абстрактылы құқық пен мораль үшінші тізбек адамгер-шілікте тұтастыққа бірігеді. Мораль мен адамгершілік ұғымдары Гегель ілімінде бүгінгі күні синоним ретінде әдетте жалпы қабылданған түсінігінен алшақтайды. Оның пайымдауынша мо-раль индивидуалды, субъективті, сондықтан қамтамасыз етілме-ген сипатта болады. Ал адамгершілік қоғамдық салаға жатады, онда адам өзгелермен өзара әрекетінде ұжымның, бірлестіктің бөлігі түрінде көрінеді. Адамгершілік субъективтік пікірден не-месе талап-тілектен жоғары тұратын әлеуметтік мазмұнға ие болды. Адамгершіліктің бұл анықтамасы қоғамдық қатынастар-ды реттеудің жүйесі ретінде түсіндірілген антикалық заманнан өз бастауын алады және бұл дәстүрлі түсінік XVIII—XIX ғасырға дейін өмір сүріп келді.

Адамгершілік саласында адам тұйықталған оқшау емес, ұжымның, бірлестіктің субъекті ретінде көрінеді. Адамды өз құ-рамына енгізетін мұндай бірлестіктің немесе жүйенің үшеуі бел-гілі: отбасы, азаматтық қоғам және мемлекет. Бұлар Гегель ілі-міндегі адамгершіліктің мазмұнын ашатын триадаға бірігеді. Отбасы — өзара сүйіспеншілік пен көмекке негізделген табиғи бірлестік. Отбасына азаматтық қоғам қарсы тұрады, онда өзара байланыстың ізгілікті нысандары жоқ, бұл жеке мүдделер әлемі. Отбасы мен азаматтық қоғам принциптерін синтездеп отырып,

әртүрлі элементтерді келістіріп біріктіретін және құқық пен моральдық іске асуына жағдай туғызатын жалғыз нәрсе — мем-лекет, адамгершіліктің жоғарғы формасы.

″ Объективті рух″ категориясына кіретін триаданың жалпы сипаттамасы Гегельдің методологиясынан хабар береді. Осы тұр-ғыда оның саяси көзқарасын білдіретін негізгі жалпы ұғымдарға тоқталайық. Әсіресе құқық, азаматтық қоғам және мемлекет түсініктері ерекше қызығушылық туғызады.

Гегель құқықтың философиялық және қолданбалы түсінігін жіктей отырып, замандастары арасында жаңашылдығымен көзге түседі. Құқықтың қолданбалы түсінігі практикалық заңгерлік үшін қажет болғанымен, философия үшін қызығушылық таныт-пайды. Философиялық түсінікті Гегель ″ құқық идеясы″ деп атайды. ″ Құқық идеясы дегеніміз еркіндік″ , өйткені құқықтың қайнар көзі — ерік, ол болса еркін, сондықтан еркіндік — құқықтың мәні және мақсаты. Гегель ″ еркіндік дегеніміз пайым-далған қажеттілік″ дей отырып, еркіндіктің табиғат және қоғам заңдарына бағыну екендігін айтады.

″ Құқық идеясымен″ қатар әрбір елде позитивті құқық ұғымы да өмір сүреді (құқықтық қолданбалы түсінігі). Гегель оның екі белгісін атап көрсетеді: мемлекет мойындаған кезде формальды тұрғыдағы жүріс-тұрыс қалыптары құқық норма-сына айналады, ал соның нәтижесінде оның мәжбүрлеуші куа-тымен қорғалады. Құқықтың мазмұны халық рухының, ұлттық мінез-құлықтың ерекшелігімен (Монтескье пікіріне ұқсас) және оның тарихи дамуының деңгейімен анықталады. Гегель позитив-ті құқықтың әлеуметтік-тарихи шарттылығын айқындайды. Заң шығарушы құқық нормаларын бекіткенде өзінің жеке еркін басшылыққа алмайды, қоғамда пісіп-жетілген нәрсені ғана бекі-теді. Құқық және заң синонимдер емес. Заң нормаға жалпыға ортақ айқындылық беретін құқықтың бекітілуі. Әдет-ғұрып пен сот шешіміне қарағанда заңның басымдылығы да осында. Заң тарихи қалыптасқан құқықтың көрінісі, егер ол ақыл-ойдан ауытқыса онда өзгерістерді қажет етеді. Гегельдің пікірінше заң-ның екі тегі бар: табиғат және құқық заңдары. Біріншісі ешқан-дай талдауға түспейді, ал екіншісі кейде расталады, кейде теріс-теледі.

″ Құқық идеялары″ және позитивті құқықтан өзге Гегель ілі-мінде ″ ерекше құқық″ туралы да айтылады. Ол ″ объективті рух″ шеңберіндегі еркіндік идеясының даму нысандары мен сатыла-рын осылай атайды. ″ Ерекше құқыққа″ жататын абстрактылы құқық, мораль, отбасы, азаматтық қоғам және мемлекет тарихи тұрғыда бір-бірін алмастырмайды, бір-біріне иерархиялық (саты-лы) түрде бағына отырып қатар өмір сүреді. Абстрактылыдан нақтылыққа өтуді білдіретін бұл сатылы жүйенің шыңы мем-лекет, ал одан жоғары тек әлемдік рух немесе ақыл-ой ғана тұ-рады.

Азаматтық қоғам — адамгершілік деп аталатын триаданың екінші мүшесі. Ол антитезис ретінде отбасына қарсы қойылады, өйткені онда отбасын құрайтын тұтастық принципі бұзылады. Азаматтық қоғамның құрылымында Гегель үш сословиені анықтайды: 1) жермен байланысты субстанционалды (дворяндар және шаруалар); 2) өнеркәсіптік (фабриканттар, саудагерлер, қо-лөнершілер, жұмысшылар); 3) жалпыға бірдейлер (шенеуніктер). Бұл жіктеліс таптық айырмашылықты ескермейді.

Қоғамдық шарт мектебінің өкілдері үшін азаматтық қоғам және мемлекет ұғымдары бір мағынада қолданылса, Гегель бұл екеуінің мәнін ажыратып қарастырады. Азаматтық қоғамда эко-номикалық заң үстем болса, мемлекетте этикалық заң басым. Мемлекет концепциясы Гегельдің саяси теориясының өзегі бо-лып табылады. Оның ілімінде мемлекет ″ адамгершілік идеясы-ның нақтылығы″ , ″ жүзеге асқан ақыл-ой″ , ″ еркіндіктің іске асуы″ . Ол мемлекеттің пайда болуы жөніндегі қоғамдық шарт теориясын теріске шығара отырып, оны құдай еркінің көрінісі ретінде асыра бағалайды. Ол мемлекетті тұлғадан, қоғамнан жо-ғары тұратын мақсат, органикалық тұтастық ретінде қарасты-рып, белгілі дәрежеде Гоббстың дәстүрін жалғастырады. Мем-лекеттің негізгі міндеті — азаматтардың бақыты емес, бүтіннің игілігі.

Гегельдің қоғамдық позициясы конституциялық құқыққа байланысты көзқарастарымен де айқындалады. Кант сияқты ол да биліктің бөлінуін еркіндіктің кепілі деп есептегенімен бұл принцип Гегельде өзгеше талданады. Сот билігін ол жеке емес, өкіметтік немесе атқарушы биліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Гегель заң шығарушы, өкіметтік және корольдік биліктерді бөліп көрсетеді, оның үстіне соңғысын бүкіл осы жүйенің негізі және шыңы ретінде сипаттайды. Корольдік билік қалған екі билікті біріктіреді және тұтастық ретіндегі мемле-кеттің айнасы болып табылады. Гегель монархизмнің идеологы ретінде конституциялық монархияны әлемдік рухтың көрінісі ретінде пайымдайды. Мұрагерлік монархия сайламалыға қара-ғанда табиғи және көпшіліктің билігімен салыстырғанда басқа-рудың ақылды формасы.

Гегельдің ″ конституциялық″ идеялары Локктың, Монтес-кьенің ілімдерінен едәуір артта қалып, жартылай феодалдық монархияның шеңберінен шыға алмайды және парламенттік нысандарды ″ ағартушылық абсолютизмнің″ қатаң құрылымына бейімдеп пруссиялық тәртіптерді дәріптейді. Ол мемлекеттік құ-рылыс мәселесіне келгенде, буржуазиялық өзгерістердің идео-логтарынан артта қалғанымен, әлеуметтік-экономикалық салаға келгенде олардан батылырақ болды. Бұл оның меншікке көзқа-расынан байқалады. Гегель жеке меншікті еркіндіктің бірінші деңгейі ретінде қарастырып, бөліністі теңестіруге қарсы болды. Сондықтан құлдықты, крепостниктік құқықты қолдамады.

Гегельге әлемдік федерация туралы космополиттік тенден-циялар жат, ол үшін дамудың жоғарғы нысаны — ұлттық мем-лекет. Ол әлемдік тарихты да ұлттық рухта түсіндіреді, барлық адамзаттық өткенді төртке бөледі: шығыстық, гректік, римдік және германдық. Оның әрқайсысына мемлекеттің төрт нысаны сәйкес келеді: шығыстық теократия (жалғыздың еркіндігі), демо-кратия және аристократия (бірнешеудің еркіндігі), конституция-лық монархия (барлығының еркіндігі). Ал қалғандарын ол ″ та-рихи емес халықтарға″ жатқызады.

Жалпы алғанда, Канттың философиясын Француз револю-циясының немістік теориясы деп атаса, ал Гегельдің саяси көз-қарастарын Француз революциясына деген консервативтік реак-ция деп атауға болады.

**11.4.** Германияда құқықтың тарихи мектебі XVIII ғасырдың аяғында пайда болып, XIX ғасырдың ортасында толық қалып-тасып болды. Бұл дәуірде Германияда феодалдық тәртіп сақ-талып қалды және экономикалық, әлеуметтік және саяси қаты-настары жағынан Батыс европа елдерінен артта қалды. Неміс қоғамының осы жағдайы құқықтың тарихи мектебінің қалып-тасуы мен таралуына ықпал етті.

Бұл мектептің негізін қалаушы Геттинген университетінің профессоры Густав Гуго (1764—1844) болды. Ол өзінің ″ Қалыпты құқық философиясы ретіндегі табиғи құқық оқулығы″ деген шығармасында құқық қалыптасуының ұзақ тарихи процесі мә-селесін көтереді және құқықтық реттеудің жоғарыдан жүргізі-летіндігі туралы пікірді теріске шығарады. Заң құқықтың жалғыз қайнар көзі емес. Құқық заңгерлік әрекеттен өзге, заң шыға-рушының еркінен өзге жолдармен де қалыптасады. Римдегі әдет-тік құқық, преторлық құқық осылай қалыптасқан. Заң шыға-рушының шығармашылық қабілеті туралы көзқарасқа қайшы келе отырып Г. Гуго құқық та тіл сияқты ешқандай келісім мен бұйрықсыз өз-өзінен құралады деп есептеді. Қатаң ережелер практика барысында туындайтын күмәнді мәселелердің шешімін табу кезінде бірте-бірте қалыптасады. Оның пікірінше, көпшілік заңды оқымағанымен, оның мазмұнын білмегенімен, оның тәр-тібімен жақсы таныс болып шығады. Құқық нормаларының айқындылығы әдеттік құқық арқылы мүмкін болады.

Г. Гугоның идеялары Берлин университетінің профессоры Карл Фридрих Савиньидің (1779—1861) XIX ғасырдың 40 жыл-дары басылып шыққан алты томдық ″ Қазіргі рим құқығы жүй-есі″ еңбегінде жалғасын тапты. Бұл кезеңде Германияда сақта-лып қалған феодалдық тәртіптер жеке капиталистік меншікке негізделген қатынастардың дамуына кедергі келтірді. Осы қай-шылықты шешуге ұмтылған неміс заңгері Тибо өзінің ″ Германия үшін жалпыға ортақ азаматтық құқықтық қажеттілігі″ деген ма-қаласында феодалдық әдеттерді ығыстыратын біртұтас азамат-тық кодекс құруды ұсынды. Бұл ұсынысқа келіспеген Савиньи тарихи өткенді теріске шығарды деп Тибоны сынады. Шынды-ғында, Савиньидің пікірінше, құқық әдет-ғұрып, тіл сияқты әрбір халыққа тән ерекшелігімен сипатталады. Құқық заң шы-ғарушының ойына келген еркінің бекітілуі емес, халықтық сананың, ″ халық рухының″ органикалық өнімі.

Құқықты халық сенімінің көрінісі ретінде жариялай оты-рып, Савиньи құқықты даярлаудағы заңгерлердің рөлін де теріс-ке шығармайды. Ол құқық дамуындағы екі негізгі кезеңді бөліп көрсетеді: табиғи құқық кезеңі және ғылыми құқық кезеңі. Алғашқы кезеңде құқық халық санасында әдеттік құқық ретінде өмір сүреді. Екінші кезеңде құқық халықтың құқықтық санасы-ның бейнесі әрі оның өкілдері рөліндегі ғалым-заңгерлердің ең-бектерінде аңғарылады. Дамуының бұл кезеңінде құқық екі-жақты өмір сүреді: бір жағынан халық өмірінің бөлігі ретінде, екінші жағынан заңгерлердің қолындағы ерекше ғылым ретінде.

Құқықтың тарихи мектебінің үшінші өкілі — Георг Пухта (1789—1846). Ол Берлин университетінің кафедрасында Сави-ньидің ізбасары болды. ″ Әдеттік құқық″ және ″ Институция кур-сы″ еңбектерінде ол құқықтық тіл және әдет-ғұрып сияқты ха-лық рухының, ″ халықтың жалпы санасының″ өнімі деп осы мек-теп өкілдерінің ұсынған пікірлерін қостады. ″ Құқықтың өз тари-хы бар″ деген пікірді ұстанып, оның органикалық дамуын жақ-тайды, мемлекетті де халық рухынан шығарады. Г. Пухта монар-хиялық басқаруды қолдады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда тарихи мектеп мемлекет және құқықты зерттеуге позитивті үлес қосты. Оның өкілдері ағарту-шылық дәуірдің көптеген идеологтарына тән рационалистік схематизмді және антитарихилықты теріске шығарды. Олар та-рихи шарттылыққа және саяси-құқықтық институттардың эво-люциясына, олардың ұлттық ерекшелігіне назар аударып, тари-хи-құқықтық зерттеулердің көбеюіне ықпал етті. Алайда ″ халық рухы″ ұғымы Монтескьенің іліміндегі мазмұнмен салыстырғанда тарихи мектеп өкілдерінде мистикалық мазмұнға ие болды. Гуго, Савиньи және Пухта өз ілімдерінде тарихилықты реакциялық тәртіптерді сақтаудың құралына айналды деп таныды. Пісіп жетілген буржуазиялық өзгерістерге қарсы тұрып, монархия, сословиелік теңсіздік, партикуляризм сияқты феодалдық тұғыр-ларды қорғау — міне, құқықтың

тарихи мектебінің саяси мәні осында болды.

## 12-тақырып.

## Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер дамуының тарихы

## (XI—XIX ғ.ғ. бірінші жартысы)

**12.1.** XI—XIV ғасырларда орыстың саяси және құқықтық ойы-ның дамуы.

**12.2.** XV—XVII ғасырдың бірінші жартысында Мәскеу мем-лекетіндегі саяси-құқықтық ой-пікірлер.

**12.3.** XVII ғасырдың екінші жартысы — XVIII ғасырда Ре-сейдегі саяси-құқықтық ілімдер.

**12.4.** XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдегі саяси жә-не құқықтық көзқарастар.

**12.1.** Орыстың саяси ілімдерінің алғаш пайда болуын Ежелгі Русь мемлекетінің қалыптасуымен байланыстырған орынды. XI—XII ғасырларда ежелгі орыс мемлекеті өз мәдениетінің гүл-денген кезеңіне жетті. Христиандықты қабылдау мен жазба мә-дениеттің таралуы әртүрлі жанрлардағы (хроникалар, трактаттар, құқықтық жинақтар және т.б.) тарихи және құқықтық шығар-малардың дүниеге келуіне себеп болды. Кітапты бағалаған Киев князі Ярослав Мудрыйдың (Данышпанның) (1019—1054) басқар-ған тұсында мәдениет пен сауаттылық алға басып дамыды. Белсенді саяси-құқықтық өмір (қалалардағы вече жиналыстары, құқықтық жинақ — орыс Правдасын қабылдау, өзге елдермен қарым-қатынас) саяси-құқықтық ойдың дамуына ықпал етті.

Орыстың ең алғашқы саяси трактаты ″ Заң және Игілік тура-лы сөздің″ авторы XI ғасырда өмір сүрген киевтік метрополит Илларион болып табылады. Ол өзінің шығармасын Заң мен Ақиқаттың өзара әрекетінен бастайды. Орта ғасырларда ″ заң″ термині Құдайдың немесе Билеушінің еркін білдіргендіктен теологиялық және заңгерлік мағынада қолданылды. Ал ақиқат Жаңа өсиет ілімін игеріп, христиандықтың жоғары адамгершілік статусына жетумен байланысты болды. Жаңа өсиет талабына сай өмір сүретін адам заңның реттеушілік әрекетін қажет етпейді, өйткені оның ішкі рухани болмысы ашылған Ақиқатқа сәйкес өз еркін іске асыруға мүмкіндік береді. Христиандықтың мораль-дық-этикалық идеалының таратылуын киевтік метрополит адам-заттың рухани жетілуінің жолы ретінде, Заңның (Көне өсиеттің) Ақиқатқа (Жаңа өсиетке) алмасуы ретінде қарастырады. ″ Заң және Игілік туралы сөзде″ құдайдың қалаулы халқы туралы идея теріске шығарылып, жер бетіндегі барлық халықтың тең құқық-тылығы идеясы бекітіледі. Илларион христиан әлемінде гегемо-нияға (жетекшілікке) ұмтылған Византияны айыптайды. Ұлы князьдің билігін Құдай алдындағы жауапкершілікпен байла-ныстырып, Ярославты Святослав пен Владимирдің ұлы істерін жалғастырушы ізбасары ретінде бағалайды.

Илларионның трактатын замандастары мен ұрпақтары жо-ғары бағалады. Ондағы қамтылған саяси-заңгерлік мәселелер (жоғары биліктің статусы мен оның тасымалдаушысы, билік өкілеттіліктерінің шығу тегі және іске асу заңдылықтары, ұлы князьдің моральдық келбеті, елді басқарудағы жауапкершілік, сыртқы саясаттың бейбіт курсы туралы көзқарастары) бірнеше ғасырлар бойы орыстың саяси әдебиетінде талданды.

Орыстың саяси идеологиясының онан ары дамуы орыс князінің, патшасының үлгісі деп есептелетін Владимир Моно-махтың еңбектерінде жүзеге асады. Мономахтың саяси бағдар-ламасы ″ Балаларға өсиет″ , ″ Олег Черниговскийге арнау″ және ″ Үзінді″ (автобиография) еңбектерінде мазмұндалады. Бұл шы-ғармаларда мынадай қомақты мәселелер қамтылған: ұлы князь өкілеттілігінің көлемі, шіркеу мен мемлекеттің арақатынасы, елде сот төрелігін жүргізудің принциптері. Ол ″ Өсиет″ еңбегінде жоғары билікті ұйымдастыру мен жүзеге асыруға үлкен көңіл бөледі: болашақ князьдарды елдегі ″ тәртіпсіздік″ пен ″ заңсыз-дықтың″ алдын алу үшін барлық мәселелерді дружиналар Кеңе-сімен ақылдасып шешуге шақырды. Кек қайтару (қанға-қан) мен өлім жазасына тартуға қарсы көзқарас ұстанды. Мономах елді басқаруда, сот төрелігін

ұйымдастыруда және соғыс қимыл-дарының қажеттілігі барысында ұлы князьдың жауапкершілігі туралы айтып Илларионның ойын жалғастырады. Қақтығыстық жағдайларды бейбіт жолмен шешуге ұмтылды. Діни және діни емес (зайырлы) биліктердің арақатынасы мәселесінде шіркеуге құрметті орын берілгенімен, ол билікке бағындырылды.

Мономахтың (1125) және оның ұлы Мстиславтың (1132) өлі-мінен кейін елде феодалдық бытыраңқылық процесі басталды. Моңғол дәуіріне дейінгі саяси ойдың дәстүрі Даниил Заточниктің шығармасында жалғасын тапты. Оның шығармасында ішкі алауыздықты жою мен сыртқы басқыншылықтан қорғану мақсатында ұлы князьдық билікті бекітуге бағытталған тенденция басым. Заточниктің еңбегіндегі негізгі саяси идеяның өзегін ұлы князьдің бейнесі құрайды. Автор князьдің ″ ойшылдардың″ (″ дум-цы″ ) Кеңесіне сүйенгенін қалап, боярлардың жеке билігіне қарсы шығады. Даниилдің ұлының князьдық билікті жақтауы жергі-лікті билеушілердің өкілеттігін шектеуді білдірді. Бұл сол заман-ның талабы — барлық орыс жерлерінің ұлы князь билігінің қол астына бірігуіне сай келер еді.

XIII ғасырдың басына қарай Киев Русі біртұтас мемлекет ретіндегі өмір сүруін тоқтатты. Алайда дәстүрлі саяси және құ-қықтық ой осымен тоқтап қалған жоқ, ол болашақ Мәскеу мемлекетінің саяси-құқықтық идеологиясындағы жаңа идеялар-дың синтезіне сіңісіп кетті.

**12.2.** Мәскеу мемлекетінің тарихы XIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. XIV—XV ғасырлар бойы ол шағын князьдықтан күшті монархиялық билікке негізделген бір орта-лыққа бағынған қуатты мемлекетке айналды. XVI ғасырдың со-ңында оның территориясы Еділ маңайы мен Батыс Сібірдің жер-лері қосылуының нәтижесінде кеңейіп, бұрынғы Мәскеу мем-лекеті енді ″ Ресей″ немесе ″ Ұлы Ресей″ деп атала бастады. XVII ғасырдың басында Мәскеу мемлекетінің қоғамдық-саяси жүйесі дағдарысқа ұшырап, ″ аласапыран кезең″ басталады. 1613 жылы орыстың монархиялық тағына жаңа әулет — Романовтар келеді.

Мәскеу мемлекетінің егемендігіне ықпал еткен мына оқи-ғалар болды: Куликово шайқасы (1380), Константинопольдің (Царьградтың) құлауынан кейінгі (1453) Русь билеушісі Иван III-ң Византия патшайымы Софья Палеологқа үйленуі (1472), Уградағы қарсылықтан кейін моңғол-татар құлдығынан түбегей-лі құтылу (1480). Мәскеу мемлекетінің әлеуметтік-экономика-лық және саяси құрылысының Киев Русімен салыстырғанда елеулі айырмашылықтары болды. Бұл айырмашылық жаңа тари-хи дәуірге өтумен, дамыған феодалдық қоғамға өтумен сипат-талады.

XV—XVI ғасырларда Мәскеу мемлекетінің өзіндік даму жо-лына түсуіне орай оның ішкі саяси ұйымдасуына байланысты (мысалы, орыс мемлекетінің шығу тегі, княздардың шежіресі, жоғарғы билікті ұйымдастыру нысандары мен жүзеге асыру тәсілдері, шіркеу мен мемлекеттің арақатынасы, сот төрелігін ұйымдастыру мәселелері) саяси пікірталас орын алып, әртүрлі идеологиялық ағымдар мен көзқарастар пайда болды. Оның ішіндегі ең маңыздылары қатарына ″ бас тартушылардың″ идео-логиясы, Иосиф Волоцкийдің, Филофейдің, Иван Грозныйдың, Андрей Курбскийдің және Иван Пересветовтің саяси идеялары мен концепциялары жатады.

XV ғасырдың екінші жартысында өткір пікірсайысқа айнал-ған мәселе шіркеудің экономикалық жағдайы мен оның иеле-нушілік құқығы, әсіресе жер мен еріксіз шаруа еңбегін иемдену құқығы және шіркеудің елдің саяси өміріне араласуы сияқты маңызды оқиғалар болды. Шіркеудің қызметін қайта ұйым-дастыруды, оның жер иеліктерін бөліп алуды, шіркеудің мемле-кеттің саяси ісіне араласпауды талап етушілер ″ бас тартушылар″ (″ нестяжательство″ ) деп аталса, өмір сүріп отырған шіркеулік ұйымның нысанын және оның экономикалық статусын сақтап қалуды жақтайтындар осы позицияның негізін қалаушының есіміне орай иосифляндар деп аталды.

Бас тартушылық доктринасының негізін қалаушы Нил Сор-скийдің (1433—1508) көзқарасы көбіне табиғи құқық мектебінің қағидаларына сай келеді. Нил қауымдық құрылымды үлгі тұтты. Мұндай қауымның (скита) монахтары апостолдардың өсиетте-ріне сәйкес өмір кешеді. Оның айтуынша, байлықты жинақ-тау-ды анда-санда қайыр-садақа беріп тұру сияқты ″ игілікті мақсат-тармен″ ғана ақтауға болмайды, өйткені ″ бас тарту садақа беру-ден жоғары″ . Бас тартушы адам денеге тән емес, жанға тән қай-ырымдылық жасауы тиіс, өйткені ″ жан тәннен жоғары″ . Нилдің пікірінше, шіркеу тек рухани саламен шектелуі тиіс, онда ықпал етудің мемлекеттік тәсілдері қолданылмайды. Ересь мәселесіне келгенде ол адамның еркін ойлаушылығын қудалауды теріске шығарды. Егер адам православиеден, сенімнен ауытқыса, оны адам емес, тек Құдай ғана түзете алады. Нил Сорский өз іліміне сәйкес Вологда аймағындағы орман ішінде, өзеннің жағасында монахтарша оқшау тұйық өмір сүрді.

Нилдің бас тартушылық ілімін оның ізбасары Максим Грек (шын аты Максим Триволис шамамен 1470—1556) жалғастырды. Ол Грецияда дәулетті отбасында дүниеге келіп, өз отанында білім алды және Италияның Падуя, Болонья, Феррара және Милан университеттерінде курс тыңдады. Ертеректе Доминикан ғибадатханасында монах болған Триволис 1504 жылы отанына оралып, Афондағы ғибадатханада Максим деген атпен право-славиені қабылдайды. 1515 жылы мәскеу князі Василий III-ң шақыртуымен Ресейге кітап аударуға келіп, 1531 жылы ″ бас тартушылардың ілімімен Вассиан Патрикеев (Нил Сорскийдің шәкірті) арқылы танысады.

Ресейде Максим Грек аталған ол өзінің шығармаларында билікке келудің заңды тәсілінің бірі ретінде мұрагерлікпен қатар, сайланбалы жолды да атайды. Сонымен қатар сайлауға боярлар және дворяндармен (воеводалар, әскербасылар) бірге ″ қарапай-ымдылар″ да қатысуы қажет деп

санайды. Мемлекеттегі жоғары биліктің тасымалдаушысы — патшаның бойындағы адамгершілік қасиеттерге афондық монах үлкен көңіл қояды. Ол сот төрелігі мәселесіне де баса назар аударып, онда әділетсіздік пен парақорлықты болдырмас үшін сот ісі тек мемлекеттік заңдарға сүйенуі тиіс деп есептейді. Жоғары билікті кеңес арқылы (″ синк-литтік кеңестер″ ) шектеу туралы Максим Гректің қағидасы елде сословиелік-өкілетті монархияны бекіту қажеттілігі жөніндегі қоғамдық пікірді қалыптастырды.

Бас тартушылардың ерте христиандық қауымды үлгі тұтқан ілімін теріске шығарып, экономикалық жағынан қуатты шіркеу ұйымын жақтаушы иосифляндар позициясының негізін қалаушы Иосиф Волоцкий (1439—1515) мемлекет және құқық туралы ілімінің қалыптасуына ғана емес, орыс мемлекетінің құрылу процесіне де өз әсерін тигізді. 1503 жылы Шіркеу Соборында иосифляндардың экономикалық және саяси мүд-делері күшейіп, шіркеу мен мемлекеттің арақатынасы жақындай түсті. Иосиф Волоцкийдің саяси теориясында билік туралы ілім негізгі орын алады. Ол діни билікті зайырлы биліктен жоғары қояды. Ұлы княздық биліктің ең негізгі міндеттерінің бірі — шіркеу дұшпандары еретиктерді жазалау деп есептейді. Иосиф Волоцкий орыстың саяси ойы тарихында алғаш рет “билік жүргізуге қойылатын талаптар бұзылған жағдайда биліктің қа-сиетті сипаты жойылады” деген мәселені көтерді. Бұл кейінірек мемлекеттік биліктің тирандық нысандары мен тәсілдерін теріске шығаратын орыстың саяси ойындағы демократиялық дәстүрдің қалыптасуына әкелді.

Саяси ой тарихына ″ Москва — үшінші Рим″ деген атпен ен-ген теорияның авторы Псковтан шыққан монах Филофей өзінің идеологиялық бағдары жағынан иосифлян болды. Оның псков-тық дьяк Мунехинге жазған арнау хаттары өзінің батыл саяси көзқарастарымен ерекшеленеді және бұл шығарма XVI—XVII ғасырлар бойы бірнеше варианттарда көшіріліп келді: ″ Мәскеу-дің ұлы князі Василий Ивановичке арнау″ , ″ Бүкіл Русьтің ұлы князі және билеуші патшасы Иван Васильевичке арнау″ . Фило-фей XV ғ. соңы мен XVI ғ. басындағы қалыптасқан тарихи ахуалды саяси тұрғыда баға,лай отырып, Ресейдің болашақ саяси дамуын православтық христиан дінінің тағдырымен байланыс-тырады және мынадай провиденциалистік тұжырым жасайды: ″ бұрынғы екі Рим құлады, үшіншісі бар, ал төртіншісі болмай-ды″ . Филофей алғашқы екеуінің (Батыс Рим мен Византияның, авт.) күйреуін дінге опасыздық жасау әрекетімен түсіндіреді және Мәскеу патшалығын осы екі империяның мұрагері ретінде қасиетті жолдан ауытқымауға шақырды.

Иван IV (1530—1584) жалпы жұртшылық мойындалған ең алғашқы орыс патшасы (1547 жылы Константинополь патри-архының патша атағы бекітуінен кейін) ретінде белгілі. Оның үстіне Иван IV Қазан және Астрахань хандықтарын бағын-дыруымен, Батыс Сібірді басып алуымен даңқты және опри-чнина террорлық саясатының салдарынан ″ Грозный″ (″ Қаһар-лы″ ) деген лақапқа ие болды. Ал оның талантты жазушы және саяси ойшыл екендігі жоғарыдағы ″ атақтың ″ көлеңкесінде қа-лып қойды. Оның көршілес елдердің билеушілеріне, өзінің қар-сыласына айналған воевода Андрей Курбскийге жазған арнаула-рынан байқалатын оның саяси көзқарасын ″ православиелік христиандық самодержавие″ теориясы деп атауға болады. Оның айтуынша, православиелік самодержавие — бұл ең алдымен әулеттік (династиялық) билік. Андрей Курбскийге жазған хатын-да ол өзін ұлы князь қасиетті Владимирдің тегінен таратса, ал өзге елдердің билеушілеріне (мысалы, швед королі Юхан III, поляк королі Сигизмунд II, Стефан Баторийге) өзін бірде ұлы князь Рюриктің, ал енді бірде рим цезарі Октавиан Августтың ұрпағымын деп таныстырады.

Иван Грозныйдың түсіндірмелерінде самодержавие Құдай арқылы берілген билік ретінде көрінеді және ол боярларға, дінбасыларға, қандай да болмасын қоғамдық күштерге тәуелсіз жеке-дара билік. Мұны патша інжілдегі аңыздар арқылы, быты-раңқылық кезеңдегі орыс тарихынан мысалдар келтіру арқылы дәлелдеуге тырысады. Патшаның бағыныштылармен арасында тең адамдар қатынасы емес, қожайын мен құлдың арасын-дағыдай қатынас болуы тиіс. Ол патшалық биліктің негізгі фун-кциясының бірі ″ зұлымдарды″ жазалау болды. Оның жүргізген опричнина саясаты орыс халқының санасында қанды қырғын ретінде сақталып қалды.

Андрей Курбский (1528—1583) Рюрик тегіне жататын Киев-тің ұлы князі Қасиетті Владимирдің оныншы ұрпағы, Смоленск және Ярославль князі Федор Ростиславовичтен (1240—1299) тарайды. Бастапқыда Иван IV-мен жақын қарым-қатынаста оның воеводасы болған Андрей Курбский патшамен арасы алшақтаған соң 1564 жылы Литваға қашып, король Сигизмунд II-ні пана-лайды. Оның саяси және құқықтық көзқарастары Иван Гроз-ныймен арасындағы пікірталастық хаттардан және қалдырған әдеби мұрасынан аңғарылады. Оның әдеби мұрасы әртүрлі мем-лекет және шіркеу қайраткерлеріне жазған ондаған арнау хаттар-дан, ″ Мәскеудің ұлы княздығы тарихы″ шығармасынан және көптеген христиандық авторлармен (Иоанн Златоуст, Иоанн Дамаскин, Дионисий Ареопагит, Григорий Богослов, Василий Великий) қатар ″ Флоренциялық собордың тарихының″ аудар-маларынан тұрады.

Өзінің арнау хаттарындағы негізгі тақырып — патшаның заңсыз еркі оның тұрақты дүниетанымдық позициясы болды. Өз хатында ол Иван Грозныйды патшаға тән қасиетті, дәлірек айт-қанда, әділ сот төрелігін және бағыныштыларды қорғау қасиет-терін жоғалтты деп айыптайды. Билік пен шіркеу арақатынасы мәселесіне келгенде, оның көзқарасы бас тартушылардың иде-ологиясына жақын еді.

XVI ғасырдағы орыстың көрнекті ойшылдарының бірі Иван Семенович Пересветов патша архивіне өткізген бірқатар шығар-маларында (″ Царьградтың қалыптасуы мен құлауы жөніндегі әңгіме″ , ″ Магмет-салтан туралы әңгіме″ , ″ Константин туралы әңгіме″ , ″ Философтардың болжамдары″ ) және Иван Грозныйға өз қолымен тапсырған екі жобасында (″ Малая челобитная″ және ″ Большая челобитная″ ) саяси-құқықтық өзгерістердің кең бағ-дарламасын ұсынады. Өзінің реформаторлық идеяларында ол басқару нысаны мен жоғары биліктің өкілеттілігінің көлемін қа-растырады.

Билеушінің үлгісі ретінде ″ Магмет-салтанды″ ала отырып ол бір орталыққа бағынған самодержавиелік билікті жақтап, бояр-лардың заңсыз әрекетіне қарсы болды. Билік жүргізуде түрік сұлтанының әртүрлі әлеуметтік құрамдағы Кеңеспен ақылда-сатынын үлгі тұтады: ″ салтан сенттермен де, молдалармен де, абыздармен де, пашалармен де және өзіне адал бүкіл Думамен де ақылдасты″ . И. С. Пересветовтың мемлекеттік өзгерістер жүйе-сінде әскери тақырып негізгі орын алады. Бұл жерде де ойшыл жеңілген ел грек патшасы Константиннің әскерінің ұйымдасуын сынға алып, оны жеңімпаз ел — түріктердің қарулы күштерінің ұйымдасуына қарсы қояды. Сонымен қатар, ол орталықтанған сот жүйесі іске асыратын біртұтас заң шығарушылықты, елдің ішкі істерін басқару саласында қаржылық реформа жасауды жақтап, жергілікті билікке бағынуды жоюды қолдады. Қоғамдық және мемлекеттік қызметтің барлық формаларында заңдылықты жүзеге асыру идеясын жүйелі түрде жүргізген И. С. Пересве-товтың саяси ойының ұшқырлығы мемлекеттің болашақ дамуын болжай отырып, мемлекеттік аппараттың құрылымы мен негізгі бөліктерінің қызмет нысанын бекітуінен, мемлекеттік құрылы-стың онан арғы бағытын теориялық схемада белгілеуінен көрі-неді.

XVI—XVII ғасырлардың аралығы ″ аласапыран″ кезең деп саналады. Опричнина саясатынан кейін княздық-боярлық ари-стократияның құлдырау процесі басталады. Мәскеулік билеуші топтың көпшілігі жалған патшалар — Лжедмитрийлердің жағына шығып кетсе, ал бірқатары поляк короліне қызмет етуге көшті. Өзара қырқыстардың, бүліктердің, әскери қақтығыстардың ба-рысында княздар мен боярлар әлсіреп, саяси өмірдегі басым күштегі дворяндардың қолына көше бастады. Тәуелсіздіктен айрылу қаупі төнген тұста ұлттық сана мен патриоттық сезімнің өрлеуі әңгімелер, хронографиялар және повестер түріндегі пуб-лицистизмнің кең таралуымен сипатталады. Бұл дәуірдегі саяси-құқықтық ойдың көрнекті өкілі ретінде Иван Тимофеевті атауға болады. Оның ″ Дәуірнама″ (″ Временник″ ) еңбегіндегі саяси тео-риясында орыс мемлекетінде басқару нысаны ретіндегі сосло-виелік-өкілдік монархия туралы ілім өзінің шырқау биігіне жетті деуге болады. Өйткені бұл кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдай Жергілікті собор (″ Земство″ ) басқаратын сословиелік-өкілдік ме-кемелердің құрылуына алып келді, алайда онан кейінгі елдегі экономикалық және саяси өзгерістер жеке-дара билік, яғни аб-солюттік монархия туралы көзқарастардың қалыптасуына жағдай жасады.

**12.3.** XVII ғасыр — орта ғасырлық Русьтің Жаңа замандық Ресейге бірте-бірте қарама-қайшылықты трансформациялану ба-рысында өту кезеңі. Экономика саласында 1649 жылғы Собор-лық ережелерде қабылданған крепостниктік құқықтың жалпы мемлекеттік жүйесі қабылданса, екінші жағынан ″ бұрынғы авто-номияның іздерін″ жойып жалпы ресейлік рынок қалыпта-стыруға ұмтылған ерте буржуазиялық элементтер пайда болды. Барлық аймақтардың, жерлердің және князьдықтардың біртұтас-тыққа бірігуі жүзеге асты. Қанау мен басыбайлылықтың (кре-постниктіктің) күшеюіне қаналған тап бірқатар қала көтері-лістері және шаруа соғыстармен қарсы жауап берді. Алексей Михайловичтің патшалық құрған дәуірі (1645—1675) ″ бүлікшіл-дер уақыты″ деп аталды. Үстем тап өкілі халық қозғалыстарына қарсы патша тағының төңірегіне саяси тұрғыда бірікті. Бояр-лық-аристократия ендігі жерде өзін самодержавиеге қарсы қой-май, дворяндармен одақтасты. Қазынаның сауда агенттері және қаржы мәселесі бойынша патшаның кеңесшілері болған Никит-никовтар, Строгановтар, Шориндер, Светенниковтар тәрізді кө-пестер тобы да самодержавиені жақтады. Осылайша Ресейде абсолютизм қалыптасуының алғышарттары орнады. Бұл кезең-дегі саяси-құқықтық ой жоғарыдағы тарихи процестердің көріні-сін бейнеледі.

XVII ғасырдың екінші жартысындағы абсолюттік бағыттың өкілдері қатарына патша Алексей Михайлович (1629—1676) және оның сарай маңындағы идеологтары Юрий Крижанич (1618—1683), Афанасий Лаврентьевич Ордин-Нащокин (1605—1680), Симеон Полоцкий (1629—1680) жатады. Бұл абсолюттік тенден-циялардың пайда болуы қоғамдық өмірде қалыптаса ба-стаған жаңа қатынастардың онан ары дамуы үшін күшті жоғары билік тарапынан болатын протекционизмді қажет етуімен байланысты болды. Бүкіл бағыныштылардың ″ жалпы игілігін″ қамтамасыз етуге қабілетті ″ ағартушы″ абсолюттік монархия туралы ілім жо-ғарыда аталған авторлардың доктринасының өзегін құрайды. Экономикалық және саяси өзгерістерді жүзеге асыру осы мәсе-леден келіп туындайды.

Бұл дәуірде шіркеу абсолютизмге қарсы позиция ұстанды. Аласапыран дәуірі мен Романовтар билігінің алғашқы жылда-рында үлкен экономикалық, әкімшілік және соттық жеңіл-діктерге ие болған православиелік шіркеу 1649 жылғы Соборлық ереженің (″ Уложение″ ) нәтижесінде өзінің бірқатар басымды-лықтарынан айрылды. Бұған қарсы шыққан патриарх Никон (1605—1681) XVII ғасырдың 50-жылдары шіркеудің әдет-ғұрып-тарына реформа жасап, биліктің теократиялық концепциясын бекітуге тырысты. Ал протопоп Аввакум және оның жақтастары бұл реформалармен келіспей ескі әдет-ғұрыптарды жақтады. Осының нәтижесінде орыстың православиелік шіркеуі XVII ға-сырдың ортасында екіге жіктелді: никоншылдар және ескішілдер (″ старообрядчество″ ).

XVII және XVIII ғасырлардың аралығында орыс мемлекеті абсолюттік монархия ретінде қалыптасып бітті. Петр I реформа-ларының нәтижесінде елдің ұзаққа созылған саяси және эко-номикалық тұрғыда бір орталыққа бірігуі аяқталды. Ресей абсолютизмінің ерекшелігі сауда-өнеркәсіп саласы өкілдерінің әлсіздігімен, крепостниктік тәртіптің орнығуымен сипатталады. Халықаралық аренада ұлттық мүддені қорғау және мемлекеттің қуатын арттыру мақсатында самодержавие жер иеленуші магнат-тардың басымдылықтарын сақтай отырып, сауда мен өнеркәсіпті қамқорлыққа алып, оны дамыту үшін бірқатар шаралар жүргізді (теңізге шығу арқылы европалық рынокқа ену, меркантилизм саясаты).

Ресейлік самодержавиенің ерекшелігі оның идеологиясынан айқын көрінеді: Петр I мен Ф. Прокоповичтің этатистік көзқа-растары, В. Н. Татищевтің дворяндық концепциясы және И. Т. По-сошковтың ерте буржуазиялық идеялары.

Петр I (1672—1725) өзінің реформаторлық әрекеті барысын-да абсолюттік монархия билігінің шексіз сипаты туралы өз көзқарасына сүйенсе, ал Феофан Прокоповичтің (1681—1736) ілімі ұлы орыс патшасының саяси-құқықтық әрекетінің айшық-ты көрінісі болды. Оның этатистік көзқарастары ″ Патша абы-ройы мен билігі туралы сөз″ (1718), ″ Монарх еркінің ақиқаты″ (1722) және ″ Рухани регламент″ (1721) еңбектерінде жариялан-ған. Киев қаласында ұсақ саудагердің отбасында дүниеге келген Феофан Киев-Могилян академиясында, поляк мектептерінде және

Римдегі гректер мен славяндарға арналған қасиетті Афа-насий коллегиумында схоластикалық білім алады. 1704 жылы Киевке қайта оралып, православиені қабылдайды. 1709 жылы Полтава шайқасынан кейін Петр І-ге арнап ″ Панегирик″ оқиды. 1716 жылы Петрдің шақыртуымен Петербургке келіп епископ, кейінірек архиепископ және Синодтың жетекші мүшесі болып тағайындалады. Ол Петрдің енгізген жаңашылдықтарын барын-ша қорғап, Ресейдің жалынды патриоты ретінде көзге түседі.

1722 жылғы тақтың мұрагерлігі тәртібін өзгерту туралы өкімді түсіндіру мақсатында жазылған ″ Монарх еркінің ақиқаты″ еңбегінде Прокопович мемлекеттің шығу тегі мәселесін қара-стырады. Мұнда қоғамдық шарттың батыс европалық рациона-листік түсіндірмесі діни-феодалдық идеялық дәстүрмен қиюласа көрінеді. Мемлекетке дейін соғыс пен бейбітшілік, сүйіспен-шілік пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық қатар өмір сүр-ген еркін кезең болды. Табиғи заңдарды сақтау үшін мемлекет қажет болды. Адамдардың бойындағы жаман қылықтарды тұсау үшін азаматтық құқық пен заңдар керек. Прокопович мем-лекеттің негізі қоғамдық шарт деп санайды, соның нәтижесінде халық өз еркінен бас тартып, оны жеке адамға — монархқа ұсы-нады. Оның ілімінде шарт біржақты талқыланды да, тек халық үшін міндетті саналып абсолюттік сипатқа ие болады. Билікке қарсы шыққан ″ тобыр″ қараңғы және зұлым стихиялық күш ретінде сипатталады.

Жоғары биліктің міндеті ″ жалпы игілік″ идеясы негізінде мазмұндалады және ол мемлекеттік қауіпсіздікті, бейбітшілікті, ішкі тәртіпті, сот төрелігін, халық ағартуды, сонымен қатар өнді-рісті дамытумен байланысты ″ халық пайдасын″ қамтамасыз етуді білдіреді.

Прокопович басқарудың үш нысанын көрсетеді: демокра-тия, аристократия және монархия. Бұлардың республикалық ны-сандағы аралас түрі болуы да мүмкін. Ресей үшін идеалды нысан — мұрагерлік және шексіз монархия. Басқарудың осы түрі бүкіл бағыныштылардың жалпы игілігін қамтамасыз етеді.

″ Діни регламентте″ Ф. Прокопович шіркеуге реформа жүргі-зуді ұсынды. Нәтижесінде саяси күш ретіндегі шіркеудің дербе-стігі, патша және патриархтың қос билігінің параллелизмі жой-ылды. Мемлекеттік мәселелерді шешудегі шіркеудің кең құқық-тарға ұмтылған талаптары кері қайтарылып, патриархалдықты жоюдың және Синодты құрудың қажеттілігі дәлелденді. Бұл шіркеуді зайырлы мемлекетке заңды түрде бағындырып қана қоймай, Ресейдің рухани мәдениетін, ғылымын, әдебиетін, өнерін діннің қамқорлығынан босатты. Сөз жоқ, бұл сол заман үшін прогрессивті құбылыс болды.

Абсолюттік концепцияның өзгеше түсіндірмесін өзінің көп томды ″ Ресей тарихы″ еңбегінде дворян идеологы Василий Ни-китич Татищев (1686—1750) береді. Аристократ-помещик, ре-форманың белсенді қайраткері, кейінірек Астрахань губерния-сының губернаторы Татищев, Ресейдің алғашқы ғалым-тарих-шысы және географы ретінде де белгілі.

Оның дүниетанымы зайырлы сипатқа ие және табиғи құ-қық теориясына негізделеді. Ол мемлекеттің шығу төркіні мәсе-лесіне келгенде қоғамдық шарт идеясын тарихи айғақтармен, патриархалдық теорияның дәлелдемелерімен толықтырып, мем-лекетті адамзаттың табиғи дамуының өнімі ретінде қарастырады.

Адамдардың алғашқы қауымдастығы ерікті шартқа негіздел-ген отбасы болды. Оны басқару үшін ″ икемділікке″ , ″ өнерге″ , ″ күш-ке″ , ақыл-ойға сүйенген билік керек болды. Бұл қасиеттер еркекте басым болғандықтан ол қожайын, ал әйелі көмекші болды. Отбасында балалар санының өсуіне қарай туыстық қауымдастық пайда болады. Тұрғындардың онан ары өсуі ″ рулық″ қауым-дастықтың қалыптасуына әкелді. Онда адамдардың ақылдысы әрі ақсақалы қауымдастықты басқару билігін алады, ал қал-ғандары оның еркіне бағынады. Қорғаныстың қажеттілігі және экономикалық байланыстың өсуі рулық қауымдастықтардың бі-рігіп, жалпыға ортақ ″ азаматтық қоғамның″ мемлекеттік қажет-тілігін туғызады.

Адамзат қауымдастығының барлық сатыларында да биліктің мәні бір. Бұл еріксіздік жүгенінің үш түрі бар: ″ табиғи″ , ″ өз еркі-мен″ және ″ мәжбүрлеу″ . ″ Табиғи жүген″ табиғи заңдарға негіз-делген және ол ата-ананың балаларға, монархтың бағынушы-ларға жүргізетін билігінен көрінеді. Абсолютизмнің жақтаушысы ретінде Татищев монарх билігіне патриархалдық сипат береді.

Монархиядан өзге Татищев тарихи айғақтармен антикалық дәстүрге сүйене отырып басқарудың өзге де нысандарын дұрыс және дұрыс емес деп жіктейді. Ресей үшін басқарудың ең жақсы нысаны монархия дей келе, географиялық ықпал мен аласа-пыран кезіндегі (аристократия басқарған) феодалдық бытыраң-қылықты дәлел ретінде алға тартады.

Ұлы Петрдің басқаруын Татищев идеалды деп тапты, бірақ ол жер иеленушілердің мүддесімен санаспай этатистік шешім-дерді бекіткенде, оған сыни ескертпелер айтты. Оның пікірінше дворяндар мемлекеттің басты қорғаны қызметін атқарған-дықтан, жер және шаруалар иеленуге құқылы болуы керек.

Татищевтің ұстанған дворяндық бағдары оның тек екі ғана текті князьдардан Голыцындар және Долгорукийлерден құралған Жоғары құпия кеңестің орнына құрамына ″ төменгі″ кеңес өкіл-дері дворяндар да кіретін Сенат ұйымдастыру туралы жобасынан айқын көрінеді.

Татищев елді басқаруда дворяндарды барынша кең қатысты-руға тырысып, олардың идеологы ретінде ғана көрініп қоймай, өз заманының талаптарына сай ағартушылықтың, заңдардың, ақылды өкіметтің басым болуын барынша жақтады.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы саяси-құқықтық идеологияға Батыс Европа, әсіресе, Франция ағартушылығының ықпалы зор болды. Екатерина II самодержавие мен крепостной-лықты бекітуде ағартушылықтың бірқатар идеяларын қолдана отырып, жаңа ресми идеологияны даярлады. Бұрынғы абсо-люттік бағдардағы саяси-құқықтық ой ағартушы абсолютизм киіміне оранды. Бұл кезеңдегі саяси және құқықтық ойдың мынадай бағыттары болды:

— ресми консервативті: Екатерина II (1729—1796) ″ Жаңа ережелердің жобасын дайындау үшін құрылған комиссияға бер-ген императрицаның ескертпелері″ еңбегінде самодержавиелік-крепостниктік құрылысты ағартушылық идеялары арқылы ақта-уға тырысты;

— дворяндық конституционализм: тарихшы, публицист, мемлекет және қоғам қайраткері князь М. М. Щербатов (1733—1790) ″ Ресей тарихы″ , ″ Офир жеріне саяхат″ еңбектерінде және көрнекті мемлекет қайраткері граф Н. И. Панин (1718—1783) ″ Сенатты департаменттерге бөлу және Императорлық кеңесті құру туралы Манифест″ жобасында шектеулі монархияны жақ-тады;

— орыс ағартушылығы: оқытушы Х. П. Козельский (1728—1794) ″ Философиялық шығармалар″ , жазушы Д. И. Фонвизин (1745—1792) ″ Алғашқы саяхат жазбалары″ , орыстың алғашқы профессор-заңгері С. Е. Десницкий (1740—1789) ″ Ресей импе-риясындағы заң шығарушы, сот және жазалаушы биліктер меке-мелері туралы көзқарас″ , ″ Заңгерлікті зерттеудің тікелей және жақын тәсілі туралы сөз″ еңбектерінде крепостниктік тәртіпке қарсы шығып, самодержавиелік билікті халық өкілеттілігінің органы арқылы шектеуге тырысты;

— революциялық-демократиялық: көрнекті өкілі А. Н. Ради-щев (1749—1802) ″ Петербургтан Мәскеуге саяхат″ (1790) еңбе-гінде самодержавиені өткір сынап, табиғи құқықтың револю-циялық-демократиялық түсіндірмесін ұсынды.

XVIII ғ. екінші жартысындағы орыстың саяси-құқықтық идеологиясындағы ең маңызды оқиға — революциялық-демокра-тиялық теорияның пайда болуы еді. Егер Ресейдің қоғамдық-саяси құрылысын Новиков, Козельский және өзге ойшылдар гуманизм мен ағартушылық тұрғысынан сынаса, ал Александр Николаевич Радищев табиғи құқық мектебінің радикалды идея-ларынан нақты қорытындылар шығара отырып, крепостниктік тәртіп пен самодержавиені адамға жат жүйе

ретінде өткір сы-нады. Алғашқы орыс революционерінің идеялары Ресейдің кей-інгі қоғамдық және саяси-құқықтық ойының дамуына, әсіресе ″ декабристердің″ саяси көзқарастарына зор ықпал етті.

**12.4.** Аталмыш дәуір елдегі феодалдық-крепостниктік жүйе дағдарысының тереңдеуімен, капиталистік қатынастардың қалы-птасуымен, либерализм идеяларының таралуымен және револю-циялық қозғалыстың пайда болуымен сипатталады. Ресейдің саяси жағдайына және саяси-құқықтық ойына әсерін тигізген халықаралық фактор Ұлы Француз революциясы болды. Бұл Ресейдегі легитимді саяси-құқықтық идеологиядан, декабристер-дің саяси идеяларынан және батысшылдық пен славянофилдікке жіктелген ерте либералды саяси ойдан айқын аңғарылады.

Қалыптасқан осындай саяси ахуалға сай ағартушы абсо-лютизм идеяларына легитимділік принципін енгізе отырып, са-модержавие өзінің идеологиялық бағдарын өзгертті. Легитим-діліктің орысша үлгісі белгілі жазушы және тарихшы Николай Михайлович Карамзиннің (1766—1826) еңбектерінен айқын көрінеді. Он екі томдық ″ Ресей мемлекеті тарихының″ және Александр I патшаға арнап жазған ″ Ескі және жаңа Ресей тура-лы″ жазбалардың авторы консервативті көзқарасты ұстанды.

Монарх пен халықтың тұтастығының нысаны ретіндегі са-модержавие Карамзиннің пікірінше, Ресей үшін орыс халқының рухы мен дәстүрлеріне сәйкес келетін нағыз табиғи басқару нысаны. Әуел баста славяндар вечелік дәстүрден өз еркімен бас тартып, варяг князьдарын өздеріне билеуші ретінде шақырған болатын. Монархияны шектеуге қарсы шыға отырып ол ұлттық қасиетке, Ресейдің төлтумалылығына негізделген легитимді принципті ұстанады. Ресейдің ерекше тарихи даму жолындағы Иван IV, Петр I, Павел I тирандық басқаруларын сынайды. Мемлекет нысаны территорияның көлеміне байланысты деген Монтескьенің ойын қолдай отырып, демократия ертедегі Нов-город үшін қажет болса, ал қазіргі кең байтақ Ресей мемлекеті үшін монархия ғана тиімді деп санайды. Оның ойынша самодер-жавиенің тірегі православие болып табылады. Осылайша ол XIX ғасырдағы ресми идеологияның сүйенген классикалық триада-сының іргетасын қалады: самодержавие, православие, төлтума-лық (халықшылдық).

Легитимді саяси-құқықтық ойдың өзгеше үлгісін талантты мемлекет қайраткері Михаил Михайлович Сперанский (1772—1839) ұсынады. Провинциалдық дворян отбасынан шыққан ол жас кезінен өз қабілетімен көзге түсіп, мемлекеттік қызметке араласып Александр I-нің сенімді өкіліне айналады. Реформа-торлық әрекеті үшін реакцияшыл дворяндар (аракчгеевшілдік) тарапынан қысым көрген ол шалғай губернияларда қызмет етеді. 1819—1821 жылдары Сібір генерал-губернаторы қызметіндегі оның жүргізген отаршылдық реформасының (″ Сібір қазақтары туралы ережесінің″ нәтижесінде хандық биліктің жойылуы) қа-зақ тарихына да қатысы болды. 1821 жылы Мемлекеттік Кеңе-стің мүшесі ретінде Петербургке қайта оралған ол ресми жоба-ларға байланысты патшаға жазған жазбаларынан өзге 45 томдық ″ Ресей империясы заңдарының толық жинағы″ (1830), 15 том-дық ″ Ресей империясының заңдар жинағы (1832—1839) жұмыс-тарына жетекшілік етті.

Сперанскийдің шығармашылығында буржуазиялық заңгер-лік дүниетаным Ресейдің феодалдық құқықтық тәртіптеріне бейімделеді. Оның концепциясы бойынша, мемлекет болып ұйымдасқан қоғамда еркіндіктің саяси және азаматтық деп аталатын екі түрі бар. Саяси еркіндік — бұл ″ жалпы еріктің″ нәтижесінде қабылданған заң арқылы жүзеге асатын бүкіл мемлекеттік таптардың заң шығарушы және атқарушы билікке қатысу мүмкіндігі. Алайда заң шығаруға тек меншік иелері ғана мүдделі болғандықтан қатыса алады. Азаматтық еркіндік-азамат-тық құқықтар арқылы қамтамасыз етілетін қоғамдағы барлық сословиелердің бір-біріне тәуелсіз өмір сүруі.

Осындай идеялық-теориялық позициядан шыға отырып Сперанский Ресейде нағыз еркіндік жоқ, оның мемлекеттік құ-рылысы ″ түбірлі мемлекеттік заңдармен″ шектелмеген деспотия деген қорытындыға келеді. Екі ғана әлеуметтік топ бар: мем-лекеттің құлдары және помещиктің құлдары. ″ Біріншілері екін-шілеріне қатысты ғана еркін, шындығында Ресейде бейшаралар мен философтардан өзге еркін адамдар жоқ″ . Мұндай деспоттық жағдайдан шығу жоғарыдан жүргізілген реформалар арқылы ″ на-ғыз монархияға″ өтумен жүзеге асуы мүмкін. ″ Нағыз монархия-ға″ көшу заңдылық принципі арқылы іске асуы тиіс. ″ Нағыз мо-нархияның ″ келесі принципі биліктің ажыратылуы: мемлекеттік Дума — жоғары заң шығарушы орган,

министрліктер — атқа-рушы орган, Сенат-жоғары сот органы. Сперанскийдің билікті бөлу принципінің ерекшелігі — биліктің барлық нысандарын біріктіріп мемлекеттік Кеңес құру және императорға жалпы жетекшілік беру. Яғни бұл концепция самодержавиенің мүддесі-не бейімделген.

Ресейдегі 1825—1861 жылдар аралығын дворяндық револю-цияшылдық кезең деп атайды. Легитимді консервативтік идео-логиядан айырмашылығы болған бұл қозғалыстың бастапқы өкілдері декабристер еді. Декабристердің идеяларына Ұлы Француз төңкерісінен өзге бірқатар факторлар ықпал етті: 1812 жылғы Отан соғысынан кейінгі, орыс армиясының шетел жорықтарынан кейінгі патриотизм крепостниктік қанаудың күшеюі және өкіметтің реакциялық бағытта ″ жоғарыдан жүргізген реформаларына″ , аракчеевшілдікке деген наразылық.

Декабристер қозғалысы біртекті болған жоқ: радикалды ба-ғыт (″ Оңтүстік қоғам″ ) және шектеулі бағыт (″ Солтүстік қоғам″ ). 1825 жылы ″ Оңтүстік қоғамға қосылған ″ Славяндардың біріккен қоғамында″ демократиялық үрдістер үстем болды. Бірақ, олар абсолютизм мен крепостниктік құқықты теріске шығаруда бір-тұтас көзқарасты ұстанды.

Декабристердің радикалды саяси-құқықтық идеялары Павел Иванович Пестельдің (1793—1826) ″ Орыс правдасында″ жарқын мазмұндалған. Ол 1816 жылдан бастап масон үйірмелеріне қа-тыса жүріп, ″ Игілік одағын″ құрушылардың бірі болды, алайда кейінірек құпия ″ Оңтүстік қоғамды″ ұйымдастырып оның бас-шысы болды. 1824 жылы бұл қоғамды ″ Солтүстік қоғаммен″ бі-ріктіру мақсатында Петербургқа да барып қайтты.

Қоғам мен мемлекеттің пайда болуын Пестель адам болмы-сының табиғи заңдылықтарымен байланыстырады. Барлық қо-ғамның мақсаты ″ жалпы қажеттіліктерді өтеу″ болып табылады. Мақсат ортақ болғанмен, оған жетудің жолын таңдау″ әрбір адам-ның жеке қасиеттерінің ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан тұтастыққа жету үшін әрбір адам өз пікірінің ″ кейбір бөлігінен бас тартуы керек″ . Мақсат пен құралдардың бірлігіне ″ барлығы заң алдында тең болатын азаматтық қоғамда″ қоғамдық шарт арқылы жетуге болады.

Қоғамдық шарттың мақсаты ″ Жалпы бүкіл қоғамның және әсіресе, тек таңдаулылардың емес, оның әрбір мүшесінің игілігі″ . Мемлекет санаулылардың ғана қамқорлығын ойласа, онда оның түбірі бұзылады. Пестель Ресейде феодалдық аристократияның орнына ″ байлықтың аристократиясы″ орнағанын қаламайды, сондықтан ол жерді жекелей қоғамдастырған аграрлық рефор-маның жобасын ұсынады.

Халықты азаматтық қоғамның мүшесі ретінде түсінген Пе-стельдің пікірінше, ″ жеке еркіндік әрбір азаматтың ең бірінші және маңызды құқығы және әрбір өкіметтің ең маңызды мін-деті″ . Өкімет азаматтардың еркіндігін шектеу үшін емес, керісін-ше оған ықпал ету үшін құрылады. Оның ойынша, революция заңды өз мүддесіне пайдалануды жоюдың және еркіндікті қал-пына келтірудің радикалды құралы болып табылады. Қоғам революциядан емес, революцияның болмауынан жапа шегеді.

Пестель революция жеңісінен кейін 10—15 жылға созыла-тын Уақытша жоғары басқару диктатурасын жақтады. Пестель-дің жобасы бойынша революцияның басында-ақ Ресейдегі самодержавие мен билік етуші әулет жойылып, халық егемендігі принципіне негізделген республика жарияланады. Барлық сосло-виелік жеңілдіктер жойылып, билік жалпыға бірдей (жасы 20-ға жеткен ер адамдар) сайлау арқылы іске асады. Оның жоғарғы органы бір палаталы — Халық вечесі, атқарушы биліктің органы — Державалық Дума бес жылға сайланады.

Заң шығарушы және атқарушы биліктермен қатар Пестель бақылаушы билікті де бөліп көрсетеді. Ол елде конституцияның орындалуын, заң шығарушы және атқарушы биліктердің өз мін-деттерінен тысқа шығып кетпеуін қадағалайды. Оның орталық органы — Жоғарғы собор. Пестель

жобасында болашақ Ресей республикасы унитарлық мемлекет.

Шаруаларға жерді бай помещиктерден тегін, өзгелерден ақ-шалай компенсация төлеу арқылы алып беру көзделді. Пестель әрбір болыстағы жерді екіге бөлді: жеке меншік және қоғамдық меншік. Қоғамдық жердің кесінділері сатылмайды, тек бір от-басына лайық көлемде бөлшектеліп, пайдалануға таратылып беріледі. Адамдар өмірінің материалдық жағдайына кепіл бол-май, еркіндіктің бұлыңғыр болатынын Пестель жақсы түсінді.

Декабристердің саяси-құқықтық ойының шектеулі бағыты ″ Солтүстік қоғамның″ ұйымдастырушысы және идеялық жетек-шісінің бірі Никита Михайлович Муравьевтің (1795—1843) ″ Кон-ституциясынан″ байқалады. Муравьев батыстың саяси жүйесін өңдеп, оны орыстың болмысына бейімдей отырып, Консти-туцияның үш үлгісін жасады. Оның ішінде бұл қоғамда бұрынғы республикандық көзқарастарды конституциялық монархиялыққа алмастырған екінші жобасы қабылданған (1824 ж.)

Конституцияда заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері ажыратылған, ал болашақ Ресей 13 державадан және 2 облыстан (Москва және Дон) тұратын федеративті мемлекет. Федера-цияның астанасы болып Пестельдегі сияқты XVII ғ. поляк интервенциясына қарсы күреске үлес қосқан төменгі Новгород қаласы таңдалды. ″ Заң шығарушы биліктің жоғарғы органы екі палаталы Халық вечесі: жоғары палата — Жоғарғы Дума, төменгі — халық өкілдерінің Палатасы. Төменгі палатаның өкілдерін (450 мүшесін) держава азаматтары 2 жылға сайлайды. 42 мүше-ден тұратын Дума державалар мен облыстардың өкіметтік жина-лыстарында 6 жылға сайланады, оның құрамының үштен бірі әрбір 2 жылда алмасып отырады.

Атқарушы билік қызметіне кірісер алдында Халық вечесіне ант беретін, Ресейдің Конституциялық Уставын сақтауға және қорғауға міндеттенетін ″ ресей өкіметінің жоғарғы шенеунігі″ — императорға тиесілі. Император суспенсивті ветоға ие болды. Императордың қайтарған заң жобасын екі палата екінші рет талдап қабылдаса, онда ол жоба императордың келісімінсіз заң күшіне ие болды.

Заңды бұзған барлық лауазымды тұлғаларды халық өкілдері жауапқа тарта алды. Бұл жағдайда Жоғарғы дума сот органына айналады. Сонымен қатар дума императормен бірге жоғарғы соттарды, армия және флот қолбасшыларын, жоғарғы бақы-лаушыны (генерал-прокурорды) тағайындауға қатысады. Держа-валарда да екі палаталы заң шығарушы жиналыс болды, держа-валар уездерге бөлінді, ондағы барлық лауазымдар сайланбалы болды.

Муравьевтің дворяндық шектеулілігі шаруалар мәселесінен аңғарылады. Ол шаруаларды крепостнойлық тәуелділіктен азат етуді жариялады, бірақ мына принциптің негізінде ғана: ″ Поме-щиктердің жерлері өздерінде қалады″ . Тек өзге декабристердің сынынан кейін ғана ол шаруаларға қауымдық иеліктерден жер бөлу туралы қағиданы негіздеді (конституцияның үшінші жоба-сында). Оның үстіне Муравьевтің конституциясы жоғары мүлік-тік цензбен сипатталады: тек жер иесі немесе капитал иесі ғана толыққанды азамат бола алады, лауазымдарға тағайындау мүлік-тік жағдаймен өлшеніп, осы принципке сай барлық азаматтар 4 категорияға бөлінеді.

Муравьев көтерілістің жеңісінен кейін-ақ Құрылтай жина-лысы шақырылып, онда өз Конституциясы қолдау табады деген сенімде болды. Көтеріліс кезінде ол деревняда болғандықтан, тікелей оған қатысқан жоқ, бірақ декабристер қозғалысының белсенді қайраткері ретінде тұтқындалып, өлім жазасына кесілді. Кейін бұл үкім каторгамен алмастырылып, 1835 жылы Иркутск округінде қаза болды.

Ал П. И. Пестель өзінің радикалды көзқарасы және көте-рілістің белсенді ұйымдастырушысы ретінде К. Ф. Рылеевпен, П. Г. Каховский-мен, С. И. Муравьевпен және М. П. Бестужев-Рюминдермен бірге Петропавловск қорғанында дарға асылып өлтірілді.

Ресейде декабристер көтерілісі басылғаннан кейін ағарту-шылық министрі граф С. С. Уваровтың

ресми халықшылдық идеясы (Карамзиннен бастау алатын самодержавие, православие, халықшылдық) мемлекеттік доктринаға айналды. Крепостниктік Ресейдің тығырықтан шығып оның болашақ даму жолы туралы мәселеге келгенде, орыстың ерте либералдары бұл ресми халықшылдық теориясына қарсы шықты. Алайда көзқарастары мен идеяларының алшақтығына орай олар батысшылдар және сла-вянофилдер деп екі жікке бөлінді.

Алғашқы батысшыл Петр Яковлевич Чаадаев (1794—1856) анасы жағынан М. М. Щербатовтың немересі болып келеді. Уни-верситет бітіріп, 1812 жылғы Отан соғысына және шетелдік жорықтарға қатысып, масон үйірмелеріне, 1821 жылы декабрис-тердің ″ Солтүстік қоғамына″ қатысқанымен, 1823—1826 жыл дары шетелде (Германия, Англия, Франция) болды. 1826 жылы елге оралып, тұйық, оңаша өмір сүрді. 1829—1831 жылдары жа-зылған оның ″ Философиялық хаттары″ Ресейдің идеялық өмі-ріндегі аса маңызды оқиға болды.

Чаадаев орыс тарихының бостығын, Ресейдің өзге халық-тардан артта қалғандығын жазады: ″ Біз адамзаттың ұлы қауым-дастығының ешқайсысына да жатпаймыз, Батысқа да, Шығысқа да, тіпті олар туралы түсінігіміз де жоқ. Біз уақыттан тыс өмір сүретіндейміз, адамзат тегінің жалпы әлемдік түзілімінің бізге қатысы жоқ секілді. Шығыс пен Батысқа иық тірей отырып ақыл-ес пен пайымдау сияқты екі ұлы бастауды біріктірудің орнына біз ″ санадағы саңылауды ғана құраймыз″ . Ресейдің өзге батыс халықтарынан артта қалуын Чаадаев православиеден көреді: ″ қырсық тағдырдың арқасында біз адамгершілік және ақыл-ой ағартушылығының алғашқы ұрығын шіріген, барлық халықтардың жеккөрінішін туғызатын Византиядан қабылдап алдық″ .

Ресей дамуының жаңа жолы — бұл Ресей мен Европаның тұтастану идеясы. Ресейдің Батыстан өзгешеленуді ұстанған ресми саясаты қате. Европаның алдыңғы қатарлы тәжірибесі ресейліктер үшін сабақ бола алады. Чаадаевтың саяси идеалы — николайлық Ресейдің антиподы. Басты нәрсе басқарудың ныса-нында емес, адамдардың ақыл-ессіз игілік пен бейшара риза-шылықтың шырмауында тұйықталмай, адам ақылының барын-ша мол энергияға ие болуында. Осындай көзқарастары үшін ресми идеологтар оны ″ ақыл-есінен айрылған″ деп жариялады.

Батысшылдардың көрнекті өкілдерінің бірі профессор Тимо-фей Николаевич Грановский (1813—1855) Мәскеу университеті жалпы тарих кафедрасын самодержавиеге қарсы қоғамдық пікір-дің трибунасына айналдырды. Тарихи процестің заңдылығы мен прогрессивтілігін алға тарта отырып Грановский крепостниктік тәртіптің өткіншілігін, оның тарихи ақырын дәлелдеді. Оның адамзат дамуының органикалық теориясы Ресейді әлемдік тарих-тың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады да, ″ тевтомания″ ру-хындағы реакциялық ұлтшылдық құрылғыларға қарсы бағыт-талады.

Батысшылдардың үйірмесіне, сондай-ақ П. В. Анненков, В. П. Боткин, И. В. Вернадский, К. Д. Кавелин, Б. Н. Чичерин сияқты орыс ойшылдары кірсе, В. Г. Белинский, А. И. Герцен, Н. П. Огаревтер да өз көзқарастары жағынан осы позицияға жақын болды. Олар сол дәуірдегі қоғамдық-саяси құрылысты сынап, батыс үлгілері бойынша реформалар жүргізуді, консти-туциялық монархияны, парламенттік құрылысты, азаматтық еркіндіктерді енгізуді жақтады.

Славянофилдердің ең көрнекті өкілдері — А. С. Хомяков, И. В. Киреевский, Ю. В. Самарин, К. С. Аксаков батыстық құндылықтарды ұстанған бағдарды теріске шығарып, орыстар-дың тарихи дамуының ерекше жолын, ″ православиелік Русьтің тыныштығы мен бейбітшілігін″ мадақтады. Олар славяндық қоғамды мемлекетке, Петрге дейінгі Русьті Батысқа қарсы қой-ды. Славянофилдердің пікірінше Батыс елдеріндегі индивидуа-лизм жеке меншікті, эгоизм мен қарабайыр материализмді ту-дырды, батыстық христиан діні (католик және протестант дінде-рі) антикалық мұрадан қалған рационализммен бұрмаланды.

Ресейдің басты ерекшелігі ретінде славянофилдер ″ қауым-дық бастауды″ , ″ соборшылдықты″ атайды. Егер батыс елдері өз заңдары және саясатымен тек сыртқы еркіндіктерді қалып-тастырса, ал славяндардың шіркеулік қауымдық тұрмысы ішкі еркіндікті қамтамасыз етеді. Славяндық рухқа жат батыстық бастауларды Петр І-ң зорлап енгізуі деспотизмді әкеліп, халық пен биліктің

арасын ажыратып, ішкі рухани бірлікті бұзды. Олардың пікірінше, Петрге дейінгі Русьте билік пен халықтың тұтастығы Жергілікті Соборлар (Земство) арқылы жүзеге асты. Шешім қабылдамас бұрын билік жерді тыңдайтын.

Батысшылдар сияқты славянофилдер де шаруаларды азат етуді жақтады, бірақ кез-келген революция орыс рухына жат деп есептеді. Олар шаруа қауымдарынан соборшылдықтың, коллек-тивизмнің көрінісін байқады.

Славянофилдерге Ресейдің мессиандық (құтқарушылық) рө-лі мен панславинизм идеялары тән еді. Буржауазиялық Батыс-тың тәртіптерін теріске шығара отырып, олар православиелік орыс халқы алдымен славяндарды, кейін өзге халықтарды ″ капи-тализм күнәларынан″ азат етеді деп есептеді. Осы тұрғыдан алғанда славянофилдердің бұл идеясы ресми халықшылдықтың ұрандарына сай келсе, ал олардың шаруалар қауымы туралы идеясы батысшылдар Герцен, Огарев және Бакуниннің ілімде-ріндегі ″ орыс социализмінің″ түбірін құрады.

## 13-тақырып.

## XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Европадағы саяси және құқықтық ілімдер

**13.1.** Батыс Европалық саяси және заңгерлік ойдың негізгі бағыттары.

**13.2.** Ағылшын либерализмі.

**13.3.** Француз либерализмі.

**13.4.** Неміс либерализмі.

**13.5.** Социализм идеологтарының саяси-құқықтық көзқара-стары.

**13.6.** О. Конттың саяси көзқарастары.

**13.1.** XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Европа-ның қоғамдық-саяси өмірінде буржуазиялық тәртіптер онан ары нығая түсті. Әсіресе XVIII ғасырдың аяғындағы Ұлы Француз революциясы Европада капитализмнің дамуына мықты серпін берді.

Алайда бұл капиталистік қатынастардың қарсыластары да көптеп табылды. Өмірге ене бастаған буржуазиялық тәртіптерді дворяндық-аристократиялық, феодалдық-монархиялық топтар қаламады, олар өздерінің жоғалтып алған ескі жеңілдіктерін қайта қалпына келтіруге ұмтылды. Бұлардың идеяларының бү-тіндей комплексін *консерватизм* деп атау қабылданған. Консер-ватизмнің ең кеңінен таралған кезі XIX ғасырдың алғашқы ширегі. Социализм мен либерализмге қарағанда консерватизм-нің нақты белгіленген тұрақты концептуалды өзегі болған жоқ. Сондықтан да оның саяси-заңгерлік идеялары оқулықта қара-стырылмайды. Бірақ өз заманында консервативтік көзқараста-рымен кеңінен танымал болған есімдерді ескерген жөн. Олар ағылшынның саяси әдебиетінде Эдмунд Берк (1729—1797), француздарда — Жозеф де Местр (1753—1821) және Луи де Бо-нальд (1754—1840), немістерде — Людвиг фон Галлер (1768—1854) және Адам Мюллер (1779—1829).

Капиталистік тәртіптерге консерваторлардан гөрі барынша қарсы шыққан социалистік лагерьдің өкілдері болды. Мұның басым көпшілігін пролетариатқа айналған еңбекшілер мен күйзеліске ұшыраған ұсақ меншік иелерінің қалың бұқарасы құрады. Капиталистік жүйе оларды бейшара халге түсірді. Олар құтқарылу жолын жеке меншікке негізделген өркениеттен бас тартып, ортақ меншікті қоғам орнатудан іздеді. *Социализм* осындай антикапиталистік позицияны ұстанды. Келесі бір идеологиялық бағыт — *анархизмнің* бағдарламасының өзіндік ерекшеліктері болды. Олардың кейбір өкілдері буржуазия мен жеке меншікке қарсы болмағанымен, барлығы да бір ауыздан қоғамдық зұлымдықтардың шығу көзі ретінде жалпы мем-лекетке теріс көзқарас ұстанды.

Батыс Европада орныққан капиталистік құрылыс өз идео-логиясын *либерализмнен* тапты. XIX ғасырда ол өте ықпалды саяси және интеллектуалды ағым болды. Оның жақтаушылары барлық қоғамдық топтарда да кездесті. Алайда оның әлеуметтік негізін — ең алдымен, кәсіпкер (өнеркәсіптік және сауда) топ-тар, шенеуніктердің біраз бөлігі, еркін кәсіптің иелері, универ-ситеттік профессура құрады.

Либерализмнің концептуалды өзегінің екі негіз қалаушы тезисі бар. Біріншісі: жеке еркіндік, әрбір индивидтің еркіндігі және жеке меншік ең жоғарғы әлеуметтік құндылықтар болып табылады. Екіншісі: бұл құндылықтарды жүзеге асыру тек жеке тұлғаның бүкіл шығармашылық мүмкіндігінің ашылуы мен игі-лігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен бірге бүтіндей қоғамның және оның мемлекеттік ұйымдасуының гүлденуіне әкеледі. Либералды идеологияның барлық өзге элементтері осы негізгі өзектің төңірегіне топтасады. Ол элементтердің арасында тарихтағы прогресс және әлемнің рационалды құрылымы туралы көзқарас, жалпы игілік және құқық, бәсекелестік және бақылау туралы пікірлермен қатар, міндетті түрде құқықтық мемлекет,

конституционализм, биліктің, өкілеттіліктің, өзін-өзі басқарудың ажыратылуы және т.б. идеялар ұшырасады.

XIX ғасырдағы батыс европалық саяси-құқықтық ойдың жалпы барысын сипаттағанда француздың көрнекті социологы Огюст Конттың да еңбектері мазмұндалады. Оның мемлекет пен құқыққа қатысты нақты арнайы зерттеуі болмағанымен қо-ғамды ыңғайлы әлеуметтік ұйымдастыру туралы, қоғамның қыз-мет ету мен даму заңдылықтары туралы көзқарастары ғылыми-танымдық тұрғыда үлкен қызығушылық туғызады. Ол кейінірек кеңінен таралған позитивизмнің негізін қалады.

**13.2.** XVIII ғасырдың аяғында Англия қоғамдық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша әлемдегі жетекші капиталистік державаға айналды. XIX ғасырдың бірінші жартысында буржуа-зиялық саяси ойдағы негізгі бағыт ретінде либерализм қалып-тасады. Либерализм жеке инициатива, кәсіпкерлік, ұят, сөз, пі-кір, баспасөз еркіндіктері негізгі орын алатын ″ азаматтық еркін-дікті″ негіздеу мен қорғауға күш салды. Бұл концепция бойынша мемлекет тұлға қауіпсіздігін, жеке меншікті, ″ азаматтық еркін-дікке″ негізделген қоғамды қорғауы тиіс. Либерализм ″ азаматтық еркіндікті″ шектеуге қарсы шығып, мемлекеттің қоғамның эко-номикалық өміріне араласпауын қалады.

Ағылшын либерализмінің ең көрнекті өкілінің бірі Иеремия Бентам (1746—1832) ағылшын философтары Гоббстың, Локк-тың, Юмнің және француз материалистері Гельвецийдің, Гольбахтың бірқатар әлеуметтік-философиялық идеяларын қорыта отырып *утилитаризм* (“utilitas”-пайда) теориясының негізін қалады. Оның негізін мынадай төрт постулат құрайды. Біріншісі: адам әрекетінің мәні, қасіретті болдырмау және ләззат алу құрайды. Екіншісі: пайдалылық, қандай да бір міндетті шешудің құралы болу мүмкіндігі — бүкіл құбылыстарды бағалаудың ең құнды өлшемі. Үшіншісі: адамгершілік мейлінше көп адамның барынша бақытқа жетуін бағдарлайтын қасиеттерден құралады. Төртіншісі: индивидуалды және қоғамдық мүдделердің үйлесім-ділігімен жалпы ортақ мүддені барынша арттыру адамзат дамуы-ның мақсаты болып табылады.

Бентам саясат, мемлекет, құқық, заң шығару және т.б. тал-дау барысында осы постулаттарға сүйенді. Оның саяси-құқық-тық көзқарастары ″ Заң шығарушылықтың принциптері″ , ″ Өкімет туралы үзінділер″ , ″ Барлық мемлекеттер үшін конституциялық кодекстің жетекші бастаулары″ , ″ Деонтология немесе мораль ту-ралы ғылым″ және т.б. еңбектерінде мазмұндалады.

Бентам өзінің алғашқы шығармаларында-ақ табиғи құқық теориясын теріске шығарады. Оның пікірінше, табиғи құқықтың мазмұны айқындалмаған және әрқилы түсіндіріледі. ″ Қоғамдық шарт″ ұғымының да мәні жоқ, өйткені мемлекеттер зорлықпен қалыптасып, әдетке айналудың арқасында бекітіледі. Бентам 1789 жылғы француздың “адам және азамат құқықтарының Декларациясын” жалған ″ метафизикалық шығарма″ ретінде сынға алады, себебі жеке тұлғаның құқықтары идеясы анархияны не-гіздеуге алып келеді. Заңға қарсы қойылған ″ құқық ақыл-ойдың дұшпаны және өкіметті күйрететін күш болып табылады″ .

Бентам да Гоббс сияқты құқықты सуvereннің (егеменнің) еркінің көрінісі деп есептеді. Құқық — бұл мемлекеттің бекіткен және санкциялармен қамтамасыз етілген бұйрықтар мен тыйым-дар. Субъективті құқықтар заңнан туындайды, сувереннің ық-тиярынсыз ешқандай да тұлға құқықтары жоқ. Бентамның айту-ынша ″ табиғи құқықтар″ — бұл ″ анархиялық софизмдер″ , заң мен оның қызметін өз еркімен бағалау. Прагматикалық-саяси тұрғыда оның құқық пен заңды айырып қарастыру идеясына қарсы шығуы Бентамды заң ғылымындағы позитивизмнің негі-зін қалаушы ретінде көрсетеді.

Мемлекеттік биліктің ұйымдасуы мәселесіне келгенде Бен-там демократиялық позицияны ұстанды. Бұл оның либерализмін күшейтіп нығайтты. Ол монархия мен мұрагерлік аристократияны сынады да, негізгі үш билік тармағы бөлінуге тиіс бола-тын мемлекеттің республикалық құрылымын қолдады. Бірақ, Бентам бұл билік тармақтары өздерінен-өздері өмір сүріп, бір-бірінен тәуелсіз әрекет етуін қолдамады. Бентам олардың корпо-рациясын бір-бірімен өзара әрекетте болуын қалады, өйткені ″ осы өзара байланыс олардың бір-бірімен келісімге келуіне, тұ-рақты ережелерге бағынуына жағдай жасайды және жүйелі түрде үздіксіз қызмет етуге мүмкіндік береді. Егер биліктер мүлдем тәуелсіз болса, онда олардың арасында үнемі қақтығыстар бо-лып отырар еді”. Бентам Англияда бір палаталы парламент жүйе-сін енгізуді және лордтар палатасын таратуды ұсынады.

Бентамның ойынша тек мемлекеттік билікті ұйымдастыруды ғана емес, қоғамның бүкіл саяси жүйесін демократияландыру қажет. Осыған байланысты ол сайлау құқығын барынша кеңей-туді, оның ішінде әйелдерге де сайлау құқығын беруді жақтады. Ол демократия институтының

көмегімен (оның ішінде баспасөз бостандығы, қоғамдық пікірталас, жалпы халықтық жиналыстар және т.б.) заң шығарушы және атқарушы биліктің қызметін тиімді бақылап отыруға болады деп үміттенді.

Өкіметті тағайындау Бентамның ілімі бойынша, ең алдымен тұрғындардың қауіпсіздігі мен меншігіне кепілдік береді, яғни негізінен қорғаушылық қызмет атқарады. Әрбір жеке адам үшін бақыттың не болып саналатынын анықтауға, бақыт туралы өз көзқарасын индивидке таңуға және қалай болғанда да оны ба-қытты етуге өкіметтің құқығы жоқ. Бентамды өкімет қызметінің көлемі, оның бағыттары мен шекаралары туралы мәселелер көп толғандырды. Ол мемлекеттің экономика саласына тікелей ара-ласуы көп жағдайда қажетсіз, өйткені ол жағымсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін деп есептеді. Оның экономикалық либерализмі А. Смит және Д. Рикардоның саяси экономиясының заңды жалғасы болды.

Заң шығарушылықты көнерген, архаикалық элементтерден арылтуда, оны қоғамда өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге бейімдеуде Бентамның қосқан үлесі зор. Ол заң шығару процесін қарапайымдандырып жетілдіруді, сот процесін кедейлер қорғана алатындай түрде демократияланды-руды ұсынды. Бүкіл қоғамдық жүйенің негізгі жалпы мақсаты — Бентам бойынша адамдардың неғұрлым көп мөлшерінің барын-ша бақытқа жетуі.

Бентамның бірқатар идеялары XIX—XX ғасырлардағы сая-си-құқықтық ойдың дамуына, құқықтық ғылымның дамуына пәрменді ықпал етті. Мысалы, оның ұсынған заң шығарушылық және әлеуметтік мақсат пен мүдделер балансының арақатынасы мәселесі құқықтың әлеуметтік мектебінің қалыптасуына алып келді. Екінші жағынан, Бентамның қарастырған табиғи құқық және заң арақатынасы мәселесі құқықтың заңгерлік-позитивис-тік мектебі құрылуының алғышарты болды.

Европалық либерализмнің отаны — Англия XIX ғасырда оның көптеген көрнекті өкілдерін дүниеге келтірді. Заң шығару-шылықтың Ньютоны атанған Бентамның ілімі сол заманның идеологиялық өміріне зор ықпал етті: оның утилитаризм теория-сы Джон Стюарт Милльдің (1806—1873) шығармашылығында жалғасын тапса, ал оның методологиясы мен этикасы Джон Остиннің (1790—1859) заңгерлік позитивизм мектебіне әсерін тигізді.

**13.3.** XIX ғасырдың бірінші жартысында Франциядағы сая-си-құқықтық ойдың дамуы 1789—1793 жылдардағы Ұлы буржуа-зиялық революцияның жетістіктерімен байланысты. Революция-ның нәтижесінде ″ бостандық″ , ″ теңдік″ , ″ туыстық″ сияқты бірқа-тар жаңа саяси құндылықтар өмірге енді. Бұл кезеңде Франция-да Наполеон және оның режимінің құлап, Европа елдерінің саясатына ықпалын тигізген реакциялық контрреволюциялық ″ Қасиетті Одақтың″ (1815 жыл) құрылғанымен, Бурбондар әуле-тінің таққа қайта оралып, елде монархиялық құрылыс орна-ғанымен революцияның негізгі жетістіктерін жоя алмады.

Қалыптасқан осындай жағдайларда француз буржуазиясы-ның идеологтары капитализм дамуы үшін қажет ″ индивидуалды құқықтар мен бостандықтарды″ негіздеуге үлкен көңіл қойды. Олар бостандыққа қауіп-қатер феодалдық реакция тарапынан да, революциялық кезеңнің демократиялық теориялары тарапы-нан да төнуі мүмкін деп қарастырады.

Француз либерализмінің негізін қалаушының бірі публицист ғалым және саяси қайраткер Бенжамен Анри Констан де Ребек (1767—1830). Констан саяси және тарихи-діни тақырыптарға бір-қатар шығармалар жазды, оның ішіндегі ең танымалы өзінің мемлекет туралы либералдық ілімін ыңғайлы жүйелі формада баяндаған ″ Конституциялық саясат бағыты″ еңбегі. Констан бұл еңбегінде жеке инициатива, кәсіпкерлік бостандығы, сөз бостан-дығы, ар-ұят бостандығы ретінде түсіндірілетін индивидуалды еркіндік мәселесіне баса назар аударады.

Констанның пікірінше, Жаңа замандағы европалықтардың еркіндігі мен антикалық заман адамдарының еркіндігі арасында алшақтық бар. Ертедегі халықтар саяси билікті жүзеге асыруға қатысу құқығымен (заң қабылдау, сотқа қатысу, лауазымды тұлғаларды сайлауға қатысу, соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешу және т.б.) сипатталатын саяси билікті ғана білді. Анти-калық республикалардың азаматтары (Афинydан өзге) ұжымдық егемендікті іске асыруға қатысу құқығына ие болғанымен, жеке өмірде мемлекеттік шектеу мен бақылауға бағынышты болды. ″ Антикалық заманда адамдар өзінің жеке саяси салмағы мен мемлекет басқарудағы рөлін сақтап қалу үшін өзінің жеке тәуел-сіздігінен бас тартуға бейім болып келді″ . Олар міндетті түрде дінді, әдет-ғұрыптарды, өмір тәртібін сақтады; қоғамдық инсти-туттар байлықтың жинақталуына кедергі болып, теңдікті ұстап тұрды. Ерте дүниедегі остракизм, аграрлық заңдар, цензура және т.б. институттар осыны дәлелдейді.

Ал жаңа халықтар, Констанның пікірінше, еркіндікті басқа-ша түсінді. Саяси билікке қатысу құқығы ерте замандағыдай құнды емес, өйткені мемлекеттер үлкейіп кетті және бір аза-маттың дауысы енді шешуші маңызға ие емес. Оның үстіне құлдықтың жойылуы бұрынғыдай саяси істерге көп көңіл бөлетін бос уақытты да келмеске кетірді. Ертедегі халықтардың жауынгерлік рухы коммерциялық рухпен алмасты; қазіргі халық-тар өнеркәсіппен, саудамен, еңбекпен айналысады сондықтан басқару мәселелерімен айналысуға уақыт таппағанымен қоймай, мемлекеттің өз жеке істеріне араласқанын тіпті қаламайды да.

Демек, Констанның түйіндеуінше, мемлекет фнукциясын атқаруда әрбір индивидтің тікелей, үнемі қатысуы еркіндіктің бұл типінің қатаң міндетті элементіне жатпайды.

Констан практикалық-саяси тұрғыдан индивидуалдық ер-кіндік мәселесін қарастырғанда, адамның материалдық және ру-хани автономиясы, оның заңмен сенімді қорғалуы алдыңғы орында тұрады. Оның пікірінше, мемлекеттің мақсаты мен құ-рылымы осы құндылықтарға бағынуы тиіс. Саяси өмірді ұйым-дастырудың осындай табиғи тәртібі мемлекет институттарының индивидуалдық еркіндік іргетасынан қаланған пирамиданы елес-тетеді. Мұнда мемлекеттің саяси тұтастығы елдегі әртүрлі ұжым-дардан құралған жүйені білдіреді.

Констан адамдар еркін болса өз өмірін дербес және саналы түрде өткізе алады деп сенеді. Олар қандай да бір тұлғадан тыс күштің ықпалынсыз өздерінің индивидуалдық күш-жігерінің есебінен өзіне лайықты өмір сүруге қабілетті. Осы көзқарастарға сүйене отырып, Констан жалпы құдіретті халық егеменділігінің қажеттілігі туралы руссоистік тезиске түзету енгізеді. Оның ше-карасы ″

жеке адамның дербестігі мен өмірінің" басталатын же-рінен аяқталуы тиіс.

Алайда, Констан мемлекеттің әлсіз болуын қалайтын либе-ралдардың қатарына жатпайды. Ол билік институттарының әлеу-меттік пайдалылығының нақты шараларын қатаң анықтауға, олардың компетенцияларының шекараларын дәл бекітуге тырысады. Бұл шаралардың өзі қоғамға қажет мемлекеттік биліктің көлемімен қатар мемлекетке қажет құқықтардың мөл-шерін (сапасын) белгілейді. " Өкімет өз саласынан тысқа шық-пауы тиіс, бірақ өз саласында оның билігі шексіз болуы керек" деген ұстанымға сүйенетін мемлекеттің күшін әлсіретуте бол-майды. Констан үшін ешқашанда бейқам және әлсіз мемлекет саяси идеал болған емес.

Қазіргі мемлекет Констанның ойынша, формасы жағынан конституциялық монархия болуы қажет. Ол бұл құрылымға бе-керден-бекер басымдылық бермейді. Конституциялық монарх-тың бейнесінде саяси қауымдастық Констан ойынша, " бейтарап билікке" ие болады. Ол белгілі үш " классикалық" биліктен (заң шығарушы, атқарушы, сот) тыс, оларға тәуелсіз және сондықтан олардың бірлігін, кооперациясын, қалыпты қызметін қамта-масыз етуге қабілетті. " Король әрбір билік тармағының бір-бірін теріске шығармай, керісінше бір-бірімен келісімді және үйлесім-ді әрекет етуіне мүдделі. Бейтарап, реттеуші және төрелік етуші билік ретіндегі король билігі идеясы монархияның заманға лай-ық бейімделген (" модернделген" ) түрін құқықтық мемлекет құ-рылымына енгізу талпынысынан туындайды.

Индивидуалдық еркіндіктің кепілі ретінде баспасөз бостан-дығына сүйенген қоғамдық пікірмен және жалпы қоғаммен қадағаланатын мемлекеттік билік институттарымен қатар құқық маңызды рөлге ие болады. Бұл — Констанның мызғымас ұста-нымы. Құқық өзінің бүкіл болмысымен еркіншілдікке қарсы тұрады. Құқықтық нысандар " адамзат қоғамының желеп-жебе-уші періштелері" , " адамдар арасындағы қатынастардың жалғыз мүмкін болатын негізі" . Әлеуметтік болмыстың тәсілі ретіндегі құқықтың түбірлі мәні құқықты сақтауды саяси институттар қызметінің негізгі міндетіне айналдырады.

Б. Констанның еңбектері Францияда либерализмнің тамыр жаюына ықпал етті. Констанның отанында либерализм идеяла-рын онан ары жалғастырған оның атақты кіші замандасы Алек-сис де Токвиль 1805—1859 индивидуалдық еркіндікті демокра-тиялық тұрғыда бүкіл құқық құралдарымен қорғауға үлкен үлес қосты.

**13.4.** Неміс жеріндегі либералдық қозғалыс XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында басталып 1848—1849 жылдардағы революция қарсаңында өзінің ауқымы мен ұйымдасуы жағынан да, идеялық-теориялық жағынан да біршама жетістіктерге жетті. Революцияға дейінгі кезеңде қалыптасқан ерте неміс либера-лизмі сипаты жағынан ″ конституциялық қозғалыс″ болды. Онда-ғы бытыраңқы неміс мемлекеттері үшін қолайлы саяси-заңгер-лік тәртіптерді ұсынған әртүрлі үлгілердің мазмұнында сол кездегі Батыс Европадағы либералдық ұстанымдар мен қалыптар мол ұшырасты. Ағылшын және француз либералдары сияқты неміс либералдары да өзінің әлеуметтік тірегін орта буржуа-зиялық топтардан іздеді. Сонымен қатар олар партикулярлық мүдделерді көздемей, замана талабына сай жалпы игілікті жақ-тайтын монархтардың саналы әрекеттерінен де үміттенді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Германияның саяси жә-не рухани ахуалына өз көзқарастарымен ықпал еткен Фридрих Дальман, Роберт фон Моль, Карл Роттек, Карл Велькер, Юлиус Фребель және өзгелері сияқты неміс либерализмінің өкілдері болды. Ал Вильгельм фон Гумбольдт және Лоренц Штейннің либералдық идеялары неміс жерінен тысқа шығып, жалпы Европаға танымал болды.

И. Канттың ізбасары болған Вильгельм фон Гумбольдт (1767—1835) неміс либерализмінің негізін қалаушының бірі. Басты саяси шығармасы ″ Мемлекет қызметінің шекараларын бекіту тәжірибелері″ деп аталады. Гумбольдт адам мен мемлекет арақатынасы мәселесіне келгенде гуманистік индивидуализм позициясын ұстанады. ″ Тәжірибелер″ еңбегінің шешетін негізгі міндеті ″ мемлекет ішінде адам үшін неғұрлым қолайлы жағдай-ды табу″ болатын.

Гумбольдт XVIII ғ. әлеуметтік ғылымының қоғам (азамат-тық қоғам) мен мемлекетті жіктеу дәстүрін онан ары жал-ғастырады. Ол мыналардың арасындағы айырмашылықтарды айқындайды: 1) ұлттық мекемелер жүйесі (индивидтердің өзде-рінің төменнен құрған ұйымдары, одақтары, әртүрлі өзге бірле-стіктері) мен мемлекеттік институттар мен қызметтер арасында; 2) ″ табиғи, жалпы құқықтар″ мен тікелей мемлекеттің құрған позитивті құқығы арасында; 3) ″ адам″ мен ″ азамат″ арасында.

Гумбольдт қоғам мен мемлекеттің шекараларын бөле оты-рып, оларды шамалас көлемде деп есептемейді. Оның пікірінше қоғам мемлекеттен, ал адам саяси одақтың (мемлекеттің) мүшесі азаматтан анағұрлым маңызды. Сондықтан да ″ табиғи және жал-пы құқық″ мемлекеттік заңдарды дайындау мен қабылдау бары-сындағы позитивті құқықтың жалғыз негізі және жетекші бас-тауы болуы тиіс.

″ Мемлекеттік құрылыс түпкі мақсат емес, ол тек адамды дамытудың құралы ғана″ деген тезиске сүйенген Гумбольдтың пікірінше мемлекет өзінің қызметінде азаматтардың ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуден өзге әрекеттерге бар-мауы тиіс. Гумбольдт — европалық ерте буржуазиялық либера-лизмге тән ″ шағын (минималды) мемлекет″ концепциясын қатаң сақтаушы. Азаматтардың жеке бақыты, өмір сүру тәртібі, денсаулығы, адамгершілігі және т.б. мемлекеттің қамқорлық көрсетуі идеясына ол толығымен қарсы болды.

Гумбольдтың ойынша, мемлекеттің белсенді қызметінің ауқы-мы тар болуы керек, өйткені адамдардың әлеуметтік қауымындағы әр алуан қызмет пен әрекеттер барысында қабілеті мен абыройы жоғары адамдар оқшауланып шығады, ал жоғары билік мұндай өзгешеліктерге шыдай бермейді. Жоғары билік мемлекеттің көмегімен ұлттың, қоғамның барлық өмірлік көріністерін, адам-дардың санасы мен жүріс-тұрысын бірегейлендіруге тырысады. Индивид үшін қауіп әсіресе, мемлекеттің патерналистік (әкелік қамқорлық) миссияны өз қолына алуынан төнеді.

Гумбольдтың байқауынша, мемлекеттің тарапынан үнемі кө-мек күту ақыр соңында кедейшілікке ұрындыратын адамдардың қамсыздығына әкеледі. Индивидтің адамгершілігіне нұқсан келеді; біреудің жетегіндегі адам әдетте өз дербестігін жоғалтып, апатияға ұрынады. Оның пікірінше мемлекеттің биліккұмар құл-дары төмендегі принципті теориялық тұрғыда да, практикалық

тұрғыда да бұзады: ″ еркіндікке жетуге дәл еркіндіктей ықпал ететін өзге нәрсе жоқ″ .

Гумбольдтың мемлекет туралы пайымдауынша, мемлекеттік құрылым еркіндікті шектегендіктен, ол ″ қажет болғанымен зұ-лымдық″ дегенге саяды. Мұндай полемикалық пікірлер сөз жоқ әлеуметтік хаос пен тәртіпсіздікке жол ашады. Алайда оның ″ Тәжірибелерінде″ келтірілген мемлекеттің кейбір әлеуметтік-қорғаушылық функцияларының пайдалылығы мен қажеттілігі, азаматтарды мемлекетті құрметтеуге шақыруы Гумбольдтың ли-берализмін көптеген анархиялық ілімдерден, әртүрлі бағыттағы саяси нигилизмнен арасын ажыратады. Бұл тұрғыда неміс ойшылының идеялары өзінің өзектілігін жоғалтпайды.

Лоренц Штейн (1815—1890) қоғам, мемлекет, құқық, бас-қару туралы бірқатар іргелі еңбектер жазды: ″ 1789 жылдан бүгін-ге дейінгі Франциядағы әлеуметтік қозғалыстың тарихы″ (үш-томдық бұл еңбектің бірінші кітабы ″ Қоғам ұғымы″ деп ата-лады), ″ Басқару туралы ілім″ , ″ Германиядағы мемлекет және құ-қық туралы ілімнің бүгіні мен ертеңі″ .

Штейннің либерализмі оның әлеуметтік-саяси доктрина-сында индивид, оның құқықтары мен меншіктері туралы мәсе-лені алдыңғы орынға қоюынан көрінеді. Индивидтің қозғаушы күші Штейн бойынша, игіліктерді өндіру, өңдеу, дайындау және көбейтумен сипатталатын өзін-өзі жүзеге асыруы. Тұлғаның өндірген бүкіл игілігі оның өзіне тиесілі және өзі сияқты оған да қол сұғылмайды. Игілікке қол сұғылмаушылық құқықты білді-реді. Ал құқық арқылы тұлғамен біріккен қол сұғылмайтын бү-тін игілік меншік болып табылады.

Адам өзгелерден оқшау, дара өндірістік әрекетпен айналыса алмайды. Ол өзіне ұқсас адамдармен бірге әрекет етуге мәжбүр. Осылайша қауымдастық, қоғам мәселесі туындайды. Штейн бойынша барлық қоғам құрылымының шығу көзі меншік бөлінісінен келіп шығады. Меншік иелері мен еңбек адамдары әрқашан бір-бірімен ерекше байланысты. ″ Меншігі жоқтардың меншік иелеріне бағыныштылығының тұрақты және өзгермейтін тәртібі″ қоғамдық өмірдің заңдылығы болып табылады. Бұл екі топтың қарама-қайшылығын жою мүмкін емес, ондай қоғам жоқ.

Штейннің қоғам мен мемлекет және олардың арақатына-сына көзқарасы Гегель идеяларының ықпалында болып келеді.

Штейннің концепциясында қоғамның индивидтердің қара-пайым аморфты көпшілігінен айырмашылығы, ондағы адамдар-дың бір-біріне үнемі және жан-жақты бағыныштылығы. Сон-дықтан қоғамда еркіндік үшін негіз жоқ. Қоғамның жоғарғы формасы мемлекет, онда қоғамды құраған адамдардың әр алуан индивидуалдық еріктері мен әрекеттерінің органикалық тұта-стығы бекітіледі. Мемлекет жалпы ортақ ерікке қызмет етеді. Өзінің ұйымдасуы мен мақсатына қарай тек мемлекет еркіндікті қамтамасыз етеді.

Қоғам мен мемлекет өзара әрекетінде бір-біріне қарсы тұ-рады. Қоғам мемлекетті өзіне ұқсас етіп құрғысы келеді, ал мем-лекет өзіне тиімді қоғамдық құрылысты қалайды. Қоғамнан жоғары тұрған мемлекет жетекші ретінде қоғамдағы әртүрлі таптар арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұруы тиіс.

Егер атқарушы билік заң шығарушы билікке адал қызмет етсе ғана мемлекет өзінің басты рөлін орындай алады. Мұндай жағдайда қарапайым мемлекет құқықтық мемлекетке айналады. Штейн — ″ басқару құқығы конституцияға сүйенетін және заң-дар мен атқару бұйрықтары арасы құқықтық түрде ажыратыл-ған″ құқықтық мемлекеттің жақтаушысы. Құқықтық мемлекет-тің тиімді нысаны ретінде Штейн конституциялық монархияны атайды. Штейннің пікірінше, монарх орталық тұлға ретінде қоғамдағы партикулярлық мүдделерге жол бермей, жалпыға ортақ мүдделерді қамтамасыз ете алады.

Штейннің бірқатар идеяларын таптық қайшылықтан тыс ″ әлеуметтік монархия″ ретіндегі Герман империясының аполо-гиясы үшін пруссиялық канцлер Бисмарк және өзге саясаткер-лер қолданды.

**13.5.** XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында либералдар буржуазиялық тәртіптерді (жеке меншік, кәсіпкерлік еркіндігі, бәсекелестік және т.б.) дәріптеп жатқан тұста Батыс Европада бұл тәртіптерді аяусыз сынға алып, қанаушылықтан құтқаратын қоғамның жобаларын ұсынған ілімдер де пайда болды. Капита-листік қоғамның қайшылықтарын ашып әлеуметтік теңдікке, әділеттілік пен еркіндікке негізделген қоғам туралы ілімнің — утопиялық социализмнің классиктері қатарына Сен-Симон, Ш. Фурье және Р. Оуэн жатады.

Олардың барлығын еңбектің жалпыға ортақ міндеттілігі, әді-летті бөлініс, коллективизм (ұжымшылдық), еркіндік, тұлғаның үйлесімді дамуы идеялары біріктіреді. Бұл дәуірде пролетариат пен буржуазия арасында қақтығыс әлі ушығып шиеленісе қой-маған болатын. Сондықтан барлық утопистер әділетті қоғамды ешқандай әлеуметтік сілкіністерсіз және тап күресінсіз бейбіт жолмен орнатуға болады деп сенді. Сонымен қатар, олардың жобаларында айырмашылықтар да бар. Ш. Фурье және Р. Оуэн жаңа қоғам ″ төменнен″ бастап ұйымдасады және өзін-өзі бас-қаратын өндірістік бірліктерге (фаланга, қауым) негізделеді деп санады. Сен-Симон ″ жоғарыдан″ жоспарлы түрде бір орталық-тан ұйымдастыру принципін жақтады. Олардың меншікке де қатынасы әртүрлі болды. Р. Оуэн жеке меншікке түбірлі қарсы шықса, Ш. Фурье де, Сен-Симон да жеке меншікті теріске шы-ғарған жоқ.

Утопистер өздерінің шығармаларында саясатқа, мемлекетке және құқыққа аз көңіл бөліп, мемлекеттік және саяси институт-тардың мәнін жете бағаламады. Дегенмен олардың көзқарас-тарының жүйесін талдау өте қажет. Өйткені бұл қоғамдық және саяси-құқықтық ойдың кейінгі тағдырына орасан зор ықпал еткен XIX ғасырдағы Европаның рухани өміріндегі аса маңызды құбылыстардың ерекшеліктерін толығырақ айқындауға мүмкін-дік береді.

Анри де Сен-Симонның (1760—1825) мемлекет және құ-қыққа көзқарасы оның тарихи прогресс концепциясымен анық-талады. Оның пікірінше адамзат қоғамы бір кезеңнен екіншісіне өте отырып, өзінің ″ алтын ғасырына″ ұмтылады. Антикалық заман мен феодалдық дәуірді қамтитын теологиялық кезеңнің орнын метафизикалық кезең (буржуазиялық дүниетанымдардың орнау дәуірі) алмастырады. Оның артынан позитивті кезең келді: ″ қоғамның басым бөлігін құрайтын адамдардың өмірін бақытты ететін, өздерінің маңызды қажеттіліктерін өтеу үшін барлық мүмкіндіктерді беретін қоғамдық құрылыс орнайды. Егер бірін-ші кезеңде қоғамдағы үстемдік дін иелері мен феодалдардың қолында, екінші кезеңде заңгерлер мен метафизиктердің қолын-да болса, ал үшінші кезеңде ол ғалымдар мен өнеркәсіпшілердің қолына өтеді. Қоғамдық дамудың қозғаушы күші ретінде адамгершілік пен білімнің прогресі аталады.

Тарихтың позитивті кезеңіне индустриализм жүйесін (эко-номиканы талантты өнеркәсіпшілердің басқаруы) енгізу дәстүрлі мемлекеттік-құқықтық нысандарды бұзуды қажет етпейді. Мо-нарх институты, өкімет (министрліктер) және өкілдік мекемелер сақталады. Бірақ бүкіл зайырлы билік жаңадан құрылған пар-ламент — өнеркәсіпшілер Кеңесіне шоғырланады. Сен-Симон-ның пікірінше, жеке меншіктік қатынастар индустриализм жүйе-сімен толық сыйыса алады. Бірақ Сен-Симон тек өнеркәсіп-шілер тобының ғана емес, бүкіл халықтың экономикалық мүд-десінің жақтаушысы болды.

Егер Сен-Симон адамзат қауымдастығының жаңа принцип-терінің бекітілуіндегі маңызды мәселелерге байланысты биліктің болуын мойындаса келесі француз социалисі — Шарль Фурьені (1772—1837) бұл мәселелер мүлдем қызықтырмады. Саясат пен саяси әрекет оған бос нәрсе болып көрінді.

Ш.Фурье төрт қозғалыстың (материалдық, органикалық, жануарлық және әлеуметтік) ұқсастығын және олардың негізі — ″ тартылыстың жалпы негізгі заңдылығын″ таптым деп есептеді. Қоғамда бұл универсалды заңдылық адамдардың әр алуан құмарлықтарының ойыны арқылы әрекет етеді. Осы құмар-лықтарды тауып, сипаттап жіктеу жаңа әлеуметтік тәртіптерді енгізуді қамтамасыз етуге қабілетті оңтайлы құралды табуды, қазіргі қоғамды радикалды түзетудің жалғыз жолын білдіреді. Тарихтың үдемелі дамуы ол қоғамның келуін жақындатады.

Адамдардың бақытты және үйлесімді өмір сүруін әкелетін өркениеттің қажетті алғышарттары (материалдық, әлеуметтік-мәдени, рухани) дайын болғанымен, XIX ғасырдың басында ол өркениет кері қарай жүрді. Буржуазиялық қоғамның құрылысын аяусыз сынға ала отырып, Фурье онан құтылудың тәсілдерін анықтауға тырысады. XVIII ғасырдың соңында француз төңке-рісінде қолданған саяси тәсілдер өзін ақтамағандықтан, оны толық теріске шығарады. Халықтың қазіргі бейшара қалпы қоғамның негізін әртүрлі әлеуметтік топтардың (меншік иелері мен пролетарийлер, еркін кәсіп өкілдері, жұмысшылар мен егіншілер және т.б.) өкілдерінен тұратын өндірістік-тұтынушы бірлестіктер — ассоциациялар құрағанда ғана жойылады. Ассо-циациялық құрылыстың, яғни ″ жаңа шаруашылық және социо-тарлық әлемнің бастапқы ұйымдары фалангалар болады. Бір-біріне тәуелсіз, ұйымдасуы бірдей фалангалардың торабы (әрқай-сысы шамамен 1600 адамнан тұратын) бүкіл елдерді, құрлық-тарды, бүкіл жер шарын қамтитын болады. Фалангалар ешқан-дай орталық билік жүйесімен байланыспайды. Ш. Фурьенің мұн-дай қондырғысы Жаңа замандағы саяси дамудың объективті үрдістерімен мүлдем сәйкес келмеді.

Ірі ағылшын социалисі Роберт Оуэн (1771—1858) өнер-кәсіптік төңкеріс және оның салдарынан туған таптық қақты-ғыстар дәуірінде өмір сүрді. Бұл оның реформаторлық көзқа-расына ықпал етті.

Оның көзқарастар жүйесіндегі негізгі орынды адамдардың мінез-құлқы туралы ілім алады. Оуэннің пікірінше, адамның мінез-құлқы индивидтің табиғи ұйымдасуы мен оны қоршаған ортаның өзара әрекетінің нәтижесі болып табылады. Бүтіндей қоғамдық топтардың мінез-құлқы да осылайша сыртқы ортаның ықпалымен қалыптасады. Р. Оуэн өзінің ұсынған адам мінез-құлқы туралы ілімі адамдарға әділетті құрылған қоғамға қарай жөн сілтейді деп сенді.

Өмірде орын алған капиталистік қатынастар сыртқы орта-ның факторы ретінде қазіргі адам өміріндегі қараңғылық, надан-дық, зұлымдық, мешкейлік сияқты барлық күнәһарлықтар үшін жауапты. Бүкіл әлеуметтік зұлымдықтардың негізгі көзі — жеке меншік. Р. Оуэн Сен-Симон мен Фурьеге қарағанда жеке мен-шіктік қатынастар құрылысына батыл қарсы шықты.

Сол замандағы әлеуметтік-экономикалық тәртіптерді сынай отырып, Р. Оуэн капитализмдегі өндіргіш күштердің, ірі өнеркә-сіптің өсуі, ғылыми-техникалық білімнің дамуы табиғат заңды-лығына сай ″ неғұрлым жоғары құрылымды қоғамның қажет-тілігін тудырады деп сенді. Ол ең алдымен адамдардың санасын-дағы революциядан үміттенді. Әртүрлі әлеуметтік топ өкілде-рінің ізгі еркімен жүргізген реформаторлық әрекетінің нәти-жесінде, Оуэн бойынша, ″ ақиқаттың, байлық пен бақыттың игі жүйесі″ , ″ қоғамдық меншік пен кооперация тұтастығының″ жүй-есі, ″ жаңа адамгершілік әлемі″ орнайды.

Бұл жаңа құрылыстың бірлігі, ″ молекуласы″ өзін-өзі қамта-масыз ететін коммуна, ″ қауымдастық қыстағы″ . ″ Қауымдастық қыстақтары″ ұлттық ауқымдағы федерацияға (державаларға) бі-рігеді, ал кейінірек халықаралық деңгейде тұтастанады. Бірнеше жылдардың барысында ол бүкіл планетаға таралып, жер шары-ның барлық түкпірінде заңдардың барлығына бірдей жинағы, басқарудың біртұтас тәртібі қызмет етеді. Жердің тұрғындары біртұтас отбасына айналады. Коммуналар (мүшелерінің саны 300-ден 3000 мыңға дейін) тек қоғамдық меншіктің, коллек-тивтік еңбектің негізінде әрекет етеді, барлығының құқықтары мен міндеттері тең болады. Коммуна мүшелері арасында шы-найы өзара көмек қатынасы орнайды, аурулар, мүгедектер, кәрі-лер ортақ қамқорлыққа алынады, жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеудің рационалды және гуманды жүйесі енгізіледі. Әдет-тер бірыңғай ізгілікті болады және марапаттау мен жазалау қа-жеттілігі жойылады.

XIX ғасырдың 30—40 жылдары Батыс Европаның рухани өмірінде революциялық-утопиялық коммунизм концепциялары да бой көрсетті. Джеймс Бронтер О. Брайен (Англияда), Огюст Бланки және Теодор Дезами (Францияда), Вильгельм Вейтминг (Германияда) және өзгелері жұмысшы табы атынан қоғамды түбірімен қайта құруды талап етті. Олардың саяси бағдарла-маларында Г. Бабефтің революциялық дәстүрлері және А. Сен-Симон, Ш. Фурье, Р.Оуэндердің утопиялық социализмі аралас-қан күйінде көрінді. Бұл концепцияларда ұшырасатын социа-листік

революцияның қажеттігі, жұмысшы табының саяси үс-темдігі сияқты идеялар кейінірек К. Маркстің мемлекет және құқық туралы тарихи-материалистік ілімінің негізгі өзегін құ-рады.

**13.6.** ″ Әлеуметтік физика″ немесе ″ әлеуметтану″ деген атта-рымен де белгілі позитивті (қалыпты) философияның негізін қалаушы Огюст Конт (1798—1857) Францияда туып өсті. Оның алты томдық ″ Позитивті философия курсы″ және төрт томдық ″ Позитивті саясат жүйесі″ еңбектерінде негізі қаланған жаңа ілі-мінің қалыптасуына Тюрго, Кондорсе және Сен-Симон сияқты ойшылдардың идеялары ықпал етті. Позитивизмнің қалып-тасуына Европада XVII ғасырдың екінші жартысынан басталған ғылыми төңкеріс те әсерін тигізді. Бұл кезде жаратылыстану математикалық негізге сүйенетін және өндіріске едәуір ықпал ететін дербес және беделді интеллектуалдық қызмет саласына айналды. Физиканың, химияның, механиканың, биологияның дамуы барлық ғылымдардың философиямен байланысы және адамдардың шаруашылық, қоғамдық әрекетіне олардың жалпы ықпалы мәселесін күн тәртібіне қойды.

О. Конттың ″ позитивті философиясының ″ түпкі қағидасы —ғылымға нақты айғақтар мен құбылыстарды зерттеумен шектелу талабын қою болды. Осы қағидаға сүйене отырып, О. Конт болмыстың мәнділігі туралы ілім ″ метафизиканы″ теріске шы-ғарды. Позитивизм жаратылыстану ғылымдарының жетістік-теріне сүйенді. Конттың пікірінше, жаратылыстану ғылымы екі элементтен: біріншіден — айғақты бекітуден, екіншіден — айғақтар арасындағы себептік байланыстарды айқындаудан, заң-дарды қалыптастырудан тұрады. Айғақ сезімдік таным арқылы бекітіледі, ал заңдар айғақтарды индукциялық тәсілмен қоры-тындылау арқылы анықталады.

Жаратылыстану ғылымдарының тәсілдері қоғамды тану үшін де қолданылады. О. Конт қоғам туралы жаңа ғылым — әлеуметтануды құруды ұсынды. Әлеуметтану екі негізгі бөлімге бөлінді: қоғамдық құбылыстардың өмір сүру шарттарын зерттей-тін статика және қоғамдық құбылыстың дамуын, адамзат қоға-мының прогресін зерттейтін динамика.

Конт қоғам эволюциясының негізін адамдардың көзқарас-тарындағы өзгерістер деп қарастырады. Оның қоғам дамуының үш кезеңі (теологиялық, метафизикалық және позитивті) туралы ілімі негізінен Сен-Симонның концепциясын қайталайды. Тео-логиялық кезең (1300 жылға дейін созылды) барлық құбылыс-тарды табиғаттан тыс күштердің әрекетінің салдары деп қарасты-румен сипатталса, метафизикалық кезең (1300 жылдан 1800 жылға дейін, Реформацияны, Ағартушылықты, Революцияны қамтиды) тәжірибеден тыс орналасқан ″ түпнегіз″ , ″ субстанция″ , ″ өзіндік зат″ , ″ абсолюттік рух″ , ″ материя″ деген сияқты ойдан шығарылған ұғымдармен айқындалады. Үшінші, позитивті ке-зеңде, ″ адамзаттың ақыл-ойы болмыстың шығу тегі мен мақ-сатын және құбылыстардың ішкі себептерін зерттеуден бас тар-тады″ да, ″ әртүрлі жеке құбылыстардың арасындағы байланы-старды бекітумен″ шектеледі.

Саясат саласында теологиялық кезеңде монархиялық тео-риялар, метафизикалық кезеңде республикашыл концепциялар, табиғи құқық, қоғамдық шарт туралы ілімдер басым болып кел-се, жаңа позитивті саясат нақты ғылымға негізделеді. Теология-лық дәуірге әскери типтегі қоғам сәйкес, метафизикалық дәуірде индивидуализм, либерализм және демократия пайда болады. Ал позитивті кезеңде әскери типке қарсы қойылатын өнеркәсіптік типтегі қоғам қалыптасады.

Жетілген мемлекетті Конт социократия деп атайды, бұл қо-ғамдық ынтымақтастық пен үйлесімділікке негізделеді. Бүтіндей органикалық тұтастық ретінде көрінетін қоғамда әрбір индивид бүтіннің бөлігі ретінде белгілі бір функцияларды атқарады.

О. Конт қоғамдағы топтарды мойындайды, тап күресіне те-ріс көзқарас ұстанып, оларды ынтымақтастыққа шақырады. Қоғамға позитивті принциптер енуінің нәтижесінде ол ″ анархия-лық республикадан″ да, ″ реакциялық аристократиядан″ да ары-лады. Қоғамдағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін пози-тивті саясат өз парызын орындау құқығынан өзге құқықты мойындамайды. Қоғамның барлық мүшелері белгілі бір қоғам-дық қызметтер атқаруы тиіс. Меншіктің өзі де қоғамдық функ-ция болып табылады. Капиталға, меншікке ие болу қоғамдық тұрғыда пайдалы деп саналды.

Конт жаңа бүкіләлемдік позитивті діннің жобасын жасады. Бұл дін бойынша тұтынудың объектісі

құдай емес, адамзат; позитивті дін теологияны (дінтану) әлеуметтанумен (қоғам туралы ғылым), ал теократияны социократиямен алмастырады. Позитивті діннің абыздары — ғалымдар мен әртістер (ақыл мен сезімнің бірлестігі). Ол жылдың әрбір айы мен аптасы ″ пози-тивистік әулиелер″ қатарына жататын ұлы адамдарға арналған күнтізбе де жасады.

Позитивті кезеңге көшу үшін Конт Парижде әртүрлі елдер мен ғылымдардың өкілдері болып табылатын отыз ғалымнан құ-ралған рухани өкімет (″ Батыстың позитивті комитеті″ ) құрмақ-шы да болды. Позитивті кезеңге өту барысында пролетариат диктатурасын орнату жоспарланды. Пролетариат диктатурасы бүкіл әлеуметтік топтарды позитивті рухта қайта тәрбиелеп бол-ған соң, қоғам социократияға қайта ұйымдасады. Ақыр аяғында бүкіл адамзат 500 социократия құрып, астанасы Парижде бола-тын бүкіл әлемдік федерацияға бірігеді. Сонда қоғамның прин-ципі, негізі мен мақсаты толық жүзеге асады: ″ сүйіспеншілік — принцип ретінде, тәртіп — негіз ретінде, прогресс — мақсат ре-тінде″ .

Позитивті дін Конттың тірі кезінде-ақ теріске шығарылса (″ ақылдан адасушылық″ ), ал оның философиялық ілімі фено-менализм, агностицизм, релятивизм, прагматизм, субъективті идеализм және т.б. түрінде сынға ұшырады. Алайда Конт саяси партиялар мен бұқаралық қозғалыстардың идеялық негізі бола алатындай саяси-құқықтық бағдарлама құра алмағанымен, оның позитивизмінің философиялық идеялары кеңінен таралды. Огюст Конттың теориялық ізденістері философия мен жара-тылыстанымдық және қоғамдық ғылымдар методологиясының дамуына ықпал етті, тіпті өз заманында әдебиет пен өнерге де әсерін тигізді. Герберт Спенсердің, Эмиль Дюгидің, Леон Дю-ганың, Максим Ковалевскийдің, Макс Вебердің әлеуметтаным-дық теориялары Конт философиясының ықпалымен қалып-тасты. Құрылымдық заңгерлік позитивизм (К. Бергбом) де өз бастауын позитивизм философиясынан алады.

**14-тақырып.**

# XIX ғасырдың екінші жартысындағы Европадағы саяси-құқықтық ой

**14.1.** XIX ғасырдың екінші жартысындағы саяси және құ-қықтық идеологияның негізгі белгілері мен басты бағыттары.

**14.2.** Заңгерлік позитивизм.

**14.3.** Р. Иерингтің құқық және мемлекет туралы ілімі.

**14.4.** Г. Спенсердің әлеуметтануындағы мемлекет және құ-қық мәселелері.

**14.5.** Ф. Ницшенің саяси-құқықтық ілімі.

**14.6.** XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың ба-сындағы Ресейдегі саяси-құқықтық ілімдер.

**14.1.** Аталмыш кезеңнің бірқатар өзіндік ерекшеліктері бол-ды. Европаның көптеген елдерінде капиталистік қатынастар то-лық орнықты. Капиталистік нарықтық экономиканың инфра-структурасы онан әрі күрделеніп дами түсті. Бірте-бірте демок-ратияландырудың нәтижесінде тұрғылықты халықтың басым бө-лігінің саяси процестерге қатысуын қамтамасыз ететін институт-тар өмірге енді. Жеке тұлғаның саяси және әлеуметтік құқық-тарын кеңейту, жалпыға бірдей сайлау құқығын бекіту үшін күш салған қозғалыстар нығайып, бірқатар табыстарға жетті. Қоғам-дық аренаға дербес саяси күш ретінде өзінің кәсіподақтарын, партияларын, баспасөзін қалыптастырып, өзінің топтық мүдде-сін белсенді түрде қорғауға ұмтылған пролетариат шықты.

Идеологиялық күрестегі қарама-қайшылық ендігі жерде феодалдық-монархиялық режим мен буржуазиялық құрылыс жақтаушылары арасында емес, соңғылары мен социалистік өзге-рістердің жақтаушылары арасында өрбіді. Сонымен бірге, бұл кезеңдегі саяси-құқықтық көзқарастардың қамту аумағы өзінің әр алуандылығымен де ерекшеленді, яғни либерал-демократия-лық көзқарастардан элитарлық, авторитарлық және т.б. көзқа-растарға дейін кеңейді.

XVIII ғасырдан мұра болып қалған адамзат дамуының үде-мелі қозғалысы, өркениеттің төменгі деңгейінен заңды түрде оның жоғарғы нысанына өту туралы прогресс идеялары онан әрі жалға-сын тапты. Әлемнің рационалистік құрылымы адамзат ақыл-ойының құдіреттілігі сияқты рационализм рухындағы қондыр-ғылар Ағартушылық ғасырынан жалғасқан дәстүр ретінде қоғам-танулық ғылымдардың өн бойына толығымен енді.

XIX ғасырдың екінші жартысында позитивизм ықпалды ин-теллектуалды қозғалыс ретінде кеңінен таралды. Бұл қозғалыс өндіргіш күштердің, техникалық білімдердің, табиғат пен қоғам туралы ғылымдардың дамуынан туындайтын мәселелерді осы уақытқа дейін үстемдік етіп келген спекулятивті философиялық жүйелердің шеше алмауынан туындады. Позитивистер ″ метафи-зикалық құрылғыларды″ (дәстүрлі философияны, иедологияны және т.б.) алып тастап, тек нақты эмпирикалық материалдарды ғана зерттеумен айналысуды насихаттады. Олар қоғамдық ғы-лымдарды, оның ішінде мемлекет, саясат және құқық туралы ілімдерді де жаратылыстанымдық дәл ғылымдар сияқты ″ жалаң ″ айғақтармен құруға болады деп санады.

Бұл кезеңде жаратылыстанымдық ғылымдардың әлеуметтік ғылымдарға ықпалы күшейе түсті. Бұрынғы физика-математи-калық циклдегі пәндердің басымдылығы кейінге ығыстырылып, енді биологияның әсері күшейе түсті. Әсіресе дарвинизмнің эво-люциялық теориясы кеңінен таралып, қоғамдық ойда организм идеялары үстемдікке ие бола бастады. Көне механицизм

нртџрлі ңлеуметтік объектілерді машина, тђрақты агрегат ретінде қарас-тырса, арганицизм оларды белгілі љмірлік циклдері мен қызмет-тері бар тђтастай динамикалық љзгермелі жңне дамудаѓы қђры-лым ретінде пайымдауѓа, талдауѓа мџмкіндік береді.

Х1Х ѓасырдыњ екінші жартысындаѓы интеллектуалдық љмір-діњ кескін келбетін ңсіресе, осы ѓасырдыњ соњѓы онжылдық-тарында ерекше кџшейе тџскен иррационализмніњ беделі, діни-философиялық жңне діни-саяси доктриналардыњ таралуы, тари-хи пессимизмніњ негізделуі, ђлтшылдықтыњ белењ алуы жңне т.б. қђбылыстар толықтыра тџседі.

**14.2.** Буржуазиялық юриспруденцияда заңгерлік позитивизм ұстем бағыт болды. Бұл бағыттың негізін қалаушы утилитаризм-ді ұстанған ағылшын құқықтанушысы Джон Остин (1790—1859) болды. Бентам сияқты Остин де өзінің екі томдық ″ Заңгерлік ту-ралы дәрістер″ еңбегінде заңгерлікті саяси экономиядан еш кем түспейтін ғылымға айналдыруға ұмтылды. Ол утилитаризмнің негізгі принциптеріне сүйене отырып, адамның адамгершілік сезімдеріне негізделген этиканы теріске шығарды, өйткені бұл тәсіл қайырымдылық пен зұлымдық туралы пікірге рационалды негіз бола алмайды. Ол мораль туралы бентамдық түсініктерді Гоббстың ілімімен жақындастырып байланыстырды.

Остиннің заңгерлік позитивизм ілімі бойынша, құқық өзі-нің кең мағынасында саналы адамдар билік жүргізетін саналы адамдардың бекіткен жүріс-тұрыс ережелері. Бұл құдайдың (құдіретті құқық) және адамдардың солар үшін (позитивті құ-қық) бекіткен заңдары. Соңғыларының арасында позитивті құ-қыққа жатпайтын, егемендік билікпен емес, адамдардың қоғам-дық пікірімен бекітілген ережелер де кездеседі, олар — халықа-ралық құқық, сән және абырой заңдылықтары. Халықаралық құқықта позитивті құқықтың белгісі жоқ, себебі онда егеменнің (сувереннің) әмірмені жоқ. Бір егеменге бағынбаған мемлекет-тердің жүйесі — бұл саяси емес, табиғи қауымдастық. Сондық-тан халықаралық құқықтың нормалары құқықтық (саяси) сипаттағы санкциялармен қамтылмайды. Остин қоғамдық пікір бекіткен ережелерді құқық деп атамай ″ позитивті мораль″ деп атағанды жөн көреді.

Остиннің пайымдауынша, егеменді билік ешқандай сыртқы шектеулермен байланысты емес және өз-өзіне қойған шектеу-лерден кез-келген уақытта бас тарта алады. Оны тек позитивті мораль тежеп қалуы мүмкін. Тиістілік пен мәнділіктің (позитивті құқық және дін, мораль) арақатынасы мәселесі юриспруден-цияның шеңберінен тыс және позитивті құқықтың пәндік аумағына жатады. Ал оның жақсы не жамандығын бағалау этика мен заңгерлік ғылымдардың арасындағы пәндердің үлесіне тиеді. Субъективті құқық та егеменнің еркінен туындайды. Тұлға құқықтарын негіздеудің табиғи-құқықтық қырларын Остин толығымен теріске шығарады.

Сот шешімін Остин оның үнсіз келісімінің нәтижесінде атқарылғандықтан, позитивті құқықтың бөлігі ретінде қарасты-рады. Әдет-ғұрыптар заң шығарушы немесе сот оларды құқық-тық нормалар ретінде бекіткенде ғана заң күшіне енеді. Бұл ереже ғалымдардың пікірі мен жеке заңгерлердің практикасына да қатысты. Бентаммен салыстырғанда, Остин құқық статусы-ның толық еместігі сот ісіндегі құқықтық шығармашылықты қажет етеді деп есептеді. Прецеденттер жүйесінен туындайтын бұл олқылықтардан құтылудың құралын ол да Бентам сияқты кодификациядан көрді.

Остиннің құқық жүйесіне деген көзқарасы өзінің оқшау-лығымен ерекшеленеді. Бентамның кейбір идеяларын қолдай отырып ол адамзат әрекетінің реттеушісі ретіндегі құқықтың ақырғы мақсаты — жалпы игілік болғандықтан, құқықты жалпы (публичное) және жеке (частное) деп бөлу қате деп түсінді. Қор-ғалатын мүдделер принципіне орай азаматтық және қылмыстық құқық деп ажырату да дұрыс емес. Нағыз айырмашылық зиян шеккен тұлғаның немесе мемлекеттің қалауына санкция қолда-нудың бағыныштылығымен сипатталады.

Ол жіктелістердің орнына Остин құқықты ″ жеке″ және ″ заттай″ деп бөледі. ″ Заттай құқық″ деген атау шартты және тиім-ділігі үшін қолданылады. Оған жеке құқықтың құрамына кірмей-тіннің бәрі енеді. Жеке құқық белгілі бір класс (категория) тұл-ғаларының арнайы құқықтарын, міндеттері мен мүмкіндіктерін білдіреді. Жеке құқық үш бөлімнен тұрады: жеке өмір саласы, саяси өмір саласы, ерекше жағдайлар (шетелдіктер, құқықтық қабілеті жоқ тұлғалар).

Остиннің құқық концепциясында егемен ұғымы негізгі орын алады. Билік, негізінен, тұрғындардың әдеттегі бағыныш-тылығынан құралады. Халықтың егеменге қатысы дінмен, мо-ральмен және құқықпен реттелсе, ал егемен дін және мораль нормаларымен ғана санасады. Оның билігі ешқандай құқықтық шектеулерді білмейді.

Жоғары билік ұғымына келгенде, Остин Гоббстың дәстүрін онан ары жалғастырады.

Егемендіктің шексіздігін сынау, оның пікірінше, егеменнің абстрактылы ўғымын егемендік биліктің қўрамдас бљліктерінің бірін қўрайтын биліктің нақты љкілде-рімен (мысалы, Англия королімен) шатастырудан туындайды. Остин егеменділіктің нақты тасымалдаушысын анықтауға кел-генде қиналды, бірақ жоғары биліктің барынша шоғырлануына жңне орталық пен жергілікті жерлердің арасындағы қатынас-тардың қатаң иерархиясын (сатысын) сақтауға ўмтылды.

Экономикалық либерализм дңстүрін жалғастыра отырып, Остин љзге утилитаризм идеологтарымен салыстырғанда, саяси демократиялық принциптерден алшақтады. Бўл радикализмнен бас тартуы оның 1848 жылғы революцияға антидемократиялық кљзқарас ўстануынан айқын аңғарылады. Оның заңгерлік пози-тивизм мектебіне қосқан үлкен үлесі — қўқықтық теорияның догматтық категориялық аппаратын қалыптастырды. Оның методологиясы, ўғымдар анықтамасы мен жүйесі, классифи-кациясы ңлемдік юриспруденцияның қорына енді. Остиннің кљзқарастары осы бағыттың кљптеген љкілдеріне (К. Бергбом, А. Эсмен, П. Лабанд жңне т.б.) жңне Англияның жалпы қўқы-ғының дамуына, отаршылдық заң шығарушылыққа ықпал етті.

**14.3.** Заңгерлік позитивизм даму ңстіндегі азаматтық қоғам-ның кңнделікті кұқықтық мүдделеріне сңйкес келгенімен шие-леніскен бірқатар ңлеуметтік мңселелерді шеше алмады. Азамат-тық қоғамның қайшылықтары мен қақтығыстары, оның дамуын айқындайтын ңлеуметтік процестер, қоғам мен мемлекеттің ара-қатынасы сияқты мңселелер заңгерлік позитивизмнің назарынан тыс қалды. Формальды-догматтық методология кұқықтық мем-лекетті негіздей алмады. Бірқатар заңгерлер мен мемлекеттану-шылар лкілеттік мемлекетті кұқықтан лзге сыртқы фактор-лардың кљмегімен идеялогиялық тұрғыда негіздеуге тырысты. Бұл саяси-кұқықтық теорияларды ңлеуметтанулық, психология-лық жңне лзге концепциялармен біріктіруге ңкелді.

Немістің белгілі заңгері Рудольф фон Иеринг (1818—1892) ңлеуметтанудың бірқатар идеяларын мемлекет жңне кұқық тура-лы ілімінде қолдануға ұмтылды. ″ Лз дамуының ңртүрлі сатысын-дағы рим кұқығының рухы″ , ″ Кұқықтағы мақсаты″ жңне ″ Кұ-қық ңшін кңрес″ сияқты еңбектері оны кеңінен танымал етті.

XIX ғасырдың орта тұсынан бастап Иеринг формальдық-догматтық тңсілге негізделген ″ ұғымдар юриспруденциясының″ орнына лмірлік кұндылықтарға, адамдардың нақты қызығушы-лықтарына негізделген ″ мүдделер юриспруденциясын″ қалыптас-тыруға кљшеді. Ол кұқықтың логикалық, тіпті психологиялық қырларына да емес, оның ңлеуметтік-прагматикалық, утилитар-лық қырларына басты назар аудара бастайды.

Ол лзінің қолданған кұқық пен мемлекетті тану методо-логиясында алдыңғы орынды айғақтарды сипаттауға, жіктеуге жңне талдауға бљледі. Эмпирикалық материалдарды зерттеумен салыстырғанда, философиялық ұғымдармен амалдар жасау тљ-менгі рљлге ие болады. Эмпирикалық материалды Иеринг тарихи ллшемде де, кұрылымдық-функционалдық ллшемде де қолда-нады. Кұқықты ағзаға теңей отырып, Иеринг оған табиғат лні-міне тңн барлық қасиеттерді береді — ңр алуандылықтағы тұтас-тық, индивидуалдық, лсу жңне т.б. Кұқықтың дамуы немесе лсуі тарихилық тңсілді қажет етеді, сондықтан да бұл тңсіл ″ Рим кұқығының рухы″ еңбегінде негізделеді. Оның ңстіне ол органи-цизмнің қажеттілігін де былайша ескереді: ″ Ңрбір ағза екі қыры-нан зерттеледі –анатомиялық жңне физиологиялық қырларынан — біріншісі оның кұрамдас бљліктері мен олардың бір-біріне қатынасын қамтыса, екіншісі оның қызметін қамтиды. Біз де кұқықты осы екі қырынан зерттемекпіз″ .

Кез-келген ағзадағы функциялар олардың мақсаттарының тасымалдаушылары болғандықтан, кұқықтың қызметтері ″ Кұ-қықтағы мақсат″ еңбегінде ашылады. Мұнда ″ мақсат бүкіл кұ-қықтың жаратушысы″ деген ұстанымға сүйеніп, кұқықтың жал-пы ұғымы мен шығу кљздері қарастырылады. Кұқықтың мұндай телеологиялық түсіндірмесі кұқықты мақсат етуші субъект кім деген мңселені тудырады.

Иерингтің ңлеуметтанымдық кљзқарасқа басымдылық беруі оның кұқықты қоғамның негізінен ңкеліп шығаруынан кљрінеді: қоғам — бұл ортақ мақсаттармен біріккен адамдардың бірлескен ңрекеті″ . Алайда кез-келген қоғам емес, ңлеуметтік билігі бар мемлекеттік тұрғыда ұйымдасқан қоғам ғана кұқықты туды-рады: ″ Мемлекет — кұқықтың жалғыз қайнар кљзі″ .

Иеринг кұқықты мазмұны жағынан сипаттайды, яғни бұл ңлеуметтік лзара ңрекет субъектілерінің ортақ мүддесін, басқаша айтқанда бүтіндей қоғамның мүддесін білдіреді. Бірақ кұқық-тың басты шарты — осы мүдделерді қорғаудағы мемлекеттің кепілдігі. Иеринг кұқықтың мазмұнын былайша анықтайды: ″ Кұқық дегеніміз — слздің кең мағынасында сыртқы мңжбүр етумен, яғни билікпен қамтамасыз етілетін қоғамның лмірлік шарттарының жиынтығы″ . Бұл анықтама XIX ғасырдың алғаш-қы жартысында неміс кұқықтануында ңстемдік еткен кұқықтың ерік теориясына соққы береді.

Кұқық пен заңның арақатынасына Иеринг теориялық ай-ырмашылық бермейді. Бұл жағдай мемлекет пен кұқық ара-сындағы оның кљзқарастарынан да аңғарылады. ″ Мемлекет — ңлеуметтік мңжібүрлеуші ұйым″ дей отырып, Иеринг бұл ұйым кұқықты тудырып қана коймай,

онық љмір сџруін қамтамасыз етеді жңне басқарады,— дейді. Қђқықтың қамын ойлау — мемлекеттің ең маңызды міндеті. Қђқық мемлекетке қарсы тђрмай-ды, оған бџтіндей бағынады: ″ Биліксіз қђқық барлық накты-лықтан айрылған бос дыбыс, љйткені тек билік қана қђқықтың нормаларын љмірге енгізіп, қђқықты қђқық етеді. Ол љркениетті қоғамда қатаң тђрақты тңртіп пен ңділеттіліктің сақталуын жақтай отырып, ″ ңлем кџйреп кетсе де, ңділеттілік орнасын″ де-ген мизантропиялық афоризмді ″ ңлем гџлденуі џшін ңділеттілік орнасын″ деген љмірсџйгіштік ђранмен алмастырады.

Иеринг органикалық ңлем болмысының универсалды (ңмбе-бап) принципі ретіндегі кџрес концепциясын қђқықтану сала-сына кљшіреді. Бђл кездері биологиядағы дарвиндік табиғи сђрыпталу теориясы, тарихнама мен ңлеуметтанудағы тап кџресі идеялары қоғамдық ғылымдарда кеңінен таралған еді. Ол қђ-қықтың қалыптасуы мен дамуын тіл эволюциясы сияқты бейбіт процесс ретінде тџсіндіруге тырысқан қђқықтың тарихи мекте-бімен (Савиньи, Пухта) пікірталастырып ″ Қђқық џшін кџрес″ еңбегінде былай дейді: ″ Қђқықтың љмірі — кџрес, халықтардың, мемлекеттік биліктің, сословиелердің, индивидтердің кџресі″ .

Иерингтің қђқық џшін кџреске шақыру ілімінен (″ љз қђ-қығыңа кџресу арқылы ие боласың″ ) кџресті идеалдандырған зорлық апологиясын, жауынгерлік рухты байқауға болады. Мђнан сол заманда Герман империясының шекараларын кеңей-ту џшін Бисмарктың ђстанған ″ темір мен қан″ саясатын қол-даған неміс буржуазиясының кљңіл-кџйі аңғарылады.

Иерингтің ілімі буаржуазиялық қђқықтық ойдың дамуына љз ықпалын тигізді. XIX ғасырдың екінші жартысында Европада Людвиг Гумпловичтің (1838—1909) жңне Георг Еллинектің (1851—1911) саяси-қђқықтық концепциялары да белгілі болды. Мем-лекет пен қђқықты тџсіндірудің формальдық-догматтық ђғымы-нан бас тартып, оны социологиямен байланыстырған олардың саяси теориялық кљзқарастарында Иерингпен ортақ тђстары бар. Сондықтан оларға арнайы тоқталудың қажеті шамалы.

**14.4.** Ңлеуметтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі — ағылшын ойшылы Герберт Спенсер (1820—1903) љз уақытын-да жџйелі тџрде білім алмағанымен, љз бетімен оқудың ннтиже-сінде нр алуан ғылым салаларындағы жетік білімімен ерекшелен-ген. Ңсіресе ол биологиямен, психологиямен, этнографиямен, тарихпен терең айналысып, љзінің ңлеуметтік методологиялық ілімін қалыптастырды.

Спенсер Конттың ″ џш кезең ″ заңдылығын жңне оның жаңа қоғамды кџткен утопиялық аңсарын џзілді-кесілді теріске шы-ғарды. Қоғам, мемлекет жңне олардың эволюциясының заңды-лықтары туралы нағыз ғылыми білімнің саласы ретінде ңлеумет-танудың интерпретациялық (тџсіндірушілік) мџмкіндігіне сене отырып ол либералды радикализмді жақтап, социализмді сына-ды. Ол қоғам мен мемлекетті љз ђйымдасуы мен қызметіндегі себеп-салдарлық ерекшеліктері бар механизм ретінде қарастыр-ған декарттық жңне бэкондық дңстџрді бђзып, оны эволюция-ның жалпы заңы бойынша дамитын кџрделі агрегат, љзіндік организм ретінде қарастырады. Бђл методология ңлеуметтік жң-не саяси зерттеулердің даму бағытындағы маңызды љзгеріс болды.

Ағылшын зерттеушісі алғашқылардың бірі болып қоғам мен организмдердің кђрылымы жңне дамуындағы ђқсастықтарды, айырмашылықтарды талдай отырып, биология саласындағы ана-логиялар мен терминдерді қоғамдық ғылымдарда қолданды. Осының ннтижесінде органикалық љмірдің бірқатар заңдылық-тары, мысалы қарапайымнан кџрделіге љту (интеграция), біртек-тіліктен нртектілікке кљшу (дифференциация) қоғам мен мемле-кеттің дамуы мен қызмет етуінің заңдылықтарымен байланысты-рылды.

Қоғамның љмірінде байқалатын оның кђрылымы мен фун-кцияларының кџрделіленуі жңне љсу процестерін немесе олар-дың жекелеген бљліктерінің (элементтерінің) дифференциация-сын Спенсер нртџрлі майда топтардың неғђрлым ірі жңне кџр-делі топқа айналу процесі ретінде қарастырды. Љзі ″ агрегаттар″ деп атаған мђндай ″ қауымдастық тайпа″ тайпалар одағы, қала-мемлекеттер, империялар сияқты қоғамдық топтар мен бірле-стіктерді білдірді. Пайда болғаннан кейін бђл бірлестіктер (агре-гаттар) бљтен љзгерістердің факторын бастан кешіреді: ңлеумет-тік-топтық дифференциация, еңбек бљлінісі тџріндегі маман-да-ну, саяси билік органдарының кђрылуы (реттеу жџйесі), сондай-ақ егіншіліктің, қолљнердің (″ коректену″ органдарының жџйесі) қалыптасуы, арнаулы ″ бљлініс жџйесінің″ (сауда, транспорт жңне љзге қатынас кђралдары) пайда болуы.

Мемлекет пен саяси институттардың пайда болу тарихын қарастыра отырып, Спенсер бастапқы саяси дифференциация еркектер ңйелдерге қатысты џстем тапқа айналған кездегі отба-сылық дифференциациядан келіп туындайды деп есептейді. Со-нымен бірге отбасылық теңсіздікпен қатар, еркектердің љз ішін-де де дифференциация (отбасылық кђлдық) болып, ңскери бас-қыншылықтар мен тђтқынға тџсірушіліктің, кђлға айналған-дардың саны артуының барысында саяси нртектілік (дифферен-циация) қалыптасады. Билеушілер мен бағынушылар арасын-дағы ″ саяси жіктеліс″ бірте-бірте кџрделіленіп, ңлеуметтік эволю-цияның жоғары формасына љтуді жалғастырады. Спенсердің теориясы бойынша ңлеуметтік ђйымдасудың ңскери типі осы-лайша пайда болады.

Ңскери типтегі мемлекеттің негізгі белгілеріне мыналар жа-тады халық пен армия бірыңғай кђрылымды, бір орталыққа ба-ғынған реттеу жџйесінің мңжбџр біріктіруінің негізінде ђйымда-сады (″ мңжбџрлеуші кооперация″ ); қоғам организм сияқты не-гізгі жџйке орталығына бағынады жңне сатылы (иерархиялы) негізде кђрылады; ңлеуметтік сатыдағы индивидтің орны оның статусымен анықталады; индивидтің љмірі, еркіндігі, меншігі қо-ғамға тиесілі; мемлекет тыйымдармен қатар бђйрықтарды да бекітеді; мемлекеттік ђйымның кђрамына кірмейтін одақтар мен бірлестіктерің барлығы басып-жаншылады; љзге қоғамдардан тңуелсіз љмір сџруге қажетті ннрсенің барлығы мџмкіндігінше љндіріледі; қоғам мџшелерінің рухани қасиеттері ішінен батыр-лық, сол қоғамға деген адалдық, тиянақтылық, беделге деген соқыр сенім жоғары бағаланады.

Қоғамның келесі типін Спенсер љнеркңсіптік (индустриал-дық) тип деп атайды. Ңлеуметтік

ђйымдасудың бђл типіне мңж-бџрлеуші емес, ерікті кооперация, қолљнер мен сауда еркіндігі, жеке меншікке қол сђқпаушылық жңне жеке тђлға еркіндігі, саяси институттардың љкілеттік сипаты, биліктің орталықсыз-дандырылуы жңне ңртџрлі ңлеуметтік мџдделерді љтеу мен келіс-тіру тңсілдерін қамтамасыз ету жңне т.б. белгілер тңн. Мемлекет-тік лауазымдарды мђралаудың, сословиелік кедергілердің жойыл-ған жағдайындағы љнеркңсіптік бңсекелестік (" љмір сџру џшін бейбіт кџрес" ) маңызды рљл атқарады.

Қоғамның ңскери типінен љнеркңсіп типіне љтуін Г. Спен-сер жалпы ңлеуметтік-саяси эволюцияның заңдылығы ретінде тџсінді. Бђл сол замандағы иерархия мен ңскери кџшке сџйенген феодалдық қђрылыстан тауар алмасу мен еңбек бљлінісіне негіз-делген, индивидтердің жеке қђқықтары мен еркіндіктері бағa-ланатын қоғамға тарихи кљшу процесімен сңйкес келді. Кейіні-рек, XX ғасырда Спенсердің бђл сипаттамалары ңлеуметтанудағы " индустриалды қоғам" концепциясында (Р. Арон жңне љзгелері) кең қолданыс тапты. Спенсердің љзі " љнеркңсіптік мемлекет" концепциясының нобайын О. Конттың саяси философиясынан алған болатын. Бірақ бђл концепция Конттың ілімінде жетіл-дірілмеген жңне нақтылықтан алшақтау утопиялық сарында болды.

Љзінің " Ңлеуметтану принциптері" (1898) еңбегінде Спенсер сол заманғы қоғамның социалистік љзгерістерінің болашақ нңтижелеріне қатысты љзіндік ңлеуметтанымдық болжам айтады. Капиталистік бңсекелестік жағдайындағы қоғамдық болмыстың ауырлықтары мен зиянкестілігін жңне жалпы туыстық идеясы-ның тартымдылығын мойындай отырып Спенсер, сонымен бірге социализм оны шешудің орнына онан да ауыр қиындықтар ту-ғызады деп пайымдады. Жеке мџдделерді қоғамдық мџдделерге бағындыру жңне еңбекті қоғамдық ђйымдастыру, оның пікірін-ше, мемлекеттің мңжбџрлеуші белсенділігін кеңейтеді, бюрок-ратия мен оның билік љкілеттілігін љсіреді. Бюрократия шоғыр-ланып љз билігін нығайтқан соң, еңбекші бђқараның мойнын-дағы жаңа аристократияға айналады. Мемлекет те, тап та жойыл-майды, оның орнына еңбекшілерді қанау есебінен љмір сџретін жаңасы пайда болады. Социализм іске асса, тек мемлекеттік бюрократиялық социализм ғана жџзеге асады. Спенсердің бђл болжамдары мен кљріпкелдігі жиырмасыншы ғасырдағы тотали-тарлық мемлекеттерде толығымен ақталды.

Ңлеуметтік-саяси тарихнама Герберт Спенсерді біртђтас ин-дустриалдық қоғам теориясымен қатар, XIX—XX ғасырлардың ңлеуметтік философиясындағы социал-дарвинизм бағытының да идеялық негізін қалаушылардың санатына жатқызады. Методо-логия саласында оның идеяларын қђрылымдық-функционалдық талдау (Т. Парсонс) жңне культурантропологиялық мектептер мђраланды.

**14.5.** Философиялық жңне кђқықтық ойдың тарихындағы ђлы ойшылдардың бірі — атақты неміс философы, имморалист жңне иррационалист Фридрих Вильгельм Ницше (1844—1900). Саясат, мемлекет жңне кђқық мңселелері оның еңбектерінде мо-ральмен байланысты қарастырылады: ″ Грек мемлекеті″ , ″ Билікке деген ерік″ , ″ Заратустра осылай деген″ , ″ Қайырымдылық пен зђ-лымдықтың арғы жағында″ , ″ Моральдың шығу тегі″ , ″ Антихрис-тианин″ жңне т.б.

Ницшенің концепциясы бойынша, мемлекет, кђқық, заң шығарушылық, саясат љзінің ауқымы жағынан ғарыштық сипат-қа ие кџштер мен еріктер кџресінің кљрінісін білдіретін мңде-ниеттің қызметтік кђралдары болып табылады. Оның іліміндегі ″ билікке деген ерік″ ђғымы ″ билікті кљрсету мен қолдануға деген тойымсыз ђмтылысты, билікті шығармашылық инстинкт ретінде пайдалануды″ білдіреді. Жігерді жинақтау мен билікті арттыруға деген ерікті ол барлық кђбылыстарға, оның ішінде ңлеуметтік жңне саяси-кђқықтық кђбылыстарға да тңн қасиет деп тџсін-діреді. Билікке деген ерік бђл аффекттің тђрпайы формасы емес, ол ″ пңрменділік аффекті″ , Ницшенің бџкіл ілімі осы ђғымның тљңірегінен љрбиді.

″ Ескі кђлпытастарды қиратып″ , ″ бџкіл кђндылықтарды қай-та бағалай″ отырып, Ницше мынадай идеялар ђсынады: ″ мораль-дық кђндылықтардың″ орнына — тек натуралды кђндылықтар, ″ ңлеуметтанудың″ орнына — џстемдіктің нысандары мен џлгілері туралы ілім, ″ қоғамның″ орнына — мңдени кешен, ″ таным тео-риясының″ орнына — аффектілер туралы иррационалистік ілім, метафизика мен діннің орнына — мңңгі айналым ілімін ђсы-нады. Дамудың прогрестік тџсінігін ол қате деп есептеді.

Ницше ойынша басты кђндылық — адам љз бойына игере алатын биліктің барынша жоғары мљлшері. Адамзат мақсат емес, кђрал ғана. Тек санаулы тђлғалар ғана (Цезарь, Наполеон сияқ-ты) љздерінің қысқа ґђмырында ңр алуан еріктердің билік џшін кџресінің мңні мен мақсаты бола алды.

Бџкіл ңлеуметтік-саяси тарихты Ницше билікке деген екі еріктің кџресі ретінде сипаттайды — кџштілердің еркі (жоғары, аристократиялық тџрлер) жңне ңлсіздердің еркі (бђқара, кђлдар, тобыр). Билікке деген аристократтық (бекзаттық) ерік — бђл љсу инстинкті, љмірге деген ерік, ал билікке деген кђлдық ерік — кџйреу инстинкті, љлімге деген ерік. Аристократтардың билігі жоғары мңдениетке жетелесе, ″ тобырдың″ џстемдігі мңдениеттің љңін айналдырып нигилизм мен декаденске ңкеледі. Мораль — кђлдардың билеушілерге қарсы кђралы, ңлсіздердің кџштілерге қарсы адамгершілік қондырғылары, ″ қара тобырдың ″ жоғары тџрлерге џстемдігін ақтауы. Соңғы мыңжылдықтардағы адамзат тарихын Ницше қуатты љмірлік бастаулардың, табиғи инстинк-тердің дін мен мораль салдарынан бірте-бірте сљну процесі ретінде бағалап, ңлсіздердің қалың тобыры ақыр соңында саны аз кџштілерден басым тџсті деп сипаттайды. Алайда, мңңгі айна-лым идеясына сңйкес, жаңа аристократиялық кђрылыс қайта орнауы да мџмкін.

Мемлекеттің шығу тегі мен рљлі туралы ңр алуан концеп-цияларды теріске шығара отырып, Ницше аристократиялық эстетизмнің ғаламдық келешегіне сенім артып, мңдениет пен дарынды мемлекеттен де, саясаттан да жоғары қояды. Ол этатист (мемлекеттілікті жақтаушы) емес, элитист (санаулы аристок-ратияның билігін жақтаушы). Ол мемлекет пен саясатты олар аристократиялық мңдениет пен дарындылыққа қызмет еткен жағдайда ғана кђптайды.

Мңдениет пен мемлекет арасындағы антагонизмді Ницше-нің мынадай сљздерінен аңғаруға болады: ″ мемлекет — тђлға-ларды љзара қорғау џшін ақылмен кђрылған ђйым, егер оны шектен тыс жетілдірсе, онда ол ақырында тђлғаның љзін ңлсі-ретеді жңне тіпті жояды, яғни мемлекеттің тџпкі мақсаты тџбі-рімен кџйрейді″ .

Ницше мемлекеттіліктің негізгі екі типін ажыратады — аристократиялық жңне демократиялық. Аристократиялық мем-лекеттер жоғары мңдениет пен адамдардың кџшті типтерінің бе-сігі болса, демократия мемлекеттің бђзылған формасы. Ницше халық егеменділігі идеясының бітіспес

қарсыласы.

Мемлекет рљлінің тљмендеуі тенденциясын ескеріп жңне алыс келешекте мемлекеттің жойылу мұмкіндігін пайымдай оты-рып Ницше, оның орнына бей-берекетсіздік емес, мемлекеттен љзге мақсатты тұрде жетілдірілген мекеме орнауы мұмкін деп есептейді. Ницшенің жоғары адам туралы Заратустра атымен айтқан уағыздары сырттай анархиялық ђран сияқты болып кљ-рінгенімен, ол жалпы мемлекетке емес, ең алдымен моральдың, мңдениеттің, қоғам мен мемлекеттің либералдық жңне демок-ратиялық концепцияларына қарсы бағытталған. Ол қазіргі қоғамды барлық қырынан љзінің уытты да љткір тілімен тұйрей отырып, адамзатты жаңаша тңрбиелеу арқылы (жоғары адам идеясы) жаңа аристократиялық қоғамға жақындауға болады деп пайымдады. Заратустраның антиэтатизмі плебейлік кљпшіліктің қолындағы қазіргі мемлекетті аристократиялық тђғырдан сынай-ды.

Оның пікірінше саясаттың жетілген ұлгісі макиавеллизм бо-лып табылады. Ницше моральдан азат макиавеллилік саясат стан-дарттарының љмірге қайта енуін қалады.

Ницше қђқықтың аристократиялық концепциясын дамыта-ды. Оның ілімінше, қђқық билікке деген еріктің рефлексі. Осы тђрғыдан ол табиғи-қђқықтық доктриналардың тарихи прогрес-сивті тұсіндірмелерінің ңртұрлі жорамалдарына, адамдар қарым-қатынасындағы еркіндік пен теңдік идеяларына қарсы шығып, артықшылықтарды, теңсіздік пен басымдылықтарды негіздейді.

Ницше қђқық теңсіздігін қђқықтың жалпы љмір сұруінің шарты ретінде қарастырады. Қђқық — бђл басымдылық. Бол-мыстың ңрбір тұрінің љз басымдылығы болады. ″ Қђқықсыздық ешқашанда теңсіз қђқықтарда емес, ″ қђқық теңдігіне″ ђмтылу-шылықта. Ңділдік, оның ішінде қђқықтық ңділдік адамдардың аристократиялық ұстем топқа немесе оған қызмет ететін тобырға жататындығына орай теңсіздік принципінен туындайды.

Ницшенің пікірінше, қђқық — соғыстар мен жеңістердің ңтижесі. Ол ертедегі қоғамның ″ қђқықтық инстинктімен″ келі-седі. Жеңілуші љз ңйелімен, балаларымен, бұкіл дұние мұлкімен жеңімпазға тиесілі. Кұш — бірінші қђқық жңне оның негізінде иемдену, тартып алу, мңжбұрлеу қасиеттері бар″ .

Неміс ойшылының айтуынша, қорғаныс қажеттілігінің қђқығы сияқты, агрессия қажеттілігінің қђқығын да мойындау керек. Соғыстағы жеңімпаздың қђқығы билікке деген ңртұрлі еріктердің кұресін тұйіндейді жңне аристократиялық қђқықтық тңртіптің негізін қђрайды. Егер љзінің шығу кљзі жағынан қђқық соғыс қђқығы болса, ал қђқықтық тңртіптер негізінде қалып-тасқан қазіргі қђқық билікке деген ңртұрлі еріктер соғысының ңтижесі болып табылады, демек бђл кұресуші кұштердің келі-сімін білдіреді: ″ келісімсіз қђқық жоқ″ . Бђл мағынада қђқық мойындалған билікті байқатады. Келісім қђқығына сңйкес біздің парызымыз — бђл љзгелердің бізге қђқығы, ал біздің қђқығымыз — љзгелердің мойындап қана коймай, оны қорғайтын біздің кұшіміздің ұлесі.

Аристократиялық ұлгілерден айну қђқық саласында да ″ қу-атты″ қђқықтық инстинктерді тобырлық инстинкттерге айнал-дырып, декаданс пен нигилизмге ңкеледі. Сол заманғы либерал-дық жңне демократиялық идеяларды, заңдар мен љкімдерді ол оқшау тђлғаларға қарсы бағытталған жңне орташа сорттағы адамдарға арналып есептелген ″ тобырлық заң шығарушылық″ деп љткір сынайды.

Ол европалық мемлекеттердің сол замандағы саясатын љзара қырқысқа толы майда саясат ретінде барлық қђндылықтарды аристократиялық қайта бағалау тђрғысынан теріске шығарады. Бисмарктың саясатын да ол шектеулі ђлттық сипаттағы ђсақ саясат қатарына жатқызады. Ницшенің болжауынша ђсақ саясаттың уақыты љтті, келесі жиырмасыншы жұзжылдық ұлкен саясаттың — ңлемдік ұстемдік ұшін кұрестің, бђрын-соңды болмаған соғыстардың уақыты болады. Саясат ђғымының тљңі-регінде рухани соғыс болып, бђрынғы қоғамдағы жалған саяси

қђрылымдар жойылады. Болашақтың тағдырымен байланысты цлкен саясатты Ницше љзінің ″ жоғарғы адам″ концепциясынан басталады деп санады.

Болашақ туралы кљзқарастарын негіздей отырып Ницше Ев-ропадағы демократиялық қозғалыс љзін жаңа қђлдыққа дайын-дайтын адамдардың типін тудырады жңне сонда оларды басқа-ратын ″ жоғарғы адам″ типі пайда болады деп есептеді.

Ницше европалықтардың љзімшіл этноцентризмін, олардың ђлтшылдығы мен ђлттық шектеулігін ђлттан тыс элитизм, ари-стократиялық ынтымақтастық тђрғысынан сынайды. Оның жиі қолданатын ″ нңсіл″ ђғымы ђлттық-этникалық емес, ңлеуметтік-саяси сипаттама, яғни кцшті нңсіл — бђл билік етушілердің ерек-ше типі, аристократтар, ңлсіз нңсіл — љмірлік ңлсіздер, еріксіз-дер.

Билікке деген ңртцрлі еріктердің мңңгі кцресі принципіне сцйене отырып, Ницше љзінің соғысқа деген кљзқарасын дамы-тады. Ол Гераклит сияқты мңңгі айналым ағымындағы кцрестің барлығын соғыс деп атайды. Осындай философиялық-дцниета-нымдық мағынада ол бейбітшілікті теріске шығарып, соғысты мадақтайды. Соғысты метафизикалық тђрғыда ақтай отырып, Ницше оны љзінің жаңа жоғары мңдениетке деген цмітімен байланыстырады. ″ …Қоғамға қђлдық қалай керек болатыны си-яқты, мемлекетке де соғыс солай қажет″ . Ол соғыстың қыз-метіндегі мңдениетті емес, аристократиялық мңдениеттің қыз-метіндегі соғысты жақтайды.

Ницше нағыз антисоциалист ретінде де танылады. Оның пікірінше, бцкіл европалық мңдениет біраздан бері қђндылықтар дағдарысын бастан кешіріп, апатқа қарай бара жатыр. ″ Социа-лизм — деп жазды ол, шындығында ″ қазіргі идеялар″ мен олар-дың жасырын анархизмінің соңғы нңтижесі болып табылады. Ол революциялар мен қаналушылардың кљтерілістерін мңдениетке тљнетін қауіп ретінде бағалады. Ол бђқараның болашақтағы революциялық бас кљтерулерін дңл болжай отырып, ақырында меншік иелерінің социализмнен басым тцсетініне сенді.

Социалистік идеяларды љткір сынай отырып Ницше оның тіпті экспериментінің љзін қаламайды. ″ Шындығында, менің ойымша, деп жазды ол,— социалистік қоғамда љмір љзін-љзі теріске шығарады, љз тамырын љзі кеседі″ . Социалистер қђқық-тан жңне сот тљрелігінен, индивидуалдық ђмтылыс жңне басым-дылықтардан бас тартқандықтан, қђқықтың љзін теріске шыға-рады, љйткені ″ жалпыға ортақ теңдікте қђқықтың ешкімге де қа-жеті жоқ″ . Социализм тђсындағы болашақ заң шығарушылыққа қатысты ол былай дейді: ″ Егер олар (социалистер Б. С.) љздері заң шығаратын жағдайға жетсе, онда олар љздерін темір қђрсауға тығып, қатаң тңртіпті талап етер еді — олар љздерін біледі, жңне љздері шығарған заңға саналы тцрде бағынар еді!″

Ницше социалистердің мемлекетке деген кљзқарасына қаты-сты да љткір сын айтады. Осыған байланысты социализм љмір сцріп отырған бцкіл мемлекеттерді жоюға тырыса отырып, љзі ″ ең қатаң терроризмнің кљмегімен кездейсоқ жңне қысқа ғана љмір сцре алады″ ,— деді. Келе жатқан тоталитаризмнің келбетін болжағандай, Ницше социализм барысында тђлғаның жойыла-тындығын, оның қоғамдық одақ мцддесіне қарай љзгертілетінін, барлық азаматтардың абсолюттік мемлекетке бағынатын режим-нің орнайтынын жорамалдады.

Ницшенің еңбектері ойшылдың љз љмірінде жђртшылыққа кең танылa қоймады. Бірақ оның идеяларының кейінгі ықпалы Ницшенің цмітін ақтады: ″ Тек ертеңнен арғы кцн ғана маған тиесілі. Кейбіреулер љлгеннен кейін туылады.″

Фашизм мен ђлтшыл-социализмнің идеологтары Ницшенің ілімін љз бағдарламаларына сай бђрмалап алды. Оның ілімінің бђқаралық қозғалысқа негізделген ђлтшыл-социализмнің идео-логиясымен сыйыспайтын жақтарын (аристократизм, индиви-дуализм, ђлтшылдықты сынау жңне т.б.) назардан тыс қалдыра отырып олар Ницшенің бірқатар идеяларын (цстем нңсіл, жаңа тңртіп, жоғарғы адам, билікке деген ерік жңне т.б.) ђлтшыл-социализм рухында тцсіндіруге тырысты.

Алайда екінші дцниежцзілік соғыстан кейін оның филосо-фиялық жңне саяси-қђқықтық ой тарихындағы нақты орнын табуды къздеген Ницше шығармашылығын тцсіндірудің жаңа кезеңі басталды.

**14.6.** Ресейдегі 1861 жылғы шаруалар реформасы сот, ағарту, жергілікті басқару жңне љзін-љзі басқару салаларында да жалға-сып, қоғамдық љмірде саяси идеялық ағымдар мен философия-лық-қђқықтық қђрылымдардың љркендеуіне жол ашты. Рефор-маторлар мен консерваторлардың, либералдар мен радикалдар-дың арасындағы идеялық алшақтық айқындала тџсті.

Патша Александр ІІ бђйрығымен қђрылған шаруа ісі жљнін-дегі Бас комитеттің (басқарушысы Я. И. Ростовцев) жђмысы џлкен қоғамдық пікірталас тудырды. Шаруа мңселесін шешуде 30—40 жылдары славянофилдер бастаған сљзсайысты 50-жыл-дардың соңында халықшылдар жалғастырды. Халықшылдық бағдарламаның кейбір тђстары дворяндық реформаторлардың радикалды қанатының ђстанған позициясымен сай келді. Бђл бағыттың кљрнекті љкілі Алексей Михайлович Унковский (1828—1893/94), 1857 жылдың љзінде Тверь губерниясы дворяндарынның атынан Александр ІІ-ге шаруа мңселесін шешудің радикалды жо-басын ђсынды. Реформаторлар қатарына митрополит Филаретті (Дроздовты) (1782—1867) да кіргізуге болады. 1861 жылғы 19 ақпандағы Манифесті дайындауды Александр ІІ Ю. Ф. Сама-ринге жџктеген болатын. Алайда оның жобасымен келісім бол-мады, сондықтан бђл материал Филаретке тапсырылып, оның ақырғы џлгісі даярланды. Ол мемлекет пен қђқыққа деген православиелік иерархиялық кљзқарасты ђстанды.

1861 жылғы реформа жермен қамтамасыз ету жңне еркін-дікке байланысты шаруалардың џмітін ақтамады. Сондықтан бђл реформа оны жақтаушылар тарапынан да, оның қарсыластары — радикалдар тарапынан да сынға ђшырады. 60-жылдар қоғам-дық қозғалыстардағы радикалды идеялар мен бағдарламаларға толы болды. Бђл кезеңді тарихшылар ресейлік тџбірдегі револю-циялық утопиялық социализмнің қалыптасу дңуірі деп атайды. Бђл екі бағыттан — ңртекті зиялы қауым ортасындағы бђқа-ралық революциялық қозғалыстан жңне орыстың утопиялық (″ шаруалық″ ) социализм ағымдарынан пайда болды. Шынды-ғында да, реформадан кейінгі Ресейде социализм идеялары –бастапқыда сен-симонистік, фурьерлік, ал кейіннен маркстік идеялар студенттер, ңдебиетшілер, жас офицерлер мен мемлекет-тік қызметшілер, тіпті дін иелерінен шыққандар арасында кеңі-нен таралды.

Орыстың утопиялық социализмінің љкілдері қатарында А. И. Герцен жңне Н. Г. Чернышевский бар. Олардың екеуі де славянофилдердің кљзқарастарын қђрметтеді.

Қауымдық (халықшылдық, ″ шаруалық″ ) социализмнің идея-лары мен қђрылымдарына алғаш келген ңлеуметтік философ-тардың бірі Александр Иванович Герцен (1812—1870) болды. Ол селолық қауымды болашақ орыс социализмінің негізгі тірегі деп қабылдады. Оның 1861 жылғы 1 карашадағы ″ Халыққа бар!″ ђраны ондаған жылдар бойы патриоттық кљңіл-кџйдегі жастарды кџреске жђмылдырды.

Герценмен салыстырғанда Николай Гаврилович Чернышев-ский (1828—1889) нағыз демократ ретінде кљрінеді. Оның ″ Қау-ымдық иелікке қарсы философиялық кљзқарастарды сынау″ (1858), ″ Экономикалық ңрекет жңне заң шығарушылық″ (1859) мақалалары мен ″ Не істеу керек? ″ еңбектері Ресейде оқуға тый-ым салынған шығармалар болды.

Герцен мен Чернышевскийді кейде социалист-утопистер деу-мен қатар, революцияшыл демократтар деп санады. Алайда ″ рево-люцияшыл″ деген сљз мағынасы жағынан 70-жылдардағы халық-шылдар қозғалысындағы бакуниншілдер мен террористер туралы ђғымға жақын.

Михаил Александрович Бакунин (1814—1876) XIX жңне XX ғасырларда таралған ультрареволюциялық социализм бағытта-рының бірі ђжымшылдық анархизм бағытының негізін қалау-шының бірі. ″ Федерализм, социализм жңне антитеологизм″ (1868), ″ Кнуто-германдық империя″ (1871), ″ Мемлекет жңне анархия″ (1873) деген еңбектеріндегі оның кљзқарастары тек орыс халық-шылдары арасында ғана емес кљптеген батысеуропалық елдерде де љз жақтастарын тапты. Бакунин мен Л. Тостойдың анархистік ілімдерін Петр Алексеевич Кропоткин (1842—1921) жалғастыр-ды. Ол бастапқыда географ, геолог, биологиядағы эволюциялық теорияны терең

зерттеуші, этика теориясы мен тарихы бойынша монографиялық жӛмыстардың авторы ретінде белгілі болса, кей-іннен анархизм теориясы мен тарихы бойынша еңбектер жина-ғының авторы ретінде танымал болды. Кропоткин анархия ілімін табиғат пен қоғам туралы қазіргі ғылыммен, ңсіресе жануарлар ңлемі мен адамзат қауымдастығындағы љзара кљмек туралы ңлеу-меттік-философиялық іліммен біріктіргісі келді.

Радикалдар қатарына сондай-ақ ″ Алға″ журналының жетек-шісі Петр Лаврович Лавровты (1823—1900) жатқызуға болады. Бастапқыда Чернышевскийді жақтаған ол алғашқы ″ Жер мен ерік″ ӛйымына, I жңне II Интерналға, Париж коммунасы мен кейінгі ″ Халық еркіне″ белсене атсалысты. ″ Болашақ қоғам-дағы мемлекет элементі″ деген еңбегінде љзінің антиутопиялық кљзқарасымен ерекшеленеді.

Ресейде Александр I-нің либералдық бастаулары мен оның ңдебиетте талқылануынан (Сперанский, Карамзин) кейінгі ″ ре-формалар дңуірінде″ *либерализмнің* келесі толқыны бой кљтерді. Олардың либералдық кљзқарастары ағартушылық консерватизм-мен аралас болды. Бӛл топтың кљрнекті љкілдері қатарына мыналар жатады: Б. Н. Чичерин (1828—1904) бес томдық ″ Саяси ілімдер тарихының″ (1869—1902), ″ Халық љкілеттілігі туралы″ (1866), ңш бљлімнен тӛратын ″ Мемлекеттік ғылым курсы (1894—1898), ″ Қӛқық философиясы″ (1900) еңбектерінің авторы, С. А. Му-ромцев (″ Азаматтық қӛқықтағы сот пен заң″ , (1880), Н. М. Кор-кунов (″ Қӛқықтың жалпы теориясы бойынша лекциялар, (1886), М. М. Ковалевский (″ Юриспруденциядағы тарихи-салыстыр-малы метод″ , (1880), Кавказдағы заң мен ңдет″ (1886), ″ Қазіргі ңдет жңне ежелгі заң″ (1886), ңш томдық ″ Тікелей халық билігі-нен љкілеттік халық билігіне дейін″ (1906) еңбектерінің авторы.

Либералдар утопиялық социалистермен, алғашқы орыс маркс-шілдерімен, кейінгі славянофилдердің консервативті-романтика-лық оппозициясымен қатар заңгер-догматтардың да кљзқарас-тарымен пікірталастырды. Олардың арасында идеялық айырма-шылық та болды. Мысалы, Чичерин классикалық либерализмнің жаңагегельдік жобасын, Муромцев ″ мңдделер юриспруденциясы шеңберіндегі либерализм, Вл. Соловьев — діни-философиялық бағыттағы либерализм, П. И. Новгородцев табиғи-қӛқықтық дңстңр позицияларын ӛстанса, М. Н. Ковалевский мен П. Г. Ви-ноградов љздеріне дейінгі К. Д. Кавелин сияқты дңстңрлі либера-лизмнің теоретиктері болды.

Аталмыш дңуірдегі орыстың консерваторлары кейінгі славя-нофилдер сияқты европалық саяси тңжірибеге сенімсіздікпен қарап, патриоттық мңдени-ӛлтшылдықты кљтермелейді. Бӛлар-дың қатарына Н. Я. Данилевскийді (1822—1885), К. Н. Леон-тьевті (1831—1891), жңне Ф. М. Достоевскийді (1821—1881) жат-қызуға болады.

Орыстың діни-философиялық тӛрғыдағы саяси-қӛқықтық ойы Вл. Соловьевтің (1853-1900), Ф. Достоевскийдің, К. Леон-тьевтің, ал кейінірек С. Н. Булгаковтың (1871—1944) жңне Н. А. Бер-дяевтің (1874—1848) шығармашылықтарынан кљрінеді. Бӛлар евро-палық мңдени қӛндылықтарды игеру ерекшеліктері мен ңлемдік-тарихи процестегі Ресейдің рљлі туралы сол заманғы идеяларды љздерінше ерекшелеуге ӛмтылды, алайда практикада бӛл ңрекет сынаржақтылықпен шектесіп жатты. Достоевскийде тңбіршілдік бағдар басым, Соловьевте утопиялық ойлар басым болса, Бер-дяевта орыс љмірі мен орыс рухындағы ″ терең антиномияның″ салдарынан мӛны жңзеге асыру мңмкін емес.

XX ғасырдың басында Ресейде марксизмнің позициясы кң-шейе тңсті. Революцияшыл радикалдардың арасында орыс маркс-шілдері халықшылдарды ығыстырып шықты. Орыс марксизмнің ңкесі Г. В. Плеханов болып саналады. Кейін бӛл бағытты В. И. Ле-нин, Н. И. Бухарин, Л. Д. Троцкий жалғастырды.

Ресейде конституциялық басқару енгізілгеннен кейін заң мен қӛқық саласында едңуір алға басушылық байқалды. Конституциялық (қӛқықтық) мемлекет мңселелерін зерттеумен А. С.

Алексеев, С. А. Котляревский, В. М. Гессен, М. М. Кова-левский сияқты орыстың құқықтанушылары айналысты. Құқық философиясы Г. Ф. Шершеневичтің (1863—1912), Б. А. Кистя-ковскийдің (1868—1920), Е. Н. Трубецкойдың (1863—1920), П. И. Новгородцевтің (1866—1924) шығармашылықтарында қа-растырылды.

Кеңестік Ресейдің бастапқы тәжірибелері шетелге асып кет-кен орыс құқықтанушыларының салыстырмалы-тарихи зерттеу-лерінің объектісіне айналды. Ресейдің " болашағы" туралы бұл сыншыл-аналитикалық жұмыс шетелдегі ғылыми орталықтарда жүргізілді. Орыс эмигранттарының мұндай орталықтары Хар-бин, Прага, София, Берлин қалаларында орналасты. Н. А. Бер-дяев, П. А. Сорокин, П. Б. Струве, Г. К. Гинс, Н. С. Тимашев, С. Л. Франк, С. И. Гессен және өзгелері шетелдегі ең танымал орыстың құқықтанушылары болды.

## 15-тақырып.

## Маркстік-лениндік саяси-қђқықтық идеология

**15.1.** Мемлекет жңне қђқық туралы маркстік ойдың теория-лық бастаулары жңне қоғам дамуы туралы ілімі.

**15.2.** Мемлекет жңне қђқық туралы маркстік-лениндік ілім-нің таптық сипаты.

**15.1.** К. Маркс пен Ф. Энгельстің дцниеге коммунистік кљзқарас-тары принциптерін баяндаған ″ Европаны елес кезіп жцр, бђл — коммунизм елесі″ деп басталатын атақты ″ Ком-мунистік партияның манифесі″ ђзақ жылдар бойы марксизмнің жђмысшы табын азат ету жолындағы кцрес бағдарламасы ретінде дңріптеліп келді. Социалистік жцйе елдерінде дцниедегі бірден-бір дђрыс, ңділетті ілім ретінде насихатталған маркстік ілім дцние мен қоғамның даму заңдары туралы жаңа — коммунистік кљзқарастың негізін қалады. Маркстік ілім саяси ғылымдағы бос кеңістікте пайда болған жоқ. Бђл ілімнің алғы шарттары тарихи дамудың оған дейінгі сатыларында қалыптасқан болатын.

Марксизмнің пайда болуының алғы шарттары XIX ға-сырдың ортасына қарай пісіп жетілді. Немістің классикалық философиясы, ағылшынның саяси экономиясы мен француздың утопиялық социализмі марксизмнің теориялық негіздерін қђр-ды. Марксизмнің пайда болуы мен оның қайнар кљздері туралы В. И. Лениннің ″ Марксизмнің цш қайнар кљзі жңне қђрамдас цш бљлімі″ атты еңбегінде жан-жақты баяндалған.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басы Батыс Ев-ропада бђрын болмаған ңлеуметтік қозғалыстарға толы болды. Ескі феодалдық тңртіптердің кцні љтіп, абсолюттік биліктердің тақтары шайқалып, қђлап жатты. Қанаудың ауыртпалығынан азап пен қайыршылық кљрген, адам қђқықтары шектелген ха-лық бђқарасы жарқын болашақ туралы армандады. Миллион-даған халық бђқарасы қанауға, сол кездегі тңртіпке қарсы кцреске кљтеріліп артықшылықтар мен жеңілдіктерге ие болған таптарға љз кцшін кљрсетті. Мђның бастамасын ђлы француз революциясы салып берді.

Революцияға дейін-ақ ђлы ағартушылар Вольтер, Дидро, Монтескье, Мелье, Руссо, Гольбах, Гельвеций жңне тағы басқа-лар адамның ақыл-ойын тђмшалаған дін мен феодалдық тңртіп-терді сынады. Олардың ″ ақыл-ойдың талаптарына сңйкес″ қоғам-ды љзгерту туралы идеялары, еркті болып туатын, бірақ ″ тңртіп пен жағдайлар қђл жасайтын″ адам туралы ілімдері елдің қоғам-дық пікірін феодалдық монархияны кцрес арқылы қђлату қажет-тігіне, бостандық, теңдік, ңділдік мђраттарының салтанат қђруы жолындағы кцреске ңзірледі.

XIX ғасырдың алғашқы отыз жылында Францияның саяси жңне рухани љмірінде жаңа љрлеу байқалды. Француз ђлы соци-алист-утопистері Сен-Симон мен Шарль Фурье капиталистік қђрылысты аяусыз сынап, игілікті қоғамның жоспарларын жаса-ды. Олар қоғамды қанауға жңне жеке адамның пайдасына емес, ортақ мцддеге негізделген ңділетті қоғамдық қђрылыс негізінде қайта қђру жоспарын ђсынды. Сол дңуірдің тарихшылары О. Тьерри, О. Мине, Ф. Гизо жңне т.б. қоғам дамуын жаңаша ђғуға тцйін іздеп, тап кцресіне назар аударды.

Француз буржуазиялық революциясына немістің класси-калық философиясы цн қосты. Канттың, Фихтенің, Шеллинг пен Гегельдің есімдерімен мңлім болған бђл философия љрлеп келе жатқан жас буржуазияның философиясы болды. Гегель даму туралы философиялық ілімді — диалектиканы ашты. Фей-ербах жаратылысты љз-љзімен тцсіндіруге болатындығын дңлел-деді. Гегельдің диалектикасы, оның дцниені даму, қозғалыс, қарама-қарсы негіздердің кцресі цстінде тцсінуге ђмтылуы басқа ойшылдарға да зор ңсер етті. Маркс Гегельді біртђтас фило-софиялық жцйе арқылы барлық ғалам, барлық ғылым мен љнер дамуын кљрсетуге бекем бел байлаған ″ алып ойшыл″ деп таныды.

Ағылшын экономистері А. Смит пен Д. Рикардо қоғамның бүкіл байлығының негізгі кӛзі еңбек болып табылатынын кӛр-сетті және буржуазиялық саяси экономияның жасалуын әзірледі. Олар азаматтық қоғамды адамдардың материалдық қажеттіліктер әлемі түрінде түсінді, мұндағы материалдық игіліктерді тұтыну мен бӛлудегі ӛндіру мен айырбастағы қатынастарды кӛрді.

Маркс пен Энгельс ӛздерінен бұрынғы ойшылдардың идея-лық мұраларын қайтадан ӛңдеп, пролетариаттың мүдделерін білдіретін жаңа ілім жасады. Маркстің мемлекет және қоғам ту-ралы іліміндегі басты идея ″ коммунизм мұраттары жолындағы күрес″ және бұл мұраттарды жүзеге асыруға қабілетті ″ материал-дық күш″ жұмысшы табының жетекшілік ролін ″ табуы″ еді. Гегельдің құқық философиясының сыны жӛнінде ″ Кіріспе″ деген мақаласында Маркс ″ Адамды азат ету құлдық атаулыны жоймайынша мүмкін емес, ал пролетариат нағыз құқықсыз жә-не езілген жағдайда тұрған таптың нақ ӛзі. Пролетариат қоғам-ның барлық топтарын азат етпейінше, ӛзін азат ете алмайды″ деп тұжырымдады.

Маркстік ілім бойынша адамзат қоғамының ӛмір сүруінің шарты — материалдық игіліктерді үнемі ӛндіріп отыру болып та-былады. Маркстің айтуынша қоғам дамуы ӛндірістік қатынастар мен ӛндіргіш күштердің дамуының сипаты мен деңгейіне сәйкес келуіне байланысты болмақ. Бұл мәселе бойынша ол былай деп жазды: ″ ӛз ӛміріндегі қоғамдық ӛндірісте адамдар ӛз дегендеріне қарамайтын, белгілі бір қажетті қатынастарда — ӛндірістік қа-тынастарда болады, бұл қатынастар олардың материалдық ӛндір-гіш күштері дамуының белгілі бір сатысына сай келеді. Осы ӛн-дірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылымы, реалдық базисі болып табылады, осыған келіп заң-дық және саяси қондырма орнайды және бұған қоғамдық сана-ның белгілі бір формалары сай келеді″ .

Материалдық ӛмірдің ӛндіріс әдісі жалпы ӛмірдегі әлеумет-тік, саяси және рухани процестерді туғызады. Осылардың барлы-ғынан келіп, адамдардың материалдық тіршілігі, олардың қоғам-дық болмысы қалыптасады. Ал адамдардың материалдық игілік-тер ӛндіру жӛніндегі еңбек ету әрекеті қоғамдық болмыстың негізгі мазмұны болып табылады. Марксше айтқанда ″ адам-дардың санасы олардың болмысын билемейді, қайта керісінше, олардың қоғамдық болмысы олардың санасын билейді″ .

Ӛндіргіш күштер — ӛндіріс әдісінің неғұрлым ӛзгермейтін жағы. Оның әрдайым ӛзгеріске ұшырауы ӛндірістік қатынас-тардың артта қалуына әкеліп соғады. Мұның ӛзі ӛндірістік қаты-настардың заңдық жағынан алғандағы бейнесі болып табылатын меншікті қатынастарға қайшы келеді. ″ Ӛндіргіш күштердің даму формалары болған бұл қатынастар енді олардың бұғауына айналады. Сол кезде барып әлеуметтік революция заманы бас-талады. Экономикалық негіздің ӛзгеруімен бірге азды-кӛпті қыс-қа уақыт ішінде бүкіл зор қондырмада тӛңкеріс жасалады″ .

Ӛндірістік қатынастардың ӛндіргіш күштердің сипаты мен деңгейіне сәйкес келу заңы, Маркстің айтуынша, тарихи прог-рестің итермелеуші күші болып табылады. Оның негізінде ӛнді-рістің ескі әдісі жаңа әдіспен ауыстырылады. Марксизм ӛнді-рістің белгілі бір әдіске негізделген ӛзінің базисі мен қондыр-масы бар тарихи дамудың заңды сатысын қоғамдық-экономика-лық формация деді және бес қоғамдық-экономикалық форма-цияны (алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капи-талистік және коммммунистік) атап кӛрсетті.

Қоғам дамуы мен формациялардың алмасуы туралы Маркс былай деп жазды: ″ Бірде-бір қоғамдық формация ӛркендеу үшін ӛзі ӛріс ашып беретін ӛндіргіш күштердің бәрі кемеліне кел-местен бұрын жойылмайды, ол жаңа, неғұрлым жоғары ӛнді-рістік қатынастар ескі қоғамның ӛз ішінде ӛмір сүруіне мате-риалдық жағдайлар пісіп жетілместен бұрын ешқашанда пайда болмайды. Сондықтан да адамзат ӛзінің алдына әрқашан тек ӛзі шеше алатын міндеттерді ғана қояды, ӛйткені анықтап қара-ғанда, әрқашан да оны шешуге қажетті материалдық жағдайлар болып отырған кезде ғана, ең болмағанда, болып келе жатқан кезде ғана туады. Жалпы алғанда, азиялық, ежелгі замандық, феодалдық және қазіргі буржуазиялық ӛндіріс әдістерін эконо-микалық қоғамдық формацияның прогресшіл замандары деп айтуға болады. Буржуазиялық

ьндірістік қатынастар — қоғамдық ьндіріс процесінің соңғы антагонистік формасы. Антагонистік болғанда жеке антагонизм мағынасында емес, жеке адамдардың ьмірінің қоғамдық жағдайларынан ьсіп шығатын антагонизм мағынасында. Бірақ буржуазиялық қоғамның қойнауында дами-тын ьндіргіш кцштер, сонымен бірге бђл антагонизмді шешу цшін материалдық жағдайлар жасайтын антагонистік формасы. Сондықтан да адамзат қоғамының алғы тарихы буржуазиялық қоғамдық формациямен аяқталады" .

Маркс пен Энгельс қоғамдық-экономикалық формациялар-дың алмасуына сол қоғамдағы нртцрлі топтар мен кцштердің қалай қарайтындығын жңне олардың белсенді нрекеттерін де атап кьрсетті. Олар " осы кцнге дейін ьмір сцрген барлық қоғам-дар тарихы таптар кцресінің тарихы болғандығын" ерекше атай отырып, " бђл кцрес нрқашан да бцкіл қоғам қђрылысын револю-циялық жолмен қайта қђрумен немесе кцресуші таптардың жал-пы жойылуымен тынып отырды" деп жазды.

Бцкіл қоғам тарихын бір-біріне жау екі тапқа бьліп қараған олар " буржуазиялық қоғам таптық қайшылықтарды жойған жоқ. Ол тек ескілерінің орнына жаңа таптарды, езудің жаңа жағдай-ларын, кцрестің жаңа формаларын туғызды" деп тцсіндіруге ты-рысты. Олар сонымен бірге жђмысшы табының тарихи ролін жо-ғары бағалады жңне пролетариатты алдағы революцияда жетекші рольге ие болатын кцш деп білді. Олардың ойынша, барлық қа-наушы формациялардағы, яғни, бђған дейінгі кезеңдегі тарихтың қозғаушы кцші — таптар кцресі болып табылады. Таптар кц-ресінің соңғы шешуші кезеңі буржуазия мен пролетариат ара-сындағы ымыраға келмейтін саяси кцрес болып табылады деп тцсінген олар " пролетариат бђл революцияда ьздерінің бђғаула-рынан басқа ештеңе де жоғалтпайды, керісінше олар бцкіл дцни-еге ие болады" деп тцсіндірді.

Қоғамдық таптарға В. И. Ленин былай деп анықтама берді: " Таптар деп адамдардың цлкен топтары, қоғамдық ьндірістің тарихи белгілі бір жцйесінде олардың алатын орнына қарай, ьндіріс қђрал-жабдықтарына олардың (кьбінесе заңмен бекіті-ліп, қалыптасқан) қатынасына қарай, еңбекті қоғамдық жолмен ђйымдастырудағы олардың рьліне қарай, ал олай болса, қоғам-дық байлықтан олардың алып отырған цлесінің мьлшеріне жңне ол цлесті алу ңдістеріне қарай айырылатын топтары аталады" .

Коммунистік қоғамда жетекші тапқа айналған пролетариат қана басқа таптарды да азат етеді. Ьйткені, " буржуазияға қарсы тђрған барлық таптардың ішінде тек пролетариат қана шын мңнісіндегі революцияшыл тап болып табылады. Ьзге таптардың бңрі ірі ьнеркңсіп дамыған сайын азып, қђри береді, ал проле-тариат — осы ьнеркңсіптің ьз жемісі" . Бірақ пролетариат та мңң-гі тап болып қала бермейді. " Егер пролетариат буржуазияға қар-сы кцресте қалай тап болып біріксе, егер ол революция арқылы ьзін цстем тапқа айналдырса жңне цстем тап ретінде ескі ьндірістік қатынастарды кцшпен жойса, онда ол осы ьндірістік қатынастармен бірге тап қарама-қарсылықтарының болу жағдай-ларын жояды, жалпы тап атаулыны жояды, сьйтіп ьзінің тап ретіндегі цстемдігін де жояды. Таптары жңне таптық қарама-қар-сылықтары бар ескі буржуазиялық қоғамның орнына нрбір адамның еркін дамуы барлық жђрттың еркін дамуының шарты болып табылатын ассоциация орнайды" .

Маркс таптық айырмашылықтар жойылатын жңне жеке меншік болмайтын коммунистік қоғамның тьменгі жңне жоғары фазасының (сатысының) арасындағы айырмашылықтары туралы да айтты. Оның ойынша, коммунизмнің бірінші фазасы — соци-ализм-ңділдік пен теңдікті толық орната алмайды, байлық жь-ніндегі айырмашылықтар сақталып қалады, бірақ адамды адам-ның қанауына жол берілмейді, оған мцмкіндік те болмайды. Ьйткені, ьндіріс қђрал-жабдықтарын, фабрикаларды, машина-ларды, жерді жңне басқа сол сияқтыларды жеке меншік етіп ба-сып алуға болмайды. Сонымен, " коммунистік қоғамның бірінші фазасында" " буржуазиялық қђқық" толық емес, тек жарым-жар-тылай ғана, яғни, тек қана экономикалық тьңкерістің алатын орнына қарай, яғни, ьндіріс қђрал-жабдықтарына иелігіне қарай жойылады.

Коммунистік қоғамның жоғары фазасында ғана толық ңділ-дік пен теңдік ұстемдік қђрып ″ ңркімнен қабілетіне қарай, ңр-кімге керегіне қарай″ принципі орнайды. Бђл кезде мемлекеттің де қажеті болмайды. Лениннің сљзімен айтқанда ″ қоғам тђрмы-сының негізгі ережелерін орындауға адамдар соншалық дағды-ланған, олардың еңбегінің љнімділігі соншалық љскен, олар љз қабілеттеріне қарай ерікті еңбек ететін болған кезде мемлекет толық қђриды″ .

**15.2.** Мемлекеттің пайда болуы мен оның қызметі туралы маркстік ілім бастан-аяқ таптық сипатта баяндалады. Маркстің ілімі бойынша, љндіріс қђрал-жабдықтарын иеленген қанаушы таптар езілген таптарды ауыздықтап ђстап отыруы џшін љзде-рінің экономикалық кџш-қуаттарымен қатар саяси, қђқықтық, њскери жњне идеологиялық қђралдар мен њдістердің саяси жџйесі болып табылатын мемлекет кџшін де пайдаланады. Яғни, мемлекет, Маркстің тџсінігінше, џстем таптың қолындағы езіл-ген таптарды бағындыруға жњне басып-жаныштауға арналған қђрал.

Марксизм ілімі бойынша, мемлекет алғашқы кезден-ақ қа-рама-қарсылық пен қайшылыққа толы қоғамдық дамудың же-місі. Рулық қоғамның ыдырауы мен мемлекеттің пайда болуы-ның алғашқы белгілері туралы Ф. Энгельс ″ Семьяның, жеке мен-шіктің жњне мемлекеттің шығуы туралы″ еңбегінде былай деп жазады: ″ Љзінің бџкіл экономикалық тђрмыс жағдайларынан келіп, еріктілер мен қђлдарға, қанаушы байлар мен қаналушы кедейлерге бљлінуге тиісті қоғам — бђл қарама-қарсылықтарды қайтадан ымыраластыра алмайтыны былай тђрсын, қайта оларды барған сайын шиеленістіре тџсуге тиісті қоғам пайда болды. Мђндай қоғам осы таптардың арасында џздіксіз болып тђратын ашық кџрес џстінде ғана немесе џшінші бір кџштің џстемдік етуінен ғана љмір сџре алатын еді, бђл кџш љзара кџресуші таптардан жоғары тђрған болып, олардың ашықтан-ашық қақтығыстарын басып-жаныштап отыруы жњне тап кџресіне ең њрі кеткенде тек экономика саласында ғана, заңды деп аталатын формада ғана жол берді. Рулық қђрылыстың њнурені љтті. Еңбек бљлінісі жњне оның салдарынан қоғамның тап-тап болып жіктелуі оның кџл-талқанын шығарды. Оның орнын мемлекет басты″ .

Энгельстің пікірі бойынша, мемлекет қоғамға сырттан та-ңылған њлдебір кџш болып табылмайды. Мемлекет сондай-ақ, Гегель айтқандай, ″ адамгершілік идеясының шындығы″ да, ″ па-расат бейнесі мен шындығы″ да емес. Мемлекет — дамудың бел-гілі бір сатысындағы қоғам жемісі, мемлекет — сол қоғамның љз-љзінен шешілмейтін қайшылықтарға келіп шырмалғанын, ымыраласпайтын қарама-қарсылықтарға бљлінгенін, қђтылуға дњрмені жоқ қарама-қайшылықтарға бљлінгенін мойындағандық еді. Ал осы қарама-қарсылықтар, экономикалық мџдделері бір-біріне қайшы таптар нњтижесіз кџресте бірін-бірі жњне қоғамды жалмап қоймауы џшін, қоғамнан жоғары тђратын кџш, яғни қақтығысты тежей алатын, оны тњртіптің шегінен шығармай ђс-тап тђра алатын кџш қажет болды. Марксшілдер ойлап тапқан бђл кџш қоғамның љз ішінен шыққан, бірақ љзін одан жоғары қоятын, љзін одан барған сайын оқшаулай беретін кџш — мемлекет еді.

Қоғамдық даму нњтижесінде пайда болған мемлекеттің қыз-меті не жњне ол кімнің мџддесін қорғайды деген сђраққа Эн-гельс былай деп жауап береді: ″ Мемлекет таптардың қарама-қар-сылығын ауыздықтап ђстау керектігінен туғандықтан, сонымен қатар ол осы таптардың соқтығысуларынан келіп туғандықтан, ол жалпы ереже бойынша, экономика жағынан ең қђдіретті џстем таптың мемлекеті болып табылады, мемлекеттің кљмегімен ол тап саяси жағынан да џстем болып алады, сљйтіп езілген тапты басып жаныштауға жњне қанауға керекті жаңа қђралдар табады″ .

Мемлекет туралы Маркс пен Энгельстің ілімін одан њрі жалғастырған Ленин ″ Мемлекет туралы″ еңбегінде ″ Қай жерде, қай кезде қоғам тап-тапқа бљлінсе, қай кезде қанаушылар мен қаналушылар пайда болса, сол жерде, сол кезде мемлекет пайда болды″ деген қорытынды жасайды.

Мемлекеттің таптық сипаты мен оның зорлық аппараты ту-ралы ойын Ленин одан њрі былайша жалғастырады. ″ Тарих мы-наны кљрсетеді: қай жерде, қай кезде тап-тапқа бљлінген болса, демек, адамдар жіктеліп, олардың біреулері, екіншілерінің еңбе-гін џнемі иемдене алатын, бірі екіншісін қанайтын таптарға бљлінген болса, адамдарға зорлық жасаушы айрықша аппарат болып табылатын мемлекет тек осы жерде, сол кезде шыққан. … Мемлекет дегеніміз — бір таптың екінші тапқа џстемдік жџргі-зуін қолдап отыратын машина. Бђл машинаның формасы да њр тџрлі болады. Қђл иеленушілік мемлекетте біз монархияның, аристократиялық республиканың немесе

тіпті демократиялық республиканың болғандығын кљреміз, бірақ істің мңні бңз-баяғы бір қалпында қала берді" .

Лениннің сљзімен айтқанда, " мемлекет дегеніміз адам қоға-мынан бљлініп шыққан басқару аппараты" . Тек басқару ісімен ғана шђғылданатын, басқару їшін љзгенің еркін кїштеуге бағын-дыратын айрықша зорлау, бағындыру аппараты — тїрмелерді, адамдардың айрықша образдарын, ңскерді, тағы сол сияқ-тыларды қажет ететін адамдардың айрықша тобы пайда болған кезде мемлекет те пайда болған.

Мемлекеттің кїштеу аппараты болып табылатындығын дңлелдеу їшін Ленин мемлекет болмаған кездің де болғандығын жңне ол кезде қанау мен зорлықтың болмағандығын кљлденең тартады. Алғашқы қауымдық қђрылыс кезеңін сипаттаған ол былай деп жазады: " Міне, сол кезде мемлекет болмаған, їнемі кїштеу қолданып отыру їшін, адамдарды кїштеуге бағындырып отыру їшін, ерекше аппарат болмаған. Біз ол кезде ңдет-ғђрып їстемдігі, бедел, қђрмет болғандығын, ру ақсақалдары пайда-ланған билік болғандығын, бђл билік кейде ңйелдер қолында болғандығын кљреміз,… бірақ басқаларды басқару їшін жңне басқару мїдделеріне, басқару мақсаттарына бола белгілі бір зорлау аппаратын, кїштеу аппаратын їнемі, ңрдайым пайдалану їшін, жђрттан бљлініп шыққан айрықша санаттағы адамдарды біз ешбір жерде кљрмейміз" .

Лениннің пікірінше мемлекет белгілі бір топ адамдардан қђ-ралған, қоғамнан бљлініп шыққан белгілі бір аппарат. Адамдар басқарылатындарға жңне басқару жљніндегі мамандарға, қоғам-нан жоғары тђратындарға, басқаларға ңмірін жїргізе алатын билеп-тљстеушілер мен мемлекеттің љкілдері деп аталатындарға бљлінді. Басқаларды басқаратын осы аппараттың қолын да зорлық пен кїш қолдана алатын мїмкіндік берілді. Бђл кїштеу тңсілі деп аталды. Кїштеу тңсілдері қоғам дамуына қарай їнемі љзгеріп отырды. Бірақ мемлекет болған кездің бңрінде де ңрбір қоғамда басқарып, билеп-тљстеп, їстемдік жїргізіп отырған адамдар, бір топ адамдар болды, љкіметті ђстап отыру їшін олардың қолдарында зорлап кљндіру аппараты, кїштеу аппара-ты, ңрбір заманның техникалық дңрежесіне сңйкес қару-жарағы болды.

Мемлекетті тек тап їстемдігінің қђралы ретінде ғана қара-стырған маркстік-лениндік ілімнің негізін қалаушылар мем-лекеттің басқадай қызметтеріне назар аудармайды жңне оның ђйымдастыру, шаруашылық, мңдени, сыртқы саясат мңселелерін қарастырмайды. Мемлекетті бір-біріне қарама-қарсы таптардың жауласу ңрекеттері деп тїсіндірген Ленин былай деп жазады: " Сљйтіп, осы жалпы қђбылыстарға зер сала қарасақ, таптар бол-маған кезде, қанаушылар мен қаналушылар болмаған кезде мем-лекет неліктен болмаған, ол таптар пайда болған кезде неліктен мемлекет те пайда болған деген сђрақ қойсақ,— міне, тек солай еткенде ғана біз мемлекеттің мңні жңне оның маңызы туралы сђраққа анық жауап таба аламыз" .

Мемлекетті билеуші таптың қђралы ретінде қарастырған маркстік-лениндік идеология бір таптың ғана мїддесін қорғай-тын пролетариат диктатурасының қажеттігін жанталаса дңлел-деуге тырысады. Маркстің айтуынша, " тап кїресі міндетті тїрде пролетариат диктатурасына алып келеді" . Пролетариат диктату-расын белгілі бір уақытта ғана љмір сїретін қђрылым ретінде қарастырған Маркс былай деп жазады. " Капиталистік қоғам мен коммунистік қоғамның арасында біріншісінің екіншісіне рево-люциялық жолмен айналу дңуірі жатыр. Осы дңуірге саяси љтпе-лі дңуір де сңйкес келеді, бђл дңуірдің мемлекеті пролетариаттың революциялық диктатурасынан басқа еш нңрсе де бола алмай-ды" . Маркстің бђл қорытындысы пролетариатты сол кездегі капиталистік қоғамда атқарып отырған ролін талдауға, осы қоғамның дамуы туралы жңне пролетариат пен буржуазияның қарама-қарсы мїдделерінің сыйыса алмайтындығы туралы деректерге негізделген болатын. Марксше айтқанда, пролетариат љзін азат етуі їшін буржуазияны қђлатуы, саяси љкіметті жеңіп алуы жңне љзінің революциялық диктатурасын орнатуы керек.

Пролетариаттың їстем тапқа айналуы мен саяси билікті пайдалануы туралы " Капиталистік партияның манифесінде" бы-лайша атап кљрсетіледі: " ол пролетариатты їстем тапқа айнал-дыру, демократияны жеңіп алу болып табылады. Пролетариат љзінің саяси їстемдігін буржуазиядан

барлық капиталды бірте-бірте тартып алу ұшін барлық ґндіріс қђралдарын мемлекеттің, яғни ұстем тап болып ђйымдасқан пролетариаттың қолына орталықтандыру ұшін жңне барлық ґндіргіш кұштерді мұмкін-дігінше тезірек кґбейту ұшін пайдаланады" . Меншік қђқығына қол сђғушылық болып табылатын бђл ңрекеттерді марксизм " бұ-кіл ґндіріс ңдісіне тґңкеріс жасайтын қђрал есебінде сґзсіз ке-регі болатын" амалсыз шаралар ретінде тұсіндіреді.

Мемлекеттік аппаратты зорлық қђралы, езілушілерді қанау қђралы деп қарғап-сілеген марксистер пролетариат диктатура-сының зорлау жңне кұштеу шараларын ақтауға жңне оны ең-бекші халық мұддесі ұшін қажет болғандықтан деп дңлелдеуге тырысады. Олардың дңлелдеуі бойынша, пролетарлар ґздерінің қазіргі иемдену ңдістерін де тұгелдей қђртқан уақытта ғана қоғамдық ґндіргіш кұштерді ґзіне қарата алады. Пролетариат-тың ґзінде қорғауды керек ететін ешнңрсе жоқ, олар осы кұнге дейін жеке меншікті қорғап, қамтамасыз етіп келгендердің бңрін қиратуға тиіс.

Ґткеннің бңрін қирату мен бђрынғы ұстем таптардың қар-сылығын жою ұшін қажетті болып табылатын пролетариат дик-татурасы туралы В. И. Ленин " Мемлекет жңне революция" деген еңбегінде " Ілгері даму, яғни коммунизмге қарай даму про-летариат диктатурасы арқылы болады, басқаша бола алмайды, ґйткені, қанаушы-капиталистердің қарсылығын қирататын про-летариаттан басқа ешкім жоқ, бђл жолдан басқа жол да жоқ. Адамзатты жалдама қђлдықтан қђтқару ұшін, бђларды біз ба-сып-жаншуға тиіспіз, бђлардың қарсылығын кұштеу, қирату керек" деп жаза отырып, ол " басып-жаншу бар жерде, кұштеу бар жерде демократияның болмайтындығын" да мойындайды.

Лениннің сґзімен айтқанда, езілген тап ескі мемлекеттік машинаны қиратуға тиіс. Яғни буржуазиялық мемлекет қандай формада болсын (конституциялық монархия немесе буржуа-зиялық республика формасында), пролетариаттың онымен ымы-раласуы мұмкін емес. Пролетариат диктатурасы билігі комму-нистік қоғамның бірінші фазасында ғана қажет болады деп есептеген маркстік-лениндік идеология мемлекеттің қђритын-дығы туралы болжам да айтты. " Коммунистік партия манифесін-де" айтылғандай, " даму барысында таптық айырмашылықтар жойылып, бұкіл ґндіріс индивидтер ассоциациясының қолына жиналған кезде ресми ґкімет ґзінің саяси сипатын жоғалтады" .

Маркстік-лениндік ілім бойынша қоғамның дамуына байла-нысты, пролетариаттың экономикалық, саяси, ңскери жңне мң-дени кұшінің артуына байланысты мемлекет қђри бастады. Билік олардың пікірінше буржуазиялық мемлекеттен пролета-риат диктатурасына кґшеді, ол жалпы халықтық социалистік мемлекетке ђласады, ол дами келе ақыр соңында мемлекеттің қђрып-бітуіне жеткізеді.

Дегенмен, мемлекеттің толық қђруы ұшін Ленин атап кґр-сеткендей, толық коммунизм орнауы қажет. Ґйткені, мемлекетті қажет етпейтін мына тґмендегідей процестер болғанда мемлекет ґз-ґзінен жойылады.

1) Қоғамдық меншік негізінде, ґндіріске жңне еңбек пен ґнімді бґлуге, есепке алуға аса қатаң бақылау орната отырып, адамзат қоғамының ґндіргіш кұштерінің орасан зор дамытылуы.

2) Ґндіргіш кұштердің орасан зор дамуы негізінде " қоғам-дық теңсіздіктің ең маңызды қайнар кґздерінің бірі — ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылықтың жңне ңрбір адамның жан-жақты дамуы мен қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтың жойылуы.

3) Демократияның жоғары дңрежеде орнығуы, " мемлекетті басқаруға барша жђрттың қатысуы, яғни барша жђрттың қоғам-дық ґндірісті ґз бетімен басқаруды ұйренгенде жңне іс жұзінде басқара алатын болғанда" .

Сонымен, маркстік-лениндік қағидаға сенер болсақ, ″ мемле-кет мңңгі жасап келе жатқан жоқ. Мемлекетсіз љмір сцрген, мем-лекет, мемлекеттік љкімет дегендердің не екенін білмеген қоғам-дар да болған. Демек, ″ бђрын таптар қалайша сљзсіз пайда болса, олар соншалықты сљзсіз қђриды. Таптар қђрылымы мемлекет те сљзсіз қђриды″ .

Мемлекет жңне қђқық туралы маркстік ілімге тарих љз баға-сын берді. Олардың мемлекет жңне саясат туралы кљптеген қаға-далары уақыт талабына шыдас бере алмады. Дегенмен де, олар-дың саясат, мемлекет, қђқық жңне заң туралы кљзқарастары мен идеялары ңлемдік саяси-қђқықтық ілім тарихына мңңгіге енді жңне ғалымдардың зерттеу тақырыбына айналды. Сонымен бір-ге, марксизмді жан-жақты оқып цйренбей, ңлемнің XIX—XX ға-сырлардағы саяси жңне рухани бейнесін кљз алдымызға елестету де мцмкін емес.

## 16-тақырып.

## ХІХ ғасырдағы Қазақстандағы саяси-қђқықтық ойлар

**16.1.** ″ Зар заман″ мектебінің љкілдері қоғамдағы қайшылық-тар мен ңділетсіздік туралы.

**16.2.** Шоқан Уңлихановтың саяси-қђқықтық кљзқарасы.

**16.3.** Абай Қђнанбаевтың қоғам жңне замана туралы ой-пі-кірлері.

**16.1.** Ресейдің отарлық жаулап алуы нңтижесінде ХІХ ға-сырдың 60-жылдарына қарай бүкіл қазақ жері Ресейге қосылды. Қазақтардың дңстүрлі шаруашылығына капиталистік қатынас-тардың енуі Қазақстанның саяси-ңлеуметтік жңне эконо-мика-лық-мңдени љміріне едңуір ықпал етті. 1822 жылғы ″ Сібір қыр-ғыздарының жарғысы″ экономикалық-ңкімшілік мңселелерді ға-на қамтып қоймай, сонымен бірге саяси љзгерістерді де қам-тыды. Ресей саяси-қђқықтық ойының кљрнекті қайраткері, Ба-тыс Сібір губернаторы М. М. Сперанский дайындаған Жарғы бойынша қазақ даласындағы хандық билік жойылып, басқа-рудың жаңа ңкімшілік түрі — округтік жүйе енгізілді. Барлығы 8 округ қђрылды. Оларды округтық приказдар аға сђлтан мен ресейлік екі кеңесші, болысты — болыс сђлтаны, ал ауылды — ауыл старшыны басқарды.

Кіші Жүз бен Орта Жүзде патша љкіметі билігінің күшеюі бђрынғы сот жүргізу тңртібінен де айқын кљрінді. Мемлекетке опасыздық жасау, кісі љлтіру, барымта алу сияқты істерді пат-шаның ңскери соты қарады, ал билердің қарауына ђсақ-түйек істер ғана қалдырылды. Жаңадан енгізілген ңкімшілік шаралар патша љкіметінің отаршылдық белсенділігін арттырып, отар-лаудың қазақ даласына тереңдей енуіне мүмкіндік берді. Ңкім-шілік қђрылымы қазақтардың дңстүрлі кљшіп қонатын аудан-дарын тартылтты, қђнарлы жерлерге казактар жаппай қоныстана бастады жңне олар патша љкіметінің қазақ жерлерін отарлаудағы ңскери күш тірегі қызметін де атқарды.

Қазақстан жер кљлемі жағынан, халқының саны жағынан жңне бағалы шикізат кљзі жљнінен де Ресейдің ең үлкен отары болғандықтан, патша љкіметі бђл аймақта ерекше белсенділік та-нытты. Капиталистік қатынастар қазақ жеріне кеулей ене бас-тады, бђл процесті отаршыл ңкімшілік те үнемі қолдап отырды. Бүкіл ресейлік рыноктың шеткері аймақтарды қамти нығаюы да қоғамдық еңбектің бљлінуін тереңдете түсті. Сауда мен ақшаның қазақ даласына тосын жаңалық болып кљрінгенін Шортанбай ақын:

Сауып ішер сүті жоқ,

Мініп кљрер күші жоқ,

Ақша деген мал шықты.

Жеткізе алмай онысын,

Қалтыраған жан шықты,— деп суреттейді.

Қазақ ңдебиетіндегі батырлық рух ХVІІІ ғасырда жоңғарлар-мен қарсы күресте, ХІХ ғасырда ђлт-азаттық күресте (Махамбет, Нысанбай) қайта кљтерілгенімен, Қазақстанның Ресей қђрамына љтуі нңтижесінде зар-заман кезеңі басталады.

Қазақ жеріне қол салған патша љкіметі халықты жарылқау үшін келмеген-ді. Жерінен айырылған халық ңдет-ғђрып мен қазақы мінезінен де айрыла бастады. Патша љкіметі енгізген жаңа ңкімшілік шаралар қазақ болмысына тңн емес-тін. Ђрлық, љсек, талас-тартыс, алауыздық, арызқойлық — қазақ қоғамының осы кезеңдегі жемісі болды.

Осы кезде љмір сџрген қазақ ақын-жырауларыныњ бір тобы қоғамда болып жатқан келењсіз қўбылыстарды аяусыз сынға алды. Олар Қазақстанныњ Ресейге қосылуы мен капиталистік қатынастардыњ енуін кері кеткендік деп есептеді, љткен љмірді ањсады, болашақ туралы љз болжамдары мен пікірлерін білдірді.

Қоғамда болып жатқан љзгерістерге љзіндік кљзқараста бол-ған жњне оны сол бағытта жырлаған ақындарды М. Ңуезов ″ Зар заман″ жыршылары деп атаған болатын жњне ңдебиет тарихында да олар осылай аталды. Тарих ғылымыныњ докторы М. Қой-гелдиев отаршылдық бўғауына мықтап байланған халықтыњ мўњ-мўқтажы мен қайғы-қасіретін жырлаушыларды ″ Зар заман″ мектебініњ ойшылдары деп атады. Қазақ халқыныњ тңуелсіз-діктен толық айрылып, қазақ жерініњ нағыз тонауға тџскен — отарлау саясатыныњ ењ кџшейген кезењін зар заман мектебініњ ақындары торығу, сары уайымға салыну сарынымен жырлады.

Еркіндік пен бостандықтыњ, дңстџр пен европалық метро-полиядан енген жања тңртіптердіњ шегіне жете шиеленісуі Шор-танбай, Дулат жңне Мўрат сияқты ″ зар заман″ ағымы ақында-рыныњ шығармалары арқылы пайымдалады. Олар XIX ғасыр-дағы қазақ љміріне тңн барлық қўбылыстарды аяусыз сынайды. Ңлеуметтік џйлесімділік уақыты ретінде љткен дңуірді идеялан-дыра отырып, бџгінгі заманныњ келешегінен де џмітін џзіп, тџњі-леді. Қазақтар ата-бабадан қалған рухани қўндылықтарын ўмы-тып, елдіњ ішін ңділетсіздік, арамдық, љтірік, љсек-аяњ, ақымақ-тық, ата сљзін тыњдамаушылық жайлап кетті, тіпті мал да жай-лап айдауға кљнбей қойды. Кљњіл жўбататын ешнңрсе таппаған зар заман ақындарыныњ кеудесін кернеген мўњ, зар, шер ңбден кџнаға батқан ″ замандастарыныњ қўлағына″ жете қоймайды.

″ Зар заман″ мектебініњ кљрнекті тўлғаларыныњ бірі — Дулат Бабатайўлы (1802—1874). ″ Қазаққа″ деген толғауында ол қазақ халқыныњ Абылай хан заманынан кейінгі Ресей бўғауына қалай тџскендігі мен болашақты дўрыс болжай алмағандығына љкініш білдіреді.

Кџн батысқа кљз салмай,

Кџн шығысты еске алмай,

Бізді алатын жау жоқ деп,

Бізден мықты дңу жоқ деп,

Алды-артыњды байқамай,

Болашақты болжамай,

Ақбљкендей алданып,

Ортасына кңпірдіњ

Ањдамай келіп тџскенсіњ!…

Енді келіп қамалдыњ

Орыс салған қу тамға…,— деп жырлаған ақын, қазақ хал-қыныњ бодандыққа тџсуіне олардыњ љзін кінңлайды. Орыс за-њын қуаттап, елді жас балаша жуатпақ болған билерді, шен-шек-пенге қызыққан бектерді жерден алып жерге сала мінейді. Орыс сыйына сатылған ел жақсыларына орыс љкіметі сендерді ңлі-ақ ″ сырғалыњды кџњ қылып, кџніњді тўман тџн қылып, шабақтай жемге қақалтып, кљмейіње салар қармақты″ деп ескертеді.

Мойындарына жезден қарғы тағынған би, старшындардыњ орысқа жағымды болуы бџкіл елге

тџскен қасірет екенін тџсін-ген ақын:

″ Сауыр емес, шап болды,

Заманға сай адамды

Қу заманға сѕм басшы

Сорымызға тап болды…

Ағайын араз болған соњ

Ел екіге жарылды –

деп ағайын арасындағы кљре алмаушылық пен алауыздық себептерінің қайдан шыққанын ѕғындыруға тырысады.

Мемлекеттің бџтіндігі мен кџштілігі ел билеген хандардың кљрегендігі мен ақылдылығына тікелей байланысты екендігін Дулат Абылай ханның ″ қазаққа ағарып атқан тањ болған″ дңуірін-дегі ″ толағай болған жылғадан, сарқырап тѕрып су аққанын″ , ″ елі еркін″ , ″ қара суы май болғанын″ , ″ шалшық суы кљл болып″ , ңр рудың ″ қѕрамалы ел болғандығымен″ салыстыра отырып дңлел-дейді.

Қара халықты бастайтын билер бен бектердің, батырлар мен сѕлтандардың қоғамдағы орнын жоғары бағалаған ақын олардың љз міндеттерін тура атқармағандығынан елге келетін қиыншы-лықтың љте ауыр болатынына қынжылады. ″ Елді тура жолға салмаған″ , оның ″ ыстығына кџйіп″ , ″ суығына тоңбаған″ билер мен бектерді, ″ тџн ѕйқысын тљрт бљліп″ , ″ толғаулы найза қолға алмаған″ батырларды, ″ нашарға жңрдем бермеген″ , ″ кем-кетікті кљрмеген байларды″ , сынаған Дулат ″ кџш кеткен соң қолыңнан″ зарлаудың да, сарнаудың да пайдасыз екендігін айтады.

Езгіге тџскен елде ″ ата тілін бала алмады″ , ″ қызы шешеге назар салмады″ , ″ мңстек озып бңйге алды″ , ″ џлкеннің тілін кіші алмай, елдегі жақсы бѕзылды″ . Заманына қарай бѕзылған адам-шылық қасиеттерден жѕрдай болған ел ішіндегі пысықайлар мен сљз тасушыларды, жағымпаздарды сынаған ақын ″ елдің қамын жейтѕғын, мынауың теріс дейтѕғын″ ел ағаларының шықпаға-нына қынжылыс білдіреді.

Дулат қоғамдағы келеңсіз қѕбылыстарды тізбектеп сары уай-ымға ғана беріліп қоймайды, ол елдің ертеңіне, болашағына, бѕ-рынғы несібелі, берекелі љмірдің қайта келетініне сенеді. Ел бастар ерлердің халқы џшін кџресіне қолдау кљрсету қажеттігін айтады. ″ Толқынды теңіз заманынан љту џшін сенімді кеме ке-ректігін″ ѕғындырған ақын:

″ Елің џшін еңбек қыл,

Отыра берме бекерге

Кљмбеге таяп қалғанда,

Жџйрікке керек кљтерме″ ,— дейді. Шер мен мѕңға, џміт пен сенімге толы љлеңдер жазған, халық мџддесін қорғап, оның мѕ-ңын жоқтаған, жарқын болашаққа сенген Дулат ақынды қазақ халқы қасиет тѕтып, ңулие санаған, љсиетінен џлгі алған..

″ Зар заман″ мектебінің аса ірі љкілдерінің бірі — Шортанбай Қанайѕлы (1818—1881) ″ Зар

заман" атауы да ақынның сол дңуір халін жырлаған ълеңдерінің бірінің атынан алынған. Ақынның туған жері Тұркістан маңындағы Қарнақ ауылы болғандығы оның ълеңдерінде айтылады. Бірақ консерватор ақын ьмірінің кьп уақытын Қарқаралы ьңірінде ьткізеді. Лзінің атамекеніне жас кезінен кейін бармағанға ђқсайды. Бђл туралы ақын ьлер алдындағы қоштасуда былай дейді:

Қызмет етпей мен ьттім,

Ата бірлңн анама.

Қарнақтағы сңлем, айт

Џш қайтара бабама.

Ақындық ьмірін алғашқы кезде Жамантай тьренің, кейін-нен Жанкђты бидің қолында ьткізген ол патша ькіметінің отар-лау саясатының қазақ халқының болмыс тіршілігіне кері ңсер еткенін, кьптеген қайшылықтарды алып келгенін, заманның азғанын, ңдет-ғђрыптың тозғанын, ел-жђртта береке қалмағанын шығармаларының басты тақырыбы етіп алады. Қазақ халқының дңстүрлі шаруашылығы мен тђрмыс салтына еднуір ықпал еткен капиталистік қатынастарды қабылдамаған ақын халық ьмірінде болып жатқан ьзгерістерге сын кьзбен қарады.

Шортанбай адамдардың ңлеуметтік топқа бьлінуі олардың шыққан тегіне сңйкес болу керек деп есептеді. Бђл сңйкестілік-тің бђзылуын жаман нышан деп ырымдаған ол:

Ңуелгі қорлар зор болды,

Сондай зорлар қор болды.

Ңуелгі барлар жоқ болды,

Сондай жоқтар тоқ болды.

Жьн білмеген жамандар,

Ел билеген бек болды.

Кьтере алмай билігін,

Ђласқан жаман кек болды,—

деп ңлеуметтік ьмірдегі ьзгерістерді кері кеткендікке санады. Адамдардың малды-малсыз, дінді-дінсіз жңне иманды-имансыз болып жаратылуы қђдайдың ңмірімен болғандығын айтқан Шортанбай, оған қарсы шығудың кұнң екендігін ескертеді жңне:

Бір алладан басқаның,

Кьп-ті қылған айыбы

Кесапаттың кесірі

Келе ме деп керт басқа,

Сол себептен қорқамын,— деп оның басқаға кесірі тимеуін тілейді. Заманның бђзылғанына наразы болған ақын " ңуелгі заманның" енді қайта келмейтіндігіне " қђдасы жоқ қђлдың, қо-нысы

жоқ байдың" азатынына, " байдың тілін жарлы алмай, хан-ның тілін қара алмай" , " лздері де жлнін біле алмайтынына" қын-жылыс білдіреді. " Заман оңалар еді, бірақ оған лзің ңуелден бас білдірдің " деп осы жағдайға душар еткендерге ренішін айтады.

Елде ђрлық пен парақорлықтың, лсек пен жалақорлықтың клбеюін, ђлы атасын сыйламаған, атасы батасын бермеген ңлеуметтік қђбылысты заманақырға теңеген Шортанбай оның себебін патша лкіметінің отарлау саясатынан іздейді.

Орыс — бџркіт, біз — тџлкі,

Аламын деп талпынды.

Орыстан қорлық клрген соң,

Отырып билер алқынды…

Атасы ђлға нанбайды,

Клңіліне қуаныш қылмайды.

Патшадан кетті ғаделет,

Ақырзаман таянды,—

деп бодандықтың ауыр зардабын кџйіне жырлайды.

Клшпелі тђрмысқа бейімделген қазақ тђрмыс-салтындағы лзгерістердің адамдардың мінезіне де ықпал еткені ақиқат еді. Қазақ қоғамындағы лзіне тңн адамгершілік ережелерінің бђзылу-ын ақырзаманның жақындауы деп тџсіндірген Шортанбай ђл мен қыздың ата-ана тілін алмауы, олардың орыс киімін киюі, жақсы ңдептің қалмауы жесір ңйел мен жетім баланың клбеюіне себепкер болғандығын айтады.

Бђл асылық, асқан заманда,

Ђл туады атаменен егесіп,

Қыз туады анаменен теңесіп,

Баласы кетті тыюдан…

Адал зада баланы,

Таба алмассың рудан,—

деп жырлаған ақын " сиыр деген малдың пђл болатынын" , " ңйелдің би болатынын" болжайды. Шортанбай " ақырзаманды" бџкіл адамзат ђрпағының жойылуы деп ђқпайды. Оның ойынша, " ақырзаман" бђрынғы ңдет-ғђрыптың бђзылуы, адамдар арасын-дағы сыйластық пен бауырмалдықтың азаюы, ңркімнің лз басын кџйттеуі, қазақ халқының лз еркіндігінен айырылуы, орысқа бодан болуы. Хандық билікті аңсаған ақын " жандарал ђлығың, майыр (*майор*-авт.) сыйынғаның болды" , " кңпірді піріңдей, тіл-мңшты жеңгеңдей, дуанды џйіңдей клрдің" , енді сені кџтіп " абақ-ты тђр қасыңда, қазылған қара клріңдей" деп сақтандырады.

Шортанбай басқа халықтың заңдары мен тђрмыс ерекшелік-терінің екінші халыққа кџшпен

енгізілуінің қаншалықты қатерлі екендігін түсіндіреді. Ғасырлар бойы қалыптасқан биліктің, ңдет-ғђрыптың кенеттен љзгеріске ђшырауын ол халықтың адамгер-шілік нормаларын бђзатын кђбылыс ретінде бағалады. Патша-лық Ресейдің отаршылдық саясатын батыл айыптады, бђл жағ-дайдан шығудың жолдарын іздеп арпалысты.

Зар заман ақындарының XIX ғасырдың екінші жартысын-дағы танымал љкілдерінің бірі — Мђрат Мљңкеђлы (1843—1906) қазіргі Атырау облысында туып љскен. Оның зар заман мекте-бінің басқа ақындардан ерекшелігі сары уайымға салына бермей, патша љкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы күресуге шақы-рады. Заманның азуы мен тозуын табиғаттан кљрмейді, ″ ай тууы-нан, күн шығуынан жаңылмайды, бђның бңрі адамнан″ деп есептейді. Патшалық Ресейдің жаулаушылық саясатының аста-рында не жатқанын ђғындырған Мђрат ақын:

Еділді тартып алғаны –

Етекке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны –

Жағаға қолды салғаны.

Ойылды тартып алғаны –

Ойдағысы болғаны.

Мал мен басты есептеп,

Баланың санын алғаны –

Аңғарсаңыз, жігіттер,

Замананы тағы да,

Бір қырсықтың шалғаны,—

деп отаршыл љкіметтің кђлашты ңлі де кеңге сермейтіндігін ескертеді. Отарлық езгімен бірге келген орыстандыру саясаты-ның халықты адамгершілік қасиеттерден жђрдай еткендігіне налыған ақын ″ қоңсыдан туып би болған″ , ″ қара кісі хан бол-ған″ , ″ асылзада баласының кђл болып″ , ″ асылсыз баласының ақшасына сүйеніп пђл болғанын″ батыл сынайды. Оның пікірін-ше, халықты текті тђқымнан шыққандар ғана басқаруы тиіс, ″ кђлдан туған тљрені, аксүйектің ђлы деп″ , оған ел тізгінін ђста-ту ″ адыра қалғыр заманның белгісі″ . ″ Діні басқалардың ел биле-уін″ бар пңленің бастауы деп есептеген Мђрат ақын бекерден-бекер жылай бермей ″ кейінгі туған бала үшін″ , кейінгі ђрпақтың ″ сауабы үшін″ , ″ күндердің күні болғанда, обалы маған″ болмас үшін ″ дулығалы қара нарларды″ атқа қонуға шақырады.

″ Зар заман″ мектебінің жыршылары љз дңуірінің жоғын жоқ-таған, халықтың тілеуін тілеген, оның іргесінің шайқалмай, ата-бабалар дңстүрінің сақталуын, тңуелсіздіктің уыстан шықпауын жақтаған адал ђлдары еді. Олар үшін ең алдымен елдің тңуел-сіздігі, ел дңстүрі, ңдет-ғђрып ″ Қасым хан салған қасқа жолы″ , Абылай хан салған елдің бірлігі мен ынтымағы қымбат болатын.

Консерватор ақындар күшті де, ңділ хан билігін кђп кљрді. Олар љз шығармаларында љткен дңуірді аңсады, ңз Жңнібекті, Қасым ханды, Тңуке ханды, Абылайды, Кенесарыны еске алды, олардың ел бірлігін нығайтудағы еңбектерін атады. Заманның бђзылуын ел билеудің бђрынғы дңстүрлерінің жойылуынан деп білді, сондықтан ел арасындағы келеңсіз кђбылыстар тамырын

тереңге жайды деп тџсіндірді. Олар патшалық отаршылдық сая-сатты сынаумен қатар, болашақта жарқын љмірдің қайта орнай-тынына сенді.

″ Зар заман″ ақындарының уақыт тығырын дђрыс тџсінгені жңне оны ңділ бағалағаны љзінің тарихи маңызы мен љзектілігін жоғалтқан жоқ. Бірақ олар дңстџрлі қђндылықтарды қорғаға-нымен тығырықтан шығатын жолды, жаңа арна мен бағытты кљрсете алған жоқ. Дегенмен, олар патшалық отаршылдық сая-сатты сынаумен қатар, болашақта жарқын љмірдің қайта орнай-тынына сенді.

**16.2.** Патшалық Ресейдің қазақ жерін толық жаулап алуы-ның аяқталуы мен отаршылдық езгінің кцшейе тцскен дңуірінде ьмір сцрген қазақтың ағартушы-ғалымы Шоқан Уңлиханов — осы кезеңдегі қоғамдық ойдың дамуына зор цлес қосқан ойшылдардың бірі. Ресейдегі жңне Европаның басқа да елдерін-дегі саяси-ңлеуметтік ьзгерістермен жақсы таныс болған Шоқан қазақ жеріндегі патша ькіметі жцргізіп отырған отарлық сая-саттың мцмкін болар зардаптары туралы ьзінің ђсыныстары мен пікірін батыл білдірді. Ол қоғамда жцргізіліп жатқан ьзгерістер адам мцддесіне снйкес келуі қажеттігін атап кърсетті.

Шоқан сол кез цшін халыққа ең тиімдісі жңне жайлысы экономикалық жңне ңлеуметтік реформалар деп білді. Оның айтуынша ″ саяси реформалар экономикалық істерді жцзеге асы-ратын қђрал ретінде кърінбек″ жңне ″ адамның тђрмыс қажетін ьтейтін реформа ғана пайдалы да, ал бђл мақсатқа қандай да болса кедергі келтіретін реформа зиянды болып табылмақ″ . Шоқан реформа жасауда асығыстыққа жол бермеуге, жергілікті халықтың ңдет-ғђрып ерекшелігін, тіпті ″ оны қоршаған орта мен ауа-райын, жер жағдайын да″ ескеруге шақырды. ″ Реформа оңтайлы жасалғанда, яғни, қоғамдық организм жан-жақты дами алатын мызғымас прогресс заңына негізделіп жасалғанда ғана ђтымды реформа болады. Мђндай реформаны ешқандай жағдай-да да бьгемей, қайта оны қолдау керек″ .

Ресей цкіметі дайындап жатқан реформаның жалпы бағыты мен мазмђнынан хабардар болған Шоқан қазақ даласын басқару мен сот реформасы туралы ьзінің жобасы мен пікірін патша ькіметінің ңкімшілігіне ђсынады. ″ Қазақ былай тђрсын, орысқа да тцсініксіз″ 1822 жылғы Сібір қырғыздарының Жарғысын сынға алған Шоқан мђндай асығыс жасалған реформалар халықты опат етеді жңне прогресс жолына кедергі келтіреді деп есептеді. Ол отырықшы халыққа арналып жобаланған ңкімшілік ьзгеріс ″ Ресейдің Европалық, Азиялық бьлігінде кьшіп-қонып жцрген халықты басқаруға бцтіндей қолданылса, мђндай ьзге-рістен ешқандай пайда келуі былай тђрсын, нағыз тђрпайылық болар еді″ ,— деп жазды.

Шоқанның ойынша, қазақтың европалық қайта туындау идеясын қабылдайтын қабілетін арттыру цшін оған алдын-ала білім беру жңне ой қабілеті мен жцйке жцйесін жетілдіру керек. Ьйткені, ″ организм ьз деңгейіне жетпеген нңрсені қабылдай ал-майды″ . Сондықтан да заң шығарушылар мен реформа жасау-шылар қоғам мцддесін ғана ойлауы керек.

Халықтың тђрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған рефор-малар ғана кездейсоқтыққа ђрындырмай, ьз мақсатына жете алады. Ал реформаның снтті шығуы мен къздеген мақсатына жете алуы цшін, Шоқан оны ″ халық пікіріне сцйене отырып жасау керек″ деп есептеді. Ол патша ькіметін қазақ халқын ьз пікірін білдіре алмайтын ″ тағылығы мен тђрпайылығы″ туралы къзқарасына батыл қарсылық білдіріп, ″ халық пікіріне дђрыс баға беру цшін комитет (заң жобасын жасау жьніндегі коми-тет.авт.) қазақтың қауымдық қатысына, олардың орыс ькіметіне тікелей қатысына назар аударуы қажет″ — деп жазды.

Шоқан сонымен бірге, халық пікірін білдіретін қоғамдағы ңлеуметтік екі топты жңне олардың пікірін қалай қабылдауға болатындығын да бьліп кърсетті. Шоқанның жазбасында: ″ ха-лық, ңсіресе білімсіз, тђрлаусыз халықтың пікірі ңрқашан да халықтың шынайы кькейтесті тілегінен шыға бермейді. Қоғам-ның пђрсатты, яғни, мңртебелі тобының пікірін халықтың жо-ғын жақтаушы деп қарауға болмайды, ьйткені ақсцйектер мен ауқатты адамдардың, цуелі жоғары мңртебелі қауым адам-дарының мцддесі кьбінесе қауымның, кьпшіліктің мцддесіне кереғар, қарама-қайшы келеді″ .

Реформаның снттілігі мен қоғамдық прогрестің негізгі шар-ты ағарту мен ғылымды тарату, қалың бђқараның қараңғылығы мен надандығын жою деп тцсінген Шоқан ьзінің замандасы, ағылшын философы Джон Стюарт Мильдің “қандай да бол-масын қауымның адамдарына жаңа қђқық берместен бђрын, бђл қауым адамдарының ақылдық қабілетін, саяси сана сезім-ділігін ғылыми тђрғыдан зерттеу қажет” деген пікіріне толық қосылатындығын мңлімдейді.

Лзіндік ңдет-ғ]рпы бар халыққа тлтеннен келген тңрлі атаулы сатысы бар бюрократтық орталыққа бағынуы б]л халық-тар ңшін тңсініксіз жағдай. Сондықтан да ″ реформа жлніндегі мңселе тереꙓ ойды, байыпты т]жырымды қажет етеді, лйткені халықтыꙓ лмір сңру, сңрмеуі соған байланысты″ . Шоқан фран-цуз ойшылы Вольтердіꙓ ″ халықтыꙓ қажетті даму деꙓгейіне жетпеген заꙓдарды кңшпен таꙓуға болмайды″ деген идясын то-лық қолдайды.

Шоқанныꙓ демократиялық клзқарасы оныꙓ лз халқыныꙓ азаттыққа жетіп, нағыз білім алуын армандауынан айқын клрі-неді. ″ Тек ақиқат білім ғана кңдік туғызбайды,— деп жазды Шоқан, ол лмірді бағалауға, т]рмыс қ]руға ңйретеді. Халықтыꙓ кемеліне келіп, лркендеп лсуі ңшін, еꙓ алдымен азаттық пен білім қажет″ .

Патша лкіметініꙓ қазақ даласындағы сот ісін қайта қ]ру-дағы кемшіліктерін сынаған Шоқан сол кез ңшін билер сотын артық клреді. Ежелгі халықтық билер сотыныꙓ тарихына егжей-тегжейлі тоқталған ол сот қ]рылымы мен сот ісін жңргізуде билер соты мен патша лкіметі енгізген мировой (бітістіру) соттыꙓ айырмашылықтарын атап клрсетеді.

| Билер соты | Мировой судья |
|---|---|
| Санына шек қойылмайды. | Ңрбір округте бірнеше судья болады. |
| Ресми тңрде ешкім сайламайды жңне бекітпейді. | Судьяныꙓ сайлауында арнайы тңртіп, ереже бар. |
| Қазынадан да, халықтан да ешқандай ақы алмайды, тек ″ би ақы″ ғана алады. | Земстводан белгілі мллшерде қаржы блілінеді. |
| Съездері мезгілсіз шақырыла береді. | Съездер белгілі бір мерзімде шақырылады. |
| Шешімге ңрқашан да шағым жасауға болады. | Шағым жасауға жатпайды, белгілі жағдайда ғана артық шешім бар. |
| Барлық істі жария жңргізеді. | Азаматтық істерді ғана жария жңргізеді. |
| Бидіꙓ шешімін с]лтандар, старшындар, болыстар жңзеге асырады. | Мировой судьяныꙓ лзі орындайды. |
| Барлық істе адвокатура қарастырылады. | Адвокат тек азаматтық іске ғана қатыстырылады. |
| Шешімге ″ ант берушіні″ қатыстыратын жағдай бар. | Ант берушіні қатыстырмай-ақ шешім қабылдайды. |

Осындай айырмашылықтарды саралаған Шоқан мировой (бітістіру) сотта клпшілік жағдайда немқ]райлылық (формаль-дық) пен тлрешілдік (бюрократтық) белгілерініꙓ басым екенді-гіне назар аударады. Шоқанныꙓ пікірінше ″ билер сотыныꙓ басты артықшылығы немқ]райлылық пен ңртңрлі ресми кер-тартпалықтыꙓ жоқтығы″ , яғни, ″ бидіꙓ мңні беделге негізделген жңне б]л атақ сот практикасына деген патент тңрізді″ .

Қазақ даласында сот реформасын жасау џшін халық пікірін білу мақсатында кђрылѓан комитеттің (тљраѓасы Сібір облыстық басқармасының кеңесшісі И. Е. Яценко) жобасын сынаѓан Шоқан билер сотының бђл жобадан еднүір нділ екендігіне баса назар аударады. Билер сотының қазақ даласындаѓы артық-шылыѓы туралы Шоқан былай деп жазды: ″ Біздің ойымызша, егер љсіп-љнудің жоѓары сатысы мен тљменгі сатысындаѓы џй-лесімділікті, ђқсастықты ескерсек, мировой соттан билер соты-ның ең болѓанда қазақ џшін кейбір айырмашылыѓы барына таңдануѓа болмайды. Днріптеп жіберіпті деп айтудан жасқанѓа-нымыз болмаса, артықшылыѓы басым дер едім″ .

Европаның сол кездегі алдыңѓы қатарлы елдеріндегі миро-вой сот мекемелеріндегі кемшіліктерді мысалѓа келтірген Шоқан аѓылшын заңгері В. Блекстон, неміс ѓалымы Гнейст жңне фран-цуз заң зерттеушісі Ш. Конттың осы тақырыптаѓы ойларын дң-лелге тартады. Шоқанның сот реформасындаѓы шаѓымдану-шының кез-келген биге жџгінуге еріктілігі туралы пікірі наѓыз демократиялық кљзқарасты білдіреді. Қазақтың би сотында бђрыннан қалыптасқан судьяны таңдау еріктілігі туралы идеяны жан-тңнімен қорѓаѓан ол, ″ қазақтар соттың тљрелікке (Renom-mer) ие болѓан бидің кез-келгеніне жџгінуге ерікті, бђл жаѓынан қараѓанда бізде сырқат адамның медицинаның беделдісіне қа-ралуѓа, ал айыпкердің белгілі адвокатқа сџйенгісі келетіні сияқ-ты″ — деп жазды.

Билер соты қай жаѓынан алып қараѓанда да Ресей љкіметі дайындаѓан сот реформасынан нлдеқайда нділірек. ″ Дамудың жо-ѓары сатысының тљменгі сатысымен џйлесімділігін ескергенде, шыѓарылѓан заңдарѓа, мысалы мђсылман, қытай жңне орыстың правдасына қараѓанда, қазақтың ндеттегі кђқыѓының адамгер-шілік жаѓы басымдау″ . Халық рухына, ндет-ѓђрпына жңне тђр-мысы мен мінезіне жақын келетін заңдар ѓана халық џшін тиім-ді болмақ. Халық сырттан келген заңѓа бірден кљндіге қоймай-ды. Халық џшін ең қолайлысы ″ љзіне етене таныс, сонымен тңр-биеленіп љсіп-љнген заң ѓана болмақ″ .

Соттың жариялылыѓымен қатар іс жџргізілетін тілге де ерек-ше кљңіл бљлген Шоқан басқа елдің, басқа жђрттың тілінде жа-зылѓан заңның сот жџргізу процесіндегі қиыншылыѓы мен зар-дабы туралы да айтады. ″ Мңселен, қазақты орыс заңымен соттау-ѓа болмайды. Оның себебі мынада: біріншіден, љзге тайпалық қђрамдаѓы, љскен ортасы, тіршілігі бљлек қазақтардың қылмыс пен жат қылыққа кљзқарасына, тџсінігіне орыстармен, европа-лықтармен қатар қарауѓа болмайды, қазақтар тергеу кезінде орыспен қатар заңды білмейтіндігінен бас тарта алмаѓанымен, олар орыс заңдарын білмейді, біле де алмайды. Орысша бірауыз сљз тџсінбейтін қазақ орыс заңын білмеймін деп аузын аша алмайды. Бђл талаптың қисынсыз, кљзсоқырлық екені даусыз. Бђл нрине, китаизм, яѓни жаратушы иенің тђрѓызѓан асыл мђрасы. Сонда біздің џкіметіміз љз қол астындаѓы пенделерінен орындауѓа болатын іс сияқты қисынсыз істі талап етіп отырѓан болып шыѓады″ .

Ана тілінде сљйлеу мен љзін-љзі қорѓауды табиѓи кђқық ре-тінде қарастырѓан Шоқан қазақтың ндет-ѓђрып заңы ″ қаншалық олпы-солпы болѓанымен, сырттан телінген немесе жоѓарыдан ђсынылѓан заңнан гљрі оѓан етене жақын, тџсінікті″ екендігіне кџмңн келтірмейді. Сот реформасының адам кђқыѓын қорѓау-даѓы роліне маңыз берген Шоқан бђл саладаѓы реформада асы-ѓыстық пен қызбалыққа салынуѓа болмайтындыѓын ескертеді. ″ 1793 жылдан бастап Европада болѓан революцияның бнрі де бостандық џшін болѓан халық қозѓалысының басталуынан туындады. Қисынсыз теорияѓа немесе љзге халықтың љміріне негізделіп, зорлықпен ырықсыз жасалѓан реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келеді. Бџгінгі тарихшыларымыз біздің қоѓамдық дертімізді, аномальдық, яѓни ауытқушылық жаѓ-дайымызды Петр реформасының халыққа қарсы баѓытталѓан қасіретті рухынан деп текке айтпаса керек″ .

Қазақтың ндет-ѓђрып нормаларының таѓы бір артықшы-лыѓы қолданылатын жазалардың тым қатал еместігі мен гума-нистігінен де айқын кљрінеді. Тңуке хан тђсында ″ қанѓа-қан″ принципінің кђн тљлеу принципімен алмастырылуы да ндет-ѓђрып нормаларындаѓы жаза мљлшерін біршама жеңілдеткен еді. ″ Қазақ заңында европалық жаңа кодексте сіресіп тђрѓан

ескер-тетін, сескендіретін шаралар жоқ. Қазақта тңн жазасы ешқашан болған емес. Ру заңы бойынша, туыстардың бірінің ісіне бірі жауап беретін руластық жағдайы ру қатынасында іс жңзінде кљп пайда келтіріп отыр" .

Патша љкіметі қазақ љлкесін округтерге бљліп, басқарудың жаңа тңрін енгізгеннен кейін-ақ Шоқан отаршылдық ңкімшілік қђрған басқару ісіне қазақ халқының љкілдерін кљбірек қаты-стыру арқылы да халықтың саяси-ңлеуметтік жағдайын біршама болса да жақсартуға болады деп есептеді. " Баянауыл округі ту-ралы" (1857ж.) мақаласында жаңадан қђрылған ңкімшілік аймақ-тарды басқару ңшін қазақ халқының тђрмыс-салты мен ңдет-ғђрпын жңне мђң-мђқтажын басқадан гљрі жақсы тңсінетін қазақтарды қою қажеттігі туралы жазды. Шоқан бђл мақала-сында сырттан келген шенеуніктер халықтың дңстңрлі тђрмыс-салтын, оның љзіндік ерекшелігін білмегендіктен ел басқаруда қабілетсіз болатындығы жңне зорлық-зомбылыққа жол беретін-дігін дңлелдеді. Ол ңкімшілік аймақтар басында халыққа беделді де, білімді сђлтандар тђрса, қоғамда ңлеуметтік ңділдік орнатуға болар еді деп ңміттенді.

Шоқан бђл идеясын љзін сђлтандыққа ђсыну арқылы да дңлелдемекші болды. 1862 жылы Атбасардың аға сђлтаны сай-лауына љз кандидатурасын ђсынған ол љзінің досы Достоевский-ге жазған хатында " Бір кезде менің љз отандастарыма пайда келтірейін, оларды чиновниктер мен қазақ байларының озбыр-лығынан қорғайын деп, сђлтан болсам ба деген ниетім де бол-ған. Сондағы кљбінесе ойлағаным — оқыған билеуші сђлтанның қандай пайдалы болатынын жерлестеріме љз ісіммен кљрсету еді" ,— деп жазды. Француз ағартушысы Вольтердің " ағартушы билеуші" идесын жақтаған Шоқан білімді билеушілер мен шенеуніктер ғана халық мңддесін қорғай алады деп есептеді.

Шоқанның саяси жңне қђқықтық идеяларын оқығанда оның љзіне дейінгі ойшылдар мен қайраткерлердің еңбектерімен терең танысқанын байқау қиын емес. Шоқанның терең білімі мен ғылыми ізденісі қазақ қоғамында ңлеуметтік теңдік орна-туға, демократиялық љзгерістер енгізуге, халық мңддесіне жақын келетін реформаларды іске асыруға қызмет етті жңне оның осы мақсаттағы ойлары љзінен бђрынғы жңне сол кезеңдегі ойшылдардың кљзқарастарымен ңндесіп жатты.

**16.3.** Қазақтың ђлы ақыны Абай Қђнанбаев (1845—1904) саяси жңне қђқықтық ілім тарихы бойынша арнайы еңбек жаз-бағанымен, љлеңдері мен қара сљздеріне љзі љмір сцрген днуірдің тыныс-тіршілігін, қоғамдық љмірін, халықтың мђң-мђқтажы мен басқару орындарының жђмысын арқау етті. Сол уақыттағы жер-гілікті атқару органдары мен билер қызметін, ңлеуметтік тең-сіздікті жырлаған Абай ңлеуметтік істерге де араласады.

Билердің тљтенше съезіне жетпіс алты баптан тђратын жаңа заң ережелерін ђсынады жңне осы билер съезінің тљрағасы бо-лып сайланады. Абайдың тљрағалығымен љткен бђл съезде ңдет-ғђрып нормаларының негізі сақталған Ереже қабылданды. Билер сотының артықшылығын кљрген Абай оған Ресей империя-сының кейбір заң ережелерін ғана енгізеді. Бірақ Абайдың бђл реформалық талаптары патша љкіметінің отаршыл ңкімшілігінен қолдау таппайды. Бђл кезде қазақ даласында 1868 жылы 21 қа-занда қол қойылған ″ Орал, Торғай, Ақмола жңне Семей облыс-тарын басқару жљніндегі Уақытша Ереже″ цстемдік етіп тђрған еді. Аталған ереже негізінде Ресей љкіметі қазақтардың днстцрлі заң жцйесін бђзып, қазақтың тђрмыс-тіршілігімен цйлеспейтін заң жобасын жасады.

Қазақтар ″ екінші низам″ деп атап кеткен қазақ даласын бас-қару туралы ереже нағыз отаршылдық пиғылда жазылған бола-тын. Осыған сңйкес сот жцргізу ісі де еднуір љзгеріске ђшырады. Бђрын билер сотының қарауына жататын жиырмадан астам жалпы қылмыстық ңрекеттер шекаралық соттардың қарауына берілді, ал ″ халық соттарына″ жергілікті ђсақ-тцйек істер ғана қалдырылды. Бақылау мен қадағалаудан тыс қалған сот орын-дарының лауазымды адамдары љз қызметтерін жеке бастарының баюына пайдаланды.

Отаршыл ңкімшілік енгізген ережелер мен тңртіптер болыс-тық пен билік мансапқа ғана қызмет етті. Судьялардың сатыл-ғыштығы мен болыстардың жағымпаздығы Абайдың жцрегін жаралады. ″ Болыс биді қђрметтейін десең қђдайдың љзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ђрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ″ деп кцйіне жазған Абай, бір елдің заңы екінші елге жетекші бола алмай-тындығын жақсы тцсінді. Сондықтан да ол зорлықпен танылған заң ережелерін керексіз деп тапты. Отарлық билікті қамтамасыз етуде мың қђбылып, љзгеріп отыратын сатылған заңдарды аяусыз сынаған Абай:

Ант ішіп кцнде берген жаны қђрсын,

Арын сатып тіленген малы қђрсын.

Қысқа кцнде қырық жерге қойма қойып,

Қу тілмен қулық сауған заңы қђрсын,— деп,

мђндай заңдарды пайдаланудан бас тартуға шақырды. Отар-шыл мемлекеттің кцнделікті саясатына қарай бейімделіп, љзгеріп отыратын тђрақсыз заңнан қандай ңділдік кцтуге болатындығын ашына айтты.

Патша љкіметі қђрған ңкімшілік басқару ісіндегі ңділетсіздік пен жорықсыз ңрекеттердің қазақтың билік днстцріне қандай зардабын тигізгендігі мен ″ бар малын шығындап, болыс болған-дардың ″ қызметі де Абай назарынан тыс қалған жоқ. ″ Болыс болғандар љзі қулық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң, мо-мынды қадірлемейді, љзіндей арам, қуларды қадірлейді″ . Сон-дықтан да Абай болыстыққа білімді адамдардың сайлануын жақ-тайды. Оның ойынша білімді болыс қана сайлану қђқығына ие болса, оң ннтиже береді. ″ Кісіге біліміңе қарай болыстық қыл″ ,- дейді Абай.

Егер білімді адам табылмаса, болысты сайлау арқылы емес, жоғарыдан тағайындауды халыққа пайдалы болар деп есептеген Абай сайлауды ру арасындағы араздықты қоздыратын іс деп тапты. Адам љзі цшін ғана қызмет етпеуі тиіс. Кљпшілік цшін жасаған еңбегіңді қђдай да ескереді. ″

Љзіњ ці шін еңбек қылсаң, љзіњ ці шін оттаған хайуанныњ бірі боласыњ, адамшылықтыњ қарызы ці шін еңбек қылсаң, алланыњ сцйген қђлы боласыњ" .

Сайлау кезіндегі љзара тартыстыњ зардаптары туралы Абай " љз басын осындай таласпен кісі кљбейтеміз деп партия жиғандардыњ бцгін біреуіне, ертењ біреуіне кезекпен сатады да жцреді. Ђрылар тиылмайды. Ел тыныш болса, оныњ ђрлығын ешкім сцйемес еді. Ел екі жар болған соњ, кім ант ішіп, арам-дығын жақтап сцйемін десе, соған жақ болып сцйеніп, бђрын-ғыдан ђрлығын нлденеше есе асырады" . Тыныш жатқан елдіњ " шала бцлінгенін" патша љкіметініњ ңкімшілік жңне сот реформа-сыныњ ннтижесі деп тцсінген Абай " нрбір болыс елде старшына басы бір би сайланғандық халыққа кљп залал келтірді" ,— деп жазды.

Абай сонымен бірге қазақ даласында билік айта алатын адамдардыњ да љте аз қалғанына қынжылыс білдіреді. Билік айта білу цшін " бђрынғы Қасым ханныњ " қасқа жолын" , Есім ханныњ " ескі жолын, Ңз Тңуке ханныњ " Кцл тљбеніњ басында кцнде кењес" қђрған " Жеті жарғысын" білмек керек… ондай кісі аз, яки тіпті жоқ" .

Заманы тозған, дңстцрі озған дңуірде кімге ақыл айтасыњ, сеніњ насихатыњды кім тыњдайды? Заманныњ тозуына не ннрсе себеп болды? деген мазасыз сђрақтарға Абай љзі жауап береді. " Біреу-болыс, біреу — би. Олардыњ ақыл цйренейін, насихат тыњдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жцрмес еді. Олар љздері де аздық кісіміз, љзіміз біреуге цлгі беріп, ақыл айта-мыз деп сайланды. Љздері тцзеліп жеткен, енді елді тцзерлігінен қалған. Ол не қылып тыњдасын жңне тыњдайын десе қолы тие ме? Басында љзіндік жђмысы бар: ђлығымызға жазалы болып қаламыз ба, яки елдегі бђзақыларымызды бцліндіріп аламыз ба, яки халқымызды бцлдіріп аламыз ба, яки љзіміз шығындап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? — деген ебіне қарай біреуді жетілтейін, біреуді қђтылтайын деген бейнетініњ бнрі басында, қолы тимейді" . Елді басқаруға сайланғандар басқаныњ ақылын қажет етпей, љздерініњ ғана бас пайдасын ойласа " балық басынан шіридініњ" растығына Абай кцмнн келтірмейді. Арын сатқан билер мен болыстардан тцњілген Абай " бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық, сақалын сатқан кнріден еңбегін сатқан бала артық" деп ой қорытады.

Абай шығармаларында нр топтыњ љкілдері, олардыњ нркилы мінездері мен қасиеттері цнемі бой кљрсетіп отырады. Олардыњ жаман қасиеттерін ашып кљрсеткен ақын, оныњ себебін тцсін-діреді. Жиырма екінші қара сљзінде ол " Байды қадірлеймін десењ бай жоқ. Бай болса љз басыныњ, љз малыныњ еркі љзінде жоқ. Мырзаларды қадірлейін десењ, осы кцнде аныќ мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен кљп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жцр. Мықтыны сыйлайын десењ, жаманшылыққа елдіњ бнрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ. Есті кісіні тауып қђрметтейін десењ ңділет, ђят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сђмдық, арамдық, амалға елдіњ бнрі есті" .

Ңр топтыњ ішінен қадірлісін таба алмаған Абай, оныњ себебін заманныњ љзгеруінен іздейді. Осыдан келіп ол " кљпте ақыл жоқ" ,— дейді. Абайға дейінгі ғђламалар мен ойшылдардыњ кљпшілігі де кљптіњ билігін дђрыс кљрмеді. Љйткені, кљптіњ билігінде дау-дамай мен қызыл сљз жңне бас араздық қоса жц-реді.

Кљпке ақыл айту да қиын. " Кљп қорқытады, терењ батыра-ды" . Абай кљп дегенді бцтіндей бір халықты мењзеп отырған жоқ. Ол жетексіз кеткен, билікке кљнбеген айғай-шудыњ тобы-рын айтып отыр. Ретін тапса кљпті де ақылға, жљнге келтіруге болады. " Сократқа у ішкізген, Жанна д,Аркты отқа љртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды тцйеніњ жемтігіне кљмген кім? Ол-кљп, ендеше, кљпте ақыл жоқ" . Ебін тап та, жљнге сал" ,- дейді ђлы Абай. Оныњ пікірі бойынша ақылсыз тобыр — љзініњ ақылынан айрылып, басқаныњ жетегіне ерген-дер, ерте ме, кеш пе олар љз қателіктерін ђғынады. Абай оларды " Кљп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел" ,— деп сипаттайды.

Абай љзі љмір сџрген орта мен заман ызғарынан шырқы бђзылған халықтың бет-бейнесін кљрсетумен бірге, оның себептерін де ашады.

″ Қалың елім, қазағым, қайран жђртым,

Ђстарасыз аузыңа тџсті мђртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ђртың.

Ђқпайсың љз сљзіңнен басқа сљзді,

Аузымен орақ орған љңкей қыртың.

Љзімдікі дей алмай љз малыңды,

Кџндіз кџлкің бђзылды, тџнде — ђйқың,

Бас-басына би болған љңкей қиқым.,

Мінекей, бђзған жоқ па елдің сиқын? ″

Абай ″ адам деген ђғымды кең де, терең тџсінді. Оның тџсіні-гінше адам — ақылдылық пен имандылықтың, еңбек сџйгіштік пен адалдықтың, њділдік пен білімділіктің жиынтығы. Абайдың айтуынша, ″ кџллі адам баласын қор қылатын џш нњрсе бар, содан қашпақ керек. Њуелі — надандық, екінші — еріншектік, џшіншісі — зђлымдық деп білесің. Надандық — білім-ғылым-ның жоқтығы, дџниеден ешнњрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік — хайуандық болады. Еріншектік — кџллі дџниедегі љнердің дђшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ђятсыздық, кедей-лік — бњрі осыдан шығады. Зђлымдық — адам баласының дђш-паны. Адам баласына дђшпан болса, адамнан бљлінеді″ . Адам бойындағы жаман қасиеттерді саралаған Абай адамгершілікті, њділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде ђсынады.

″ Досыңа достық — қарыз іс,

Дђшпаныңа њділ бол.

Асығыс тџбі — љкініш,

Ойланып алмақ — сабыр сол″ .

Адамгершілік пен њділдік болмаған жерде љкініш пен мђң-таждық жџреді, олар адамды бақытқа жеткізе алмайды деп ой тџйеді дана ақын. Адам љмірінің мағыналы да, саналы болуы, алдына қойған мақсатына жету жолдары да љз заманы мен заман талабына сњйкес болу керек деп тџйген Абай:

Њркімді заман сџйремек,

Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман кџйлемек,

Замана оны илемек,— дейді.

Дін туралы Абай екі тҥрлі кљзқараста болды. Ол қђдайды жҗне ислам дінін жоққа шығармайды. Отыз тљртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы жҗне отыз сегізінші қара сљздерінде Абай қђдай жаратқан җлем мен ислам дінінің қағидаларын, оның қазақ даласындағы кљріністерін айтумен бірге дінді тарату-шылар мен уағыздаушылардың кейбір жағымсыз җрекеттерін сынға алады. Адам бойындағы жаман қасиеттерді ислам заңда-рымен дҗлелдейді. Абайдың діни тҥсінігінше ″ дҥние бір қалыпты тђрмайды, җрбір мақђлыққа қђдай тағала бірқалыпты тђрмаққа берген жоқ. Қђдай тағала дҥниені кҗмҗлатты шеберлікпен жаратқан, һҗм адам баласын љссін-љнсін деп жаратқан″ .

Абайдың дін туралы пікіріне сҥйенсек, ойшыл ақын діннің таусылмас рухани-тҗрбиелік маңызын жақсы тҥсінген жҗне кљпшілікті мђсылмандықтың ақиқат жолына тҥсуге шақырған. Абай ҥшін ең жоғары абсолютті шындық — қђдайды сҥю. Абай-ша айтқанда адам алланы сҥюмен ғана нағыз адам бола алады.

Дҥние туралы кљзқарасында Абай деизмге жақын келеді, оның дҗлелі ретінде ақын сыртқы дҥниенің санадан тыс љмір сҥретіндігін қуаттады.

″ Љлсе љлер табиғат, адам љлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап кҥлмес,

″ Мені″ мен ″ менікінің ″ айрылғанын,

Љлді деп ат қойыпты љңкей білмес.

Кљп адам дҥниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын кљп шалдырған.

Љлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,

Љлмейтђғын артына сљз қалдырған″ .

Абайдың тҥсінігінше, дене љлгенімен оның жаны, рухы, ар-тына қалдырған мђрасы љлмейді. Мђндағы Абайдың ″ мен″ деп айтып отырғаны — жаны, ″ менікі″ — тҗні. Дҥниені жаратушы қђдай деп таныған Абай идеалист-философ ретінде кљрінеді. Бірақ Абайдың љлмес жан, мҗңгілік жҗне шексіздік туралы ђғымдары таза діни мағынада емес. Абай җрекет етуді, еңбек етуді, талап қылуды алдыңғы орынға қояды. ″ Қђдай тағала сені менен бірдей жаратып па? Демек,— қђдай тағалаға жала жауып, љзін қђтқармақ болғандығы. Бђл — ойсыз, љнерсіз, надан адамның ісі. Оған қђдай тағала кљрме, есітпе, естіген-кљргеніңді ескерме, есіңде сақтама деп пе? Ойын-кҥлкімен, ішпей-жемей, ђйықтамақпен, мақтанмен җуре бол да, ішіңдегі қазынаңды жоғалтып алып, хайуан бол деген жоқ″ ,— деп жазды ђлы ақын.

Қђдай берген несібені қђнттай білу, оны кљбейту жҗне еселеу адамның љз қолында. Абайша айтсақ, ″ тамағы тоқтық, жђмысы жоқтық, аздырар адам баласын″ , ″ Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей″ . Дана ақынның қоғам, замана, адам болмысы, оның қасиеттері еңбек жҗне жђртшылық туралы айтқан ђлағатты сљздері мен љсиеті кейінгі ђрпаққа қалдырған аса зор рухани мђрасы.

Қорыта айтқанда, зар заман љкілдері дҗстҥршілдікке бой ђр-са, XIX ғасырдағы қазақ ағартушылығы (Шоқан, Абай, Ыбырай) батысшыл бағдар ђстанды. Љз халқының тљл мҗдениетін заман ағымына бейімдеп жалпы адамзаттық мҗдениетке тең етіп қосу уақыттың талабы еді. Модернизация міндетін атқаруға тырысқан қазақтың реформашыл либерал-демократтық сипаттағы келесі тобының (Җ. Бљкейханов, А. Байтђрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақ-баев, М. Шоқай)

жанкешті ңрекеті большевиктердің билік басына келуі нңтижесінде тоқтатылды. Кљшпелі тђрмыс салты келмеске кетіп, бђлдыр сағымға айналған қазақ мңдениеті кешегі љткен ғасырдың (XX ғ.) соңғы онжылдығында кеңестік идеологиялық схемалар мен рухани қондырғылардан бас тарта отырып, тңуелсіздік табалдырығына табан тіреді. Алтын заман (XIV—XV ғ.ғ), қилы заман (XV—XVIII ғ.ғ) жңне зар заманды бастан љткізген халық еркіндіктің самал лебімен қатар, нарық-тық қђндылықтар мен батыстық болмысқа тңн индустриалдық ауаны да жђтуға мңжбђр болып отыр.

## 17-тақырып.

## XX ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстандағы саяси-құқықтық көзқарастар

**17.1.** XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саяси-құ-қықтық көзқарастары

**17.2.** ″ Алаш″ партиясы бағдарламасындағы саяси-құқықтық және әлеуметтік идеялар

**17.1.** XX ғасырдың алғашқы ширегінде әлемдік тарихта ірі оқиғалар болып өтті. Ірі империалистік державалар арасындағы қайшылықтардың түбіне жете шиеленісуі бір-біріне қарсы екі әскери одақтың (Үштік Одақ және Антанта) құрылуына алып келді. Ғасыр басында империализм дәуіріндегі алғашқы ірі қақтығыс — орыс-жапон соғысы бұрқ ете қалды. Ірі елдердің отарлық бұғауындағы халықтардың ұлт-азаттық күресі жандана түсті. Тәуелсіздік үшін күрескен ұлттық буржуазия өкілдерімен қатар осы елдерде пайда болған ұлттық интеллигенция өкіл-дерін, жұмысшыларын және шаруалары мен қолөнершілерін қамтыған алғашқы ұлттық ұйымдар пайда болды, жергілікті баспасөз дамыды. Отаршылдарға наразылық көрсету неғұрлым саналы, әрі ұйымшыл түрде өтіп, ұлт-азаттық сипатқа ие болды.

XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-эконо-микалық және мәдени дамуында XIX ғасырдың екінші жарты-сымен салыстырғанда едәуір өзгерістер болды. Осы өзгерістермен қатар ел өміріндегі саяси оқиғалар да қазақ ұлттық интеллиген-циясының қалыптасуына әсерін тигізді. XIX—XX ғасырлар то-ғысында пайда болған ұлттық интеллигенция тобы өлкедегі азат-тық жолындағы күрестің өсуінде айтарлықтай роль атқарды. Олардың қазақ даласында оқу-ағарту, мәдени шараларды дамы-тудағы еңбектері де әлемдік өркениетке деген ұмтылысы мен талпынысын білдіреді.

Жаңа ғасырдың бастауымен бірге Ресей өкіметінің отар-шылдық саясатының бұрынғыдан да күшейе түсуі ұлт-азаттық қозғалысындағы жас қазақ интеллигенциясының ролін күшейте түсті. Бұл кездегі қазақ интеллигенциясы өзінің құрамы, бағы-ты, мақсаты және қоғамдық-саяси қызметінің сипаты жағынан әртүрлі топтарды біріктірді және олардың негізгі бөлігін әдебиет-шілер, мұғалімдер, адвокаттар, дәрігерлер және тағы басқалар құрады.

Қазақ интеллигенциясының осы кезеңдегі тарихи орны қа-зақ халқының өлкедегі аграрлық мәселенің әділ шешілуімен, оқу-ағарту ісінің дамуымен және отарлық езгіге қарсы күресімен тығыз байланыста айқындалды. Ұлт-азаттық күресіндегі қазақ интеллигенциясының алғашқы және табанды өкілдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Бақытжан Қаратаев, Мұхамед-жан Тынышбаев, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Әлімхан Ермеков және т.б. болды.

Олардың құрамы да өздерінің саяси көзқарастарымен, іс-әрекеттерімен айрықшаланды. Олардың кейбірі социалистік идеяларды ұстанды, социал-демократтармен, эсерлермен бірле-сіп жұмыс істеді. Олардың ықпалы жағынан неғұрлым басым екінші бір бөлігі либералдық-демократиялық позицияларда бол-ды. Бұл бағыттың жұрт таныған көсемдері Ә. Бөкейханов, Б. Қа-ратаев және тағы басқалар либералдық-демократиялық бағытты қорғады.

1905—1907 жылдары Ресейде болған алғашқы орыс револю-циясы да қазақ даласының саяси оянуына, өлкеде езгінің отар-шылдық, әлеуметтік және басқа да түрлеріне қарсы ұлт-азаттық, жұмысшы, аграрлық және басқа да қозғалыстардың өрістеуіне едәуір дәрежеде серпін берді. XX ғасырдың алғашқы ширегін қазақстандық тарихшылардың бір тобы ″ саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі″ [1] деп атауға әбден лайық екендігін атап көрсетті. Саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңінің тарихы 1905—1907 жылдардағы орыс революциясынан басталатынын айту әбден орынды болмақ. Өйткені, осы жылдардағы орыс ре-волюциясы қазақ даласындағы ұлттық қозғалыстың бастау алуы-на өз ықпалын тигізді. А. Байтұрсынов айтқандай осы кезеңде ″ бұл дала саясат ісіне тартылып, азаттық қозғалысының ағыны-на араласты″ .

1905 жылы 25 шілдеде Қарқаралы қаласына таяу Қоянды жңрмеңкесінде алаш қозғалысы жетекшілерінің бастамасымен лткен қазақ съезінде ңлеуметтік-экономикалық талаптармен бір-ге саяси талаптар да қойылған. Ресей Министрлер Кеңесінің тлрағасы атына жазылған петиция қабылданды. Ң. Блкейханов пен Ж. Ақбаевтың басшылығымен жазылған бђл петицияда ңкіметке мынадай талаптар қойылды. 1. Діни сенімге қысым жа-сауды тоқтату; 2. Қазақ мектептерінде қазақ тілінде оқыту; ин-тернат, пансионат, жоғары оқу орындарының жайы; 3. Қазақ тілінде газет шығару; 4. Переселендердің клшіп келуін тоқтатып, жерді қазақтікі деп жариялау; 5. Қазақтарды атамекен қоныс-тарынан клшіруді тоқтату; 6. ″ Далалық билеу Ережесін″ лзгерту; 7. Болыстық кеңселер мен халықтық соттарда істі қазақ тілінде жңргізу, лтініштерді қазақ тілінде қабылдау правосын қалпына келтіру; қызметке қазақ тілін білетін тілмаштарды алу; 8. Сот ісін қазақ тілінде жңргізу; 9. Бастықтар мен урядниктердің санын қысқарту; 10. Генерал-губернатордың бђйрығымен жер аударуды тыю; 11. Жоғары ңкіметте қазақ депуттардың болуы. Революцияның алғашқы айларынан бастап-ақ жоғары билік сатысына талаптар қойған Қарқаралы петициясы қазақ ллкесінің оянуына еднуір себепкер болған аса зор саяси оқиға ретінде тарихта қалды.

1906 жылы ақпанда лткен екінші жалпы қазақ съезінде Ре-сей кадет партиясының бағдарламасы мақђлданды жңне оған лл-кеге орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтату, қазақ жер-лерін тђрғылықты халықтың меншігі ретінде тану, мектептер мен жоғары оқу орындарын ашу жңне басқа да талаптар енгі-зілді. Бірақ кадет партиясының басшылығы бђл талаптарды қол-дамады.

Ђлт зиялыларының саяси кңресінде Ресей Мемлекеттік Ду-масына сайлау жңргізу жңне оған қатысу айтарлықтай роль ат-қарды. Олар лздерінің саяси кңресінде Мемлекеттік думаның мін-бесін де тиімді пайдалана білді.

Екінші Мемлекеттік Думаның 1907 жылғы 16 мамырда лт-кен мңжілісінде Орал облысынан сайланған депутат Б. Қаратаев қоныс аудару саясатының қазақтар шаруашылығына тигізген зардаптары туралы баяндама жасады. Ол лз баяндамасында ″ біз-дің мемлекетте ушыққан аграрлық мңселені далалық облыс-тарға, атап айтқанда, Орал, Торғай, Ақмола жңне Семей облыс-тарының жеріне шаруаларды қоныс аудару арқылы шешкісі келеді. Ңкіметтің осынау сђрқия саясатынан қазақтарға аштан қырылу қаупі тлніп тђр″ деп атап клрсетті. Дума тлрағасы депу-таттың слзін бллгенде Б. Қаратаев Дума мінбесінен шаруалардың жерге деген знрулігін қанағаттандыру ңшін жеке меншік жер-лерді тнркілеу жлніндегі кез-келген ресейлік оппозициялық қозғалыстың нрекетін қазақтар дереу қолдайды деп батыл мң-лімдеме жасады. Мђның лзі сол жылдардағы ђлт-азаттық кңрес жетекшілерінің саяси белсенділігі мен клзқарастарының қан-шалықты лскендігін клрсете алады.

Екінші Мемлекеттік Думаға қазақ халқынан сайланған депу-таттар кадеттерге қосылды жңне басқа ђлттық партиялар лкіл-дерімен бірге орыс шаруаларын шеткері аймақтарға қоныс ауда-руын тоқтату кңштерін ђйымдастырды. Ресей Мемлекеттік Дума-сы белгілі днрежеде ђлт зиялыларының саяси-кђқықтық клзқа-растарының қалыптасуына ықпал етті, қазақ даласының саяси-ңлеуметтік жңне мңдени-рухани дамуына серпін берді.

1913 жылдан бастап жарық клрген ″ Қазақ″ газеті либерал-дық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдірді. Редакторы А. Байтђрсынов болған ″ Қазақ″ газетінде ђлт зиялыларының сол кездегі жарық жђлдыздары болған Ң. Блкейханов, М. Дулатов, Х. Досмђхамедов, М. Жђмабаев, Ж. Аймауытов жңне басқалар жђмыс істеді. Осы газет тлңірегінде болашақ ″ Алаш″ партия-сының белсенділері мен жақтаушылары топтасты. Оппозиция-лық газеттің отаршылдық саясатқа қарсы сипаттағы мақалалары жергілікті ңкімшілікті мазасыздандырды, сондықтан да отар-шылдық ңкімшілік ″ Қазақ″ газетін ңнемі бақылауға алды, 1913—1916 жылдар аралығында газетті 26 рет жапты, редакторы А. Бай-тђрсыновты бірнеше рет қамауға да алды.

1905—1907 жылдардағы орыс революциясы мен Ресейдегі саяси оқиғалардың ықпалымен қазақ лłкесін шарпыған саяси кңрестің нңтижесінде Қазақстанда ђлттық зиялы қауым лкілдері жетекшілік еткен дербес ңрекет жасай алатын саяси кңштер қалыптасты. Олардың отаршылдыққа қарсы саяси-кђқықтық идеялары баяу болса да бңкіл қазақ қоғамына тарады жңне ђлт-азаттық

күрестің саяси бағдарламасын жасауға негіз болды. Саяси-құқықтық идеялар мен бағдарламаларды жасау ісімен айналысқандардың бірі ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, үйгілі мемлекет қайраткері, ғалым-әдебиетші Әлихан Бөкей-ханов еді. Оның артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен бөлігі — орыс тілінде жазылған монографиялық, энцик-лопедиялық сипаттағы еңбектері және " Қазақ" газетінде ана ті-лінде жазылған мақалалары.

" Қазақ" газеті арқылы Ә.Бөкейханов қазақ қауымын Ресей-дегі саяси оқиғалармен таныстырды және саяси-құқықтық сауа-тын ашты. Газеттің 1913—1914 жылдардағы сандарында ол " Бе-бель" , " Жан Жорес" , " Керек сөз" , " Балкан соғысы" және " Тағы соғыс" мақалаларында саясат пен соғыс мәселелерін сөз етеді. 1910 жылы жазған " Қазақтар" дейтін зерттеуінде Ә. Бөкейханов қазақ халқының тарихын, оның әлеуметтік құрылымын, орыс бодандығын, отаршылдықтың зардаптарын айтады. Қазақ әдет-ғұрып нормаларындағы бұрынғы құқықтық жүйенің жойылып, оның орнына патша өкіметі енгізген заңдардан кейін әділетсіздік пен парақорлықтың белең алғаны сыналады.

Ә. Бөкейхановтың ойынша европалық білім алып саяси іс-терге араласа бастаған қазақ зиялылары екі бағытқа бөліне бас-таған. Олардың бірі — мұсылмандық идеяны жақтайтын түрік-шілер, ал екіншісі европалық дамуды қолдайтын батысшылдар. Саяси екі ағымның пайда болуын атап көрсеткен Ә.Бөкейханов оларға ғылыми сипаттама да берді және бұл екі ағымның әлі нақты партия болып қалыптаспағандығын ескертті. Өзінің саяси қызметінің бастауында батысшылдар жағында болған ол саяси бостандық мәселелерінде діни ағымдарға да қарсы болмады.

Ресей бодандығындағы Қазақстанның саяси-құқықтық жүй-есіндегі өзгерістерді " Үшінші Дума және қазақ" , " Дума және қа-зақ" , " Төртінші Дума және қазақ" , " Бас қосу туралы" мақалала-рында сөз еткен Ә. Бөкейханов отаршыл өкіметтің қазақ дала-сын қалай басқарғанын және оның әділетсіз шешімдерін сынға алды. Қазақ халқының дәстүрлі салтындағы әр рудың мүддесін білдіретін, соның сөзін сөйлейтін бидің сол дәуірдегі халық аты-нан сайланатын және қызмет көрсететін депутатпен ұқсас екен-дігін салыстырған ол екі жақтың да тиімді тұстарын пайдалану қажеттігіне көңіл аударады.

Сайлау кезіндегі заңдылықтың сақталмауы, парақорлық жә-не ру аралық алауыздық оның " Сайлау" деп аталатын мақалалар топтамасында жан-жақты сипатталады. Бұл мақаласында Ә. Бө-кейханов " сайланған адам әділет, бірлік, адалдық жолында қыз-мет етсе ғана шын мақсат орындалады, ал өзінің ғана басын күйт-тейтіндер қашанда елдің соры болады" деп атап көрсетті.

Патша өкіметі құлатылғаннан кейін 1917 жылы наурыз ай-ында жазған " Алаш ұлтына" деген мақаласында Ә.Бөкейханов " Азаттық таңы атты… Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың әрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз өкімет қайтпас сапарға кетті" деп ақпан революциясын қуана қарсы ал-ды және алдағы уақытта не істеу керектігін айтты. Жаңа үкімет пен жаңа тәртіпті қолдау жөнінде " Жаңа үкіметті қолдау үшін қазақтардың бірігуі қажет. Жаңа тәртіпті нығайту үшін басқа халықтармен туысқандық байланыстарды күшейте түсу керек. Құрылтай жиналысының сайлауына әзірленген абзал. Бірлік пен әділдік үшін күресіңдер" ,— деп жазды Ә.Бөкейханов.

" Алаш" партиясы бағдарламасын жасаушылардың бірі, Ала-шорда үкіметінің басшысы Ә. Бөкейхановтың саяси қызметінің шырқау шегі 1917—1925 жылдармен тұспа-тұс келді. Большевиктердің 1918 жылы 10 қаңтарда Бүкіл ресейлік Құрылтайды күшпен қуып таратуы Алашорда үкіметінің жағдайын нашарлата түсті және жағдайдың күрт өзгеруіне байланысты олар Кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізуге мәжбүр болды. Ә. Бөкейханов-тың өзі Ленинмен телеграф арқылы сөйлеседі.

Жүргізілген келіссөздер нәтижесінде Кеңес өкіметі Орын-борда өткен жалпықазақ съезі шешімдерінің заңдылығын, яғни қазақ автономиясын мойындайды. Бірақ қазақ автономиясын

жергілікті Кеңестердің қатысуымен жалпықазақ съезінен кейін тану туралы талап қояды. Бұған жауап ретінде Алашорда үкіметі жергілікті Кеңестер өз үкіметтеріне бағынған жағдайда ғана кеңес үкіметін мойындайтындығы туралы қарсы талап қояды. 1918 жылы маусымда Алашорда үкіметінің қаулысы бойынша Кеңес үкіметінің автономиялық Алашорда территориясына байланысты шығарған шешімдері заңсыз деп табылды. Билеуші партияға ай-налған большевиктер де Алашордамен тіл табысуды қажет деп санамады.

Әртүрлі көзқарас пен мақсатта болған саяси күштердің би-лік жолындағы күресі басталды. Оқиғалардың бұлайша өрбуі азамат соғысына жалғасты және большевиктер партиясының диктатурасын орнатуға әкеп соқты. Алашорда үкіметі Кеңестерге қарсы күштермен, Сібір үкіметімен, Колчакпен, атаман Дутов-пен жақындасуға мәжбүр болды. Елді азамат соғысына жеткізген большевиктер саясатын қолдамаған Ә.Бөкейханов ″ Қазақ болып автономиялы ел боламыз десек, алдымызда шешуі қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас, бұл облыстарда мұжықпен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, бірыңғай қазақ болып шы-ғамыз десек, қазақ орыста қалады, қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ атақонысынан көшпес, көшсе, ақыл-сыздық болады, қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен ара-лас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт бар″ деп жазды.

XX ғасырдың басындағы қазақтың ірі қоғам қайраткері, сая-си-әлеуметтік тақырыпта өндіре жазған ақын, публицист, қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, ағартушы-ұстаз Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы қазіргі Қостанай облысында дүниеге келді. Оның түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, ел билеу, сот, жер, еркіндік тақырыптарына арналған ″ Бұл заманның со-ғысы″ (1914), ″ Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан Уақытша Ереже″ (1914), ″ Соғысушы патшалар″ (1914), ″ Закон жобасының баяндамасы″ (1914), ″ Жәрдем комитеті″ (1915), ″ Қазаққа ашық хат″ (1916), ″ Қазақ жерін алу тураласындағы ни-зам″ (1916), ″ Тағы да народный суд хақында″ және тағы басқа мақалалары Ахмет Байтұрсыновтың саяси-құқықтық көзқарас-тарының эволюциясын, қайраткерлік қабілетін, ойшылдық деңгейін, отан сүйгіштігін жан-жақты көрсете алады. Қоғамдық өмірдің сан алуан көкейтесті мәселелерін арқау етіп жазған оның мақалалары алғашқы кезде ″ Айқап″ журналында, 1913—1918 жыл-дары өзі редактор болған ″ Қазақ″ газетінде, жеке жинақтарында, кейіннен кеңестік баспасөзде жарияланды.

Ахмет Байтұрсыновтың аталған мақалалары мен басқа да еңбектерінде құқықтық мемлекет принциптеріне сай келетін идеялар көптеп кездеседі. Ол құқықтық мемлекетте өкімет билі-гін, ең алдымен заң шығарушы жоғарғы орган- парламентті қалыптастыруда заң шығаратын адамдарды сайлауда қателеспеу қажеттігіне баса назар аударады. Сайлауға қатысуда жеке бастың немесе ағайынның, рудың намысы үшін ғана дауыс беру азаматтыққа жатпайды. Билік басына немесе заң шығару қыз-метіне келетін адам үшін немқұрайлы дауыс беру, жершілдік пен ағайынгершілікке салыну, Ахмет Байтұрсыновтың айтуынша ″ ол сайлау емес, құр талас немесе сауда″ .

Халықтың сайлауға қатысуы және дауыс беруі туралы мәсе-леде ол былай деп жазады: ″ Пайдалы адамды сайлаумен залалды адамды сайлау арасында ешбір парық болмаса, жұрт неге азаяды?... Яғни өз жақынын сайлап, бар мақсаты табылғандай көрінеді. Сайлау көп үшін берген нәрсе, көп пайдасын көздеп сайланса... сайлау дұрыс өз мағынасында болғаны. Халықтың пайдасы, залалы қаралмай, ″ мынау туғаным-туқымдасым″ ... — деп сайланса, ол сайлау емес″ . Демократияның ең маңызды кө-рінісі сайлау болып табылатындығын ескерген қазақ ойшылы ″ Тағы да народный суд хақында″ мақаласында ″ Сайлау деген — өзіңе берген ықтияр″ деген қорытынды жасайды.

А. Байтұрсынов көтерген саяси маңызды мәселелердің бірі — шығарылған заңдардың жергілікті халықтың әдет-ғұрпы ерекшеліктеріне, тұрмысына, шаруашылық өміріне сәйкес келуі. XVIII—XIX ғасырларда ағылшын және француз ойшылдары кө-терген бұл мәселеге Ш. Уәлиханов та ерекше мән берген бола-тын. Олардың ойын одан әрі дамытқан А.Байтұрсынов ″ Әр ха-лықтың бұрыннан жүріп келе жатқан жолы бар, ол жолды түзеткенде жарамды жеріне

тимей, жарамсыз жерін ғана љзгерту керек. Олай етпесе, сонын ойып алған жолмен жђрттың кљбі жҥрмей, бђрынғы дағдылы жолмен кете береді. Ңсіресе кљзі ашылып, кљңіліне сңуле тҥспеген қараңғы халық болса, ондай жаңадан салған жат жолмен жҥру оған тым қиын, сондықтан законның тҥп ҥлгісі бір болғанмен, ңркімнің бойына қарай киім пішкен сияқты ңр халықтың қалпына, салтына, мінезіне қарай закон шығарылады. Солай болған соң да, закон шығарушылар халықтың қағидалы қалпын, салтын, мінезін жақсы білуі тиіс. Оны білмей шығарған закон халықтың тҥзелуіне емес, бђзылу-ына себеп болмақшы″ ,— деп жазды.

Рим заңгерлерінің ″ заң пайдаланудан қалғанда ғана љзгерту-ге жатады″ , ″ заң жиі љзгермеуі тиіс″ , ″ заң жақсы болса ғана оны шығарушылар халық қђрметіне ие болады″ , ″ заң халық ҥшін қызмет етеді″ деген қағидаларына сҥйенген А. Байтђрсынов ғасырлар бойы қалыптасқан қђқықтық нормаларды жоғарыдан бђзып, халыққа таныс емес заңдарды кҥштеп танудың қанша-лықты зардапқа соқтыратынын ескертеді.

XX ғасырдың басында империялық саясат билер сотының аясын тарылтуға барынша ынталылық танытып, ресейлік сот жҥргізу ісінің тиімділігі туралы насихат кҥшейтілді. Осы кезде қазақ халқының ђлттық мҥддесіне сай келетін билер сотының љз дңрежесінде іс жҥргізетін бірден-бір сот инстанциясы екендігін дңлелдеп, оны барынша қорғағандардың бірі А. Байтђрсынов еді. Ол љзі басшылық ететін ″ Қазақ″ газетінде жарияланған ″ Осы кҥнгі соттың тңртібіндегі кемшіліктер″ деген мақаласында пат-шалық басқару жҥйесіндегі ҥкіметтік сенаттағы жңне халық со-тынан жоғары тђрған инстанциядағы сот басшылары ″ билер іс қарауда нашар қызмет кљрсетеді, оларды жою керек″ деген пікір-лерінің ішкі себеп-салдарын ғылыми тђрғыдан талдап кљрсетеді. Судьяның істі жеке қђраммен емес, алқалы қђраммен жҥргізуі сот билігіндегі демократия кљріністерінің бірі екендігіне назар аударған Ахмет Байтђрсынов ″ жеке бидің жанында съез билері инабаттырақ екенін айттық. Бђл би біреу емес, бірнешеу болып кіріссе, туралық кљбірек болатындығын кљрсетеді″ деп жазды.

Заңның ңділдігі мен кҥштілігі оны шығарушыларға тікелей байланысты екенін жақсы тҥсінген кљсем сљз шебері заңды дай-ындаушылар мен оны шығарушылардың қандай мақсат кљздей-тінін батыл ңшкерелейді. ″ Закон жобасы″ туралы мақаласында ол былай деп жазады: ″ Егерде закон жалғыз ғана жђрт игілігі ҥшін шығатын болса, хҥкімет қазаққа айтар еді: љзіңе пайдалы боларлық закон жобасын љзің жасап, закон шығаратын орынға, яғни Г. Думаға депутатың арқылы кіргіз деп. Оны істемей, жо-баны хҥкіметтің љзі жазып отыр. Олай ететін себебі: халыққа керек игіліктен басқа, хҥкіметтің кљздейтін љз мақсаты да бар. Хҥкімет љзі жасаған жобасын љз мақсатына сондай жолдармен жетерлік етіп жасайды. Хҥкімет қолайлаған жоба халыққа да қо-лайлы болар ма? Болмас па? Оны халық айтуы тиіс″ .

Ахмет Байтђрсынов қоғамдағы ең маңызды мңселе ретінде адамдар арасындағы теңдік идеясы мен оның нақтылы іске асу-ына айрықша назар аударады. Ђлтына, шыққан тегіне, ңлеумет-тік жағдайына, қызметіне, жынысына қарамастан барлық адам-дардың заң алдындағы теңдігін айтқан ол қандай бір жағдайда болмасын белгілі бір топтардың қђқықтарының шектелуіне қар-сылық білдіреді. Яғни, оның пікірінше адамның табиғи қђқы-ғын ешкім де шектей алмайды. Табиғи қђқық — бђл алланың берген қђқығы, ол саясат ойыншығына айналмауы тиіс.

Халықтың жайлы тђрмысы мен бейбіт љмірінің қалыпты деңгейде болуы ел билеушілері мен кљсемдерінің нақты іс-ңрекеттеріне тікелей қатысты екенін ескерген А. Байтђрсынов билік жҥргізушілерді љздеріне сенім артқан халық бђқарасын дђ-рыс жолға бастай білуге шақырды. ″ Алашқа аты шыққан адам-дар! Кљсемдіктеріңді адаспай, тҥзу істеңдер. Сендер адассаңдар, арттарыңнан алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауа-бына сіздер қаласыздар″ деп жазған ол ел билеушілерге жҥкте-летін жауапкершілік жҥгінің ауырлығын ескертеді.

Қазақтың тђңғыш қђқық магистрі Жақып Ақбаевтың (1876—1934) саяси кҥресі мен қђқықтық идеялары қазақ хал-қының ђлттық, саяси санасының қалыптасуына ″ Алаш″ партия-сының бағдарламасы мен қазақ автономиясының басты саяси бағытын айқындауда орасан зор роль

атқарды, ұлттық құқық-тану ғылымының негізін қалады. Оның саяси-құқықтық көзқарастарының концепциясы және құқықтың әртүрлі саласы бой-ынша жинақтаған еңбектері ұлттық мемлекет құрудағы ғылыми доктрина дәрежесіне дейін көтеріле алды.

1903 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факуль-тетін алтын медальмен бітірген Ж. Ақбаев осы жылдың күзінде Омбы сот палатасына қызметке тұрып, онда палата хатшысы болып істейді және көп ұзамай осы қаладағы 2-ші учаскенің бі-тістіруші судьясының міндетін атқарушы болып тағайындалды. Революциялық оқиғаларға байланысты ол 1905 жылы қараша айында бұл қызметтен өзі кетеді және адвокат болып істейді. 1908 жылдан бастап өмірінің соңына дейін созылған жер ауда-рулар, қылмыстық жауапқа тартулар, қуғындаулар қоса жүрген азап пен жоқшылыққа толы ауыр өмір кезеңі — саяси күресі басталады.

1908 жылы желтоқсанда Ақбаев саяси сенімсіздігі мен ақ патшаға тіл тигізгені үшін 5 жылға Сібірге жер аударылады. 1912 жылы туған жері Қарқаралыға қайтып оралған Ж. Ақбаевты полиция бақылауға алады. Сот палатасына қызметке қабылдан-баған ол (бұрынғы саяси қылмыстары үшін) адвокаттық прак-тикамен айналысады. 1915 жылы күзде мемлекеттік құрылысты өзгерту мақсатымен үгіт-насихат жүргізгені үшін Павлодар, одан кейін Семей түрмесіне қамалып, одан 1917 жылдың басында ғана босайды. Бірақ бостандық таңы ұзаққа созылмайды. Оған тағы да " саяси сенімсіз" деген айып тағылып бес жылға жер ауда-рылады. Якутияға жер аударылудан оны ақпан төңкерісі құтқа-рады.

1917 жыл Ж.Ақбаев және оның жақтастары үшін жемісті ке-зең болды. Бұл кезеңде " Алашорда" идеологиясы айқын қалып-тасып, тұңғыш саяси ұйым " Алаш" партиясы дүниеге келді. " Алаш" партиясының жұмысына белсене араласқан Ж. Ақбаев Алашорда үкіметін құруға да белсене ат салысады. Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланады. Жоғары білімді құқықтанушы ретінде ол мем-лекеттік құрылысты белгілеуде, алаш автономиясының мемле-кеттік институттары мен үкіметін құруда, оның құқықтық мәр-тебесін айқындауда белсенді роль атқарды.

1918 жылы Семей қаласы ақ казактардың қолына өтіп, Ақбаев қамауға алынады. 1919 жылы шілдеде оны ақ казактарға қарсы қарулы көтеріліске басшылық жасағаны үшін әскери-дала соты ату жазасына бұйырады. Бірақ оның халық арасындағы зор беделін өз мүдделеріне пайдалануға тырысқан ақ гвардияшылар үкімнің күшін жойып, оны босатады. Азамат соғысы аяқтал-ғаннан кейін Ж. Ақбаев Семей губерниялық революциялық комитетінің әділет бөлімін басқарады, халық ағарту бөлімінде істейді.

1922 жылдан бастап Ж. Ақбаев " Алаш" буржуазиялық-ұлт-шылдық партиясында және " Алашорда" үкіметінде болғаны үшін қуғынға ұшырайды. 1922—1924 жылдары кеңестік түрме азабын тартқан ол 1925—1930 жылдары округтік және губерниялық сот жанындағы адвокаттар алқасының мүшесі болып істейді. 1930 жылы қыркүйекте " контрреволюциялық әрекеті" үшін айыпта-лып қамауға алынады, ал 1932 жылы сәуір айында 58—10 және 59—3 баптар бойынша сотталған ол 5 жыл мерзімге Воронеж об-лысына жер аударылады. Қазақтан шыққан тұңғыш құқық ма-гистрі Алашорда үкіметінің бас прокуроры, тәуелсіздік жолын-дағы күрескер Жақып Ақбаев 1934 жылы 4 шілдеде мәңгілікке көз жұмады.

Ж. Ақбаевтың құқықтану саласындағы басты еңбегі Алаш бағдарламасының жобасы мен қазақ мемлекеттілігінің болашағы туралы идеялары болып табылады. Ол қазақ зиялыларының озық ойлы өкілдері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов-тармен бірге ұлт-азаттық қозғалыстың идеялық және ұйымдық негіздерін әзірледі, Алашорда үкіметінің саяси және құқықтық құжаттарын дайындауға қатысты.

Ж. Ақбаев қазақ қоғамының мемлекеттік-құқықтық мәсе-лелерін алғашқы зерттеушілердің бірі. Ол 1927 жылғы 27 қаң-тарда Семей мемлекеттік географиялық қоғамының жиналы-сында " Қазақ халқының шығу тегі туралы" баяндамасында қазақ мемлекетінің саяси және құқықтық

аспектілерін кърсетуге тырысты. Керей мен Жңнібек негізін қалаған қазақ хандығының ңскери-саяси бірлестік ретінде қђрылғанына назар аударған ол ″ Қасым ханның қасқа жолы″ , ″ Есім ханның ескі жолы″ аңыз-дарын да љзіндік ерекшелікпен тџсіндіреді.

Ресейдегі психологиялық қђқық мектебі саналатын ағым-ның аса кърнекті љкілі Л. И. Петражицкийден днріс алып, қазақ қђқығының сипаттамасы мен институттарын тџсіндіруде қазақ қђқықтану ғылымында алғаш рет психологиялық қђқық теория-сының принциптері мен идеяларын қолданды жңне қазақ қђқы-ғы жљнінде объективті қђқық жңне субъективті қђқық ђғымын бірінші болып пайдаланды.

**Ж. Ақбаевтың жңне басқа да қазақ зиялыларының кљптеген саяси, қђқықтық жңне ңлеуметтік идеялары Кеңес мемлекетінің заң шығарушылық жңне практикалық қызметінде пайдала-нылды. Олардың саяси жңне қђқықтық кљзқарастарының эво-люциясы қазақ қђқықтану ғылымының қђрамды бљлігі ретінде ңлі кџнге дейін маңызын жойған жоқ.**

**17.2.** Патша ұкіметі құлатылғаннан кейін 1905 жылдан өмір сүрген алаш қозғалысы қайта жанданды. 1917 жылы 21—28 шіл-деде алаш қайраткерлерінің бастамасымен Орынборда бірінші жалпықазақ съезі болып өтті. Съезге Семей, Торғай, Ақмола, Орал, Сырдария, Жетісу, Ферғана облыстарынан және Бөкей Ордасынан делегаттар қатысты. Съездің күн тәртібінде 14 мәселе қаралды. Олар: мемлекеттік басқару ісі, қазақ облыстарының автономиясы, ″ Алаш″ партиясын құру, жер мәселесі, сот, дін және әйелдер мәселесі, жергілікті басқару, халыққа білім беру және т.б.

Съезде бұрыннан айтылып келе жатқан саяси ұйым — ″ Алаш″ партиясы құрылып, оның бағдарламасын жасау жөнінде қаулы қабылданды. Партияның бағдарламасын Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Ғұмаров және тағы басқалар жа-сады. Он бөлімнен тұратын бағдарлама жобасы 1917 жылы 21 қарашада ″ Қазақ″ газетінде жарияланды.

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің 1917 жылғы ақпан төңке-рісіне дейінгі ұсынған демократиялық идеялары партия бағдар-ламасының жобасында көрініс тапты. Жобада атап көрсетіл-гендей, партияның басты мақсаты Ресей федерациялық демокра-тиялық республикасының құрамында қазақ автономиясын құру болды.

Бағдарламаның бірінші бөлімі ″ Мемлекет қалпы″ деп ата-лады. Бөлімнің мазмұнына қарай оның мемлекеттің басқару ны-саны туралы екендігін байқау қиын емес. Партия бағдарла-масында Ресей демократиялық, федеративті республика болуы тиіс деп атап көрсетіледі және демократия мен федерация ұғым-дарына түсінік беріледі. ″ Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеуі″ , яғни халық билігі, ал ″ федерация мағынасы құрдас мем-лекеттерге бірлесу, ... әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді″ . Мұндағы негізгі айтылмақ идея өзін-өзі басқаратын тең құқылы мемлекеттер одағы.

″ Алаш″ партиясы ұсынған бұл идеяны Кеңес өкіметі де Ре-сейдің федерациялық құрылысында пайдаланды. Алаш қайрат-керлерінің ұлттық автономия түріндегі мемлекеттілікке қол жет-кізуге ұмтылуының өзіндік себептері де бар еді. Оның ең басты-сы сол кездегі саяси жағдай дербес тәуелсіз Қазақстан мемле-кетін құруға мүмкіндік берген жоқ. Сондықтан да партия бағдарламасына іргесі бөлек, ынтымағы бір дербес басқарылатын автономиялардан тұратын федеративтік, демократиялық Ресей туралы қағида енгізілді.

Мемлекеттік құрылыс мәселесінде Үкімет басында — Құ-рылтай жиналысы, оның аралығында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі бір мерзімге сайлаған Президент тұр-ды. Құрылтай жиналысы тұрақты орган емес, ол мезгіл-мезгіл сессия түрінде ғана жұмыс істейді. Оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қолында болады. Ол халықты Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты Министрлер Кеңесі арқылы басқарды.

Жоғары өкілді органның екі палаталы құрылымы — парла-менттік республиканың ұсынылуы сол кездегі жағдай үшін бір-ден-бір дұрыс қағида болатын. Екі палатаның бірлескен отыры-сында сайланған Президент жоғары өкілді орган алдында жауап-ты болмады. Егер Парламент алдында Президент те жауапты болса, онда бұл органның билігі абсолютті болар еді. Сондықтан да партия бағдарламасында мемлекеттік құрылыс үшін билікті бөлісу идеясы енгізілді. Партия бағдарламасы бойынша заң шығару Мемлекеттік Дума құзырында болды және атқарушы орган қызметіне бақылау жасау мүмкіндігі берілетін сауал салу құқығы да берілді.

Партия бағдарламасының бірінші бөлімінде демократияның ең жарқын көрінісі — сайлау туралы да айтылады. Жоба авторла-ры демократиялық сайлау жүйесін ұсынды. ″ Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады″ . Яғни, азаматтардың сая-си құқығы шыққан тегі, діні, сенімі, қызметі, мүлкі және жы-ныс айырмашылығына қарамай, барлығының сайлау құқығын жүзеге асыру арқылы бекітіледі.

Ѓасырлар бойы халыққа ауыртпалық болып келген са-лықтың халықтың љздері сайлаған љкілді орган — Мемлекеттік Думаның келісімінсіз салынбауы да алаш қайраткерлерінің заң-сыздық пен озбырлыққа жол бермеуге ђмтылысынан туған. Љйткені, мемлекеттік қазына мен халықтың тђрмыс деңгейі де кљп жағдайда салық саясатына тікелей байланысты еді. Жоба авторлары ђсынған салық салудың пропорционалды жџйесі љте ізгілікті жңне демократиялы қағида болатын. ″ Салық байлық деңгейі мен жалпы дџние-мџлік жағдайына сңйкес алынуы шарт, бай-кљбірек, кедей-аздау тљлесін″ . Салық салудың мђндай тңртібі ңділеттілік талаптарына жңне қазіргі заманға да толық сай келеді.

Бағдарлама жобасының ″ Жергілікті бостандық″ деп аталатын бљлімінде қазақтар мекендейтін облыстарда тђратын барлық ђлттар џшін автономия кђру туралы мңселе ең бірінші кезекке қойылады. Онда былай деп аталады: ″ Қазақ жџрген облыстар-дың бңрі бір байланып, љз тізгіні љзінде болып, Ресей республи-касының федерациялық бір ағзасы болуы. Реті келсе, қазақ авто-номиясы достас халықтармен ңзірге бірлесе болуы, реті келмесе бірден-ақ љз алдына жеке болуы. Қайткенде де осы кџнгі зем-стволықты қабыл алуы″ .

Бағдарлама жобасында ″ Алаш″ партиясының қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарда қызмет ететін адамда-рының халыққа пайдалы да, адал қызмет ететін механизм жасау жљнінде ђсыныс жасайтыны жңне оны љмірге енгізу џшін кџре-сетіндігі туралы да сљз болады. Ал земство басқармалары мен милицияларында адал адамдардың қызмет етуі џшін оларды халық қалауына ђсыну туралы идея жергілікті басқарудың таза демократиялық тџрін білдіреді. ″ Алаш″ партиясы ңділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Кџш-қуатын игілік жолына жђмсап, жђртын тарықпау жағына бастайды″ .

Заңсыздық пен озбырлыққа жол бермеуді басты мақсаттың бірі ретінде кљрсеткен бағдарлама жобасынан ңділдік пен адамгершілік желінің қалай есетінін де байқау қиын емес. Жоба авторлары мђнда ″ жебірлер″ деп басқаға қиянат жасаған, қор-лық, зорлық кљрсеткен, ңділеттің ақ жібін аттағандарды меңзеп отыр. Азаматтардың қђқықтары мен бостандықтарын бђзатын-дарға аяусыз кџрес жџргізуді мақсат тђтқан ″ Алаш″ партиясы ңлеуметтік-ңділеттілік саясатын жџргізуге ђмтылды.

Бағдарлама жобасының џшінші бљлімі (″ Негізгі қђқық″ ) на-ғыз таза демократиялық жңне адамгершілік принциптеріне кђ-рылып жасалған. ″ Ресей республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-ңйел демей барлық адам тең қђқылы болады. Жиылыс жасауға, қауым жасауға, жария сљйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға — еркіншілік″ . Азаматтардың табиғи жңне саяси кђ-қықтарының сақталуын қамтамасыз ететін мђндай ең демок-ратияшыл, ізгілікті идеялар сол кезде Ресейдің бірде-бір заңында жарияланған емес.

Адамның аса маңызды қђқықтары болып табылатын бђл принциптер тіпті алғашқы Кеңестік заңдарда да кездеспейді. ″ Алаш″ партиясы қайраткерлері кљрсеткен, тарихи тђрғыдан алғанда љз уақытынан идеялық жағынан озып кеткен бђл прин-циптер 78 жылдан кейін ғана 1995 жылғы Қазақстан Республика-сының Конституциясында љз орнын тапты. Тђрғын џйге қол сђ-ғылмаушылық принципі де бағдарлама жобасынан қалыс қал-маған. Мемлекеттік қызметкерлердің џй иесінің рђқсатынсыз џйге кіре алмауы Кеңестік конституцияларда да мойындалға-нымен, ол жылдар бойы љрескел бђзылып келді.

Жоба авторларының іс жџргізу — қђқықтық мңселелерге ар-налған қағидалары да жеке адам қђқықтарының ерекше маңыз-ды қђқықтық кепілдіктерінің бірі болып табылады. Бағдарлама жобасындағы ″ заңсыз жолмен ешкімді љкімет адамдарының ђстамауы, сот сђрамай, билік айтылмай, тђтқын қылмауы, қыл-мысты болған адамға судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай″ қамауға алу туралы санкция ђсыны-луы тиіс екендігі адам қђқығының кепілдігі туралы маңызды қа-ғиданың бірі. Бђл қағида тергеу орындарының озбырлық ңре-кеттеріне қарсы бағытталған.

Бағдарламаның ″ Билік ьңм сот″ деп аталатын бълімінде сот билігі жңне оның ішінде билер соты туралы айтылады. Билік пен соттың ңр халықтың тђрмысы мен ңдет-ѓђрып ерекшеліктеріне қарай жцргізілуіне басты назар аударған бағдарлама авторлары халыққа таныс емес қђқықтық нормаларды енгізуге қарсылық білдіреді. Олардың айтуынша, қђқықтық нормалар мен билік халықтың тђрмыс тіршілігі мен даму деңгейіне сңйкес болуы ке-рек, яғни соттар істі ңрбір халықтың тђрмыс жағдайларына қа-рай қарауға тиіс. Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты ескерген алаш қайраткерлері ″ қырдағы ауыл, болыс ішінде билік пен сот жђрт ђйғарған ереже жолымен атқарылғаны жън″ деп табады. Мђндағы ″ жђрт ђйғарған ережелер″ деп қазақ билерінің тцрлі жиындарда сот істерін шешу кезінде басшылыққа алған ережелері айтылып отыр.

Аталған бълімде билік ету жңне сот жцйесінің басқа да қа-ғидалары кьрініс тапқан. Олар: би мен судьяның жергілікті ха-лықтың тілін білуі, аралас халық тђратын жерлерде соттың тер-геу-тексеруі мен шешімі сол жердегі кьпшілік болып табылатын халық тілінде жцргізілуі, билер мен судьяның тергеусіз орнынан тцспеуі, заң мен сот алдында барлық адамдардың тең болуы, қђдайдан кейінгі ең кцшті би мен судья болып танылып, барлық адамның солардың цкіміне мойынсђнуы, сот шешімінің дереу орындалуы, ауыр қылмыстардың присяжный сотта қаралуы, қа-зақ кьп жерде сот тілінің қазақ тілінде болуы, присяжный-лардың қазақтан алынуы жңне т.б. Жоба авторларының кцрделі емес істерді билер мен судьялардың жеке қарауына, ал қатаң жаза қолданылатын істерді присяжныйлар сотының қарауына ђсынуы адам қђқықтарын қђрметтеудің нағыз демократиялық идеялары болып табылады.

″ Алаш″ партиясының бағдарламасын жасаушылар мемлекет-тің зайырлық негізін бекітудің қажеттігін де атап кьрсетті. ″ Дін ісінің мемлекет ісінен бьлінуі″ бағдарлама жобасындағы прог-ресшіл маңызды кьрсеткіштердің бірінен саналады. Мђндағы ең басты нңрсе — діннің мемлекет ісіне, мемлекеттің дін ісіне ара-ласпауы. ″ Дін біткенге тең қђқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық″ . Яғни, ңркім діни сенімі бойынша тең жңне еркін. Діни сенімі бойынша артықшылық немесе кемсітушілікке жол берілмейді.

Ислам дінінің Қазақстанға сырттан енгенін жңне оны тара-туда Орта Азия мен Татар діни орталықтарының белсенді роль атқарғанын ескерген қазақ зиялылары қазақтардың ьз алдына муфтиі немесе діни орталығы болуы қажет деп есептеді. Неке қию мен ажырасу, балаға ат қою мңселелерінің молдаларға бері-луі мђсылмандық неке қђқығының прогресшіл жақтарын ескер-гендіктен енгізілген болса керек.

Кцйеуге шығу қђқығы ңйелдердің ьздеріне байланысты бол-ды. Қалың мал жойылды, молдалардың 16 жасқа толмаған қыз-дар мен 18 жасқа толмаған ер балалардың некесін қиюына тиым салынды жңне неке қию кезінде молдалар екі жақтың: қалың-дық жағының да, кцйеу жағының да келісімін алуға тиісті болды. Жесір дауының сотта қаралуы да ңйелдер қђқығын қамтамасыз ету шараларының бірі еді.

Бағдарлама жобасында ел қорғау мңселесіне де басты кьңіл бьлінген. Ңскер жасына жеткендерді жергілікті жерлерде ңскер ісіне цйрету жңне қызмет еткізу ђсынылды. Алаш кьсемдерінің бірі М. Дулатов мемлекет қауіпсіздігі мен ел қорғаны туралы былай деп жазады: ″ Кімнің білегі жуан болса, сол жђрт болады. Кім кцшті болса, сол дегеніне жетеді″ . Ол ьз алдына дербес мемлекет болу цшін алдымен ңскер жасақтау қажеттігін, кцшті ңскердің болуы басқа елдерді санасуға мңжбцр ететінін айтады. ″ Бђл заманда ңскері жоқ жђрт — жђрт емес, қђл. Біз қазір екі жолдың тарауында тђрмыз. Қайсысына тцссек те, ерік ьзімізде. Бір жол — қђлдық жолы… Екінші жол — жђрттық жолы. Осы бастан автономия алудың қамына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды кьрсетсек, Алаш Орданы цкіметіміз деп тіресіп қорғасақ, бізді ешкім басынбайды. Цкіметі бар, ңскері бар жђрт деп бізбен ңркім есептеседі″ .

Бағдарлама жобасындағы жер мңселесінде бђрынғы жылда-ры қазақтардан жердің жаппай тартып алынғаны ескеріліп, жер-ді ең алдымен тђрғылықты халыққа қайтарып беруде ңділ шешу міндеті қойылған жңне жерді сатуға цзілді-кесілді тиым салын-ған. Жердің бцкіл байлығы; кені,

қазынасы, љзендер мен кљлдері жңне ағаштары мемлекет меншігінде болуы тиіс екендігі айрық-ша атап кљрсетілген.

Бағдарламаның ″ Ѓылым-білім цйрету″ деп аталатын бљлімін-де ″ оқу ордаларының есігі ңркімге де ашық жңне ақысыз. Білім барша жѣрттың игілігі болуға тиіс″ деген љте қѣнды қағида бар. Бағдарламада, сонымен бірге, бастауыш мектептерде ана тілінде оқытылу, қазақтардың љз тілінде мектеп, университет ашуы, оқу орнының љз алдына автономия тцрінде болуы, цкіметтің оқу црдісіне араласпауы, мѣғалімдер мен профессорлардың сайланып қойылуы, ел ішінде кітапханалардың ашылуы туралы ѣсыныстар бар. Бѣл қағидалардың қазіргі кцнге дейін мңні жоғары.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев XX ғасырдың басында қазақтың ѣлттық идеясы мен ѣлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан саяси қайраткерлердің жанкешті қызметін жоғары бағалап, ″ Тарих толқынында″ деген кітабында былай деп жазды: ″ Алаш″ партиясының бағдарламасын жцзеге асыру барысында дңстцр мен жаңашылдықты ѣштастыру арқылы бѣрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайшылықтардан арылуға мцмкіндік туды. Онда тѣжырымдалған љтпелі кезең қағидалары жаңғырту қарекетін біршама жцйелі атқаруға жағдай жасады… Олардың ѣлттық бағдарламасы сол тѣста љлкеде тѣрған барша ѣлттың бас біріктіруіне жағдай туғызды. Бір сљзбен айтқанда, олар елді љркендетудің демократиялық баламасын ѣсынды, бірақ ол авторитарлық црдістер салдарынан жцзеге аспай қалды… Келешек ѣрпақ љз кезегінде, жаңа басталған тарихымыздың ең бір кцрделі кезеңінде тңуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына қазақ зиялыларының кљзге тцсе бермейтін, бірақ мейлінше игі цлес қосқанын дѣрыс бағалауы тиіс″ .**

## 18-тақырып.

## ХХ ғасырдағы саяси жңне кђқықтық ілімдер

**18.1.** ХХ ғасырда қалыптасқан саяси ахуалдың ерекшеліктері.

**18.2.** ХХ ғасырдың басындағы саяси-кђқықтық ілімдер.

**18.3.** Батыс Европа жңне АҚШ-тағы саяси-кђқықтық ілімдер.

**18.1.** Жиырмасыншы жүзжылдық бүкіл ңлемдік тарихта ең саясаттандырылған кезеңдердің бірі. Кђқық, мемлекет, саясат мңселелері бђл ғасырда болып лткен ңлеуметтік сілкіністерге жңне бђқаралық қозғалыстарға байланысты алдыңғы орынға кљтерілді. Екі дүниежүзілік соғыс, діни жңне ђлттық айырмашы-лықтарға негізделген аймақтық соғыстар, дағдарыстар, револю-циялар мен саяси тљңкерістер, тоталитарлық режимдердің қалып-тасуы жңне кђлауы, отаршылдық жүйенің қирауы жңне кљптеген жаңа мемлекеттердің, халықаралық ђйымдардың пайда болуы жңне адамның теңдігін, кђқықтары мен еркіндіктерін бүкіл ңлемдік мойындау — міне, осының бңрі ңртүрлі ңлеуметтік саяси бағдардағы ойшылдар мен ғалымдардың мемлекет, кђқық жңне саясатқа қатысты теориялық қызметтеріне ықпал етті.

Азаматтық қоғамның онан ары дамуы саяси бљлектену (от-чуждение) жңне оны практикалық тђрғыда игеру мңселелерін күн тңртібіне қойды. Мемлекеттің лзі түбірлі лзгерістерге ђшы-рады. Жалпыға бірдей сайлау кђқығының барлық жерде бекіті-луі, бђқаралық ақпарат кђралдарын пайдалана отырып саяси билікке ђмтылған саяси партиялар мен лзге қоғамдық ђйымдар жүйесінің дамуы мемлекет жңне кђқық туралы ілімдердің мил-лиондаған сайлаушылардың саяси-кђқықтық санасы мен қоғам-дық пікірге тікелей ықпал жасауына ңсерін тигізді.

Мемлекеттің рљлі ендігі жерде тек азаматтық қоғамды, аза-маттардың кђқықтары мен еркіндіктерін қорғаумен ғана шектел-мейтіндігі белгілі болды; бђл еркіндіктер мен кђқықтарды жүзеге асыру бірқатар ңлеуметтік, экономикалық, экологиялық жңне лзге мңселелерге бағытталған мемлекеттің позитивті ңрекетін талап етті.

Мемлекет туралы мңселе жиырмасыншы ғасырдың бүкіл ңле-уметтік қақтығыстарындағы негізгі мңселелердің біріне айналды. Осыған орай мемлекеттің мңні, кђрылымы мен мақсаты туралы ңр алуан пікірлер қалыптасты.

Тоталитаризмнің идеологтары демократия тек олигархтар мен плутократтарға ғана тиімді деп есептеді. Олар демократияны теріске шығарып, азаматтық қоғам қатынастарын мемлекеттен-діруге жңне милитарландыруға, қуатты бір партиялық мемлекет кђруға жңне біртђтас партиялық-мемлекеттік идеологияны енді-руге шақырды. Фашистік мемлекеттің негізін қалаушы Бенито Муссолини тоталитаризмнің статусын былайша белгілейді: ″ Бар-лығы Мемлекет үшін, Мемлекеттен лзге ештеңе, Мемлекетке қарсы ештеңе″ .

Тоталитаризмнің саяси идеологиясына љркениеттің демокра-тиялық кђқықтарын, кђқықтық мемлекет пен парламентаризм-нің дңстүрлі идеяларын қорғайтын концепциялармен қатар мем-лекеттің љктем билігін азаматтық қоғам ђйымдарының кђқық-тарымен шектеуді негіздейтін ″ билік диффузиясы″ жңне мора-листік демократия теориялары қарсы тђрды. Бірақ тоталитарлық идеологияның қалдықтары күні бүгінге дейін неофашизм немесе неођлтшылдық түрінде ғана емес, елді дағдарыстан шығарып, барлығын азықпен жңне жђмыспен қамтамасыз ете алатын авто-ритарлық билік идеясы түрінде де сақталып отыр.

Мемлекеттің экономика саласындағы дағдарыстарды игеру-дегі мүмкіншілігін, мүліктік теңсіздікке байланысты азаматтық қоғамда орын алатын қақтығыстарды бңсеңдетуге бағытталған оның ңлеуметтік функциясының мңні мен маңызын жиырма-сыншы ғасыр дңлелдеп берді. Қазіргі мемлекет тек демократия-лық жңне кђқықтық ғана емес, адамның еркін дамуы мен лай-ықты љмірін қамтамасыз етуші саясатты ђстанатын ңлеуметтік мемлекет болуы керек. Қазіргі демократиялық социализм, нео-либерализм теориялары, ңлеуметтік мемлекет концепциялары мемлекеттің осы қасиеттерін зерттеу мен негіздеуге арналады. Алайда, жиырмасыншы ғасырдың кейбір партиялары мен мемле-кеттерінің саясатында мђндай ″ гипермемлекетті″ сынайтын нео-консервативтік бағыттағы ағымдар да болды (″ рейганомика″ , ″ тэтчеризм″ жңне т.б.). Ал бір жағынан олардың ″ билік фено-мені″ анархо-синдикалистер, ″ жасылдардың ″ экологиялық қоз-ғалысы жңне лзге де бђқаралық қозғалыстар тарапынан сынға ђшырады.

**ХХ ғасырда саяси-кђқықтық доктриналардың методология-лық негіздері жаңарды, олардың ђйымдық аппараты толықты, саяси-кђқықтық идеологияның жаңа бағыттары пайда болды. Алайда бђл жүзжылдықтағы саяси жңне кђқықтық ілімдердің негізгі тақырыбы болып азаматтық қоғам мен мемлекет арақаты-насы мңселесі қала берді. Бђл мңселеге қатысты ңр алуан саяси жңне кђқықтық идеялар, теориялар мен бағдарламалар қалып-тасты. Соған қарамастан, ХХ ғасырдың қоғамдық-саяси прак-тикасы азаматтық қоғам**

**дамуының идеологиялық негіздеріне (принциптері, аксиомалары) жатқызуға болатын бірқатар маңыз-ды қағидаларды дңлелдеді.**

**18.2.** XX ғасырдың басында социалистік саяси-құқықтық идеологиямен қатар капиталистік жолмен азаматтық қоғам да-муына бағдар ұстаған буржуазиялық саяси-құқықтық ойдың бір-қатар басым бағыттары (ынтымақтастық, институционализм, психологизм және т.б.) болды. Бұл бағыттар XX ғасырдың саяси және құқықтық ілімдеріне едәуір ықпал етті. Егер социалистік саяси идеялар саласындағы басты жаңашылдықтар синдикализм және социал-реформизм болса, ал теориялық құқықтану сала-сында жаңару Л. Дюгидің және М. Ориудің әлеуметтік-позити-вистік құқықтануымен байланысты болды.

Құқық теоретигі конституционалист Леон Дюги (1859—1928) Францияда туып өсті. Ол өзінің саяси-құқықтық концепциясын ынтымақтастық идеясына негіздеп құрды. Мемлекеттану мен құқықтануда түбірлі өзгерістер жасау үшін Дюги заңгерлік ғылымдағы О.Конттың ізінше ол да ″ метафизикалық″ деп атаған кейбір ұғымдарды алып тастау керек деп есептеді. Олардың қа-тарына ол ″ мемлекеттің егеменді тұлғасы″ , ″ тұлғаның субъектив-ті құқығы″ ұғымдарын жатқызды және ″ заңгерлік ахуал″ , ″ функ-ция″ , ″ әлеуметтік құқық″ сияқты жаңа ұғымдарды жақтады. Оның негізгі еңбегі ″ Конституциялық құқық туралы трактат″ (1911) деп аталады және бұл еңбегінде ол жоғарыдағы жаңашылдықтардан өзге конституциялық құқық пәнінің өзін дәл анықтауға ұм-тылды.

Құқықты әлеуметтік заңгерлік бағытта түсіндіруге тырысқан Дюги өзінің ілімін қалыптастыруда әлеуметтік позитивизмнің беделді өкілдеріне (Сен Симон, О. Конт, Г. Спенсер) және өз замандасы Э. Дюркгеймге (ол өзінің методологиялық сипаттағы жұмыстарында ″ құқық әлеуметтік фактордың нәтижесі″ деп есептеді/ сүйенді.

Эсмен, Еллинек және т.б. субъективтік құқықтың ″ шіріген концепциясының″ негізінде ″ схоластикаға өте ұқсас″ заңгерлік техниканы құрастырған барлық құқықтанушыларға қарсы Дюги ″ жалпы билік тек айғақ қана″ деген тезисін жариялайды. Оның пікірінше, ұжымдылықтың ескі нысандарындағы мемлекеттер -римдік, корольдік, якобиндік, наполеондық, Франциядағы үшін-ші республика нысанындағы мемлекеттер жойылып, олардың ор-нына ″ индивидті қорғайтын, неғұрлым икемді″ жаңа мемлекеттік құрылыс орнайды. Бұл құрылыс екі элементке негізделеді. Бірінші элемент — бұл жалпы бүкіл адамзатты және кез-келген әлеуметтік топтың мүшелерін біріктіретін (күштілер және әлсіздер үшін, көпшілік және азшылық үшін, басқарушылар жә-не бағынушылар үшін) ″ өзара бағыныштылық айғағына″ негіз-делген әлеуметтік норма концепциясы. Екінші элементі орта-лықсыздандыру (оның өзгеше атауы синдикалды федерализм). Дюги қазіргі қоғам синдикатқа ұйымдасатын федерализмге ай-налады дей отырып, революциялық синдикализмге қарсы шыға-ды да, біріктіруші идеяны бастауын О. Конттан алатын позитивті әлеуметтік философиядағы ынтымақтастық (солидаризм) кон-цепциясынан иемденеді.

″ Өзара әлеуметтік бағыныштылық″ деген мағынаны білді-ретін бұл ынтымақтастық идеясын құқықтық проблематикаға енгізу Дюгиге жалпы және жеке құқық мәселелерін қайта қара-уға негіз болды. Ұжымдар мен индивидтердің құқықтарының жаңа жүйесін негіздеуде Дюги капиталистік қоғамдағы таптар күресін емес, керісінше олардың арасындағы тығыз байланысты (ынтымақтастықты) алдыңғы орынға қояды, өйткені олар еңбек-тің қоғамдық бөлінісінде бірдей жұмыстар атқарады. Адамдарды бір әлеуметтік топқа бұл өзара бағыныштылық Э.Дюркгеймнің ″ Еңбектің қоғамдық бөлінісі″ еңбегінде көрсетілгендей, жалпы қажеттіліктерді өтеу барысында әркімнің үлесіне тиетін жұмыс-тың әртүрлі бөліктерінің өзара байланысынан келіп туындайды.

Әлеуметтік ынтымақтастықтан өзге адамдарды жаңа қауым-дастыққа біріктіретін нәрсе — бұл ұжымдар мен индивидтердің құқықтарынан емес, әлеуметтік нормадан туындайтын жүріс-тұрыс ережелері. Адамдар әлеуметтік жандар болғандықтан, әлеуметтік норманы бұзатын кез-келген акт міндетті түрде ″ әлеуметтік қарсылық″ туғызады. Сондықтан да бұл осы тәртіп (дисциплина) пен бірлестіктің себебі бола алады. ″ Кез-келген барлық қоғам тәртіп, ал адам қоғамсыз өмір сүре алмайтын-дықтан, ол тек белгілі бір тәртіпке бағынып қана өмір сүре алады″ . Адамдардың өзара

тңуелділігіне сай бірігуіне негізделген ңлеуметтік норма туралы тақырыпты концептуалды тцрде лъңдей отырып, Дюги оны ғылымның, қоғам мен жеке адамның ке-лешек лъмір сцруіндегі маңызымен байланыстырады. ″ Эвклид лъзі-нің бцкіл геометриялық жцйесін параллельдер постулатының нң-тижесінде негіздегені сияқты қазіргі адам да бцкіл саяси жңне ңлеуметтік жцйені барлығы цшін міндетті жцріс-тђрыс нормала-ры негізінде қђра алады″ .

Ңлеуметтік норма моральдық норма емес, бірақ оны қђ-қықтық норма деп есептеуге болады. Қђқықтық норма сияқты ол да адам еркінің сыртқы кърiністеріне қатысты, ал оның ішкі лъмірі цшін міндетті емес. Оның цстіне ңлеуметтік норманы Дю-гидің пікірінше, ″ қоғамдық лъмірдің органикалық заңы″ ретінде қарастыруға болады. Қђқықтық ойдың кльп ғасырлық тарихында қолданылып келген қђқықтық норма ђғымын ығыстырмақшы болған ңлеуметтік норманың осындай ерекшеліктері болды.

Дюги ″ субъективті қђқық″ жңне ″ объективті қђқық″ термин-дерінен толығымен бас тартпайды, тек қалыптасып келе жатқан қоғамдық қђрылыста субъективті қђқықтың метафизикалық концепциясына орын жоқ, ол қолданыстан шығады жңне қоғам-ның ңрбір мцшесіне ңлеуметтік міндет жцктейтін объективті қђ-қыққа орын береді.

Дюгидің қђқықтануды концептуалды жаңарту саласындағы шығармашылығы лъз заманында жђртшылыққа кең танымал бол-ды. Ескі ђғымдарды қайта бағалау мен дңстцрлі къзқарастарды лъзгертуге жағдай жасады.

Жиырмасыншы ғасырдың басында ынтымақтастықпен қа-тар институционализмнің саяси-қђқықтық идеялары да қалып-тасты. Институционализм ңрбір қоғамдағы отбасы, бір кңсіптің мцшелері, ерікті ассоциациялар жңне т.б. ђжымдарды (ңлеумет-тік қауымдар, мекемелер) интегративті, яғни қоғамды ђлт-мем-лекетке біріктіруші мекемелер ретінде қабылдайды.

Институционализм теориясының кърнекті лъкілі Морис Ориу (1859—1929) мемлекет пен индивид мцдделерінің қарама-қай-шылығы мңселесін біздің заманымыздың алғашқы ғасырла-рындағы христиандық ђжымшылдық рухында, оны қазіргі ңлеу-меттік-тарихи ахуалға бейімдей отырып тцсіндіруге тырысты. Ин-ституция теориясы либералдық теорияның концептуалды лъзегін қђрайтын келісім теориясын жңне социалистердің командалық-ңкімшілік заңдылығын пайдаланудан бас тартып, бірқатар жаңа қағидаларды алға тартты.

Институция теориясының лъзегін тепе-теңдік идеясы қђрай-ды. Кезінде мђны лъзінің биліктердің ажыратылуы теориясында Монтескье қолданған болатын. Бђл идея бойынша қазіргі мем-лекеттердің бцкіл лъмірін ″ кцрделі жңне шым-шытырық жцйеге біріккен шексіз ңлеуметтік тепе-теңдіктер″ тцрінде елестетуге болады. Тепе-теңдіктің осындай жцйелерінің бірі қђқықтық қа-тынастар болып табылады. Қђқық идеясы лъзінің негізінде тңртіп идеясы болып саналады, ал ескі юриспруденцияның заңгерлері бђл тңртіпті қђдайдың бекіткен қђдіреті ретінде қарады. Инсти-туционализм теориясының лъкілдері мђнымен келіспейді. М. Ориу лъзінің ″ Жалпы қђқық принциптері″ еңбегінде былай деп жазды: Біз қоғамдық прогрестің сызығы болатын белгілі бір бағытқа ғана сенеміз. Ңлеуметтік идеал жңне заттардың, қђбылыстардың реті деген болады… бірақ оны ешкім бекітпейді, ол пайда бо-лады″ .

М. Ориу бойынша, жалпы қђқықты басқарудың мемлекеттік режимі қђрайды. Мемлекет саяси, экономикалық жңне заңгерлік режим ғана емес ″ ђлтты басқаратын, индивидтің лъмір сцретін ортасы″ да болып табылады. Мемлекеттік режимнің ықпал ету объектісі азаматтық лъмір жңне ол саяси билік пен жеке мен-шікке бълінумен сипатталады. Бђл екі жік ђлттың мемлекетке дейінгі ђйымдарында ″ ңрқашан бірге болатын″ . Мемлекеттік режим тђсындағы бђл саяси билікке жңне еркіндікке бълiну қос параллельдік процестер — қђқықты орталықтандыру жңне саяси билікті орталықтандыру арқылы іске асады.

Ђлттық (жалпы мемлекеттік) қђқықты орталықтандыруда қђқықтық нормалар мен санкцияларды

орталық саяси билік бекітеді жңне оны жеке меншіктен бљлінген љкіметтік билік, яғ-ни сот жңне ңкімшілік биліктері жцзеге асырады. Кђқық норма-ларына қатысты заңгерлік орталықтандыру былайша іске асады. Ол ңдет-ғђрыпты жазба заңға алмастырудан келіп шығады. Жал-пы билік заңды бекіту жоралғысына (процедурасына) қатысады, ал ңдет-ғђрыпты бекітуге қатыспайды. Жазба заң тђрақтылы-ғының ңдет-ғђрып тђрақтылығынан айырмашылығы бар: ″ Онда љзгермеліліктің цлесі жоғары, демек жалпы еркіндіктер жиынты-ғы да молырақ, љйткені еркіндік љзгерістердің болу мцмкіндігін цнемі қажет етеді. Жазба заң да ңдет-ғђрып сияқты мңңгі қол-данысқа ђмтылғанымен, оны љкімет шешімі љзгерте алады, ал ″ ңлеуметтік билікте ңдет-ғђрыпты ңдеттегідей љзгерте алатын жо-ралғы жоқ″ .

Кђқықтық қатынастар ңлеуметтік функцияларды орындай отырып адамдардың, ңлеуметтік топтар мен таптардың қайшы-лықтары теңестірілетін ңлеуметтік ңлемнің саласы болып табы-лады. Қазіргі ђлттық немесе ђлтаралық ңлем ңрқашанда кђқық-қа негізделген ңлем. Кђқық тђлға мен қоғам арасындағы мңңгі қарама-қайшылықты біріктіреді. Ңрбір кђқықтық жцйе бір жа-ғынан индивидтің кђқығын, екінші жағынан қоғамның кђқы-ғын қалыптастыра отырып, барлық кђқықты тђлға мен қоғамға бљліп береді.

Бђл бљлініс ңлеуметтік антагонизммен қатар тепе-теңдік жцйесін де қалыптастырады. Осылайша кђқықтық тңртіп ңрбір қоғамда индивид пен қоғамның арасындағы қайшылықты ғана емес, қоғамдық тђрмыстың кљптеген љзге жцйелерін — азамат-тық, жалпы халықтық, коммерциялық, ңскери жңне т.б. теңесті-реді. Болмыстың барлық бђл нысандары, Ориу бойынша, тепе-теңдік жағдайда болады, бірақ азаматтық тђрмыс осы бцкіл жцй-енің негізгі љзегін кђрайды. Кђқықтық тепе-теңдік жцйесінің ерекшелігі оның ықпал етуінің ңмбебаптығында (универсалды). Ол тек билікке, экономикаға ғана қатысты емес, бцкіл ңлеумет-тік љмірді қамтиды.

Ориудың ілімінде кђқықтық тңртіп жңне кђқықтық кђ-рылыс екі мағынаны білдіреді. Кђқықтық тңртіптің мақсаты бір-қатар процестер мен процедуралардың кљмегімен ңділеттілік љл-шемін кђқықтық кђрылысқа енгізу. Оның бірінші тңсілі (″ со-фистикалық шешім″ ) ″ кцш кђқықты қалыптастырады″ деген ма-қалға сай, айғақтық жағдайларды кђқықтық жағдайларға айнал-дыру (заңдастыру). Ңділеттілікті енгізудегі заңгерлік техниканың екінші тңсілі (антропоморфизм) ңлеуметтік институттарды персо-нификацияландырумен (тђлғалан-дырумен) байланысты. Бђл ңр-тцрлі ңлеуметтік топтарда кљрінетін тђрпайы кцштердің орнына адам санасына тңн ңділеттілік сезімін егуді білдіреді. Ориудың пікірінше, адам цшін љмір сцріп отырған ңлеуметтік институт-тарға гумандылықты енгізу игі нңтиже береді.

XIX—XX ғасырлардың аралығында дербес білім сапасы ретінде қалыптаса бастаған психология ғылымы мен ондағы зерттеудің эксперименталдық тңсіліне сцйенген ғылыми мектеп-тердің (рефлексология, бихевиоризм, фрейдизм жңне т.б.) кең танымалдылығына орай, оған деген қоғамтанушылардың қызы-ғушылығы арта тцсті. Бђл мектептің кейбір идеялары қоғамдық-саяси ойдағы жаңа бағыттардың қалыптасуына ңкелді.

Кђқық саласында љзіндік психологиялық теорияның негізін қалаған Петербург жңне Варшава университеттерінің профессо-ры Лев Иосифович Петражицкий (1867—1931) болды. ″ Адам-гершілік теориясымен байланыстағы мемлекет жңне кђқық тео-риясы″ деген еңбегінде ол кђқық феноменін ″ адамнан тыс не-месе олардың арасындағы кеңістіктен, ңлеуметтік ортадан″ емес, индивидтің психикасынан іздеу қажет″ деп жазды. Петражицкий кђқықты индивидтің психологиясы тђрғысынан тцсіндіру љзін-дік бақылау жолымен (интроспекция тңсілі) алынатын шынайы білімге негізделген заң ғылымын қалыптастыруға мцмкіндік береді деп санады.

Кђқықтың қайнар кљзі эмоция (сезім) дей отырып, ол љзі-нің ″ эмоционалдық теориясын″ индивидтің еркі немесе ђжым-дық санасына негізделген кђқықтың љзге психологиялық тео-рияларына қарсы қояды. Эмоциялар психиканың басты қорғау-шы элементі ретінде адамдарды қылық жасауға итермелейді. Адамдардың арақатынасын айқындайтын эмоциялардың екі тцрі бар: моральдық жңне кђқықтық. Моральдық эмоциялар — бђл біржақты адамның љз парызын

сезінуімен байланысты ішкі императивтер. Егер лъз парызымызѓа сай қайыр-садақа берсек, бђл қайыршының бізден акция талап етуге қђқыѓы бар деген ђѓымды туѓызбайды. Ал қђқықтық эмоциялар екі жақты болып табылады, одан туындайтын нормалар атрибутивті-императивті (кесімді-бђйырушы) сипатқа ие болады, онда парыз сезімі лъзге-лердің қђқыѓы туралы къзқараспен байланыстырылады.

Петражицкийдің теориясы қђқық ђѓымын лъте кеңейтіп жі-береді. Ол лъзара қарым-қатынас туралы кез-келген тџсінікті қђ-қықтық эмоцияѓа жатқыза отырып, қђқықтық нормалардың қа-тарына ңртџрлі ойындарды, сыпайыгершілік ережелерін, этикетті жңне т.б. жатқызады. Ол қђқықтық нормалар қоѓамдық қаты-насқа тџсушілердің эмоцияларының келісімі негізінде қалыптас-пайды, оны жекелеген ңрбір индивид қалыптастырады деп есеп-теді: ″ Тек бір индивидтің психикасындаѓы къңіл кџйлерді лъзге-лері мойындамаѓанымен, ол қђқық болып қала береді.

Ңдет-ѓђрыптар мен заң шыѓарушылық дамыѓанымен, ол индивидуалдық қђқықтық къңіл-кџйлерді толыѓымен теріске шыѓара алмайды. Қазіргі мемлекеттерде мысалы ресми қабыл-данѓан қђқықпен қатар къптеген интуитивті қђқық жџйелері де бірге лъмір сџреді, мысалы, бекзаттық (аристократиялық)қђқық, шаруа қђқыѓы, пролетарлық қђқық, қылмыстық ђйымдардың қђқыѓы жңне т.б. Психологиялық теория бђл тђрѓыда қђқықтық плюрализм идеяларына жақындайды, бірақ онда ңлеуметтік тап-тар мен топтардың қђқыѓы индивидуалистік қырынан тџсінді-ріледі: ″ Индивидтер қанша болса, интуитивті қђқық та сонша″ .

Ңрбір елдегі интуитивті жңне ресми қђқықтың арақаты-насы, Петражицкийдің ілімі бойынша, мңдениеттің даму деңгей-іне, халықтың психикалық жаѓдайына байланысты болып келеді. Оның пікірінше озық џлгілі заң шыѓарушылық қоѓамның мң-дени қабаттарының дамуын жеделдетеді. Заң шыѓарушылық ре-формалары ѓылыми білімнің негізінде жџзеге асуы тиіс. Ол қђ-қық философиясын екі дербес ѓылымѓа бъледі: ″ қђқық теориясы жңне қђқық саясаты. Қђқық теориясы, идеализм мен метафи-зиканың ешқандай элементтерінсіз позитивті ѓылым болуы тиіс. Ал қђқық саясаты қолданбалы пңн ретінде қђқық туралы білімді қоѓамдық идеалмен біріктіруі қажет, яѓни бђрынѓы табиѓи-қђқықтық ілімдердің мазмђнын қђрайтын мңселелердің ѓылыми шешімін беруі тиіс.

Петражицкий қђқық саясатын практикалық іске асыруѓа қатысты мңселені кең қамтымайды. Ол лъзінің жаңа заңгерлік ѓы-лымының негізгі принциптерін белгілеуді жңне оның қажет-тілігін негіздеуді ѓана міндет санады: мемлекеттің қђқықтық сая-сатындаѓы басты баѓыт мңжбџрлеуші шараларда емес, адамдарѓа тңрбиелік жңне мотивациялық ықпал етудің механизмдерін рет-теу болуы тиіс. Осы механизмдердің кљмегімен ѓана ресми қђ-қық халық психикасының дамуын жалпы игілікке қарай баѓыт-тай алады. ″ Жалпы қђқық адамзат психикасы кемшілігінің, тңр-биесіздігінің нңтижесінде ѓана лъмір сџреді жңне оның міндеті лъзін артық нңрсе ретінде жоюда″ . Болашақта қђқық лъзін-лъзі жойып, адамгершілік нормаларына орын беруі тиіс.

Петражицкийдің қђқықтық доктринасы қђқықтық сананың қђрылымы мен нормативті жаратылыс мңселелеріне қатысты ңлеуметтанушылардың қызыѓушылыѓын тудырды, заңгерлік пси-хология саласындаѓы зерттеулерге серпін берді.

XIX ѓ. аяѓы мен XX ѓ. басында заңгерлік позитивизмнің дог-матизміне негізделген қђқықтық санаѓа қарсы шыққан ″ жаңа-кантшылдық″ , ″ ынтымақтастық″ , ″ психологизм″ сияқты теория-лармен қатар ″ еркін қђқық″ мектебі де Германия мен Австро-Венгрияда (Герман Канторович, Евгений Эрлих, Эрнст Фукс жң-не т.б.) жңне Францияда (Франсуа Жени жңне лъзгелері) кеңінен таралды. Олар лъздерінің ″ қђқық туралы жаңа ілімінде″ қђқықты заң нормаларымен біріктіруге қарсы шыѓып, қђқықты ″ соқыр догматикадан″ емес, заң мңтіндерінен тыс жерлерден — лъмірден, қоѓамдық қатынастардан іздеуге шақырды.

**XX ѓасырдың басында қоѓамдық лъмірдегі ңлеуметтік жңне саяси процестердің**

**шиеленісуінен, сондай-ақ ңртцрлі ңлеуметтік таптық негіздегі саяси-қђқықтық концепциялардың, методология-лардың кљбеюінен туындаѓан саяси-қђқықтық доктриналардың ңр алуандылыѓы азаматтық қоѓам қажеттіліктерін љтейтін қђқық-тық ѓылымның қалыптасуының алѓышарты болды.**

**18.3.** XX ғасырда қоғамдық љмірдің демократиялануымен ңлеуметтік-саяси теориялардың да мазмђны љзгерді. Саясат ђғы-мы да жаңа мңнге ие болды: егер бђрын ол мемлекеттік билік қызметінің саласын ғана қамтыса, енді ол қоғамдық қатынас-тардың кең ауқымын білдірді. Қоғамдық санада сциентизмнің (лат.scientia-ғылым) белең алуына орай, саясаттанушылар мен кђқықтанушылар љз концепцияларында методология мңселе-леріне џлкен кљңіл қоя бастады. Екінші дџниежџзілік соғыстан кейін саяси ғылымдардың кђқықтанудан бљлініп шығуы бары-сында саяси жңне кђқықтық ілімдерде ңрқайсысы љзінің тар ма-мандық саласы шеңберінде тереңдете зерттеу џрдісі басым бол-ды. Мђның љзі саяси теорияның ішінде жекелеген концепция-лардың пайда болуына ңкелді, мысалы тоталитаризм, плюралис-тік демократия, џстем элита концепциялары.

XX ғасырдың буржуазиялық ңлеуметтік саяси ойында неоли-берализм (кейде ″ ңлеуметтік либерализм″ , ескі индивидуалистік либерализмге қарсы), ″ демократиялық либерализм″ (аристокра-тиялық либерализмге қарсы, ″ либерал-реформизм″ ђғымдары қол-данылады) жңне консерватизм (немесе ″ жаңа консерватизм, ″ нео-классикалық либерализм″ , ″ либерал-консерватизм″ терминдері-мен де айтылады) басым бағыт қатарына жатқызылады. Бђл идеологияның жақтаушылары қоғамдық ойда орталық бағыт ђстанса, солшылдарға ңртџрлі социализм, коммунизм жңне сол-шыл радикализм (″ жаңа солшылдар″ , солшыл экстремизм″ жңне т.б.) концепциялары, ал оңшылдарға фашизм жңне неофашизм, ″ жаңа оңшылдар″ , ңсілшілдер сияқты оңшыл радикализм тео-риялары жатады.

Неолиберализм жңне қазіргі консерватизм классикалық ли-берализм идеологиясының дағдарысы тђсында, индустриалды да-мыған елдерде экономиканы реттеуде, мемлекеттің ңрекетін ке-ңейту мақсатында қалыптасты.

1. Неолиберализмнің идеологтары (Дж. Кейнс, А. Хансен, Дж. Гэлбрейт жңне т.б.) қоғамның реформашыл кљңіл-кџйдегі топтарының — ірі љнеркңсіпшілердің, жоғарғы шенеуніктердің, сондай-ақ интеллигенцияның едңуір бљлігінің мџддесін кљздейді. Олар љз бағдарламалары мен концепцияларында љндірістің дағ-дарыссыз жңне тђрақты дамуына қол жеткізу џшін қоғамдық про-цестерге мемлекеттің ықпалын кеңейтуді, жеке кңсіпкерлік қызмет саласына мемлекеттің белсенді тџрде араласуын жақтайды.

Неолиберализмдегі кейнсшілдік бағытының негізін қалаушы ағылшын экономисі Джон Мейнард Кейнс (1883—1946) болды. Ол љзінің 1929—1933 жылдардағы ″ ђлы дағдарыстан″ кейін жа-зылған ″ Еңбекпен қамтудың, пайыз бен ақшаның жалпы тео-риясы″ еңбегінде шіріген капитализм туралы лениндік теорияға қарсы нарықтық экономиканың дамуға қабілеттілігін, дағдарыс-тардың љткіншілігін дңлелдеп жазды. Кейнс мемлекет жңне кђ-қық мңселелерімен арнайы айналыспағанымен, еркін кңсіпкер-лік режимінің орнына экономиканы мемлекеттік реттеуді ђсын-ған оның бағдарламасы саяси практика мен заң шығарушы-лыққа тікелей ңсер етті. Екінші дџниежџзілік соғыстан кейін Ба-тыс Европаның кљптеген елдерінде экономикадағы дағдарыстар-дың алдын алуға, еңбекпен қамту мен тђтыну сђранысы деңгей-ін кљтеруге бағытталған реформалар жџргізілді. Бђл шаралардың жиынтығын Батыс Европа елдеріндегі коммунистік революция-ларға қарсы қоя отырып, ″ батыстағы кейнсшіл революция″ деп те атайды.

Кейнстің идеялары 50—60 жылдары кеңінен таралды. Бђл идеялар постиндустриалды қоғам (Дж. Гэлбрейт), экономикалық љсім кезеңі (В. Ростоу), игілікті мемлекет (Г. Мюрдаль) концеп-цияларында љзінің жалғасын тапты.

Неолиберализм идеологиясына қарсы шығып, еркін кңсіпкер-лікті жақтаған қазіргі консерваторлар (Ф. фон Хайек, И. Кристол, М. Фридман) болды. Бђл бағыттың ңлеуметтік негізін финанс олигархиясы, истеблишмент, ауқатты фермерлер жңне шығар-машыл интеллигенцияның бір бљлігі кђрайды. Мемлекеттің эко-номикалық ңрекетін толығымен теріске шығармағанымен, олар жеке капиталға қатысты мемлекеттің араласуын шектеуді ђсына-ды. Экономикадағы

мемлекеттік биліктің рљлін нарықты реттеу-мен ғана байланыстырады.

Неоконсерватизм идеологиясын австриялық экономист Фрид-рих Август фон Хайек (1899—1992) љзінің ″ Қђлдыққа апаратын жол″ , ″ Еркіндік конституциясы″ еңбектерінде, ″ Қђқық, заң шы-ғарушылық жңне еркіндік″ трилогиясында негіздеді. Оның ңлеу-меттік-философиялық доктринасы экономикалық концепциясы-мен қатар, қазіргі қоғамды ђйымдастыру, мңдени даму, ғылыми таным методологиялары мңселелерін де қамтиды.

Хайек љз ілімінде нарықты мемлекеттік реттеудің кез-келген формасын сынай отырып, Кейнстің теориясына да, социализм іліміне де қарсы шығады. Жалпы игілік ќшін меншікті ңлеумет-тендіру, оның пікірінше, индивидуалдық еркіндікті басып-жаншып, тоталитарлық режимді орнатады. Қазіргі плюралистік қоғамға қђқық ќстемдік ететін мемлекет қана сңйкес келеді. Қђқықтық мемлекет жеке қђқықтың жалпы қђқықтан, тіпті конституциядан да ќстемдігін білдіреді, љйткені ″ жеке меншік еркіндіктің басты кепілі болып табылады″ . Хайектің шығарма-лары 60—70 жылдары АҚШ-та, Англияда жңне љзге елдерде билік басына келген ″ консерваторлар толқыны″ кезінде кеңінен таралды. Консерваторлар оның идеяларын экономикада, мемле-кеттік сектордың ќлесін азайту бағдарламаларында, сондай-ақ антикоммунистік насихатқа кљп қолданды.

XX ғасырда консерватизм идеологиясымен қатар *демокра-тиялық социализм* идеялары да љмір сќрді. Бђл ілімнің идеялық қайнар кљзі Э. Бернштейннің, К. Каутскийдің саяси кљзқарас-тарында жатқанымен, оның басты теориялық қағидалары екінші дќниежќзілік соғыстан кейін Г. Ласкидің (Англияда лейбористер партиясы атқару комитетінің мќшесі) ″ Біздің замандағы рево-люция туралы ойлар″ , Л. Блюмнің (Францияда ғы социалистік партияның тљрағасы) ″ Адамзат ауқымында″ , К. Реннердің (Авст-риядағы социал-демократиялық партияның тљрағасы) ″ Жаңа ңлем жңне социализм″ еңбектерінде негізделді. Осы соңғы елу жылда капитализм љзінің љміршеңдігімен кљзге тќсіп қана қой-май, қоғамдық дамудың қажеттіліктерін љтеу қабілетінің социа-лизмнен жоғары екендігін де дңлелдеді. Демократиялық социа-лизм теориясының ықпалының бңсеңдеуі, ондағы негізгі басым-дылықтың социализмнен демократияға ауысуы осымен байла-нысты. Алайда бђл ңлеуметтік ңділеттілік идеалдары қоғам даму-ына ықпал етуін тоқтатты деген сљз емес.

XX ғасырдағы қђқық пен мемлекет туралы теорияларда *ңле-уметтік юриспруденция, позитивистік нормативизм жңне қайта љркендеген табиғи-қђқықтық бағыттары қалыптасты.*

Ңлеуметтік қђқықтанудың ең кљрнекті љкілдерінің бірі аме-рикандық заңгер Роско Паунд (1870—1964). Ол љзінің теориялық кљзқарастарын бес томдық ″ Юриспруденция″ (1959) еңбегінде баяндайды. Паунд қђқықты зерттеуде ″ инструменталды прагма-тикалық тңсілді″ қолданды жңне онда қђқықтың љзі ″ ңлеуметтік бақылаудың инструменті (сайманы) ретінде тќсіндірілді. Бақы-лаудың љзі заңға бағынушы азаматтардың ңлеуметтік љзара ңре-кетін, жќріс-тђрысын реттеумен жңне ќйлестірумен байланысты болғандықтан оның ілімін кљбіне ″ заңгерлік ңлеуметтік инже-нерия″ деп те атайды.

Паунд љз теориясын оның практикалық маңыздылығын (праг-матикалығын) ескере қђрғандықтан, заңгерлерді ″ кітаптағы қђқық-пен″ (яғни заңдағы, нормативті актілердегі қђқықпен) шектеліп қана қоймай ″ қимылдағы қђқықпен″ айналысуға шақырады. Ңрекет ететін немесе қимылдағы қђқық ретінде Паунд эмпири-калық зерттеуге кљнетін ңлеуметтік љмірдегі оның љзара бір-бірімен байланысты ќш кљрінісін атайды; қђқықтық тңртіп (мемлекеттік органдардың кќш қолдану арқылы ңлеуметтік қа-тынастарды реттеу режимі), шешім шығару барысында жетек-шілікке алынатын ресми дерек кљздері (заң жинақтары) жңне сот пен ңкімшілік процесі. Қђқықтың мақсаты — қақтығысып қиюласып жатқан мќдделер мен талаптарды келісім мен ќйле-сімділікке келтіру болып табылады. Паунд бђл мќдделердің ке-ңейтілген кестесін қђрастырып, оны қазіргі љркениеттің қђнды-лықтары мен постулаттары жинағымен байланыстырды. Мђның барлығын қоса алғандағы жиынтығы ″ мќдделердің сақталуын″ қђқық арқылы қамтамасыз етеді.

Ңлеуметтік бақылау кђралы ретіндегі кђқық концепциясы бђл саладан лзге де қоѓам мен саясаттың клптеген ңлеумет-танулық концепцияларының кђрылымдық компонентіне айнал-ды. Паундтың ђстанымының ерекшелігі ңлеуметтік бақылаудың дңстүрлі маңызды кђралдарының (ңдет-ѓђрып, мораль, дін жңне кђқық) рлліне лзіндік баѓа беруімен сипатталады. Олар бастап-қыда бір-бірінен ажыратылмаѓан болатын, тек уақыт лте келе бір-бірінен ерекшеленіп, қоѓамдық жңне саяси тђрмыста ңркилы орын алды. Орта ѓасырларда мораль мен дін басым болды жңне олар урбанизациямен де, патриархалдық тђрмыспен де жақсы сіңісе алмады. Паундтың пікірінше, қазіргі қоѓамда ңлеуметтік бақылаудың маңызды кђралы кђқық болып табылады жңне бђл бақылау кђқық арқылы жүргізілетін мемлекеттің функциясына айналды.

Кђқық арқылы ңлеуметтік бақылау тђрақтылықты қажет етеді, алайда қоѓам лміріндегі ђдайы болып отыратын лзгерістер үнемі толықтырып отыруды талап етеді, демек, ″ кђқықтық тңр-тіп қаншалықты тђрақты болса, соншалықты лзгермелі болуы тиіс″ . Бђл ″ тђрақтылық-лзгермелілік″ антиномиясын американ-дық кђқықтанушы В. Фридмэн ″ коллективизм мен интуиция″ , ″ индивидуум мен универсум″ сияқты антиномиялармен қатар қояды.

Паундтың теориясын Гарвардтаѓы кђқық мектебінде оның шңкірттері қабылдап алды жңне бђл теория американдық соттар-дың арасында кең қолдау тапты. Қоѓамдық дамудың қажетті-ліктерін ескере отырып, кђқықты қолдану идеясын АҚШ Жо-ѓарѓы сот мүшелері Л. Брэндис, Б. Кардозо, Ф. Франкфуртер практикада іске асырды.

Кђқықтанудаѓы ңлеуметтанулық юриспруденцияның ықпал-ымен АҚШ-та негізінен салалық заңгерлік пңндердің лкілдерін — азаматтық, коммерциялық, кңсіпкерлік жңне лзге де кђқық салаларының мамандарын біріктірген ″ *реалистер* ″ қозѓалысы пайда болды. Клптеген реалистер ѓылыми зерттеулермен айна-лыспас бђрын адвокаттық практикамен шђѓылданды.

Бђл қозѓалыстың клшбастаушысы американдық цивилист Карл Ллевеллин (1893—1962) болды. Ол лзінің ″ Қарақат бђтаѓы″ деп аталатын дңрістер курсында жңне ″ Юриспруденция: теория мен практикадаѓы реализм″ деп аталатын мақалалар жинаѓында бђл қозѓалыстың концепциясының жалпы белгілерін анықтап, оѓан ″ кђқықтық реализм″ деген атау берді.

Американ реалистері қозѓалысындаѓы екінші тђлѓа Джерома Фрэнк (1889—1957) деп есептеледі. Ол ″ Кђқық жңне қазіргі са-на″ еңбегінде концептуалимзге қарсы шыѓа отырып гештальт-психологияның, фрейдизмнің идеяларын қолданды.

Бүтіндей алѓанда, кђқықтық реализм кђқықты зерттеудегі ңлеуметтанулық (социологиялық) жңне психологиялық прин-циптерді біріктіре отырып кђрылѓан доктрина болды. Бђл докт-ринаның ерекшелігі сол, ондаѓы практикалық-қолданбалы проб-лематика теориялық мазмђннан басым түсуімен айқындалады.

XX ѓасырда қалыптасқан баѓыттың бірі позитивистік норма-тивизм болды. Бђл мектептің негізін қалаушы, ңрі клрнекті лкілі австриялық заңгер Ганс Кельзен (1881—1973) еді. Ол мемлекет пен кђқықтың жалпы теориясына, конституциялық жңне халы-қаралық кђқыққа қатысты, сондай-ақ марксизмді теріске шыѓа-руѓа байланысты клптеген еңбектер жазды. Оның ең танымал жђмысы ″ Кђқықтың таза теориясы″ деп аталады. Кђқықтың та-за теориясы деген заңгерлік ѓылымѓа жат барлық элементтерді жоюды білдірді. Кельзеннің пікірінше, қазіргі заңгерлер лз пңні-нен глрі ңлеуметтану мен психология, этика мен саяси теория мңселелеріне клп мңн береді, ал заңгерлік ѓылым кђқықтың ңле-уметтік немесе адамгершілік алѓышарттарын зерттеумен емес, кђқықтың арнайы заңгерлік (нормативті) мазмђнымен айналы-суы тиіс. Кђқық идеологиялық баѓалаулардан да аулақ болуы қажет.

Кельзен кђқықты лзге нормативті жүйелерден — діннен жң-не моральдан ажырата отырып, оны мңжбүрлеуші түрде жүзеге асатын нормалардың жиынтыѓы ретінде анықтайды.

Кельзеннің ілімі бойынша, кḩқық мемлекеттен ерте, алғаш-қы қауымдық дңуірде пайда болған. Бḩл қоғамда кḩқық кей жағдайда мңжбџрлеу актіне рḩқсат берсе (мысалы, кек қайтару), кейде ḩжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету џшін кџш қолда-нуға тыйым салды.

Кейінірек кḩқықтық қауымдастық мемлекетке айналып, оның функциялары биліктің арнайы кḩрған органдары арқылы бір орталықтан іске асырылды. Қазіргі кḩқықты Кельзен мем-лекеттік кḩқықтық тңртіптер мен орталықсыздандырылған халы-қаралық кḩқықтың жиынтығы ретінде қарастырады.

Ḩлттық кḩқықтық жџйелерде нормалар љзара байланысты жңне ңрқайсысы љз сатыларында орналаса отырып, пирамида тџ-ріндегі қатаң иерархияны кḩрайды. Бḩл пирамиданың шыңында конституцияның нормалары орналасады. Онан кейін заң тңрті-бімен немесе ңдетпен бекітілген ″ жалпы нормалар″ орын алады. Ал ең соңғы баспалдақты нақты істерді шешу барысында сот жңне ңкімшілік органдарының қалыптастырған индивидуалдық нормалары кḩрайды.

Кḩқық жџйесі тḩтастығының қайнар кљзін Кельзен негізгі норма деп атайды. Бḩл бџтіндей мемлекеттік кḩқықтық тңртіпті негіздеу џшін санада қалыптасқан трансцендентальдық-логика-лық ḩғым. Негізгі норма мемлекеттің қабылдаған конституция-сымен тікелей байланысты.

Нормативизмнің осыған дейін љмір сџріп келген юриспру-денцияның формальды-догматтық концепцияларынан елеулі айырмашылықтары бар. Кельзен заңгерлік позитивизмге ңлеу-меттік кḩқықтанудағы жңне жаңакантшылдардың философия-сындағы теориялық кḩрылғыларды енгізіп, бḩл ілімді заман тал-абына қарай бейімдеді.

XX ғасырдағы саяси-кḩқықтық концепциялардың ішінде та-биғи кḩқық туралы ілімдер ерекше орын алады. Олар кḩқықты философиялық пайымдау дңстџрін жалғастыра отырып, неото-мизм, жаңакантшылдық, жаңагегельшілдік, экзистенциализм, фе-номенология, персонализм сияқты кейінгі батысеуропалық жңне американдық философиядағы ңртџрлі доктриналарға сџйенеді.

XVII—XVIII ғасырлардағы классикалық ілімдер сияқты қа-зіргі табиғи-кḩқықтық теориялар да позитивті кḩқықпен (заңдар мен ңдет-ғḩрыптар) қатар адамдардың арасындағы идеалды тḩр-ғыдағы қатынастарды да мойындайды. Бḩл жоғарғы нормативтік тңртіп табиғи кḩқық деп аталады. Бḩл кљзқарастарға сай мем-лекеттің заңдары осы идеалды кḩқыққа сңйкес келсе ғана нақты жңне легитимді болып табылады.

Алайда табиғи кḩқықтың қазіргі тџсінігінің антифеодалдық тљңкерістер дңуіріндегі тџсінігінен тџбірлі айырмашылықтары да бар. Тḩйық, оқшауланған индивид туралы кљзқарасқа негіз-делген бḩрынғы доктриналармен салыстырғанда, XX ғасырдың философиясы мен кḩқықтануы адамды оның ңлеуметтік анық-тамасы тḩрғысынан, алуан тџрлі қоғамдық байланыстарға қаты-сушы ретінде қарастырады. Табиғи кḩқықтардың тізіміне тḩл-ғаның мемлекеттік биліктен тңуелсіздігін қамтамасыз ететін қол сḩғылмайтын кḩқықтарынан љзге, адамның ңлеуметтік-экономи-калық кḩқықтары, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыс-тарға кіру еркіндігі жңне т.б. енгізіледі. Кейінгі кездегі табиғи-кḩқықтық ілімдер ңлеуметтік мемлекет жңне плюралистік демо-кратия теорияларымен ḩштасып жатады. Қазіргі концепция-лардың тағы бір ерекшелігі, онда табиғи кḩқық ағартушылық дңуірінің метафизикалық доктриналарындағыдай ақыл-оймен мңңгіге бекітілген қағидалар ретінде қарастырылмайды. Оған мазмḩны џнемі љзгеріп отыратын табиғи кḩқық (бḩл терминді енгізген неміс заңгері Р. Штаммлер) идеясы қарсы қойылады. Ол бойынша, нақты қоғамның немесе халықтың тарихи даму џстіндегі кḩқықтық санасы, адамгершілік жңне рухани кḩндылық-тары сияқты принциптер алдыңғы орынға шығады.

XIX ғ. екінші жартысында заңгерлік позитивизм мен форма-льды-догматтық юриспруденцияның белең алуы нңтижесінде да-муы тоқтатылып, XX ғасырда ″ қайта љркендеген табиғи кḩқық″ бағытының кљрнекті љкілі белгілі француз философы-неотомисті жңне қоғам қайраткері Жак Маритен (1882—1973) болды. Ол љзінің ″ Интегралды гуманизм″ , ″ Адам кḩқығы жңне табиғи заң″ , ″ Адам жңне мемлекет″ еңбектерінде ңлеуметтік-саяси мңселе-лерді қарастырып, адам

қҧқықтарын ҥш тҥрге бљліп жіктейді.

Тҧлғаның немесе адамның фундаментальды қҧқықтары қҧрамына љмір мен жеке еркіндікке деген қҧқық, некеге тҥсу қҧқығы, жеке меншік қҧқығы, бақытқа жетуге ҧмтылу қҧқығы жҽне т.б. кіреді. Бҧлар табиғи қҧқықтар деп есептеледі, љйткені олар еркін жҽне рухани жан ретіндегі адам жаратылысының љзінде ҧялаған. Тҧлға жоғары қҧндылықтар ҽлеміне жатады, деп есептейді Маритен.

Саяси қҧқықтарды (немесе азаматтың қҧқықтарын) елдің заң шығарушы органы айқындайды, бірақ олар жанамалы тҥрде табиғи қҧқыққа бағынышты, љйткені мемлекеттік биліктің шешімдері табиғи қҧқыққа сҽйкес келгенде ғана заңға айналады.

Саяси қҧқықтарға Маритен мыналарды жатқызады: халық-тың мемлекет конституциясын бекіту жҽне басқару нысанын анықтау қҧқығы, азаматтың саяси љмірге оның ішінде сайлауға белсенді қатысу қҧқығы, саяси партияларға бірігу қҧқығы, пікір айту еркіндігі, заң мен сот алдында азаматтардың теңдігі. Мари-теннің пікірінше, бҧл қҧқықтарды шіркеудің кљмегімен іске асыру христиандық демократияны орнатуға ҽкеледі.

Жҽне ең соңғысы, адамның (еңбекшінің) ҽлеуметтік қҧқық-тары мыналарды қамтиды: еңбекке деген қҧқық, кҽсіподаққа бі-рігу қҧқығы, ҽділ жалақыға деген қҧқық, жҧмыссыздық немесе ауырып қалған жағдайда немесе қартаюына байланысты ҽле-уметтік қамсыздандыру қҧқығы жҽне т.б. Еңбекшілердің сҽйкес жағдайларға қарай мекемені басқаруға қатысып, меншік иесі болуына да қҧқығы бар. Маритеннің пікірінше, жеке меншік қҧқығымен қатар, тҧлғаның ҽлеуметтік қҧқығын да мойындау капитализмнің де, социализмнің де кесірінен қҧтылуға жағдай жасайды.

Маритеннің ілімі 1948 жылы БҤҦ қабылдаған Адам қҧқық-тарының жалпы декларациясын идеялық тҧрғыда дайындаған концепциялардың бірі болды.

XX ғасырда мемлекет жҽне қҧқық мҽселелерін ғылыми тҧр-ғыда игеру жаңа білім саласын — саясаттануды дҥниеге ҽкелді. Бҧл пҽн ҽлеуметтану, мемлекеттану, юриспруденция, психоло-гия, антропология жҽне љзге ғылымдардың ҧштасуы нҽтижесінде қалыптасты. Бҧл пҽн саяси қатынастарды, саясаттың субъектін, саяси сананы, оның тарихи дамуын жҽне т.б. ҽлеуметтік мҥдде-лерден, партиялық бағдарламалардан тыс объективті тҥрде зерт-теуге ҧмтылады.

Жоғарыда келтірілген саяси жҽне қҧқықтық ілімдер XX ға-сырдағы азаматтық қоғамның біртебірте ҽлеуметтену жҽне де-мократиялану тенденциясының љсуін байқатады.

## ҚОСЫМШАЛАР

### Саяси-қђқықтық ойдың сљз-маржандары

Љзгелер мені білмейді деп қауіптенбе, қайта мен љзгелерді білмеймін-ау деп қауіптенгейсің.

Конфуций

Кљргенді кісі парызын ойлайды, кљргенсіз кісі пайдасын ойлайды.

Конфуций

Тџзетілмеген қателіктер — нағыз қателіктер.

Конфуций

Ел басшысы біреуге жаза қолданарда, џнемі ата-баба дңс-тџрін еске сақтай отырып џкім шығарғаны абзал. Сонда онық ңділдігіне љзгелердің де кљзі жетіп, кљңілі сеніп, сенің ңрекеттеріңді бар жанымен қолдайды. Конфуций

Ңр адам љз ісін адалдықпен атқара білсін. Билеуші — елді билесін, жђмысшы — еңбек етсін. Ңке — ңке, бала — бала бол-сын. Љмірдің осы қарапайым ережесі бђзылса, мемлекет іштен бђзылады. Љмірдің сиқы қашады, сыйластық жойылады, ел ара-сын љсек-љтірік пен алауыздық жайлайды. Конфуций

Байлық деген — адамдардың шљліркей қарайтын нңрсесі. Адал еңбекпен келмеген байлықты мен пайдаланбаймын жңне оған љкінбеймін. Конфуций

Љз қђштарлығыңның шегін білмеуден артық қђштарлық жоқ. Лао-цзы

Љзіңе-љзің сенбесең, саған кім сенеді.

Лао-цзы

Љзіңе жағымсызды љзгеге істеме.

Ежелгі џнді нақылы

Ақымақпен дос болғанша, ақылдымен жауласқан артық.

Ежелгі џнді нақылы

Патшаларға, отқа, џлкендерге жңне ңйелдерге тым жақын да болма, тым алыстап та кетпе, тым жақын болсаң — олар тџбіңе жетеді, тым алыста тђрсаң — олардың саған пайдасы болмайды.

Ежелгі џнді нақылы

Шындықты, ђнамдыны ғана айту керек, ђнамсыз шындық-ты айтпау керек. Мңңгілік дхарма, міне осындай.

Ману заңынан

Бџкіл нңрселер сљзбен анықталады, сљзден бастау алады, сљз-ден шығады. Кім сљзіне адал болмаса, ол барлық істе де адал емес.

Ману заңынан

Жаза бүкіл адамды билейді. Жаза басқаларды қорғайды, ол басқалар ұйқыда жатқанда сергектік танытады. Жазаны ойшыл-дар дхарманы қорғаушы деп жариялаған.

Ману заңынан

Раджа өзінің елінде мемлекетті дұрыс басқару керек. Дұш-пандарды ол жазалауға тиісті. Жолдастарына тіке, брахмандарға шыдамды болғаны дұрыс.

Ману заңынан

Егер күш пен әділдік біріксе, онда бұл одақтан күшті не бо-луы мүмкін.

Эсхил

Халық пікірі — айна-қатесіз пікір.

Эсхил

Адам барлық нәрсенің өлшемі.

Протогор

Ұлы істерде жұрттың бәріне жағу қиын.

Солон

Тәжірибе — баршамыздың ұстазымыз.

Солон

Екі жақты тыңдап алмай, үкім шығарма.

Солон

Тепе-теңдік соғыс тудырмайды.

Солон

Саясаткерлік деген — алдампаздық.

Солон

Патшаның бақыты сол — егер оның жасы жетіп, өз өлімімен дүниеден өтсе.

Фалес

Ең қиын іс — өзіңді өзің тану, ең оңай іс — басқаға ақыл айту.

Биант

Егер патша үкімет билігін халық билігіне айналдыра алса ға-на заңға бағынудың үлгісін жасайды.

Биант

Патшаның ақылдылығы қасындағылардың сљзіне ермейтін-дігінен кљрінеді.

Клеобул

Жағымпаздар ңрдайым љз басы ւшін қорқып жւргені абзал. Патша сонда ғана елге тыныштық орнатады.

Питтак

Патша ойы љлім емес, мңңгілік туралы болу керек.

Хилон

Кљптің ішінде кљсем кљп болса, ол да бақыт.

Анахарсис

Ңлемде ңділдік болмаса, ңділдіктің не екенін білмес едік. Ңлемде шындық болмаса, шындықтың да не екенін білмес едік.

Гераклит

Заңға, билеушіге, данышпанға басыңды ій.

Гераклит

Жамандық кљп, жақсылық аз.

Гераклит

Шындық жалған сљйлеушілер мен жалған куңлардың ады-мын жаздырмайды.

Гераклит

Халық љз шаңырағын қалай қорғаса, заңды да солай қорға-сын.

Гераклит

Жазылмаған кейбір заңдар жазылған заңдардан да қатаңырақ.

Сенека

Екі жақты тыңдап алмай қабылданған шешім — ңділетті болған кւнде де, ңділетсіздік туғызады.

Сенека

Қылмыстыларды аяған адам адал адамдарға да залал келтіреді.

Сенека

Ђят кейде заңдар шектемеген нңрсені де шектейді.

Сенека

Шындық тілі — қарапайым.

Сенека

Лзің џшін љмір сџргің келсе, љзгелер џшін љмір сџр.

Сенека

Қатыгездік ңрқашан мейірімсіздік пен днрменсіздіктен болады.

Сенека

Ақылсызға қанжар берген қатерлі, сѓрқияға билік тиген қа-терлі.

Пифагор

Лзіңді љзің қђрметтеу — сенің басты заңың.

Пифагор

Табынар тңңірің ар-ожданың болсын.

Пифагор

Теңізде кемені басқарғанға бағын, љмірде ақылы кљпке бағын

Пифагор

Адамның арлысы мен арсызы тек ісімен ғана емес, ойға ал-ған ниетімен де танылады.

Демокрит

Мемлекетті басқару љнері — љнер атаулының тљресі.

Демокрит

Ақиқат жол-жљнекей жђлып ала салатын гџл емес, ақиқат ђзақ жолдың тџпкі мақсаты.

Платон

Жамандықты емес, жақсылықты ойлағандар џшін ойлай бі-лудің љзі игілік.

Платон

Шындықтың ғана емес, жалғандықтың да себебін айту ке-рек, сонда ғана шындыққа деген сенім нығаяды.

Аристотель

Кез-келген жанђя — мемлекеттің шағын бір бљлшегі.

Аристотель

Бңріне де дос — біріне де дос емес.

Аристотель

Адам — лъзінің табиғаты жлънінен қоғамдық тіршілік иесі.

Аристотель

Лъзіңе ђнамайтынды басқаға істеме.

Аристотель

Демократиялық кђрылымның негізі — еркіндік болып табы-лады.

Аристотель

Еркіндік шарттарының бңрі — билік кђру мен сол билікке бағынышты болудың кезектесіп келуі.

Аристотель

Кңрессіз жеңістің даңқы олқы.

Сократ

Пайдалы мен зияндыны оқымай-ақ ажыратудан дңмелі адам — ақылсыз.

Сократ

Адамның лъзінің ақшасынан, ցй-жайынан, қора-қопсысынан айрылуы аянышты емес, мђның бңрі адамға тиесілі емес. Ал адам лъзінің шын меншігі — лъзінің адамдық қадір қасиетін жо-ғалтса, бђл енді лъте аянышты.

Эпиктет

Қай жерге адам лъз қалауынсыз барса, оның тар қапас тցрме-сі сол жер болып шығады.

Эпиктет

Ђлы істер бірден істелінбейді.

Софокл

Ңлемде ђлы кцштер кљп, бірақ табиғатта адамнан кцшті еш-нңрсе жоқ.

Софокл

Жақсы заңдар жаман ңдеттерден туған.

Тацит

Ңділ адамды туысыңнан артық кљргейсің.

Антисфен

Еркін ерікті ешкім де тђтқындай алмайды.

М. Аврелий

Сот — сљйлеуші зањ, ал зањ — мылқау сот.

Цицерон

Зањдар — билік басындағылардың ңміршісі, билік басында-ғылар — халықтың ңміршісі.

Цицерон

Ңділдік салтанат қђрғанда ңркімнің љз цлесі љзіне тиесілі болмақ.

Цицерон

Біз — зањның қђлымыз.

Цицерон

Ңділдіктің ешкімге зиян тигізбеу жңне қоғамға пайда келтіру сияқты екі қайнар кљзі бар.

Цицерон

Љтірікшіге біз тіпті ол шындықты айтып тђрған кезде де сенбейміз.

Цицерон

Ңділ зањ — бцкіл адамзатқа ортақ парызды љтеуге міндет-тейтін цндес, тђрақты, ңрі мңњгі парасатты қђндылық.

Цицерон

Біреуге зиян тигізбе, љзіње біреудің зиян тигізбеуіне де жол берме.

Мђхаммед пайғамбардың хадисі

Қызметке сайланған адам сол қызметінен несібе тауып жеп тђрып, тиісті мљлшерден артық алып қойса, онысы қиянат болады.

Мђхаммед пайғамбардың хадисі

Алла тағала љзін бцкіл жер патшасымын деп жар салған мақ-таншақты ђнатпайды, тек бір Алла ғана бцкіл ңлемге билік ете алады.

Мђхаммед пайғамбардың хадисі

Мемлекет басшысы елді екі тцрлі тңсілмен басқарады. Оның бірі — қабылдаған зањ жолымен, ал екіншісі — кцш қолдану ар-қылы. Бђның біріншісі адамға, соњғысы — хайуанға тңн қасиет. Егер тңртіп орнатқысы келсе, билеуші осы екі тңсілді де тењ ђстағаны дђрыс. Тцсінігі барларға зањды қђрметтеуді цйрет, ал кљнбегендерге кцш қолдануға тура келеді.

М. Макиавелли

Еркіндік еркін болғанымен, мейірімді бола бермейді.

Августин

Биліктің бір ғана артықшылығы бар — көп адамға жақсы-лық жасауға мүмкіндік береді.

Бальтасар Грасиан

Өзіңді-өзің билеу — өзіңмен өзің соғысу деген сөз.

Бальтасар Грасиан

Билеушінің саған сырын ашқаны сені қолдағаны емес, сені торлауы деп біл.

Бальтасар Грасиан

Зымиян жеңіс — жеңіс емес, ол — жеңіліс.

Бальтасар Грасиан

Адамның ақиқаттан адасуы ғажап емес, ал ақиқат әрқашан-да тірі.

Морелли

Адамның іс қимылы — оның ақыл-ойының көрсеткіші.

Д. Локк

Заң адамды бағындырады,заңды ақыл бағындырады.

Т. Фуллер

Өзіне деген сенім — тамаша нәрсе, өйткені ол — адамның өз қабілетін сезінгенінің белгісі.

Т. Гоббс

Арлы адамды қуғындауға болар, бірақ оны намысынан айы-ра алмайсың.

Вольтер

Ешқашанда үлкен қиыншылықтарсыз үлкен істер болмайды.

Вольтер

Өз қалағанымды жасай алатындай мүмкүндігім болса, ол ме-нің еркін екендігімнің белгісі. Бірақ менің қалауым — менің қа-жеттіліктерімнің көрінісі ғана.

Вольтер

Зорлықпен іргетасы қаланған билік зорлықтың құрбанды-ғына айналады.

Д. Дидро

Адамдар! Адамшыл болыңдар! Бұл сендердің басты парызда-рың.

Ж. Ж. Руссо

Жоғарғы ұкімет билігінің қайнар кљзі — қашанда халық қа-на, халықтың еркінен тыс билік жүргізуге ешкімнің де, ешбір мекеменің хақы жоқ.

Ж. Ж. Руссо

Заңның аясында, тудың ңділдігі астында сљз алып, ңрекет ет-кен тираннан асқан жау жоқ.

Ш. Монтескье

Ақиқат нұры љзін қоршап тұрған тұнекті ңрқашан тұріп та-стайды

Ш. Монтескье

Заңдар жұртшылыққа бірдей мңнде болуға тиіс.

Ш. Монтескье

Бостандық дегеніміз — заң рұқсат еткен нңрсенің бңрін іс-теу құқығы.

Ш. Монтескье

Адамзат ұшін саяси бостандық — љзінің қауіпсіздігіне деген сенімге негізделген тіршілік алаңсыздығы.

Ш. Монтескье

Ештеңені шешуге жарамайтын ерік-жігер шынайы ерік-жі-гер емес, мінезден жұрдай адамдар мңселенің тұбіне ешқашан жете алмайды.

Гегель

Љз еркі жоқ адамға басқалар да еріксіз болып кљрінеді.

Гегель

Мінез дегеніміз — љз принциптеріне сңйкес ңрекет ету қабі-леттілігі.

И. Кант

Ңділдік жоғалған жерде адам љмірін мңнді ететін ешнңрсе де қалмайды.

И. Кант

Адам табиғаттың бірінші азаттық алған пендесі.

И. Гердер

Құқықтың ең қас жауы — артықшылық.

М. Эбнер — Эшенбах

Халықтың бір бљлігін џнемі ақымақ ете беруге болады, бџкіл халықты біраз уақыт та ақымақ етіп жџре тђруға болады, бірақ бџкіл халықты џнемі ақымақ ету мџмкін емес.

А. Линкольн

Заңды орындау, жџзеге асыру оны дайындап шығарудан да маңызды болмақ.

Т. Джефферсон

Жасқаншақ адамдар еркіндіктің дауылды теңізіне қарағанда тыныш қђлдықты қалайды.

Т. Джефферсон

Адамдарды тек ақыл мен ақиқаттың кљмегімен ғана басқа-руға болады.

Т. Джефферсон

Еркіндік ағашын кей-кейде патриоттар мен тирандардың қа-нымен суарып отыру керек. Бђл оның табиғи тыңайтқышы.

Т. Джефферсон

Саяси еркіндік — барлық басқа еркіндіктердің кепілі болып табылады, бџгінгі заманның негізгі шындығы да осында жатыр.

Сидней Хук

Еркіндік дегеніміз — ең алдымен тең болмауға қақылы болу.

Н. Бердяев

Демократия патшалығы дегеніміз мемлекеттің жаңа бір тџрі емес, ол љзгеше рух.

Н. Бердяев

Адам бостандығы мен адам қђқы — аса биік рухани мђрат.

Н. Бердяев

Бостандық — заңға тңуелді болу деген сљз.

В. Вольф

Мемлекеттің аты, кџші, даңқы жоқ болмасын деп тџркі хал-қы џшін тџнде ђйықтамадым, кџндіз отырмадым.

Кџлтегін

Тңңірі, ел берген тџркі халқының аты, даңқы жоқ болмасын деп мені қаған етіп отырғызды.

Кџлтегін

Тңьірі жарылқап, қђтым бар себепті, ырыс-ўлесім бар се-бепті љлмеші халыққа жан кіргізіп асырадым, жалањаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты кљп қылдым.

Кўлтегін

Қызыл қаным тљгілді, қара терім жўгірді… Тңьірі жарыл-қады. Бўкіл тўркі халқыныњ ўстіне жарақты жау келтірмедім… Халқымыз қайтадан ењсе кљтеріп халық болды.

Тоныкљк

Тозѓан жђқа топтауѓа оњай,

Тозѓан жіњішке ўзуге оњай.

Жђқа қалыњ болса,

Жіктейтђѓын алып-ты.

Жіњішке жуан болса,

Ўзетђѓын алып-ты.

Білге қаѓан

Таѓдырды тңьірі жасар, адам баласыныњ бңрі љлгелі туѓан.

Білге қаѓан

Кљп қорқытады, терењ батырады.

Қорқыт

Менмен, тңкаппар адамды тңьірі сўймейді. Басқалардан љзін жоѓары ђстаѓан адамѓа тңьірі бақ бермейді.

Қорқыт

Дђшпанныњ біреуі љлсе — қуанба, жђрттыњ бңрі де љледі.

Қорқыт

Тңьірі қђрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тңьірі пенде-сініњ мањдайына не жазса, сол болады.

Қорқыт

Анадан љнеге кљрмеген қыз жаман,

Атадан таѓылым алмаѓан ђл жаман.

Қорқыт

Ђлық — зањ берер, ѓалым — білім берер, кей ѓалым сљзі пат-шадан да, оныњ зањынан да мықты.

Ж. Баласағђн

Халық тарықса, ұкімет жђтайды.

Ж. Баласағђн

Ұкім кљп беріп, аз алатын болсын.

Ж. Баласағђн

Сараң бек елін билей алмайды.

Ж. Баласағђн

Ұкім љзгерсе де, ңдет љзгермейді.

М. Қашқари

Ђлық болсаң — ізгі бол.

М. Қашқари

Дұние малын жиғандар — жақын малын алғандар, ақты қа-ра қылғандар.

Ахмет Яссауи

Патшаның патшалығы — халықтың арқасында.

Қ.Жалаири

Ңр айып сайын бас кесілсе, дұниеде тірі жан қалмас.

Ахмет Игунңки

Арғымаққа міндім деп,

Артқы топтан адаспа.

Кұнінде љзім болдым деп,

Кең пейілге таласпа.

Артық ұшін айтысып,

Достарыңмен санаспа…

Жеңемін деп біреуді

Љтірік сљзбен қостама.

Асан Қайғы

Басыња моншақ кљтерген жђртыња жаулық сағынба.

Бђқар жырау

Зорлықта тђрақ, қазық жоқ.

Бђқар жырау

Би болмаған би болса, айтылмаған сљз қоймас,

Хан болмаған хан болса, қанамаған ел қоймас.

Џмбетей жырау

Хан азса, халқын сатады,

Халық азса, хандыққа таласады.

Тљле би

Лауазымыњ љссе зорайып,

Адалдықты тђншықтырсањ, сол айып.

Елді билеп љскеніњнен не пайда,

Рахатыњды кљрмесе,

Ағайын мен халайық.

Тљле би

Ћділ болсањ тілің таймайды,

Саған ешкім ештење істей алмайды.

Тљле би

Љркенім љссін десењ, кекшіл болма —

Кесапаты тиер еліње.

Елім љссін десењ, љршіл болма —

Љскеніњді љшірерсіњ.

Қазыбек би

Сљздіњ атасы — бірлік,

Анасы — шындық.

Қазыбек би

Асқар тау сенде бір мін бар — асу бермейсің,

Тасқын су сенде бір мін бар — өткел бермейсің.

Билер, сендерде бір мін бар — басқаға сөз бермейсің.

Әйтеке би

Атадан жақсы ұл туса,

Елінің туы болады.

Атадан жаман ұл туса,

Көшінің соры болады.

Қазыбек би

Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін ең алдымен азат-тық пен білім қажет.

Ш. Уәлиханов

Адамның тұрмыс қажетін өтейтін реформа ғана пайдалы, ал бұл мақсатқа қандай да болса кедергі келтіретін реформа зиянды болмақ.

Ш. Уәлиханов

Реформа оңтайлы жасалғанда, яғни қоғамдық организм жан-жақты дами алатын мызғымас прогресс заңына негізделіп жасал-ғанда ғана ұтымды реформа болады.

Ш. Уәлиханов

Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ға-на халық үшін жайлы болмақ.

Ш. Уәлиханов

Досыңа достық — қарыз іс,

Дұшпаныңа әділ бол.

Абай

Алдыңа келсе, әділдігіңді аяма, аймағың кетпес алдыңнан.

Ы. Алтынсарин

Сайлау деген — өзіңе берген ықтияр.

А. Байтұрсынов

Әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болмақ керек. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүрсін.

Ә. Бөкейханов

Ңділдік жоқ жћртта береке-бірлік болмайды.

Ң. Бљкейханов

Ђлттық тңуелсіздік — отаршыл озбырлардыњ езгісінен, та-лантаражысынан атамекеніміз бен халқымызды қђтқару қозѓа-лысы болып табылады.

М. Шоқай

Ђлттық рухсыз ђлт тңуелсіздігі болуы мцмкін бе? Тарих он-дайды кљрген жоқ та, білмейді де. Ђлт азаттыѓы — ђлттық рух-тыњ нңтижесі. Ал ђлттық рухтыњ љзі ђлт азаттыѓы мен тңуел-сіздігі аясында љсіп дамиды, жеміс береді.

М. Шоқай

Ар жазасы — бар жазадан ауыр жаза.

М. Ңуезов

Жалѓан намыс қасиет емес, ар сақтаѓан қасиет.

М. Ңуезов

Елсіз ер болмайды, жћртсыз жігіт болмайды.

Б. Момышђлы

Алтын басты болсањ да, ардан артық емессіњ.

Б. Момышђлы

Тңртіпке бас иген қђл болмайды.

Б. Момышђлы

## Дџниежџзілік саяси-кђқықтық ойдың шежіре — кестесі

| Р/с | Ойшылдардың аты-жљні, саяси ағымдар, мектептер жңне бағыттар | Дңуірі, мемлекеті жңне љмір сџрген уақыты | Шығармалары жңне ондағы басты идеялар мен ђғымдар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Мифтік кљзқарастар мен тџсініктер | Ежелгі Египет /б.э.д. XXV —V ғ.ғ/ | ″ Птахотеп ілімі″ , ″ Љлілер кітабы″ . Кђдай билігі мен кђдай ңділдігі. Барлық еркін адамдардың табиғи кђ-қығы. Билеушілерді кђдай тағайындайды. Кђдай заң-дары. Жердегі тңртіптер. |
| | Брахманизм | Ежелгі Џндістан /б.э.д. XI—V ғ.ғ/ | ″ Ведалар″ , ″ Упанишад″ , ″ Ману заңдары″ Дхарма. Дхар-масутра мен дхармашасталар-кђқықтық жинақтар. Қоғамның варналарға бљлінуі, олардың теңсіздігі. Брахмандар. Данда (Жаза). |
| | Сиддхартха Будда. Буддизм | Ежелгі Џндістан /б.э.д. VI—II ғ.ғ./ | ″ Дхаммападе″ . Дхамма — табиғи заң. Адамдардың теңдігі. Қайырымдылық, адамгершілік нормалары. |
| | Каутилья (Чанакья) | Ежелгі Џндістан /б.э.д. IV—III ғ.ғ/ | ″ Артхашастра″ . Мемлекет жңне кђқық туралы рацио-налистік кљзқарас. Шаруашылық туралы ілім. Мем-лекеттік басқару. Заңды-заңсыз, пайдалы-зиянды, дђ-рыс-қате туралы ілім. |
| | Даосизм. Лао-цзы | Ежелгі Қытай /б.э.д. VI ғ.ғ./ | ″ Дао жңне дэ туралы кітап″ /″ Дао дэ цзин″ / Дао-аспан билеушісінен тңуелсіз ретінде сипатталады. Табиғи заң-дылық жңне ңділдік. Дао бойынша барлық адам тең. |
| | Конфуций жңне оның ілімі. | Ежелгі Қытай /б.э.д. 551—479/ | ″ Ңңгімелер мен толғаулар″ /″ Лунь юй″ / Мемлекеттің патриархальды-патерналистік концепциясы. Мемлекет — џлкен жанђя. Император билігі ңке билігі тңрізді. Аристократтық басқару жңне оның зорлықсыз тңсілі. Этикалық - кђқықтық нормалар мен принциптер. |
| | Мо-цзы. Моизм | Ежелгі Қытай /б.э.д. 479—400/ | Барлық адамдардың табиғи теңдігі. Мемлекеттің пай-да болуының шарттық концепциясы. Халық билігі. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Шан Ян. Легизм | Ежелгі Қытай<br><br>/б.э.д. 390-338/ | ″ Шан облысы билеушісінің кітабы″ Заң мен қатал жаза арқылы басқару. Тңртіп — басқалардың заңға мџлтіксіз мойынсђнуы, бағыныштылардың кђқықта-рының шектелуі. Ђжымдық жауапкершілік жңне жаза қолдану. Легизм — заң арқылы басқару љнері. Дес-поттық билік. |
| | Заратустра. Зороастризм | Ежелгі Иран,<br><br>Орта Азия, Қазақстан<br><br>/б.э.д. VIII ғ. / | Тңңір патшалығы. Қайырымдылық пен зђлымдық. Кџшті љкімет билігі. Адамның белсенді ңрекеті. |
| | Гомер | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. VIII ғ./ | ″ Илиада″ жңне ″ Одиссея″ поэмалары. ″ Дике″ /Ңділ-дік/ жңне ″ темис″ /ңдет-ғђрып кђқығы/ Халық жина-лысы. Зевс — ңділдік кепілі. |
| | Гесиод | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. VII ғ./ | ″ Теогония″ , ″ Еңбек жңне кџндер″ поэмалары. Мем-лекеттік кђрылыс кезеңдері. ″ Алтын ғасыр″ , ″ Кџміс ғасыр″ , ″ Мыс ғасыр″ , ″ Темір ғасыр″ . Адамдар ңреке-тіндегі адамгершілік-кђқықтық тңртіптер мен прин-циптер. Адамдардың ауыр еңбегі. Кђқық пен ңділ-діктің зорлықпен алмастырылуы. |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | Солон | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. 638—559/ | Қоғам мџшелерін мџліктік жағдайына қарай бљлу. Ха-лық жиналысы. Тепе-теңдік. Мемлекет заңды тңртіп-ке мңжбџр. Заң — кђқық пен кџшті џйлестіруші. |
| | Жеті данышпан: Фалес, Питтак, Биант, Периандр, Солон, Клеобул жңне Хилон | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. VII—VI ғ.ғ/ | Ңділ заңдар џстемдігі. Заңның сақталуы жңне орын-далуы. Заңды кђрметтеу. ″ Љзіңді-љзің таны″ . |
| | Пифагор жңне пифагоршылдар | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. VI—V ғ.ғ/ | Арифметикалық сандар — ңлемнің бастауы мен мңні. Саяси-кђқықтық кђбылыстардың математикалық сипаты. ″ Теңдік″ ђғымын алғаш рет теориялық тђрғы-да талдау. |
| | Гераклит. | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. VI ғ. соңы | Адамдар арасындағы теңсіздік табиғи кђбылыс. Бңрін басқарушы — сана /логос/. Демократия — тобырлар билігі, оған қоғамда орын жоқ. Жоғары билікке бағы-ну. Билеуші еркі — заң. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | V ғ. басы/ | |
| | Демокрит | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. 460—370/ | Адам мен қоғам дамуының табиғи процесі. Мемлекетті басқару ьнері — ьнердің ең жақсы тұрі. Арис-тократиялық басқару. |
| | Софистер.<br><br>Аға ђрпақ ькілдері: | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. V ғ./ | Аға ђрпақ ькілдерінің кьпшілігі демократияшылдар ретінде танылды, кіші ђрпақ ькілдері демократиямен қатар аристократияны, тиранияны жңне т.б. басқару |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | Протогор, Горгий, Продик, Антифонт, кіші ђрпақ ькілдері:<br><br>Фрасимах, Калликл,<br><br>Ликофрон жңне т.б, | | формаларын қолдады. |
| | Сократ | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. 469—399/ | Софистердің идеалистік ілімін сынға алды. Мемле-кеттің мңні мен адамгершілік — саналық негізін анықтауға ңрекеттенді жңне мемлекетті білімділер ғана басқаруы тиіс деп есептеді. |
| | Платон | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. 427—347/ | ″ Мемлекет″ атты еңбегінде мемлекеттік басқарудың аристократиялық тұрін шынайы мемлекет ретінде сипаттайды жңне мемлекеттік қђрылыстың бес тұрін: арисркоратия, тимократия, олигархия, демократия жңне тиранияны атайды ″ Заңдар″ еңбегінде мемле-кеттік қђрылыстың екінші жобасын ђсынады. |
| | Аристотель | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. 384—322/ | ″ Саясат″ , ″ Афины политиясы″ , ″ Этика″ еңбектерінде Платонның шынайы мемлекет туралы жобасын сы-найды, қђл иеленуші мемлекетті жақтайды. Қђлдық-ты табиғи қђбылыс ретінде санайды. Мемлекет фор-масының монархия, аристократия, полития /дђрыс/ жңне тирания, олигархия, демократия /дђрыс емес/ |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | | бьліп қарады. Саяси басқару — заңның нңтижесі бо-лып табылады. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Зенон | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. 336—269/ | Стоицизмнің негізін қалаушылардың бірі. Бүкіл әлем тағдыр арқылы басқарылады. Табиғи заңның құдай-лық сипаты бар деп есептелінді. Басқарудың аралас түрін /демократия, патшалық билік және аристок-ратия/ жақтады. |
| | Полибий | Ежелгі Греция<br><br>/б.э.д. 210—123/ | " Қырық кітаптағы тарих" еңбегінде мемлекеттің пай-да болуы мен мемлекеттік басқару формаларының ал-масуын табиғи процесс ретінде түсіндірді және оның алты формасын /патшалық, тирания, аристократия, олигархия, демократия, охлократия/ атап көрсетті және барлық формалардың жақсы жақтарын қам-тыған басқарудың аралас формасын дұрыс деп тапты. |
| | Цицерон | Ежелгі Рим<br><br>/б.э.д. 106—43/ | " Мемлекет туралы" , " Заңдар туралы" және " Міндеттер туралы" еңбектерінде мемлекетті қоғам мүшелерінің жалпы мүддесі мен " жалпы құқықтық тәртіпті" ретке келтіруші құрылым ретінде қарастырды. Басқарудың патшалық билік, оптиматтар /аристократтар/ билігі және халық билігі /демократия/ түрін атап көрсетті. Сенаттық республиканы басқарудың ең жақсы түрі ретінде жақтады, құлдықты әлеуметтік құбылыс ре-тінде бағалады. Заң әділдігіне баса назар аударды. |
| | Луций Анней Сенека | Ежелгі Рим<br><br>/б.э. 3—65/ | Басқа стоиктерге қарағанда барлық адамның қоғам-дық жағдайына қарамастан рухани бостандық идея- |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | | сын қорғады. Табиғи құқықты " тағдыр заңдары" ре-тінде қарастырды. |
| | Марк Аврелий Антонин | Ежелгі Рим<br><br>/121—180/ | Заң алдындағы барлық адамның теңдігі мен еркіндігі қамтамасыз етілген мемлекет туралы көзқарасты одан әрі дамытты. " Өзіммен өзім" еңбегінде — барлық адам — саналы тіршілік иесі, сондықтан да сана мен заң барлық адам үшін бірдей" деп атап көрсетті. |
| | Рим заңгерлері: Гай, Папиниан, Павел, Ульпиан, Модестин | Ежелгі Рим<br><br>/II—III ғ.ғ/ | Құқықтануды алғаш рет жеке ғылым ретінде қалып-тастырды. Табиғи және позитивтік құқықтарды басты тақырып етті. Құқықты жеке және бұқаралық құ-қыққа бөлді. Құқықтық-теориялық талдаулары құ-қықтық ойдың кейінгі дамуына орасан зор ықпал етті. |
| | Аврелий Августин | Ежелгі Рим<br><br>/354—430/ | Ерте христиандықты саяси және құқықтық идеялар-мен бекітті. Шіркеу мемлекеттен жоғары тұрды. Құдай орнатқан тәртіптер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мемлекет џшін де адамдар џшін де, міндетті болып табылады. |
| | Ңбу-Нңсір<br><br>ңл-Фараби | Орта ғасырлық Қазақстан<br><br>/870—950/ | Саяси теория қайырымды басқаруды сақтау мен ђйымдастыру тңсілдерін зерттейді деп атап кљрсетті. Қала — мемлекеттің екі тџрі мен ондағы басқару тңсілдері жңне жоғары билік љнері туралы айтты. Ежелгі грек дңстџрі мен мђсылмандық қђқықты љзара байланыстырып қарады. |

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | Ибн Халдун | Араб халифаты /1332—1406/ | ″ Муккаддим″ /″ Кіріспе″ / трактатында мемлекет туралы ілімін философиялық жңне қђқықтық тђрғыдан тџсін-діруге ңрекеттенді. Араб халифатының тарихи эволюция-сын жасады, оны ″ табиғи монархия″ , ″ саяси монархия″ жңне ″ халифат″ сатыларынан љткендігін атап кљрсетті. |
| | Жџсіп Баласағђн | Орта ғасырлық Қазақстан<br><br>/XI ғасыр/ | ″ Қђтты білік″ шығармасында ел билеу саясаты мен билеу-шілердің іс-ңрекеті, ңлеуметтік топтардың мінездері, адам-дар арасындағы љзара қарым-қатынас, ізгілік, бауырмал-дық, адамгершілік нормалары сљз болады. |
| | Фома Аквинский | Орта ғасырлық Италия<br><br>/1225—1274/ | Оның шығармалары ресми шіркеу идеологиясының эн-циклопедиясы қызметін атқарды жңне оның ілімі нео-томизмнің негізін қалады. Мемлекеттік биліктің 1/ мңні; 2/ формасы; 3/ пайдалану элементтерін ғылыми айналым-ға енгізді. Саяси формалардан аристократия, олигархия, демократия жңне монархияны атап кљрсетті. Ең тиімдісі ретінде қарастырған монархияның екі тџрін: абсолютті жңне саяси монархияны бљліп қарастырды. Рим папасы Аквинскийдің схолостикалық жџйесін ″ католик шіркеуі-нің нағыз философиясы″ ретінде бағалады. |
| | Марсилий Падуанский | Орта ғасырлық Италия<br><br>/1275—1343/ | Дџниедегі бақытсыздық пен қайырымдылыққа шіркеу жауапты деп таныды. Дін иелерін адамдардың рухани љмі-рі џшін қызмет етуге шақырды. Бђқаралық билік мңселесі жљнінде мемлекет шіркеуден тңуелсіз. Биліктің қайнар кљзі — халық. Заң мемлекеттіктегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | барлық адамдар ҥшін міндетті. |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | Николо Макиавелли | Орта ғасырлық Италия<br><br>/1469—1527/ | Мемлекет, қҧқық, саясат туралы кљзқарастары қарама-қайшылықты болды. Мемлекеттік басқаруды этика мен діннен бљлек алып қарастырды. Билік пен саясат мо-ральдық тҽртіптерден тыс қҧбылыс болып саналады. Заң ҽскери кҥш арқылы ғана жҥзеге асырылуы мҥмкін. Би-леуші ешкімге бағынышты емес. Ол қол астындағылар ҥшін бҽрін де істеуге қҧқылы. Билеуші мемлекет мҥддесі ҥшін қатал шараларды да қолдана алады жҽне ешкімнің алдында жауапты емес. Барлық мемлекеттік биліктің не-гізі жақсы заң мен мықты ҽскер екендігін жҽне билеуші мемлекетті қандай тҽсілмен басқару керек мҽселелерін қозғады. |
| | Мартин Лютер | Реформация дҽуіріндегі Германия<br><br>/1483—1546/ | Барлық адам шыққан тегіне жҽне лауазымына қарамай қҧдай алдында тең. Мемлекеттік жҽне діни билік қоғам-ды табиғи қҧқықтар принциптері негізінде басқарады. |
| | Томас Мюнцер | Реформация дҽуіріндегі Германия<br><br>/1490-1525/ | Ҽлеуметтік ҽділеттілікті қамтамасыз ету ҥшін қоғамды ре-волюциялық қайта қҧруды ҧсынды. Еңбекші халық ғана саяси биліктің қайнар кљзі жҽне субъектісі болуы тиіс. |
| | Жан Кальвин | Реформация дҽуіріндегі Франция жҽне Швейцария | Саяси-қҧқықтық ой тарихында буржуазиялық ҽлеуметтік-экономикалық тҽжірибенің қалыптасуының алғашқы не-гізін салды. Адам љмірін қҧдай алдын-ала белгілеп қой-ғандықтан адамдар адал еңбек арқылы љзін қҧтқара алады жҽне танылады. Биліктің пайда болуының ″қҧдайлық″ си-паты бар. Халықтың тирандық билікке қарсылық кљрсету |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | | қҧқығын мойындады. |
| | Жан Боден | Орта ғасырлық Франция<br><br>/1530—1596 ж.ж/ | Мемлекет жҽне қҧқық туралы ілімінде мемлекеттік еге-мендіктің қажеттілігі теориясын ҧсынды жҽне жоғары билік монархтың қолында болған мемлекетті /корольдік монархияны/ ең жақсы мемлекет деп тапты. Боден ілімі бойынша қҧқық мемлекеттің мақсаты болып табылады, билік барлық уақытта |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | шектеулі болып келеді. |
| | Томас Мор | Орта ѓасырлық Англия<br><br>/1478—1535/ | ″ Утопия″ атты шыѓармасында љзі ойдан шыѓарѓан Утопия аралы тђрѓындарыныѣ тђрмыс-тіршілігін баяндайды. Бђл мемлекетте жеке меншік атымен жоқ. Барлық адам еѣбек етеді, оқиды, љнермен шђѓылданады жђне бос уақыт-тарын бірге љткізеді. Бџкіл меншік қоѓамдық меншік болып табылады. Еѣбек етуге мђжбџрлеу жђне кђлдық еѣбек сақталѓан Аралдаѓы басқару формасы — аралас форма болып келеді. |
| | Томмазо Кампанелла | Орта ѓасырлық Италия<br><br>/1568—1639/ | ″ Кџн қаласы″ еѣбегінде болашақ мемлекеттіѣ бейнесі су-реттеледі жђне қоѓамдық меншіктіѣ ѓана адамдар арасын-даѓы теѣсіздікті болдырмайтындыѓы туралы айтылады. |
| | Гуго Гроций | Орта ѓасырлық Голландия<br><br>/1583—1645/ | ″ Ерікті теѣіз туралы /1609/, ″ Соѓыс жђне бітім кђқыѓы ту-ралы″ /1625/ еѣбектерінде мемлекеттердіѣ љзара шарттық қарым-қатынастар теориясын одан ђрі дамытты, мемле-кеттердіѣ сыртқы саудадаѓы принциптерін негіздеді, ха-лықтардыѣ табиѓи кђқықтарын бђқаралық кђқықтармен байланыстырды. |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | Барух Спиноза /Бенедикт/ | Ерте буржуазиялық Голландия<br><br>/1632—1677/ | Табиѓи кђқық ешкім қажет етпейтін нђрсеге ѓана тиым салады. Жоѓары билік барлық адам басшылыққа алатын мемлекеттіѣ жалпы рухы болып табылады. Мемлекет-тердіѣ бір-біріне љзара кљмегі — бейбітшілік кепілдігі. |
| | Томас Гобсс | Ерте буржуазиялық Англия<br><br>/1588—1679/ | Адам табиѓатынан ″ бір-біріне қасқыр″ , ал қоѓам ″ бђрініѣ бђріне қарсы соѓысынан″ тђрады. Абсолюттік билік ѓана бейбіт љмір мен табиѓи кђқықтарды жђне азаматтық заѣмен тиым салынбаѓанныѣ бђріне кепілдік береді. |
| | Джон Локк | Ерте буржуазиялық Англия<br><br>/1632—1704/ | ″ Бейбіт тџрде орнаѓан кез-келген мемлекет халықтыѣ келісімі негізінде болѓан″ . ″ Заѣ жоқ жерде бостандық та жоқ″ . Ђлеуметтік љзара тџсіністікті жақтаѓан Локк тори жђне виги партияларыныѣ билікті бљлу ђрекеттерін қол-дады. |
| | Вольтер | Аѓарту | Шыѓармаларында ″ бостандық″ , ″ теѣдік″ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дңуіріндегі Франция<br><br>/1694—1778/ | ђғымдарына тал-дау жасады. ″ Бостандық дегеніміз — заңға ғана тңуелді болу″ . Жалпыға бірдей ағартуды жақтады. Халықты қа-раңғылықта ђстаған дінді аяусыз сынға алды, ″ ағартушы абсолютизмді″ жақтады. |
| | Монтескье | Ағарту дңуіріндегі Франция<br><br>/1689—1755/ | ″ Парсы жазбалары″ , ″ Римдіктердің қуаттылығы мен қђ-лауының себептері туралы ойлар″ жңне ″ Заңдар рухы ту-ралы″ еңбектерінде саяси бостандық идеясын басты қђн-дылық ретінде атап кљрсетті. Заңдар халықтың тђрмыс-салты мен ңдет-ғђрпына, географиялық жағдайына сңйкес болуы керек. ″ Бостандық дегеніміз заң тиым салмағанның бңріне қђқылы болу″ . |
| | Жан Жак Руссо | Ағарту дңуіріндегі Франция<br><br>/1712—1778/ | ″ Саяси организм″ концепциясы халықтар мен билеушілер арасындағы нағыз қоғамдық келісімді білдіреді. Адам дүниеге бђғаулы күйде емес, еркін болып келеді. Биліктің демократиялық, аристократиялық жңне монархиялық формаларын бљліп қарады. Демократиялық басқару — шағын мемлекеттер үшін, аристократиялық билік — орта мемлекеттер үшін, монархиялық билік — ірі мемлекеттер үшін тиімді. Заңдар жинағының мақсаты — бостандық пен еркіндік ″ Бостандық еркіндіксіз љмір сүре алмайды″ . |
| | Жан Поль Марат | Франция<br><br>/1743—1793/ | Ђлы француз революциясының саяси-қђқықтық идея-лары авторларының бірі. Шығармаларының негізгі тақы-рыбы: деспотизм, оның қайнар кљздері, деспоттық билікті орнату қђралы мен ңдісі, оның зардаптары, деспоттық билікке қарсы күрес жңне т.б. жеке тђлғалардың табиғи жңне азаматтық қђқықтарын, билікті бљлу принципін жңне революция жағдайында жеке билік диктатурасы мен аяусыз террорды батыл жақтады. |
| | Максимилиан Робеспьер | Франция<br><br>/1758—1794/ | Љзіне дейінгі француз ағартушыларының адамның табиғи қђқығы, басқару формасы, љкілдік жүйе, жеке меншік, мемлекеттік билік пен оның басқару аппараты туралы кљзқарастарын одан ңрі жалғастырды. Конституциялық жңне революциялық үкімет концепциясын жасады. Отан-ға қауіп тљнген жағдайда террорды қолдануды жақтады жңне оны |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ізгілікті іс деп есептеді. |
| | XVIII ғасырдағы француз | Франция<br><br>/XVIII ғ. 2-ші жартысы/ | Жеке меншікті жоққа шығарды, қоғамдық меншікке не-гізделген халықтық республиканың жобасын жасады. Ре-волюционерлердің шағын тобы бүлік жасау арқылы ке- |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | социалистері: Морелли, Г. Мабли, Г. Бабеф | | дейлер диктатурасын орната алады деп есептеді. Мүлікті теңестіру жобаларынан коммунистік идеяларға ауысты, барлық теңсіздіктің себебі — жеке меншік деп білді. |
| | Бенджамин Франклин | АҚШ<br><br>/1737—1809/ | 1754 ж. Солтүстік американ провинцияларының өзін-өзі басқаруы мен саяси таңдауы туралы /" гомруля" / концеп-ция ұсынды. 1769 жылы алғаш рет солтүстік американ провинцияларын штаттар /мемлекет/ деп атады. Конфе-дерация баптарын және Тәуелсіздік Декларациясын жаса-уға қатысты. Әлеуметтік эволюция мен реформалар жүр-гізуді жақтады. |
| | Томас Пейн | АҚШ<br><br>/1737—1809/ | " Адам құқығы" атты очеркімен танымал болды. Штат-тардың республикалық өзін-өзі басқару идеясын қорғады, ағылшын монархиясын сынға алды. Қоғам мен мемле-кеттің пайда болуы мен қызметі бойынша айырмашылық-тарын алғаш рет атап көрсетті. |
| | Томас Джефферсон | АҚШ<br><br>/1743—1826/ | " Виргиния штабы туралы жазбалар" және " Тәуелсіздік Декла-рациясы" еңбектерінің авторы. Көпшіліктің басқару принципі мен мемлекеттің республикалық құрылымын жақтады. Сыбайлас жемқорлық пен тираниямен аяусыз күрес жүргізу қажеттігін ұсынды. Діни бостандықты барынша қорғады. |
| | Александр Гамильтон | АҚШ<br><br>/1757—1804/ | " Федералист" авторларының бірінен саналған ол феде-ралистер жетекшісі болып танылды. Орталықтандырылған күшті федералдық үкімет билігін батыл жақтады. Консти-туциялық теория саласында талдаулы шығармалар жазды. |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | Джон Адамс | АҚШ | Мемлекет және саяси ғылым мәселелері бойынша алғаш-қы іргелі еңбектің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | /1735—1826/ | авторы. Кљпшілік басқаруына қарсы болды. Қазіргі консерватизм идеяларына жол салушы-лардыњ бірі. Адамс идеалы — аралас басқару формасы, атап айтқанда: атқарушы билік, парламенттіњ жоғары аристократиялық жңне тљменгі демократиялық палатасы. |
| | Джеймс Мэдисон | АҚШ<br>/1751—1836/ | Филодельфия конвентіне қатысушы жңне ″ Федералист″ авторларыныњ бірі. Конституцияға кењ тџрде тџсініктеме жазған ол ″ американ конституциясыныњ атасы″ атанды. АҚШ жағдайындағы республикалық басқару идеясын талдауда кљп еңбек сіњірді. Билік тџрлерініњ љзара тењдігі теориясы мен ″ факция″ концепциясына талдау жасады. |
| | Иммануил Кант | Германия<br>/1724—1804/ | Кенигсберг университетініњ философия профессоры Кант буржуазия тобыныњ идеялық тђғырнамасы — либера-лизмді Германияда алғашқылардыњ бірі болып жџйелі тџрде негіздеді. Адам — адамгершілік сананыњ субъектісі, ол љзініњ іс-ңрекетінде адамгершілік зањдарын басшы-лыққа алуы тиіс. Кант оны категориялық императив деп атады. Халықаралық шарттар мен мемлекеттердің бір-бірініњ ішкі істеріне қол сђқпау мңселелеріне талдау жасады. |
| | Иоганн Готлиб Фихте | Германия<br>/1762—1814/ | Фихтеніњ саяси-қђқықтық кљзқарастары табиғи-келі-сімдік теория негізінде болды. Мемлекеттіњ мңжбџрлеу қуаттылығы бірыњғай ђжымдық ерікте болып табылады. Реформаны жоғарыдан ғана жасау мџмкін деп есептеді. Мемлекетті идеалды қђрылымға жету қђралы деп санады. |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | В. Гегель | Германия<br>/1770—1831/ | Мемлекет жңне қђқық туралы басты еңбегі ″ Қђқық философиясы″ . Қђқық философиясыныњ басты міндеті — мемлекет пен қђқықты ғылыми тану болып табылады. Басқарудыњ ењ саналы формасы ретінде монархияны таныды. Мемлекеттік дамудыњ жоғары формасын ђлттық мемлекет деп тапты. Қђқық пен заңныњ айырмашылығын қарады жңне азаматтық қоғам мен саяси мемлекеттіњ айырмашылығын кљрсетті. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қђқықтың тарихи мектебі /Г. Гуго, К. Савиньи, Г. Пухта/ | Германия<br><br>/XVIII—XIX ғ. 1-ші жартысы/ | Қђқықтың қалай қалыптасқандығы мен оның тарихи да-муымен шђғылданған қђқық мектебінің љкілдері қђқық-тың нормалар мен институттардың қоғамның дамуына қалай ықпал ететіндігін тџсіндіруге ђмтылды. Олар крепо-стниктікті, монархиялық мемлекеттілікті қорғады. Мемле-кеттің шарттық пайда болу теориясын жоққа шығарды, халықтың революция жасау қђқығын мойындамады жңне билікті бљлу идеясын теріске шығарды. |
| | М. М. Спе-ранский /Третьяков/ | Ресей<br><br>/1772—1839/ | Оның басшылығымен Ресейдің Заңдар жинағы /45 том/ қђ-растырылды. Мемлекеттік қайта қђрулар жобасында консти-туциялық монархияны жақтады. Мемлекеттік билікті бљлу қажеттілігін тџсінген ол екі палаталы Думаның ризалығын-сыз монархтың заң шығаруға қђқы жоқ деп тапты. ″ Бір адам-ның еркі — барлық адам џшін заң болып табылатын жағдай-ды саяси қђлдық″ ретінде тџсіндірді. Крепостниктік қђқық-ты жоюды жақтады. Қазақстандағы хандық билікті жою ту-ралы реформаның /″ Сібір қырғыздарының Жарғысы″ / авторы. |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | Н. М. Карам-зин | Ресей<br><br>/1766—1826/ | ″ Ресей мемлекетінің тарихы″ еңбегінің авторы ретінде та-нымал болған ол ″ Ежелгі жңне жаңа Ресейдің саяси жңне азаматтық қарым-қатынастары туралы жазбаларында″ Ре-сей џшін басқарудың ең тиімді формаларын қарастырды. Кџшті монархиялық билікті жақтаған ол билікті бљлу идеяларына қарсы болды, мемлекеттік аппарат қызме-керлерінің жауапсыздығы мен парақорлығын сынға алды. |
| | Орыс батысшылдары /П. Я. Чаадаев, К. Д. Кавелин, Б. Н. Чичерин/ | Ресей<br><br>/XIX ғ. 1-ші жартысы/ | Ресейдің Европаның дамыған елдерінен артта қалу себептерін іздестірді, Ресейдің тарихи дамуында прогресті ңлеуметтік жңне мңдени дңстџрлердің жоқтығын кљрді. I Петр реформаларының европалық даму жолына тџсір-гендігін айтты. |
| | Орыс славяншылдары:<br><br>/А. С. Хомя-ков, И. В. Ки-реев, К. С. | Ресей<br><br>/XIX ғасырдың ортасы/ | I Петр реформаларына дейінгі тңжірибені қайта қарау қажеттігі туралы идеялар ђсынды. Шаруалар қауымының маңызы, жергілікті љзін-љзі басқару, дңстџрлі орыс ха-лықтық танымы, мемлекет пен шіркеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ак-саков/ | | арақатынасы, заң мен ндет-ғӷрыптардың лъзара байланысы туралы идеялар-ды алдыңғы қатарға қойды. |
| | Иеремия Бентам | Англия<br><br>/1748—1832/ | Утилитаризм теориясының негізін салушы. ″ Заң шығару принциптері″ , ″ Лкімет туралы фрагменттер″ , ″ Деонтоло-гия немесе мораль туралы ғылым″ шығармаларында сая-сат, мемлекет, қӷқық, заң шығару жңне мораль туралы къзқарастары баяндалған. Мемлекеттің адамдар арасын-дағы лъзара келісім ннтижесінде пайда болуы туралы пі-кірді қолдамады. Заң шығару тетігін жаңартуды, оны қо- |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | | ғамдық даму деңгейімен џйлестіруді ӷсынды. Бџкіл қоғамдық жџйенің басты мақсаты къпшіліктің неғӷрлым бақытты лмір сџруі болып табылады деді. |
| | Джон Стюарт Милль | Англия<br><br>/1806—1873/ | ″ Бостандық туралы″ жңне ″ Саяси экономия негіздері″ еңбектерінде жеке бостандық жеке тӷлғаның қӷқығы, мемлекеттік механизмді демократиялық жңне қӷқықтың негізде қӷру туралы къзқарастарын білдірді. Лкілдік басқару идеясын қолдады, қоғамдық пікір деспотизміне қарсылық білдірді. Оның еңбектерімен орыс интеллигенциясы жңне Шоқан кең таныс болды. |
| | Бенжамен Констан | Франция<br><br>/1767—1830/ | Либерализмнің рухани атасы болып саналған Констан ″ Конституциялық саясат курсы″ еңбегінде мемлекет тура-лы либералдық ілімді тиімді жџйелі формада баяндады. Адамның басты қӷндылығы ретінде жеке бостандықты таныған ол — мемлекетті басқаруға ықпал ету қӷқығын жақтады. |
| | Вильгельм фон Гумбольдт | Германия<br><br>/1767—1835/ | Қоғам мен мемлекет арасындағы шекараны анықтауға тырысты. Мемлекеттің мақсаты қоғамға қызмет ету бо-лып табылатындығын атап кърсетті. Бірақ мемлекеттік қӷрылым нрқашан “қажетті қатыгездікпен” байланысты екендігін айтты. |
| | Лоренц Штейн | Германия<br><br>/1815—1890/ | ″ Франциядағы 1789 жылдан бџгінгі кџнге дейінгі нле-уметтік қозғалыс тарихы″ , ″ Басқару туралы ілім″ жңне ″ Германиянын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мемлекет жңне қђқық туралы ѓылымыныњ бџгіні мен ертењі″ туралы ењбектерінде жеке тђлѓа, оныњ |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | | қђқықтары, жеке меншік, қоѓам мен мемлекеттіњ бір-біріне қарама-қарсылыѓы мен љзара ықпалы туралы мңселелерді қозѓады. |
| | Огюст Конт | Франция<br><br>/1798—1857/ | Позивитизм философиясыныњ негізін салѓан Конт ″ ңлеу-меттану″ , ″ ңлеуметтік физика″ ђѓымдарымен де белгілі болды. Қоѓамдаѓы моральдық жңне саяси даѓдарыстыњ басты қайнар кљзі ретінде жалпы идеяалдардыњ жоқтыѓы мен ақылдыњ терењ қарама-қайшылыѓынан деп білді. |
| | Француз социалистері /Сен-Симон, Ш. Фурье/ | Франция<br><br>/XVIII ѓ. сoњы XIX ѓасырдыњ алѓашқы ширегі/ | Капиталистік қђрылысты адамды адамныњ қанайтын қоѓамы ретінде сынады, қанаусыз жңне зорлықсыз қоѓам қђрудыњ љзіндік жобаларын ђсынды. Саяси билік талант-ты ″ индустриалдардыњ″ қолына берілуі керек деп шешті. Революциялық жолды дђрыс кљрмеді. |
| | Роберт Оуэн | Англия<br><br>/1771—1858/ | Адам мінезі туралы ілімді дамытты. Оныњ айтуынша мі-нез, сана жңне адам таѓдыры сыртқы ортаны қалыптас-тырады. Адам мінезін љзгерту жңне зањдар шыѓару ар-қылы ењбекшілер мџддесіне қарай игілікті реформалар жасау болатындыѓын дңлелдеуге тырысты, жеке меншікті сынады. |
| | ″ Зар заман″ мектебі /Дулат Бабатайђлы, Шортанбай Қанайђлы, Мђрат | Қазақстан<br><br>/XIX ѓасыр/ | Патша љкіметі енгізген жања ңкімшілік-ңлеуметтік шара-ларды жңне сонымен бірге келген қазақ қоѓамындаѓы келењсіз қђбылыстарды сынады, љз дңуірініњ жоѓын жоқ-тап, халықтыњ тілеуін тіледі. Замананыњ бђзылуын ел би-леудіњ бђрынѓы дңстџрлерініњ жойылуынан деп білді. Бі-рақ олар дңстџрлі қђндылықтарды қорѓаѓанымен тыѓырық-тан шыѓатын жолды, жања арна мен баѓытты кљрсете |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | Мљњкеђлы/ | | алмады. Дегенмен де олар болашақта жарқын љмірдіњ қайта орнайтынынан џміттерін џзбеді. |
| | Шоқан Уңлиханов | Қазақстан | ″ Сот реформасы туралы жазбасында″ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | /1835—1865/ | қоғамда жүргізіліп жатқан ъзгерістер адам мүддесіне сңйкес келу қажеттігін атап кърсетті. Оныњ айтуынша ″ саяси реформалар эконо-микалық істерді жүзеге асыратын қђрал ретінде кърінбек″ жңне ″ адамныњ тђрмыс қажетін ътейтін реформа ғана пайдалы болмақ″ . Асығыс жасаған реформалардыњ зар-даптары пен қазақ билері сотыныњ европалық соттардан артықшылығын дңлелдеді. |
| | Рудольф фон Иеринг | Германия<br><br>/1818—1892/ | XIX ғ. 2-ші жартысындағы европалық қђқықтанудағы кърнекті ъкілдердіњ бірі. ″ Рим қђқығы рухы оныњ ңрқи-лы даму сатыларында″ , ″ Қђқықтағы мақсат″ , ″ Қђқық үшін күрес″ ењбектерінде қђқық пен мемлекетті тану ңдістемесінде фактілерді талдау мен классификациялауға къњіл бълді. Оныњ айтуынша ″ Қђқық қоғам дамуыныњ нңтижесі, ңр адам ъз мүддесі үшін ңрекет етумен қатар басқалар үшін де ңрекет етеді, басқалар үшін де ңрекет ету олардыњ қадір-қасиетін қђрметтеу болып табылады″ . |
| | Людвиг Гумплович | Австрия<br><br>/1838—1909/ | ″ Нңсіл жңне мемлекет″ , ″ Жалпы мемлекеттік қђқық″ еңбектерінде ол мемлекеттіњ пайда болуы, мңні, ђйымы, ролі мңселелерін социологиялық тђрғыдан зерттеді. Оныњ айтуынша ″ Ъмір үшін күрес — ңлеуметтік ъмірдіњ басты факторы болып табылады. Бђл күрес — адамзаттыњ мңњ-гілік серігі жңне қоғамдық дамудыњ басты дем берушісі |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | | жңне мемлекеттік мңжбүрлеусіз қоғамныњ ъмір сүруі мүмкін емес″ . |
| | Джон Остин | Англия<br><br>/1790—1859/ | Қђқықтық позитивизмніњ қалыптасуын ғалымдар Д. Ос-тинніњ шығармашылығымен байланыстырады. ″ Қђқық-тану немесе позитивті заң философиясы туралы лекция-сы″ ол қайтыс болғаннан кейін жарық кърді. И. Бентам-ныњ утилитаристік тезисін одан ңрі дамытқан ол ″ қђқық - жоғары билік иесініњ ңмірі″ деп тапты жңне ″ заң дегеніміз — заң ″ формуласын ђстанды. |
| | Герберт Спенсер | Англия | Бірыњғай индустриялық қоғам теориясыныњ негізін са-лушы болып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | /1820—1903/ | табылған ағылшын ойшылы қоғам мен мем-лекетті тірі организмге ђқсатты жңне қоғам мен мемле-кетті зерттеуде биологиялық терминдерді алғашқы болып пайдаланды. Онығ айтуынша мемлекет алғашқыда ңске-рилендірілген қоғам ретінде пайда болып кейіннен қоғам-дық ќђрылымнығ љнеркңсіптік /индустриалды/ тңріне кљшкен. |
| | Фридрих Ницше | Германия<br><br>/1844—1900/ | Философия жңне саяси-ќђқық ілім тарихындағы кљрнекті тђлғалардығ бірі. ″ Грек мемлекеті″ , ″ Билікке ђмтылу″ , ″ Заратустра осылай деген″ , ″ Қайырымдылық пен зђлым-дықтығ екінші жағында″ , ″ Моральдығ шығуы″ жңне т.б. еғбектердіғ авторы. Бңкіл ңлеуметтік-қоғамдық тарихты билік ңшін кңрестегі кңштілер /аристократтар/ мен ңлсіз-дердіғ /бђқара, тобыр, ќђлдар/ ңрекеті деп сипаттады. Мемлекеттіғ аристократиялық жңне демократиялық екі |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | | негізгі тңрін бљліп қарады. Ницшеніғ айтуынша ќђқық — соғыс пен жеғістіғ ңтижесі. ″ Соғыс — қоғам ңшін ќђл қандай қажет болса, мемлекет ңшін де соншалықты қа-жетті″ деп есептеді. Қаналушылардығ кљтерілісі мен тљғ-керісін мойындамады. |
| | Марксизм /К. Маркс, Ф. Энгельс/ | Германия<br><br>/XIX ғ. 2-ші жартысы/ | Бңкіл қоғам мен онығ даму тарихын таптар жңне олар-дығ ымырасыз кңресінің ңтижесі деп тңсіндірді. Жаңа дңние — коммунистік қоғам ќђру идеясын жасады. ″ Бур-жуазиянығ кљрін қазушы″ болып саналатын пролета-риатты љкімет билігін революциялық жолмен жеғіп алуға шақырды жңне пролетариат диктатурасы туралы қағида-ны қалыптастырды, болашақта бңкіл ңлемде коммунистік қоғамнығ орнайтынына сенді. |
| | В. И. Ленин | Ресей<br><br>/1870—1924/ | ″ Не істеу керек″ , ″ Империализм капитализмнің жоғары сатысы″ , ″ Мемлекет жңне революция″ , ″ Коммунизмдегі ″ солшылдықтығ″ балалық ауруы″ , ″ Пролетарлық рево-люция жңне ренегат Каутский″ жңне т.б. еғбектерінде мемлекеттіғ таптық сипаты, пролетариат |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | диктатурасы, социалистік революция барысында буржуазиялық мемле-кетті қирату жңне социалистік мемлекет орнату, кеңестер билігі, мемлекеттің қђруы мңселелерін қарастырды. |
| | Леон Дюги | Франция<br><br>/1859—1928/ | ″ Конституциялық қђқық туралы трактат″ еңбегінде кон-ституциялық қђқық мңнін жаңаша тџсіндіруге жңне оның кейбір терминдерін тџзетуге жңне анықтауға ңрекеттенді /″ ңлеуметтік тап″ , ″ жеке қђқық″ , ″ билікті бљлу″ жңне т.б./ |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | Морис Ориу | Франция<br><br>/1859—1929/ | Институционализм теориясын біршама табысты талдай білді. Оның айтуынша бђқаралық қђқық тақырыбы бас-қарудың мемлекеттік режимі жңне сонымен бір мезгілде саяси, экономикалық жңне қђқықтың режимі болып та-былады. Қђқық тџсінігін қђқықтық тңртіп пен қђқықтық қђрылысқа бљліну сипатында тџсіндіреді. |
| | Лев Иосифович Петражицкий | Ресей<br><br>/1867—1931/ | ″ Адамгершілік теориясымен байланыстағы қђқық жңне мемлекет теориясы″ еңбегінде қђқықтың психологиялық теориясы туралы қағидалар баяндалды. Оның айтуынша қђқық адамдардың жеке психикасы арқылы анықталады жңне зерттеледі. |
| | Ганс Кельзен | Австрия<br><br>/1881—1974/ | ″ Қђқықтың таза теориясы″ еңбегінде позитивистік норма-тивизмнің негізгі ережелерін баяндады. Қђқық жңне би-лікті бљліп қараған, ол қђқық биліксіз љмір сџре алмайды сондықтан да қђқық биліктің арнайы тңртібі немесе билік ђйымы болып табылады деп тџсіндірді. |
| | Жақып Ақбаев | Қазақстан<br><br>/1876—1934/ | Қазақтың тђңғыш қђқық магистрі, Алашорда џкіметінің қђқықтық қђжаттарын дайындауға қатысты, қазақ қоға-мының мемлекеттік-қђқықтық мңселелерімен шђғылдан-ды, қазақ қђқығының сипаттамасы мен институттарын тџсіндіруде қазақ қђқықтану ғылымында Л. И. Петра-жицкийдің қђқықтың психологиялық теориясының прин-циптері мен идеяларын қолданды. |
| | Джон Кейнс | Англия | Неолибериолизмдегі кейнсшілдік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | /1883—1946/ | баѓыттыњ негізін салу-шы Ењбекпен қамтудыњ, пайыз бен ақшаныњ жалпы |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | | теориясы″ шыѓармасында шіріген капитализм туралы ле-ниндік теорияѓа қарсы нарықтық экономиканыњ даму қабілеттілігін, даѓдарыстардыњ љтпелігін дңлелдеді. Эконо-миканы мемлекеттік реттеудіњ қђқықтық баѓдарламасын ђсынды. |
| | Роско Паунд | АҚШ<br><br>/1870—1964/ | Бес томдық ″ Қђқықтану″ ењбегінде қђқықты зерттеудіњ ″ инструментальды прагматикалық тңсілін″ қолданды. ″ Кітаптаѓы қђқықпен″ ѓана шектелмей, ″ қимылдаѓы қђ-қықпен″ айналысуды ђсынды. Оныњ пікірінше қазіргі қо-ѓамда ңлеуметтік бақылаудыњ мањызды қђралы қђқық болып табылады. |
| | Карл Ллевелин | АҚШ<br><br>/1893—1962/ | АҚШ-таѓы салалық зањгерлік пңндердіњ љкілдерін бі-ріктірген ″ реалистер″ қозѓалысыныњ кљш бастаушысы ″ Қђқықтану: теория мен практикадаѓы реализм″ деп ата-латын мақалалар жинаѓында ″ реалистер″ қозѓалысыныњ жалпы белгілері мен ерекшеліктерін анықтады. |
| | Жак Маритен | Франция<br><br>/1882—1973/ | ″ Қайта љркендеген табиѓи қђқық″ баѓытыныњ кљрнекті љкілі. ″ Адам қђқыѓы жңне табиѓи зањ″ , ″ Адам жңне мем-лекет″ , ″ Интегралды гуманизм″ ењбектерінде ңлеуметтік-саяси мңселелерді қарастырды жңне адамныњ табиѓи жңне саяси қђқықтарына ерекше кљњіл бљлді. Маритенніњ ілімі 1948 ж. БЂЂ қабылдаѓан ″ Адам қђқықтарыныњ жалпыѓа бірдей Декларациясын″ идеялық тђрѓыдан дайындаѓан концепциялардыњ бірі болды. |

| **1** | **2** | **3** | **4** |
|---|---|---|---|
| | Фридрих Август<br><br>фон Хайек | Австрия<br><br>/1899—1992/ | Неоконсерватизм идеологиясын ″ Қђлдыққа апаратын жол″ , ″ Еркіндік конституциясы″ , ″ Қђқық, зањ шыѓару-шылық жңне еркіндік″ шыѓармаларында негіздеді жңне қазіргі қоѓамды ђйымдастыру, мңдени даму, ѓылыми та-ным ңдістемелері мңселелерін қамтыды. Оныњ пікірінше жалпы игілік џшін меншікті ңлеуметтандыру индиви-дуалдық еркіндікті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | басып-жаншып, тоталитарлық режимді орнықтырады. |

**М. Мұхамедов, Б. Сатершинов,**
**Б. Сырымбетұлы**

# Саяси-құқықтық ілімдер тарихы

***Оқу құралы***

***ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры***
***Жансеитов Н. Н.***

***Операторы: Умурова Г.О.***

Пішімі 60х901/16. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
«Заң әдебиеті» баспасы
050057 Алматы қ., М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.
E-mail: law_literature@nursat.kz